Технологияның тағы бір басты ерекшелігі дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеуге болатындығында. Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімінен тұрады. Әр оқу модулінің сағаты әр түрлі болады. Осы оқу модулінің ерекшелігі жалпы сағат санына қарамастан кіріспе және қорытынды бөліміне 1 немесе 2 сабақ саны бөлінеді, ал қалған сағаты сөйлесу сағаты болады.

1. Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды жалпы модульдің мақсат, міндеттерімен таныстырады. Мен де өзім сабақ беретін сыныптарда оқушыларды сызба, кесте үлгілеріне сүйене отырып лексикалық және грамматикалық тапсырмалармен таныстырып отырамын.

2. Сөйлесу бөлімінде әр оқушымен оқу материалдарымен жұмыс істей отырып, оқушылардың өз қабілетін, ынтасын, есін (қабылдауын) ауызша тілін дамытуға мүмкіндік беремін. Оқушылардың танымдық процессін арттыру үшін, оларды 5-6 адамнан шағын топтарға бөліп, әрбір оқушыға әр сабақта 3 күрделілеу деңгейдегі берілген оқу материалын тыңдау, жазу және айту мүмкіндігі болатындай етіп құралған оқытуды ойын түрінде және әр түрлі жеке, топтық, жұптық жұмыстардың белсенді формаларын ұйымдастырамын [2]. Сөйлесу бөлімінің екінші сабағынан бастап оқушыларға стандарт талабына сай сараланған деңгейлік тапсырмаларды дайындап, оқушылар сол тапсырмалар бойынша жұмыс істейді. Мысалы: 3-деңгей төменгі, 2-деңгей орташа, 1-деңгей білімі жоғары білімді оқушыларға арналады. Сөйлесу бөліміндегі білім дәрежесін бағалауда өзін-өзі бағалау, топтық бағалау, бірін-бірі бағалау әдістері пайдаланады. Дарынды балалар сабақта міндетті түрде, үнемі аса жоғары күрделірек деңгейде жұмыс істейді, бұл олардың интеллектуалдық қуатын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Көшбасшылық қабілеттері бар оқушылар «топ жетекшісі» рөлдері арқылы өздерін танытады. Жақсы оқитын оқушылардың көпшілігі 2-ші және 1-ші деңгей тапсырмаларын таңдап, оны жақсы орындайды. Білім деңгейі орташа сыныптарда 3, 2 тек кейде ғана 1-деңгей тапсырмалары таңдалады. Білім деңгейі 30 төмен оқушылар әдетте 3-деңгей (жеңілдетілген стандарт) тапсырмаларымен жұмыс істеуден бастайды. Сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында сөйлесуді қамтамасыз ету үшін тілдік орта болу жағдайларын жасап, оқушылардың қызығушылықтарын артыру мақсатында оқыта-үйрету ойындары жүргізіледі. Модульдің 3-ші бөлімі қорытынды, бақылау бөлімі. Мұғалім оқушылардың білім-білік дағдыларын тексеруге арналған бақылаудың бірнеше түрлерін ұйымдастырады. Олар: 1. Тест 2. Диктант, мазмұндама, шығарма 3. Нәтиже сабақтары (Сайыс, әр түрлі интеллектуалды ойындар). Тілдік жаттығулардың міндеті – тілдің грамматикалық материалын оқушыға меңгерту, тілдік тұлғаларды дұрыс, ойланбай қолдану дәрежесіне жеткізуді көздейді. Адам сөйлеуінде қолданылатын тілдің нұсқалары – дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің тілді оқуыдағы негізгі мәселелері екендігі анық. Тілдік жаттығулар ол тілдік тұлғаны таныстырады, оны қолданып үйренуге жаттықтырады. Мысалы: тілдік жаттығуда тілдік тұлғаның сөздегі орнына нүкте қойылатын жаттығулар оқушыны тілдік тұлғалардың дыбыстық вариантын дұрыс таңдауға үйрету мақсатын көздейді. М.Жанпейісованың модульдік технологиясы бойынша оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруда әр тақырыпты тірек-сызба арқылы түсіндіремін. Тірек-сызба мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді, әрі оқушыларды осы тірек-сызба арқылы өз ойларын жүйелі түрде жеткізуге көмектеседі, яғни сөйлеу дағдысын қалыптастырады [3]. Модульдік оқытудың басты мақсаты - оқытудың ұйымдастырылуы бойынша және мазмұны бойынша адам бойындағы осы сәттегі қажеттілікті қанағаттандыруда кепілдік беретін әрі жаңа қажеттілікті анықтайтын икемді білім беру құрылымын құру. Модульді үш топқа жүйелеуге болады:

- модуль – біліктілік мінездемесінің талаптарына жауап беру, мамандық бойынша оқу пәндерінің жиынтығын ұсынатын мемлекеттік білім беру стандарт бірлігінің үлгісі;
- модуль – пәнаралық әдістемелік – ұйымдастыру құрылымы тақырыбының жиынтығы ретінде бір мамандықты меңгеруді және оқу үрдісіне пәнаралық қатынасты қамтамасыз етуі;
- модуль бір ғана оқу пәнінің шеңберіндегі ұйымдастыру - әдістемелік құрылымның бірі;

Сонымен, модульдік оқытуды білім алушының өздігімен жұмыс істеуі және белсенділігін арттыратын өзін - өзі басқару мен басқарудың тиімді арақатынасын орнатуымен ерекшеленуге болады. Педагогикалық процесті басқару - модульдік оқыту теориясының өзекті мәселелерінің бірі. Модульдік оқыту технологиясы басқа оқыту түрлері мен тәсілдерінен түбегейлі түрде айрықшаланады:

1) Оқыту мазмұны аяқталған, дербес, кешенді модульдермен беріледі, модульдер сонымен қатар ақпарат қоры әрі оны меңгерудің әдістемелік нұсқауы болып табылады.

2) Оқу процесінде педагог пен оқушының өзара бірлескен әрекеті де модульдер арқылы іске асырылады, олар әрбір сабаққа алдын ала дайындалуда белгілі бір деңгейге саналы түрде өз бетімен жетуді қамтамасыз етеді.

3) Модульдік оқытудың мәні оқу процесінде педагог пен оқушы арасында субъект – субъектілік қарым – қатынас басымдылығының қалайда сақталуы талап етіледі.

Педагогикалық технологияны таңдау барысында алынып отырған технологияның мектептің мүмкіндігі мен нақты жағдайына сай болуы; жүйелілігі мен тиімділігі ескерілуі тиіс. Педагогикалық технология оқу процесімен, мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен тығыз байланысты. Оның құрамына:

- тұжырымдық негізі;
- оқытудың нақты және жалпы мақсаты;
- оқу материалының мазмұны;
- оқу процесін ұйымдастыру;
- оқушылардың оқу іс-әрекетінің әдістері мен формалары;
- мұғалім қызметінің әдістері мен формалары; - оқу процесінің диагностикасы т.б. жатады.

Бастауыш сыныптарда модульдік технологияны қолдану барысында мұғалім төмендегідей шарттарды білуі тиіс: 1. модульдік технология көмегімен шешілетін мәселелерді; 2. технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді; 3. технология мәнін, алынатын нәтижелердің теориялық негізін; 4. технологияда мұғалім қолданатын әдіс-тәсілдерді; 5. оқушыларды модульдік технологияны қолдануда жұмыс істеуге үйрету әдісін. 6. мұғалім мен оқушылардың модульдік технологияны меңгеру кезеңдерін [4]. Модульдік технологияны сабақта тиімді қолдану үшін мұғалім не істей алуы керек? 1. Оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыру: - модульдік оқыту бағытында; - модульдік курс үшін; - әлеуметтендіру бағытында; 2. Күнтізбелік –тақырыптық жоспарлау. 3. Әр сабақты жоспарлау 4. Модульдік технология бойынша жүргізілетін әртүрлі типтегі сабақ жоспарларын жасау. 5. Оқу модулін құрастыру. 6. Модуль бойынша оқушылардың өзіндік жұмыстары үшін таратпалы материалдарды дайындау, 7. Модульдерге байланысты оқушыларға өзіндік тапсырмалар құрастыру; 8. Оқушылардың топтық жұмысы үшін берілетін тапсырмаларды дайындау. 9. Оқу жобаларының мазмұнын анықтау. 10. Оқу жобалары бойынша оқушыларға арналған тапсырмаларды құрастыру. 11. Оқушылардың жаңа материалды меңгеруі бойынша өз бетінше орындайтын деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау. 12. Ағымды және қорытынды бақылау алу үшін тапсырмалардың жаңа мәтінін құрастыру. 13. Оқу әрекеттерін сөзбен бағалау көрсеткіштерін анықтау. 14. Тестілік бақылау тапсырмаларын дайындау 15. Компьютерлік бақылау үшін тапсырмалар дайындау т.б. Мұғалімнің оқыту әрекеті саналы болу үшін, ол педагогикалық ғылымның заңдылықтарын, тәрбие міндетінің қоғамның мақсаты мен талап - тілегінен туындайтынын, теория мен тәжірибенің бірлігін, әрекет-дамудың көзі екендігін, қарама-қайшылықсыз дамудың жоқтығын, оқытудың білімдік, дамытушылық, тәрбиелік сипатын, тәрбиенің білімдік, оқыту мазмұны мен жоспары, бағдарламаның оқу тәрбие мақсатымен сәйкестігін, т.б. нақты білуі керек. Бұл білімдер мұғалімнің педагогикалық процесте қателіксіз еңбек етуіне мүмкіндік жасайды. Мұғалім оқыту процесін тиімді өткізіп, оқушылардың белсенділігін тудыру үшін сабаққа қойылатын төмендігі талаптарды ескереді: а) дидактикалық; ә) дамытушылық; в) гигиеналық; г) психологиялық; д) ұйымдастырушылық. Әдістемелік талапқа аталған барлық талаптардың жиынтығы жатады. Мұғалім оқытудың әдіс-тәсілдерін біліп қана қоймай, тиімді пайдаланғанда ғана оқушылардың білімге құштарлығын, терең түсінігін қамтамасыз етеді. Сабақ – қашанда жетіліп отыратын шығармалық сипаттағы процесс. Сабақ – білім беруде ұйымдастырудың негізгі жолы [5]. Сабақ құрылымы қандай болса да шәкіртке білім мен дағды беруді көздейді. Мұғалім – сабақтағы басты тұлға, өйткені ол оқушыларға жүйелі түрде білім алу дағдысын, іскерлігін қалыптастырады. Ол үшін түрлі оқыту әдістерін алмастыра пайдаланып, оқушылардың танымдық әрекетіне мақсат көздей басшылық етеді. Бұл жөнінде педгог ғалым А. Байтұрсынов: «Мектепке бірінші керегі – мұғалім, екінші – оқыту ісіне керек құралдар, үшінші – бағдарлама және оқулықтар керек», - деп, дөп басып айтқан, өйткені оқыту ісінің сапасы осы – үш 33 қажеттілікке байланысты. Әсіресе мұғалім бағдарламаны, әдіс – тәсілдерді пайдаланып, оқушыларды біліммен қаруландырады. Олай болса, оқу – тәрбие ісінің бас табысты, білімнің берік болуы мұғалімнің сабаққа мұқият дайындығына байланысты. Мұғалімнің аталған талаптарды терең біліп, оларды сабақта кешенді тұрғыда пайдаланса, еңбегі нәтижелі болмақ. Мұғалімнің сабаққа дайындығы шығармашылық сипатта болып, жалаң сөздік әдістерінен арылуы, техникалық құралдарды басым пайдаланып, педагогикалық, психологиялық есептерді, ситуацияларды шештіру, проблемалық, бағдарламалық сабақтарды өткізу, жаңашыл педагогтардың әдістерін

шығармашылықпен қолдану - өмір талабы. Модуль оқыту мазмұнының аса мәнді бөліктерін айқындауға көмектеседі. Модуль оқу материалының автономдық үлесіне қатысты пән немесе пәндер кешені ерекшеліктеріне сәйкес, логикалық аяқталған өзіндік дербес білім бөлігі болып табылады. С.И.Ожегов бойынша модуль дегеніміз – қандай да бір жүйенің, ұйымның анықталатын, біршама дербес бөлігі. Модульдік оқытудың принциптері мынадай: 1) оқу материалын мақсатқа лайықтап іріктеу және оны мақсаттық блоктарға құру; 2) оқу материалының толықтығы, оның жан – жақтылығымен кіріктірілділігі; 3) модульдің біршама дербестігі мен логикалық аяқталуын қамтамасыз ету; 4) оқушылардың материалды игеруімен мұғаліммен кері байланысын әдістемелік қамтамасыз ету. Сонымен қорыта айтқанда модуль дегеніміз – оқыту мақсаты, ақпарат қоры және қойылған мақсатқа сәйкес әдістемелік нұсқаулары нақты белгіленген, аяқталған ақпарат блогы. Модульдік оқытудың құрлымы. Педагогикалық технология өзінің негізінде қалпына келетін оқу циклінің ойын құрайды. Оның мазмұнына енетіндер:

1. Оқу мақсатының жалпы орнатылуы;
2. Жалпы қалыптасу мақсатынан оны нақтылығына көшу;
3. Оқушының оқу деңгейін (жобалап) алдын-ала бағалау;
4. Оқу процедурасының бірліктілігі (бұл кезеңде оқытудың коррекциялық негізінде оперативті кері байланыс болу керек);
5. Қорытындысын бағалау [6].

Осының арқасында оқу процесі модульдік сипатта болады. Жалпы құрлымы бірақ мазмұндары әртүрлі блоктардан құрылады. Модульдік оқыту технологиясының берілген нұсқасын құрастыру кезінде толық меңгеру әдістемесінің негізгі позицияларын құрастыратын педагогикалық технологияның негізгі принциптерін ұстандық. Сонымен қоса біз қазіргі дидактиканың талаптарына байланысты өзгертулер енгіздік: балаларды оқуға талпыныс емес жеке тұлғалық-түрткі, оқу мотивтерін арттыруға, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға оқу процесін диалогтік қарым-қатынас негізінде құру. Осыдан мұғалімнің жұмысында және оқу процесін құрастыруда өзгерістер бар 34 толық меңгеру әдістемесінде (Дж. Блок, Л. Андерсен т.б.) әрбір оқу бірлігінің шеңберінде мұғалімнің жұмысы былай құрылады: 1. Балаларды оқу мақсатымен таныстыру; 2. Сыныпты берілген бөлім бойынша жалпы оқу жоспарымен таныстыру; 3. Оқытуды жүргізу; 4. Диагностикалық тесттің ағымдық тексерісін жүргізу; 5. Оқушылардың бөлімінің мазмұнын толық меңгерген тексеру қорытындысын бағалау; 6. Толық меңгерілмеген оқушылармен коррекциялы оқу процедурасын жүргізу; 7. Диагностикалық тесттілерін жүргізу және оқу бірлігінің мазмұнын толық меңгерген оқушыларды анықтау.

Біздің нұсқауымызша реттілік басқаша болып келеді:

1. Оқушыларды оқу мақсатымен таныстыру;
2. Сыныпты берілген тақырып блоктары бөлімдері бойынша жалпы оқытудың моделімен таныстыру;
3. Мұғаліммен материалды қысқаша түсіндіруі;
4. Оқушылардың диалогтік қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру;
5. Жалпы тақырыпқа бөлімді 4-7 рет қысқаша қайталау негізінде оқу материалын меңгеру;
6. Барлық тақырып бойынша тест өткізу;
7. Тақырып бойынша күнделікті немесе «релиндік» сынақ жүргізу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейсова М.М., Технология модульного обучения. –Актобе, 2000.
2. Қайырбекова А. Модульдік технология негізінде. //Ұлағат. -2013. -№4. –Б. 38-40
3. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы 2006 жыл.
4. Әбдікәрімов Б., Соколова М. Оқыту технологияларының білім сапасын көтерудегі ықпалы // Қазақстан жоғары мектебі. – 2004. №1, 57б.
5. Бекжігітова А. Модульдік оқыту технологиясы // Білім кілті -. 2006 № 18.18-20 б
6. Дәулетбекова Ж.Т. Оқушылардың оқу мотивтері сапалы білім негізі. Алматы:2001, 170 б.

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ASSESSMENT CENTER НЕГІЗІНДЕ ЦИФРЛЫҚ КЕЙСТЕРДІ ӘЗІРЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

¹Әукен А.О., ¹Бакирова И.Д., ²Аукенова Ж.О.

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан

²Б.Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі, Қарағанды қаласы, Қазақстан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан Халқына жолдауында «Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалды. Дегенмен, бұл бағытта әлі де біршама өзгерістер жасау қажет» [1] деп айтқан болатын.

Білім беру қызметтері нарығында үнемі өсіп келе жатқан бәсекелестік және шетелдік білім беру тәжірибесінің араласуы жағдайында білім беру қызметтері нарығында да, әлемдік білім беру кеңістігінде де бәсекеге қабілетті және кәсіби құзыретті болашақ мамандарды даярлау, тиісінше жоғары технологиялық және стандартталған процестерінің моделін әзірлеу және енгізу бүгінгі заман талабы.

Білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары:

1. Білім беруді ізгілендіру — мектептің, педагогтардың оқушының жеке басына, оның мүдделеріне, сұраныстарына, жеке ерекшеліктеріне назар аударуы.

2. Білім беруді гуманитаризациялау — білім беру процесінде әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің рөлін арттыру (экономикалық теория, әлеуметтану, саясаттану, құқықтық білім негіздері).

3. Білім беру процесін интернационалдандыру — әр түрлі елдер үшін бірыңғай білім беру жүйесін құру, білім беру жүйелерін интеграциялау.

4. Білім беру процесін компьютерлендіру — оқытудың жаңа заманауи технологияларын, жаһандық ауқымдағы телекоммуникациялық желілерді пайдалану.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін бағалауға арналған цифрлық кейстерді әзірлеу заннамалық деңгейде бірқатар құжаттарды, атап айтқанда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын; «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңын; «Педагог» кәсіптік стандартын; Қазақстан Республиканың 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту Тұжырымдамасын қабылдау қарастырылады; Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамалары; Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарының үлгілік оқу бағдарламаларын [2] негізге алады.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда – оқу үрдісін дамыту. Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескереі отырып, педагогикалық мақсат – мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты тандап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Сонымен қатар бастауыш мектепте ақпараттандыру мәселесін зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, бастауыш мектепте ақпараттандырудың міндеттерін шешуде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қабылданудың төмендегі бағыттарына сүйену керек.

1. Оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолдану.

2. Бастауыш мектептерде электрондық оқулықтарды оқыту.

3. Кәсіби – педагогикалық іс-әрекетті қамтамасыз ету.

4. Оқу-тәрбие процесін басқару.

Assessment center (assessment centre, бағалау орталығы) – бұл қызметкерлердің кәсіби құзіреттіліктерінің даму деңгейін, әлеуеттерін анықтау мақсатында олардың қызметінің негізгі тұстарын модельдеуге бағытталған кешенді бағалау әдісі.

Бастапқыда ассесмент орталығы Германия, Ұлыбритания армияларының, сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін және соғыс кезінде АҚШ барлау қызметінің аға офицерлерін таңдау үшін пайдаланылды. Кейінірек бұл технологияны IT & T, IBM, Xerox, Mars, Siemens, Nestle, Shell және т.б. компанияларда кадрларды іріктеу үшін қолданды.

Бүгінгі таңда ЖОО-ның бітіруші курс түлектерінің білім сапасын, кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға арналған Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Педагогика факультеті, Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы жанынан Assessment center ашу жоспарлануда.

Assessment center мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін бағалауға арналған Assessment center негізінде цифрлық кейстерді ғылыми-әдістемелік негіздеу және әзірлеу.

Цифрлық кейс – оқытушы дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі және қолдануы үшін негізделген.

Цифрлық кейс – (ағылшынның case—портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады.

Цифрлық кейс арналған материалдар түрлері мыналар:

1. Әдістемелік нұсқалар. Оқу құралдары мен глоссарий. Оқушыларға оқу жоспарындағы пәндер бойынша электрондық тасымалдауышта оқу-әдістемелік материалдардың кешені (кейс) беріледі. Кешенді даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістері пайдаланылады.
2. Жұмыс дәптері.
3. Анықтама.
4. Оқу, аудио, бейне материалдары.
5. Бақылау және емтихан материалдары.

Мұндай әдістер тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін белсендіруге арналады.

Цифрлық кейстер білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес толық модульді қамтыған білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін Дублин дескрипторлары шеңберінде 5 деңгей бойынша айқындалатын болады:

- Білу және түсіну;
- Білімді қолдану және түсіну;
- Алған білімін қалыптастыру;
- Коммуникативті қабілеттер;
- Оқу дағдылары немесе оқу қабілеті

Әзірленген цифрлық кейстер жоғары білім беру ұйымының соңғы курс білім алушыларының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін сапалық және сандық бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Цифрлық кейстерді әзірлеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттырудың маңызы зор.

Кәсіби құзыреттілік педагогтың субъективті факторы болып табылады. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі түсінігі мұғалімнің жеке мүмкіндіктерін көрсетеді. Осылайша, педагог құзыреттілігі педагогикалық қызметтің теоретикалық және практикалық дайындығын жүзеге асырады. Кәсіби құзыреттіліктің 4 түрі бар:

1. Арнайы құзыреттілік,
2. Әлеуметтік құзыреттілік,
3. Тұлғалық құзыреттілік,
4. Дара құзыреттілік.

Кәсіби құзыреттіліктің әдіснамалық негіздері В.А.Болотовтың, В.Н.Введенскийдің, Е.Ф.Зеердің, И.А.Зимняяның, А.М.Митяеваның, Н.В.Мирзаның, В.А.Сластениннің, Ш.Т.Таубаеваның, Н.Д.Хмельдің, А.В.Хуторскийдің, W.Hutmacher, K.Greenan, H.McIlveen және т.б. ғылыми еңбектерінде ашылады.

Білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастырудағы кейс-технологияның педагогикалық әлеуетін А.С.Еремін, Н.Павельева, Е.С.Полат, К.Ф.Херрид, Е.Шимутина және т.б. білім беру процесінде кейс-технологияны пайдалану мәселелерін В.П.Беспалько, Е.С.Полат, Л.В.Рейнгольд, О.Г.Смолянинова және т.б. зерттеді. Case-study әдісі негізінде оқытудың инновациялық технологияларын О.Г.Смолянинова, Н.Ф.Радионова, А.П.Тряпицын [3] және т.б. негіздеді.

Н.В.Кузьмина еңбектің нәтижесі мен оның кәсіби құзыреттілігіне әсер ететін, педагогикалық қызметкерлердің маңызды сипаттамасының қатарында педагогтың кәсіби іс-әрекетінің сапасы, оның шеберлігі мен кәсіпқойлығы, педагогикалық қабілеттер мен педагогқа қойылатын талаптар бойынша сұрақтарды зерттеп қарастырады. Ол педагогикалық құзыреттіліктің негізгі элементтері ретінде келесілерді атап көрсетеді: оқытылатын пәннің аумағындағы арнайы құзыреттілік, оқушылардың білімі, іскерлігі мен дағдысының қалыптасу әдістерінің аймағындағы әдістемелік құзыреттілік; оқыту аймағындағы психологиялық-педагогикалық құзыреттілік; оқушылардың қабілеттері, бағыт-бағдары мен себептері аймағындағы дифференциалды-психологиялық және аутопсихологиялық құзыреттіліктерді қарастырады.

Қарағанды Бөкетов университетінің бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасында «Assessment Center» ашылуы бітіруші курс білім алушыларының ғылыми зерттеулер жүргізіп, білікті маман болып шығуына мүмкіндік береді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін бағалауға арналған орталық түлектерге қызмет көрсетеді.

Жоба түлектердің кәсіби маңызды қасиеттері мен құзыреттіліктерін арттыруға ықпал ететін цифрлық кейстерді әзірлеуді көздейді. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейін өлшеу және бағалау үшін цифрлық кейстер тесттер, жобалар, жағдаяттар, тапсырмалар және эксперимент жасау, тағы басқаларды әзірлеуді қамтиды. Assessment center негізінде әзірленген цифрлық кейстер ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрығымен «Педагог білімін бағалау» және «Білім алушылардың білімін бағалау» бойынша сынақ тапсырғанда бітіруші курс білім алушыларының жоғары нәтиже көрсетуіне мүмкіншілік туғызады.

Жобаны тәжірибелік тұрғыда іске асыру барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бітіруші курс студенттеріне арналған бәсекеге қабілеттілікті арттыратын, soft, hard skills, кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыратын цифрлық кейстер әзірленеді. Цифрлық кейстер білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес толық модульді қамтыған білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін Дублин дескрипторлары шеңберінде 5 деңгей бойынша айқындайды: Білу және түсіну; Білімді қолдану және түсіну; Алған білімін қалыптастыру; Коммуникативті қабілеттер; Оқу дағдылары немесе оқу қабілеті.

Қорыта келе, бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат. Олай болса еліміздің болашағы болып табылатын жас ұрпаққа білім беретін оқу орындарының білім жүйесін дамыту заман талабы екенін мойындауымыз керек. Сондықтан ХХІ ғасыр мұғаліміне сай болу үшін ізденімпаз ғалым, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болған абзал.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.

2. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747; https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747; https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32091648&pos=176;-39#pos=176;-39; <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149>; <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>; <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248>; <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916>; <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>; https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39621845

3. Бережнова Е.В. Профессиональная компетентность как критерий качества подготовки будущих учителей [Текст] // Компетенции в образовании: опыт проектирования: сб. науч. тр. / Под ред. А.В.Хуторского. – М.: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2018. – С. 327.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Байжанова Г.К., Мукасова М.Е.

М.Ғабдуллин атындағы 70 жалпы білім беретін орта мектеп, КММ, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, Қазақстан

Қазіргі заманғы жағдайда мектеп оқушыларының танымдық қызығушылықтарын, олардың жалпы оқу біліктерін, өздігінен білім алу дағдыларын, шығармашылық белсенділігін, креативтілігін дамыту мектептің әлеуметтік институт ретіндегі басты мақсаты болып отыр.

Психологияда «креативтілік», «шығармашылық қабілеттер» ұғымдарының пайда болуымен осы ұғымдардың арақатынасы, бұл бірдей ұғымдар ба деген сұрақ туындады. Ең жалпы түрде креативтілік шығармашылыққа жалпы қабілет ретінде түсініледі. Креативтілік (лат. Creatio) - бұл адамның ерекше идеяларды тудыру, ерекше шешімдерді табу, дәстүрлі ойлау схемаларынан ауытқу қабілеті деп түсіндіріледі. Солай, П.С.Гуревич креативтілікті әр түрлі іс-әрекет салаларында көрінетін және оның жеке басын сипаттайтын адамның шығармашылық қабілеттері ретінде анықтайды [1].

Ф.Баррон «креативтілік» сөзін кең мағынада шығармашылық интеллектуалды қабілеттер, соның ішінде тәжірибеге жаңа нәрсе әкелу қабілеті деп түсіндіреді [2].

«Креативтілік» пен «шығармашылық қабілеттер» ұғымдарына әртүрлі көзқарастарды қарастыру, креативтілік адам іс-әрекетінің әр түрлерінде көрінетін шығармашылық қабілет ретінде қарастырылуы мүмкін екенін көрсетті.

Ал тәжірибеде оқушылардың креативтілігін дамытуда, оқытуды шығармашылық үдеріс ретінде ұйымдастырудың заманауи талаптарын ескере отырып, мектепте осы үдеріске ықпал ететін педагогикалық шарттарды анықтау қажет. Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартында [3] қойылатын талаптарға жауап беретін оқу іс-әрекетінде бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамыту үшін қандай педагогикалық шарттар тиімді болатынын нақтылайық.

Педагогикадағы белгілі теорияларды жалпы түрде зерделеу негізінде біз педагогикалық шарттар деп педагогикалық іс-әрекетті жақсартуға және оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар кешенін түсінеміз. Педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық шарттардың келесі түрлері ажыратылады [3]:

- 1) ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар;
- 2) психологиялық-педагогикалық жағдайлар;
- 3) дидактикалық шарттар.

1) Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар В.А.Беликов, С.Н.Павлов, Е.И.Козырева, А.В.Сверчков және т. б. еңбектерінде қарастырылады. Зерттеушілер оларды келесідей анықтайды:

- оқыту міндеттерін сәтті шешуді қамтамасыз ететін белгілі бір мүмкіндіктер жиынтығы ретінде қарастырылатын шарттар түрі;

- қойылған міндеттерді шешуде жақсы нәтиже алуды қамтамасыз ететін объективті мүмкіндіктер кешені;

- кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған педагогикалық үдерістің мазмұны, әдістері мен формаларының кешені [2].

2) Психологиялық-педагогикалық шарттарды өз еңбектерінде Н.В.Журавский, А.О.Малихина, А.В.Лысенко және т.б. қарастырды. Олардың пікірінше, психологиялық-педагогикалық шарттар білім беру, тәрбие, оқу іс-әрекетінің заңдылықтарының бір жағын көрсетеді. Олар тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыруға қатысатын педагогикалық үдеріске қатысушылардың (мұғалімдер, оқушылар және т.б.) жеке тұлғасының дамуына әсер етудің қажетті педагогикалық шараларының шарттары ретінде түсіндіріледі [1]. Психологиялық-педагогикалық шарттар педагогикалық үдеріске қатысушылардың түрлендірілетін тұлғалық сипаттамасының құрылымын ескере отырып таңдалады.

3) Дидактикалық шарттардың мәнін зерттеумен Б.В.Куприянов, М.В.Рутковская, М.В.Зверева және т.б. айналысқан. Ғалымдар оларды мұғалімнің арнайы жасаған білім беру үдерісін ұйымдастырудың шарттары деп түсіндіреді [2]. Олардың пікірінше, дидактикалық шарттар-бұл дидактикалық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін мазмұнды, әдістер мен тәсілдерді, оқытудың ұйымдастырушылық формаларын мақсатты таңдау, құру және оқу үдерісінде қолдану нәтижесі.

Дидактикалық шарттар құру білім беру міндеттерін шешуді және педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін оқу материалының мазмұнын, оқыту әдістерін, оқу-тәрбие

үдерісіндегі педагогикалық өзара іс-қимылдың құралдары мен нысандарын іріктеу мен іске асырудан тұрады.

Шығармашылық қабілеттердің сәтті дамуы осы түрлердің барлығын біріктіретін педагогикалық шарттарды орындау арқылы ғана мүмкін болады [2].

Креативтіліктің даму деңгейі мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, мұғалімнің мектепте оқытудың тиісті мазмұны мен әдістерін таңдау қабілетіне байланысты. Мектепке даму деңгейі әр түрлі болатын балалар келеді. Көптеген балаларда қабілеттер бірден көрінбейді. Оларды анықтау және дамыту бойынша негізгі жұмыс бастауыш сынып мұғалімдеріне жүктеледі. Сондықтан оқушылардың креативтілігін тиімді дамытудың маңызды шарттарының бірі-мұғалімнің кәсібилігі.

Мұғалім оқушылардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыра алу, балалардың шығармашылық қасиеттерін анықтау және оларды одан әрі дамыта алу ықтималдығы мұғалімнің шығармашылық әлеуеті неғұрлым бай болса, соғұрлым жоғары болады. Дарынды мұғалім оқушылардың шығармашылық қасиеттерін қалыптастыру және дамыту үдерісін әр оқушы өзін-өзі тануға, өзінің қабілеттерінің кешенін анықтауға және дамытуға, оларды белгілі бір деңгейде дамытуға үйренетіндей етіп жүргізеді.

Мұғалім оқытудың әр түрлі әдістерін қолдана отырып, оларды ақылмен үйлестіре отырып, жүйелі, мақсатты түрде балалардың ойлау қасиеттерін дамытып, оларды талдауға, пайымдауға, ойлануға, оқу материалын саналы түрде зерделеуге, қорытынды жасауға, тапсырмаларды орындау кезінде жаңа өзіндік тәсілдер мен тұғырлар табуға және т.с.с. үйретеді.

Оқушылардың креативтілігін дамытудың тағы бір шарты, көптеген зерттеуші педагогтардың пікірінше, балаларда өздерінің әлеуетті мүмкіндіктеріне, интеллектіне, яғни баланың өзін-өзі жоғары бағалауына жеткілікті сенімділік қалыптастыру болып табылады. Ол үшін тиісті жұмыс атмосферасы құрылуы керек. Осыдан баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың келесі шарты шығады-сыныпта жағымды психологиялық климат құру. Мұғалімдер баланың мектепте болған алғашқы күндерінен бастап шығармашылық бастамаларын қолдап, олардың шығармашылық қабілеттерінің пайда болуы мен дамуын ынталандыруы керек. Мұндай жағдайда мұғалімдерге оқушылардың ата-аналары немесе отбасындағы ересектер осы жұмысқа ақылға қонымды түрде қосылып, көмектесе алады. Олар мұғаліммен бірге баланы шығармашылық ізденісте және өздігінен жаңалықтар ашуда қауіпсіз психологиялық негіз құруға ықпал етуі керек. Ересектер оқушыны шығармашылық іс-әрекетке үнемі ынталандырудың, оның сәтсіздіктеріне жанашырлық танытудың маңыздылығын есте ұстауы керек. Сондай-ақ, шынайы өмірге тән емес түрлі идеяларды түсіну мен қабылдаудың маңыздылығын атап өткен жөн [3]

Бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамыту сабақта да, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді оқып-талдау негізінде бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытудың келесі шарттары анықталды: Құзыреттілік пен педагогикалық шеберлікті қамтитын мұғалімнің кәсібилігі.

2. Сәттілік жағдайын құруды, оқушылар ұжымындағы қолайлы психологиялық ахуалды және жалпы ізгі ниет атмосферасын қамтитын жайлы психологиялық жағдай.

3. Оқушының ролін өзгерту және оқытудың ішкі мотивациясын құру, яғни оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру және шығармашылыққа деген көзқараспен оқытуды ынталандыру.

4. Білім алушыларға дұрыс педагогикалық көмек көрсету.

5. Сабақта және сыныптан тыс сабақтарда жұмыстардың әртүрлі формаларының үйлесімі.

6. Оқушылардың әртүрлі салалардағы білімдерін пайдалана отырып, шығармашылық тапсырмаларды орындауы.

7. Шығармашылық тапсырманы орындаудың дербестігі. Шығармашылық іс-әрекетке қызығушылықты ынталандыру, шығармашылық тапсырмаларды біртіндеп қиындату.

8. Мазмұны бойынша да, қиындық дәрежесі бойынша да әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды қолдану.

9. Бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытудағы жүйелілік пен бірізділік.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту бойынша жұмысты әр сабақта және сабақтан тыс уақытта әртүрлі әдістерді қолдана отырып жүргізу қажет.

Яғни бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытудың негізгі педагогикалық шарттары қолайлы атмосфера құру, сабақтарда оқытудың белсенді формаларын, әдістері мен құралдарын қолдану және осы жұмысты сыныптан тыс жұмыстарда жалғастыру, сондай-ақ сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін кеңейту болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Психологический словарь / Под общей науч. ред. П. С. Гуревича. М.: ОЛМА Медиа Групп, ОЛМА ПРЕСС Образование, 2007. — 800 с.
2. Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. СПб: Питер, 2002. — 272 с.
3. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша [Электронды ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> 4.

ӘОЖ 371.321.5

БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕКЕЛЕНДІРУ ҮШІН НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ: БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Бакирова И.Д., Әукен А.О., Мукашева А.А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

Заманауи білім беру инновацияның тоғысында, оқу процесіне жасанды интеллект (AI) мен нейрондық желілерді біріктіру қазіргі кезеңде жаңа тенденцияға айналуда. Бұл озық технологиялар білімді жеткізу тәсілдерін өзгертіп қана қоймай, мұғалімнің мектеп ортасындағы рөлін қайта қарастырады. Қазіргі уақытта мұғалім оқытуды жекелендіру және процесті оңтайландыру үшін нейрондық желілердің күшін пайдалана отырып, оқытушы ғана емес, сонымен қатар куратор және тәлімгер болады. Мақалада нейрондық желілердің білім берудегі рөлі мен әсерін зерттеуге бағытталған, оларды мұғалімдердің мектеп білімінде қолдануына баса назар аударылады. Адамның биологиялық нейрондық желісінен шабыттанған математикалық модельдер болып табылатын нейрондық желілер ақпаратты өңдеудің және машиналық оқытудың бірегей қабілетіне ие, бұл оларды инновациялық білім беру шешімдерін құрудың қуатты құралына айналдырады [1].

Мұғалімдердің мектеп білімінде нейрондық желілерді қолдануы біздің алдымызда жаңа көкжиектер ашады және қызықты сұрақтар туғызады. Қазіргі әлемде білім қоғамның болашағын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ол білімді жеткізіп қана қоймай, дағдыларды, сыни ойлауды дамытады және оқушылардың жеке өсуіне ықпал етеді. Білім берудің осы маңыздылығын ескере отырып, нейрондық желілер сияқты озық технологияларды мектептегі оқу процесіне енгізу үлкен маңызға ие болады. Міне, білім беруде нейрондық желілерді пайдаланудың маңыздылығын көрсететін бірнеше негізгі аспектілер:

1. Жекелендірілген оқыту: нейрондық желілер оқу материалы мен оқыту әдістемесін әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдей алады. Бұл оқытудың тиімдірек болуына және бір сыныптағы оқушылардың әртүрлі деңгейлерімен тиімді күресуге мүмкіндік береді.

2. Білім берудің қол жетімділігін жақсарту: нейрондық желілер мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы қажеттіліктері бар оқушыларға жеке қолдау көрсету арқылы білімге қол жетімділікті арттыруға ықпал ете алады.

3. Оқу үлгерімін талдау және болжау: деректерді талдау арқылы нейрондық желілер оқушылардың үлгерімін болжай алады, бұл мұғалімдер мен мектеп әкімшілігіне оқуды жақсарту үшін уақтылы шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

4. Интерактивті оқу материалдарын жасау: нейрондық желілер нақты оқу мақсаттары мен оқу стиліне бейімделген интерактивті сабақтарды жасай алады. Бұл оқушыларды қызықты әрі тартымды етеді [2].

5. Мұғалімдерге жүктемені азайту: нейрондық желілер қолдайтын автоматтандырылған жүйелер мұғалімдерге жұмысты бағалауға, үлгерімді бақылауға және оқу жоспарларын құруға көмектеседі, бұл оларға тікелей оқуға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

6. Болашаққа дайындық: мектептегі білім беруде нейрондық желілерді пайдалану студенттерге жасанды интеллект технологиясы кең таралған әлемде жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Мақаланың мақсаты - білім беру процесінде нейрондық желілердің рөлін, сондай-ақ олардың қазіргі мектеп ортасындағы мұғалімнің рөліне әсерін зерттеу және талдау. Оқырмандарға нейрондық желілер білім беруді қалай өзгерте алатындығы және мұғалімдер бұл технологияны оқушылардың оқу тәжірибесін жақсарту үшін қалай қолдана алатындығы туралы терең түсінік беру.

Нейрондық желілердің негіздері. Биологиялық нейрондық жүйеден шабыттанған нейрондық желілер машиналық оқыту алгоритмдерінің қуатты класы болып табылады. Олар бір-бірімен байланысқан нейрондардан тұрады және әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін деректер негізінде оқытылады. Білім беруде нейрондық желілерді қолдану кезінде нақты білім беру міндеттерін ескере отырып, сәйкес желі архитектурасын таңдау маңызды. Төменде жақсы нәтиже көрсететін кейбір архитектуралар қарастырылды:

1. Конволюциялық нейрондық желілер (CNN): CNN суреттерді өңдеу үшін жиі қолданылады. Олар визуалды деректердегі үлгілер мен ерекшеліктерді анықтай алады, бұл оларды үлгіні тану, жіктеу және сегменттеу тапсырмалары үшін тамаша таңдау жасайды. Мысал ретінде Midjourney, dall·e 2 және т. б. сияқты нейрондық желілерді келтіруге болады.

2. Қайталанатын нейрондық желілер (RNN): RNN мәтіндер мен дыбыстық жазбалар сияқты дәйекті деректерді өңдеуге жарамды. Олардың жады бар, бұл оларға деректердің контексті мен реттілігін ескеруге мүмкіндік береді.

3. Терең нейрондық желілер (DNN): DNN көптеген жасырын қабаттардан тұрады, бұл оларды деректердегі күрделі тәуелділіктерді модельдеуге қабілетті етеді. Олар көбінесе үлкен деректер жиынтығында және терең оқыту тапсырмаларында оқыту үшін қолданылады.

4. Қайталанатын конволюциялық нейрондық желілер (RCNN): RCNN дәйекті кескіндерді немесе бейнелерді өңдеу және талдау үшін CNN және RNN қасиеттерін біріктіреді. Олар қозғалысты талдау және объектілерді тану міндеттерінде қолданылады. Мысал ретінде Chat GPT сияқты нейрондық желіні келтіруге болады.

Оқуға арналған жиі қолданылатын нейрожелілер:

- YandexGPT-ChatGPT технологиясы негізінде жұмыс істейтін «Яндекс» нейро желісі.

Берілген тақырыптар бойынша мәтіндер жасай алады, код жаза алады, пайдаланушылармен сөйлесе алады, интернеттен ақпарат іздей алады, мәтіндерді аудара алады.

- Writetfull - мәтінді қателерді, қайталануларды тексеруге қабілетті мәтіндік редакторға ендірілген нейрондық желі. Ол сондай-ақ ақпаратты құрылымдауға, сөйлемдерді парафразалауға көмектеседі және сәйкес тақырыптарды ұсынады.

- MathGPT - математикалық есептерді шешуге арналған нейрондық желі. Ол математикалық формулаларды түсіну үшін терең оқытуды қолданады және күрделі есептерді тез және тиімді шеше алады. Математика - әр оқушының үлгерімін талдайтын және оған сабақтар мен тапсырмаларды бейімдейтін математикадан онлайн оқыту жүйесі. Платформада оқулықтардан алынған материалдар бар, OGE және USE - ге дайындалуға көмектеседі, сонымен қатар геометрия мен тригонометрия бойынша тапсырмаларды ұсынады.

- Tome - презентациялар жасауға арналған нейрондық желі. Пайдаланушылар презентацияда не көргісі келетінін қажетті тілде сипаттауы керек. Нұсқау бойынша жүйе сәйкес кескіндер мен мәтіндермен шамамен сегіз слайд жасайды.

- BlackBox - бағдарламалауды үйренуге көмектесетін жасанды интеллект. Ол Python, JavaScript, TypeScript, Go және Ruby сияқты 20-дан астам бағдарламалау тілдерін қолдайды.

- DeepL-ai негізіндегі Онлайн аудармашы. Мазмұнның мәнмәтінін ескеріп, тіпті үлкен мәтіндермен де сапалы нәтиже бере алады. Ол өзін-өзі оқытады, сондықтан студент сирек кездесетін сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс нұсқаларын таңдай алады, осылайша қызмет болашақта дұрыс аударма жасайды [3].

Мектептегі мұғалімнің рөлі. Дәстүрлі оқыту әдістері және оларды шектеу. Мектептердегі дәстүрлі оқыту әдістерінің ұзақ тарихи тамыры бар, бірақ олар оқуда оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуді қиындататын шектеулермен бірге келеді. Оқытудың дәріс түрінде мұғалім оқушыларға білім береді. Алайда, бұл әдіс оқушылардың өзара әрекеттесуі мен белсенді қатысуын шектейді. Топта жұмыс істеу пікір алмасуға ықпал етуі мүмкін, бірақ мұғалімге әр оқушыға жеке-жеке қарауға мүмкіндік бермейді. Оқушыларға көбінесе өз бетінше жұмыс істеу үшін жеке тапсырмалар беріледі. Бұл тиімді болуы мүмкін, бірақ әр оқушының дайындық деңгейін әрдайым ескермейді. Дәстүрлі бағалау әдістері стрессті тудыруы мүмкін және дағдыларды дамыту мен түсінуге емес, білімге назар аударуы мүмкін. Дәстүрлі оқыту әдістері әдетте әр оқушының жеке қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен оқу қарқынын ескермейді.

Нейрондық желілер контекстіндегі мұғалімнің міндеттері:

- Білім беруде нейрондық желілерді пайдалану мұғалімнің рөлін өзгертеді және жаңа міндеттер қосады. Мұғалім әр оқушыға жеке оқу жоспарлары мен ұсыныстар жасау үшін нейрондық желілерді қолдана отырып, білім беру процесінің кураторы болады.

• Мұғалім виртуалды Оқу орталары мен оқыту қолданбаларын жасау үшін нейрондық желілерді пайдалану арқылы оқу процесіне интерактивті элементтерді енгізе алады. Оқу процесінде нейрондық желілерді және басқа технологияларды тиімді пайдалану үшін мұғалімдер білім алып, дамиды.

• Сондай-ақ, мұғалімдер оқушылардың жеке өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін деректер мен нейрондық желілерді пайдаланудың этикалық аспектілерін қарастыруы керек. Мұғалім мазмұнды жасау үшін нейрондық желінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жаңа білім беру материалдары мен әдістерін әзірлеуі керек [4].

Мұғалімнің білім берудегі рөлі маңызды болып қала береді, бірақ ол нейрондық желілерді қолданумен байланысты дамиды. Мұғалім тек білім көзі ғана емес, сонымен қатар тәлімгер, деректерді талдаушы және жаңашыл болып, әр оқушыны сәтті оқыту үшін оңтайландырылған оқу ортасын жасайды.

Артықшылықтары:

Мұғалімдердің нейрондық желілерді пайдалануының артықшылықтары Мектептегі білім беруде мұғалімдердің нейрондық желілерді пайдалануы өзімен бірге көптеген артықшылықтар әкеледі: 1. Жеке оқыту: нейрондық желілер әр оқушының қажеттіліктері мен білім деңгейін ескере отырып, Жеке оқу жоспарлары мен материалдарын жасауға мүмкіндік береді.

2. Автоматтандыру және оңтайландыру: деректерді талдау мен бағалаудың автоматтандырылған жүйелері мұғалімдерге уақыт пен ресурстарды тиімдірек пайдалануға мүмкіндік береді.

3. Қол жетімділікті жақсарту: нейрондық желіге негізделген онлайн ресурстар мен оқу платформаларын пайдалану оқушыларға орналасқан жеріне қарамастан білім беруді қолжетімді және икемді етеді.

4. Жақсартылған диагностика және бақылау: нейрондық желілер оқыту мәселелерін ерте анықтауға және мұғалімдерге қолдауды қажет ететін оқушылар туралы ескертуге көмектеседі.

5. Білім берудегі инновациялар: нейрондық желілерді пайдалану жаңа білім беру әдістері мен технологияларының дамуын ынталандырады.

Шектеулер мен тәуекелдер.

Көптеген артықшылықтарға қарамастан, мұғалімдердің нейрондық желілерді пайдалануы бірқатар шектеулер мен тәуекелдерді де қамтиды: [6]

1. Деректердің құпиялылығы мәселелері: оқу деректерін жинау және сақтау оқушылардың құпиялылығы мен қауіпсіздігі туралы сұрақтар тудыруы мүмкін.

2. Этикалық сұрақтар: білім беруде нейрондық желілерді пайдалану студенттерді бақылау мен бағалауға, сондай-ақ шешім қабылдаудағы ашықтыққа қатысты этикалық мәселелерді көтереді.

3. Технологияға тәуелділік: мұғалімдер технологияға тәуелділік пен педагогикалық дағдыларды жоғалту қаупіне тап болуы мүмкін.

4. Оқыту және қолдау қажеттілігі: нейрондық желілерді енгізу мұғалімдер мен мектеп әкімшілігін оқыту үшін уақыт пен ресурстарды қажет етеді.

5. Қол жетімділік теңсіздігі: барлық оқушылар заманауи технологияларға қол жеткізе алмайды, бұл білім берудегі теңсіздікті күшейтуі мүмкін.

6. Алгоритмдерге тәуелділік: нейрондық желілер қабылдаған шешімдер әрдайым түсіндірілмеуі мүмкін, бұл мұғалімдер мен оқушылардың түсінбеушілігі мен наразылығын тудырады. Бұл шектеулер мен тәуекелдерді ескеру және білім беруде нейрондық желілерді теңгерімді және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін стратегиялар мен саясаттарды әзірлеу маңызды.

Дүниетану, жаратылыстану сабақтарында мектептерде нейрондық желілерді сәтті пайдалану мысалдары.

Жаратылыстану сабақтарына нейрондық желілерді енгізу білім беру тәжірибесін едәуір байытуға және оқушыларға айналамыздағы әлемді жақсы түсінуге көмектеседі. Міне, жаратылыстану сабақтарында нейрондық желілерді сәтті пайдаланудың бірнеше мысалдары:

1. Нейрондық желілерді пайдалану арқылы қоршаған ортаның өзгеруі туралы үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге және талдауға болады, мысалы, орман өрттері, мұзды полярлық қақпақтардың таралуы немесе топырақтың деградациясы, бұл студенттерге адам әрекетінің табиғатқа әсерін түсінуге көмектеседі.

2. Нейрондық желілерді менің оқушыларым әлемнің әртүрлі аймақтарын зерттеп, жаратылыстану сұрақтарына жауап бере алатын оқу ойындарын жасау үшін пайдалануға болады.

3. Нейрондық желілер маған Оқу материалдары мен тапсырмаларды әр оқушының білім деңгейі мен қызығушылығына қарай бейімдеуге көмектеседі, бұл тиімдірек оқуға ықпал етеді. Сабақтарында

нейрондық желілерді пайдалану мысалдары бұл технологияның оқуды интерактивті әрекетті жүзеге асыруға көмектеседі [5].

Мектеп біліміне нейрондық желілерді енгізу қазіргі білім беру тәжірибесіндегі маңызды қадам болып табылады. Бұл мақалада мұғалімдердің нейрондық желілерді пайдалануының әртүрлі аспектілерін және олардың оқу процесіне әсерін қарастырылды. Мектептерде нейрондық желілерді пайдалану туралы қорытындылар мыналарды қамтиды: 1. Оқытуды жекелендіру: нейрондық желілер әр оқушыға оқуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін жеке оқу жоспарлары мен материалдарын жасауға мүмкіндік береді. 2. Автоматтандыру және оңтайландыру: нейрондық желілерді пайдалану деректерді талдауды, үлгерімді бақылауды және оқу ресурстарын құруды жеңілдетеді, мұғалімдерге жүктемені азайтады. 3. Білім берудегі инновациялар: нейрондық желілер оқытудың жаңа әдістерінің дамуын ынталандырады және дәстүрлі білім беру модельдерін өзгертеді. 4. Интерактивті білім беру орталарын құру: нейрондық желілер виртуалды Оқу орталары мен білім беру қосымшаларын құруға мүмкіндік береді, бұл оқуды қызықты етеді [2]. Мектептегі білім беруде мұғалімдердің нейрондық желілерді пайдалануы маңызды тақырып болып табылады. Бұл технология білім беру жүйесін жақсартуға, мұғалімдер мен оқушыларды қолдауға және қол жетімді және жекелендірілген білім беру ресурстарын құруға жаңа мүмкіндіктер ашады. Дегенмен, Білім берудегі нейрондық желілерді сәтті біріктіру этикалық, құқықтық және әлеуметтік мәселелерге назар аударуды қажет ететінін есте ұстаған жөн. Деректердің қауіпсіздігі, құпиялылықты қорғау және білімге тең қол жетімділікті қамтамасыз ету — бұл тиісті нормалар мен заңдармен реттелуі керек негізгі аспектілер. Қорытындылай келе, мұғалімдердің нейрондық желілерді пайдалануы білім беруді жақсартуға және икемді және тиімді білім беру модельдерін дамытуға перспективалы жол болып табылады. Болашақ ұрпаққа сапалы білім беру үшін осы саладағы зерттеулер мен инновацияларды жалғастыру маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Домингос П. - Верховный алгоритм. Как машинное обучение изменит наш мир – 2016.
2. Казанцев Тимур ChatGPT и Революция Искусственного Интеллекта - 2023.
3. Крон Джон, Бейлевельд Грант, Аглаэ Бассенс-Глубокое обучение в картинках. Визуальный гид по искусственному интеллекту-(Библиотека программиста(Питер))-2020.
4. Anderson C.A., & Dill, K. E. (2000). Video games and aggressive thoughts, feelings, and behavior in the laboratory and in life. *Journal of personality and social psychology*, 78(4), 772-790.
5. Gee J.P. (2003). What video games have to teach us about learning and literacy. *Computers in entertainment (CIE)*, 1(1), 20-20.
6. Gee J.P. (2007). *Good video games and good learning: Collected essays on video games, learning, and literacy*. Peter Lang.

ӘОЖ 37.01:39

ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ – БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

Бахтиярова Г.Р.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы, Қазақстан

Еліміздің бүгінгі ғылым мен жоғары білім беру саласын дамытудағы тұлғаға бағдарланған жаңа талаптары жоғары мектеп педагогикасы ғылымында (теория мен практика) бірқатар өзгерістер жасау қажеттілігін айқындап отыр. Кәсіби білім беруді әлемдік деңгейге сәйкестендіруде инновациялық технологиялар, сандық педагогиканың жетістіктері мен жасанды интелект мүмкіндіктерімен қатар, ұлттық құндылықтарымызды құрайтын этномәдени білім мен тәрбие беру қағидаттарын жүзеге асыру қажеттілігін де мойындатуда. Осы айтылған талаптар егеменді еліміздің әлемдік бәсекеге қабілетті, заманауи білімге ие, уақыт талабына тез бейімделе алатын белгілі бір кәсіби саладағы Hard skills (қатаң) дағдыларымен қатар, өте қажетті Soft skills (икеменді) дағдылары жан-жақты жетілген жеке тұлғаны қалыптастырып, терең, сапалы білім мен білік иесі, бәсекеге қабілетті мамандарды, әсіресе, қоғамдағы адам капиталын қалыптастырушы ұстаздар қауымын жоғары кәсіби деңгейде даярлау ісіне тікелей қатысты.

Бұл орайда ағымдағы жылдың 2-қыркүйегінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жасаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жаңа Жолдауында Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттердің қатарында:

«Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды» істердің бірі екендігін айрықша атап өтті. Өз сөзінде Президент: «Жоғары оқу орындары мен өзге де кәсіптік білім беру мекемелері білікті кадрлар даярлауы қажет. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал», - деп ескертті [1]. Шынында да егер кез келген мемлекетте ең алдымен ұрпақ тәрбиесінің тізгінін басқарып, қоғамдағы адам капиталын қалыптастырушы ұстаздардың беделі мен кәсіби даярлығына көңіл бөліп, қолдау жасамаса елдің болашағының бұлыңғыр болары сөзсіз.

Демек, «Ғалым да, кенші де бас иетін...» қоғамдағы беделді, әрі күрделі кәсіп иесі осы педагог-маман кадрлар даярлау ісінде көшбасшы болып отырған жоғары оқу орындары үшін Президенттің: «Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық», - деген ой тұжырымы бүгінгі педагогикалық институттар мен университеттердің жұмысына, ондағы білім беру мен жастар тәрбиесінің сапалы ұйымдастырылуына айрықша көңіл бөлудің маңыздылығын айқындап берумен қатар, отандық жоғары мектеп педагогикасы ғылымының алдына да жаңа міндеттер қойып отыр [1]. Осындай қоғамдық талаптар мен өзгерістер тұрғысынан ұстаз кәсібінің *көп факторлы, күрделі, қарама-қайшылыққа толы* «Адам – адам» жүйесіндегі ерекшелігіне терең үңіліп, оны жаңа бір қырынан зерделеу, болашақ маманның кәсіби тұлғалық, рухани-мәдени болмысына тән сапаларды және оларды қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік шарттарын қайта саралаудың маңыздылығы бұрынғыдан да арта түсуде.

Осы орайда, мен бүгінгі конференция жұмысының мүмкіндігін пайдалана отырып, әсіресе, өз халқымызға, яки, Қазақстан мемлекетін құраушы негізгі ұлт өкілдері – қазақтарға тән рухани-мәдени *құндылықтар арқылы болашақ мектепке дейінгі, бастауыш мектеп және жалпы мектеп мұғалімдерінің кәсіби даярлығын қамтамасыз етудің тарихи-педагогикалық, әлеуметтік-саяси алғышарттарын анықтап және білім мазмұнына сай тәжірибеде жүзеге асырудың тиімді жолдарын қайта қарау қажеттілігі* еш талас тудырмайтын мәселе екенін айтқым келеді. Өйткені этномәдени құндылықтарды кәсіби білім беру мазмұнындағы «Этнопедагогика», «Қазақ этнопедагогикасы», «Этнопсихология» сынды негізгі пәндер арқылы терең меңгерген болашақ ұстаз-тәрбиеші тек кәсіби іскерліктер мен сапаларды ғана меңгеріп қоймай, халықтың ғасырлар сынынан өткен тәрбие тәжірибесімен танысып, қоғам алдындағы күрделі де, жауапты іс – тәрбиенің мәнін, табиғатын терең ұғынады, әрі жеке басына тән тұлғалық асыл қасиеттерді де бойына сіңіре алады.

Өз заманында Ұлы даланың кемеңгер ағартушысы Ы.Алтынсарин де қазақ қоғамындағы ұстаз еңбегі мен беделіне жоғары баға бере келіп: «...Мұғалім – мектептің жүрегі», - деп аса бір көрегенділікпен айтып көрсеткен болатын [2, 166.].

Сол секілді Ресей педагогикасында халықтық принципті қатаң ұстанған педагог К.Д.Ушинский өз туған халқының болашағы үшін алаңдай отырып: «Бірінші тәрбиеші халық, одан тәжірибе алып, оны ұйымдастырылған арнайы тәрбие жүйесіне ендіру қажет», ал «Халықтықсыз халық – заңды іріп-шіруі ғана қалған жансыз дене», - деп ескерткен еді [3, 253б.]. Бұл пайымдауларды осыдан бірнеше ғасыр бұрын айтылса да өзектілігін жоймаған, бүгінде әлем халықтарының педагогикасына ортақ тұжырым ретінде қабылдауға болады. Әрі бұл біз сөз етіп отырған мәселенің қай елде, қай дәуірде болмасын ұлт ұрпағын тәрбиелеп, білімнің берік негізін қалайтын, әсіресе, *мектепке дейінгі және бастауыш мектеп* ұстаздарының даярлығы мен сапасына айрықша мән беру туралы тарихи-әдіснамалық тұжырымдамалық қағидалардың ғылым бастауында да басты назарда болғанындығының айқын дәлелі.

Әлемдегі ең жақсы 100 оқулық қатарында 2020 жылдардың бас кезеңінде елімізде қазақ тіліне аударылған «Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шындау» атты Англияның оқу бағдарламасындағы соңғы өзгерістерді, соның ішінде 2014 жылы сол елде қабылданған мемлекеттік білім беру бағдарламасы мен Шотландияның Мемлекеттік білім беру бағдарламасы жобасын жан-жақты талдай отырып жазылған сараптамалық нұсқаулық еңбекте «Үздік мұғалім болу үшін не қажет?», «Үздік оқыту қандай болады?» деген көпшілікті алаңдататын сұрақтарға жауап іздей келіп, осы еңбек авторы Рассел Григг: «Әділетті әрі толерантты қоғам құруда мұғалім мен мектептің атқаратын рөлі зор» [4, 246.], «Мұғалім рөлі ерекше, өйткені ол – мәдениет жанашыры. Оқушылардың мұражайға, галерея мен кітапханаға барып, жергілікті және ұлттық мұралармен танысып, ләззат алуы үшін есік ашатын да осы мұғалім» екендігін жазады [4, 256.]. Бұл айтылғандардан әлемдік білім кеңістігінде озық үлгідегі мектеп, оқыту ісі бар, әйтсе де батысқа еліктеп, бізге оқыту моделін «толық көшіруге» келмейтін еуропалық білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларына жан-жақты білім берудегі ұлттық құндылықтарға да айрықша мән беріліп отырғандығын назарға алсақ, үздік мұғалімді кәсіби даярлап, оның кәсіби тұлғасын қалыптастыруда тек оқушы үлгеріміне әсер етіп қана қоймай,

жалпы қоғамның әл-ауқаты мен табысына да ықпалын тигізетін болуы керек деген талаптың қойылып отырғанын аңғарамыз.

Сол секілді ең озық, өзінің мемлекет болып қалыптасу тарихында жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беру ісіне зор көңіл бөлген ел – Жапония екені белгілі. Отандық ғалым А.Құсайынов өзінің «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы» атты еңбегінде салыстырмалы педагогика бойынша бірқатар дамыған елдердің қатарында Жапонияның білім беру сапасының артуына алып келген басым бағыттарды зерделей келе: «Бүгінгі күні жапон мектебі жапондардың ұлттық рухын таратады, өз тәрбиеленушілерінде адамгершіліктің сәйкес нормаларын қалыптастырады, олардың бойында ұлттық мінез ерекшеліктерін егіп, дамытады» деген мемлекеттік ұстаным мен оқу-тәрбие ісінің мазмұны арасындағы сабақтастықтың барын баяндайды [5, 143-144б.]. Міне осындай дамыған елдердің білім жүйелерінің үлгі етерлік жетістіктері мен озық тәжірибелерін таратуда тынымсыз еңбек ететін, кәсіби білімді тұлға, ол – ертеңгі мектеп мұғалімі, яки, бүгінгі ЖОО студенті, болашақ ұстаздарымыз.

Болашақ педагог мамандардың кәсіби даярлығындағы «*этнопедагогикалық дайындық*», «*этнопедагогикалық білім беру*» мәселесінде өткен ғасырдың екінші жартысынан бастау алған танымал ТМД ғалымдары: Г.Н.Волков (Чуваш), Б.А.Кадыров (Өзбек), А.Ш.Гашимов (Әзірбайжан), А.Л.Бугаева (Сібір халықтары), Х.Х-М.Батчаева (Қарачай) В.Г.Закирова (Татар) және т.б. жеке тұлғаның этнопедагогикалық мәдениеті туралы пайымдаулары және өзіміздің қазақстандық ғалымдар: С.Қ.Қалиев, Қ.Б.Жарықбаев, С.А.Ұзақбаева, Ж.Ж.Наурызбай, К.Ж.Қожахметова, Қ.Бөлесев, А.С.Мағауова, Ш.М.Мұхтарова, С.Қ.Әбілдина, Г.Р.Бахтиярова және т.б. болашақ ұстаздарға мақсатты, кешенді этнопедагогикалық білім беру бағытындағы зерттеулерінің осы біз көтеріп отырған проблеманы түрлі қырынан шешуге арналғанын айтуға болады.

Танымал чуваш ғалымы этнопедагогиканың атасы Г.Н.Волковтың идеясын түрлі қырынан дамытушы (А.Л.Бугаева, Х.Х-М.Батчаева және т.б.) ғалымдар пікіріне сүйенсек: «*Традиционная педагогическая культура* является той сферой материальной и духовной жизни любого народа, которая непосредственно связана с воспитанием подрастающего поколения. Она включает отобранные и апробированные практикой эмпирическое знания, религиозно-культурные идеи, нравственные и эстетические воззрения и осуществляет функцию приобщения подрастающего поколения к общественной жизни, способствует становлению национального самосознания и сохранению целостности этнической общности» [6, 74 б.].

Міне, осындай дәстүрлі тәрбие мәдениетін құрайтын құндылықтарды өз мазмұнына жинақтаған ұлттық рухани-мәдени мұраларды этнопедагогика заңдылықтарына сай кейінгі ұрпақ санасына сіңіре отырып, мықты адам капиталын қалыптастыру жолында алдымен сол тәрбиеге жауапты ұстаздарға, педагогика ғылымының өкілдеріне мақсатты, сапалы түрде меңгертуіміз қажет. Осы орайда, «*Балаңды тәрбиелеймін десең, алдымен өзіңді тәрбиеле*» деген қанатты сөзді еске алсақ, әуелі қоғамда ұрпақ тәрбиесіне жауапты ұстаздардың кәсіби даярлығының сапалы болуы, олардың бүгінгі трендтегі үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруы, өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі сынды үдерістердің педагогика заңдылықтарына сай өзара байланыста жүзеге асуы, кәсіби тұрғыдан тұлғалық қалыптасуы ең алдымен ЖОО қабырғасында тиімді ұйымдастырылып, этнопедагогикалық білімнің берік негізі қалануы тиіс.

Бүгінгі болашақ педагогтардың кәсіби даярлығы туралы сөз еткенімізде жоғары білім беру ұйымдарындағы оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, олардың даярлық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайтын нормативті құжат «*Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында*» көрсетілген талаптар қатарында әр білім беру бағдарламасының мазмұнына енетін негізгі үш циклді құрайтын пәндер (*міндетті жалпы білім беретін пәндер, базалық пәндер және бейіндеуші пәндер*) жүйесінде этнопедагогикалық бағыттағы оқу курстарының орын алуының маңыздылығын бағдарламаны құрастырушы ЖОО мен жетекші кафедралар басты назарда ұстауы қажет [7].

Этнопедагогикалық білім беру үдерісі еліміз өз егемендігін алғаннан кейінгі алғашқы жылдар ішінде жоғары педагогикалық білім мазмұнында кәсіби бейіндеуші пәндер жүйесінде өзіндік орнын алып келген «Этнопедагогика», «Этномәдени білім беру негіздері», «Этнопсихология», «Қазақ педагогикасының тарихы» сынды және т.б. оқу курстары арқылы жүзеге асырылса, бүгінде көпшілік ЖОО-ның білім мазмұнынан осы аталған оқу пәндері өзінің нақты орнын ала алмай жүргені жасырын емес.

Соңғы кездері бұл аталған оқу курстары педагогикалық бағыттағы факультеттер құрамындағы жекеленген мамандықтарда ғана арагідік кездесіп қалмаса, көпшілік мәселен, математика, физика, тарих, химия, биология, шетел тілдері, филология (орыс, қазақ) бағыттары бойынша педагогтар

даярлайтын білім беру бағдарламаларын жасақтауда әріптестеріміз бұл пәндерді мүлдем назардан тыс қалдырып келеді.

Сол секілді ЖОО-ның осы этнопедагогикалық білім берудегі қол жеткізген жетістіктерінің қатарында арнайы құрылған кафедралардың («Этнопедагогика», «Этнопсихология») атқарған жұмыс бағыттары да бүгінде ұмыт болды десек артық айтқандық болмас.

Осы орайда біз ең алдымен жалпы адамзаттық, халықтық тарихи-мәдени, тұлғалық маңызды құндылықтар, озық танымдық-тәрбие идеялары, әдіс-тәсілдер мен құралдар негіз болған қазақ халқының дәстүрлі педагогикасын болашақ ұстаздардың кәсіби этнопедагогикалық білім, білігі мен мәдениетін қалыптастыруда мақсатты түрде, жүйелі пайдаланып, терең танып, талдау арқылы қайта зерделеудің бүгінгі уақыт талабына сай жаңаша серпін алуы тиіс екенін баса айтқымыз келеді.

Қазақ даласына үлкен саяси, мәдени серпіліс әкеліп, «Оян Қазақ!» деп ұрандай келген ағартушы, жазушы, ақын, сыншы Міржақып Дулатұлы білім негізі бастауышта екендігіне ден қойып: «Бастауыш мектепте алған тәрбиесінің әсерлі, күшті, сіңімді болуы, қай халықтың мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылып баяндап оқытудың асыл мақсатына муафиқ үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп, кезекті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп-медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да тіршілігінде қандай ауырлық, өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады», - деп ерте жастан ұлттық рухта тәлім-тәрбие алған жас ұрпақтың өз халқының адал азаматы, туған елінің нағыз патриоты болатындығын айтқан еді [8, 120б.].

Осындай Ұлы даламыздың сан ғасырларға созылған тәрбие тәжірибесі тудырған мұраларымыз бен құндылықтарымызды келешек ұрпаққа жеткізу ісін үздіксіз білім беру жүйесінде аса бір жауапкершілікпен тиімді ұйымдастыра білуіміз қажет. Осы істі жүзеге асыруда бүгінгі әр отбасынан бастау алған еліміздің түрлі деңгейдегі білім беру мекемелері мен өзге де қоғамдық ұйымдар, барлық әлеуметтік институттар жүйесінің арасындағы сабақтастықтың болуы да өте маңызды.

Ал кәсіби педагогикалық бағыттағы жоғары білім берудің *басты мақсаты* – отбасы институты мен мектеп бағдарламаларынан бастау алып, санаға сіңген жалпыадамзаттық және халықтық байлықтар негізінде әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне қадам басқан қоғамды, ұлттық болмысты жеке тұлғаны, оның мәдениетін, дамытып, қалыптастыру болуы тиіс. Бүгінгі тәрбие тәжірибесі де барша адамзат алдындағы әр мемлекет үшін ұлттық кодтың сақталуында этникалық мәдениеттен бастау алмаған, халықтық педагогиканың озық тәжірибесімен табиғи байланысын сақтамаған білім мен тәрбиенің нәтижелі болмайтындығын аңғартуда.

Осы орайда біз Әділетті Қазақстанды құрып, бүгінгі қоғам талап етіп отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келетін кәсіп иелері жастарды өмірге даярлауда ең алдымен ұлттық құндылықтарымызға негізделген этнопедагогикалық білімнің қуатын тиімді пайдалана алуымыз керек. Жоспарлы, мақсатты, әрі жүйелі ұйымдастырылған этнопедагогикалық білім мен тәрбиенің орнын өзге білім мазмұны алмастырып немесе толықтыра алмайтынын түсінгеніміз жөн. Өйткені әр болашақ ұстаз өз туған ұлтының тарихын, дәстүрін, мәдениетін, салт-санасы мен әдет-ғұрпын, яки, тұтастай рухани-мәдени мұрасын терең меңгермей және оның заңдылықтары мен қағидаттарын кәсіби сана биігінде түсініп, қабылдамайынша, дәстүрлі халықтық педагогиканың кейінгі ұрпақ болмысын қалыптастырудағы күш-қуатын жеткілікті деңгейде сезініп, бағаламайды, ондай ұстаз ешуақытта ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуде жоғары кәсіби мәдениеттілік пен білімділікті, іскерлікті көрсете алмасы да хақ.

Ол туралы өз зерттеулеріне *«кәсіби педагогикалық білім беру»*, *«этнопедагогикалық дайындық»*, *«этнопедагогикалық білім беру»*, *«мәдени дәстүр»* ұғымдарын арқау еткен жоғарыда есімдері аталған бірқатар алыс, жақын шетел (Г.Н.Волков, А.Ш.Гашимов, Я.И.Ханибиков, Х.Х-М.Батчаева, С.В.Лурье және т.б.) және отандық ғалымдар (С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Кожаметова, Қ.Бөлеев, С.К.Абильдина, Г.Р.Бахтиярова және т.б.) назар аударып, ғылыми маңызды пайымдаулар айтып қалдырды. Осы орайда есімдері мен еңбектері ЖОО үшін арнайы жазылған бірқатар оқу бағдарламалары мен оқулықтардың авторлары ретінде танымал қазақстандық ғалымдарымыздың болашақ ұстаздарға мақсатты этнопедагогикалық білім мен тәрбие берудің ғылыми-практикалық маңызы мен қажеттілігі және оны жүзеге асырудың тиімді педагогикалық шарттары туралы айтқан тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, алдағы уақытта жаңа мазмұндағы зерттеулерге жол ашу қажет.

Бүгінгі осы мақала мазмұнына арқау болып отырған этнопедагогикалық арнайы білім нәтижесінде ғана қалыптасатын *«мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеті»* – біздің көзқарасымызша,

педагогтың халықтық дәстүрлі педагогикалық мәдениетті меңгеру деңгейінің көрсеткішін және оның құндылықтарының тәрбиелік мәнін жете түсініп, бүгінгі оқу-тәрбие процесінде қолданылуын сипаттайтын, әлеуметтік-педагогикалық феномен. Мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеті этнопедагогикалық білімдер жүйесінің болуымен, ойлау процестерінің этнопедагогикалық бағыттылығымен, кәсіби іс-әрекетті этнопедагогикалық құралдар арқылы шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыруға деген бағдардың болуымен ғана сипатталады [9, 276б.]. Демек бүгінгі студенттің кәсіби жоғары біліктілігінің уақыт талабына сай болуы жоғары оқу орны қабырғасында алған арнайы этномәдени құндылықтар негізіндегі жан-жақты, кешенді кәсіби білімі мен даярлығына байланысты.

Бұл орайда бүгінгі жоғары мектептер жағдайында этномәдени мұраларға негізделген студент жастарға білім мен тәрбие берудің ең алдымен «Этнопедагогика», «Этнопсихология» пәндерінің модульдік білім беру бағдарламалары мазмұнына ендірілуімен қатар педагогикалық, жеке әдістемелік оқу курстарының мазмұндарына қосымшаларды жасаудың мүмкіндіктері де ескерілуі тиіс.

Сол секілді бұл бағытта ЖОО-да болашақ мұғалімдер даярлығын кешенді, әрі жүйелі жүзеге асыруда алғашқы оқу курстарынан (1-4 курстарда) бастау алатын мектеп (бала бақша, колледж) базасында өтілетін *оқу және өндірістік практикалардың да мүмкіндіктері жан-жақты есепке алынуы шарт.*

Кредиттік жүйеге сәйкес университеттер мен институттардағы ОСӨЖ және СӨЖ, СҒЗЖ бойынша аудиториядан тыс шаралар барысында да арнайы ұлттық құндылықтар негізіндегі *оқу-апаталық жұмыстарын*, студент-жастар арасында ғылыми *конференциялар, семинар, конкурстар, пәндік сайыстар ұйымдастыру, ғылыми жоба жазу сынды* және т.т. түрлі оқу-танымдық жұмыс формаларының өзара сабақтастықта ұйымдастырылуы басты назарда болуы тиіс. Осындай істеріміз арқылы біз ертеңгі ұлт мектебі ұстазының талабы мен талпынысына жол ашып, кәсіби іскерлігіне ел өркениетінің болашағына өз деңгейімізде қамқорлық таныта аламыз. Мәселен, «Ұлттық сезім» жобасы аясында біздің ЖОО жағдайында ұжымның әр жұма күндері ұлттық киім үлгілерін киіну үрдісі жастар арасында кеңінен қолдау тауып отыр. Бұл да бүгінгі жастардың санасындағы ұлттық мұраға деген құрметтің бір нышаны деп қабылдауға болатын үрдіс, әйтсе де осындай дәстүрлер академиялық ортада әр апта күнінде табиғи сабақтастық тауып жатырса игі еді.

Сонымен қорыта келе айтқанда жоғары мектептегі мақсатты, жүйелі ұйымдастырылған педагогикалық үдеріс барысындағы кешенді іс-шаралар болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметтегі білім, білік, дағдыларын нақты тәжірибеде жетілдіріп, этнопедагогикалық мәдениеті мен шеберліктерін шыңдап, қалыптастыруға мүмкіндіктер береді. Және бұл үдеріс қоғам мүддесіне сай белсенді студент жастардың өз туған халқының ұлттық рухани-мәдени дәстүрлерін меңгеруге деген тұрақты қызығушылығын қалыптастырып, туған елге, жерге, ана тілге, ата-анаға, отбасына деген жауапкершілік сезімін, ұлттық рухани-мәдени мұраға деген құрметі мен аялы көзқарасын тәрбиелеп, қалыптастырады.

Сөз соңын мен қазақтың ұлы ақыны, педагог Мағжан Жұмабайұлының: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. ...әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген этнопедагогикалық мәнде айтылған құнды тұжырымымен аяқтағым келеді [10,16-17 б.].

Әдебиеттер тізімі:

1. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – 2024. Толық мәтін. zakon.kz жаңалық - 15:20, 02 қыркүйек 2024.
2. Оспанұлы С. Алтынсариннің айналасындағы адамдар. – Қостанай: Шапақ, 2006. – 295 б.
3. Ушинский К.Д. О народности в общественном воспитании. //Пед. соч.: В 6-ти т. Т.1/ Сост.: С.Ф.Егоров. – Москва: Педагогика. 1988. – 461 с.
4. Рассел Григг. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 600 б.
5. Құсайынов А. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013. 196 б.
6. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Москва: Академия, 1999. – 168 с.
7. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы – «Әділет» АҚЖ (zan.kz). Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.
8. Дулатұлы М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1997. – 344 б.
9. Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті: Тарих, Теория. Практика. Монография. – Ақтөбе. 2012. – 372 б.
10. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ МЕН ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Бахтиярова Г.Р., Шамилова П.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, ұстаз болу – ол үлкен жауапкершілік. Ұстаз болу ізденісті, үнемі жаңашылдықты талап етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында: «Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал. Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек», - деп педагогтың мәртебесін жоғары бағалап, қоғамдағы бүгінгі адам капиталын қалыптастырудағы ұстаздардың рөліне үлкен баға бере отырып, жас мамандарға үлкен қолдауын білдіреді [1].

Бүгінгі таңда мұғалімнің жеке басы, оның тұлғалық болмысы кіші мектеп жасындағы оқушылардың дамуы үшін өте маңызды. Кәсіби білікті ұстаз жас ұрпаққа тәлімгер болып, оқушылардың тұлғалық даму бағытын педагогикалық тұрғыдан сауатты анықтайды. Педагог тұлғасының оқу-тәрбие үдерісіндегі рөлінің жетекші мәні мен маңызы барлық педагогика, психология ғылымдарында жалпы мойындалған және әр қырынан зерттеліп, зерделенген. Мұғалімнің жеке тұлға ретіндегі оған тән кәсіби қасиеттері педагогикалық шеберлік деңгейінің негізгі көрсеткіштері болып табылады. Педагогикалық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыру үшін мұғалімнің арнайы кәсіби терең білімі мен іскерлік, дағдылары болуы қажет екені еш талас тудырмайды. Ең алдымен мұғалімнің кәсіби және тұлғалық қасиеттері білімнің осы саласында жалпы қабылданған талаптар мен стандарттарға сәйкес болуы маңызды.

Ұстаздың жеке тұлғалық болмысына қойылатын бүгінгі күн талаптарын жан-жақты зерттеп, зерделей келіп ресейлік ғалым Г.К.Морозова мұғалімнің жеке басына *негізгі және қосымша* бірқатар қатаң талаптардың қойылатындығын ескертеді. Г.К.Морозованың пікірінше, негізгі талаптар орындалмайынша кәсіби мұғалім болып қалыптасу мүмкін емес. Қосымша талаптар мұғалім үшін міндетті емес, дегенмен олар өзге адамды тәрбиелеуде ұстазды қабілетті тұлға етуде ықпал етеді [2].

Ғалым Л.М.Митинаның пікіріне сүйенсек, мұғалімге қойылатын *негізгі басты талаптар* – өзінің педагогикалық іс-әрекетін жүзеге асыруға деген сүйіспеншілік, арнайы білімнің болуы және арнайы іскерліктер мен дағдылардың қалыптасуы, педагогикалық интуиция, білім беру технологияларын (оқыту технологияларын) кәсіби түрде меңгеру, интеллекттің жоғары деңгейі, парасаттылық, жоғары адамгершілік және жалпы мәдениеттілік. Әрине бұл көрсетілген қасиеттер туа біткен қасиеттер емес, олар мұғалімнің тынымсыз еңбегінің, оның шеберлігі мен жеке қасиеттерінің нәтижесі. Бұл аса көп күш-жігерді қажет ететін үлкен жұмыс бағыттарын құрайды.

Ал қосымша талаптарға қоршаған ортамен тез тіл табысу, позитивизм, харизма, әртістік қабілет, жақсы талғам жатады. Бұл негізгі талаптар емес, дегенмен бұл қасиеттердің болуы мұғалімнің кәсіби деңгейін және оның білім беру мен оқытудағы жеке потенциалының деңгейін арттырады [3].

Сол секілді өз еңбектерінде педагогикалық шеберліктің мәнін қарастыра келіп, Б.Н.Нурмухамбетова мен Е.К.Лисариди ұстазға тұлға ретінде қойылатын талаптардың келесі аспектілерін анықтап, көрсетеді. Атап айтқанда:

- коммуникативті дағдылар;
- ұйымдастырушылық қабілеті;
- педагогикалық білімдердің, білік пен дағдылардың жиынтығы;
- шығармашылық қабілеттері;
- гностикалық дағдылар;
- диагностикалық дағдылар;
- белсенді шығармашылық әрекет дағдылары;
- психологиялық және әдістемелік дағдылар;
- мұғалімге қажетті жеке қасиеттердің, білімнің, білік пен дағдының бірлігі [4].

Міне осы айтылған көзқарастар негізінде қазіргі ұстаз тек білім беруші ғана емес, ең алдымен даралық көрінісімен, өзіндік ерекшелігімен танылатын тұлға екенін айқын көруге болады. Мұғалім

әрбір оқушыны жеке және шығармашыл тұлға ретінде қабылдауы қажет, бұл жағдайда оқу-тәрбие процесі үйлесімді, нәтижелі және тиімді болары сөзсіз.

Мұғалімнің кәсібилігінің тағы да бір шарты, бұл – жоғары деңгейдегі *педагогикалық мәдениет*. *Педагогикалық мәдениет* – мұғалімнің жалпы мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі, оның педагогикалық теорияны ұдайы меңгерудегі білімінің тереңдігі мен тиянақтылығын, осы білімді өз бетінше, әдістемелік тұрғыдан негізделген және жоғары тиімділікпен қолдана білу дәрежесін сипаттайды. Оқушылардың жеке және типтік ерекшеліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, ғылым мен практиканың дамуымен ажырамас байланыста болатын педагогикалық процесс.

Сонымен қатар педагогикалық мәдениет бірқатар *функцияларды* орындайды. Олар: оқушылардың дүниетанымының қалыптасуына ықпал ететін білім, білік, дағдыны беру; интеллектуалдық мүмкіндіктер мен қабілеттерді, эмоционалды-ерікті және практикалық сфералары мен психиканы дамыту; оқушылардың қоғамдағы адамгершілік ұстанымдары мен мінез-құлқ дағдыларын саналы меңгеруін қамтамасыз ету; қоршаған ортасына эстетикалық қатынасты қалыптастыру; балалардың денсаулығын нығайту, олардың дене күші мен қимыл қабілеттерін дамыту. Осындай кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі туындаған қандай да бір мәселелерді шешудің дамыған қабілетімен сипатталады.

Қазіргі ЖОО-да сапалы болашақ бастауыш сынып мұғалімдері даярлығын қамтамасыз етуде тек педагогика және психология ғылым саласынан кәсіби білім мазмұнын меңгерту жеткіліксіз, сонымен қатар ұстаз үшін маңызды сапалық қасиеттер мен дағдыларды, іскерліктерді, атап айтқанда сауатты, таза, мәнерлі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру да маңызды.

Бүгінде осы болашақ мұғалімдердің кәсіби сөйлеуін дамытудың мазмұнын зерттеу педагогика, психология, философия және лингвистика ғылым салаларына ортақ, әрі айрықша назар аударатын мәселе болып табылады. Демек, бұл, *біріншіден*, қазіргі ғылымдағы осы мәселені зерттеуге деген түрлі ғылым салалары тарапынан қызығушылықты аңғартса, *екіншіден*, осы мәселенің көп қырлылығын, әрі пәнаралық байланысты қаралатындығын түсіндіреді.

Тұтастай алғанда мұғалімнің кәсіби сөйлеу мәдениеті – педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелі болуының шарты, педагогикалық шеберліктің өзіндік көрсеткіші болып табылады. Қазіргі зерттеулерде мұғалімнің кәсіби және сөйлеу мәдениеті үш аспектіде қарастырылады: тұлғаның жеке мәдениетінің көрсеткіші, баланың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру құралы және педагогикалық шеберлік көрсеткіші. *Біріншіден*, кәсіби сөйлеу мәдениеті адамның жеке мәдениетінің көрсеткіші ретінде әрекет етеді. Көне заманнан бері шешендік өнер тұлға мен сөйлеу сияқты ұғымдарды өзара тәуелділік жағдайына қойды. Кәсіби сөйлеу мәдениеті адамның тілдік санасының қалыптасу дәрежесін, тілді күнделікті және кәсіби жағдайларда шығармашылықпен қолдана білу қабілетін көрсетеді. Сонымен қатар, кәсіби қарым-қатынас бізді қоршаған әлемді түсінуге және өзін-өзі тануға қолайлы жағдай жасайды. *Екіншіден*, кәсіби сөйлеу мәдениеті – педагогикалық шеберліктің көрсеткіші. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мәселелерін қарастырған зерттеушілердің басым бөлігі жетекші құрамдас бөліктер ретінде сөйлеу және коммуникациялық дағдылардың жетілуін баса айтады. В.А.Сластенин, В.А.Кан-Калик және басқа да педагогика өкілдері дидактикалық, конструктивті, перцептивті, экспрессивтік қабілеттермен бірге маңызды педагогикалық қабілеттердің қатарына коммуникативтілік қасиеттерді жатқызады. *Үшіншіден*, мұғалімнің кәсіби сөйлеу мәдениеті баланың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру құралы болып табылады. Соның ішінде, әсіресе, бұл бастауыш сынып балалары үшін өте маңызды. Кіші мектеп оқушыларының психологиялық ерекшеліктерінің бірі олардың сыртқы әсерлерге жоғары бейімділігі болып табылады. Тіл мәдени құбылыс ретінде және адамның тіл мүмкіндіктерін пайдаланатын әрекеті ретінде сөйлеу – оқушыларға әсер етудің ең маңызды құралы.

Жалпы өзінің табиғатына тән тіл – адамның іс-әрекет процесінде таным, ақпараттық және коммуникативтік қызметті атқаратын кез келген физикалық табиғаттың таңбалау жүйесі [5]. Өйткені адамның сөйлеу тілі анық емес болса, ойы анық емес деген сөз.

Өз дәуірінде кеңестік педагогика өкілі, ғалым М.Р.Львов: «Тіл – тұлғаның қалыптасу және даму мектебі», - деп жазды, ал қазіргі заманғы мұғалімнің тіл мәдениеті педагогтың жалпы кәсіби мәдениетін құрайтын маңызды компонент [6, 438 б.].

Тіл мәдениеті мен сөйлеу шеберлік негіздерін меңгерген, оларды қызметінде пайдалана білетін педагогтың өзіне деген сенімділігі, ақпаратты жеткізе білу қабілеті жоғарылай түседі.

Сөз мәдениеті екі сатыдан тұрады:

1. *Сөзді дұрыс қолдану, тіл нормасын сақтау.*
2. *Сөзді бедерлі жұмсау шеберлігі, тілдік амал- тәсілдерді меңгеріп, дәл, әдемі, ұтымды сөйлей білу [7].*

Тіл мәдениеті, сөз мәдениеті адамның жалпы мәдениетінің жоғары болуын көздейді. Өз ана тілін құрметтеу, оны үздіксіз үйрену, орынды қолдану, әдемі сөздік бейнелерді пайдалану – тіл мәдениетінің алғы шарттары. Тіл мәдениеті үш негізгі компонентті құрайды: **нормативті, коммуникативті, этикалық.**

Тіл мәдениеті әуелден сөйлеудің дұрыс болуы дегенді білдіреді, яғни әдеби тілдің нормаларын сақтау. Тілдік норма – бұл тіл мәдениетінің басты ұғымы, ал **нормативті аспект** маңыздылардың бірі. Дегенмен, сөйлеу мәдениетінің нормативті аспектісін тек тыйымдар мен «дұрыс-бұрыс» анықтамаларымен шектеп тастауға болмайды. Тіл мәдениеті ұғымы тілдің қызмет ету заңдылықтары мен ерекшеліктерін, сонымен қатар оның барлық алуан түрлілігіндегі сөйлеу әрекетімен тікелей байланысты.

Тіл мәдениеті сөздік қатынас процесінде тілдік құралдарды таңдау мен қолдану дағдыларын дамытады, коммуникативті міндеттерге сәйкес сөйлеу тәжірибесінде оларды қолдануға саналы көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі. Осы мақсатқа қажетті тілдік құралдарды таңдау тіл мәдениетінің **коммуникативті аспектісінің негізі** болып табылады.

Ал, тіл мәдениетінің **этикалық аспектісі** белгілі бір жағдайларда тілдік мінез-құлық ережелерін білу мен қолдануды белгілейді. Тіл мәдениетінің жоғарылығы сөйлеу техникасын үнемі жетілдіруді талап етеді. Осыған орай сөйлеу ерекшеліктері:

- *дикция* – сөйлем мен сөзді, жекелеген дыбыстарды анық та дәл жеткізу.
- *сөз екпіні* – белгілі бір уақыт ішінде айтылатын сөз саны.
- *дауыстың ұшпалығы* – жекелеген сөздер мен сөйлемдердің, дыбыстардың созылуы.
- *дауыстың тембрі* – оқиғаға орай сезім мен әсердің құбылуына орай дауыстың дыбысталу бояуы.

Адам коммуникациясына байланысты жүргізілген зерттеулер тілдесу кезінде сөз 7%, дыбыс пен интонация 38%, сөзге жатпайтын әрекеттесу 53% құрайтынын көрсеткендегі айтылады [7]. Демек, біз дауыспен айтамыз, бүкіл денемен әңгімелесеміз.

Аудитория алдында сауатты сөйлеу үшін мұғалім бірнеше жайттарды ескеру керек: әдебиеттерді көбірек оқу, айтатын мәтінінің жоспарын құру, сөз мәтінін жазу, тыңдаушылар алдында өзін ұстауы, сөйлейтін уақытын есептеу.

Педагогтың тіл мәдениетіне қойылатын талаптар:

1. Сөз – тіл: байлығы, дұрыстығы, тазалығы.
2. Сөз – ой: логикалығы, айқындығы, дәлдігі, қысқалығы.
3. Сөз – объективті әлем: дәлдігі.
4. Сөз – оның болмысы: орындылығы.
5. Сөз – эстетика: бейнелілігі, мәнерлілігі, үнділігі.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, тұжырымдап қарасақ, мұғалімнің тіл мәдениетінің дамуы білім беру мен тәрбиені күшейту үшін өте маңызды. Мұғалім тұлғасында жақсы дамыған есте сақтау қабілеті, сөйлеу мәнерін дұрыс таңдау және кез келген адаммен тіл табысып, сөйлесу барысында дұрыс бағытты таңдай білу дағдысы болуы керек. Сөйлесіп тіл табысу кезінде, әсіресе мұғалімнің мәдениеттілігі мен эрудициясы үлкен рөл атқарады. Мұғалімнің ақпараттарды таратуы және тәрбиелік өзара қарым-қатынас құруы арқылы оның тіл мәдениеті көрініс табады. Чехиялық педагог-гуманист Я.А.Коменский мұғалімде оқушыларды өзіне қарата алатындай сөйлеу мәнері болуы қажет деп есептеген. Ол: «Мұғалімнің сөйлеу тілі оқушы үшін түсінікті, нақты әрі тартымды, жағымды болуы керек», - деп жазады [8]. Тіл мәдениеті педагогтың ішкі рухани байлығының, ойлау мәдениетінің негізгі көрсеткіші және тұлға ретінде қалыптасу құралы болып табылады.

Тұжырымдай келе айтқанда мұғалімнің тұлғалық ерекшеліктері педагогикалық шеберлік пен кәсіби мәдениеттің негізі болып табылатын педагогикалық техника мен іс-әрекет технологияларын шығармашылықпен меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Көптеген авторлар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тіл мәдениетін тұлғаның күрделі интегративті қасиеті ретінде анықтайды, тіл мәдениеті туралы білім, білік және дағдылардың дамуының жоғары деңгейі болуын болжайды.

Сонымен, қорыта айтқанда, мұғалімнің кәсіби мәдениеті жүйесінде кәсіби сөйлеу мәдениеті басқа компоненттерді: адамгершілік, интеллектуалдық, рухани, гуманитарлық, әдістемелік, коммуникативті мәдениетті қамтамасыз ететін құрамдас бөлік болып табылады. Сөйлеу тұлғаның жеке бас мәдениетін көрсетеді және ол кәсіби мәдениетті қалыптастыру мен педагогикалық-әлеуметтік жүйеде көрсету құралы болып табылады. Біз болашақта бұл айтылған бағыттарда арнайы, мақсатты зерттеулерімізді жалғастыруды мақсат етеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм. <https://admin.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletty-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659>
2. Морозова Г.К. Современные требования, предъявляемые к личности педагога. //Психология и педагогика: методика и проблемы практического применения. Научный журнал. 2014. №40.
3. Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя. Учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. -320 с.
4. Нурмухамбетова Б.Н., Лисариди Е.К. Педагогическое мастерство. Требования, предъявляемые к педагогу как к личности. //Вестник КазНМУ. 2014. №4.
5. Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2011. – 316 б.
6. Львов М.Р. Методика преподавания русского языка в начальных классах: учеб. пособие для студентов вузов. /М.Р.Львов, В.Г.Горецкий, О.В.Сосновская. - 2-е изд., испр. – М.: Академия, 2002. – 464 с.
7. Белгібаева Г.Қ. Михалькова О.А. Педагогтың шешендік өнерінің негіздері: Білім беру бағытындағы мамандарға, ЖОО студенттері мен оқытушыларына арналған оқу құралы (2-ші басылым). – Қарағанды, 2019. – 152 б.
8. Коменский Я.А. Учитель учителей: Избранное / Составители, вступительная статья Е.Н.Леонович, Ю.А.Серебренникова. – М.: «Карпуз», 2008. – 288 с.: ил. – (Педагогика детства).

ӘОЖ 14.35.01

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

¹Бейсенбаева А. М., ²Нургазиева Н.М., ³Көпбалина Г.Б.

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

²Халықаралық Астана университеті, Астана қ., Қазақстан

³«Шет агротехникалық колледжі» КМҚК, Қарағанды қ., Қазақстан

Жоғары оқу орнында ғылыми-зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру, ең алдымен, өз логикасы, ерекшелігі бар, оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын студенттердің ғылыми-зерттеу қызметінде жүзеге асырылады. Зерттеу арқылы оқыту және даму принципі бүгінде педагогикалық процесті ұйымдастырудың жаңа моделін жасауда іргелі болып табылады. Зерттеу іс-әрекетінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін білуге және дамытуға, стандартты емес ойлау стилін көрсетуге, ғылыми білімді дамыту жолымен өз бетінше жүруге, білімдерін үнемі толықтыруға, өзіндік көзқарасын, ғылыми зерттеудің бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, репродуктивті деңгейден алшақтатуға мүмкіндігі бар іс-шаралар кешенінен тұрады [1].

Тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашу, оның тәуелсіздігін, зерттеу қабілетін дамыту, оның рухани және зияткерлік қажеттіліктерін тәрбиелеу міндеті қазіргі университеттік оқытуда өзекті болып табылады. Болашақ мұғалімдерді өз бетінше және сыни ойлайтын жеке тұлға ретінде даярлау олардың студенттік орындықта алған шығармашылық іс-әрекетінің әр түрлі тәжірибесі негізінде ғана мүмкін болады. Сондықтан педагогикалық университеттің мақсаты - іргелі білім мен дағдылар негізінде студенттердің шығармашылық, зерттеу қабілеттерін дамыту [2]. Тек шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалім, зерттеуші мұғалім ғана мектептегі инновациялық процестердің белсенді қатысушысы, жаңа педагогикалық технологиялардың тасымалдаушысы болады.

Жоғарғы оқу орнында оқу кезеңінде студенттер ғылыми білімнің негіздерін үйреніп қана қоймай, олардың практикалық маңыздылығын түсінеді, сонымен қатар зерттеу жұмыстарын орындау барысында олар педагогикалық, оның ішінде зерттеу дағдыларын қалыптастырады, бұл жаңа шығармашылық жұмыс әдістеріне, үнемі ізденіске және зерттеуге итермелейді.

Алдыңғы тәжірибе мен жинақталған ғылыми қор белсенді және жеке көзқарас тұрғысынан студенттердің зерттеу дағдыларын қалыптастыру жағдайларын зерттеудің алғышарттарын жасайды. Қарастырылып отырған мәселені осындай түсінуге сүйене отырып, біз өз зерттеуімізде нәтижелер алдық, олардың талдауы болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зерттеу дағдыларының құрамын, мәнін, оларды қалыптастыру шарттарын және мұғалімнің ғылыми-зерттеу педагогикалық қызметіне

дайындығының компоненттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру процесінде шартты түрде бірнеше кезеңді атап көрсетуге болады.

Бірінші кезеңде студенттер оқу процесінде мамандыққа байланысты пәндерді оқып, олардың жалпы мазмұнымен танысады, сонымен қатар оқу іс-әрекетінің дербестігі мен даралануына баса назар аударылады. Педагогика сабақтарында: психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау және жалпылау, педагогикалық құбылыстар мен фактілерді жүйелеу, себептері мен салдарын бөліп көрсету, педагогикалық мәселелерді шешу, педагогикалық жағдайларды және оларды шешудің мүмкін әдістерін модельдеу; мәселені оқшаулау және тұжырымдау және т. б. сияқты дағдылар қалыптасады.

Екінші кезеңде оқу орнында бірінші курс студенттері үшін кафедра оқытушылары мен студенттерінің ғылыми жұмыстарының презентациясы, рефераттар конкурстары, мастер-кластар ұйымдастырылады, оларды кафедра магистрлері өздерінің зерттеу тақырыптары бойынша өткізеді және т.б., соның арқасында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу жұмыстарына мотивациялық дайындығы қалыптасады.

Үшінші кезеңде студенттер «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі» пәнін оқиды, оның мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне зерттеу жұмысының жалпы идеялары мен бастапқы дағдыларын игеруге мүмкіндік береді. Студенттер «әдістеме», «әдіс» ұғымдарымен танысады, ғылыми және практикалық зерттеудің ерекшеліктерін көруге үйренеді, ғылыми-педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу әдістемесімен танысады.

Сонымен қатар, бұл кезеңде әр студенттің жеке зерттеу тәжірибесі курстық жұмыстарды жазу және қорғау арқылы дамиды (оқу жоспарына сәйкес студенттердің «Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістемесі» курсы бойынша курстық жұмыс жазуы болжанады). Курстық жұмысты жазу тәжірибесі студентке ғылыми қызметтегі өз тәжірибесін ұйымдастыруға деген қызығушылықты дамытуға, жалпы зерттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Төртінші кезеңде студенттердің ғылыми-зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру бойынша жұмыстың басқа да формалары ұйымдастырылады. Оған: педагогикалық практикаға қатысу, ғылыми-практикалық конференцияларда сөйлеу, оқытушылармен бірге студенттердің тезистері мен баяндамаларын жариялау, университет пен республикалық, халықаралық деңгейдегі студенттердің ғылыми жұмыстары конкурстарына қатысу.

Мектептегі педагогикалық практикаларда студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын игереді, нәтижесінде педагогикалық құбылыстарды бақылау, алынған нәтижелерді түсіндіру, бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесін зерттеу және талдау, бастауыш білім беру жүйесінде оқитудың психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларын қолдану, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмыстарына дайындық деңгейін бағалау және т.б.

Сонымен қатар, осы кезеңде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу құзіреттілігін сәтті қалыптастыруға ықпал ететін мақсаттылық, бастамашылық, өзін-өзі сынау, рефлексия сияқты кәсіби маңызды жеке қасиеттерін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Осы кезеңде зерттеу іс-әрекетінің тәжірибесі жинақталады, оқу сабақтарында және педагогикалық практика барысында жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарау қалыптасады.

Бесінші кезең студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді араласуымен сипатталады. Болашақ мұғалімдер қорытынды біліктілік жұмысын (дипломдық жұмыс) жазу аясында зерттеу жүргізеді, ғылыми жұмыстың тұсаукесерін жүзеге асырады. Дипломдық жұмысты жазу ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдіснамасын, логикасын, әдістемесі мен техникасын игеруге, рефлексиялық қабілеттерді дамытуға, ғылыми негіздеу қабілетіне, таным формалары мен әдістерін сыни түсінуге және шығармашылық қолдануға ықпал етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқушының бойында болып жатқан өзгерістерді көруді, эксперименттік жұмыс барысында оның жеке басының дамуының объективті заңдылықтарын ашуды үйренеді [3]. Жұмыс барысында студенттер эксперимент жүргізу арқылы маңызды психологиялық-педагогикалық құбылыстарды оқшаулау және зерттеу, баланы тәрбиелеу мен оқитудың мазмұнын, оны жүзеге асырудың формалары мен әдістерін жасау, педагогикалық қызметін оны бағалау мен оқушының жеке басын бағалаудың объективті критерийлері негізінде түзету дағдыларына ие болады.

Біліктілік жұмыстарының тақырыбын студенттер әдетте 3-курста алдын-ала тандайды және оның нақты міндеттері, бастауыш білім берудің қазіргі жағдайы мен болашақтағы дамуын ескере отырып анықталады және көбінесе курстық жұмыстардың проблемаларымен тығыз байланысты болады. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің құрылымы мен логикалық ұйымдастырылуын әзірлеу бойынша әдістемелік консультациялар кезінде кафедра оқытушылары студенттің ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбын ашу логикасындағы теориялық ұстанымдарын нақтылауға ерекше назар

аударды, зерттеу міндеттерін оның тақырыбына сәйкес анықтауға, әдеби көздерге бағдарлауға, тәжірибелік жұмыстың мазмұнын ашуға көмектеседі.

Бұл кезеңде студенттер гипотеза жасау, оның негізін қалаған деректерді таңдау және тексеру, гипотезаны дәлелдеу үшін эксперимент технологиясы мен әдістемесін жасау, оны жүргізу, нәтижелерді жүйелеу және жалпылау, тұжырымдарды сенімді түрде дәлелдеу, жалпыланған материалды жазбаша түрде ұсыну қабілеттері дамиды.

Жалпы алғанда, студентпен әдістемелік жұмысты жүргізу оған зерттеу міндеттерін толығымен ұсынуға және жоспарланған жоспарға сәйкес шығармашылық ізденісін мақсатты түрде ұйымдастыруға көмектеседі. Кафедрада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру тек оқу кезінде ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылады («Мен зерттеуші» үйірмесі).

Алайда, студенттердің зерттеу құзіреттілігін тиімді қалыптастыру көбінесе жасалған сыртқы жағдайларға ғана емес, сонымен бірге олардың бағыты мен ішкі белсенділігіне, қызметінің сипатына байланысты. Зерттеу құзіреттілігі негізінен ғылыми-зерттеу қызметінде қалыптасқандықтан, оның студенттер үшін қаншалықты тартымды екенін анықтау қажет.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу құзіреттілігінің қалыптасуын бағалауға негіз болатын келесі критерийлер бар:

- педагогикалық зерттеудің әдіснамалық сипаттамаларын, зерттеудің негізгі әдістерін жүргізудің мәні мен ерекшеліктерін білу;
- диагностикалық әдістердің көмегімен зерттелетін мәселенің жай-күйін бағалай білу;
- зерттеу мақсаттарын тұжырымдай білу, проблемаларды оқшаулау, гипотезаларды алға жылжыту және оларды негіздеу;
- өзінің зерттеу қызметін жобалау білігі;
- педагогикалық эксперимент жүргізу (айқындаушы, қалыптастырушы), зерттеу бағдарламасы бойынша белгіленген іс-әрекеттерді жүзеге асыру және түзету білігі;
- қызмет нәтижелерін талдай білу, алынған деректерді интерпретациялай білу;
- зерттеу қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізе білу;
- қорытындылар жасай білу;
- әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, оларды мектептегі педагогикалық практика барысында іске асыра білу;
- зерттеу процесінің барлық қатысушыларымен (педагогтармен, балалармен, ата-аналармен) өзара іс-қимыл жасай білу;
- өз зерттеу нәтижелерін ауызша және жазбаша баяндай білу, өз идеяларының тұсаукесерін өткізу, зерттеу тақырыбы бойынша пікірталасқа қатысу [4].

Олай болса, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру нәтижелері оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, студенттердің университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарына байланысты.

Қазіргі заманғы педагогтар білім беру жүйесінде жүргізілетін педагогикалық эксперименттердің қатысушылары болады және инновациялық процестерге енгізіледі, жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлейді, оқытудың жаңа технологияларын енгізеді, бұл ғылыми-зерттеу дағдыларын талап етеді [5]. Ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын қалыптастыруда «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі» курсы оқып үйрену үлкен рөл атқарады, онда студенттер әдіснаманың теориялық мәселелерімен танысады, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерін қолдануды үйренеді.

Оқу процесі мектеп оқушыларының танымдық белсенділігі мен дербестігінің дамуына, оларда жаңасын іздеуге деген ұмтылыстың қалыптасуына ықпал ету үшін мұғалімнің өзі жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттеріне, ғылыми-зерттеу педагогикалық қызметіне деген ұмтылысы болуы қажет [6], яғни, мұғалім бір жағынан ғылыми-зерттеу жұмыстарының дағдыларына ие болуы керек, өйткені сол дағдыларды оқушыларына үйретуге міндетті, ал екінші жағынан, бұл қажеттілік мұғалім мектептегі инновациялық процестердің қатысушысы, оқу сапасын жақсарту жолдарын іздеушісі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / Пер. с англ. – М., «Когито-Центр», 2002. – 396 с.
2. Таубаева Ш.Т. // Білім әлемінде. — 2013. — № 3. — 3-5б.
3. Коржуев А.В., Антонова Н.Н. Основы научно-педагогического исследования. - Москва: Издательство Юрайт, 2024. – 177 с.

4. Шашенкова Е.А. Исследовательская деятельность. — М.: Перспектива, 2010. — 88 с.
5. Калиева А.Б., Омарова Г.М. Ғылыми зерттеу әдістері. - Павлодар: Керекү, 2016. – 83 б.
6. Старикова Л.Д., Стариков С.А. Методология педагогического исследования. - Москва: Издательство Юрайт, 2024. – 287 с.

ӘОЖ 373.3

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫ ТАЛДАУДАҒЫ ДИВЕРГЕНТТІ ОЙЛАУЫ

Бейсенова А.Қ.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан

Ақпараттар ағыны тасқындап тұрған дәуірде кіші мектеп жасындағы оқушыларды бәсекеге қабілетті тұлға ретінде оқыту мен даярлау мақсатында білім беру жүйесі бірнеше өзгерістерге ұшырады. Қоғам алдында тұрған ендігі мәселе – жан-жақты ойлай білетін, өмірдің қандай саласы болмасын өзінің білімін қолдана алатын шығармашыл ұрпақ тәрбиелеу. Осы орайда, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 4-тарау, 13-бабы бойынша білім беру мазмұнын: «Білім беру мазмұны - жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені)» деп көрсетеді [1]. Яғни кіші мектеп оқушыларына кең көлемдегі ақпараттарды игеру талап етілмейді, керісінше, алған білімдерін нақты өмір жағдайында қолдана алу біліктілігін арттыруды көздейді. Осыған орай, білім беру жүйесінде оқушылардың білім алуға деген саналы көзқарасын қалыптастыру, оларды тұлға ретінде дамыту мүмкіндіктерін жасау қажеттігі туындайды. Қазақстан Республикасы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Жалпы орта білім беру деңгейінің нәтижесі ретіндегі кең ауқымды дағдылар білім алушыларға ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды өзіне үйлесімді үйлестіруге, кез-келген өмірлік жағдайларда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсетуге, сондай-ақ оқу және қолданбалы тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретіні» айтылған [2]. Сайып келгенде, халықаралық зерттеулер нәтижесі бойынша өзгерістерге ұшыраған білім беру жүйесіне әлі де оқыту әдістерін енгізу керектігі анықталды. Бұл жолда кіші мектеп жасындағы оқушылардың ақпаратты талдау дағдыларын дамыту - үлкен маңызға ие.

Ақпаратты талдау - бұл кіші мектеп жасындағы оқушыларды берген деректерді түсінуге, өңдеуге және бағалауға үйренетін процесс. С.Ж.Зықрина өзінің «Құрылымдалған есептерді шығарудың оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға әсері» атты мақаласында бақылаудан алынған нәтижелерге сүйене отырып, оқушылардың ақпаратты талдау және жүйелеу дағдыларын дамытуға септігін тигізетін бірқатар ұсыныстарын атап көрсеткен:

- оқушылардың білім алу үдерісіндегі белсенділігін арттыру үшін сабақтың мақсаты мен жетістік критерийлерін тұжырымдауға қатыстыру;
- қайталау және пысықтау жұмыстары арқылы білім алушылардың «жақын даму аймағында» әрекет етуіне жағдай жасау;
- білім алушылардың ақпаратты талдай білу дағдыларын қалыптастыру үшін ақпаратты жинақтау және жүйелеу барысына қатыстыру;
- оқушылардың талдау дағдыларын қалыптастыру үшін тапсырмаларды жүйелеуді қолдану;
- білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін практикалық мазмұнды тапсырмалар көмегімен пән аралық байланыс орнату [3].

Ақпаратты талдауда дивергентті ойлауды дамытудың маңыздылығы – бұл кіші мектеп жасындағы оқушыларға мәселелерді шешудің стандартты әдістерінен шығуға және проблемаларды шешудің инновациялық тәсілдерін табуға көмектеседі.

Дивергентті ойлау (латын тілінен аударғанда *divergentis* – «әр түрлі бағыттарда алшақтау») логикадан ауытқыған балама ойлау түрі. «Дивергентті ойлау» термин және тұжырымдама ретінде ХХ ғасырдың ортасында шығармашылық пен когнитивті психологияның соңғы зерттеулерінен туындаған.

1-кесте – «Дивергентті ойлау» терминінің негізгі көздері

Дж.П. Гилфорд	1950 жылдары американдық психолог негізгі компоненттердің бірі ретінде дивергентті ойлауды насихаттайтын интеллект моделін жасады. Гилфорд бірнеше және стандартты
---------------	--

	емес идеяларды шектеу қабілеті әрбір берілген жауаппен есептерді шешуге бағытталған дәстүрлі интеллект түсінігінен ерекшеленетінін көрсететін зерттеу жүргізді.
Э. де Боно	1960 жылдары әйгілі психолог және ойлау сарапшысы, дивергентті ойлау идеяларын белсенді түрде алға тартты және оны дамытудың әртүрлі әдістерін ойлап тапты, соның ішінде «миға шабуыл» әдісін ұсынды.

Дж.П. Гилфорд пен Э. де Бононың идеялары білімге және шығармашылыққа әсер етті. Олар дивергентті ойлау деп мына компоненттерді жіктеді:

Шығармашылықты дамыту. Шығармашылық кәсіптерде (өнер, дизайн, жарнама) дивергентті ойлау жаңа идеяларды, бейнелер мен тұжырымдамаларды құру үшін қажет.

Мәселелерді шешу. Ғылымда, бизнесте және басқа салаларда дивергентті ойлау күрделі мәселелердің стандартты емес шешімдерін табуға мүмкіндік береді.

Оқыту. Заманауи педагогикалық тұжырымдамалар оқушыларды оқытуға шығармашылық көзқарасты ынталандыру үшін дивергентті ойлауды дамытуға бағытталған.

Дивергентті ойлау - бір мәселенің немесе тапсырманың ең көп шешімін табуға көмектесетін шығармашылық әдіс. Дамыған дивергентті ойлауы бар адам стандартты емес және күтпеген идеяларды тез қалыптастырады. Біз дивергентті ойлауды өмірдің әртүрлі салаларында қолданамыз, мысалы, стартап үшін серпінді идеяларды іздегенде, курстық жұмыс тақырыбын таңдағанда немесе тоңазытқышта қалған азық-түліктерден жаңа тағам жасағанда. Ал кіші мектеп жасындағы балалар қандай жағдайда қолданады? Мұғалім оқушылардан шешімге стандартты емес көзқарасты талап ететін, сондай-ақ олардың шығармашылығы мен өзіндік ойлауын ынталандыратын әртүрлі тапсырмаларды ұсына алады. Сонымен қатар, әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру және олардың дамуына жағдай жасау маңызды. Кейбір балаларға тапсырмаларды қарастыруға және балама шешімдерді табуға көбірек уақыт қажет болуы мүмкін, ал басқалары өздеріне жүктелген тапсырмаларды тезірек орындайды. Дивергентті ойлауды дамыту үнемі тәжірибе мен жаттығуды қажет ететіндігін ескеру қажет. Сондықтан мұғалімдер ақпаратты талдау кезінде кіші мектеп жасындағы оқушыларда дивергентті ойлауды дамытуға бағытталған сабақтарды жүйелі түрде өткізуі керек. Жалпы, ақпаратты талдау кезінде бастауыш сынып оқушыларында дивергентті ойлауды дамыту олардың когнитивті дамуында маңызды рөл атқарады. Сол себепті, оны ынталандыру үшін жағдай жасау және оқушыларды тапқырлыққа, шығармашылыққа және мәселелерді шешудің инновациялық тәсілдеріне ынталандыру маңызды. Алайда, дивергентті ойлауды қажет ететін тапсырмалар бастауыш сынып оқулықтарына қарағанда, халықаралық зерттеу тапсырмаларында көптеп кездесетіні анықталды.

Дивергентті типтегі тапсырмалардың бірнеше шешімі және бірнеше жауабы болады [4]. Мұндай типтегі тапсырмаларды орындау барысында ақпаратты талдап, оны өңдей алу дағдысының мынадай маңызды сипаттамалары дамиды:

- ойдың еркіндігі – уақыт бірлігінде туындайтын дара идеялар өлшемі;
- ойдың икемділігі – бір идеядан екіншісіне ауысу мүмкіндігі;
- түпнұсқалық – жалпы қабылданған көзқарастардан ерекшеленетін идеяларды шығару мүмкіндігі;
- қызығушылық - қоршаған әлемдегі мәселелерге сезімталдық;
- гипотезаны құрастыра білу;
- ирреалдылық - реакцияның стимулдан логикалық тәуелсіздігі;
- фантастикалық – стимул мен шешім арасында логикалық байланыс болған жағдайда шешімнің шындықтан толық оқшаулануы;
- есептерді шығара білу, яғни талдау және синтездеу қабілеті;
- мәліметтерді қосу арқылы белгілі бір нысанды жетілдіру мүмкіндігі.

Кіші мектеп оқушыларының оқу-тәрбие процесінде дивергентті ойлауды қалыптастыру қажеттілігін анықтаудың маңызды анықтамасы өзінің шығармашылық әрекетін жүзеге асыра алатын оқушы мінез-құлықтың ішкі мотивтерін басшылыққа алады және ең алдымен өзінің жеке тұлғасына бағдарланған өсу, өзін-өзі дамыту ұстанымын қолданады.

Сонымен қатар, дивергентті ойлауды дамыту кезінде келесі жағдайларды жасау қажет: оқушылардың дербестігі мен танымдық белсенділігін тұрақты түрде қамтамасыз ету, оқушылардың танымдық қызығушылықтарының жоғары деңгейі, мұғалімнің оқу мотивациясына, ойын техникасына,

юморға назар аударуы, әр оқушының қызығушылығы, бейімділігі мен қабілеттері бойынша жұмыс жүргізу.

Қазіргі заманғы бастауыш мектеп тәжірибесінде кіші мектеп оқушыларының дивергентті ойлауын дамытуға бағытталған көптеген әртүрлі тәсілдер бар.

Кіші мектеп оқушыларының дивергентті ойлауының дамуының негізгі формалары: сыныптағы оқу іс-әрекеті, үйірмелер, факультативтер, экскурсиялар, оқу-зерттеу жұмыстары. Бастауыш сынып мұғалімдері кіші мектеп оқушыларының дивергентті ойлауын дамытуға арналған келесі әдістер мен құралдарды пайдаланады: іздеу және талдау әдісі, ауызша әдістер, ойын, практикалық тәсілдер, компьютерлік бағдарламаларды қолдану, көркем шығармашылық әдісі, жеке тәжірибеге жүгіну әдісі.

Жоғарыдағы әдістерді қолдану арқылы жүзеге асатын педагогикалық техникалар бірнеше ұстанымдар бойынша негізделеді:

- Таңдау еркіндігі принципі. Кез келген оқыту немесе бақылау әрекетінде еркін таңдау мүмкіндігінше қамтамасыз етілуі керек. Бір маңызды шартпен - таңдау құқығы әрқашан өз таңдауы үшін саналы жауапкершілікпен теңестіріледі.

- Ашықтық принципі. Білім беріп қана қоймай, оның шекарасын көрсету, шешімі оқытылатын курстың шеңберінен тыс болатын мәселелермен оқушыға «қарсы тұру» қажет.

- Іс-әрекет принципі. Оқушылардың білім, білік, дағдылар мен мағыналарды меңгеруін ең алдымен іс-әрекет түрінде ұйымдастыру қажет. Білім құралға айналуы үшін оқушы онымен жұмыс істеуі керек.

- Кері байланыс принципі. Кері байланыс техникасының дамыған жүйесін пайдалана отырып, оқу үдерісін жүйелі түрде бақылап отыру қажет. Жүйе неғұрлым техникалық, экономикалық, әлеуметтік немесе педагогикалық тұрғыдан дамыса - оның кері байланыс механизмдері соғұрлым көп болады.

- Идеалдылық принципі. Идеалдық – өнертапқыштық есептерді шешудің негізгі ұғымдарының бірі. Оқу үрдісінде еңбек өнімділігін арттыру, шығындарды азайту үшін оқушылардың өздерінің мүмкіндіктерін, білімін, қызығушылықтарын барынша пайдалану қажет.

Қорытындылай келе, қазіргі әлемде оқушы сабақта алған білімін стандартты емес жағдайларда қолдана білуі керек, әйтпесе білім қажетсіз жүк болып қана қалуы мүмкін. Білімді, ақпаратты іс жүзінде қолдану оқушы дивергентті ойлай білетін жағдайда мүмкін болады. Көптеген психологтар мен педагогтардың пікірінше, бала табиғатынан дарынды және қабілетті болып туады, тек оның дарындылығын ашуға шеберлікпен көмектесу керек. Олай болса, ұстаз өзінің іс-әрекетін тек оқытумен ғана шектемей, баланы жан-жақты дамытып, сырттай ойлауға үйретуі керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 28.06.2007ж., No546 Қаулысы. –Астана: Ақорда, 2007 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546>

2. С.Ж.Зықрина «Құрылымдалған есептерді шығарудың оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға әсері». Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы «Физико-математикалық ғылымы» сериясы. – №3 (83). – Алматы, 2023 – 88-96 б.

3. Майданник И.А. Методологические основы формирования дивергентного мышления у школьников. - Режим доступа: <http://www.psychology-online.net>

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МІНЕЗ - ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Бердібай С.Е., Ишанов П.З.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ. Қазақстан

Бастауыш сынып оқушы тұлғасының дамуы мен қалыптасуы үздіксіз сипатта болатыны белгілі және оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады.

Сыныптан тыс жұмыстарда педагогтар белгілі бір әлеуметтік мәдениетте балалардың қабілеті мен қызығушылығын дамыту ісін жасаса, әрі тәрбиеші ролінде өздерінің дүниетанымы, өз тәжірибесі және іскерлігі арқылы жасөспірімдерді әлеуметтік шығармашылық істерге араластырады, белгілі әлеуметтік жағдайда өмір сүруге және еңбек етуге үйретеді, қоғамдық тәрбие мақсатын тұлғаның өзін өзі дамыту мақсаттарымен тығыз байланыстырады. Осылайша, тұлғаны тәрбиелеудегі мақсат бір жағынан өзін дамыту жолында алдына қоғамды қоятын, екінші жағынан, қоғам өзінің әрбір мүшесінен күтетін міндет пен мақсаттан келіседі.

Сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік қызметі – бұл жас балалар мен жас өспірімдерді ғылымның, техниканың, мәдениеттің, өндірістің түрлі салаларына дайындаудың қоғамдық қажеттілігіне негізделген кең және динамикалық жүйе. Ол көп жоспарлы, әрі көп қызметті, өз ерекшелігі және педагогикалық процестің екі субъектісі-тәрбиелеуші мен тәрбиеленушілердің өзара байланысы бар жүйе. Ол тәрбиеленушілердің өмір тіршілігін ұйымдастыруда олардың қоршаған ортаға белгілі қатынасын жасауда мақсатты бағытталған тәрбие әрекеттерінің жүйесіндегі шағын жүйе ретінде шығады. Оның негізгі компоненттері: қызмет субъектісі; қажеттілік, мақсаттылық, заттық-тәжірибелі бағыттылық; процестің нақты әрекетін ұйымдастыру мен қамтамасыздығы; нәтижелілік болып табылады.

Біздің жүргізген педагогика ғылымының теориясы мен практикасын талдау нәтижесінде анықтағанымыздай, бастауыш мектеп жағдайында сыныптан тыс жұмыстың тәрбиелік қызметі- дара және қоғамдық қажеттіліктердің байланысы негізінде мектептік дайындық пен мектептен тыс сабақтар арасындағы сабақтастықты; бастауыш мектеп оқушыларының мінез - құлық мәдениетін қалыптастыру мен тұлғаны тәрбиелеуде әр түрлі жақтардың арасындағы және тәрбиенің кешенді тәсілдеріндегі өзара байланыс, үйлестілікті, білім мен тәжірибелік әрекеттерді меңгеру процесінде оқушылардың белсенділігі мен шығармашылығы, дербестігі және педагогикалық ықпалының өзара байланысын; тәрбиеленушілерге дифференциалды жолы мен балалардың жасы мен тәжірибесін есептеумен уақытша әр жастағы ұжымның, балалардың мұқтаждықтарын педагогтардың мүмкіншіліктерін ашу болып табылады.

Осы орайда, сыныптан тыс тәрбие жұмыстары бастауыш сынып оқушыларын қоғамдық өмірге бейімдейтін, жұмыс тәжірибесін жинақтайтын, жаңа жағдайдағы қарым -қатынасқа үйрететін, қызығушылықтар мен талаптарды іске асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі болып табылады. Жеке даралық рухани дамуды қамтамасыз ете отырып, сыныптан тыс жұмыстар балаларға мектептің отбасының жасайтын ықпалын тереңдету және өрістету үшін жағдай жасап, өз құралдары мен әдістері арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына, өзін іске асыруына және жетіспеушілікті толтыруға басқаша қарым қатынас пен тіршілік әрекеттесу жағдайымен мүмкіндіктер қалайды.

Әрине сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының тәрбиелік мүмкіндіктері балалар ұжымындағы педагогикалық мүмкіндіктердің айтарлықтай дәрежесіне байланысты. Бұл жағдай бірқатар педагогикалық зерттеулерде (Т.В.Говорун, Г.С.Голиневич., Б.Я.Гиндис., Л.М.Иванова., Е.К.Касайкина., Н.К.Гравинин. т.б.) жан жақты қарастырылған.

Сыныптан тыс жұмыстардағы адамгершілік тәрбиесі мәселесін (Қ.Т.Әтемова, Л.А.Оралова, И.К.Тен, И.Н.Минибаева т.б.) өз еңбектерінде қарастырған.

Республикамыздың көрнекті ғалымдар С.А.Ұзақбаева, А.А.Қалыбекова, Т.Әлсатов, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, Қ.Қожахметова, Ә.Сәдуақасов т.б. еңбектерінде мінез-құлық

мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың этномәдени мәселелері кеңінен қарастырылғанын айқындадық.

Жоғарыдағы зерттеулердің мазмұнында негізделгендей, мінез-құлық — адамның тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы. Мінез-құлық тірі организмнің барлығына ортақ қасиет. Оның басты белгісі – тіршілік иесінің қимыл-қозғалысының түрлі деңгейдегі көріністері. Адам бойындағы мінез-құлықтың бастапқы көрінісі – қылық. Мұнда әр адамның өмірлік бет алысы, бағыт-бағдары, талғам-сенімі, көзқарасы, мақсат-мұраты көрініс береді. Адам өзін-өзі бақылау жасау арқылы мінезіндегі мінін түзеуге, жағымсыз әрекет пен қылықтардан өзін тыйып ұстауға мүмкіндік алады. Мінез-құлық, адамның өзіне, айналасындағы басқа адамдарға қарым-қатынасынан, жүктелген істі қалай орындайтынынан көрінеді.

Біздің зерттеу мәселеміздің аясында, бастауыш мектеп оқушыларының ұлттық сезімін, еңбек пен қоғамдық меншікке көзқарасын, тәртіптілік пен ұйымшылдыққа, ұжымшылдыққа, достық пен жолдастыққа, шыншылдық пен әділдікті, өз мінез-құлқына сын көзімен қарай білушілікке, басқалардың кемшіліктерін батыл сынап алушылығын, моральдық қасиеттерді қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың маңызы зор.

Педагогикалық шарттарға байланысты жүргізілген зерттеулерде оған берілген әртүрлі сипаттамалар бар. Жалпы «шарт» термині философияда – заттың айнала қоршаған құбылыстарға қатынасын және оның оларсыз өмір сүре алмайтындығын айқындайтын философиялық категория ретінде сипатталады. Шарт – айнала қоршаған құбылыстардың өмір сүруін қажет ететін объектілер кешенінің маңызды компоненті. Осыған сәйкес «шарт» терминін заттың, құбылыстың пайда болуы мен мүмкіндігін және оның ары қарай өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ететін жағдай, орта, хал ахуал екендігін анықтауға болады. «Педагогикалық шарт» ұғымына анықтама бергендер қатарынан Ә.Т.Өтебаева мен А.М.Сембаеваны және т.б. атауға болады.

Ә.Т.Өтебаеваның зерттеуінде педагогикалық шарттар – қалыптастыру үшін бағытталған сынып жетекшінің, ата-аналар мен әлеуметтік ортаның тарапынан жасалған жағымды жағдайлар [1].

А.М.Сембаева «Педагогикалық шарт дегеніміз – тұлғаның жан-жақты дамуына, тәрбиесіне, қалыптасуына ықпалдық ететін білім беру үдерісіндегі жағдайлар» деген анықтама береді [2].

Біз педагогикалық шарттарды бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатына бағытталған, ынтымақтаста жүзеге асатын жағдайлар кешені деп анықтадық.

1. Бастауыш сынып оқушыларын жағымды мінез-құлыққа ынталандыру, яғни балалардың мінез-құлық нормаларын игеру үшін қажетті танымдық үдерістерін дамыта отырып, өзге оқушыларға деген жағымды көзқарастарын, толеранттылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік беретін ынталандыру шараларын жүзеге асыру.

2. Бастауыш сынып оқушыларын өзара бірлескен іс-әрекетке баулу, яғни балалардың ұжым ішіндегі өз орнын сезінуіне мүмкіндік туғыза отырып, ұжым үшін ортақ іс-әрекетті орындауға жауапкершіліктерін, достық қатынастарын, тұлғалық ерекшеліктерін дамытуға жағдай жасау.

3. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру арқылы бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру үдерісінде тұлғаға бағдарланған тұғырды қолдану, яғни балалар арасындағы тұлғалық, субъект-субъектілік қатынастарды орнатуға, бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғалық ерекшелігін ескере отырып, ортада өз ойын еркін жеткізуге жағдай туғызу.

Біздің ойымызша, ұсынылып отырған педагогикалық шарттар бастауыш мектеп оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда ұйымдастырылған жұмыстардың мазмұнын және әдістемесін жасауға және әдістерін таңдауға негіз болады.

Бастауыш мектептің педагогикалық процесін зерделеу барысында, біз бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістеріне: мінез-құлық мәдениетінің Ережесі, талап қою, үйрету, жаттықтыру, мадақтау, жазалау, тыйым салу әдістері жататындығын анықтадық.

Мысалы, Ұ.И.Ауталипова бастауыш мектеп оқушысының тілдік мәдениетін отбасында ата-ана, баспа-журнал, кітап оқу, ертегі-әңгімелер тыңдау, кино, театр, музей, көрмелерге бару арқылы қалыптастыруға болады дей келе ата-аналарға белгілі ережелерді ескеруді ұсынады. Бастауыш мектеп оқушысының белгілі бір қасиеттің мәнін түсінбейінше оның бойында сол қасиетті қалыптастыру, қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мүмкін емес.

Сынып жетекші бастауыш мектеп оқушыларды тәртіпке қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда бағытталған жұмысты екі бағытта ұйымдастыру керек деп негіздеген:

- мінез-құлық нормалары мен ережелерін түсіндіру, яғни бастауыш мектеп оқушыларының идеялық-мінез - құлық білім алуы;

- бастауыш мектеп оқушыларының практикалық қызметін ұйымдастыру барынша нақты белгіленуі керек [3].

Ал сынып жетекшілердің бастауыш мектеп оқушыларымен қатынасын ізгілендіруге ерекше көңіл бөлген зерттеуші С.А.Ажмуратов сынып жетекшілердің бастауыш мектеп оқушыларымен қатынас жасауда төмендегі ережелерді пайдалануды ұсынады:

1. Бастауыш мектеп оқушысылар мен сынып жетекші арасында «Біз» сезімін қалыптастыру. Бұл ереже топ ішіндегі бірлескен іс-әрекеттегі кедергілердің жойылуына септігін тигізеді.

2. Міндетті түрде бастауыш мектеп оқушыларымен жеке тұлғалық байланысты орнату. Әрбір бастауыш мектеп оқушыларға жеке дара қарау: бір бастауыш мектеп оқушыларға сынып жетекшінің келіп, қолынан ұстап, басынан сыйпағаны ұнаса, екінші бір бастауыш мектеп оқушыларға сөзбен жақын тартқаны ұнайды (соған қатысты жағымды сөздер айту), ал үшінші бастауыш мектеп оқушыларға тек көзбен ғана демеп, визуалды байланыс ұстанған жеткілікті.

3. Бастауыш мектеп оқушысылар жанында сынып жетекшінің өзін-өзі ұстауы. Қалай күледі (ашық, әрең, сынай), қалай сөйлейді (достық, авторитарлы, либералды және т.б.), қимыл қозғалысы қандай (ұстамды, немқұрайлы, сасқалақты-мазасыз және т.б.).

4. Бірлескен іс-әрекеттің мақсатын ашық айту немесе біріккен іс-әрекетке ынталандыру.

5. Бастауыш мектеп оқушысыларға үнемі қызығушылық таныту. Оқушыларының айтқанын ести де, тыңдай да білу керек.

6. Көмек сұрау және көмекке келе білу. Бұл ереже тәрбие жағынан алғанда бастауыш мектеп оқушысы үшін оның жетістікке жете білуіне үлкен әсер береді [4].

Жалпы айтқанда, Бастауыш мектеп оқушыларының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға байланысты анықталған педагогикалық шарттарды, әдістер мен ережелерді кеңінен пайдалану негізінде, бастауыш сынып оқушыларының күнделікті өмірде аталмыш білікті шығармашылықпен қолдана біле алатындығы мен сынып жетекшінің көмегінсіз ақ бірлескен іс-әрекеттерді орындау біліктерінің, ауызша және ауызша емес қатынас құралдарын қолдана білулерінің, ойындағысын, эмоционалдық жағдайын сөзбен жеткізе білуін, балалардың жағдайын түсініп, сезіне білуін, сыйластық қатынас жасау дағдыларының жоғары деңгейде көрініс табатындығын айта кетуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Өтебаева Ә.Т. Ауыл мектебі бастауыш мектеп оқушысыларын рухани мінез - құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары: педагогика ғылымдарының кандидаты ... авторефераты. – Алматы, 2007.

2. Сембаева А.М. Педагогические условия формирования самооценки учащихся начальных классов: автореферат ... кандидата педагогических наук. – Алматы, 2006. – С. 25.

3. Ауталипова Ұ.И. Бастауыш мектеп оқушыларының коммуникативтік іскерліктерін қалыптастыру: Ойын-сабақтарды ұйымдастыру әдістемелік құралы. – Өскемен, 2008. – 64 б.

4. Ажмуратов С.А. Бірлескен іс-әрекеттің бастауыш мектеп оқушыларының коммуникативтік іскерліктерін қалыптастырудағы ерекшелігі // «Аманжолов оқулары-2009»: Халықаралық ғылыми-конференция материалдары. 5-бөлім. – Өскемен, 2009 .

ӘОЖ 371:1

ТҰЛҒАНЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒЫТТАП ОҚИТУ

Ботабекова А.К., Аbugалиева С.Н.

«М.Жұмабаев атындағы гимназиясы» КММ, Қарағанды қаласы, Қазақстан

Тәрбие – ұлт тәрбиесі болуы тиіс. Ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуі керек.

Мағжан Жұмабаев

Мемлекеттің ең басты байлығы – адам, яғни азаматтар. Әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс. Сол сияқты мектеп те – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Өкінішке орай, әлеуметтік желі арқылы әлемдегі жағымсыз жаңалықтар, әртүрлі сын-қатерлер еркін таралып, балалардың санасын жаулауда. Статистикалық мәліметтерге назар аударсақ, кәмелет жасына толмаған балалардың арасында ұрлық, суицид, зорлық-зомбылық, көрсету фактілері артып келеді. Ата-аналардың да жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы үйлесімділік және тепе-теңдікті сақтамауы бала

тәрбиесіне кері ықпалын тигізуде. Сондықтан, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылдың 19 қыркүйегіндегі біртұтас тәрбие бағдарламасын білім беру ұйымдарына енгізу туралы № 294 бұйрығы шықты. 2023-2024 оқу жылынан бастап гимназиямызда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жөніндегі кешенді жоспар қолданысқа енгізілді. Сынып жетекші ретінде де жылдық жоспарымыз кешенді жоспарға негізделіп құрылып, әрбір өткізген сабағымыз, іс-шараларымыз ұлттық құндықтармен астасып жатты. Себебі, баланың бойына білім мен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Ал ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік пен инабаттылық, мейірімділік пен бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу қасиеттері берік қалыптасқан жасампаз азаматты тәрбиелеу маңызды.

Жоғарыда айтылған ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру мақсатында өз іс-тәжірибемізде қаншалықты қолданып жатқанымыз туралы тоқтала кетсек. Мысалы, 4-сыныптың «Жаратылыстану» пәні бойынша «Заттардың қасиеті» тақырыбында өткізілген сабақта «Талап», «Ар-ұят», «Ұлттық мүдде» құндылықтары іске асырылды. Сабақтың әр кезеңінде аталған құндылықтардың мазмұны, мағынасы ашылып отырылды. Алдыңғы білімді қорытындылау мақсатында «Кім жылдам?» ойынын ойнату барысында сұрақтарға жылдам, әрі дұрыс жауап беру арқылы физикалық белсенді болуға ұмтылды. Топпен тәжірибе жасау барысында дұрыс қарым-қатынасты орнату және командамен жұмыс істей білуге бағыт-бағдар берілді. Осы жерде «Талап» құндылығы көрініс тапты. Тәжірибе жасау кезінде ас тұзына байланысты ырым-тыйымдарды айта отырып, әдеп нормаларын ұстануға жетеледі, ұлттық тағам түрлерінің ақ адал маңдай термен жасалатынын айту арқылы адал еңбекті құрметтеу дәріптелді. Сабақтың осы кезеңінде «Ар-ұят» құндылығы көрініс тапты.

Қаламыздағы өндіріс орындарын айту арқылы ұлттық мирасты, ата-бабамыздан мәдени мұра болып қалған диірменнің қолданылысы туралы ақпарат бере отырып, мәдениетті дәріптеуде «Ұлттық мүдде» құндылығының маңызы ашылды.

2-сыныптың әдебиеттік оқу пәніндегі «Жұмыс іздеген құмырсқа» тақырыбы бойынша құмырсқаның жолдасына көмектесуі арқылы істің өнгенін түсінген оқушы өзінің қолынан келетін іспен айналысу керектігін түсінді. «Алтын қымбат, бағалы тас, бірақ мына әлемнің барлығы алтын болып кетсе, құны кетеді» деген ата-бабамыздан қалған сөз бар. Сондықтан ағаш ағаштығымен қымбат, темір темірлігімен қымбат. Бұл сабақта білім алушы әр тұлғаның тұлға ретінде өзіндік құндылықтары бар екенін білді.

«Тарсия» әдісі арқылы берілген тапсырманы топпен орындай отырып, «Талап» құндылығының «Жеке және командамен жұмыс істей білу» деген ішкі құндылығы ашылды. Ол бір, екінші осы топтық тапсырманы ассоциация арқылы тез-тез орындап шықты. Бұл жерде талаптың тағы ішкі бір құндылығы «Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау» ішкі құндылығы іске асырылып, оқушылар уақытты тиімді жоспарлады.

«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы мәтінді талдау барысында «Ар-ұят» құндылығының мазмұны ашылғандығын көреміз. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген ұлағатты сөзбен ой қорытындысын жасай отырып, «Халқына адал қызмет ету» ішкі құндылығының мәні ашылып, оқушы өз ісіне адал болудан артық нәрсе жоқ екендігін түсінді. Бұл жерден «Сөзіңе, ісіңе адал бол» деген ішкі құндылықты көріп отырмыз.

Келесі салмағы ауыр құндылығымыздың бірі - «Ұлттық мүдде» деп аталады. Осы сабақтың басында ұлттық мәдениетімізді дәріптейтін ұлы Абай өлеңі бойынша топ атаулары алынып, оқушылар топқа бөлінді. Даналарымыздың сөзі соншалықты құнды, кең ауқымды боғанын осы өлең шумағынан көреміз. Осы ауқымды құндылықты, ұлттық мәдениетімізді Абай атамыз бір шумақ өлеңмен дәріптеп отыр. Қорытындылай келсек, осы шағын мәтінмен және Абай атамыздың бір ғана өлең шумағы үш құндылықты бала бойына дарытуға ықпал етті.

Тұлғаны құндылыққа бағыттап оқытуда «мектеп-ата-ана-оқушы» үштігі бойынша да біршама ауқымды істер атқарылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына негіздеп, «Әрбір бала – жарық жұлдыз. Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?», «Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны. Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?», «Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?» тақырыбында бастауыш буын ата-аналар арасында сабақтар өткізілді. «Педагогикалық кеңестің жоспарына сәйкес және облыстық деңгейде іс-тәжірибемізде құндылықтарды сабақ үдерісінде қалай іске асырып жатқандығымызбен бөлістік. Ата-аналардан сауалнама алу арқылы атқарған жұмыстардың нәтижесі көрсетілді.

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі мақсаты қандай?

Бала тәрбиесін қолға алу
 Ата-анаға қолдау жасау
 Өмірдегі келеңсіз жағдайларды жою
 Балаларға жарқын болашақ сыйлау

2. Біртұтас тәрбие бағдарламасы қандай құндылықтарға негізделіп жасалған?

Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап
 Білмеймін
 Адамгершілік, имандылық, сыйласымдылық
 Адам бойындағы асыл қасиеттерге

3. Ұлттық мүдде құндылығы нені көздейді?

Ұлттық мұраны дәріптеу
 Ұлтқа қызмет ету
 Адал ұрпақ тәрбиелеу
 Ұлттық бұйымдарды білу

4. Ар-ұят құндылығы нені көздейді?


Арлы болуды
 Үлкендерді сыйлауды
 Дұрыс қарым-қатынас жасауды
 Адал еңбек ету

5. Талап құндылығы нені көздейді?

Салауатты өмір салтын ұстау
 Өмірге белсенді араласу
 Тілді құрметтеу
 Қарым-қатынасты реттеу

6. Мектептің педагогикалық қолдау орталығынан қандай педагогикалық қолдау алдыңыз?

Бала тәрбиесіне қатысты қолдау
 Отбасында балаға көп көңіл бөлу
 Баланы рухани тұрғыда тәрбиелеу
 Баланың әлеуметтік желіні дұрыс қолдана білу тәсілдері



Сурет -1 «Біртұтас ұлттық тәрбие» бағдарламасының сауалнама қорытындысы

Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың «Біртұтас ұлттық тәрбие» бағдарламасының маңызын түсінгендері байқалды.

Еліміздің өркендеп дамуы үшін халқын сүйетін, мемлекет мүддесін жоғары ұстайтын, білімді де адал ұрпақ тәрбиелеу аса өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда ұстауды қажет етеді. Сол себепті ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және оның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу- ұстаздың басты парызы.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» Астана, 2023ж. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/539827?lang=kk>

2. «2023-2024 оқу жылындағы ҚР орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат, Астана. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu-shahtinsk/documents/details/515140?lang=kk>

УДК 379.8

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА СТУДЕНТОВ В ДОСУГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ: ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ ДВОРЦА СТУДЕНТОВ КАРАГАНДИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. АКАДЕМИКА Е.А.БУКЕТОВА

Гаркуша К.Г.

Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова, г. Караганда, Казахстан

Современные концептуальные подходы к развитию высшего профессионального образования в Республике Казахстан ориентированы на создание условий, способствующих формированию физически, интеллектуально, культурно, духовно развитой личности на основе освоения и отечественной и мировой культуры, национальных и общечеловеческих ценностей [1]. Развитие творческого потенциала студенческой молодежи – одна из главных задач образовательной деятельности вуза.

Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова – один из ведущих вузов страны – за свою 86-летнюю в качестве высшего учебного заведения и 52-летний период деятельности в статусе университета (с латинского *universitas* – совокупность, общность) – высшего учебного заведения, готовящего специалистов по фундаментальным и прикладным наукам, осуществляющего образовательную и научно-исследовательскую деятельность [2-3], накопил значительный опыт в работе по формированию интеллектуального и творческого потенциала студенческой молодежи, требующего своей систематизации и обобщения.

Буквально с первых дней своей деятельности Карагандинский государственный университет позиционировал себя как университет классического типа. Уточним, что классический университет – это высшее учебное заведение, в котором обучение студентов и научно-исследовательская работа идут в неразрывном единстве, образование и наука – две обязательные составляющие деятельности вуза. Как известно, что само понятие «*университет*» происходит от первого слова латинской фразы: «*universitas magistrorum et scholarium*», что в переводе звучит так: «*сообщество преподавателей и ученых*». Университет классического типа отличался от других, функционировавших в разное время отраслевых – технических, педагогических, медицинских, музыкально-театральных и других вузов, прежде всего этим синтезом образовательной и научной деятельности, пронизывающими все стороны университетской жизни. Во главе угла в университете классического типа было фундаментальное образование, мощная теоретическая, методологическая и практическая подготовка в той или иной сфере человеческого знания. Кроме того, университет классического типа – это учебное заведение, содержание деятельности которого направлено на триединое воспитание духа, тела и разума своих студентов. Этот классический подход к образованию стал определяющим вектором многолетнего развития Карагандинского государственного университета. Все порывы и искания многотысячного профессорско-преподавательского состава университета направлены на формирование разносторонне развитой личности студента, обладающей не только профессиональными знаниями. Умениями, навыками, компетенциями, но и развитым творческим потенциалом.

Творческий потенциал личности становится объектом изучения и рассматривается с различных позиций. В обобщенном смысле творческий потенциал понимается как совокупность свойств личности, устанавливающих возможность человека участия в различных видах деятельности, проявляя

при этом созидательную энергию, новизну и оригинальность мышления, нестандартный подход к решению различного рода задач. Работа по развитию творческого потенциала студентов осуществляется в целостном педагогическом процессе университета. Особую роль в нем играет система воспитательной работы, а также деятельность по организации студенческого досуга как особого пространства, где студенты максимально раскрывают свои творческие способности и дарования, занимаясь различными видами художественного творчества.

Термин «досуг» интерпретируется как часть свободного времени, которое человек наполняет различными видами занятий в зависимости от своих способностей, интересов, желаний, потребностей. Важная функция досуга заключается в возможности физического, интеллектуального, творческого развития личности.

В Карагандинском университете им. Академика Е.А.Букетова выстроена система работы по организации студенческого досуга, имеется необходимая материально-техническая база, кадровые, информационные, методические ресурсы для осуществления эффективной работы.

Центром студенческой культуры и досуга является университетский Дворец студентов, открытый в 1982 года. Спроектированный как студенческий центр досуга и художественного творчества (автор проекта архитектор М. Мусаев), он стал частью студенческого городка, задуманного первым ректором Карагандинского государственного университета Евнеем Арыстановичем Букетовым. Завершение строительства и внутренне оформление здания Дворца культуры студентов продолжилось при новом ректоре, на должность которого был назначен З.М. Мулдахметов (1980-1988 гг.). Зейнолла Мулдахметович неоднократно был почетным гостем университета и посещая Дворец студентов, он всегда с гордостью вспоминал и рассказывал, как строилось здание, завозился мрамор и уникальный натуральный наборный паркет, которым устлан пол холла второго этажа.

15 марта 1982 года состоялось открытие Дворца культуры студентов, ставшее знаменательным событием не только в жизни университета, но и города. На открытии присутствовали преподаватели, студенты, руководство университета, представители общественности города. Как говорят очевидцы, был и тогдашний первый секретарь Карагандинского обкома КП Казахстана Александр Гаврилович Коркин (1979-1986), подчеркнувший значимость события и открытия первого в Караганде студенческого Дворца, который должен был стать не просто красивым зданием с самобытной архитектурой, но и центром активного развития студенческого самостоятельного творчества в его традиционных и новых формах.

Дворец культуры студентов Карагандинского университета построен в лучших традициях клубной и дворцовой архитектуры периода середины XX века. Дворец имеет комплексное назначение, отраженное в его облике. Дворец культуры студентов – это отдельно стоящее здание, галереей соединенное с первым учебно-административным корпусом. Дворец представляет собой архитектурную композицию, включающую следующие комплексные элементы: вестибюль, так называемые нижнее и верхнее фойе (с витражными окнами от пола до потолка по всему периметру), зрительный зал на 750 мест (и с учетом балконов), репетиционную зону с помещениями для занятий студенческих коллективов, хорovým и хореографическими залами, костюмерными, помещениями для хранения реквизита и декораций, студенческим кафетерием. Стены нижнего фойе украшены силуэтами музыкантов и танцовщиц. В архитектуре Дворца совмещены национальные и классические элементы. Круглое здание и зал напоминают юрту, одновременно с этим, ряды кресел в зрительном зале, расположенные амфитеатром (от греческого *«amphitheatre»*), восходящим полукружием, одно над другим, подчеркивают наличие классических, как внешних, так и содержательных традиций. Уникальность и парадность архитектуры зрительного зала Дворца студентов подчеркивается оформлением потолка, декорированного гипсовой плиткой и большой люстрой. Изначально зал был снабжен экраном (находящимся в глубине сцены, за шторой) и стационарным кинопроекторным оборудованием, предназначенным для показа фильмов, документальной кинохроники.

Новый Дворец студентов стал настоящим подарком всему коллективу университета. В нем получили возможность заниматься студенческие вокальные, хоровые, танцевальные, театральные любительские коллективы. За период развития в университете сложилась система работы по организации студенческого досуга, реализующаяся в процессе взаимодействия всех ее субъектов – от руководства вуза до студенческих объединений и кружков, функционирующих на базе Дворца студентов.

Концептуальной и нормативной основой работы по развитию творческого потенциала студентов в Карагандинском университете им. Е.А.Букетова является Закон «Об образовании» [1], Закон «О государственной молодежной политике» [4], формирующие государственную образовательную и молодежную политику, акцентирующие внимание на создании условий для личностного и

профессионального роста представителей молодежи, их успешной социализации, полноценной личностной реализации.

В качестве базовых методологических подходов к организации досуга студентов в Карагандинской университете им. Е.А.Букетова определены следующие: гуманистический (от *humanus* – человеческий) подход, который реализует гуманистические идеи как приоритетные и определяет эффективные формы организации досуга на основе принципа гуманизма, в котором человек выступает как «главное мерило мира»; системный подход, который ориентирует на понимание организации досуга как системы, упорядоченного и интегрированного на основе единой цели множества взаимосвязанных компонентов; культурологический подход, предусматривающий организацию досуга на основе приобщения к отечественной и мировой художественной культуре; личностно-ориентированный подход, признающий личность как центр и главную фигуру в организации досуга, обеспечивающий условия для развития индивидуальности; личностно-деятельностный подход, требующий создания условий для развития личности в различных видах культурно-досуговой деятельности; комплексный подход, требующий учета, анализа и применения в работе по организации студенческого досуга комплекса взаимосвязанных элементов, а также многостороннего, комплексного воздействия на личность; средовой подход, ориентирующий на создание особой досуговой среды, окружения и условий, способствующих оказать педагогическое влияние на личность студента; аксиологический подход, по-другому именуемый ценностным, ориентирующий на понимание ценностей культуры, а также значимость собственных результатов творческой деятельности.

В практике организации досуга студентов в Карагандинском университете им. Е.А.Букетова сформировались разнообразные формы организации культурно-досуговой деятельности, основанные на личной инициативе и практическом участии студентов в ней. Это: деятельность клубов по интересам; деятельность художественно-творческих коллективов; организация конкурсов и фестивалей; организация праздников и других культурно-массовых мероприятий.

Студенческие клубы – это общественные организации, объединяющие студентов, имеющих общие научные, художественные и другие интересы; это добровольные объединения студенческой молодежи, действующие на добровольных общественных началах.

Творческие коллективы – это добровольные объединения любителей художественного творчества – музыкально-инструментального, вокального, танцевального, театрально-драматического и других, сформированные на основе общих интересов, увлеченности и совместной художественно-творческой деятельности, содействующей развитию способностей и дарований их участников, изучению, освоению и созданию культурных ценностей. Занятия в художественно-творческих коллективах Дворца студентов осуществляются во внеучебное время и являются одной из форм социальной культурно-досуговой активности студентов. На базе Дворца студентов Карагандинского университета им. Е.А.Букетова функционируют любительские коллективы, два из которых имеют звание народного: народный ансамбль народного танца «Жаркын» и народный фольклорный ансамбль «Сарын», действуют также театрально-драматическая студия «Шаттык», клуб акынов «Шабит», студия художественного слова, вокально-хоровая студия, студия эстрадного пения, группы спортивного бального и современного танца, клуб КВН (казахская и русская лиги) и другие художественные коллективы, занятия в которых через активную творческую деятельность способствуют приобщению студентов к национальному фольклору, классическому и эстраднему искусству, расширяют кругозор, способствуют развитию социокультурных компетенций, активизации творческого потенциала.

Важную роль в развитии творческого потенциала студентов в рамках досуговой деятельности играют творческие конкурсы и фестивали – формы, основанные на состязательной деятельности, демонстрации результатов и достижений работы коллективов и их участников, стимулирующие творческую инициативу, способствующие развитию творческого потенциала.

Организация праздников и других культурно-массовых мероприятий – значительная часть работы Дворца студентов, объединяющая усилия всех субъектов работы – студентов, участников творческих объединений и их руководителей, выступающая своеобразным итогом совместной работы, демонстрирующая исполнительский уровень коллективов, а также решающая многоаспектные задачи привлечения внимания к значимым событиям в жизни вуза и страны, консолидации всего университетского сообщества на базе единых, социально значимых, ценностей.

Таким образом, работа по развитию творческого потенциала студентов в Карагандинском университете им. академика Е.А.Букетова преемственно реализуется на протяжении многих десятилетий, она носит системный характер, выступая важным компонентом всей учебно-

воспитательной работы вуза классического типа, способствует решению задач формирования личности студента XXI века.

Список литературы:

1. Об образовании. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III. – Әділет: Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. - https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_
2. Акылбаев Ж.С. Пешене – Предназначение: научное издание / Ж.С. Акылбаев. – Караганда, 2008. - 202 с.
3. Карагандинский государственный университет имени академика Е. А. Букетова (1972-2012 гг.). История и современность / Под ред. Е. К. Кубеева. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2012. – 284 с.
4. О государственной молодежной политике. Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года № 285-V ЗРК. – Әділет: Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000285>.

УДК 373.3

ПРИМЕНЕНИЕ СРЕДСТВ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

¹Гранкина А.К., ²Сарсенова Г.Р.

¹Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, г.Караганда, Казахстан

²«Средняя школа N4 города Аксу», г. Аксу, Павлодарская область, Казахстан

Искусственный интеллект (ИИ) играет все более значимую роль в образовательной сфере, оказывая влияние на методы преподавания и обучения. В Республике Казахстан, как и во многих других странах, технологии ИИ активно внедряются в образовательные процессы для повышения качества образования и эффективности учебного процесса. Основные направления применения ИИ в образовании включают автоматизацию рутинных задач, персонализацию обучения и использование интеллектуальных систем для анализа данных и прогнозирования учебных результатов.

Современная образовательная система активно использует новые технологии для повышения эффективности обучения. Искусственный интеллект (ИИ) становится важной частью этого процесса, открывая новые горизонты для педагогов и учеников. Применение ИИ в начальной школе позволяет улучшить обучение через персонализированные программы, интеллектуальные ассистенты и автоматизированные системы оценки. Данная статья рассматривает основные направления использования ИИ в начальной школе, его преимущества, вызовы и перспективы для дальнейшего развития.

Одним из важнейших аспектов использования искусственного интеллекта в начальной школе является возможность индивидуализации обучения. ИИ помогает адаптировать учебный материал в зависимости от уровня подготовки и скорости усвоения каждого ученика, что особенно важно в младших классах, где способности учеников могут сильно различаться.

Основные направления применения ИИ в образовании:

1. Персонализированное обучение.

Искусственный интеллект позволяет создавать персонализированные программы обучения, адаптированные к индивидуальным потребностям каждого ученика. С помощью ИИ могут быть разработаны образовательные платформы, которые анализируют уровень знаний учащихся и предлагают соответствующие задания и материалы для улучшения их навыков. Примером таких технологий в Казахстане является платформа «BilimLand», где используется ИИ для адаптации образовательного контента под потребности школьников [1].

Наиболее распространенные инструменты, использующие ИИ для индивидуализации, включают в себя:

- Интерактивные учебные программы, которые подстраиваются под нужды учащихся, предоставляя задания разного уровня сложности;

- Интеллектуальные ассистенты, которые помогают ученикам в выполнении домашних заданий и объясняют сложные темы на доступном для них уровне.

Как отмечают исследователи, использование таких систем снижает нагрузку на учителя, позволяя ему уделять больше времени детям, требующим особого внимания, и поддерживает

мотивацию учеников благодаря своевременной и корректной обратной связи [2].

2. Анализ больших данных.

ИИ может эффективно обрабатывать и анализировать большие объемы данных, полученных в ходе образовательного процесса. Это позволяет предсказывать успехи и возможные трудности учащихся, а также улучшать качество преподавания. В Казахстане проводятся исследования в области использования ИИ для анализа данных по успеваемости и посещаемости студентов, что помогает учебным заведениям принимать более обоснованные решения в управлении образовательным процессом.

ИИ способен быстро и точно анализировать результаты тестов, проверять выполнение заданий и предоставлять подробную обратную связь ученику и учителю.

Примеры применения автоматизированных систем оценки:

- Распознавание текста и речи: системы ИИ могут автоматически проверять сочинения и устные ответы учеников, указывая на ошибки и предлагая рекомендации по улучшению [3].

- Анализ успеваемости: программы, анализирующие динамику обучения каждого ученика, помогают выявить слабые стороны в его знаниях и вовремя скорректировать образовательный процесс.

Такие системы не только облегчают работу учителя, но и позволяют ученикам получать обратную связь в реальном времени, что ускоряет процесс усвоения нового материала [4].

3. Автоматизация административных процессов.

Искусственный интеллект также может использоваться для автоматизации различных административных задач в образовательных учреждениях. Это включает в себя автоматизированное распределение расписания, управление учебными планами, оценку и проверку домашних заданий. Такие системы позволяют снизить нагрузку на преподавателей и администраторов, освобождая их время для более значимых задач.

Еще одно значительное преимущество применения ИИ в начальной школе — это создание интерактивных образовательных платформ. Эти платформы предлагают увлекательные и динамичные методы обучения, которые делают процесс изучения интересным для детей младшего возраста. Например, использование игр, викторин и анимации способствует лучшему усвоению материала.

Примеры таких платформ включают:

- Khan Academy: система, использующая ИИ для создания адаптированных курсов и предоставления индивидуальных рекомендаций для каждого ученика;

- DreamBox: математическая программа, которая анализирует ответы учеников и динамически адаптирует задания для более эффективного усвоения материала [5].

Исследования показывают, что использование таких интерактивных платформ способствует улучшению успеваемости и развитию интереса к учебе у детей [6].

4. Использование чат-ботов для поддержки учащихся.

В Казахстане активно используются интеллектуальные чат-боты для поддержки учащихся и студентов. Эти системы помогают отвечать на типичные вопросы, касающиеся учебного процесса, предоставляют справочную информацию и напоминают о важных сроках. Примером является платформа «Univer», где ИИ помогает студентам в организации учебного процесса.

Примеры внедрения ИИ в образовательные процессы Казахстана: Казахстан уже предпринял ряд инициатив для внедрения ИИ в образовательную сферу. В 2020 году Министерство образования и науки Республики Казахстан запустило национальный проект «Цифровая школа», который предусматривает интеграцию ИИ в школьные программы. Также в высших учебных заведениях, таких как Назарбаев Университет, активно изучаются возможности применения ИИ в учебных процессах и научных исследованиях [7].

Кроме того, цифровизация образования и использование ИИ поддерживаются стратегическими программами страны, такими как «Цифровой Казахстан», целью которой является продвижение современных технологий, включая ИИ, во всех сферах жизни [8].

Преимущества и вызовы внедрения ИИ в образовательный процесс:

- Повышение качества образования: Технологии ИИ могут существенно улучшить образовательный процесс за счет персонализации обучения и адаптации материала под конкретные нужды каждого ученика.

- Снижение нагрузки на учителей: Автоматизация рутинных задач освобождает время преподавателей для выполнения более творческих и важных аспектов их работы.

- Анализ и прогнозирование данных: ИИ позволяет собирать и анализировать данные об успехах учащихся, что способствует более точному планированию учебного процесса.

- Развитие программ виртуальной и дополненной реальности, которые позволят ученикам погружаться в интерактивные образовательные среды и изучать сложные темы на практике.

Вызовы:

- Необходимость квалифицированных кадров: для успешного внедрения ИИ в образовательные процессы требуются специалисты с высоким уровнем технической подготовки.

- Технологические барьеры: не все школы и университеты Казахстана имеют доступ к необходимым технологическим ресурсам для внедрения ИИ.

- Этические и правовые вопросы: применение ИИ в образовании также вызывает вопросы, связанные с конфиденциальностью данных и защитой прав студентов [9].

Применение искусственного интеллекта в образовательной сфере Республики Казахстан открывает новые возможности для повышения качества обучения и эффективности образовательных процессов. Однако успешное внедрение ИИ требует решения ряда вызовов, связанных с подготовкой кадров, обеспечением технологических ресурсов и урегулированием этических вопросов. При правильном подходе ИИ может стать важным инструментом для достижения образовательных целей страны в рамках программы «Цифровой Казахстан».

Список литературы:

1. BilimLand. «Образовательная платформа BilimLand» [Онлайн ресурс].
2. Крылов, А.В. Индивидуализация обучения с помощью ИИ: опыт и перспективы // Педагогика и психология детства. – 2021. – № 1. – С. 45–52.
3. Петров, И. Ю. Автоматизация проверки письменных и устных заданий с помощью ИИ // Вестник информационных технологий в образовании. – 2019. – № 6. – С. 73–81.
4. Федоров, М. В. Применение ИИ для анализа успеваемости учеников начальной школы // Инновации в образовании. – 2021. – № 7. – С. 12–18.
5. Иванов, П. А. Использование интерактивных образовательных платформ в начальной школе // Современные образовательные технологии. – 2020. – № 2. – С. 24–30.
6. Смирнова, О. В. Влияние интерактивных образовательных систем на успеваемость младших школьников // Педагогическое обозрение. – 2020. – № 3. – С. 34–40.
7. Достанбекова, А. «Цифровизация образования: от теории к практике». Вестник образования и науки Казахстана, 2021.
8. «Цифровой Казахстан: перспективы и вызовы». Экономика и управление, 2019.
9. Баймуханов К. «Искусственный интеллект в образовании: новые возможности и вызовы». Научные исследования в сфере образования, 2020.

ӘОЖ 373.31

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ (БІРІККЕН СЫНЫПТАРДА) БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

¹Дагарова Ж.У., ²Абильдина С.К., ³Южел Гелишли

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

²Гази университеті, Анкара қ., Түркия

Шағын жинақты мектеп ауыл мектебінің бір бөлігі. Шағын жинақты мектептердің басты ерекшелігі білім алушы санының аздығына қарай мектептердегі білім алушылардың біріктірілген сыныптарда білім алуында туындайтын қиындықтар. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы «Халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту туралы» №185 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады [1].

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білім беру мақсаты мен міндеттері білім алушыларды әлемдік даму деңгейіне сәйкес келетін белгілі бір біліммен қаруландыруды көздейді. Осы орайда шағын жинақты мектеп мұғалімдері білім алушылардың жеке бас ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерінің бар мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Ол үшін бір сабақтың үстінде педагог әртүрлі жастағы, ой өрісі мен білім дәрежесі әртүрлі білім алушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан ол балалардың психологиясын жақсы білуі тиіс.

Ауыл – қазақ халқының ұлттық негізінің мәйегі, тіл, салт-дәстүр, мемлекет іргетасының қалыптасуы мен дамуының алтын бесігі болса, ауыл мектебі – білім алушылардың жүрегінде үміт отын жағып, болашаққа деген сенімін ұялатқан білім мен мәдениеттің орталығы, ел бірлігінің алтын қазығына ұқсайды. Бүгінгі таңда қаймағы бұзылмаған ұлттық тәлім мен тәрбиенің қара шаңырағына айналған ауыл мектебінің қордаланған мәселелері бар екенін айтпаса да белгілі.

Негізгі мәселе ретінде – шағын жинақты мектептері білім алушыларының білім сапасының төмендігі, педагог кадрлардың жетіспеушілігі мен біліктілігін арттыру мәселесі қарастырылады.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, АҚШ, Австралия, Канада мен Польшада ШЖМ мұғалімінің жалақысы қала мектептері мұғалімдерінің жалақысынан 2 есе жоғары. Қашықтықтан оқыту технологиясы кеңінен қолданылады.

АҚШ пен Финляндияда интернаттар жоқ, тасымалдау жолға қойылған. Алайда бұл елдерде білім алушы уақытының көп бөлігі жолға жұмсалатындығы белгілі.

Австралия мен Швецияда мектептердің кластерлік механизмі (үлкен мектептер – хаб) қарастырылған.

Норвегияда ШЖМ-ның жартысы біріктірілген сыныптардан тұрады.

Ресейде ШЖМ-ны жан басына қаржыландыру тиімсіздігі анықталған. Сонымен қатар бастауыш ШЖМ-ны типтерге бөліп қарастырады.

Украинада ШЖМ мұғаліміне ставкалы жүктеме төленеді, жалақысы 2 есе жоғары және мектепті жабу тек ата-ананың келісімімен жүзеге асырылады.

Түркияда ШЖМ термині қарастырылмаған, дегенмен біріктірілген сынып мәселесі мұнда да кең қолданыста.

Шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп болып саналады.

2023 жылдың соңындағы мәліметтер бойынша елімізде 2722 шағын жинақты мектеп тіркелген. Шағын жинақты мектептердің 28-і қалалық жерде орналасса, 2694-і ауылдық жерлерде орналасқан.

Бастауыш шағын жинақты мектептер, яғни бала санының аздығына байланысты тек бастауыш сыныптар ғана оқитын мектептер саны – 468. Оның 5-і қалалық жерде болса, 463-і ауылдық жердегі бастауыш шағын жинақты мектептер. Тұрғындарының саны аз әрбір елді мекенде бастауыш ШЖМ білім алушыларының саны 5-тен 40-адамға дейінгі мектептер есептеледі. Бастауыш шағын жинақты мектептерде 5391 білім алушы білім алады. Оның 162-сі қалалық шағын жинақты бастауыш мектептерде білім алса, 5229-ы ауылдық шағын жинақты мектептерде білім алады.

Қазақ тілінде оқытылатын шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптардағы білім алушы саны – 13 829. Оның ішінде қазақ тілінде білім алатыны – 8281. Бастауыш білім беру деңгейінде 5324.

Әрине біріктірілген сыныптардағы оқыту мәселесін де білім сапасының төмен болуына әсер ететін факторлардың бірі деп қарауға болады.

Өңірлер бойынша барлығы 2912 сынып бастауыш білім беру деңгейінде біріктіріліп оқытылады. Оның ішінде 2 сынып біріктіріліп оқытылып отырғаны – 2504, 3 сынып біріктіріліп оқытылатыны – 211 және 4 сынып біріктіріліп оқытылатыны – 197 мектеп. Бастауыш білім беру деңгейінде біріктіріліп оқытылатын сыныптардың 1596-сы қазақ тілінде білім берсе, 1241 орыс және 72 мектеп өзге тілде оқытатын мектептердің сыныптары болып есептеледі.


Бұл елімізде соңғы жылдары орын алған өзгерістер болса, ШЖМ, оның ішінде біріккен сыныптарға қатысты Түркия елінде орын алған өзгерістер келесідегідей сипатқа ие.

Түркия Ұлттық білім беру Министрлігінің ресми статистикасына сүйенсек, 2022-2023 оқу жылдарына Түркияның 35581 мемлекеттік мектептерінің ішінен 16379 мектебінде біріктірілген сыныптар құрылған. Мұндай мектептерде 587379 білім алушы оқып, 27685 мұғалім жұмысқа қабылданған.

1-кесте - Біріктірілген бастауыш сыныптар бойынша мәлімет

Өңірлер	Бастауыш	2-сынып	3-сынып	4-сынып	қазақ	орыс	өзге
Ақмола	205	175	17	13	108	97	0
Ақтөбе	131	106	15	10	82	46	3
Алматы	12	7	1	4	12	0	0
Атырау	3	2	0	1	3	0	0
ШҚО	98	78	14	6	57	38	1
Жамбыл	23	19	1	3	19	4	0
БҚО	92	68	12	11	74	17	0
Қарағанды	82	66	9	7	47	29	6
Қостанай	235	190	32	13	84	147	4
Маңғыстау	0	0	0	0	0	0	0
Абай	72	61	6	5	49	16	7
Жетісу	30	22	5	3	26	4	0
Ұлытау	5	3	1	1	5	0	0
Павлодар	248	205	19	24	9	12	3
СҚО	192	147	24	21	76	103	13
Түркістан	38	27	2	9	34	0	4
Қызылорда	11	4	4	3	11	0	0
Барлығы	1477	1180	162	134	696	513	41

2-кесте - Біріктірілген бастауыш сыныптар бойынша мәлімет



Біріккен сыныптардың тарихы әлемде секілді, Түркияда да ертеден етек алған. Бүгінгі таңда ол әлемнің аз қоныстанған және қиырда орналасқан аймақтарында қолданылса да, Түркиядағы мектептердің елу пайызға жуығы әлі де болса біріккен сыныптарда білім беруде.

Осыған орай, «XXI ғасырда біріккен сыныптарда білім беру дұрыс болар ма екен?» деген сұраққа жауап, әрине, теріс болуы керек еді. Дегенмен, біріккен сыныптардағы білім берудің міндетті себептері жойылмаса, ШЖМ, оның ішінде біріккен сыныптарда оқытуды жалғастырудан басқа амал жоқ. Осыған байланысты, келесі міндет туындайды, ол - біріккен сыныптардың талаптарын қанағаттандыру үшін мұғалімнің біліктілігін арттыру [2].

Біріккен сыныптарда оқыту әдеттегі толық кешенді мектепте білім беруден ерекшеленеді әрі күрделі сипатқа ие. Бұл қиындық, көптеген себептерге байланысты болуы мүмкін, атап айтқанда, біріккен сыныптары бар мектеп құрылымы, қоршаған орта жағдайлары, айналасындағы адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құрылымы, білім алушылардың білім алуға дайындық деңгейі, мұғалімнің оқыту және тәрбиелеу міндеттерінің айқындығы және т.б. Осы және осыған ұқсас себептерді ескере отырып, қызметке дейін және қызмет ету кезінде біріктірілген сыныптары бар ауылдық шағын жинақты бастауыш мектептердің талаптарына сәйкес келетін мұғалімдерді даярлау өте маңызды.

Біріккен сыныптардағы деңгейі әртүрлі білім алушылардың бір сыныпта үнемі бір оқитыны осы сыныптардағы топтық жұмысты міндетті етеді. Түрік әдістемесі – бұл білім беру мақсаттары үшін құрылған, математика, жаратылыстану, тіл білімі секілді сабақтарында білім мен дағдылар көзқарасы

тұрғысынан бір деңгейдегі білім алушыларды топтастыру. Біріккен сыныптарда деңгейлерді топтастыру кезінде сыныпқа не мектепке түсу жылы ескерілмейді. Деңгейлер жиынтығын құру кезінде қойылатын жалғыз сын – ол білім алушылардың бір деңгейде болуы. Сәйкесінше, егер А тобындағы екінші сыныптың кейбір білім алушылары үшінші сыныптың білім алушыларымен қатар оқи алса, яғни оларды деңгейлес деп есептеуге және сәйкесінше тапсырмаларды сәйкес ұсынуға болады [3].

Дәл сол сияқты, бірнеше бірінші сынып оқушылары математикадан озық деп саналса, математикадан артта қалған үшінші сынып оқушылары топтастырылуы мүмкін. Бір деңгейдегі оқушылар санын шектеусіз жиынтықтағы оқушылар санын анықтайды. Мұғалім өз сыныбындағы оқушылардың деңгейін тесттер мен ұқсас әдістер арқылы анықтаса да, деңгейлер жиынтығын құру ойлағандай оңай емес. Мұнда Қазақстан мен Түркия елдері арасындағы ШЖМ, оның ішінде біріккен сыныптарда оқыту айырмашылығын байқауға болады.

Әрбір ата-ана баласының оны мектепке жіберу арқылы табысқа жетуін қалайды және күтеді. Бұл білім алушыларға да қатысты. Ешқандай оқушы мектепте үлгерімі төмен оқушы ретінде танылғысы келмейді. Білім алушылар мен олардың ата-аналарын жалқаулықтан еңбекқорлыққа ұмтылдыру мақсатында өз деңгейінде жұмыс істеуге ынталандыру үшін оқушыларды топтарға бөлер алдында білім алушылар мен олардың ата-аналарымен кеңесіп, мектептің мақсаты әр білім алушының өз күштері мен қолда бар мүмкіндіктері шегінде өсуін қамтамасыз ету екендігіне көз жеткізу керек. Мұндай жағдайларда білім алушылар өз қарқынымен және өз қабілеттерімен жаңаны үйренуге жол ашады.

Сабақтың міндетті элементтері – бір сыныпта отырған білім алушылардың өзіндік жұмысын және педагогтің басқа сынып білім алушыларымен тікелей жұмысын ұйымдастыру. Біріктірілген сыныпта аралас сабақ әдісін ең көп және жиі қолданылады, себебі басқа түрлері ұйымдастыруда өте күрделі және аз қолданылады. Сыныптарды біріктіріп оқыту барысында әр сыныпта жаңа материалды үйренуі тиіс. Сондықтан біріктірілген барлық сыныптарда жаңа материалды зерттейтін сабақ, сыныптағы білім алушылардың өзіндік жұмысынан және педагогтің кіші сынып білім алушыларымен тікелей жұмысынан басталады. Бастауыш жоғары сыныптағы өзіндік жұмыс әдетте білім алушылардың жаңа материалды үйренуге дайындығымен алдында өткен материалмен тығыз байланысты. 15-20 минутқа созылатын жоғары сыныптағы өзіндік жұмыс кезінде кіші сыныпта жаңа материалмен жұмысты ұйымдастырады және 15 минутқа дейін өздігінен жұмыс істеуге тапсырма беру ұсынылады. Содан кейін мұғалім жоғары сыныпқа ауысады, орындалған өзіндік жұмыстың нәтижелерін тексереді және сыныптағы және үйдегі өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалармен аяқталатын жаңа материалды зерттеу жұмысын ұйымдастырады. Қалған уақытта педагог бастауыш сынып білім алушыларының өзіндік жұмысының нәтижесін тексереді, қосымша жаттығулар мен үйге тапсырма береді.

Ұқсас тақырыптар бойынша бір сыныпта жаңа материал зерттелген, ал екінші сыныпта өткен материал қайталанған және бекітілген жағдайда немесе екі сыныпта бұрын зерттелген материал бекітілген кезде екі сыныпты сабақтар жоспарланады және өткізіледі. Мұндай жағдайларда сабақ педагогтің сол сынып білім алушыларымен тікелей жұмысынан басталады. Бұл жағдайда білім алушылардың өзіндік жұмысын тезірек және оңай ұйымдастыруға болады [4].

Дегенмен, шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптардың болуының көптеген жағымды жақтары да бар:

- Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін олардың іс-әрекет тәсілдеріне мақсатты оқыту арқылы тиімді басқарудың нақты негізін құру;
- Көп пәнді оқыту білім алушылармен танымдық іс-әрекет тәсілдерін жиі және жақсы пысықтауға мүмкіндік береді;
- Педагогке әр білім алушымен жедел кері байланыс орнатуға мүмкіндік беріледі;
- Педагогтің білім алушыларға оқу-танымдық іс-әрекет процесінде уақыттылы және пәрменді көмек көрсетуге толық мүмкіндігі болады.

Біріктірілген сыныптағы оқытудың кемшіліктері:

1. Уақыттың жетіспеушілігі, қосымша ақпаратты қалаған көлемде пайдалана алмауы;
2. Оқулықтар сыныптағы оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескермейді.
3. Білім алушылардың шаршауы артады.
4. Сабақтардың құрылымдық байланыстары, олардың арасында әсіресе жаңа материалды түсіндіріп, оны бекіту кезінде анық болмай, дұрыс емес қатынастар орнатылуы мүмкін.
5. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын тексеру қиындығы.
6. Егер жиынтықта бірінші сынып болса, онда сабақтағы уақыттың көп бөлігі оларға беріледі. Осыған байланысты белгілі бір дәрежеде басқа сынып білім алушыларының мүдделері бұзылады.

Қорытындылай келе, бұл мақалада екі елдің ШЖМ, оның ішінде біріккен сыныптарда білім беру жүйесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атап өттік. Шағын жинақты мектеп мәселесі – еліміздегі білім беру саласындағы күрделі мәселелердің бірі. Шағын жинақты мектеп мәселесін бір жақты шешу мүмкін емес. Аталған мәселені шешу үшін кешенді жұмыстар жоспарлануы қажет. Бұл ретте жергілікті атқарушы органдар тарапынан ауылды сақтап қалу үшін ауыл мектептерінің жағдайын жасау қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы 185-бұйрығы.
2. Біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты мектептерде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана қ.: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 25 б.
3. Karagöz, Süleyman. (1966). İlkokul Program Taslağı Işığında Köy İlkokullarında Eğitim Öğretim. Ankara:MEB.Öğretmeni İşbaşında Yetiştirme Bürosu Yayınları Seri: B, Sayı: 28.
4. Birleştirilmiş sınıflarda ve müstakil sınıflarda öğrenim gören 1. Sınıf öğrencilerinin okuduğunu anlama becerisinin değerlendirilmesi. - Mehmet Çoşkun (2023): B, Sayı: 36.

УДК 117

ТЕХНОЛОГИЯ СТЕП-ЛОГОРИТМИКИ, КАК ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ДВИГАТЕЛЬНОЙ И КОММУНИКАТИВНО – РЕЧЕВОЙ СФЕРЫ ОБУЧАЮЩИХСЯ С НАРУШЕНИЯМИ ОПОРНО-ДВИГАТЕЛЬНОГО АППАРАТА

Доманова Н.В.

КГУ «Специальная школа-интернат №2» управления образования Карагандинской области,
Караганда, Казахстан

Современное общество переживает период стремительных изменений, что приводит к нравственно-культурному кризису. В этой быстро меняющейся среде традиционные методы обучения в школах-интернатах для детей с особенностями развития уже не полностью отвечают актуальным требованиям государственных образовательных стандартов Республики Казахстан.

Особую актуальность приобретает развитие речедвигательной сферы у обучающихся с нарушениями опорно-двигательного аппарата. Это является ключевым фактором для полноценного развития личности и интеграции в общество.

Известно, что большинство детей с детским церебральным параличом страдают нарушениями звукопроизношения, при этом недостатки произносительной системы родного языка часто сочетаются с проблемами восприятия фонем. У этих детей наблюдается несовершенство двигательных функций, коррекция которых способствует более эффективному и быстрому преодолению основного речевого расстройства.

Использование новых технологий в работе с детьми открывает педагогу новые возможности для преподнесения материала. Поэтому коррекционная деятельность учителя-логопеда требует обращения к новым формам, которые позволили бы преодолевать нарушения в двигательной и речевой сферах у обучающихся незаметно для них.

Задача заключается в том, чтобы на логопедических занятиях подобрать такие формы и методы обучения детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата (НОДА), которые целенаправленно будут стимулировать двигательную и речевую активность школьников, влиять на коррекцию речевого развития и развивать активный словарь.

Все вышесказанное побудило нас заняться проблемой развития двигательной и коммуникативно-речевой сферы путем устранения нарушений посредством использования степ-логоритмики.

В нашем исследовании мы стремимся структурировать знания, полученные из литературных источников, по проблеме развития речи и моторики с помощью степ-логоритмики.

Степ-аэробика, популярный вид фитнеса, основанный на шаговых движениях, отличается простотой и доступностью. «Step» в переводе с английского означает «шаг», отражая суть этого направления. Благодаря своей несложной структуре, степ-аэробика не требует высокой концентрации

внимания на технике выполнения упражнений. Она пользуется широкой популярностью во всем мире, число ее поклонников постоянно растет.

Степ-аэробика - это танцевальные занятия при помощи специальной платформы, имеющей приспособления, позволяющие устанавливать нужную высоту. В школе-интернате мы используем степ-доску высота – 10см, ширина – 30см, длина – 40см.

Упражнения в степ-аэробике направлены на тренировку сердечно-сосудистой системы и улучшение координации движений. Данный вид физической активности оказывает благотворное влияние на весь организм, укрепляя дыхательную, сердечно-сосудистую, мышечную и нервную системы, а также нормализуя артериальное давление и функционирование вестибулярного аппарата.

Новизна данного опыта заключается в том, что наряду с традиционными упражнениями, на занятиях используются специальные нетрадиционные упражнения по степ-аэробике, а также логоритмические упражнения. Сочетание этих элементов не только укрепляет тело, но и стимулирует гармоничное развитие координации движений и речи. Музыкальное сопровождение и возможность освоить танец дарят положительные эмоции, а стремление к здоровью и бодрости становится мощным мотиватором для обучения.

Степ-логоритмика – это увлекательное путешествие в мир движения и речи, где дети, в ритме музыки и стихов, осваивают основные движения, играют в подвижные игры, а также учатся правильно произносить звуки [1].

Занятия степ-логоритмикой – это не просто упражнения, а яркая, эмоциональная игра, которая помогает развивать ритмическое чувство, координацию, речь, равновесие, осанку, а также пробуждает радость и удовольствие от движения.

Для детей с речедвигательными расстройствами степ-логоритмика особенно полезна, так как она помогает синхронизировать внутренний ритм ребенка с ритмом окружающего мира, что способствует улучшению речи и координации движений.

Важно отметить, что занятия степ-логоритмикой проводятся с учетом индивидуальных особенностей каждого ребенка, что делает их еще более эффективными и интересными.

Логоритмика - это уникальная система, объединяющая физические упражнения, степ, музыку, чтение стихов и пение. Она помогает развивать чувство ритма, координацию, речь, равновесие и осанку, а также дарит позитивные эмоции [2].

Особую ценность логоритмика имеет для детей с речедвигательными нарушениями. Их индивидуальный внутренний ритм часто нарушен: слишком быстрый или медленный. Логоритмика позволяет синхронизировать его с помощью музыки и движений.

Ключевой принцип логоритмики: связь слова, музыки и движения. Их соотношение может меняться в зависимости от тяжести заболевания, уровня речевого развития и этапа коррекции.

Движение и речь тесно связаны. Нарушения моторики негативно влияют на речь, поэтому логоритмика помогает решать обе проблемы одновременно. Комплексный подход обеспечивает гармоничное развитие ребенка.

Дети с НОДА с удовольствием включаются в пальчиковые, речевые, музыкально - двигательные и коммуникативные игры.

Двигательная деятельность в нашей школе-интернате строится на принципах доступности и новизны, постепенно усложняясь от простого к сложному. Все виды логоритмических игр и упражнений предлагаются детям в сочетании с ритмической основой: под музыку, под счет или словесное, чаще стихотворное сопровождение. Таким образом, соблюдается последовательность, постепенное усложнение и повторяемость материала, отрабатывается ритмическая структура слова, четкое произношение доступных по возрасту звуков, а также обогащается словарный запас детей.

Индивидуальные занятия по степ-логоритмике организуются в нашей школе-интернате в виде дополнительных занятий. Активные действия детей чередуются с более спокойной деятельностью, сопровождая речью.

Упражнения для степ-логоритмики подбираются преимущественно циклического характера, таких как ходьба, вызывающие активную деятельность органов кровообращения и дыхания.

Каждый комплекс упражнений классически состоит из трех частей:

Подготовительная часть, обеспечивает разогревание организма, подготовку его к главной физической нагрузке. Упражнения выполняются с небольшой амплитудой. В эту часть входят построение и перестроение.

Во второй части степ - шаги в сочетании с упражнениями плечевого пояса и упражнениями на другие группы мышц (10 минут), силовые упражнения с использованием степа (5 минут); используются общеразвивающие упражнения основные виды упражнений и подвижная игра.

В заключительной части комплекс аэробики упражнениями на дыхание и расслабление, выполняемыми в медленном темпе и из различных исходных положений. «Дыхательная гимнастика» служит для расслабления мышц, на восстановление организма, дыхания после нагрузки, её можно выполнять стоя на степе или за степом. Выполняя динамические дыхательные упражнения, следует помнить, что амплитуду и темп упражнений необходимо согласовывать с глубиной и ритмом дыхания. Вдоху способствуют упражнения, связанные с выпрямлением туловища, разведением рук в стороны и подъемом их вверх; выдоху - упражнения в сгибании туловища вперед, приседания, сведение и опускания рук. Для детей с НОДА характерны различные несовершенства речевого дыхания: слабый вдох и выдох, неэкономное и неравномерное распределение выдыхаемого воздуха, неравномерный, толчкообразный выдох и др., поэтому регулярные дыхательные упражнения для детей полезны не только как общеоздоровительное средство, но и как одно из условий формирования правильной, красивой речи.

В результате реализации занятий по логоритмике достигаются положительные эффекты: исправляются речевые дефекты, формируется основа для успешного освоения общеобразовательных программ и создаются условия для социализации детей в обществе [3].

Занятия по логоритмике, проведенные нами, демонстрируют впечатляющие результаты, раскрывающие потенциал этого метода для детей с различными потребностями:

Со стороны речи:

- Исправление и смягчение дефектов речи у детей с системным недоразвитием речи.
- Повышение уровня произносительной культуры, стимулирование развития фонематического слуха.
- Развитие артикуляционной моторики, что способствует более четкой и правильной речи.

На уровне движений:

- Улучшение двигательных способностей у детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата.
- Повышение координации движений, способности ощущать ритм и выражать его в движениях.
- Развитие пространственной ориентации и чувства ритма.

Психоэмоциональное развитие:

- Усиление впечатлительности, музыкального восприятия, активизирующее умственную деятельность детей.
- Развитие эмоциональной отзывчивости, способности выражать свои чувства в движениях и речи.
- Повышение самооценки и уверенности в себе.

Творчество и самовыражение:

- Появление потребности в красивом, выразительном движении, что развивает творческий потенциал и способствует самореализации.
- Развитие фантазии, воображения и способности к импровизации.

Опыт работы с детьми, демонстрирующий положительные результаты, подтверждает важность логоритмики для своевременной помощи детям, содействуя их гармоничному развитию в физическом, речевом, эмоциональном и творческом планах.

Список литературы:

1. Агапова И.А., Давыдова М.А. Лучшие игры и развлечения со словами. - М., 2006.
2. Бурлакина О.В. Комплексы упражнений для формирования правильного речевого дыхания. - СПб., 2012.
3. Григорьева, Л.Г. Дети с проблемами в развитии. – М.: Академкнига, 2002. – 213 с.
4. Кольцова М.М. Двигательная активность и развитие функций мозга ребёнка. - М.1973
5. Лопухина И.С. Речь, ритм, движение. - М., 2001.
6. Потапчук А.А., Овчинникова Т.С. Двигательный игротренинг для дошкольников. - СПб., 2002.
- Коррекционная педагогика. Научно - методический журнал. №2 (60), 2014.
8. Сиротюк А.Л. Нейропсихологическое и психофизиологическое сопровождение обучения/ А.Л.Сиротюк.М.: ТЦСфера, 2003. - 288 с.

ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК СРЕДСТВО АКТИВИЗАЦИИ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ ЛИЧНОСТИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА**¹Елемесова А., ²Фейзулдаева С.А.**¹Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г. Талдыкорган, Казахстан²Алматинский гуманитарно-экономический университет, г. Алматы, Казахстан

Современное общество предъявляет к системе образования требования по всестороннему развитию личности, особенно это касается младшего школьного возраста, когда закладываются основы нравственности и этики. Это особенно важно в реалиях настоящего времени. Использование проектной деятельности позволяет повысить интерес обучающихся. Проектная деятельность становится одним из ключевых методов формирования духовно-нравственных качеств младших школьников. Активное участие в проектах позволяет детям применять нравственные ценности на практике, что усиливает их восприятие и усвоение.

Проектная деятельность обучающихся – это вид образовательной деятельности, основной задачей которой является проектный способ достижения цели через решение конкретной проблемы в условиях ограниченности срока и ресурсов, которая завершается практическим результатом в виде проекта. Проектная деятельность предполагает самостоятельное приобретение обучающимися знаний в процессе решения практических задач, требующих интеграции компетенций из разных предметных областей.

В 2024-2025 учебном году Министерство просвещения Республики Казахстан уделило пристальное внимание технологии проектной деятельности в обучении. Весь процесс обучения должен быть непрерывно связан с проектной деятельностью обучающихся. Поэтому использование проектной деятельности для активизации духовно-нравственных качеств является своевременным и актуальным методом воспитания подрастающих младших школьников.

Духовно-нравственное воспитание занимает центральное место в образовательной политике многих стран, так как формирование моральных качеств и гуманистических ценностей закладывает основу для формирования зрелой, ответственной личности. Цель данной статьи – рассмотреть, как проектная деятельность может стать средством активизации духовно-нравственных качеств личности младшего школьника и проанализировать результаты её использования в образовательной практике, для дальнейшего применения в воспитательной работе.

Духовно-нравственное воспитание в педагогической науке определяется как процесс формирования системы моральных ценностей, которая определяет поведение и отношение человека к другим людям и миру. В младшем школьном возрасте дети особенно восприимчивы к влиянию образовательной среды, а также к межличностным отношениям с учителями и сверстниками. Формирование моральных качеств, таких как доброта, честность, уважение, идёт через осознание ребёнком своих действий и их влияния на окружающих.

По мнению педагогов и психологов (Казакова, Виноградова, Смирнов), проектная деятельность является одним из эффективных методов формирования нравственных качеств [1]. Проекты могут выполняться индивидуально, а также в парах и в группах, что в свою очередь предполагает выполнение коллективной работы, это способствует развитию таких качеств, как сотрудничество, терпимость и готовность принять точку зрения других участников.

Проблеме нравственного развития посвящены труды А.Н.Ананьева, Л.С.Выготского, А.И.Рувинского, В.М.Коротова и т.д. Структура нравственной культуры как компонента духовной содержится в работах Б.Т.Лихачева. Вопросы взаимосвязи нравственного и эстетического воспитания школьников рассматриваются в работах К.В.Гавриловец, И.И.Казимирской.

Проектная деятельность обладает рядом преимуществ перед традиционными формами обучения [2]. В первую очередь, она предполагает активное участие ребенка в образовательном процессе, а также выполнение практических задач, что способствует лучшему осмыслению изучаемого материала. В проектной деятельности ребёнок учится действовать самостоятельно, но в то же время в коллективе, что развивает как личные, так и социальные качества.

Проекты могут быть направлены на изучение различных социально значимых тем: экологии, культурного наследия, традиций семьи и общества, что напрямую способствует развитию нравственных качеств [3]. Например, проекты, связанные с экологией, позволяют детям осознать важность заботы об окружающем мире и ответственности за свои действия. Проекты на тему

культурного наследия и традиций помогают детям формировать уважительное отношение к истории своей страны и других народов, развивать патриотизм и уважение к другим культурам [4].

Примером успешного проекта может служить проект «Наши традиции», где дети исследовали историю и обычаи своей семьи и региона, а затем делились своими находками с одноклассниками. Этот проект помог школьникам развить уважение к своей культуре и осознать значимость семейных ценностей.

Исследование проводилось на базе городской школы, где проектная деятельность используется как метод воспитания духовно-нравственных качеств младших школьников. В исследовании участвовали 60 обучающихся начальных классов (1-3 классы), их педагоги и родители.

Методология включала:

- анкетирование учащихся и родителей для выявления уровня духовно-нравственных качеств до и после реализации проектов;
- наблюдение за поведением детей в ходе выполнения проектов;
- интервью с педагогами для оценки эффективности применяемых методов.

Проекты были организованы на темы, касающиеся важнейших социальных и нравственных вопросов: «Моя семья», «Помощь природе», «Добрые дела для окружающих», «Помощь животным». Каждому проекту предшествовала подготовительная работа, где обсуждались цели и задачи, определялись роли участников и средства для выполнения проекта.

Анализ результатов показал, что проектная деятельность оказала значительное влияние на формирование духовно-нравственных качеств младших школьников. До начала проектов дети демонстрировали разный уровень осознания нравственных ценностей, однако по результатам проектов было выявлено повышение уровня социальной ответственности и эмпатии.

Учащиеся активно включались в проектную деятельность, с интересом воспринимали новые задания, в ходе которых им приходилось принимать решения, учитывать интересы других участников и понимать последствия своих действий. Родители и педагоги отметили положительные изменения в поведении детей, особенно в отношении взаимопомощи и готовности поддерживать других.

Так, в проекте «Добрые дела для окружающих» дети организовали несколько акций по сбору вещей для нуждающихся семей.

В проекте «Помощь природе» обучающиеся в апреле 2024 года готовили вместе с родителями кормушки для птиц из использованных старых вещей, после изготовления кормушек учащиеся с помощью учителей развешали кормушки в школьном парке.

Таблица 1 - Результаты эксперимента по проекту «Помощь природе»

Класс	Количество учащихся	Приняли участие в проекте «Помощь природе»	% участия
1А	20	12	60%
1Б	21	10	47,6%
2А	24	15	62,5%
3А	16	9	56,25%
3Б	21	14	66,7%
Итого	102	60	58,8%

Таким образом, 102 учащимся из контингента 1-3 классов, было предложено сделать проект совместно с родителями, выполнили проектные работы 60 обучающихся, что составило 58,8% от общего числа учащихся 1-3 классов.

По итогам проекта большинство участников выразили готовность продолжать подобные инициативы вне школьных проектов, что свидетельствует о глубокой внутренней работе над нравственными качествами.

Проведённое исследование подтверждает гипотезу о том, что проектная деятельность является эффективным средством активизации духовно-нравственных качеств личности младшего школьника. В процессе работы над проектами дети не только приобретают знания и умения, но и развивают в себе такие качества, как ответственность, доброта, взаимопомощь, эмпатия и уважение к окружающим. Проекты также помогают осознавать значимость общечеловеческих ценностей и формировать устойчивые нравственные ориентиры.

Проектная деятельность представляет собой мощный педагогический инструмент, способствующий формированию духовно-нравственных качеств младших школьников [5]. Активное участие детей в проектной работе помогает им не только усваивать новые знания, но и применять их в реальной жизни, что стимулирует осознание моральных принципов и укрепление личных ценностей.

Проекты, направленные на изучение социально значимых вопросов, таких как помощь нуждающимся, защита окружающей среды, уважение к традициям и культуре, позволяют детям усваивать моральные нормы через практическую деятельность и коллективное взаимодействие. Это даёт возможность младшим школьникам не только стать более сознательными гражданами, но и воспитать в себе черты характера, необходимые для полноценного существования в обществе.

Список литературы:

1. Виноградова Н.Ф. Проектная деятельность как средство духовно-нравственного воспитания младших школьников // Педагогика. – 2019. – № 7. – С. 89-93.
2. Казакова Е.В. Воспитание духовно-нравственных качеств личности младшего школьника через учебную деятельность // Научный вестник. – 2021. – № 5. – С. 110-115.
3. Смирнов А.В., Беляева Т.Н. Проектное обучение и его роль в нравственном воспитании детей // Вопросы образования. – 2020. – № 4. – С. 45-52.
4. Лопатина Е.И. Проектная деятельность в образовательном процессе: возможности и перспективы // Вестник образования. – 2020. – № 3. – С. 78-84.
5. Оспанова Г.С., Ыскак А.И., Кубенов М.А., Бозшатаева Г.Т., Турабаева Г.К. Организация проектной деятельности школьников // Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – № 3-1. – С. 51-53; URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=9629>

ӘОЖ 373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

¹Жайлауова М.К., ²Жайлауова Г.К.

¹Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

²№130 Абай атындағы орта мектеп, Қызылорда қ., Қазақстан

Қазіргі заманғы білім берудің ең өткір мәселесі - сыни тұрғыдан ойлауға, ұтқырлыққа және туындайтын мәселелерге стандартты емес шешімдерге қабілетті, бәсекеге қабілетті оқушыларды даярлау. Бұл талаптар өмірдің экономикалық және әлеуметтік салаларында сапалы серпіліс жасауға қабілетті және біздің еліміздің халықаралық қоғамдастықтағы орнына әсер ете алатын кәсіби элитаны қалыптастыруды қажет етеді. Сондықтан, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде дарынды балаларды табу, дамыту және қолдау проблемасы өте өзекті болып табылады.

Дарындылық - психиканың жүйелі әрі күрделі сапасы. Бір адамды екінші адаммен салыстыру бойынша бірінші адамда бар әрекеттер екінші адамнан жоғары болғанда, яғни, қол жеткізген нәтижелері ерекше жоғары сапада дамыған қабілеттерін анықтайды.

Қазіргі кезеңде қолданбалы зерттеулер мен педагогикалық практика басталатын бастапқы нүкте Д.Б.Эпифания мен В.Д.Шадриков өңдеген «дарындылықтың жұмыс тұжырымдамасы» болып табылады.

Дарынды баланың кез келген әрекетінде анық, жарқын, кейде жоғары жетістіктерімен ерекшеленетін және жетістіктерге ұмтылатын, ішкі ынтасы көрініп тұрады.

Қазіргі әлемде мемлекет пен жалпы қоғамда дарынды ұрпақты оқытуға және тәрбиелеуге қызығушылықтың артып келе жатқандығы белгілі.

Бастауыш сыныптағы дарынды балаларды қолдау және дамыту – болашаққа бағытталған ең маңызды әрекеттердің бірі. Қазіргі қоғамда осы жағдайларға байланысты мұғалімдерге дарынды баланың жеке басын дамыта отырып, оның қабілеттерін анықтауға ықпал ету міндеттеліп отыр.

Дарындылық - осы уақытқа дейін өздігінше дамып келе жатқан жүйелі сапа, адамның жоғары әрі ерекше деңгейлерге жету мүмкіндігін анықтай отырып, психика бойынша басқа адамдармен салыстырғанда әрекеттің бір немесе бірнеше түріндегі айрықша нәтижелер.

Жалпы, «дарындылық» ұғымының қалыптасуы бес тарихи кезеңнен тұрады:

- I кезең (көне заманнан ХІХ ғасырдың ортасына дейін). Дарынды адамды Құдай тандап, ерекше қабілетті дарытады.

• II кезең (Ағарту дәуірі). Джон Локк дарынды адамның білім ресурсы толығымен тәжірибеден және сыртқы дүниені сенсорлық қабылдаудан құрылады деп санады .

• III кезең (XIX ғасырдың II жартысы). Дарындылықтың шығу тегін табуға тырысу оның Құдайдың алдын-ала анықтауында, белгілі бір адамды таңдап алуында емес, туа біткен ерекшеліктер екендігі нақтыланды (Фрэнсис Гальтон).

• V кезең (XX ғасыр). Бұл кезеңнің идеяларына біршама өзгерістер енгізіліп, дарындылықты және интеллектіні анықтау үшін сынақтар пайда болып, жүргізіле бастады. А.Бинет пен В.Штерн әзірлеген 3 теорияда: революциялық, функционалдық, эволюциялық дамуды енгізу жұмыстары ретінде балалардың қабілеттеріне тұжырым жасалды. Ф.Айала, Дж.Кигер және В.Н.Дружинин генотип және қоршаған ортаның интеллектінің дамуына әсері; Дж.Гильфордтың интеллект құрылымының моделі; Д.Рензули дарындылықтың 3 сақиналы моделі туралы; Д.Б.Богоявленская мен В.Д.Шадриков дарындылықтың 2 белгісі: 1.Аспаптық; 2.Мотивациялық деген тұжырым жасады.

• V кезең (XXI ғасырдың басы). 2003 жылы кеңейтілген және «дарындылықтың жұмыс тұжырымдамасының» қайта қаралған басылымы, «дарындылық» және «дарынды бала» ұғымдарының анықтамалары берілген, шетелдік және отандық дарындылық саласындағы зерттеулер жүргізілген.

Іргелі білім беру мектепте оқу әрекетінің басым бағыты болып табылады. Әр баланың интеллектуалды және шығармашылық қабілеті ерекше, сондықтан оқушылардың әрқайсысына жеке көзқараспен қарап, қабілеттеріне көңіл бөлу қажет.

Бастауыш мектептегі оқу әрекеті барысында мұғалімнің назары көбіне артта қалған, яғни сабақты игере алмай жатқан оқушыларға ауып кетеді. Мұғалім оларды толығырақ оқытуға тырысады, балаға жаңа тақырыпты жеткізу үшін өткен материалды қайталап оқытуға мәжбүр болады, ал дарынды балалар назардан тыс қалады. Үлгермей жатқан оқушыларға да, дарынды оқушыларға да мұғалім тарапынан шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту үшін әр балаға көмек қажет. Сонымен қатар оқушы қаншалықты дарынды болса да, оқушыны ары қарай шыңдап, үйрете түсу қажет екенін есте ұстаған жөн. Оны жұмыс істеуге, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету маңызды. Мұндай баланы тәрбиелеу қиынырақ, оған табандылық, шыдамдылық және саналылық қажет екенін ескерген жөн. Баланы бастауыш сыныптан орындығынан бастап, шығармашылықпен таныстыру керек, барлық қажетті жағдайларды қарастырып, болашақ мықты ұрпақтың үлгісін көрсете алатын тұлға тәрбиелеуіміз қажет. Сондықтан заманауи білім беру жүйесін жетілдіруде дарындылықты ерте анықтау, тәрбиелеу және дарынды балаларды оқыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады [1].

Дарындылық - жас ерекшеліктері нормалары мен психикалық дамудағы ілгерілеу немесе ерекше қабілеттердің дамуы. Бастауыш мектептегі балалар - жаңа ақпаратты қабылдап, қоршаған ортамен тығыз байланыс орнататын жас кезеңіндегі оқушылар. Оқушы мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алатындықтан, ол өзі оқуда, білім алуда, айналасындағы ортасымен тіл-табысу қиындығы пайда бола бастайды. Сондықтан мұғалімнің міндетіне осы қиындықтардан алып шығу жатады. Бастауыш сыны мұғалімдері қарапайым және дарынды балалардың табиғи таланттарының мүмкіндіктері ашылу үшін шығармашыл, білімге құштар, даму мүмкіншілігі жоғары орта жасай алуы қажет. Бірақ мұндай балалар үлкендерден немесе сынып мұғалімінен барынша қолдау күтеді, қолдауды қажет етеді.

Бастауыш сыныптағы дарынды балалармен жұмыс кезінде төмендегідей бірнеше қиындықтар туындайды. Олар:

1. Балалардың әлеуметтік жауапкершілігінің жоқтығы;
2. Қызба мінезді болуы;
3. Жас ерекшелігі бірдей балалармен қарым-қатынасының дұрыс болмауы;
4. Танымдық қызығушылықтың тым көп болуы.

Б.М.Теплов өз еңбектерінде дарындылықты барынша айқын көрсетеді. Ол: «Дарындылық туралы ілімнің негізгі ұғымдарын белгілеген кезде қабілеттілік ұғымымен ұштастырған жөн», - деп тұжырымдады [2].

Психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде дарындылық тұжырымдамасын зерттеу белгілі ғалым Н.С.Лейтестің есімімен тығыз байланысты. Ол дарынды балалардың жас ерекшеліктері олардың ақыл-ойларына, оның белгілі бір тұстарына байланысты болатынын атап өткен. «Қабілет - адамның мүмкіндіктерін анықтайтын жеке психикалық қасиеттер» екенін ғалым Н.С.Лейтес айқындап берген болатын. Сондай-ақ Н.С.Лейтес қабілеттер мен бейімділіктердің арақатынасы туралы мәселені дарындылықты зерттеудегі маңызды сәт ретінде қарастырған. Ол дарынды балалардың ақыл-ой қабілетін келесі бейімділіктермен бөліп көрсетті: зейінді шоғырландыруға және таным процесіне, эмоционалды сезінуге үнемі дайын болу; сезімталдықтың жоғарылауы: алынған білімнің сипаты және т.б.

Н.С.Лейтес үшін дарындылық ұғымы адамның жасына байланысты өз маңызын көрсетіп отырған. Бұл тұжырымдаманың белгілі бір түсіндірме мағынасы бар: ол баланың ерекше ақыл-ой қасиеттерінің жас ерекшеліктеріне және балалық шақтың ерекшеліктеріне тәуелділігін мойындауды көрсетеді. Баланың ерекше жоғары психикалық деңгейі мен ерте жетістіктері міндетті түрде дарындылықтың хабаршысы бола бермейді. Олар: уақытша және өтпелі болуы мүмкін. Н.С.Лейтестің зерттеулерінің негізгі әдістері: бақылау, әңгіме, өмірбаяндық әдіс, табиғи эксперимент, әрекет өнімдерін талдау. Бұл еңбек жалпы психикалық даму үшін осы ерекшеліктердің маңыздылығы тұрғысынан мектептегі балалық шақтың негізгі кезеңдерінің ерекшеліктерін талдауға арналған. Әрі қарай Н.С.Лейтес оқушылардың жас ерекшеліктерін дамытудың нұсқаларын қарастырады: бастауыш мектеп жасындағы ерте психикалық өсу жағдайлары, жасөспірімдердегі ақыл-ой дамуының салыстырмалы түрде артта қалу немесе озып кету жағдайлары және ерте жастағы жедел даму жағдайлары. Жалпы ақыл-ой қабілеттерінің көріністері мен жасқа байланысты өзгерістердің терең байланысы үнемі атап өтіледі. Жүйке жүйесінің түріне, сондай-ақ көркемдік немесе ойлау түріне байланысты жеке типтік айырмашылықтар келтірілген, интеллектуалды және жеке дамудың өзара әсері көрсетілген. Сонымен бірге автор «дарындылықтың жұмыс тұжырымдамасын» ұстанады [3].

Әрбір баланың даму қарқыны жеке, бұл процесте алға жылдам жылжулар мен баяулаулар болуы мүмкін, дегенмен әр жас кезеңінің өзіндік артықшылықтары мен бірегейлігі бар. Бұдан «жасқа байланысты дарындылық» бар екендігі шығады. Жасқа байланысты дарындылықтың жарқын көріністері көрнекті қабілеттердің өсуіне негіз болады.

А.Г.Петровский «маңызды бірнеше қабілеттер» деп аталатын дарындылықтың құрылымын қарастырды. Ол былай деп атап өтеді: «Тұлғаның ең бірінші ерекшеленетін қасиеті – зейінділік, байсалдылық, еңбекке үнемі дайын болу. Жоғары дарынды бала тұлғасының екінші ерекшелігі біріншімен тығыз байланысты: оның еңбекке дайындығы, еңбекке бейімділікке, еңбексүйгіштікке, басылмайтын еңбек қажеттілігіне айналады. Үшінші топтағы белгілер интеллектуалдық әрекетке тікелей байланысты: бұл ойлау ерекшеліктері, ойлау процестерінің жылдамдығы, ақыл-ойдың жүйелілігі, талдау және жалпылау мүмкіндіктерінің артуы, ақыл-ой әрекетінің жоғары өнімділігі» [4].

Л.С.Выготский қабілеттердің жоғарылау деңгейін қарастыра отырып, оқыту дамуды ілгерілетеді және баланы оқытқан жағдайда ғана жүзеге асады деген ұстанымды ұсынды. Жакын даму аймағына негізделген оқыту ғана дамытушы болып табылады. Сондықтан Л.С.Выготский дарындылықты тиісті іс-әрекетте дамитын немесе ол болмаған жағдайда деградацияға ұшырайтын қабілеттердің генетикалық анықталған құрамдас бөлігі ретінде қарастырады [5].

А.М.Матюшкин «Дарындылық жұмбақтары» атты кітабында: «Дарындылық дегеніміз не? Дарындылық сирек кездесетін жеке сыйлық па, әлде әлеуметтік шындық па? Дарынды балаларға қалай қарау керек? Олар арнайы зерттеу мен тәсілді қажет ете ме?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Автор осы мәселе бойынша зерттеулердің даму тарихына, сондай-ақ өз жұмыстарына сүйене отырып, өзінің тұжырымдамасын баяндайды, талантты балаларға практикалық көмек көрсету үшін нақты материал келтіреді. Кітап дарынды балаларды тәрбиелеуде қиындықтарға тап болған мұғалімдерге, практикалық психологтарға, ата-аналарға, сондай-ақ оқырмандардың кең ауқымына арналған [6].

А.М.Матюшкиннің шығармашылық дарындылығы тұжырымдамасының негізгі аспектілері қазіргі ғылыми әдебиеттерде, Ресей психология институтының дарындылық психологиясы зертханасында бастау алған. Шығармашылық дарындылық тұжырымдамасына сәйкес дарындылық туралы негізгі идеялар тұжырымдалған, оның әр түрлі жас кезеңдеріндегі негізгі компоненттер, құрылым және даму, көріністердегі зерттеу белсенділігінің рөлі балалар мен оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту, балалардың мектеп дарындылығын анықтау және дамыту тәсілдері оқыту. Жеке тұлғаның дарындылығын көп өлшемді ретінде түсіну жеке әлеует пен сыртқы ортаның өзара әрекеттесу процесінде көп деңгейлі дамып келе жатқан жүйе жаңа жорықтарды құрудың теориялық негізін жасайды әр түрлі типтегі балаларды анықтау, дамыту және оқыту және дарындылық деңгейлері. Дарындылармен жұмыс істеудің негізгі мақсаты оқушыларды едәуір жетістіктерге жеткізу, сонымен қатар қабілеттерінің жоғары деңгейіне және шығармашылық ізденіске деген ұмтылысына сәйкес әлеуетті мүмкіндіктерін ашу үшін жағдай жасау. Қолданбалы аспект дамуда дарынды балаларды оқыту, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және оларға кеңес беру әдістері мен бағдарламалары жас дамуының әртүрлі кезеңдерінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Балалық және мектеп жасындағы жалпы дарындылық - психикалық дамудың маңызды факторларының бірі. Арнайы жан-жақтылықтың, шығармашыл дамудың жалпы негізі- дарындылық. А.М.Матюшкин ұсынған құрылымдық-динамикалық модель жалпы балалық шақтағы дарындылықты, жоғары шығармашылық әлеуетті, эмоционалды өзара әрекеттесу нәтижесінде, психикалық дамуы, танымдығы, мотивациясы, жігерлігі, өзін-өзі бағалау және басқа да осыған ұқсас жеке тұлғаға қоршаған

ортаның қасиеттері мен шарттары, құрылымдары, қолайлы ішкі алғышартты баланың әрі дамытуды анықтайды [6].

А.И.Савенков қазіргі білім беру ортасындағы балалардың дарындылығын диагностикалау және дамыту мәселелеріне арналған «Балалардың дарындылық психологиясы» атты оқулық жазған. Оқулық осы саладағы бірқатар маңызды сұрақтарды қамтуды мақсат етеді: Балалардың дарындылығы дегеніміз не? Оны қалай анықтауға болады? Керемет жетістіктерді болжауға бола ма? Баланың жеке басының әлеуетін қалай дамытуға болады? Осы мәселеге сәйкес кітап материалы құрылымдалған. Оқулықта студенттер мен мұғалімдерге де, ата-аналарға да көмектесетін дарындылықты диагностикалаудың бірқатар әдістері мен әдістемесі келтірілген. Соның ішінде «Дарындылық картасы» атты әдістемесін қарастырайық. Бұл әдістің ерекшелігі-нәтижелерді өңдеуді жеңілдету үшін әр бөлімнен бірнеше сұрақтар алынып, қысқартылды, сонымен қатар түйіндеме бойынша жұмысты жеңілдету үшін «сауалнама» енгізілді, бұл оның алған ақпаратын салыстырмалы түрде жүйелеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс ата-аналар мен мұғалімдерге арналған. Техниканың жас диапазоны 5-тен 10 жасқа дейін. Ол екі негізгі функцияны орындауға арналған.

Бірінші және ең маңызды функция - диагностика. Бұл әдіс баланың әртүрлі қабілеттері мен таланттарының дәрежесін, сондай-ақ қазіргі уақытта қай түрдің басым екендігінің сандық сипатын бағалауға мүмкіндік береді. Егер алынған он бағаны салыстыратын болсақ, онда сіз тек сіздің балаңызға, оның жеке талантына тән дамудың «портретін» көре аласыз.

Екінші функция - даму. Баланы бағалау нәтижелерін оның болашақ даму бағдарламасы ретінде қарастыруға болады. Сізде бұрын байқамаған нәрселерге назар аудару және одан да құнды нәрселерге назар аудару мүмкіндігі бар[7].

Әрине, бұл әдіс балалардың талантының барлық көрінетін сәттерін қамтымайды. Алайда бұл бірегей әдістеменің рөлін жокқа шығармайды. Бұл әдіс баланың дарындылығын диагностикалау әдістері кешенінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастырылуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Савенков А.И. Концепция детской одаренности. Развитие детской одаренности в современной образовательной среде: Материалы Всероссийской научнопрактической конференции с международным участием, Арзамас. 22–24 мая 2008 г. / АГПИ им. А.П. Гайдара. Арзамас, 2008.
2. Теплов Б. М. Проблемы индивидуальных различий. М; 1961. - С. 9-20.
3. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность школьников. М; 2000.
4. Петровский А.М. История психологии.- М.:Педагогика, 2004.-448б.
5. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. М.:СОЮЗ, 1997.
6. Щепланова Е.И. Концепция А.М.Матюшкина о творческой одаренности как предпосылке развития творческой личности. Акмеология образования. Психология развития. М., 2018.- Т. 7.
7. Савенков А.И. Психология детской одаренности: учебник для среднего профессионального образования / А. И. Савенков. — 2-е изд., испр. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2024. -334 с.

ӘОЖ 373.1

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Жакыпбекова А.К.

Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп, Қарағанды қ., Қазақстан

*«Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы»
(Л.Выготский)*

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек.

Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді: Ұрпақ тәрбиесі – бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу – тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Сондықтан, ұстаз-мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың

бірі – жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашылуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік – педагогикалық қызметінің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс - әрекеттің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, еі алдымен, педагогикалық технология деген ұғымды түсіну керек. Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Осыған байланысты ғылым мен тәжірибеде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталған. Педагогикалық технология терминінің анықтамаларын көптеген авторлар өз түсінігі мен өз санасында қалыптасқан көзқарастарын қалыптастырған:

- «Технология» - қалыпты өзгерту, өңдеу әдістері, өнері, шеберлігі, іскерлігі жөніндегі ғылым жиынтығы.(В.М.Шепель)

- «Педагогикалық технология» - жоспарланған оқыту нәтижелеріне жету процесін сипаттау болып табылады.(И.П.Волков)

- Педагогикалық технологиялардың даму сатыларын жан – жақты қарастырып зерттеген ресейлік ғалымдар – Ф.А. Фрадкин, Е.Ю.Рогачева, Л.И. Богомолова,

Педагогикалық технологияның тиімділігі:

1. Оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;
2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;
3. Іштей бір – бірінен қалмауға тырысып талпынады;
4. Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады.
5. Өзін – өзі тексеруге дағдыланады;
6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады.
7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы.Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты-білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс- тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда оқу үрдісін дамыту. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты - тек білім ,білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой-өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше.

Одним из популярных методов является мозговой штурм, который представляет собой технику генерации идей, где участники свободно предлагают свои мысли по заданной теме, избегая критики. Такой подход способствует созданию большого количества разнообразных идей, что развивает воображение и ассоциативное мышление. В условиях групповой работы дети учатся воспринимать и дорабатывать чужие идеи, что помогает развивать их открытость к новым подходам и умение сотрудничать. На практике учитель может предложить ученикам тему, например, «Какой бы мы создали сказочный мир?» и поощрять высказывание любых, даже самых необычных идей, после чего группа обсуждает возможности их объединения в единую концепцию.

Другой эффективный подход – это метод шести шляп мышления Э. де Боно. Этот метод предполагает использование шести различных типов мышления, каждый из которых обозначен определенным цветом «шляпы» и позволяет взглянуть на проблему с разных сторон. Например, белая шляпа ориентирует на сбор фактов, красная – на выражение эмоций, а черная – на критическую оценку. Метод учит детей гибкости мышления, помогает развивать критическое мышление и генерировать инновационные идеи. В практике его можно применять для обсуждения вопросов, таких как «Как улучшить школьную библиотеку?» – где каждый из этапов мышления последовательно задействуется для всестороннего анализа проблемы.

Метод синектики также является мощным инструментом для развития креативного мышления. Он направлен на объединение, казалось бы, несовместимых идей или объектов для создания чего-то нового. Этот подход учит детей находить необычные связи между различными элементами, что развивает их способность к нестандартному мышлению и применению аналогий и метафор. Например, учитель может предложить детям придумать концепцию «летающего велосипеда», что требует от них интеграции знаний и воображения.

Игры в младшем школьном возрасте играют важную роль в развитии воображения. Например, игры на воображение включают задания, требующие от детей создания и разработки необычных сюжетов или ситуаций. Эти игры помогают развивать фантазию и способность к абстрагированию, поскольку дети учатся отходить от реальности и придумывать новые миры. Примером такой игры может быть задание «Что если...?», в рамках которого дети придумывают, что было бы, если бы животные могли говорить или если бы они оказались на другой планете.

Еще одним важным методом является техника кластеров (метод диаграмм связей), которая заключается в создании графических схем, где центральная идея окружена связанными с ней ассоциациями. Этот метод помогает детям структурировать свои мысли, находить новые связи и развивать ассоциативное мышление. Например, учитель может предложить создать кластер вокруг понятия «осень», добавляя ассоциации, такие как «дождь», «листья», «школа», что помогает найти неожиданные связи между привычными вещами.

Свободное письмо представляет собой еще одну технику, направленную на развитие спонтанности и творческого самовыражения. Этот метод предполагает написание текста на заданную тему в течение ограниченного времени без остановок для обдумывания или исправления ошибок. Дети учатся выражать свои мысли без внутренней цензуры, что способствует открытому и творческому подходу к решению задач. Учитель может предложить детям тему, например, «Если бы я был супергероем...», и дать задание писать всё, что приходит в голову в течение нескольких минут.

Методы, направленные на создание и выполнение проектов, такие как проектная деятельность, позволяют учащимся интегрировать различные знания и навыки для создания нового продукта. Проектная деятельность развивает комплексное мышление, учит детей применять свои креативные идеи на практике и укрепляет уверенность в своих способностях. Например, создание проекта «Эко-школа будущего», где дети придумывают, как сделать школу более экологичной, способствует их творческому и системному развитию.

Метод SCAMPER – это подход, состоящий из семи вопросов, каждый из которых предлагает рассмотреть объект или идею с определенного ракурса, например: «Какие элементы можно заменить?», «Как можно адаптировать идею под другие нужды?» или «Что произойдет, если изменить структуру?». Этот метод учит детей критически оценивать идеи, находить новые решения и развивать гибкость мышления, что способствует их способности генерировать оригинальные идеи и адаптировать их под различные условия [8, с.12].

Другие методы, такие как переворачивание проблемы и роль «третьего лица», позволяют детям смотреть на проблему с противоположных точек зрения или с позиции другого человека, что способствует выходу за рамки стандартного мышления и развитию креативности. Также стоит отметить метод «Дисней», в рамках которого учащиеся мысленно принимают три роли – мечтателя, реалиста и критика, что позволяет сбалансировать инновационность и реализм в процессе генерации и оценки идей. Подводя итог можно сделать вывод что, разнообразие методов и подходов для развития креативного мышления в начальной школе позволяет педагогам эффективно поддерживать творческое развитие обучающихся, создавая условия для формирования их гибкости мышления, способности к генерации и реализации идей, а также готовности решать сложные задачи в будущем.

Каждый из рассмотренных методов и техник по-своему способствует развитию креативного мышления, стимулируя у младших школьников такие важные навыки, как воображение, ассоциативное и критическое мышление, способность генерировать и воплощать идеи. Внедрение этих методов в образовательный процесс создает условия для всестороннего развития творческих способностей детей, готовя их к решению сложных и нестандартных задач в будущем.

Таким образом, развитие креативного мышления обучающихся становится одной из ключевых задач учителя начальной школы и может эффективно реализовываться в рамках различных учебных дисциплин. В современной школе творческие задания должны дополнять и даже замещать традиционные репродуктивные методы, так как их основная цель заключается не только в передаче учебного материала, но и в формировании у учащихся креативного мышления, что обеспечит их дальнейшую учебную и профессиональную успешность. В этом контексте целесообразно использование таких методических приемов, как творческие задания, эвристические беседы, межпредметные связи, проблемные ситуации, проектная деятельность и другие. Постоянное применение данных методик создает благоприятные условия для формирования гибкости мышления и способности к эффективному решению учебных и жизненных задач.

Перспективы дальнейших исследований в этой области связаны с поиском и анализом новых способов, технологий и подходов, способствующих развитию креативного мышления у младших школьников, в соответствии с требованиями современной системы образования.

Список литературы:

1. Гилфорд Дж. Креативное мышление. - М.: Советская энциклопедия, 1969–1978. – С. 244-246.
2. Жупарова А.С. Кожаметова А.К. Креативные индустрии в развивающихся странах: опыт Казахстана. Central Asian Economic Review. 2021. -С.100-110.
3. Мухина В.С. Возрастная психология. – М.: Академия, 2002. – С. 358.
4. Метод шести шляп мышления Эдварда де Боно [Электрон. ресурс]. – Режим доступа: <http://constructor.ru/uspex/metod-shesti-shlyap-myshleniya>
5. Абдулджемилева Л.З. ТРИЗ-технология как система развития креативного мышления // Молодой ученый. - 2019. - № 39 (277). - С. 221-223.
6. Груздова И.В. Творческое развитие младшего школьника. Тольятти, 2019. - 129 с.
7. Крылова М.Н. Педагогика и методика профессионального обучения для магистров: практикум. Зерноград, 2022. 61 с.
8. Scamper [Электронный ресурс]// Википедия. – URL:<https://ru.wikipedia.-org/wiki/SCAMPER> 10.02.2017г.

ӘОЖ 372.3/4

ЖАҢАРТПАЛЫ ТӘСІЛДЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БАСТАУЫШ БІЛІМ МАЗМҰНЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жұмабаева Ә.Е.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан

Қазіргі жылдам өзгерістегі табиғи, техногендік, геосаяси ахуалдың құбылмалылығы өмір сүруге қажетті білім, білік, дағды, құндылықтармен қаруланған, жаңа жағдайларға бейімделгіш жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Осы себептен де білім беру мазмұнын жаңартпалы тәсілдерге негіздеп құрастыру қажеттілігі туындауда.

Еліміздің білім беру саласындағы ұдайы болып жатқан өзгерістерге сәйкес, бастауыш білім мазмұнын жаңартпалы тәсілдерге негіздеп құрастырудың басты бағыттары келесідей болып отыр:

- білім мазмұнын қоғамның қазіргі әлеуметтік-экономикалық сұранысына сәйкестендіру;
- білім мазмұнын ізгілендіру, оның вариативтілігін қамтамасыз ету;
- білім мазмұнын ұлттық мәдениетті, ұлттық құндылықтарды білуге, қолдануға, құрметтеуге, өзге мәдени бастамаларға ашық болуға тәрбиелеуге бағдарлау;
- білім мазмұны арқылы пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттерді, цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамыту;
- білім мазмұнын оқушылардың танымдық мотивацияларына бағыттап отырып іріктеу;
- білім мазмұнында өз бетімен білім алуды, оны практикада қолдана білуді, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды қамтамасыз ету;
- білім мазмұнын оқушының өз бетімен ізденуіне, ғылыми тәсілмен зерттеу арқылы тануына, шығармашылыққа мақсатты және жүйелі тартуға бағдарлау.

Жаңартпалы тәсілдерге негізделген бастауыш білім мазмұнының қажеттілігінің туындауының басты себептерінің бірі – *оқу мақсаттарына теңестірілген құндылықтар*. Сол себепті, оқыту мен оқу тұтастай құндылықтар идеясымен астасқан [1].

Мысалы, үлгілік оқу бағдарламасында «Әліппе» оқу пәнінің мақсаты – әріп таныту, оқу мен жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілген [2]. «Әліппе» оқулығында оқушылардың бойында Отанға деген сүйіспеншілігін, өзі, елі үшін намысын қалыптастыратын тапсырмалар кеңінен берілген. Сонымен қатар ұлттық құндылықтың бірі де бірегейі ана тіліміз дейтін болсақ, осы ана тілімізді балаларға үйретудің құрылымы мен мазмұны жалпыдидактикалық қағидаттар және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік қағидаттары негізінде айқындалды: дыбыспен жаттығу; әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу; оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту; білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу [3].

«Жаратылыстану» пәнінің оқу-әдістемелік кешенінде тапсырмалар табиғат байлықтарын адам өмірінің іргетасы ретінде тану, сақтау және көбейтуге бағытталған. Бастауыш сынып оқушыларына

денсаулық, мәдениет, отбасы, Отан сияқты құндылықтар өте жақын, балалар еліміз туралы әңгімелерді қызығушылықпен қабылдайды, әр қалаға саяхат жасауды, жаңа достармен танысуды армандайды. Сондықтан «Жаратылыстану» пәнінің білім мазмұны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде құрастырылған [2].

Осылайша, бастауыш буындағы басқа барлық пәндердің мазмұнында білім, біліктердің жүйесін анықтау құндылықтар мен идеалдардан тұратындай етіп құрастырылғандығына көптеп мысалдар келтіруге болады. Бастауыш сынып оқушыларында ұлттық құндылық бағдар қалыптастырудың теориясын қарастыра отырып, оны тәжірибелік тұрғыдан нақты және дәйекті талдау мазмұн мен мәнді сақтап, ықшамдауды қажет етеді.

Бүгінде қазақы ділімізге (менталитет) тән шынайы рухани, мәдени, ұлттық құндылықтардың төмендеуі салдарынан жастардың бұқаралық құбылыстар нышандарына бағдарлануы кең ауқым алып отыр. Отбасы институтының құлдырауы жалғасуда: көпшілік отбасыларда ерлі-зайыптылардың сыйластығына сызат түсуде, ата-анаға және отбасына қарсы құбылыстар белең алуда.

Осындай мәселелерге орай, білім мазмұнында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін әзірлеудің маңызы зор. Ұлы ойшыл Әбу насыр әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» дегеніндей, тәрбиелілік – өмірлік маңызды құндылықтардың бірі. Сол себепті, бастауыш білім мазмұнында ұлттық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, эстетикалық тәрбие қамтылуы аса маңызды. Біз мұны функционалдық сауаттылықпен байланысты қамтыған жөн деп санаймыз.

Қазақстан Республикасында оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында *функционалдық сауаттылықтың* мынадай түрлері бағаланады: *оқу сауаттылығы* (қазақ тілі, орыс тілі); *математикалық сауаттылық*; *жаратылыстану-ғылыми сауаттылық* (физика, химия, биология, география).

Функционалдық сауаттылық мектептегі әр пәннің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады.

Осыған сәйкес, «Қазақ тілі» оқулығында «Біздің жобамыз», «Шығармашылық үзіліс» айдарларымен зерттеу жұмыстарына бейімдейтін тапсырмалар, өмірлік тәжірибеге үйрететін жағдаяттық тапсырмалар және т.б. беріліп отыр. Мәселен, «Түбір және қосымша» тақырыбы бойынша оқушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыру мақсатында шығармашылық тапсырма мазмұны төмендегіше белгілі бір ретпен берілген: «Тәжірибе жаса. Орманшы сөзінің негізгі бөлігін қағазбен жауып, жабылмаған бөлігін оқып көр. Қалай ойлайсың, бұл бөліктің жеке тұрғанда мағынасы бола ма? Зерттеу барысында сөздің түбірі болатынына, ол сөздің мағынасын сақтап тұратынына көзінді жеткіздің. Қосымшаның жеке тұрғанда мағына бермейтінін анықтадың» («Қазақ тілі» оқулығы. 2-бөлім. 17-бет, 30-жаттығу) тапсырмасы зерттеу жұмысына жаттықтырады.

«Біздің жобамыз» айдары бойынша берілген оқу материалдары арқылы оқушылар өздігінен ізденіп, дереккөздермен жұмыс істеуге үйренеді. «Ауызша сөйлеу кезіндегі қимыл мен ым-ишара» бірінші жоба жұмысы бойынша («Қазақ тілі» оқулығы. 1-бөлім. 37-бет) рет-ретімен тапсырмаларды орындайды: 1. Балалардың бет-бейнесінде қандай өзгеріс болғанын тауып көр. 2. Сен де өз нұсқанды ойластырып, қуанған немесе ренжіген баланың жағдаятын құрастырып көр. 3. Жұмысыңның нәтижесін сыныптастарыңның алдында қорға және бағала. Нәтижесінде оқушылар өз нұсқаларын ойластырып, қуанған немесе ренжіген бала жағдаятын құрастырады және сыныптастарының алдында қорғайды. Екінші жобада («Қазақ тілі» оқулығы. 1-бөлім. 67-бет) шежіре ағашын жасау үшін «Әкеңнің аты-жөні кім? Атаңның ше? Арғы ата, түп ата, тек аталарыңды білесің бе?» сұрақтарына ретімен жауап береді. Білмеген жағдайда үлкендерден сұхбат алады. Ол үшін төмендегідей сұрақтар қояды: «Менің арғы атам кім? Түп атам ше? Тек атам ше?». «Бала, әке, ата, баба, арғы ата, түп ата, тек ата» тізбегін пайдаланып, өз әулетінің шежіре ағашын жасайды.

Сондай-ақ оқулықта оқушылардың танымдық мотивациясын қалыптастыру үшін қарастырылған түрлі ойындар, әлеуметтік-психологиялық жағдаяттар балалардың өз жасына лайық жеңіл әлеуметтенуін қамтамасыз етеді. Оқушыны әлеуметтендіру – сапалы білім берудің түпкі мақсаттарының бірі. Мәселен, «И, й әріптерінің жазылуы» тақырыбын өту барысында «Бүгін – Дидардың әкесінің туған күні. Сабақтан соң ол дүкенге келді. Сыйлық таңдау көп қиындық келтірді. Сен Дидардың орнында болсаң, әкеңе не сыйлар едің?» жағдаяттық тапсырмасымен жұмыс баланы талдау жасауға, өз әрекетін іштей жоспарлауға, рефлексияға бейімдейді. Оқушы қиындықтан шығудың жолын өздігінен табуға ұмтылады, қорытынды пікір айтуға дағдыланады. Бұл – бір. Екіншіден, жағдаяттық тапсырма мазмұнындағы «и» және «й» әріптері бар «сыйлық», «сыйлау», «Дидар», «қиындық» сөздерін өз сөйлеуінде қолдануға үйренеді.

Әрбір бөлімнің оқушының өзін-өзі тексеруін мүмкін ететін нәтиже сабақтармен аяқталуы «Қазақ тілі» оқулығында тек ақпараттық емес, жинақтау (трансформациялық), өзін-өзі бақылау және бағалау оқу материалдарының бар екендігін көрсетеді.

«Жұмыс дәптерімен» жұмыста оқушылардың жазу дағдысын жетілдіру және әр сабақ соңында өз іс-әрекетіне (сауатты жазу, көркем жазу, шығармашылық тапсырманы орындау) кері байланыс жасау және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту көзделген. Жұмыс дәптеріндегі «Өз жұмысыңды бағала» тапсырмасы арқылы оқушы сауатты және көркем жазуын, орындаған шығармашылық жұмысының дұрыстығын үш түрлі қарындашпен бояп бағалау мүмкіндігі қарастырылған: «жасыл» түс – «Бәрекелді!», «көк» түс – «Жарайсың!», «қызыл» түс – «Ойлан!».

Сонымен «Қазақ тілі» оқулығы мен жұмыс дәптеріндегі оқу тапсырмаларының алгоритмге құрылуы сапалы білімді қамтамасыз ете алады.

Сонымен қатар, бастауыш білім мазмұнын жаңартпалы тәсілдерге негіздеуде ескеретін маңызды мәселе, оқушылардың психологиялық, физиологиялық, жас ерекшеліктерін есепке алу. Бұл қазіргі өскелең ұрпақтың альфа буынының ерекшеліктерін ескерумен байланысты болып отыр. Альфа буынының, яғни 2010 жылдан бастап туған балалардың ерекшеліктері:

- оқуды, жаңа нәрсені үйренгенді ұнатады, олардың сыни ойлауы жақсы дамыған;
- ұтқыр, шапшаң, шығармашыл, жаңалыққа құмар, дербес болуға ұмтылады, тез шешім қабылдайды, гипербелсенді;
- эмоция білдіруге шорқақ келеді, өйткені виртуалды орта өзінің емес, өзгелердің эмоцияларын көрсетуге бағытталған;
- мінез-құлықтары тұрақсыз, аз уақыттың ішінде мың құбылуы мүмкін;
- қысым көрсеткенді жақтырмайды, ережелерді ұстанбайды, таңдау жасау еркіндігі мен өз пікіріне сыйластықпен қарағанды ұнатады;
- зейіндерін бір нәрсеге ұзақ уақытқа шоғырландыра алмайды, дегенмен өздері ұнатқан нәрселерді ұзақ уақыт бойы көріп, тыңдай алады;
- көлемі үлкен ақпараттарды жылдам игере алады: мәтін мен графикалық мәліметтерді тез сканерлеп, тәулігіне өте көп деректерді бойына сіңіреді;
- ғаламтор заманында дүниеге келгендіктен, цифрлық сауаттылықтың шырқай даму кезеңінде өмір сүреді: жаңа техникалық революцияны бастан өткереді;
- интернет өмірінің құрамдас бөлігіне айналады: үйрену, демалыс, жұмыс, саяхат бәрін де интернетпен байланыстырады;
- ашық және басқалардың өзгеше екендігіне түсіністікпен қарайды, сондықтан қарым-қатынасқа бейім, өзге елдердің адамдарымен оңай байланыс орнатып, ортақ мақсатта бірлесе әрекеттесе алады;
- жер шары – әлем проблемаларын шешумен айналысуға әуес болады.

Осындай ерекшеліктері бар балаларды – альфа буынын оқытуда оқу ақпарат алудан өмірде қажет дағдыны қалыптастыруға ауысуы аса маңызды. Оқу материалын күнделікті өмірде қалайша қолданатындығын қарастыру, нақты жағдаяттармен байланысқан мысалдар мен мәселелерді келтіру арқылы қызығушылығын арттыруды, оқуды белсенді етуді ескерген дұрыс. Альфа буынын оқытуда:

- тиімді коммуникация әдістерін,
- геймификацияны,
- белсенді әдістерді,
- саралау әдістерін,
- цифрлық технологияларды,
- критериалды бағалауды қолдану,
- тұрақты кері байланыс орнатуды ескеру,
- қатаң дағдыларымен қатар, жұмсақ дағдыларын дамытуды ойластыру қажет.

Сонымен қатар, қазіргі күні жасанды интеллектіні, цифрлық технологияларды қолдану қарқынды жүзеге асуда. Осы орайда, пәндік мақсаттармен қоса, метапәндік мақсаттарды жүзеге асыруды ойластыру әрбір пәннің мазмұнын құрастыруда назардан тыс қалмауы қажет. Мәселен, бастауыш сыныптардағы «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнында тілдік білім, білік, дағды, құзыреттерді дамытумен қатар, ұлттық тәрбиені, еңбек тәрбиесін, өмірге бейімделу секілді метапәндік дағдыларды қамту қарастырылған [5]. Мысалы, 3-сыныптың «Цифрлық сауаттылық» пәніндегі «Робототехника: сенсорлар, ортақ тақырыбы: «Өнер», «Көрнекті тұлғалар» деп аталатын бөліміндегі мына тапсырмалардан негізгі оқу мақсатымен қатар, метапәндік мақсат (ұлттық тәрбие, экологиялық тәрбие, функционалдық сауаттылық) көзделгендігін көруге болады:

«Қазақ тілі» оқулығындағы оқу материалдары белгілі бір өмірлік мәселелердің шешімін табуға, ақпараттың мәнін, мағынасын, құндылығын түсінуге, жүйесін ұғынуға, өзара байланыс заңдылықтарын табуға, өңдеуге және оларды талдауға, қорытынды шығаруға, тәжірибеде қолдануға және шығармашылықпен дамытуға бағытталған. Олар әрекеттер тізбегі түріндегі шығармашылық тапсырмалар қатарын құрайды. Солардың бірі – «Қазақ тілі» оқулығының 2-бөліміндегі 50-жаттығу оқу материалдары: «Сен саяхат жетекшісің. Сенің міндетің балаларды өзің тұратын көшемен таныстыру. Ол үшін: – көше кімнің атында екенін анықта; – Ол туралы ақпарат жина; – көше атауы болмаса, көше бойында орналасқан ерекше нысандар (дүкен, мектеп және т.б.) туралы айтуға тырыс; – өз сөзінде сан есімдерді қолдануды ұмытпа».

1-Кесте – Әрекеттер тізбегі түріндегі шығармашылық тапсырмалар

1-мысал. Аула, көше тазалаушыларға көмекші болатын «Робот-тазартқыш» жобасы туралы ойланып көр. Егер лайықты жоба ойлап тапсаң, қала/ауыл экологиясының жақсаруына үлес қосар едің. Енді «Робот-тазартқыш» жобасының бір үлгісін жинап, программасын құрастырып көрейік.

2-мысал. Ұлы тұлғалар. Әрекеттерді ретімен орында. Ақпарат іздеуден баста.

1. Компьютердің жұмыс үстеліне *Менің құжатым* атауымен бума құр.

2. Төменде көрсетілген рет бойынша интернеттен қазақтың батыр ұлы – Бауыржан Момышұлы туралы ақпарат жина. Іздеу сервері: www.yandex.kz. Іздеу алаңына жазу: Бауыржан Момышұлының шығармалары. Нәтижесі: Бауыржан Момышұлының өмірбаяны. Сайт мекенжайы: www.bm.kaznu.kz. Компьютерге сақтау орны: Жұмыс үстелі ⇒ *Менің құжатым*

3. *Word* мәтіндік редакторын іске қос. Жинаған ақпаратты мәтіндік редакторға *1-суреттегі* үлгі бойынша жаса.

4. Жасаған файлды «Бауыржан Момышұлы.docx» атауымен *Менің құжатым* бумасына сақта.

Осы орайда, «Цифрлық сауаттылық» пәнінің, оның ішінде «Робототехника» бөлімінің сабақтарының мазмұнын жасанды интеллект қосымшаларымен толықтыру бүгінгі күннің өзекті тақырыбы деп түсінетіндігімізді айта кеткен жөн болар.

Бастауыш білім мазмұны соңғы жылдары ағылшын тілін оқытумен толықтырылғаны баршамызға белгілі. Мұнда да оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытумен қатар, ағылшын тілі бойынша білім беру контентіне ұлттық құндылықтарымызды кіріктіру маңыздылығына аса мән беруге назар аударамыз.

Бастауыш сыныптардың Әліппе, ана тілі, қазақ тілі, математика, жаратылыстану, дүниетану, еңбекке баулу, бейнелеу өнері, музыка, ағылшын тілі, дене шынықтыру және т.б. барлық пәндерінде дерлік ойын технологиясын, яғни геймификацияны қолдану маңызды екендігіне тоқтала кетсек. Геймификация негізгі оқу-тәрбие мақсаттарының орындалуына мүмкіндік туғызады және ХХІ ғасырдағы өзекті дағдылардың бірі болып табылатын эмоционалдық интеллектіні: өз эмоцияларын танып білуді, өз эмоцияларын бақылауға алуды, басқа адамдардың эмоцияларын түсінуді, басқа адамдардың эмоциясына әсер етуді дамытуға көмектеседі. Себебі, жоғарыда альфа буынының ерекшеліктерін атағанда тоқталғанымыздай, виртуалды әлем жас ұрпақтың эмоционалды интеллектісінің дамуына кері әсерін тигізуде.

Қорыта келе, елімізде соңғы онжылдықта белсенді қолданылып келе жатқан интербелсенді әдістерді, саралау әдістерін, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын, критериалды бағалауды қолданудың сапасын арттыруды қоса алғанда, бастауыш білім мазмұнын ұлттық құндылықтарды, ұлттық тәрбиені, адамгершілік тәрбиесін жүйелі түрде барлық пәндерге метапәндік мақсат ретінде енгізу, цифрлық технологияларды, жасанды интеллектіні енгізу жаңартпалы тәсілдердің ең маңызды мәйегі болып табылады деп тұжырымдаймыз. Мұны мұғалімдер мен болашақ педагогтердің әдістемелік шығармашылық жасауына мүмкіндіктер туғызатын тетіктерді ойластыру және ұсыну арқылы шешуге болады деп түйіндейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ыбырай Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 107 б.

2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен

таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары. (жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.10.2023 № 328 бұйрығымен). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>

3. Өліппе: Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған/Жұмабаева Ә.Е., Сабденова Б.А., Жұмабаева Ж.А., Жамалова І.К. – Алматы: Атамұра, 2021. – 272 б.

4. «PIRLS-2021: Қазақстан нәтижелері» ұлттық баяндамасы. – Астана: Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі, Ахмет Байтұрсынов атындағы «Талдау» білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы» АҚ, 2023. – 123 бет.

5. Бастауыш сыныптарда «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ыбырай Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 148 б.

ӘОЖ 14.35.09

МОБИЛЬДІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚҰРУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАУЛУДЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Жумабаева А.Е., Стамбекова А.С.

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру процесіне цифрландыру жүйесі өте қажет. Көптеген жоғары оқу орындары білім беру жүйесінің ұзақ мерзімді тәжірибесін талдап, осы әдістің артықшылықтарын зерттеп келеді.

Мобильді орта субъект-субъектінің өзара әрекеті, және сол арқылы жастардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың жаңа бір мүмкіндігі деп санаймыз. Дегенмен Қазақстанда, өкінішке орай, болашақ маман даярлауда бұл технологияларды қолдану әлі жүйелі жолға қойылмаған. Мобильді құрылғылар ЖОО-да білім алушылар үшін оқыту құралы болғанымен, оқу үдерісінде оларды белсенді түрде қолдану жүзеге асырылмай келеді. Қазақстанда мектеп оқушыларына және студенттер мен мұғалімдерге арналған, өз бетінше білім алуға ыңғайлы компьютерге, планшетке, мобильді телефонға арналып электронды контент дайындалған (bilimland.kz, academia.kz т.б.) ауқымды жобалар да жоқ емес. Ал ЖОО-да мобильді технологиялар оқу үдерісін жақсартуға мүмкіндігі зор болғанмен, тек жеке пәндерді оқытуда ғана қолданумен шектелуде. Сондай-ақ, қашықтан оқуға арналған арнайы бағдарлама немесе платформа және электронды қосымшалар қажет. Сондықтан да мобильді оқыту форматында білім алушыларға арналған оқу курсының арнайы бағдарламасын құру және соған сәйкес әдістемелерді әзірлеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл міндетті шешу әрине, кешенді түрде орындалуы қажет. Мобильді білім беру ортасын құру үшін контент жинақтап, оның мазмұнын, дереккөздері, ресурстары, мобильді контентке сәйкестендіріп, ақпараттық технологияларды мақсатты түрде қолдануы керек.

Мобильді білім беру ортасын құру арқылы білім алушыларды ұлттық құндылықтарға баулу – мобильді білім беру ортасы арқылы білім алушының бойында өз ұлтына деген құрмет пен мақтаныш сезімін қалыптастыру үшін арнайы әдістемелік кешен жасау тиімді. Сандық білім беру қызметтері мен ресурстарын, білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесу кеңістігін қамтитын ақпараттық-білім беру ортасында білім беру икемді болуы керек. Бүгінгі таңда мобильді оқыту пайдаланылатын оқу құралдарының функционалдығын жоғалтпай, дәстүрлі білім беруге тән ұйымдастырушылық шектеулерден бас тартуға, ақпаратқа кез келген уақытта қол жеткізуге, психологиялық және ұйымдастырушылық кедергілерді жоюға мүмкіндік береді. Мобильді құрылғылардың артықшылығы – олар әрқашан заманауи адаммен бірге жүреді, көлемі шағын және кез келген жерде интернетке қосылуға болады. Сонымен қатар, мобильді оқыту аясында студентке білім беру қоғамдастығында, оның ішінде мұғалімдермен, басқа студенттермен және білім мен қызметтің әртүрлі саласындағы мамандарымен тығыз қарым-қатынас жасау мүмкіндігі беріледі [1].

Мобильді білім беру ортасы білім беру үдерісіне жаңа сапа беретіні сөзсіз: ол неғұрлым автономды, өйткені ол үлкен еркіндікті, стихиялылықты және бейресмилікті білдіреді, ол қазіргі заманғы тұлғаның білім беру үрдістерін барынша толық көрсетеді, білім беру ақпаратына тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Дәл осы сипаттамалар қазіргі жағдайда білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуға ықпал ететін мобильді оқытудың негізгі міндеті болып табылады.

Мобильдік орта арқылы білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету – педагогтерге оқу сабақтарын тиімді өткізуге және білім алушылардың ұлттық

құндылыққа бағытталған сапалы білім алуын қамтамасыз етуге көмектесетін, арнайы әзірленген және ұйымдастырылған әдістемелік материалдардың, құралдар мен ресурстардың жүйесі.

Мобильдік орта арқылы білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды әдістемелік жағынан қамтамасыз етудің негізгі мақсаты – педагогтерді білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуға, мобильді орта құруға қажетті құралдармен және ресурстармен қамтамасыз ету, ал болашақ педагогтерге сапалы ұлттық құндылық жайында білім алу және бойына сіңіру мүмкіндігін беру.

Мобильдік орта арқылы білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету келесідей әдістемелік материалдардың, құралдар мен ресурстарды қамтиды:

- «Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылықтарға баулу» тұжырымдамасы;

- «Бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулу» моделі;

- әртүрлі оқу, оқу-әдістемелік, электронды құралдар;

- «Ұлттық қазына» жастар клубының жоспары мен өткізілетін іс-шаралардың сценарийлері;

- оқу-әдістемелік кешендер (силлабус);

- ұлттық құндылыққа арналған оқу материалдары (презентация, аудио, видео);

- ұлттық құндылыққа арналған тапсырмалар;

- ұлттық құндылыққа арналған тесттер, сауалнамалар;

- «Ulttyq kazyna» мобильді қосымшасы;

- виртуалды электронды-әдістемелік зертхана.

Мобильді білім беру ортасын құру арқылы білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды әдістемелік қамтамасыздандырылуы ұлттық құндылықтың, мобильді технологиялардың ерекшеліктерін, болашақ бастауыш педагогтерінің білім деңгейін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленуі керек. Ол икемді және әртүрлі білім беру жағдайларына бейімделген, педагогтерге ең қолайлы оқыту мен тәрбие әдістерін таңдауға мүмкіндік беруі керек.

Сонымен қатар, әдістемелік жағынан қамтамасыз ету қоғам талабына және жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай болуы керек. Ол соңғы ғылыми-педагогикалық жетістіктерді, сонымен қатар жаңа технологиялар мен оқыту әдістерін ескеруі тиіс.

Аталған әдістемелік жағынан қамтамасыз ету онлайн және оффлайн режимдерде қолжетімді, яғни педагог – пәнді жүргізуші дайын ресурсты алып, оны сабақ барысында оқу материалын түсіндіру немесе бекіту үшін пайдаланады.

Әдістемелік жағынан қамтамасыз ету білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулу үдерісінде маңызды рөл атқарады, ол педагогикалық қызметтің құрамдас бөлігі болып, білім алушыларды тиімді және сапалы білім алуын қамтамасыз етуге бағытталады.

Әдістемелік жағынан қамтамасыз етудің негізгі рөлі педагогқа білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулу үдерісін ұйымдастыру және түрлі әс-шараларды өткізуде қолдау және көмек көрсетуде көрінеді.

Мобильді білім беру ортасын құру арқылы білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету педагогке төмендегідей іс-әрекеттірді ұйымдастыруға көмектеседі:

- білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулу үдерін жоспарлау. Ол білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуға қажетті клуб жоспарларын, арнайы курс силлабусын және сабақ әзірлеуге арналған нұсқаулар мен материалдарды қамтамасыз етеді;

- оқыту және тәрбие әдістерін таңдау және қолдану. Ол педагогқа білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды қызықты әрі тиімді етуге көмектесетін әртүрлі әдістерді, мобильді, ақпараттық-технологиялық технологияларды және оқу материалдарын ұсынады;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және бақылау. Онда білім мен дағдыларды тексеру әдістері, сондай-ақ тестілеу мен өзіндік жұмыстарды өткізуге арналған материалдар қарастырылады;

- оқу материалдарын әзірлеу және пайдалану. Ол педагогқа дайын оқулықтармен, оқу құралдарымен, презентациялармен, бейнематериалдармен және басқа оқу ресурстарымен қамтамасыз етеді, сонымен қатар олардың өз материалдарын жасауға көмектеседі [2].

Мобильді білім беру ортасын құру арқылы білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды әдістемелік жағынан қамтамасыз етудің негізгі принциптері.

Білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулу үдерісін әдістемелік жағынан қамтамасыз ету арнайы курстарды, клуб жұмысын тиімді ұйымдастыруға және өткізуге көмектесетін бірқатар принциптерге негізделген:

Мақсаттылық. Әдістемелік жағынан қамтамасыз ету педагогке арнайы курстардың, клуб жұмысының мақсаты мен міндеттерін анықтауға көмектесуі керек. Ол білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуға көмектесетін құралдар мен ресурстарды қамтамасыз етуі керек [3].

Жүйелілік. Әдістемелік жағынан қамтамасыз ету жүйелі, яғни өзара байланысты және жүйелі түрде ұйымдастырылуы керек. Оқыту материалдары мен ресурстары жүйелі және тұтас оқытуды қамтамасыз ету үшін құрылымдалған және логикалық түрде байланысқан болуы керек.

Бейімделу. Әдістемелік жағынан қамтамасыз ету нақты болашақ бастауыш педагогтерінің қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне бейімделуі керек. Оқыту материалдары мен әдістері икемді болуы керек және педагогтерге оларды білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен деңгейіне қарай бейімдеуге мүмкіндік беруі керек.

Вариативтілік. Әдістемелік жағынан қамтамасыз ету ұлттық құндылыққа баулу үдерісі білім алушыларды ызықты және ынталандыратындай жұмыстың әртүрлі әдістері мен формаларын ұсынуы керек. Әртүрлі оқу материалдары мен іс-әрекеттер білім алушыларды материалды жақсы түсінуге және олардың дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Қол жетімділік. Әдістемелік жағынан қамтамасыз ету ұлттық құндылыққа баулу үдерісінің барлық қатысушыларына қолжетімді болуы керек. Оқу материалдары мен ресурстары білім алушыларға оңай қол жетімді және түсінікті болуы керек, ал педагог қажетті қолдау мен кеңесті ала алатындай болуы керек.

Интербелсенділік. Әдістемелік жағынан қамтамасыз ету педагог пен болашақ бастауыш педагогтерінің белсенді әрекеттестігіне ықпал етуі керек. Ол болашақ бастауыш педагогтерінің ұлттық құндылыққа баулу үдерісіне белсенді қатысуына, сұрақтар қоюға, материалдарды талқылауға және дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін интерактивті әдістер мен құралдарды ұсынуы керек [4].

Осылайша, ұлттық құндылыққа баулу үдерісін әдістемелік жағынан қамтамасыз етудің негізгі принциптері тиімді және қызықты мобильді ортасын құруға көмектеседі.

Білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулу үдерісін әдістемелік жағынан қамтамасыз ету педагогтер мен білім алушыларға мобильді орта құруды, оқу қызметін тиімді ұйымдастыруға және өткізуге көмектесетін әртүрлі материалдар мен құралдарды қамтиды. Мобильдік орта арқылы білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету түрлері:

1. «Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылықтарға баулу» тұжырымдамасы. Тұжырымдама негізіне ҚР «Ұлттық рухани жаңғыру» бағдарламасының ұлттық жаңғыру кезеңіне көшуге арналған жол картасы мен «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы алынды. Тұжырымдамада зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсат-міндеттері, басшылыққа алатын негізгі қағидалары, ұстанымдары, отандық және әлемдік тәжірибедегі зерттелу жағдайы, күтілетін нәтижелері қарастырылды. Тұжырымдаманы әдістемелік жағынан қамтамасыз ету: оқу бағдарламасын, оқу-әдістемелік кешен, оқу-әдістемелік құрал, электронды әдістемелік лаборатория дайындау; дайындалған өнімнің тиімділігін тексеру, эксперимент жүргізу, нәтижелерін анықтап, ұсыныстар дайындау арқылы жүзеге асырылады.

2. «Бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулу» моделі.

Модель тұжырымдамалық, технологиялық және өлшемдік блоктарынан тұрады.

Тұжырымдамалық блок мазмұнында мобильді білім беру ортасына, жастарды ұлттық құндылыққа баулуға деген қоғамдық сұраныс анықталды. Онда болашақ бастауыш білім педагогін ұлттық құндылыққа баулуға ықпал ететін әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар берілді: аксиологиялық тұғыр, жүйелік-іс-әрекеттік тұғыр; диалогтық тұғыр; этнопедагогикалық тұғыр. Әдіснамалық ұстанымдар: тұтастық ұстанымы; ұлттық ұстаным; даралау ұстанымы. Модельдің тұжырымдамалық блогында болашақ бастауыш білім педагогтерін теориялық, психологиялық, практикалық тұрғыдан даярлау кезеңдері анықталды.

Модельдің технологиялық блогы мобильді білім беру ортасын құру жағдайында болашақ бастауыш білім педагогтерінің ұлттық құндылыққа баулудың психологиялық-педагогикалық шарттарынан; оны жүзеге асырудың формаларынан, әдістерінен, құралдарынан; даярлау кезеңдерінен тұрады.

Модельдің өлшемдік блогында төмендегідей компоненттер мен өлшемдерден тұрады: мотивациялы-құндылықтық, инновациялық-танымдық, процессуалдық-нәтижелік компоненттер және эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық өлшемдер.

3. Әртүрлі оқу, оқу-әдістемелік, электронды құралдар. Оқу, оқу-әдістемелік құралдары белгілі бір тақырыпты немесе арнайы курсты оқу үшін білім алушыларға берілетін негізгі оқу материалдары болып табылады. Олар 15 модульден, әр модуль негізгі мәселелерден, тақырыпқа ену сұрақтарынан, теориялық блоктан, тексеру блогынан онда білім алушыларға арналған бақылау сұрақтары берілген,

кәсіби іскерлік блогынан, онда болашақ бастауыш педагогтерінің өз бетімен орындайтын жұмыстары қарастырылған, қажетті әдебиеттер мен тест тапсырмаларынан тұрады. Электронды-әдістемелік құрал автоматтандырылған оқу үрдісі ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электронды-әдістемелік құрал оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып, әр түрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық ресурстарға сілтемелер беріледі.

Оқу-әдістемелік, электронды құралдарға мысал:

1) Білім берудегі мобильді технология. Оқу-әдістемелік құрал. / Жұмабаева Ә.Е., Нұржанова С.А., Базарбекова Р.Ж., Стамбекова А.С., Жұмабаева Ж.А., Оспанкулов Е.Е. – Алматы: LEM, 2023. – 129 бет

2) «Білім берудің мобильді технологиясы». Электронды-әдістемелік құрал. / Жұмабаева Ә.Е., Нұржанова С.А., Базарбекова Р.Ж., Стамбекова А.С., Оспанкулов Е.Е., Жұмабаева Ж.А., - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2023.

4. «Ұлттық қазына» жастар клубының жоспары мен өткізілетін іс-шаралардың сценарийлері. «Ұлттық қазына» жастар клубының жоспары келесідей 6 бағытты қамтиды: «Мәдени мұра», «Ұлттық тіл», «Отбасы және әулет», «Тұлға», «Салт-дәстүр», «Дәстүрлі өнер». Жастарды ұлттық құндылыққа баулу мақсатында салт-дәстүр, ұлт тарихы, ұлттық мұра, ұлттық тіл т.б. жайлы қызықты және мазмұнды ақпараттар студентке кез келген уақытта тез әрі қолжетімді болуы үшін цифрлық контент пайдаланылады. «Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайық» атты студенттік фестивалінің, «Қазақ ұлттық киімдер байқауы», «Видеороликтер байқауы», «Ұлттық өнер», «Шеберлік алаң» сайысының, «Ұлттық код – ұлттық бірегейлік кілті» тақырыбында вебинардың, «Алаш арыстары» атты танымдық кештің, «Ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтайық» тақырыбындағы республикалық онлайн-форумның сценарийлері мен материалдары жинақталған.

5. Аранайы курстардың оқу-әдістемелік кешендері (силлабус). Элективті курстардың оқу-әдістемелік кешені қосымша материалдардан, силлабус, практикалық сабақтардың оқу материалдарынан, қосымша материалдардан, СӨЖ (МӨЖ) ұйымдастыру бойынша жетекшілік (СӨЖ/МӨЖ тапсырмалары, орындалу мерзімі, СӨЖ/МӨЖ-ге әдістемелік нұсқаулықтан), дәрістің қысқаша мазмұнынан, оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету картасынан, пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасынан тұрады.

Силлабус аранайы курстың дәріс, практикалық сабақтардың, СӨЖ, СӨЖЖ тақырыптарын оқып-үйренудің мазмұны мен бірізділігін анықтайды. Силлибуста пән туралы ақпарат, бақылау түрі мен критерийлары, курстың академиялық презентациясы, курстың академиялық саясаты, ақпараттық ресурстар, оқу курсының тақырыбын іске асыру күнтізбесі қамтылады.

Мысалы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді (педагогтерді) даярлау бағытында 6В01303 – Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен білім беру бағдарламасы (қазақ және орыс бөлімінде) бойынша «Мобильді білім беру ортасын құру арқылы білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулу әдістемесі» элективті курсы оқытылады. Сонымен қатар 7М013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағытының 7М01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша «Білім берудегі мобильді технология» элективті курсы бойынша білім алушылар білім алады.

6. Ұлттық құндылыққа арналған оқу материалдары (презентация, аудио, видео). Оқу материалын визуализациялау және көрсету үшін презентациялар, бейне сабақтар, аудиожазбалар және интерактивті тапсырмалар сияқты мультимедиялық материалдар қолданылады. Олар білім алушыларға ақпаратты жақсы түсінуге және есте сақтауға көмектеседі, сонымен қатар заманауи технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын дамытады.

7. Ұлттық құндылыққа арналған тапсырмалар, әдістемелік ойындар мен жаттығулар.

Ұлттық құндылыққа арналған тапсырмалар әдістемелік ойындар мен жаттығулар білім алушылардың оқу іс-әрекетін арттыру, танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында қолданылады. Олар жеке немесе топтық болуы мүмкін және іс-әрекеттер, басқатырғыштар, рөлдік ойындар және басқа интерактивті формалар түрінде ұсынылады.

8. «Ultyyq kazyna» мобильді қосымшасы.

Мобильді контент негізінде ұлттық құндылыққа баулуды жүзеге асырушы «Ultyyq kazyna» мобильді қосымшасы бар. «Ultyyq kazyna» мобильді қосымшасының мақсаты – білім алушыларды ұлттық құндылыққа мобильді технология арқылы баулу болып табылады.

Мобильді қосымша болашақ бастауыш білім педагогтеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне, бастауыш сынып оқушыларына арналып әзірленген.

«Ulttuq kazyna» мобильді қосымшасының мазмұны «Ертегілер әлемі», «Батырлар жыры», «Жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер», «Салт-дәстүр, әдет ғұрып», «Тарих беттерінен», «Тілді құрметтейік», «Патриоттық әндер», «Психологиялық-педагогикалық пәндер циклі», «Эстетикалық пәндер циклі», «Жаратылыстану – ғылыми циклі», «Гуманитарлық пәндер циклі» ұяшықтарын құрайды.

Сонымен қатар мәселе бойынша ақпараттық мәтін берілді. Сол мәтін аясында білім алушының білімін толықтыруға бейнероликтер, презентациялар ұсынылды. Соңында білімді бекітуге, тексеруге арналған түрлі форматта (викториналық ойын, сұрақ-жауап, тест және т.б) жасалған тапсырмалармен толықтырылды. Олар google form, padlet.com, learningapps.org, educaplay.com, wordwall.net, joyteka.com платформаларында әзірленген.

9. Виртуалды электронды-әдістемелік зертхана. Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты сайтының базасында виртуалды зертханасы жұмыс жасайды. Онда мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулу бойынша жалпы ақпарат, мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы, зерттеу саласы мен түрі, жоба сипаттамасы, жобаның мақсаты мен міндеттері, мобильді контент, «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» атты клубының мәліметтері, зерттеу нәтижелері, жобаға қатысушылардың зерттеу жұмысы бойынша алған сертификаттары, хабарландырулар қамтылған.

Бұл болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулу үдерісінде қолданылатын әдістемелік жағынан қамтамасыз етудің кейбір түрлері ғана. Әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар және олардың үйлесімі білім алушылар үшін тиімді мобильді ортасын құруға көмектеседі.

Бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылыққа баулуды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету перспективалары:

1. Мобильді, ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолдану. Ақпараттық технологиялар мен интернеттің дамуы кезінде білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету материалдарға еркін қол жеткізуді және пайдаланудың қарапайымдылығын қамтамасыз ететін мобильді-электронды форматта ұсынылуы.

2. Білім беруді даралау. Білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету олардың жеке қажеттіліктері мен дайындық деңгейіне бейімделеді.

3. Білім алушылардың шығармашылық ойлауын, зияткерлігін дамыту. Білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету студенттерді өз бетінше жұмыс істеуге, ізденуге, шығармашылық ойлауға ынталандырып, зияткерлігін дамытады. Бұл олардың сыни тұрғыдан ойлауын және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

4. Білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуды, мобильді орта құру. ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде жоғарыда қарастрылған әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді жүйелі пайдаланып, білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулып, мобильді орта құруға болады.

Қорытындылай келе, мобильді білім беру ортасын құру арқылы білім алушыларды ұлттық құндылықтарға баулуды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету білім беру саласының маңызды міндеті ретінде қолға алынып, жетілдіріле түсуі тиіс.

Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми гранттық қаржыландыру АР 14872058 «Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылықтарға баулу» жобасының аясында орындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылықтарға баулу мүмкіндіктері. Жумабаева А.Е., Базарбекова Р.Ж., Нуржанова С.А., Жұмабаева Ж.А. – Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», № 3 (75), 2022 ж.

2. «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел» стратегиялық ұлттық жобалар тұжырымдамасы туралы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P0800010162>.

3. Шарифжанова Н., Шарипова Д., Жураева Н. Мобильное обучение – новая технология в образовании //InterConf. 2021. Vol.41. URL:<https://ojs.ukrlogos.in.ua/index.php/interconf/article/view/8657>

4. Шурыгин В.Ю. Современные тенденции развития мобильного обучения. –Казан: Казанский федеральный университет, Педагогическое образование 2022. Том 3. No 2 – С. 119-123.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ

Жумадуллаева А.А., Нұртаза А.Д.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қаласы, Қазақстан

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

Қай заманда болмасын адамзаттың алдында тұрған ең үлкен міндет – парасаттылық жарысын көтеріп, оның өмірін жалғатыру. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, қоғамның болашағы. Болашақ қоғам кейіпкерлерін жан-жақты жетілген, интеллектуалдық, мәдени, ғылыми тұрғыдан жетілген етіп жасау кезек күттірмейтін міндет екені даусыз.

Ғасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес рухани мұрасы, даналық дариясы оның әдебиетінен көрініс табады. «Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», - дейді аса көрнекті әдебиеттанушы Ш.Елеукенов [1, б. 12].

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек. «Ту жанында қисық ағаш жатпайды» дегендей, сом тараулы тәрбие жолының тоғысар тұсы халықтың өзінде ата-баба салт санасында, дәстүрінде. Жас ұрпақты ұлттық мақтаныш пен ұлттық патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді [2].

Даналық білімнен нәр алады. Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын. Сондықтан жастарға басты қиындықтарды көре білетін, әлеуметтік ақыл-ойға сәтті кіруге көмектесетін жақсы жолбасшы керек. Ғалымның ісі – ғалымдағы заңдылықтарды ашып, оны сөзбен формулаға айналдыру. Әдіскердің міндеті – ғалымның ашқан жаңалығын білімге айналдырудың құралын табу. Педагогтың міндеті - ғалым мен әдіскердің міндетін кең көлемде қоса отырып, оқушының тұтас ойлау қабілетін қалыптастыру [3].

Ұлттық тәрбие түрлі мәселелерді шеше алады. Қазіргі таңда елімізде ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетімдер, «қиын» балалар, қарт ата-әжелер, маскүнемдік және т.б. Алдын алу және күресудің негізгі әдістері. Еліміздің білімді ұрпағы дені сау, білімді, саналы, ұлтжанды, еңбекқор, өнегелі, кішіпейіл болып өсіп келеді. Ел болашағының тірегі деуге болады. Халықтың ұлттық санасы, ұлтжандылығы, өз ұлтын ойлай білуі. Бүкіл ел халқының ұлттық дәстүрлері мен этникалық дәстүрлері маңызды рухани байлық болып табылады. Қоғамның бір бөлігі басқа жерде немесе өз елінде әртүрлі халықтық санамен дайындалса, қоғам мүшелері өзгереді.

Сондықтан ұлтты сақтап қалудың бір ғана жолы бар. Бұл жаңа ұрпақты ұлттық санаға тәрбиелеудің жолы. Ұлттық сананың қалыптасуы бала дүниеге келгеннен бастап отбасындағы ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты. Отбасында ұлттық тәрбие болмаса, мұндай теріс тәрбие баланы ұлттық тұлға етеді.

Бәсекелестікке төтеп бере алмайтын елдердің болашағы қашанда бұлыңғыр. Мұны бізге тарих айтады. Көптеген елдер саясаттың кесірінен ұлттық құндылықтарын бірте-бірте (немесе біржола) жоғалтып, жер бетінен жойылып барады. Көптеген басқа да шағын елдер осындай қауіп-қатерге тап болып, 21 ғасырдағы «ақпараттық соғыстар» басталды дейді ғалымдар. Өз мәдениеті мен әдебиетін басқа ұлттармен ұштастыру үшін сақтамағандықтан, болмысынан, тілі мен дінінен айырылғандар сияқты.

Ұлттық сана ұғымына анықтама берсек, бұл ашық онлайн энциклопедия мынадай анықтамалар береді. Ұлттық сана – өте күрделі әрі озық ұлттық сана. Ұлттық сана – ұлттың өзінің әлеуметтік және ұлттық болмысын, жаһандық қоғамдық жүйедегі орны мен мәртебесін және оның адамзат тарихындағы игі әсерлері мен әсерлерін түсіне білуі. Адамзат жасаған өркениетке және басқа да түсініктерге не ықпал етті және ықпал ете алады, мұны адамдардың теңдікке, бостандыққа және еркін өмірге табиғи және тарихи құқықтарын түсіну деп түсінуге болады. Ұлттық сананың қалыптасуы мен дамуын екі тұрғыдан қарастыруға болады: бірі – сезім мен таным, екіншісі – таза ғылыми. Біріншісі – ұлтқа, Отанға, ұлтқа деген құрмет сезімдік сезімдері болса, екіншісі – ұлттың өткенін, бүгінін, болашағын ұғынып, сараптау және ұлттық идеяны дамыту. Халық тағдырын, мемлекет ісін, ұлт пен дүние тағдырын басқару жүйесі. Халық арасында ұлттық сананы қалыптастырып қана қоймай, оны заман ағымына сәйкестендіру маңызды деп есептейміз. Нәсілдік тәрбие мен ұлттық сананы тәрбиелеудің маңызы зор. Мұны күшпен жасауға болмайды. Ендеше, үдеріс аясында мәдени мұрамызды насихаттау, идеологиялық насихат жұмыстары да өз уақытында әрі сапалы жүргізілуі тиіс. Қысқасы, «біз көп рет ояу болуымыз керек» [4].

Өйткені елдің болашағы жастардың қолында. Сізбен ешкім дауласа алмайды. Олай болса, бес-он жылдың ішінде азаматтар ұлттық маңызды қызметтерге ие болып, өз тарихы мен мәдениетіне ие болып, өз кітаптарын бағалайды, заманауи білім мен білімге қанық болады. Олар елді салып жатыр. Бүгінде ақпарат тараған заманда қазақ жастарының ұлттық сана-сезімі қалай қалыптасты, оның қайда баратыны қоғамды толғандыратын мәселеге айналды.

Өзге елдердің, соның ішінде Батыстың ықпалы күшейіп жатқан осы кезеңде әрбір қарапайым азамат саналы түрде ойланатын мәселе. Сондықтан бұл кітаптарды еліміздің әр өңіріндегі кез келген кітапханадан – тілден тауып алуымыз үшін студенттер мен жастар бұл кітаптарды оңай алуы үшін бұл кітаптардың таралымын барынша арттырғымыз келеді. Әрбір қазақ баласы ата-бабасының болмысын, ұстанған жолын мүмкіндігінше тереңірек білгені абзал. Ақырында, сіздің тынымсыз және табанды еңбектеріңіздің арқасында Далқанда өткен ғасырда өшпес мұраға айналған еліміздің құндылықтары мен халқының үлгі-өнегелері бар. Ұлт бай мұрамызды зиялы қауымның жүрегіне жеткізеді. және жан-жақты білімді студенттерді тәрбиелеу және ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениет ретінде қорғау. Енді ұлттық сананы құрайтын элементтерге тоқталайық.

Ұлттың толық ұлт болып, дамуы үшін оның ұлттық арманы, ұлттық құндылығы, ұлттық қажеттілігі болуы керек. Ұлттық сана абстрактілі ұғым емес. Бірақ бұл халықтың күнделікті өміріндегі көрініс. Оны бүкіл халықтың тарихын, дәстүрін, әдет-ғұрпын, әдебиетін, мәдениетін, өнерін және тұрмыс-тіршілігін түсіну деңгейі деуге болады. Ұлт – білетін, түсінетін халық. Ұлттық сана ұлттың дүниетанымына байланысты. Ұлттық дүниетаным нақты білім арқылы жеткізіледі. Оның болмысы ұлттық дәстүр арқылы беріледі. Ұлтқа деген құрметтің деңгейі ұлттық сананың қалыптасу деңгейіне байланысты. Алла тағала қазақ елінің өкілін маңдайыңа жазғанда. Оны мансап сияқты өзгерту мүмкін емес. Соңында Өзге ұлттардың мәдениетін өзгертуге, сіңіруге қанша тырыссаң да. Сен әлі ол ұлттың бір бөлігі емессің. Ал сен ол өмірде туа алмайсың. Кезегі келгенде қабылдамады. Ол сенің өгей әкенді еске түсіреді [5].

Рухани дүниені құрайтын барлық сезімдер бір-біріне ортақ. Сондықтан ешбір мәселеде бейтарап қала алмайды. Бұл кең сезім оның бәрі тікелей байланысты деген сенімімен байланысты болуы мүмкін. Керісінше, олардың этникалық тобынан тыс, басқа мәдениет аясында пайда болған сол сана ұлттан тәуелсіз емес. Ондай адамдарды қазір «мәңгіт» деп атайды. Олар ғылыми тілмен айтқанда «азаматтар». Бұл туралы газеттер көп жазған жоқ. Олар бүкіл елдің мәдениетін білмегендіктен, күнделікті өмірде тұрғылықты жерін жек көріп, жаман жағдайға ұшыратады. Осылайша сіз тыныштық табасыз. Шетел мәдениеті ұлттық мәдениетті сақтау үшін қолданылады. Сондықтан ол өз елін, оның құндылықтарын жек көреді. Біреуге ұнамайтын тірлікті көрсең, еліңді танытасың және оны елге көрсетіп, ұлттық сипатқа айналдыруға дайынсың. Өзін басқа қандас туыстардан артық сезінеді, солардың бірі екеніне қынжылады. Сондықтан, елдің баласы емес, кейінгі баласындай әрекет етуге барын салды. кез келген жағдайда.

Демек, ұлттық ауыртпалығымыз туралы айтқаны – біз оны аңсаймыз, оның құрамдас бөліктері қажет. Ауызша: ұлттық көшбасшылық, ұлттық карта, ұлттық намыс, ұлттық патриотизм, ұлттық құндылықтар, ұлттық тәрбие.

«Баланы өз тәрбиесімен оқытпа, ұлт тәрбиесімен тәрбиеле» деген халықта сөз бар. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру халықтық тәлім-тәрбиені енгізу арқылы балалардың қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін меңгеру барысында ұлттық этиканы, адамгершілікті, сыпайылықты қалыптастырады. Ұлттық тәрбие – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан баға жетпес қазына. Бұл келешек ұрпаққа қалай өмір сүру керектігін үйрететін үлкен тәрбиелік кітап, тәрбиенің

тамыры адам байлығында, қадір қасиетінде, бейбіт мінезінде жатыр. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы балалардың бойына сіңіретіні сөзсіз. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтсақ, ұлттық құндылықтар – заттар, ал адамдық қадір-қасиет – ғасырлар бойы жинақталған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Бұл білім мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға қонақжайлылық, даралық, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, денсаулық, жаспаздық, әділдік, өркениеттілік, рухани байлық, сүйіспеншілік жатады. Кез-келген халықтың мінезі бес негізгі негізделеді. Бірінші - тіл, екінші – дін, үшінші – дәстүр, төртінші – тарих, бесінші – Отан. Құндылықтар тек шынайы, олар ешкімге тәуелді емес, ең алдымен адамның санасында пайда болады, құндылықтарды адамның оқуының нәтижесінде сезім арқылы да, ойлау арқылы да түсінуге болады және бағалайды, соған сәйкес әрекет етеді. Елін өсірген, қадірін түсінген азаматтардың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халықпен тығыз байланыстымын. Мен онымен қарым-қатынасымды тоқтата алмаймын. Тоқтату қолымнан келмейді», деді ол. Сырым Датұлы: «Мен екі ағайындымын: бірі - өзім, екіншісі - менің халқым», - деді. Қазақстан халқының ұлы да құнды рух пен материалдық құндылықтарды қадірлеуге, құрметтеуге, дамытуға лайық етіп, ұрпақ игілігіне неге пайдаланбасқа? Қазақтар балалардың бойындағы ізгілікті жек көруді, әдемі сөзді, әдемі жүзді, әр түрлі ләззат алуды, салмақты, ойлы болуды халық тәрбиесінің негізгі қағидалары деп біледі. Бала тәрбиесін кешіктіру бала тәрбиесін кешіктіру мертігумен бірдей. Бала туылғанға дейін тәрбие беру керек [6].

Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар.

Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім-болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.

Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені.

Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым»-дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болуын, сұлу сөз сйқырлы үн.әдемі өң мен түрлі ләззат ала білетін, һәм байсалды, ойламдышымыр болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған. Ұрпақ тәрбиесіне кешігу дегеніміз мертігумен бірдей. Тәрбие бала тумай тұрып, дүниеге келмей тұрып берілуі тиіс.

Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

- индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;

- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәден етін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды кастерлеу;

- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

- сыныптағы тәрбие сағаттары;

- баспасөз және қабырға газеттері;

- бұқаралық ақпарат құралдары;

- тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.)

- кітап оқу;

- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;

- шығармашылық жобалар қорғау;

- қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;

- саяхат жасау;

- үйірмелерге қатысу.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілі болып табылады.

Қазақстандық ұстаз М.Жұмабаев «...әр ұлттың баласы өз ұлтына қызмет етеді, сондықтан ұстаздың міндеті – сол ұлттың тәрбиесінде ұрпақ тәрбиелеу».

Ұстаздар – балалардың тұлғасын қалыптастыратын, құнды тәрбиелік құндылықтарды қолдайтын, балалардың қиялын жандыратын, армандарын жүзеге асыратын үлгі-өнеге. Білімнің маңыздылығы өзінен-өзі түсінікті. Бүгінгі жастарды ертеңгі қоғамдық-саяси қоғамның мүшесі ету үшін ізгі тәрбие дегенді пайдалана отырып, жоғары адамгершілікке баулу – ұстаздардың басты міндеті. Атап айтқанда, осы кәсіби дағдыларды шыңдау педагогикалық тәжірибе алудың ең маңызды алғышарты болып табылады.

Қазақстан балаларын сынып жетекшілерінің ұлттық құндылықтары бойынша оқытып, оқытып, тәрбиелеп, елімізді басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең өмір сүруге үйреткен абзал. Болашақ мектептен.

Қазіргі уақытта мұғалім болу оңай жұмыс емес, өйткені басқа ешбір мамандықта мұғалім сияқты критерийлер жоқ. Педагогикалық қызметтің табыстылығын бағалау да өте қиын. Сапаны сатып алушы өлшенбейді, әр астықпен өлшенбейді

Ата-бабамыздан қалған ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, дінді, уағыз-насихатты, тәрбие заңдылықтарын негізге ала отырып, жастардың санасында оятып, жастарда ізетті, парасатты етіп тәрбиелеуіміз керек.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі

ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Болашақ педагог ретінде ұлтымызды дәріптеп, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы – бізге, яғни ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін ұстаз кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені білім әр адамға өмір бойы қажет екенін бәріміз білеміз. Міне бүгінде мен «Ұстаздық» жолын таңдай отырып, өзімді болашақта білікті, білімді ұстаз болуымыз қажет. Бала тәрбиесі тікелей бізге, яғни ұстазға байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Елеуенов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.
2. Кукушин В.С., Қалиев С. Этнопедагогика. Оқулық. Алматы, 2014.
3. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. Оқулық. Алматы, 2014.
4. Ұзақбаева С.А. Этнопедагогика. Оқу-әдістемелік құрал. 2019.
5. Усманов Ә.Ә., Данияров Т.Ә. Этнопедагогика. Түркістан, 2015. Оқу құралы.
6. Шалғынбаева Қ.К. Этнопедагогика. Оқулық. Алматы, 2019.

ӘОЖ 37.032

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИЕТІ ЖАЛПЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Изтлеуова С.Ш.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

«Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел» деп мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев атап өткендей, мәдениет қай қоғамда, қай дәуірде болмасын, саналы ұлт қалыптастырудағы басты құндылықтар қатарынан табылары хақ [1]. Жалпы мәдениет – бұл адам өзінің өмірі мен қызметінде басшылыққа алатын рухани, адамгершілік және зияткерлік құндылықтардың, нормалар мен ережелердің жиынтығы. И.А. Зимняяның берген анықтамасына сәйкес, жалпы мәдениет – бұл адамның белсенді өмір сүру процесінде және басқа адамдармен қарым-қатынаста пайдаланатын идеалдар мен нормалар [2].

Жалпы мәдениет жеке тұлғаның жас ерекшелігі мен нәсіліне, білімі мен кәсібіне қарамастан адам өмірінің және қоғамның әртүрлі аспектілерін қамтиды. Философиялық, мәдениеттанушылық көзқарастарға сүйенсек, жалпы мәдениеттің негізгі компоненттері ретінде рухани, адамгершілік, зияткерлік, эстетикалық, коммуникативтік, құқықтық, экологиялық және физикалық түрлерін ажыратуға болады. Бұл компоненттердің әрқайсысы тұлғаның дамуында маңызды рөл атқарады және оның қоршаған әлеммен мәдениеттің жоғары деңгейінде өзара әрекеттесу қабілетін анықтайды. Сондай-ақ әр саланың ерекшеліктеріне сәйкес кәсіби мәдениеттің, оның ішінде білім беру саласы бағытында педагогикалық мәдениеттің қалыптасуы маманнан талап етілетін маңызды талаптар қатарына жатады.

Осы орайда коммуникативтік мәдениет жалпы мәдениетте, ғылымда, теорияда және практикада ауқымды рөл атқаратын негізгі компонент болып табылады. Қазіргі қоғамда цифрландыру, жасанды интеллектіні пайдалану және білім беру процесін автоматтандыру салдарынан тиімді коммуникация мен мазмұнды сөйлеу мәдениетін жетілдіру мәселесі туындап, бұл сұрақ педагог мамандардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру қажеттілігін анықтайды. Әсіресе, білім баспалдағының алғашқы сатысы бастауыш мектепте мұғалім коммуникативтік мәдениетті игерген басты тұлға ретінде үлгіге айналуы тиіс.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениеті – бұл педагогикалық қызметтің тиімділігін анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Оқушылармен және ата-аналармен өзара әрекеттесуде, әріптестермен жұмыс жасауда, сондай-ақ білім беру үрдісін басқаруда мұғалімнің коммуникативтік дағдыларының деңгейі шешуші рөл атқарады. Коммуникативтік мәдениет тек қана сөйлеу тілінің сауаттылығы мен тілдік құралдарды дұрыс пайдалануды ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас этикасын, эмоционалдық интеллектіні, көпмәдениетті және көптілді қоғамдағы тілдік ортада бейімделуді де қамтиды.

Қазіргі таңда білім беру саласында мұғалімнің кәсіби деңгейіне қойылатын талаптар артып келеді, ал коммуникативтік мәдениет жалпы мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде білім беру сапасын арттыруда басты рөл атқарады. Коммуникативтік мәдениетті дамытудың қажеттілігі мұғалімдердің оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал етуімен де байланысты. Бұл аспект мұғалімдердің тек қана білім беру саласындағы емес, сондай-ақ әлеуметтік және мәдени ортаның белсенді мүшелері ретінде қалыптасуын талап етеді.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мәселесі педагогика саласында маңызды зерттеу бағыты болып табылады. К.А.Айтмаханова, Б.Қ.Касиманова, М.Ш.Садықова, Ю.В.Громыко, Г.М.Андреева, А.А.Леонтьев, М.Хэлл, Б.Блум, Б.Лефевр және т.б. қазақстандық, ресейлік және шетелдік ғалымдар бұл мәселені әр түрлі аспектілерден зерттеп, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған ұсыныстар берді. Аталған мәселені түрлі қырынан қарастырған ғалымдардың зерттеу еңбектері бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етіп, педагогтардың оқыту үдерісіндегі қарым-қатынас тиімділігін арттыруға көмектеседі.

М.Атавуллаева коммуникативтік мәдениетті қарым-қатынас мәдениетінің бөлігі ретінде педагогикалық шеберлікке және мұғалімнің табысты кәсіби қызметіне қол жеткізу үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық шарт ретінде анықтайды. Оның зерттеуінше, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің факторы ретінде коммуникативтік мәдениеттің негізгі компоненттері: эмоционалды тұрақтылық (бейімделумен байланысты); экстраверсия (мәртебе мен тиімді көшбасшылықпен байланысты); тікелей және кері байланыс құра білу; сөйлеу дағдылары; тыңдау қабілеті; ынталандыру қабілеті; «жұмыр» және үйлесімді қарым-қатынас орнату мүмкіндігі [3].

Сондай-ақ ғалым Л.А.Аухадеева коммуникативтік мәдениетті өзара әрекеттесу мен қарым-қатынастың барлық аспектілерін қамтитындықтан әлеуметтік мәдениеттің ерекше түрі ретінде қарастырып, қоғам мен адам өміріндегі маңызды қызметтерін айқындап көрсетеді:

- шығармашылық немесе гуманистік қызмет – адамның өзін, оның руханилығын, дүниетанымын, бітімгершілігін қалыптастыру қызметі;

- аксиологиялық қызмет – адамда белгілі бір құндылыққа қажеттіліктері мен бағдарларын қалыптастырады;

- ақпараттық немесе әлеуметтік тәжірибені тарату қызметі – тарихи сабақтастықпен байланысты қызмет;

- танымдық қызмет – ақпарат пен тәжірибені жинақтау әлемді тануға және игеруге мүмкіндік береді;

- реттеушілік қызмет – мінез-құлық нормалары мен ережелерін қалыптастырады;

- семиотикалық (символдық) қызмет – белгілі бір мәдениеттің символдық жүйесін игеруге, мәдениетті түсінуге және сол ортада өмір сүруге мүмкіндік береді. Осылайша, коммуникативтік мәдениетті қарым-қатынастың ерекше сипатын көрсететін мәдениеттің жалпы белгілеріне ие категория ретінде анықтайды [4].

Аталған компоненттер мен қызметтерді жинақтай отырып, мұғалімнің коммуникативтік мәдениеті оның кәсіби қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Ол оқушылармен, әріптестермен, ата-аналармен және жалпы қоғаммен тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажетті білім, дағдылар жиынтығын қамтиды. Бүгінгі зерттеулердің бағыты айқындап отырғандай, мұғалімнің коммуникативтік мәдениетінің негізгі бірнеше аспектілерін көрсетуге болады:

Сөйлеу дағдылары және сөйлеу мәдениеті: мұғалімге сауатты, логикалық дәйекті, эмоционалды-экспрессивті сөйлеу тән болуы керек және ақпаратты дәл, түсінікті жеткізу талап етіледі.

Тыңдау және түсіну қабілеті: ең маңызды компонент – әңгімелесушіні мұқият тыңдау, оның көзқарасы мен эмоционалды жағдайын түсіну.

Эмпатия және эмоционалды интеллект: мұғалім эмоционалды жауапкершілікті көрсете білуі керек, оқушылардың және оқу процесінің басқа қатысушыларының сезімдері мен қажеттіліктерін түсінуі керек.

Әдептілік пен төзімділік: бұл әртүрлі көзқарастарға, мәдени және әлеуметтік айырмашылықтарға құрмет көрсету, қақтығыстар мен түсініспеушіліктерден аулақ болу мүмкіндігі.

Психологиялық икемділік: мұғалім қарым-қатынастың өзгертін жағдайларына бейімделе білуі, оқушылар мен ұжымдардың жеке ерекшеліктерін ескеруі керек.

Тұлғаның коммуникативтік мәдениетінің құрылымы тұлғаның коммуникативтік әлеуетін, сондай-ақ қарым-қатынас, байланыс, үйлесімділік, коммуникативтік білім мен дағдылар, қабілеттер, эмпатия және өзара түсіністік сияқты қасиеттерді қамтиды. Коммуникативтік мәдениеттің маңызды элементтерінің бірі – білім беру, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін шешу үшін білім, іскерлік,

дағдыларды, нормалар мен құндылықтарды тиімді қолдануды көздейтін коммуникативтік құзыреттілік болып табылады [5].

Сонымен, коммуникативтік мәдениет этикалық және моральдық принциптерді, эстетикалық артықшылықтарды және кең көзқарасты қамтитын мұғалімнің жалпы мәдениетімен тығыз байланысты. Жалпы мәдениеті жоғары мұғалім тек кәсібилікті ғана емес, сонымен қатар адамгершілік және мәдени аспектілерде үлгі көрсетеді. Коммуникативтік мәдениетті игере отырып, педагог оқушылармен тиімді қарым-қатынас жасау, өзінің педагогикалық техникасын жетілдіру, оқушылардың эмоционалдық жағдайын ескеру, әріптестермен және ата-аналармен ынтымақтастық орнату, қиын жағдайларды басқару, тиімді оқыту және оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту қабілеттеріне қол жеткізеді. Осылайша, бастауыш сынып мұғалімдеріне *коммуникативтік мәдениет* педагогикалық үдерістің тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың жан-жақты дамуына, ата-аналармен және әріптестермен нәтижелі қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдаулар беріліп отырған ұғымға қатысты зерттеушілер көзқарастарының түрлі бағытта, көп компонентті екендігін, оның күрделі категория екендігін анықтап көрсетті. Ал коммуникативтік мәдениетті педагог бойында қалыптастыру болашақ мұғалімдерді мамандыққа кәсіби даярлау процесінен басталуы тиіс. Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру көп қырлы және жүйелі үдеріс. Бұл мәдениетті дамыту тек қана теориялық білім берумен шектелмейді, сонымен бірге практикалық тәжірибе, тренингтер, рефлексия және тілдік, мәдениетаралық дағдыларды қамтиды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік мәдениеті білім беру үдерісінің тиімділігін арттырып, оның кәсіби құзыреттілігінің негізін қалыптастырады.

Алайда, болашақ мамандардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруда көптеген кедергілер мен қиындықтар туындауы мүмкін. Оған өзін-өзі бағалаудың төмендігі, эмоционалдық тұрақсыздық, таңдаған мамандығы үшін мотивацияның болмауы сияқты жеке кедергілерден бастап түрлі мәдени айырмашылықтар мен қарым-қатынас жасау дағдыларының жеткіліксіздігін құрайтын элеуметтік кедергілерді, сондай-ақ тұлғаның білім деңгейі мен дүниетанымын бейнелейтін танымдық кедергілерді, тұйықталумен және қорқынышпен байланысты психологиялық кедергілерді, еңбектену мен тәжірибенің жеткіліксіздігінен туындайтын педагогикалық кедергілерді, тіпті техникалық (цифрлық сауаттылықтың төмен деңгейі) және ұйымдастырушылық (қолдаудың болмауы, әлсіз оқу ортасы) кедергілерді де жатқызуға болады. Аталған қиындықтарды жеңу және коммуникативтік мәдениеті қалыптасқан маманды даярлау қажырлы еңбек пен ізденісті талап етеді. Осы орайда жүргізілетін жұмыстардың басты бағыттары ретінде қарым-қатынас пен тілдік мәдениетке бағдарланған кәсіптік оқу пәндері мен арнайы курстарды мақсатты жүргізу, педагогикалық практика, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған тренингтер мен семинарлар, цифрлық платформалар мен құралдар арқылы оқыту тәсілдерін үйрету, педагогикалық шеберлік курстарын атауға болады.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениеті олардың жалпы кәсіби және жеке мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады деп тұжырымдаймыз. Бұл білім беру процесінің сәттілігіне, салауатты оқу ортасын қалыптастыруға және оқушылардың жеке дамуына айтарлықтай әсер етеді. Мұғалімнің балалармен, әріптестерімен және ата-аналармен тиімді, сыйластыққа негізделген және сындарлы қарым-қатынас орнату қабілеті сыныпта жағымды микроклимат құруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде білім беру процесінің сапасына әсер етеді.

Коммуникативтік мәдениет тек білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар эмпатия, төзімділік, шыдамдылық және эмоционалды тұрақтылық сияқты маңызды қасиеттерді де қамтиды. Осыған байланысты бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік дағдыларын дамыту кәсіби дайындық процесінде де, кейінгі педагогикалық практикада да басым міндет болуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Ақорда, 2 қыркүйек, 2024 ж. - Қолжетімділік режимі URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses> - (қаралған күні: 09.09.2024).
2. Зимняя И. А. Общая культура и социально-профессиональная компетентность человека //Профессиональное образование. – 2006. – №. 2. – С. 18-21.
3. Qobilovna A. M. Communicative competence as a factor of teacher's professional competency //American Journal Of Social Sciences And Humanity Research. – 2023. – Т. 3. – №. 09. – С. 32-44. <https://doi.org/10.37547/ajsshr/Volume03Issue09-06>
4. Аухадеева Л. А. Коммуникативная культура как компонент общей и профессионально-

ӘОЖ 371.335

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ӨСИЕТТЕРІ

Ильясова А.С., Өміртаева Т.Ө.

«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, Қазақстан

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы-халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны, әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен қатар ұлы ойшылы. Оның поэтикалық шығармалары этикалық, эстетикалық, психологиялық, педагогикалық ой пікірлерге, адамгершілік өсиеттерге толы.

Абай тәрбиенің басты құралы — еңбек деп санады. Ол білімді игерудің маңыздылығын атап өтті, адамның рухани жетілуі көбінесе ағартушылыққа байланысты.

Абай Құнанбаевтың еңбегі – ол адамды жаңарту жолдарын іздеп, оның руханилығын көтеруге, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге тырысты. Оның жалпыадамзаттық әділеттілік идеалдарын бекітуге шақыруы Адам бол! біздің заманымызда да өз өзектілігін сақтап қалды.

Абай-тәлімгер және мұғалім, адамгершілік тәрбиесінің гуманистік тұжырымдамасын алға тартады, оның мақсаты баладан еңбекқор, патриот, жан-жақты дамыған, адамгершілігі жоғары, туған халқының мүддесі, ойы мен ұмтылысы арқылы өмір сүретін адамды қалыптастыру.

Абайдың барша көпқырлы педагогикалық мұрасынан біз оның адамгершілік көзқарастарына, педагогикалық этикасына ерекше тоқталып етуге тырысамыз, өйткені бүгінгі таңда, ұлы тұлғалардың кеше ғана сөзсіз басшылыққа алынған идеялары оп-оңай құртылып, ал әр күн қоғамның әлеуметтік-экономикалық, рухани-адамгершілік өміріндегі тоқырау жайында ащы деректер әкеліп, және, әлбетте, бұл жас жеткіншектер мен жастардың адамгершілік бейнесі мен мінезқұлқына өте теріс әсер етіп (нигилизм, эгоцентризм, оқшаулану, құқық бұзушылық және қылмыс жасау орын алып) жатқанда, жас ұрпақтың жан-дүниесін қалыптастырудың өзіндік жалпыадамзаттық адамгершілік тұжырымдамасымен Абай бізге аса қажет.

Абайдың адам, оның өмірдегі орны мен атқаратын міндеті, оның адамгершілік тұрғысынан жетілуі туралы ойларына жүгіне отырып, біз олардың өзектілігіне тағы бір рет көз жеткіземіз, өйткені оларды өзіміздің кәсіптік-педагогикалық қызметімізде де, жеке басымызды адамгершілік-этика тұрғысынан жетілдіруіміз үшін де басшылыққа ала аламыз.

Абайдың пікірінше, адам дүниеге жеке тұлғаның әлдебір дайын мінез-құлық ережелерімен бірге келмейді. Ізгілік пен кемістік жайындағы түсініктер, барша мінез-құлық ережелері адамның өмір сүруі мен қызметі барысында пайда болады. Ол жастарды:

«Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш - дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан», - деп үйретті.

Ал адамды зерттеп, тәрбиелеу үшін, бұны қазіргі заманға сай ғылыми тұлғалық-қызметтік көзқарас емес деп айта аламыз ба? Абайды адамның: этикалық, эстетикалық тұлғасы, оның білімі мен тәрбиесі, сезімдері мен ақыл-ойының әлемі, мұраттары мен өмірлік мақсаты қызықтырып, тартады.

Адамның тәрбиесі мен қалыптасуына аса маңызды мағына бере және адамның кемістіктерін тағдырдың жазуы деп түсіндіргісі келгендерге қарсы күресе отырып, Абай адамгершілік қасиеттерді адамның табиғаттан алмайтынын, тәрбие барысында ғана оның өнегелі немесе өнегесіз адамға айналатынын баса айтқан.

Баланы тәрбиелеуші кім, сонда? Әлбетте, бәрінен бұрын, оны қоршаған адамдар. Оларды Абай үш топқа бөледі. Кейбір кемшіліктерді анықтау, сонымен қатар өсіп келе жатқан жас ұрпақтың адамгершілік тұлғасында ауытқушылықтарды болдырмау үшін, Абайдың ұстанымдарын тәрбие беру үдерісінде басшылыққа алуымыз керек. Сонымен, Абай ажыратқан топтар қандай топтар екен?

Біріншіден, Абайдың айтуынша, ол - ата-аналар, аға-інілер мен сіңлі-қарындастар, яғни баланың отбасы, туыс-туғандардың ортасы. Екіншіден, ол - мұғалімдер, тәрбиешілер, тәлімгерлер, яғни бала

тәрбиесіне кәсіби жауапты ересек адамдар. Ал, үшіншіден, ол - құрдастар, достар, жолдастар...

Бірақ Абай өзгеше маңызды адамгершілік-этикалық қорытынды жасайды: адамдардың осы санаттарының ішінен балалар кімді көбірек құрметтейді, кімге көбірек сенеді, кімнің ықпалы күштірек? Баланың жақсы көретін адамы - олардың алғашқы да басты тәлімгері! Педагогикалық ойлау және балаларды адамгершілікке тәрбиелеп, қалыптастырудың тиімді жолдарын іздеп, табу үшін, Абай бізге қаншалықты көп дүние қалдырды десеңізші...

Абай адамгершілікке үндейтін жалынды шығармалары топтамасында «Адам бол!» деген өсиетін алға тарта отырып, жастарға арнап достық пен жолдастықтың, ерлі-зайыптылық өмірдегі сүйіспеншіліктің, борыш пен ұжданның, адам істеріндегі ерлік пен сұлулықтың этикалық нормаларының тұтас кодексін жасап шыққан: оларда мінез-құлықтың оң да, теріс те қасиеттері, жақсылық пен жамандық, адамның адамгершілік тұрғысынан жетілуі үшін ғылым мен ғалымдардың қандай рөл атқаратыны жайында баяндайды. Ұлы ағартушының: «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Интернатта оқып жүр» және көптеген басқа шығармаларында осындай қасиеттер сипатталады. Егер бір өлеңдеріне Абай адам болу үшін не керек екенін айтса, ал басқаларында адам болу үшін не істемеу керектігін түсіндіреді. Мәселен, «Әсемпаз болма әрнеге...», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын...», «Болды да партия» және тағы басқа өлеңдерін атауға болады.

Абай: «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі ақымақтық»-дей келе, адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлінің ерекшелігін саралап көрсете білді. Абай адам мәнісінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»-деді. Абай үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ождан мәселелері қай қоғамда болмасын аса қажет, адамды қиыншылық атаулыдан аман алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің өзгермес заңы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз нысанасы екені даусыз.

Абай - халықты білімге, ғылымға, еңбекке көп үндеген ақын. Ғылымды ол әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл прогреске апаратын жол деп түсінді. Ғылымның әлеуметтік орнын адамдардың жақсы қасиеттерімен байланыстыра қарады.

- «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
- Сонда толықболасыңелденбөлек.
- Жеке-жекебіреуіжарытпайды,
- Жол да жоқжарыместі «жақсы» демек...
- Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

- Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», - деп ақылды тереңдетіп, шалқытып түсетін, адамның жігерін, қайратын өсіріп, жөніне жұмсауға жол көрсететін, оны тасыта түсетін, жүректі де ізгілікке, адалдыққа, адамдыққа баулитын, адам бойындағы осы үш қасиеттің басын қосып, оны үлкен әлеуметтік ізгі күшке айналдыратын осы ғылым деген қорытындыға келеді.

«Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде:

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ,
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым ойлап қой –

Бес асыл іс көнсеңіз...» - деп, адамның әлеуметтік қасиеттерін жинақтап көрсетеді. Кісінің адамшылық қасиетін бірінші орынға қояды. Адам болам десең, байлық пен озбай ақыл, әділеттілік, ғылым, ар, жақсы мінезбен оз дейді. Абай қазақ қоғамында жан-жақты жетілген адамды арман ете отырып, оның мінезді болуына, мінездің әлеуметтік өмірдегі қызметіне айрықша мән береді.

Ақын жастар тәрбиесінің сан қырына, оның өзекті салаларына баса назар аударды, жас ұрпаққа үміт артты, олардың жүрек сезімін оятып, өзінің көкейкесті мақсат-мұраттарына жұмылдыруға ұмтылды. Жастардың еңбек етіп, ғылым мен білімге ден қоюы, алда тұрған мақсаттарына жету жолында табандылық көрсетуі қажеттігі сияқты асыл қасиеттерді уағыздау - Абайдың бүкіл ақындық қызметінің негізгі де үзілмейтін идеялық- тақырыптық желілерінің бірі. Абай мектепте оқып жүрген қазақ балаларына үміттеніп қарап, елдің болашағы осылар деп қуанды. Елдің мешеулігін, халықтың қараңғылығын, надандықты әшкерелеп, жаңа өмірге бастар жол оқу-ағарту, адамның рухани жағынан азат болуы деп түсінді. «Адамның білімі, өнері - адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді

барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі - жастық шақты оқуға, ғылымға жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе: «Дүние де өзі, малда өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», - деген тұжырым ұсынады.

Ол оқу-ағарту саласындағы таптық, ұлттық және мүліктік шектеулерге қарсы шығып, оқытудың ана тілінде жүргізілуіне баса назар аударды. Сонымен қатар: «Орысша оқу керек... өнер де, ғылым да - бәрі орыста... Сен оның тілін білсең, көкірек- көзің ашылады», - деп, орыс тілін үйренуге де ерекше мән берді. Абай жасөспірімдердің мінез-құлық, адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген: «Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта көңіл-гүл...» - деп, жас баланы тәрбиелеуді өте ерте қолға алып, олардың дақ түспеген санасына ізгі қасиеттерді еге білу қажеттігін ескертеді. Ол өзі өмір сүрген әлеуметтік ортада орын алған бес түрлі зиянды мінез-құлықтан адам боламын деген әрбір жасөспірімнің сақтануы керектігін ашық айтады. Адам өзіне-өзі сыншы болу керек: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен есеп ал», - деген Абай тұжырымы жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырып, олардың бойында өзіне деген берік сенімін қалыптастырады.

Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер ұрпаққа арнады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты - адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат - «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.

Абайды зертеуші ғалымдар ұлы ақынды халық ұстазы деп біледі. Ақынның шығармашылық қызметі - халықтың рухани қазынасы. Ұстаздық, ойшыл ақынның пікірінше, жастарды ізгілікке, адамгершілікке үйретушілік. Абай халықтың болашағы жастарды адамгершіліктің игі қасиеттеріне тәрбиелеуші үлкендерден ұстаздық шеберлікке лайық қабілет болуын талап етті. Бұл ойын ақын:

«Ұстаздық қылған жалықпас,

Үйретуден балаға...» - деп тұжырымдады.

Жастарды адамгершілік рухында тәрбиелеп, оларға ғылым мен білімге бастар жолды көрсете отырып, ақын бұл мәселелердің шешімі еңбекте деп білді. Жастардың айналысар кәсібінің аясы тарлығына тоқталып, өзімен көршілес халықтардың егіншілік пен қолөнерін, сауда жасауды, түрлі кәсіпті үйренуге үндеді. Ақын кейбір жастардың бойындағы еңбекке икемсіздігін, құлықсыздығын, жалқаулығын сынап, берекесіз адамның болашағы жоқтығын әрдайым еске салып отырады. Жастарға жеке басыңның қамын күйтеп кетпей, халқыңның жарқын болашағы үшін еңбек ет: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», - деген өсиет қалдырды. Абай қалың бұқараны адал еңбекке үндеді, қулық-сұмдықпен, алдау-арбаумен, ұрлық-зорлықпен, еңбексіз тапқан мал мен мүліктің: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар...»- деп, ондай арзан дүниенің жұғымсыз екенін ұқтырды. Ол қалың қазақ жұртшылығын адал, қарапайым еңбекті қадірлей білуге, ерекше құрметтеуге және оны бағалай білуге үндеді. Жастардың әрбірінің айналысар кәсібі болуын, ол кәсіпке дағдылану машығының неғұрлым ертерек басталуын, жастық шақта еңбекке деген ұмтылыстық, икемділіктің тұрақты қасиетке ұласуын құптады. Еңбек етуге де өзіндік байлам, талаптылық пен берік табандылық сияқты қасиеттердің керектігін ескертті. Ақын әрбір жастың келешегінің нұрлы, болашағының жарқын болуы адал еңбегі арқылы жүзеге асатыны туралы терең педагогикалық тұжырым жасады.

Қазақ халқының мақтанышы Абай Құнанбаевтың ақындығы түпсіз терең мұхитпен тең десек, қателеспеген болар едік. Ғажайып суреткер, нәзік лирик, көркемсөз шебері, ең алдымен-ойшыл ақын. Бұл пікір ақынның өмір құбылыстарын терең толғап айту жағы басым келетін өлеңдеріне, философиялық дүниетанымына және оның қара сөдеріне, әсіресе дінге, Алланың болмысы, имандылық туралы толғаныстарына қатысты. Абай шығармашылығы уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп өркендеп отыратын асыл мұра болып ұрпақтар санасынан орын алады.

Адамның мінез-құлқын өзгерту үшін тәрбиенің атқаратын рөлін жоғары бағалай отырып, Абай тәрбие мен білім берудің адамгершілік мұрат-мақсаттарын айқындайды. Тәрбиенің жоғары мақсаты, Абайдың пікірінше, - баланы еңбекқор және отаншыл етіп шығару, ал оқытудың мұраты - оның қоршаған әлемді танып білуі, білімдерге қанығып, білім мен мамандық алып шығуы. Басты міндет - тәрбие мен оқытуды қатар жүргізіп немесе қазір өзіміз айтатындай, бір мақсат - адамгершілігі асқақ, мәдениетті, білімді, халқына қызмет ететін, соның мүдделерімен, ойларымен, арман мүдделерімен өмір

сүретін жоғары өнегелі адам қалыптастыра отырып, біртұтас педагогикалық үдеріс құру. Біздің түсінуімізше, Абай тәрбие мен оқыту ісін адамгершілік пен демократия ұстанымдарына құрудың қазіргі заманғы мақсатын алдын ала болашақтағы жүз жылға айқындап қойғандай.

Адамгершілікке тәрбиелеудің басты құралдары деп Абай еңбекті және адамдарды ағартуды атайды. Оның поэзияда да, прозада да еңбектің адам өміріндегі маңызы туралы айтпаған бірде-бір шығармасы жоқ дерлік. Абай еңбекті адамның өмірлік қажеттілігі және оның адамгершілігінің негізі ретінде жырлайды. Еңбек адамы, Абайдың ойынша, ізгіліктің шынайы иесі, яғни «адамның әулиесі».

Қорытындылай келе, ағартушы-педагог адамның бақытын адамгершілікті бағалау өлшемі деп қарай отырып, оның мағынасы жайында көп ойланып, толғанады. Оның ойынша, адам бақытқа ұмтылуға тиіс, өйткені бақытқа жетуге құлшыну адамдардың өмірін айқындайтын аса маңызы фактор болып табылады. Өмір мен бақыттың мағынасын ол білімнен, еңбектен, халық үшін өтпейтін-өшпейтін мағынасы бар игілікті істер істеуден көреді. Абайдың өзі халыққа қалтқысыз қызмет етудің осындай жарқын үлгісі бола білді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кунанбаев А. Избранное. - Алма-Ата: Казгосиздат, 1988. - 340 с.
2. Кубесов А. Педагогическое наследие Аль-Фараби. - Алма-Ата: Мектеп,
3. Әуезов. М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Алматы, «Санат» - 1997.
4. Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия. 3-том. «Қазақ Энциклопедиясының» Бас редакциясы.
5. Абай. Энциклопедия. — Алматы: «Атамұра», 1995.
6. Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Жазушы», 1995.
7. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1984.
8. Тәжібаев Т. Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары. — Алматы, 1957.

ӘОЖ 372.41

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІНЕН 3-СЫНЫПТА САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ильясова М.Б., Түрлебиева А.К.

«М.Ғабдуллин атындағы 70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, Қазақстан

Саралап оқыту – бұл білім алушыға білім берудің қолайлы әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, білім беруге бағытталған әрекет. Бұл оқушының қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып, жеке басын дамытуда қамтамасыз ететін білім беру тәсілі.

Саралап оқыту – оқуды саралаудың және баламен жекелей жұмыс жасаудың тәсілі, оқу материалын игерудің жетістігі, яғни оқушыларға дер кезінде көмек беру, қабылдау деңгейіне қарай тапсырма беру. Мұғалім сабақ жоспарлауда саралап оқытудың тәсілдерін қолдана отырып құрастырғаны жөн. Мұғалімнің қазметі оның білімі мен шеберлігіне, жоспарлаған сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерді мақсатты, ұтырымды қолдана білуіне байланысты. Мұғалім оқушының жұмысын бақылап қана қоймай, оқушымен жеке жұмыстар жүргізеді.

Жаңартылған оқу мазмұны жағдайында оқытудағы саралаудың маңызы зор. Қазіргі таңда барлық баланы бірдей әдіспен оқыта алмаймыз. Әр баланың ерекшелігіне, қажеттілігіне қарай әдістемені қолдана білуіміз керек.

Саралап оқыту барысында барлық оқушылар қол жеткізетін, нақты өлшенетін нәтижеге қол жеткіземіз.

Саралап оқыту - баланың қабылдауын, қабілетіне, психофизиологиялық даму ерекшелігіне қарай қолданылатын тәсіл.

Саралап оқытуды жоспарлау – оқу үдерісінде әр түрлі топтарда бейімдеу үшін мүмкіндік беретін дидактикалық жүйенің бір бөлігі. Саралап оқытудың алғашқы формасы дарындылық бойынша қабілетті балаларды жекелеп оқыту болып табылады. Оқыту мен оқуда оқушылар қажеттілігіне негізделген барлық оқушыларды қамтамасыз етуді көздейтін бірегей әдіс ретінде қолданылып келеді.

Әдебиеттік оқыту пәнін оқытуда саралау тәсілін қолданып түрлі жетістіктерге қол жеткізуге болады. Оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын жетілдіруде, мәтіндермен бірнеше жұмыс түрлерін ұйымдастыру кезінде саралау тәсілінің маңызы зор. ДЖИГСО әдісі негізінде ресурстарды, ақпарат материалдарын пайдалануда топтық жұмыс жасап (оқушы деңгейін анықтап алып), тапсырмаларды күрделендіріп беруге мүмкіндік туғызады. Шығармашылықпен айналысатын оқушыларды анықтау үшін сабақ барысында оқушының жас ерекшелігіне қарай белгілі бір тақырып беріп, мәтін құрау, ертегі құрастыру, өлең шығару, т.с.с. жеке жұмыстар жүргізуге болады. Кей жағдайда презентация дайындауды да тапсырма етіп беріп, зерттеу жұмыстарын іске асыруға да болады. Қабілеті жоғары оқушылар өз бетінше ізденуге, жоба құрастыруға машықтанады. Жаңадан жаңаны табу және басқа пәндермен байланыс орнату, ғылыми терминдерді қолдану, тақырып деңгейінен тыс жұмыстар жүргізу – оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілеті мен зейінін толықтыра түседі. Оқушы өз бетінше жұмыс жасауға бейімделеді.

Әдебиеттік оқу пәнінен 3-сыныпта саралау тапсырмаларына мысал келтіріп, тоқтала кетсек:

Жанды табиғат

Оқуға шақыру (А.Байтұрсынұлы)

1. Саралау тәсілі:

Барлық оқушылар: «Оқуға шақыру» шығармасындағы негізгі ой қандай?

Көптеген оқушылар: өлеңнің құрылымдық бөліктерін ажыратып, бөліктеріне тақырып қой.

2. Саралау тәсілі: «Қарқын» арқылы жүзеге асады

Қарқыны жоғары оқушыға:

-А.Байтұрсынұлының тағы қандай шығармаларын білесің?

3. Саралау тәсілі: «Үй тапсырмасы» арқылы жүзеге асады. Берілген тұлға туралы қосымша

мағлұмат жаз.



Күн шыққанда (І. Жансүгіров)

1. Саралау тәсілі:

Барлық оқушылар: өлең жолдары бойынша қандай сурет салуға болатыны туралы ой бөліс.

Көптеген оқушылар: қорытынды ой айтылған жолдарды тауып жаз.

Мәтіндегі негізгі тірек сөздерді белгіле «□».

А. шырт, торғай, сәуле, өріс, білім, оқу

В. күн, ұйқы, сабақ, мектеп, білім, кітап

С. кітап, оқу, шырылдау, құрт-құмырсқа

Д. мектеп, сабақ, білім, бол, тұр, сен, мал, оқу

2. Саралау тәсілі: «Тапсырма» арқылы жүзеге асады

Кейбір оқушыға:

- Өлеңді басшылыққа алып, өз ойыңнан өлең шумақтарын құрастыр.

Есеннің кірпісі. (С.Бегалин)

1. Саралау тәсілі:

Барлық оқушылар: Есеннің іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір.

Көптеген оқушылар: Тірек сөздерді анықта және оны пайдалана отырып, өз ойыңды жеткіз.

2. Саралау тәсілі: «Ресурс» арқылы жүзеге асады.

Кейбір оқушыға:

- Есеннің кірпісі әңгімесіндегі оқиғаның басталуын, дамуы мен аяқталуын анықта.

Оқиғаның басталуы	Оқиғаның дамуы	Оқиғаның аяқталуы
-------------------	----------------	-------------------




Табиғаттағы байланыс.

Терек пен қайың (Б. Кірісбайұлы)

1. Саралау тәсілі: Ресурс бойынша

Барлық оқушылар: Емен, қайың, қарағай ағаштарының тұстарына сол ағашқа сай келетін жапырақтарды дұрыс орналастыр.

Көптеген оқушылар: Берілген мысалға басқаша атау беріп, ойынды дәлелде.



- Сурет бойынша берілген өлең жолдарының жалғасын тауып, дамытып жаз.

Сорасы аққан көзінің
Терек жасын бір сұртіп,
Қабығына қарайлай...↵

Қатемді енді ұғындым,
Кінә болды өзімнен.↵
Сондықтан да↵
қабықжан...↵

Қабығы едім теректің,
Бірге ойнап, бірге өскен.
Бала кезден тербеткем...↵

2. Саралау тәсілі: «Нәтиже» арқылы жүзеге асады

«Жалғасын тап»

Әр қатардағы сөздер арасында байланыс тізбегін құрып, әңгімеле

- 1) Гүл, ара, бал
- 2) Бидай, тышқан, түлкі
- 3) Жемістер, адам, денсаулық
- 4) Жапырақ, ағаш, табиғат

Қорытындылай келе, саралап оқыту оқушылардың сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге алады. Саралап оқыту оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне, оқушының ынталандыруға, оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынас достығына, оқушының өз білімін өзі бағалай білуіне, ақыл-ой деңгейінің дамуына, білім алуға бағытталған әрекет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Серикова Б. Қазақ тілі мен әдебиетін заманауи оқыту: теория және тәжірибе. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2017. – 200 бет.

2. Бақыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру. - А: Қазақ тілі, №4, 2007.16б.

ӘОЖ 371.3

ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Имашева А.У., Айтжанова Ж.Н.

Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия КММ, Қарағанды қ., Қазақстан

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаты – әрбір оқушының жан-жақты дамып, өмірге бейімделген тұлға ретінде қалыптасуы. Бұл орайда функционалдық сауаттылықтың рөлі ерекше. Функционалдық сауаттылық – бұл оқушылардың білімдерін өмірде қолдана білу қабілеті, нақты жағдаяттарда тиімді шешім қабылдай алу, алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және ұтымды пайдалануы.

Функционалдық сауаттылық ұғымы білім беру саласына халықаралық зерттеулер мен тәжірибелер арқылы енгізілді. Оның басты мақсаты – оқушыларды тек білім алушы ретінде ғана емес, өмірлік тәжірибелерін жетілдіретін, түрлі ортада белсенді әрекет ете алатын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсінетін азамат ретінде қалыптастыру.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бірнеше бағытта жүзеге асады. Біріншіден, бұл оқу сауаттылығы, яғни оқушылардың мәтінді түсіну, оны талдау және жинақтап, нақты шешімдер шығару қабілеті. Екіншіден, математикалық сауаттылық – бұл сандық мәліметтерді түсініп, оларды практикалық мәселелерді шешуде қолдана білу қабілеті. Үшіншіден, жаратылыстану сауаттылығы – табиғи құбылыстар мен процестерді түсіну және олардың адам өміріндегі рөлін ұғыну.

«Функционалды сауаттылық» терминін 1957 жылы ЮНЕСКО жеке адамның әлеуметтік ортада толыққанды қызмет етуіне мүмкіндік беретін және құзыреттілікті қалыптастыру бойынша ілгерілетуде қажетті қадам болып табылатын сауаттылық деңгейін белгілеу үшін енгізген. Білім беру мен қоғамды ізгілендіруге объективті түрде пайда болған қажеттілік функционалдық сауаттылықтың жаңа деңгейінің қажеттілігін қалыптастырады [1].

Тұлғаның оқу, түсіну, қарапайым қысқа мәтіндерді құрастыру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындау қабілеті ретінде қарапайым сауаттылықтан айырмашылығы, *функционалдық сауаттылық* - бұл белгілі бір мәдени ортада өмір сүру үшін ең аз қажет деп саналатын әлеуметтік қатынастар жүйесінде адамның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін білім, дағды, іс-әрекет әдістері. *Бастауыш сынып оқушының функционалдық сауаттылығы* оның оқу, қарым-қатынас және шығармашылық іс-әрекеттерін өз бетінше жүзеге асыру, үнемі алған білімдерін, білік, дағдыларын, тиісті жас тобындағы оқушыға қол жетімді деңгейде өмірлік және практикалық мәселелерді шешу үшін қызметтің әмбебап әдістерін қолдану қабілетінен тұрады [2].

Ойындар сонымен қатар балаларды жақсы нәтижелерге ұмтылуға итермелейтін бәсекелестік элементтерін қамтуы мүмкін. Мысалы, білім беру платформасында «Kundelik» платформасында оқушылардың сыныптастарымен салыстырғанда өз жетістіктерін көруге мүмкіндік беретін және оларды жақсы оқуға ынталандыратын рейтинг жүйесі бар.

Оқу ойындары тек көңіл көтеріп қана қоймай, тұрақты математикалық дағдыларды қалыптастыруға көмектесетінін ескеру маңызды. Бұл материалды жақсы игеруге ықпал ететін әртүрлі ойын жағдайларында тапсырмаларды бірнеше рет қайталаудың арқасында орын алады.

Жасанды интеллект пен адаптивті оқытуды қолдану.

Жасанды интеллект білім беру процесіне біртіндеп еніп, оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Математика контекстінде жасанды интеллект оқушының үлгерімін автоматты түрде талдаудан бастап жеке оқыту ұсыныстарын жасауға дейін көптеген функцияларды орындай алады.

Жасанды интеллект көмегімен адаптивті оқыту әр оқушы үшін жеке оқыту траекторияларын құруға мүмкіндік береді. Мысалы, егер бала белгілі бір тақырыппен күресіп жатса, жүйе оған материалды жақсы түсінуге көмектесетін қосымша тапсырмаларды ұсынады. Сонымен қатар, ақпаратты тез игеретін оқушылар одан әрі дамуға ықпал ететін күрделі тапсырмаларды ала алады.

Жасанды интеллект оқу материалдарын, соның ішінде тапсырмалар мен сынақтарды автоматты түрде жасау үшін де пайдаланылуы мүмкін. Бұл мұғалімнің жұмысын едәуір жеңілдетеді және оқушылармен жеке жұмыс істеуге көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Білім беруде жасанды интеллект қолдану мысалдарын «BilimLand», онда жасанды интеллект оқушылардың жауаптарын талдайды және оларға қазіргі білімдері негізінде тапсырмалар ұсынады. Бұл балаларға бұрыннан үйренген материалды қайталамауға және қосымша назар аударуды қажет ететін тақырыптарға назар аударуға көмектеседі.

Математиканы оқытудағы кеңейтілген және виртуалды шындық.

Кеңейтілген және виртуалды шындық математиканы оқытудың жаңа көкжиегін ашады. Бұл технологиялар балаларға күрделі математикалық ұғымдарды жақсы түсінуге көмектесетін интерактивті және көрнекі модельдер жасауға мүмкіндік береді.

Мысалы, толықтырылған шындық арқылы оқушылар құрылғының экранында үш өлшемді геометриялық фигураларды көре алады. Бұл олардың кеңістіктегі қасиеттері мен қатынастарын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Виртуалды шындық, өз кезегінде, балалар интерактивті ортада есептерді шеше алатын тұтас математикалық модельдеу жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Математиканы оқытуда виртуалды шындықты сәтті қолданудың бір мысалы – «Оріқ» жобасы, онда балалар виртуалды әлемдерге еніп, геометрия, алгебра және математиканың басқа салаларына қатысты есептерді шеше алады. Бұл оқушыларға кеңістіктік ойлауды дамытуға және күрделі математикалық ұғымдарды жақсы меңгеруге көмектеседі.

Кеңейтілген және виртуалды шындықты пайдалану балаларда шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал етеді. Виртуалды нысандармен өзара әрекеттесу қиялды ынталандырады және математикалық есептердің стандартты емес шешімдерін табуға көмектеседі.

Инновациялық технологияларды қолданудың артықшылықтары мен қиындықтары.

Бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың көптеген артықшылықтары бар. Бұл оқу процесін қызықты етуге, оны әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге және күрделі математикалық ұғымдарды түсінуді жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, технология қазіргі әлемде қажет балалардың цифрлық сауаттылығын дамытуға ықпал ететінін атап өткен жөн.

Дегенмен, барлық артықшылықтарға қарамастан, білім беруде технологияны пайдалану да белгілі бір қиындықтармен байланысты. Солардың бірі-мұғалімдерді жаңа құралдармен жұмыс істеуге дайындау қажеттілігі. Технология тек техникалық дайындықты ғана емес, сонымен қатар оқыту тәсілін өзгертуді де қажет етеді. Мұғалімдер дәстүрлі әдістер мен инновациялар арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, технологияны оқу процесіне біріктіре білуі керек.

Тағы бір мәселе – технологияның қол жетімділігі. Барлық мектептерде білім беру процесіне заманауи технологияларды енгізу үшін қажетті ресурстар жоқ. Бұл тұрғыда барлық балалардың әлеуметтік жағдайына қарамастан сапалы білім алуға тең қол жетімділікті қамтамасыз ету мәселесі маңызды болып отыр.

Инновациялық технологиялар бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Олар оқу процесін интерактивті, бейімделгіш және балаларға қызықты етуге мүмкіндік береді. Дегенмен, технология оқытудың мақсаты емес, құрал болуы керек екенін есте ұстаған жөн. Оларды сәтті пайдалану мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің Құзыретті тәсілін қажет етеді.

Сайып келгенде, басты міндет әр бала өзінің математикалық қабілеттерін дамытып, одан әрі оқуға дайындала алатын жағдайлар жасау болып қала береді. Инновациялық технологиялар-бұл дұрыс қолданылған кезде білім сапасын едәуір жақсартатын және балаларға математиканы жақсы көруге көмектесетін қуатты құрал.

Инновациялық технологиялар бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Олар оқу процесін интерактивті, бейімделгіш және балаларға қызықты етуге мүмкіндік береді. Дегенмен, технология оқытудың мақсаты емес, құрал болуы керек екенін есте ұстаған жөн. Оларды сәтті пайдалану мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің Құзыретті тәсілін қажет етеді.

Сайып келгенде, басты міндет – әр бала өзінің математикалық қабілеттерін дамытып, одан әрі оқуға дайындала алатын жағдайлар жасау. Инновациялық технологиялар – бұл дұрыс қолданылған кезде білім сапасын едәуір жақсартатын және балаларға математиканы жақсы көруге көмектесетін қуатты құрал.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бақанов А.С., Орлова Е.В. (2020). Математиканы оқытудағы интерактивті технологиялар: теория және практика. Мәскеу: Мәскеу педагогикалық университетінің баспасы.
2. Поляков С.В. (2019). Цифрлық білім беру ортасы бастауыш сынып оқушыларына

математикалық білім беру сапасын арттыру құралы ретінде. Педагогика ғылымдарының Хабаршысы, 4 (15), 45-52.

3. Кузнецова И.В. (2021). Бастауыш мектептің білім беру процесінде адаптивті оқыту мен жасанды интеллектті қолдану. Қазіргі педагогиканың Хабаршысы, 3 (12), 36-44.

4. Иванова Л.М. (2018). Математиканы оқытудағы Геймификация: тәжірибе және перспективалар. Білім және технология, 5(22), 72-79

5. Савченко Т.Н. (2020). Бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқытудағы толықтырылған және Виртуалды шындық. Білім беру технологиялары журналы, 2 (11), 81-88.

6. Воронин Ю.В. (2019). Бастауыш сынып оқушыларында математикалық дағдыларды қалыптастырудағы цифрлық білім беру платформаларының рөлі. Педагогика саласындағы заманауи зерттеулер, 6 (18), 91-98.

УДК 371.321.5

ДИДАКТИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В НАПРАВЛЕНИИ ЕСТЕСТВЕННО-МАТЕМАТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Лопарева А.В.

Коммунальное государственное учреждение «Школа-лицей №21», г.Кокшетау, Казахстан

В современном образовательном пространстве особое внимание уделяется развитию самостоятельности учащихся, особенно в области естественных и математических наук. Самостоятельная работа играет ключевую роль в формировании глубокого понимания предмета, развитии критического мышления и саморегуляции учебной деятельности. В связи с этим возникает необходимость изучения дидактических условий, способствующих эффективной организации самостоятельной работы обучающихся в данной области образования.

Целью данного исследования является выявление основных дидактических условий, которые способствуют успешной организации самостоятельной работы в направлении естественно-математического образования. Для достижения этой цели предполагается рассмотрение теоретических основ самостоятельной работы, анализ существующих педагогических методик и практических примеров организации самостоятельной работы в данной области образования.

В данном контексте особое внимание будет уделено роли мотивации, созданию структурированных учебных материалов, использованию современных информационно-коммуникационных технологий, а также вопросам оценки и контроля результатов самостоятельной работы. Исследование также предполагает рассмотрение специфики организации самостоятельной работы в математике и естественных науках, что позволит выявить особенности и эффективные подходы к данному процессу.

В современном образовании самостоятельная работа становится все более важной составляющей обучения, особенно в контексте естественно математического образования. Однако для успешной организации самостоятельной работы необходимо создание определённых дидактических условий, которые способствуют эффективному усвоению материала и развитию учебной самостоятельности учащихся.

Первое важное дидактическое условие – это разработка мотивационной среды. Мотивация играет ключевую роль в стимулировании учеников к самостоятельной работе. Педагоги должны создавать интересные и значимые задачи, позволяющие учащимся видеть ценность и полезность учебного материала. Также важно учитывать индивидуальные потребности и интересы учащихся, чтобы они чувствовали себя активными участниками образовательного процесса.

Второе дидактическое условие – это создание структурированных и доступных учебных материалов. Чётко структурированные задания и материалы помогают учащимся ориентироваться в учебном процессе и последовательно усваивать знания. Педагоги должны предоставлять чёткие инструкции, обеспечивать доступ к необходимой информации и материалам, что способствует уверенности и самостоятельности учащихся.

Третье дидактическое условие – это использование современных информационно - коммуникационных технологий. Современные технологии позволяют расширить возможности самостоятельной работы, обеспечивая доступ к большому объёму информации, интерактивным образовательным ресурсам и инструментам для сотрудничества и обмена знаниями. Педагоги должны

уметь эффективно интегрировать технологии в учебный процесс, обучать использованию цифровых инструментов и развивать их информационную грамотность.

Четвёртое дидактическое условие – это система оценки и контроля результатов самостоятельной работы. Оценка играет важную роль в формировании мотивации и саморегуляции учебной деятельности. Педагоги должны применять разнообразные методы оценки, обратную связь и регулярное мониторинг прогресса учащихся, что помогает им осознавать свои успехи и области для улучшения.

Таким образом, дидактические условия для успешной организации самостоятельной работы включают в себя разработку мотивационной среды, создание структурированных учебных материалов, использование современных технологий и систему оценки и контроля. Эти условия совместно способствуют развитию учебной самостоятельности, активности и ответственности учащихся, что является важным аспектом современного образования.

Организация самостоятельной работы в образовательном процессе по естественно - математическим дисциплинам играет важную роль в формировании у учащихся не только знаний, но и навыков самостоятельного мышления, решения проблем, анализа информации и принятия обоснованных решений. Это процесс, который требует от педагогов грамотного подхода и использования соответствующих дидактических условий.

Одним из ключевых аспектов успешной организации самостоятельной работы является мотивация. Мотивированный ученик гораздо эффективнее и результативнее осваивает материал и самостоятельно исследует тему. Для этого необходимо создать интересные и значимые задачи, позволяющие им видеть практическую применимость изучаемых знаний. Например, в математике можно предложить задачи, связанные с реальными ситуациями или проектами, которые требуют применения математических методов для решения.

Важным аспектом является также создание структурированных учебных материалов. Хорошо организованный материал помогает систематизировать знания, лучше усваивать информацию и более эффективно применять их в практических задачах. Использование современных информационно - коммуникационных технологий даёт возможность создать интерактивные образовательные ресурсы, которые делают процесс самостоятельной работы более увлекательным и доступным.

Однако, важно не только предоставить учащимся материалы и возможности, но и обеспечить адекватную оценку и контроль результатов самостоятельной работы. Это позволяет стимулировать их к активной учебной деятельности, а также оценить эффективность использованных методов и подходов.

Интересно отметить, что организация самостоятельной работы в образовательном процессе по естественно - математическим дисциплинам также требует специфических подходов в каждой из этих областей. Например, в математике важно развивать алгоритмическое мышление, логику и аналитические способности, в то время как в естественных науках акцент делается на экспериментальном подходе, исследованиях и анализе данных.

Самостоятельная работа обучающихся становится неотъемлемой частью образовательного процесса, способствуя развитию их познавательных способностей, критического мышления и саморегуляции.

Мы выявили ключевые дидактические условия, необходимые для эффективной организации самостоятельной работы. Среди них важно выделить развитие мотивации учащихся к самостоятельной деятельности, создание доступных и структурированных учебных материалов, использование современных информационно - коммуникационных технологий и системы оценки результатов.

Организация самостоятельной работы в образовательном процессе по естественно - математическим дисциплинам требует особого внимания к методам, формам и инструментам, способствующим активному участию обучающихся в процессе усвоения знаний. Примеры практической реализации дидактических условий подтверждают их эффективность и значимость для формирования компетентных и самостоятельных личностей.

Однако, необходимо отметить, что дальнейшее исследование этой проблемы может быть направлено на более глубокий анализ конкретных методов и техник организации самостоятельной работы, а также на оценку их эффективности в различных условиях обучения. Развитие области дидактических условий самостоятельной работы является перспективным направлением в образовательной практике, что позволит добиться более качественных результатов в процессе обучения и воспитания нового поколения специалистов.

1. Акимова, Л.С., & Беляева, М.Д. (2022). Индивидуальные потребности и интересы учащихся как фактор успешной самостоятельной работы. *Образование и развитие*, 5(2), 15-28.
2. Гусев, А.Н. (2020). Эффективные методы организации самостоятельной работы в естественно-математическом образовании. *Вестник инновационных технологий в образовании*, 8(4), 88-102.
3. Белкин, М.М. (2020). Организация самостоятельной работы студентов в процессе изучения математики. *Вестник высшей школы*, 10(2), 45-58.
4. Громова, Т.Н. (2019). Методы формирования мотивации к самостоятельной работе учащихся в естественно-математическом образовании. *Педагогика и психология образования*, 5(1), 78-92.
5. Дубровская, Е.Г. (2021). Использование информационно-коммуникационных технологий в организации самостоятельной работы студентов по естественным наукам. *Научные труды университета*, 25(3), 112-125.
6. Кузнецова, О.В. (2018). Развитие системы оценки и контроля результатов самостоятельной работы в естественно-математическом образовании. *Журнал педагогических исследований*, 12(4), 30-42.

ӘОЖ 372.41

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Мақыметтола С., Аяған Е.С.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қаласы, Қазақстан

Бастауыш мектеп кезеңі баланың тұлғалық және интеллектуалдық дамуының маңызды кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде оқушылардың танымдық қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін қалыптастыру ерекше рөл атқарады. Әдебиеттік оқу сабақтары оқушылардың шығармашылық ойлауын, қиялын, сөйлеу және жазу қабілеттерін дамыту үшін қолайлы мүмкіндік береді. Әдебиет әлемімен танысу арқылы оқушылар шығармашылықпен ойлауды, өз ойларын еркін жеткізуді, жаңа идеяларды ұсынуды үйренеді.

Шығармашылық қабілеттердің дамуы білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады, себебі ол оқушылардың болашақтағы өміріне әсер етеді. Сондықтан да мұғалімдер әдебиеттік оқу сабақтарын ұйымдастыруда оқушылардың шығармашылығын дамытудың тиімді педагогикалық шарттарын ескеруі қажет. Бұл шарттар оқушыларға шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындау, рөлдік ойындар мен драматизация, әңгіме құрастыру сияқты әдіс-тәсілдерді қамтиды.

Осы мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттары мен тиімді әдістері талқыланады. Сонымен қатар, оқыту процесін ұйымдастырудың түрлі тәсілдері, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін бағалау критерийлері мен оларды жетілдіру жолдары қарастырылады. Бұл зерттеу мұғалімдерге оқушылардың шығармашылығын дамытуда жаңа әдістерді қолдануға бағыт-бағдар беруді мақсат етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын дамытудың теориялық негіздері өте танымал. **Шығармашылық** — бұл адамның жаңа идеялар ойлап табу, мәселелерді ерекше тәсілдермен шешу және өзіндік жаңашылдық таныту қабілеті. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі болып табылады, өйткені бұл кезеңде балалардың танымдық процестері қарқынды дамиды. Баланың қиялы, логикалық ойлау қабілеті және танымдық қызығушылығы жоғары деңгейде қалыптасады, бұл шығармашылық қабілеттердің дамуында ерекше рөл атқарады.

Психологиялық және педагогикалық зерттеулерге сәйкес, шығармашылық қабілеттерді дамытудың теориялық негіздері әртүрлі бағыттарды қамтиды. Психолог Л.С.Выготскийдің айтуынша, шығармашылық — бұл балаға тән психикалық үдеріс, ол жаңа нәрсені ойлап табуға, жаңа шешімдер жасауға бағытталған. Оның тұжырымдауынша, шығармашылық дамуға әсер ететін басты фактор — әлеуметтік орта мен білім беру жағдайлары. Ал, психолог Ж.Пиаже балалардың шығармашылық дамуы ойлау процестері мен танымдық қызметтердің өзара әрекеттесуіне негізделген деп есептеген.

Шығармашылықты дамытуда оқыту мен тәрбиенің дидактикалық қағидалары маңызды рөл атқарады. Шығармашылық тапсырмалар, топтық жұмыстар, драматизация, креативті жазу сияқты

әдістер оқушылардың өз ойларын еркін жеткізуге, қиялын қолдануға және жаңа идеяларды зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер оқушылардың зейінін, есте сақтау қабілетін, қиялын және сыни ойлауын дамытады. Сонымен қатар, шығармашылықты дамытуда мұғалімнің рөлі маңызды болып табылады. Мұғалім шығармашылық орта қалыптастыру үшін жағдай жасап, оқушыларды өз ойларын еркін жеткізуге, сындарлы пікірлер айтуға, және бір-бірімен қарым-қатынас орнатуға ынталандыруы қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын дамытуға бағытталған педагогикалық шарттарға қолайлы оқу ортасын құру, ойын элементтерін қолдану, жобалық жұмыстарды орындау және тұлғалық-бағдарланған оқыту әдістері жатады. Бұл шарттар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға және дамытуға, өз бетінше ойлауын жетілдіруге көмектеседі. Нәтижесінде, әдебиеттік оқу сабақтары барысында қолданылатын осы әдіс-тәсілдер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге және олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын дамыту — олардың болашақ тұлғалық және кәсіби дамуына салынған іргетас. Бұл үдерісті тиімді жүзеге асыру үшін мұғалімдер оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған теориялық негіздерді, әдістер мен тәсілдерді жетік меңгеруі тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту педагогикалық үдерістің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Шығармашылықты дамыту оқушылардың танымдық, зияткерлік және тұлғалық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Осы мақсатта қолданылатын педагогикалық шарттар мұғалімдердің оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыруы және тиімді әдістер мен тәсілдерді пайдалануы арқылы іске асырылады. Төменде шығармашылық қабілеттерді дамытудың негізгі педагогикалық шарттары талқыланады (1 – суретте).


1. Қолайлы оқу ортасын құру: Оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін оқыту ортасы ынталандырушы және қолдаушы болуы тиіс. Мұғалім оқушылардың өз ойларын еркін білдіруіне, қателесуден қорықпауына және эксперименттер жасауға жағдай жасайды. Бұл орта сенім мен ынтымақтастыққа негізделген болуы қажет, мұнда әрбір оқушының пікірі бағаланады және құрметтеледі. Мұғалімнің қолдауы мен жігерлендіруі оқушылардың шығармашылық әрекеттерге белсене қатысуына септігін тигізеді.

2. Тұлғалық-бағдарланған оқыту әдістерін қолдану: Шығармашылық қабілеттерді дамыту оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Тұлғалық-бағдарланған оқыту әрбір оқушының қабілеттерін ашуға және олардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруға бағытталған. Бұл әдісте әр оқушының жеке қызығушылықтары мен мүмкіндіктері назарға алынады, сол арқылы оқыту үдерісі дараландырылып, жекелендірілген тапсырмалар мен жобалар ұсынылады.

3. Оқыту әдістері мен тәсілдерінің әртүрлілігін қамтамасыз ету: Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін ойын элементтері, рөлдік ойындар, әңгіме құрастыру, креативті жазу, топтық жұмыстар, және жобалық әдістер сияқты оқыту әдістері мен тәсілдері кеңінен қолданылады. Бұл әдістер оқушылардың қиялын, сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, шығармашылық тапсырмалар мен жаттығулар оқушылардың логикалық ойлауын, мәселені шешу қабілетін, және жаңа идеяларды ұсыну дағдыларын қалыптастырады.

4. Мұғалімнің рөлі мен кәсіби құзыреттілігі: Мұғалімдер шығармашылық орта қалыптастыруда және оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуда жетекші рөл атқарады. Мұғалім оқушылардың шығармашылық тапсырмаларға қызығушылығын оятып, ынталандыруы қажет. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі олардың инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана білуімен анықталады. Педагог оқушылардың шығармашылық жұмыстарына талдау жасап, сындарлы пікірлер айтып, олардың әр қадамын қолдап отыруы керек.

5. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен кері байланыс: Шығармашылық қабілеттерді дамытуда оқушылардың өз жұмыстарын бағалауы маңызды рөл атқарады. Бұл олардың өз ойларын, идеяларын және шығармашылық нәтижелерін сыни тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімнің кері байланысы оқушылардың шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар беру арқылы олардың өзін-өзі бағалау және рефлексия жасау дағдыларын қалыптастырады.



1-сурет Шығармашылық қабілеттерді дамытудың педагогикалық шарттары

Осы педагогикалық шарттарды тиімді жүзеге асыру арқылы мұғалімдер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етіп, олардың жан-жақты дамуына ықпал ете алады.

Ендігі кезекте әдебиеттік оқу сабақтарында шығармашылықты дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдерді қарастырайық.

Әдебиеттік оқу сабақтары бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Бұл сабақтарда қолданылатын түрлі әдістер мен тәсілдер оқушылардың қиялын, сыни ойлауын және сөйлеу қабілеттерін арттыруға бағытталған. Бірінші әдіс *әңгіме құрастыру және шығармашылық жазу*: бұл әдіс оқушыларды өз қиялдарын пайдаланып, түрлі әңгімелер, өлеңдер немесе шағын шығармалар жазуға ынталандырады. Әңгіме құрастыру арқылы оқушылар өз ойларын жүйелеуге, эмоциялар мен сезімдерді жеткізуге үйренеді. Шығармашылық жазу әдісі қиялды дамытуға, тіл байлығын арттыруға ықпал етеді. Екінші әдіс *рөлдік ойындар мен драматизация*: әдеби кейіпкерлердің рөлін ойнау, диалогтар мен көріністерді сахналау оқушылардың қиялын, эмпатиясын және сөйлеу мәдениетін дамытуға көмектеседі. Бұл әдіс оқушыларға түрлі жағдайлар мен оқиғаларды өз көзқарасы тұрғысынан зерттеуге, кейіпкерлердің әрекеттері мен сезімдерін түсінуге мүмкіндік береді. Үшінші әдіс *топтық жұмыстар мен жобалық әдістер*: топтық жұмыс оқушыларды бірлесіп ойлауға, идеяларды бөлісуге және бір-бірімен пікір алмасуға үйретеді. Жобалық әдіс оқушылардың зерттеу қабілеттерін дамытуға бағытталған, бұл оларды шығармашылық тапсырмаларды орындауға, жаңа идеялар ұсынуға және зерттеу жұмыстарын жүргізуге ынталандырады. Тағы бір әдіс көрнекі құралдар мен шығармашылық ойындар: сабақтарда көрнекі құралдарды, суреттерді, бейнематериалдарды және интерактивті ойындарды қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Сонымен қатар әдеби кейіпкерлерді драматизациялау және рөлдік ойындар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға көмектеседі. (1 - кестеде)

1-кесте – Әдеби кейіпкерлерді драматизациялау және рөлдік ойындар

Әдіс	Сипаттама	Ғылыми негіздері
Әдеби кейіпкерлерді драматизациялау	Әдеби шығармалардың кейіпкерлерін сахналау немесе рөлдерін орындау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Драматизациялау оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын қалыптастырады. Бұл әдіс Лев Выготскийдің әлеуметтік даму теориясына сәйкес келеді, мұнда оқыту мен дамудың әлеуметтік контекстерде жүзеге асатыны көрсетілген.
Рөлдік ойындар	Оқушылардың белгілі бір рөлдерді орындау арқылы әлеуметтік және когнитивті дағдыларды меңгеру. Рөлдік ойындар кейіпкерлердің әрекеттерін және диалогтарын іске асыруды қамтиды.	Рөлдік ойындар Когнитивтік даму теориясына сүйенеді (Жан Пиаже), мұнда балалардың ойлау қабілеттері мен әлеуметтік әрекеттері өзара байланыста дамиды. Сонымен қатар, олар Виготскийдің әлеуметтік өзара әрекет теориясымен сәйкес келеді.

Осы әдістер мен тәсілдер әдебиеттік оқу сабақтарын қызықты әрі тиімді етіп ұйымдастыруға, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға көмектеседі.

Шығармашылықты дамыту үдерісінің нәтижелері оқушылардың қиялының, ойлау қабілетінің, және сөйлеу мәдениетінің артуынан көрінеді. Әдебиеттік оқу сабақтарында қолданылған шығармашылық әдістер мен тәсілдер оқушылардың ойлау шекарасын кеңейтіп, жаңа идеялар мен шешімдерді еркін ұсынуға ынталандырады. Мысалы, әңгіме құрастыру және рөлдік ойындар арқылы оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, әртүрлі кейіпкерлердің көзқарастарын түсінуге және олардың эмоцияларын сезінуге үйренеді.

Шығармашылық дамудың нәтижелерін бағалау үдерісі маңызды, себебі ол оқушылардың жетістіктерін анықтап, олардың ары қарай даму бағыттарын белгілеуге көмектеседі. Бағалау кезінде мұғалімдер оқушылардың өзіндік ойлау қабілетін, идеяларының түпнұсқалығын және тапсырмаларды орындау шеберлігін назарға алады. Әдістер ретінде өзін-өзі бағалау, топтық пікірталастар және мұғалімнің кері байланысы қолданылады. Бұл әдістер оқушыларды шығармашылық жұмыстарына сындарлы көзқараспен қарап, өз қабілеттерін жетілдіруге ынталандырады. Сонымен қатар, шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, әр баланың шығармашылық дамуы қолдау табады.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту — олардың жеке тұлғалық және зияткерлік дамуының негізі. Әдебиеттік оқу сабақтарында қолданылатын тиімді әдістер мен тәсілдер оқушылардың ойлау, қиялдау, сөйлеу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. Шығармашылық тапсырмалар, рөлдік ойындар, әңгіме құрастыру және топтық жұмыстар сияқты әдістер оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға және олардың оқу процесіне деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді.

Шығармашылықты дамытуға арналған педагогикалық шарттар, соның ішінде қолайлы оқу ортасын құру, тұлғалық-бағдарланған оқыту әдістерін қолдану және оқушылардың өзін-өзі бағалауы маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер шығармашылық үдерісті тиімді басқару арқылы оқушылардың қабілеттерін дамытып, олардың өзіндік көзқарастары мен идеяларын еркін білдіруіне жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, шығармашылықты дамыту — бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты дамыған, ой-өрісі кең, белсенді тұлға ретінде қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі. Бұл бағытта мұғалімдердің әдістемелік дайындығы мен шығармашылық көзқарасы басты орын алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика Алматы: Мектеп. 2003. - 78-95 б.
2. Құдайбергенова Г. Шығармашылықпен оқыту әдістемесі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана: 2012. - 112-130 б.
3. Нұрғалиева Б. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудағы педагогикалық шарттар. Алматы:Қазақ университеті. 2015. - 23-40 б.
4. Омарова А. (2017). Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың шығармашылығын арттыру (б. 55-70). Шымкент: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті.
5. Сейіткасымова Ә. Бастауыш мектепте креативті оқыту технологиялары. Алматы: Қазақ университеті. 2019. - 90-105 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖАҢЫЛТПАШТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Махмет Н.Д.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Қазіргі уақытта оқушылардың сөйлеу дағдылары мәселесі ерекше өзекті болып табылады. Ата-аналардың балалармен қарым-қатынас жасауына уақыттың болмауы, ата-ана тарапынан баланың сөйлеу мазмұнына немқұрайлы қарауы, кейбір туа біткен патологиялар балалардың сөйлеуінің дамуындағы мәселелерге әкеледі. Өкінішке орай, қазір балалар басқалармен араласудан гөрі компьютерде көбірек уақыт өткізеді. Бұл мәселе балалардың сөздік қорының аздығынан, қазақша-орысша сөздерді араластырып қолдануларынан, сөздерді дұрыс айта алмауларынан көрінеді. Бірақ баланың сөйлеу дағдысы дұрыс қалыптасқан болса, онда бұл балаға мектепте және өмірде табысты болуына көмектеседі. Сондықтан сөйлеуді дамыту мәселесін шешуге кешенді көзқарас маңызды. Бұл ретте бала өз ана тілін айналасындағы адамдардың сөйлеген сөздеріне еліктей отырып үйренетіндіктен, ауызекі сөйлеумен тығыз байланысты ауызша халық шығармашылығы маңызды рөл атқарады. Айтылуы қиын дыбыстардың мұндай тамаша үйлесімін, дыбыс жағынан ойластырылған сөздердің орналасуын халықтық шығармалардан басқа ешбір шығармадан кездестіруге болмайды. Ауызша халық шығармашылығын бала кішкентай кезінен қолданса, баланың сөзі бай, мәнді болады.

Балаларды дыбыстар мен сөздерді дұрыс, анық айтуға, осы дағдыларды кәдімгі ауызекі сөйлеу тіліне көшіруге үйрететіндіктен, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамытуда ауызша халық шығармашылығының маңызы зор [1, 356.]. Халқымыз жас баланың ойлау жүйесін дамыту үшін жұмбақ, санамақ, әртүрлі әңгіме мен тақпақтар, даналық және шешендік сөздердің тәрбиелік мәнін әркез есте ұстап, оны ретімен қолдана білген. Соның бірі жаңылтпаш. Бала тілінің дамуына дикциясының қалыптасуына дыбыстық айырылым белгілері арқылы дыбыстық жүйені меңгерту, есту қабілетін жақсарту болып табылады. Жаңылтпашты қолдануда мыналарды үнемі есте ұстау қажет:

- алғаш жаңылтпашты үйрету кезінде дыбыстың таза, сөздің дұрыс айтылуын қадағалап, сөзі жеңіл айтылатын жаңылтпашты алу керек;
- жаңылтпашты қолданғанда алғашында жеңілінен бастап біртіндеп күрделендіру қажет;
- міндетті түрде түсініксіз сөздерді мағынасын түсіндіріп отыру керек;
- жаңылтпаш тез есте сақталу үшін баланың күнделікті өмірінде кездесетін кей құбылыстармен байланысты болса өте дұрыс.

Жаңылтпаш – қай халық фольклорында болмасын кең таралған жанрлық түр. Қазақ жаңылтпаштарына да зерттеушілер ертеден назар аударып келеді. Бала танымын кеңейтумен қатар, тілін ұстартып дұрыс сөйлеуге үйретуде жаңылтпаштың орны ерекше. «Жаңылтпаш – ауыз әдебиетінің балалардың тілін жаттықтыру мақсатындағы жанры. Бала тілінің жетігіп-жетілуіне, оралымды, анық сөйлеуіне, ана тілінің үн сұлулығын мінсіз меңгеруіне, шебер сөз саптауына баулиды», – деген анықтама берілген [2, 476.]. Оның тұңғыш хатқа түскен үлгілерін 1862 жылы жазылған Әбубәкір Диваев, М.Ф.Гаврилов жазбаларынан кезіктіреміз. Қазақ әдебиетінде жаңылтпаш жанрының ғылыми маңызына алғаш рет назар аударып, зерттеген адам – Сәкен Сейфуллин еді. Ол 1931 жылғы жазған «Қазақ әдебиеті» атты зерттеуінде былай деп жазады: «Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі «дүкенін» құрған орында айтылатын айтыстың бірі – жаңылтпаш. Бұл да – ертек, өлең, жұмбақ айтысу тәрізді жастардың, балалардың тіл ұстауларына, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп еркін сөйлеуге төселулеріне өз әлінше әдемі сабақ, тәжірибе болатын ойын. Кітапта зерттеуші жаңылтпаштың тәрбиелік мәні мен атқаратын қызметін айқын аша отырып оның ойындық сипатына да назар аударады. Яғни, жаңылтпаш жеке баланың ермегі емес, ол – көбінесе жұрт жиналған жерлерде балалардың тез де, жаңылыссыз, дыбыстарды анық сөйлеуіне дағдылануына үйрететін өлең-ойын. Оның ойындық сипаты балалардың бір-бірімен жарыса кезекпе-кезек айтысуында жатыр. Ол тіл жаттықтыру мақсатын ғана көздемейді, жаңылтпаштағы сөздер дұрыс айтылмаса, құлаққа мүлде басқаша естіліп, күлкі де туғызады» [3, 976.].

Жаңылтпаштың ерекшелігі айтылуы қиын сөздерді тілдің ішкі үйлесіміне сай, бірыңғай ұяң, немесе қатаң дыбыстардан келетін сөздермен тіркестіре отырып, қайта-қайта айтқызу бала тілінің айқындала түсуіне пайдасын көп тигізеді. Жаңылтпаштың тиімділігі тек тілдік дикцияның дамуына

ғана емес, сонымен қатар қызықты қиялды ойындарға пайдалану жұмысының да, баланың шығармашылық қабілетіне тигізер әсері мол болмақ.

Жаңылтпашты зерттеуші ғалымдардың ой-пікірлеріне, ғылыми тұжырымдарына қарағанда жаңылтпаш та жұмбақ, мақал-мәтел сияқты фольклордың шағын жанрына жатады. Жаңылтпаш сөздер мен дыбыстарды қиындата қайталау, айтқанда тілді мүдіртіп тұтықтандыратын сөйлемді немесе сөйлемнің бөлігін шапшаң, жиі қайталау арқылы тіл ширатуға, тіл ұстартуға лайықталады. Жаңылтпаш дүниежүзі халықтарының бәрінде бар. Бірақ жаңылтпаштың қай тілдегі атауына зер салсаңыз да, оның ауыз әдебиеті үлгісінің ортақ табиғатынан өрістеп жатқанын байқау қиын емес.

Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде жаңылтпашқа мынадай анықтама береді: «Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады». Халқымыздың сөйлеу тілін дамытатын басты құрал жаңылтпаш жанры екендігіне тоқталып өтеді [4, 576.].

Зерттеуші Нәзір Төреқұлов «Жаңылтпаш халықтық поэтикалық шығармалардағы фольклордың шағын жанрына жататын, дыбыс үйлесімділігіне негізделген, тез және айқын айтылуы қиын сөздер тізбегі» деген анықтама бере отырып, жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақтарды дидактикалық шағын жанрға жатқызады [5, 696.].

Жаңылтпаш - қазақтың ұлттық құндылығына да, ауыз әдебиетінің құндылығына да тән мұра. Жаңылтпаштар балалардың тілін дамыту және оларды жан-жақты тәрбиелеу қажетінен туып, бала тәрбиесі үшін қызмет еткен. Жаңылтпаштардың ықпалы, тәрбиелік күші жағынан жасөспірімдерді тәрбиелеудің ең маңызды белесіне айналды.

Жаңылтпаш тіл дамыту мен ширатудың, әсіресе бала тілін ұстартудың тиімді құралы, дәстүрлі жолы десек, ондағы мағынасыз сөздер мен дыбыстардың ермек үшін айтылатын ретсіз жиынтығы емес. Жаңылтпаштар белгілі бір желіге құрылады да жүйелі өзіндік оқиға нышанын сөз етеді. Жаңылтпаш жанрының дәстүрлі тәлімдік-тәрбиелік мектебіне айналу мәнісі, әрине, оның танымдық қуаты мен тәрбиелік маңызынан, көркем бояулы эстетикалық күшінен, ойлы-сезімді тереңдігімен айқындалады деп түсінеміз. Сонымен қатар, дүние сырларын танытып, білім берерлік, білік-дағды қалыптастырарлық ерекшелігі де бар. Жаңылтпаш ана тілінің бай қорын, мол мұрасын бала жастан игеруге, жатық сөйлеп, тіл саздылығын тануға көмектеседі, көркем сөзді қастерлеуге тәрбиелейді.

Зерттеуші педагог С.Ұзақбаева «Балалар ойынының қызықты да пайдалы түрлерінің бірі – жаңылтпаш. Жаңылтпаш жастайынан балаға ана тілінің бай қорын игеруге, таза, майда, анық әуенді, көркем сөйлеуге көмектеседі, сөзді қастерлеуге тәрбиелейді», - дейді. Өйткені халық баласының тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, дүниетанымын кеңейту мақсатында жаңылтпаштарды пайдаланып келген. Сәбилік кезеңнен өтіп, мектепке дейінгі жас кезеңде жас баланың тіл байлығы өседі. Сәбилік кезеңімен салыстырғанда мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қоры үш есеге артады екен[6, 756.].

Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ой-қиялы дамиды, тәлім алады. Жаңылтпаштарды халық бала психологиясы мен тілінде болатын мүкістерге сәйкес шығарған. Тілі шыға бастаған жас бөбекпен, тілі шыққан балдырғандардың тілінде көбінесе «р» дыбысы мен «и» дыбысын, «ш» дыбысын «с» дыбысымен шатастыру байқалады. Әсіресе, тілдің алдыңғы (тілалды) дірілмен айтылатын «р» дыбысын айту алғаш көптеген бөбектерге қиын сияқты болып көрінеді. Сондықтан жаңылтпаштар да, көбінесе сол «р» дыбысы мен «и» дыбысын қатар айтуға құрылған. Бала тіліндегі «ш» дыбысы мен «с» дыбысын шатастырып айтуды түзету үшін халық жаңылтпаштарды шығарған. Сол сияқты «қ-к», «ж-ш», «т-д», «н-ң» т.б. дыбыстарды шатыстырмай айтуға жаттықтыратын жаңылтпаштар бар.

1-кесте – «Ш» дыбысы мен «С» дыбысын шатастырмай айтуға жаттықтыратын жаңылтпаштар

Шуақтаған ботамды, Шуға апарып шуладым. Шудалаған шудасын, Суға салдым, Судан алдым, Суға малдым.	Шұғайбай Шығайбайға: – Су қайда, әй? – деді. Шығайбай Шұғайбайға: – Шық, ойбай! – деді.
Шеңгел! Шеңгел! Шеңгелге енген де, Шеңгелде сенделген де,	Сылдырмақ сылдырлады, Сәби былдырлады. Сылдырмақ сылдырласа,

Еріншек Ерден бе?	Сәби былдырлай ма? Сылдырмақты сындырмай ма?
-------------------	---

2-кесте – «Т-Д» дыбыстарды шатыстырмай айтуға жаттықтыратын жаңылтпаштар

Тал тік, Тіп – тік қып тік. Түбін түпте, Нық қып түпте.	Тайғанақта қай тай тайды, Тағалатпаған тай тайды.
Дөңгелек дөннен төмен дөңгеледі, Дөңгелекті дөкемге немен өңгереді?	Төлеш төгіп тегешті, Тілешке төніп егесті. Тегешті төккен Тілеш емес-ті, Төлеш несіне тежесті?
Дөң жатыр, Дөнде тон-тоң көн, жатыр.	Дөп деп, Дөп теп.

3-кесте – «Қ-К» дыбыстарды шатыстырмай айтуға жаттықтыратын жаңылтпаштар

Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар.	Көбейді құрт құрт Құртты құрт Деп жүр жұрт.
Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты.	Қарамайлы қарағайды Кесейін бе, кеспейін бе? Қазықтағы қара тайды Шешейін бе, шешпейін бе?

Отбасында балаға жаңылтпаш айтқызып жаттықтырудың бірнеше жолы бар: ең әуелі бала жаттықтырушының айтқан жаңылтпашын жаңылмай, тез-тез айтуға үйренуі керек. Екіншіден, бірнеше баланың жаңылтпаш айтудағы жаңылмай айту қабілетімен қатар, қанша жаңылтпаш білетінін байқау үшін жаңылтпаш айтысуын ұйымдастыра білу керек. Жаңылтпаштарды жаңылмай айтудан, жаңылтпаштарды білуден озып шыққан баланы ынталандырып, мадақтап, сыйлық беріп мерейін арттыру қажет [7].

Бүгінгі таңда әрбір ата-ана баламен кішкентай кезінен бастап сөйлесіп, ертегі, жаңылтпаш, өлең жаттатқызып үйретсе, балалардың сөйлеу дағдысы тез қалыптасып, ойлау деңгейі де жылдам болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мухина В. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Алматы. 1986 ж.
2. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы, 1998 ж.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том, 1948 ж.
4. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. 1-том. Алматы 2002 ж.
5. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері. Алматы, 1965 ж.
6. Ұзақбаева С. Қазақ халық шығармашылығының балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктері. Алматы 1994 ж.
7. Қазақша жаңылтпаштар жинағы. <https://erketai.kz/balalardin-olenderi>

ӘОЖ: 372.4

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙННЫҢ МУЛЬТИМЕДИАНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ РОЛІ

¹Медиева С.Х., ²Южел Гелишли

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

²Гази университеті, Анкара қ., Түркия

Соңғы онжылдықтарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоғам өмірінің барлық аспектілеріне, атап айтқанда, білім беруге енгізу қарқынды жүруде. Білім беру саласында ақпараттық кеңістікті құру және білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда әртүрлі білім беру технологияларын

дамыту, соның ішінде қашықтықтан оқыту, электронды оқыту қарастырылуда. Сондықтан қазіргі уақытта АКТ-ны пайдалану негізінде жалпы білім беру немесе кәсіби сапаны арттыру өте маңызды.

Графика, анимация және бейне мүмкіндіктері бар заманауи мультимедиялық ресурстар, онлайн тестілеуге арналған әртүрлі платформалар, сауалнамалар, кез келген басқа онлайн қызметтер, сонымен қатар кез келген бағдарламалық жасақтаманы пайдалану оқытуда алға қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік туғызады.

Бүгінгі таңда ақпаратты өңдеу қабілеті өте құнды және пайдалы дағды болып табылады. Сондықтан қазіргі педагогтың басты міндеттерінің бірі өз оқушыларына алған білімдерін өз бетінше табуға және меңгеруге дұрыс үйрете білуден көрінеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген мұғалімге сабаққа дайындалу және оны анағұрлым серпінді, есте қаларлық түрде өткізу әлдеқайда жеңіл. Оқушылардың назарын аударудың және олардың оқуға деген ынтасын одан әрі арттырудың бір жолы оқу үдерісіне электронды білім беру ресурстары (ЭҚК) және цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) сияқты технологияларды енгізу болып табылады.

Дизайн — көркемсурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бұйымдарының ең үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағытының атауы. Дизайн қызметінің ерекшелігі — әсем әрі көркем жасалған тұтыну заттары мен бұйымдардың қоршаған ортаға лайық үйлесімін жүзеге асырып, ұдайы олардың жаңа үлгілерін ойлап табу. Берілген анықтамадан байқайтынымыз үлгілер жасау және жаңа үлгілерін ойлап табу. Яғни, заман ағымы мен қоғам сұранысына сай дамуды талап етеді. Дизайндың түрі өте көп: сәулет дизайны, интерьер дизайны, веб-дизайн, т.б. [1].

Ал педагогикалық дизайн дегеніміз — заманауи ақпараттық технологияларды енгізу арқылы қашықтан оқыту әдістерін жасауға бағытталған ғылыми пән. Педагогикалық дизайн оқу мақсатынан, оқу материалдарынан және цифрлық құралдардан тұрады. Сондай-ақ, «Педагогиканы қайта зерделеу» кітабында педагогикалық дизайнға төмендегідей анықтамалар берілген:

- Педагогика сияқты, дизайн да — теория мен практиканы біріктіретін термин. Ол нақты бір тұғырмен қатар, қоршаған жағдайларға үнемі бейімделіп отыратын контекске сай келетін тәжірибелердің жиынтығын қамтиды.

- Екіншіден, «дизайн» дегеніміз — жаңа цифрлық экономикадағы өте құнды іс-әрекет және барған сайын біздің өзара маңызды қарым-қатынасымыздың көбі дизайндалған кеңістіктер немесе интерфейстер негізінде жүзеге асатындықтан, мәні артып отырған пәнаралық қабілеттілік.

- Үшіншіден, оқыту курстарының сапасын жақсарту мен білім беруді кәсібилендіру бұл курстарды әзірлеуде шартты тұғырларды ұстануды білдіреді. Сабақ жоспары, бақылаушы құжаттар мен оқу құралдары сияқты «жобалаулар» әдетте жеке немесе кәсіби шолу мен сапа артуының дәлелі ретінде жасалады.

Сан алуан ғылыми көзқарастар жүйесін талдай келіп, біз оқыту әдістері – бұл қойылған дидактикалық мақсаттар мен міндеттерге жетуге бағытталған оқытушы мен білім алушылардың бірлескен мақсатты, саналы реттелген педагогикалық шығармашылық іс-әрекеті амалдарының жиынтығы, - деп тұжырымдаймыз. Өйткені педагогикалық процестің сапалы өтуінің кепілі екі жақты (оқытушы мен студент арасындағы) жауапкершілікті талап ететін қарым-қатынас[2].

Қазіргі кезде оқыту процесінде дәстүрлі негізден бастау алған әдістер жүйесі мен олардың топтастырылуына (И.Ф.Харламов, М.А.Данилов, Б.П.Есипов, М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, Ю.К.Бабанский, Р.Г.Лемберг және т.б.) қатысты көзқарастар түрліше. Соңғы кездері дидактика теориясы мен практикасында жаңа қоғамдық-әлеуметтік қажеттіліктерден туындаған оқыту мен оқу талаптарына сай оқыту әдістері дәстүрлі және интербелсенді (интерактивті) деп ажыратылып жүр.

Жалпы оқытудағы инновациялық әдістер – «оқытушы – білім алушы (студент)» жүйесіндегі өзара танымдық жұмыстардың жаңа әдістерімен сипатталатын, оқу материалдарын меңгертудегі (меңгерудегі) тәжірибелік жұмыстардағы жаңалық. Әсіресе, олар оқыту(оқу) мақсатымен, белсенді шығармашылық қызметпен өте тығыз байланысты. Ал бұл оқытушының педагогикалық дизайнерлік шеберлігінің, оқыту қызметінің өзіндік ерекше техникасының көрінісі деуге толық негіз бар.

Осы орайда әдістер тобын топтастырып жүрген ғалымдар мен әдіскерлердің түрлі көзқарастары бар. Бізде осы көзқарастарды негізге ала отырып, өз тәжірибемізде кеңінен қолдау тапқан интербелсенді (интерактивті) оқыту әдістерін былайша жүйелеп ұсынамыз: проблемалық дәрістер; проблемалық семинарлар; тақырыптық пікірталастар; дөңгелек үстелдер; миға шабуыл; ойлаудың б қалпағы атты стратегия; ойын әдістері: рөлдік және іскерлік ойындар, педагогикалық ойын жаттығулары (глоссарий, кроссворд, кесте толтыру, және басқалары); жобалау; кейс-стади; тренингтер; рефлексия; видео-презентациялар; ассоциограмма; эссе; «SWOT» талдау әдісі және т.т.

көптеп атауға болады [3; 6]. Бұл аталған оқытудың белсенді әдістерінің қайсыбірін болмасын ЖОО-да кәсіптендіру пәндерін меңгертуде кеңінен қолдануға болады.

Оған оқыту тарихынан бастау алған бүгінгі өз тәжірибемізде кеңінен қолдау тауып жүрген ақпараттық қоғам жағдайындағы дәстүрлі, цифрлық (бағдарламалық) оқыту менпроблемалық оқыту жүйесіндегі үйлесімділіктің болуын маңызды деп білеміз. Өйткені қай диактикалық жүйенің немесе педагогикалық технологияның болмасын өзіндік ұтымды қырының болуымен қатар, ұтымсыз қырларының бар екенін де есте ұстағанымыз жөн. Педагогикалық процестегі мақсаттекі жақты танымдық әрекет (оқыту↔оқу) барысындағыбіздің бағдарымызды дәл анықтап беріп отырса, ал қойылған мақсатқа жетудің жолын жоғары мектепдидактикасының қағидаларына сай, саналы түрде тандалған оқытудың әдіс-тәсілдері ғана қамтамасыз ете алады. Бүгінгі педагогиканыңбілім берудің озық технологияларын жоғары мектептердің тәжірибесіне енгізудегі бағдарыда көп жағдайда цифрлық дәуір талабына сай оқыту дизайнын құрудағы интербелсенді оқыту (оқу) әдістерімен сабақтастық пен үйлесімді байланыс табудан көрінеді.

Сондықтан біз де өз тәжірибемізде уақыт талабына сай интербелсенді әдістерді пайдаланудың тиімді амалдарын ойластырып, пайдаланудың жолдарын анықтауға талпынып келеміз.

Осы орайда, біз тәжірибеде: «Педагогика», «Педагогика тарихы», «Этнопедагогика», «Медиапедагогика» және т.т. курстар бойынша болашақ педагог-психолог мамандарға әр пәннің білім мазмұнының ерекшелігін ескере отырып, тақырыптарды меңгертуде дәрістерді цифрлық (бағдарламалық) қоғам талаптарымен үйлесім тапқан түрлі интербелсенді оқыту әдістерін қолдана отырып ұйымдастырудың тиімділігіне көз жеткіздік. Өйткені, тәжірибеде түрлі дидактикалық міндеттерді шешу жолында тиімді тандалған әдістер көмегімен студенттердің жеке, топтық белсенді танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда ғылыми дерек көздерімен жұмыс жасау дағдыларын арттырып, әрі кәсіби білім, біліктерді шығармашылықпен игертуде ақыл-ой қабілеттерінің табиғи бірлікте дамуын жүзеге асыруды қамтамасыз ету мүмкін болады. Алдын ала келісіліп, ұсынылған және оқыту моделі мен дизайны шығармашылық тұрғыдан жоспарланып, құрылған онлайн және виртуалды білімдерді игерудің мүмкіндіктері мен цифрлық технологиялардың көмегімен оқытуда жобалар, ассоциограммалар құру, ойындар өткізу, презентациялар, видео материалдарды өңдеп, дайындау барысы білім алушыларға өз тұжырымдарын жасап, ұсыныстар айтуға мол мүмкіндіктер берді. Осындай сипатта өтілген дәрістер, семинарлар-практикалық сабақтар студенттердің жеке белсенділіктерін арттырып қана қоймай, өз ұсыныстарын, талап-тілектерін еркін айтуға, алыс, жақын шетел ғалымдары мен отандық ғалымдар еңбектеріндегі ғылыми көзқарастарды салыстырып, өзіндік тұжырымдар жасауға, тақырыптық слайд-презентациялар дайындауға, сөздіктермен Case-study, ғылыми тақырыптықжобажұмыстарын құруға, рефлексия жүргізіп,білім мазмұнына сай глоссарилер жүйесін жасақтап отыруға жетелейді [3].

Электрондық білім беру ресурстары (ЭБ) оқу үдерісін бағдарламалық, ақпараттық, техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету құралдары деп аталады. Оларға электронды басылымдардың барлық түрлері, оқылтын әртүрлі ақпарат құралдары және жергілікті және ғаламдық желіден табуға болатын ақпарат жатады. ЭОР-ның белгілі бір түрін бөліп көрсету үшін оларды кейде цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) деп атайды, бұл компьютерде сандық жазу және жаңғырту әдістерін қолданатынын білдіреді сонымен қатар баспа басылымдарына қарағанда, электронды (сандық) оқулықтар мен оқу құралдары үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Электронды немесе сандық білім беру және оқыту ресурстарының айқын жетістіктері:

- ақпараттың үлкен көлемін орналастыру мүмкіндігі (бұл электронды интерактивті энциклопедияны құру үшін ерекше өзекті);
- қажетті ақпаратты жылдам іздеу және қол жеткізу мүмкіндігі;
- оқушылардың білімін объективті және сапалы тексеру мүмкіндігі, мысалы, тестілеу көмегімен;
- көптеген күрделі құбылыстар мен үдерістерде көрнекілік ұсыну мүмкіндігі;
- мобилділік, яғни бір орнынан басқасына жай көшіру;
- рәсімдеудің бейнелілігі, графикалық рәсімдеуді пайдалану мүмкіндігі;
- өзіндік құнының төмендігі (соның ішінде, баспа шығынының болмауы), осыған орай дайын сандық білім беру ресурстарына (СБР) салыстырмалы түрде орташа бағада болуы;
- сан алуан түрлі – визуалды, есту және басқа да формада ұсынылатын ақпаратты бір мезгілде алу мүмкіндігі.

Педагогикалық дизайн ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен тікелей байланысты қарастырыла бастады. Осы уақыттан бастап қазіргі уақытқа дейін қоғамды компьютерлендіру мен ақпараттандыруда қарқынды өсу байқалды. Осы кезеңдерде педагогикалық дизайн тұжырымдамасы екі технологияның қосындысы ретінде қарастырылды. Айта кету керек, педагогикалық дизайн құруға

бағытталған белгілі бір пәндік салаға арналған әдіснамалық теория және Web-Design Technologies, екіншісі интернет кеңістігі үшін осы әдіснамалық теорияны компьютерде жүзеге асыруға бағытталған.

Педагогикалық дизайн тиімді және нәтижелі білім беру ресурстары мен оқу материалдарын құру бойынша іс-әрекет ретінде белгілі бір базалық қағидаларға негізделуі тиіс. Педагогикалық дизайнның келесі қағидалары қисынды ұсынылады, олар жалпы және негізгі болып табылады [4].

И.А.Демидованың ғылыми мақаласында ресейлік және басқа да шетелдік зерттеулердегі «педагогикалық дизайн» ұғымы талданған. Сонымен қатар оның авторлық түсіндірмесі ұсынылады. Көрнекі, аудиовизуалды және пәндік-кеңістіктік деп аталатын педагогикалық дизайн құралдарына ерекше назар аударылған. Олар принциптер жиынтығына негізделген педагогикалық құралдар мен дизайн құралдарының үйлесімі ретінде қарастырылған. Мысалы, тиімді мақсат қою, даралау және сызықты емес, өкілдік жүйелерге кешенді әсер ету, рефлексивтілік және кері байланыс ретінде.

Жалпы оқытудағы инновациялық әдістер – «оқытушы – білім алушы (студент)» жүйесіндегі өзара танымдық жұмыстардың жаңа әдістерімен сипатталатын, оқу материалдарын меңгерудегі тәжірибелік жұмыстардағы жаңалық. Әсіресе, олар оқыту(оқу) мақсатымен, белсенді шығармашылық қызметпен өте тығыз байланысты. Ал бұл оқытушының педагогикалық дизайнерлік шеберлігінің, оқыту қызметінің өзіндік ерекше техникасының көрінісі деуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Элен Битэм, Рона Шарп Баспа: - Алматы: Ұлттық аударма бюросы 2019 ISBN: 978-601-7943-29.
2. Г.Н.Нұрманова. Тілдік білім берудегі педагогикалық дизайн мүмкіндіктері. Серия «Педагогика». № 2(106)/2022
3. Г.Р.Бахтиярова. ВЕСТНИК КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», №1(65), 2020 г.
4. А.Д.Әлібек. Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі.-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі. Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. Қостанай 2022
4. И.А.Демидова. Педагогический дизайн и его средства: теоретический анализ и опыт применения в педагогической практике // Педагогика. Вопросы теории и практики. 2019.
5. С.К.Абыльдина, С.Х.Медиева. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлаудың мәні мен мазмұны Серия Қарағанды университеті хабаршысы. «Педагогика». № 2(110)/2023

УДК 373 (072)

О СОВРЕМЕННОМ УРОКЕ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Мусайбеков Р.К.

Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан

В настоящее время на любой ступени обучения в общеобразовательной школе отводится проведению современного урока. Возьмем начальное образование, которое является самым основным. Обучение уподобим зданию, где основную роль играет фундамент, который необходим для создания его прочности. Так происходит и в образовании. Если у ученика не будет прочных знаний в начальном звене, то трудно говорить об учебе в среднем и старшем звеньях.

Начальное обучение математике закладывает основы для формирования приёмов умственной деятельности: школьники учатся проводить анализ, сравнение, классификацию объектов, устанавливать причинно-следственные связи, закономерности, выстраивать логические цепочки рассуждений. Изучая математику, они усваивают определённые обобщённые знания и способы действий. Универсальные математические способы познания способствуют целостному восприятию мира, позволяют выстраивать модели его отдельных процессов и явлений, а также являются основой формирования универсальных учебных действий. Универсальные учебные действия обеспечивают усвоение предметных знаний и интеллектуальное развитие учащихся, формируют способность к самостоятельному поиску и усвоению новой информации, новых знаний и способов действий, что составляет основу умения учиться.

Современный урок математики – это урок творчества и радости от достигнутых результатов, на котором учитель – помощник и консультант.

Образование, ориентированное только на получение знаний, в настоящее время означает ориентацию на прошлое. В меняющемся мире система образования должна формировать такие качества учащегося, как инициативность, динамизм и конструктивность: человек должен уметь принимать самостоятельные решения и решать проблемы, обладать умением самостоятельно получать новые знания и стремиться к самообразованию [1].

Важнейшей задачей современной системы образования является формирование универсальных учебных действий, обеспечивающих школьникам умение учиться, способность к саморазвитию и самосовершенствованию. Все это достигается путем сознательного, активного присвоения учащимися социального опыта. При этом знания, умения и навыки (ЗУН) рассматриваются как производные от соответствующих видов целенаправленных действий, т.е. они формируются, применяются и сохраняются в тесной связи с активными действиями самих учащихся. Качество усвоения знаний определяется многообразием и характером видов универсальных действий [2, 3].

Применение учащимися универсальных учебных действий выступает как способность к саморазвитию, самосовершенствованию путем сознательности и активного присвоения определенного опыта. Данные действия создают возможность самостоятельного успешного усвоения новых знаний, умений и компетентностей, включая организацию умения учиться.

Дети должны усваивать новый материал системно. Определение темы исследования, выполнение тест – контроля, исследование числового ряда необходимо направлять на повторение материала необходимого для «открытия нового знания» и побуждает учащихся к активной познавательной деятельности. Проводится классификация, группировка, сравнение, действия с числами, затем создается проблемная ситуация, в ходе решения которой детям приходится принимать правильное решение и аргументировать свой выбор. Чётко проговаривается цель урока, методы постановки учебной задачи: побуждающий от проблемной ситуации диалог, новое знание дети получают в результате самостоятельного исследования. Выбирают удобный способ, составляют план. Новое правило они пытаются выразить своими словами [4].

Анализ каждого учебного (современного) занятия:

- урок должен быть проблемным и развивающим;
- урок обязан иметь личностно-ориентированный, индивидуальный характер;
- в приоритете самостоятельная работа учеников, а не учителя;
- осуществляется практический, деятельностный подход.

Каждый урок должен быть направлен на развитие универсальных учебных действий (УУД): личностных, коммуникативных, регулятивных и познавательных.

Задача учителя — помогать в освоении новых знаний и направлять учебный процесс [5].


Не зря говорят «Новое – это хорошо забытое старое». На уроках, требующих современного подхода, мы не должны забывать о тех технологиях, которые применялись учителями в советское время. Одной из таких технологий следует признать технологию укрупненных единиц (УДЕ), автором которой является П.М.Эрдниев. Конечно, данная технология появилась не на голом месте. Эрдниев П.М. в своей технологии опирался на работы физиологов Павлова, Анохина и Шеррингтона.

Основанная на идеях П.М.Эрдниева технология укрупнения дидактических единиц (УДЕ) применяет подачу учебного материала блоками и одновременное изучение взаимосвязанных тем, действий и явлений. Методика позволяет использовать обобщения в рамках текущей учебной работы на каждом уроке, устанавливать более прочные логические связи в материале, выделять главное и существенное в обширном объеме материала, понимать значение материала в широкой системе знаний, выявлять больше межпредметных связей, а также передавать материал с большей эмоциональной нагрузкой и сделать закрепление усвоенного материала более эффективным [6].

Рассмотрим пример: 1) В вазе лежало несколько зеленых яблок и 4 красных. Всего 6 яблок. Сколько зеленых яблок в вазе?

Учащиеся могут сделать рисунок или схему:

Таблица 1. Схема к условию задачи



При решении задачи алгебраическим способом можно составить уравнение:



$$x + 4 = 6$$

$$x = 6 - 4$$

$$x = 2$$

Далее предлагается составить обратные задачи, представить и в рисунке или чертеже, и решить их:

Таблица 2. Схема к составлению обратной задачи



$$2 + x = 6$$

$$x = 6 - 2$$

$$x = 4$$

Какая задача будет являться прямой?

Какие задачи будут являться обратными? Почему?

Какие правила нахождения величин нужно применить для решения обратных задач?

Рассмотрим пример на решение составных задач.

Задача: В 8 одинаковых рядах 80 стульев. Сколько стульев в 10 таких рядах?


Во время анализа задачи на доске появляется краткая запись:

8 р. - 80 ст.

10 р. - ст.

Для решения задачи составляется граф – схема:

Таблица 3. Граф-схема для решения задачи:



Выясняем, сколько действий понадобится для решения этой задачи? Вместо вопроса вписываем найденный результат. Задаем вопрос: «Сколько обратных задач можно составить и решить?» Ученики учатся преобразовывать схему, а именно заключают в рамку одно из чисел условия, делая его неизвестным. В методике УДЕ наиболее ценны не столько сами процессы решения задач, сколько то, что ученик переосмысливает содержание задач, т.е. составляет новые условия и вопросы к ним. Метод обратной задачи, который дает хороший эффект в обучении, так как побуждает осмысливать и усваивать материал на основе более логической степени обучения. Эти триады задач способствуют формированию таких качеств знаний, как полнота и целостность запоминания. Обратная задача является логическим продолжением прямой, она составляется самими учениками [7].

Для нахождения неизвестных компонентов четырех арифметических действий учителю необходимо учащимся начальных классов предложить уравнение такого вида [8]:

$$20: (33 - 4x) + 47 = 51$$

Считая, что выражение $20: (33 - 4x)$ является неизвестным слагаемым, находим это неизвестное слагаемое: $20: (33 - 4x) = 51 - 47$. В результате получаем: $20: (33 - 4x) = 4$. Теперь же, считая

$33 - 4x$ неизвестным делителем, находим: $33 - 4x = 20:4 \Rightarrow 33 - 4x = 5$. Выражение $4x$ считаем неизвестным вычитаемым и находим его: $4x = 33 - 5 \Rightarrow 4x = 28$. Последним шагом является использование правила по нахождению неизвестного множителя: $x = 28:4 \Rightarrow x = 7$.

Чтобы убедиться в правильности нахождения корня уравнения, надо выполнить подробную проверку:

$$20: (33 - 4 \cdot 7) + 47 = 51$$

$$20: (33 - 28) + 47 = 51$$

$$20: 5 + 47 = 51$$

$$4 + 47 = 51$$

$$51 = 51$$

На уроках математики в начальных классах считается очень эффективным применение методики Л.Г. Петерсон, которая предлагает примеры на нахождение суммы чисел рациональным способом [9]. Надо напомнить учащимся, что такие задачи в юности решал К.Гаусс:

1. Найти сумму следующих чисел:

а) $1+2+3+\dots+98+99+100=(1+100)+(2+99)+(3+98)+\dots+(49+52)+(50+51)=101 \cdot 50=5050$

б) $1+3+5+\dots+95+97+99=(1+99)+(2+98)+(3+97)+\dots+(49+51)=100 \cdot 25=2500$

Для удобства решения данных примеров складываем первое и последнее число, второе и предпоследнее и т.д. В первом примере получается 50 пар, сумма чисел в каждой из них равна 101, а во втором примере 25 пар, сумма чисел в каждой из них равна 100.

Далее эти задания можно усложнить следующими примерами:

$$1397+735+603+265+428=(1397+603)+(735+265)+428=2000+1000+428=3428.$$

Подводя итог, можно утверждать, что урок, на наш взгляд, будет современным, если на нем применять технологии, влияющие на качественную математическую подготовку учащихся.

Список литературы:

1. Шайдт О.Н., учитель начальных классов ГБОУ СОШ №511 Пушкинского района Санкт-Петербурга. Современный урок математики в начальной школе, 2018
2. Асмолов А.Г. Как проектировать универсальные учебные действия в начальной школе: от действия к мысли: пособие для учителя /А.Г. Асмолов, Г.В. Бурменская, И.А. Володарская и др. под ред. А.Г. Асмолова. — М.: Просвещение, 2008 — 151 с.: ил.
3. Мусайбеков Р.К. Из опыта применения универсальных учебных действий на уроке. Интерактивная наука, № 10 – 2016 г.
4. Гусарова С. А. ГБОУ СОШ с. Кошки учитель начальных классов. Урок – исследование как один из эффективных методов формирования универсальных учебных действий на уроках в начальной школе.
5. Карманова М.Ф., «Требования к современному уроку в начальной школе в условиях ФГОС», 04.02.2024.
6. Эрдниев О. П. Математика: учебник для 7 класса средней школы / О.П.Эрдниев, П.М.Эрдниев. — 1-е изд. — М.: Просвещение, 1995. — 400 с. — Текст: непосредственный.
7. Бамбышева Н.О. учитель начальных классов Развилковской средней общеобразовательной школы с углубленным изучением отдельных предметов. Использование технологии П.М.Эрдниева на уроках математики в начальных школах.
8. Кривоногов В.В. Нестандартные задания по математике: 5-11 классы. – М.: Издательство «Первое сентября», 2003. – 224 с. ил.
9. Быкова Т.П.: Нестандартные задачи по математике: 4 класс. К учебникам М.И.Моро, Н.Б.Истоминой, В.Н.Рудницкой. ФГОС, 2005 г.

ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТ ТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІК DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мухаметжанова А.О., Абитаева А.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Бүгінгі заманауи білім беру жүйесінде шет тілін ерте жастан бастап оқытудың маңызы артып келеді. Жаһандану үрдісі мен халықаралық байланыстардың күшеюі әрбір оқушыны шет тілін еркін меңгеруге бағыттайды. Бұл талаптарды орындау үшін жаңа оқыту әдістері мен цифрлық технологиялар белсенді түрде енгізілуде. Цифрлық платформалар білім беру процесіне жаңаша серпін беріп, шет тілдік коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді. Аталған технологиялар оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, тілді тиімді меңгеруіне ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларына шет тілін оқыту – олардың болашақта шет тілінде еркін сөйлеу және қарым-қатынас жасау қабілеттерін қалыптастырудағы алғашқы қадам. Бұл кезеңде оқушылардың танымдық қабілеттері мен тілге деген бейімділігі жоғары, сондықтан шет тілдік коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру үшін осы жастағы кезең өте қолайлы болып табылады. Оқушылардың шет тілін меңгеруі олардың танымдық ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, тұлғалық дамуына да оң әсер етеді.

Цифрлық технологиялар қазіргі білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Әсіресе, цифрлық платформалар білім берудің интерактивті әрі динамикалық формаларын қамтамасыз етеді. Мұндай платформалар шет тілін үйренуде кеңінен қолданылады, себебі олар әртүрлі деңгейдегі және жастағы оқушылар үшін оқу процесін тиімді және қызықты етіп құрастырады. Бастауыш сынып оқушыларына арналған цифрлық контенттер олардың шет тілін жеңіл әрі жылдам меңгеруіне жағдай жасап, білім беру процесін заманауи талаптарға сай етіп жетілдіреді.

Қазақстан Республикасында шет тілін оқытуға қатысты білім беру саясаты бірқатар нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасындағы білім беру туралы» заң, мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты, сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шет тілдік білім берудің сапасын арттыру мен оны цифрландыруға арналған негіздемелерді белгілейді. Бұл құжаттар шет тілін оқытуда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануды және цифрлық ресурстарды пайдалануды қолдайды.

Цифрлық білім беру платформалары шет тілдік коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда ерекше тиімді құрал болып табылады. Бұл платформалардың басты артықшылықтарының бірі — олардың интерактивтілігі. Оқушылар түрлі тапсырмаларды орындау барысында визуалды, аудио және текстік контенттермен жұмыс істейді, бұл тілдік материалды жан-жақты меңгеруге көмектеседі. Цифрлық платформалар оқыту процесін даралап, әр оқушының жеке оқу қарқынына сәйкес тапсырмалар ұсына алады. Сонымен қатар, платформалар оқу нәтижелерін үнемі бақылап, мұғалімдерге оқушының дамуын қадағалауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларына шет тілін оқытуда қолдануға болатын бірнеше кеңінен танымал цифрлық платформалар бар. Олардың қатарында Duolingo, Memrise, және Lingokids ерекше орын алады.

- Duolingo – шет тілдерін оңай әрі қызықты үйретуге арналған танымал платформа. Ойын форматы мен интерактивті тапсырмалары оқушылардың тілді меңгеруге деген қызығушылығын арттырады. Платформада сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдылары қатар дамиды.

- Memrise – жаңа сөздерді есте сақтауға және сөйлем құрауға баса назар аударатын платформа. Оның артықшылығы – оқушыларды күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөз тіркестерімен таныстырып, оларды қолдану дағдыларын қалыптастырады.



- Lingokids – бастауыш сынып оқушыларына арналған, арнайы балалар үшін әзірленген платформа. Онда ойын түріндегі тапсырмалар арқылы балалардың шет тілін үйренуі оңтайлы жүзеге асады. Платформада түрлі тақырыптық ойындар, бейнематериалдар және интерактивті жаттығулар бар, олар оқушылардың есте сақтау, сөйлеу және тыңдау дағдыларын жақсартады [1].

Бастауыш сынып оқушыларының тілді қабылдау ерекшеліктері мен оқу мүмкіндіктерін ескере отырып, цифрлық платформалар оқыту процесін жеңіл әрі қызықты етіп құрастырады. Duolingo мен Memrise



платформалары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес шағын әрі жеңіл тапсырмалар ұсынады, оларды орындалған сайын марапаттау элементтерімен қызықтырады. Lingokids платформасы бастауыш сынып оқушыларына бағытталған мультимедиялық материалдарды кеңінен қолданады, бұл оқушылардың зейінін аударып, тілді ойын түрінде үйренуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл платформаларда оқушылар өз білімі мен дағдыларын қадағалап, өз нәтижелерін көре алады, бұл олардың оқу процесіне деген мотивациясын арттырады.

Цифрлық платформаларды тиімді қолдану үшін белгілі бір дидактикалық шарттарды сақтау қажет. Алдымен, оқушылардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу материалы қолжетімді және қызықты болуы тиіс. Оқыту процесінде әртүрлі визуалдық және аудиоматериалдарды қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын тез әрі тиімді қалыптастыруға көмектеседі. Дидактикалық принциптердің ішінде оқытудың жүйелілігі мен үздіксіздігі маңызды рөл атқарады, яғни оқу материалы бірізділікпен және логикалық түрде берілуі тиіс. Сонымен қатар, тапсырмалар күрделілік деңгейі бойынша сатылы түрде құрылып, оқушылардың тілдік дағдыларын біртіндеп дамытуды көздеуі қажет.

Цифрлық платформаларды сабақтарға енгізудің бірнеше тиімді әдістері бар. Олардың бірі – Blended Learning (аралас оқыту) моделі, мұнда мұғалім дәстүрлі әдістер мен цифрлық құралдарды қатар қолданады. Сабақтың белгілі бір бөлігі мұғалімнің жетекшілігімен өтіп, қалған уақытта оқушылар цифрлық платформалар арқылы өз бетімен жаттығулар орындайды. Бұл әдіс оқушылардың білімін бекітуге және өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Екінші әдіс – Flipped Classroom (кері сынып) моделі, мұнда оқушылар сабаққа дейін цифрлық платформалар арқылы материалмен танысып, сабақта алынған білімдерін талқылауға және қолдануға бағытталған тапсырмалар орындайды [2].

Цифрлық платформаларды интерактивті ойындар мен қосымша ресурстар ретінде қолдану да тиімді. Мысалы, шет тілін оқытуда жаңа сөздерді меңгеру үшін ойындар мен викториналар ұйымдастырып, олардың нәтижелерін онлайн бағалауға болады. Сабақ барысында платформаларды қолдану оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын арттырып, олардың тілді меңгерудегі мотивациясын күшейтеді.

Мұғалім цифрлық платформаларды пайдаланған кезде басты үйлестіруші және бағыттаушы рөлін атқарады. Мұғалімнің міндеті – оқушылардың цифрлық контентпен жұмысын бақылап, олардың жетістіктерін бағалау. Сонымен қатар, мұғалім оқушылардың қажеттіліктерін ескеріп, әр оқушыға жеке қолдау көрсетуі тиіс. Платформалар арқылы алынған ақпаратты сараптау және нақтылау үшін мұғалім үнемі кері байланыс беріп отырады. Оқытушының басшылығымен өтетін тиімді жоспарланған сабақтарда цифрлық платформалар шет тілдік коммуникативтік дағдыларды дамытуға үлкен үлес қосады.

Мұғалімнің тағы бір маңызды рөлі – оқу процесін даралау. Оқушылардың білім деңгейіне қарай оларға цифрлық платформаларда түрлі деңгейдегі тапсырмаларды ұсыну, әр оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімделу мұғалімнің кәсіби шеберлігін көрсетеді. Мұғалім оқушыларды ынталандырып, цифрлық платформаларды қолданып, білімдерін тұрақты түрде жетілдіруге бағыттауы қажет.

Цифрлық платформаларда ұсынылатын интерактивті тапсырмалар оқушылардың шет тілдік коммуникативтік дағдыларын тиімді дамытуға көмектеседі. Бұл тапсырмалар оқушының оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етіп, түрлі тілдік жаттығулар арқылы оқушыларды сөйлеуге, тыңдауға, оқуға және жазуға ынталандырады. Мысалы, аудио жазбаларды тындап, белгілі бір фразаларды қайталау немесе сөйлем құрастыру тапсырмалары арқылы оқушылардың сөйлеу және тыңдау дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, диалогтар мен рөлдік ойындар негізіндегі тапсырмалар оқушылардың тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Интерактивті тапсырмалар арқылы алынған нәтижелерді платформа автоматты түрде бағалап, оқушылардың жетістіктерін талдау мен мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Ойын – бастауыш сынып оқушылары үшін тиімді оқу құралы. Цифрлық платформаларда ойын элементтерін қолдану оқыту процесін қызықты әрі тартымды етеді. Оқушылар ойын арқылы жаңа сөздерді үйреніп, грамматикалық құрылымдарды меңгереді, сондай-ақ ойынның әртүрлі деңгейлерін өткені үшін марапаттар алып, олардың мотивациясы артады. Мысалы, Lingokids сияқты платформаларда оқушыларға белгілі бір тапсырмаларды орындағаны үшін жұлдызшалар, медальдар немесе басқа да сыйақылар беріледі, бұл оқушыларды одан әрі үйренуге ынталандырады. Ойын элементтері арқылы тілді меңгеру барысында оқушылар өздерін еркін сезінеді, ал ойынның қызықты форматы оларға күрделі тілдік құрылымдарды жеңіл түрде меңгеруге мүмкіндік береді [3].

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттері мен оқу қарқыны әртүрлі, сондықтан цифрлық платформалар әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Платформаларда әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсынылады, бұл оқушылардың тілдік деңгейіне қарай тапсырмаларды таңдап, олардың жеке оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі. Мысалы, кейбір оқушылар мәтіндерді жақсы түсініп, грамматикалық құрылымдарды оңай үйренуі мүмкін, ал басқалары тыңдау немесе сөйлеу дағдыларын жақсартуға мұқтаж болуы мүмкін. Цифрлық платформалар бұл айырмашылықтарды ескеріп, әр оқушыға өзіне ыңғайлы тәсілмен шет тілін меңгеруге жағдай жасайды.

Сонымен қатар, цифрлық платформаларда кері байланыс беру жүйесі бар, ол арқылы оқушылар өздерінің қателіктерін көріп, оларды түзетуге мүмкіндік алады. Тапсырмаларды даралау оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, олардың оқу процесіне деген қызығушылығын оятады.

Цифрлық платформаларды қолдану шет тілдік коммуникативтік дағдыларды дамытуға айтарлықтай оң әсер етеді. Платформалардың интерактивтілігі, мультимедиялық элементтері және оқу материалының әртүрлілігі оқушыларға тілді еркін меңгеруге, сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу сияқты дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, платформалардағы аудио және бейне жаттығулар оқушылардың тыңдау қабілетін дамытса, рөлдік ойындар арқылы сөйлеу дағдылары нығаяды. Платформалар оқушылардың шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға деген ынтасын оятып, олардың сөздік қорын байытады және тілдік құрылымдарды қолдану қабілетін арттырады.

Цифрлық платформалардың арқасында оқушылар өз бетінше жаттығу жасап, жеке қарқынымен оқи алады, бұл коммуникативтік дағдыларды жүйелі түрде дамытудың тиімді жолы. Зерттеулер көрсеткендей, осындай платформаларды жүйелі қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын дәстүрлі әдістермен оқуға қарағанда тезірек және нәтижелі түрде қалыптастырады.

Цифрлық платформалардың қолжетімділігі де олардың артықшылықтарының бірі болып табылады. Көптеген платформалар интернет арқылы кез келген құрылғыда (компьютер, планшет, смартфон) қолжетімді, бұл оқушыларға үйде немесе мектепте шектеусіз уақыт ішінде тілдік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, Duolingo, Memrise, Lingokids сияқты платформалар бастауыш сынып оқушыларына арналған жеңіл интерфейсімен және тапсырмалардың қолжетімділігінің арқасында өте тиімді болып келеді. Платформаларды қолданудың жеңілдігі оқушылардың сабақта да, сабақтан тыс уақытта да өз бетімен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Олар көп жағдайда тапсырмаларды интуитивті түрде орындай алады, бұл технологиямен таныс емес оқушылардың да платформаларды оңай меңгеруіне мүмкіндік береді [4].

Цифрлық платформалар қолдану барысында алынған нәтижелерге байланысты мұғалімдер мен оқушылардың кері байланысы маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер платформалардағы тапсырмалардың сапасын, оқушылардың жетістіктерін және материалдың оқушылардың тілдік деңгейіне сәйкестігін бағалайды. Көптеген мұғалімдер цифрлық платформалар шет тілін үйренуді қызықты әрі тиімді етеді деп санайды, өйткені олар сабақтарды интерактивті, икемді және дараландырылған етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімдер платформалардың оқушылардың нәтижелерін бақылауға, тапсырмаларды сараптауға, бағалауға және оқушының жеке мүмкіндіктерін ескеруге көмектесетінін ерекше атап өтеді.

Оқушылар да цифрлық платформаларды қолдану тәжірибесімен бөлісіп, олардың түсінікті интерфейсі мен ойын форматында тапсырмаларды орындау мүмкіндіктерін жоғары бағалайды. Олар платформалардың мотивацияны арттырып, тілді меңгеру процесін жеңіл әрі қызықты ететінін айтады. Мұндай кері байланыс платформалардың тиімділігін бағалауда және олардың қолдану аясын кеңейтуде маңызды фактор болып табылады.

Қорытындылай келе, цифрлық платформаларды бастауыш сынып оқушыларының шет тілдік коммуникативтік дағдыларын дамытуда қолдану білім беру процесін айтарлықтай жақсартады. Платформалардың интерактивтілігі мен ойын элементтері балалардың оқу процесіне белсенді қатысуын арттырып, тілдік дағдыларды тиімді меңгеруге ықпал етеді. Оқушылар сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу қабілеттерін үздіксіз дамыта отырып, шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолдануды үйренеді. Платформалар оқыту процесін даралап, әр оқушының жеке оқу қарқыны мен қажеттіліктеріне бейімделеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің бақылауындағы оқу үдерісі оқушылардың нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді. Цифрлық платформалар оқушылардың тілдік дағдыларын дамытумен қатар, олардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырып, мотивациясын күшейтеді.

Цифрлық платформаларды қолданудың тиімділігін одан әрі арттыру үшін қосымша зерттеулер қажет. Біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының шет тілін меңгеру процесіндегі әртүрлі

платформалардың салыстырмалы талдауын жүргізу маңызды. Бұл шет тілдік дағдыларды дамытуда қай платформалардың неғұрлым тиімді екенін анықтауға көмектеседі. Екіншіден, платформаларды пайдалану барысында оқушылардың тілдік дағдыларының даму динамикасын ұзақ мерзімді зерттеулер арқылы бақылау ұсынылады. Үшіншіден, педагогикалық тәсілдер мен платформаларды біріктіріп қолданудың жаңа әдіс-тәсілдерін зерттеп, олардың оқушылардың оқу мотивациясы мен нәтижелілігіне әсерін талдау қажет. Бұдан басқа, зерттеулерде ата-аналардың және мұғалімдердің платформаларға қатысты пікірлерін кеңінен қарастыру, олардың оқытудағы рөлін және оқушылардың жетістіктеріне ықпалын зерттеу де маңызды болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Чепцова Л.Б. Воспитание коммуникативно-ориентированной личности младшего школьника средствами иностранного языка: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – М., 1997. – 20 с.
2. Шамов А.Н., Пронина Н.С. Методика преподавания иностранных языков в начальной школе и в детском дошкольном учреждении: учеб. пос. – Н. Новгород: Мининский университет, 2021. – 130 с.
3. Гриншкун В.В., Осиповская Е.А. Развитие образования в условиях новой технологической революции // Информатизация образования и методика электронного обучения: цифровые технологии в образовании: матер. 4-й междунар. науч. конф. – Красноярск, 2020. – С. 275-280.
4. Джусубалиева Д.М. Роль цифровой образовательной среды в формировании иноязычных компетенции // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы. – 2021. – №4(72). – С. 70-74.
5. Абықанова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары. – Алматы. 2005. – 29 б.
6. Тажигулова А.И., Артыкбаева Е.В., Арыстанова А.Ж. Отечественный опыт разработки цифрового контента для иноязычного образования // Вестник КазНацЖенПУ. – 2019. – №2. – С. 35-40.
7. Сейлханова А.Е. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері: дис. ... док. PhD: 6D011900. – Қарағанды, 2022. – 148 б.

ӘОЖ 371.3

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ ЕРТЕГІЛЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Мухаметжанова А.О., Омарова А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Бүгінгі күні бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушылардың тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар олардың тілдік құзыреттілігін, қоғамда өз ойын еркін жеткізіп, пікір алмасу қабілеттерін қалыптастыруды көздейді. Бұл Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында және Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартында бекітілген міндеттермен де тығыз байланысты. Осы нормативтік құжаттарда оқушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың маңыздылығы атап көрсетілген. Бастауыш сыныпта берілетін білім негізі оқушылардың болашақта түрлі әлеуметтік ортада сәтті қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін аса қажет, себебі дәл осы кезеңде олардың ойлау, сөйлеу және тыңдау дағдылары қарқынды түрде қалыптасады. Қазақстан Республикасының «Бастауыш білім беру» мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес, оқушылардың еркін сөйлеуі, ой-пікірін нақты жеткізе білуі, өзгені тыңдау мәдениеті білім беру процесінің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Балалардың мектепте алған алғашқы тілдік дағдылары олардың өмірлік ұстанымдары мен тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді.

Ертегілер – баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін мәдени мұраның маңызды элементі. Олар тек оқушының қиялын оятып, қызығушылығын арттырып қана қоймай, сонымен бірге балалардың сөздік қорын байытады, тіл байлығын жетілдіреді. Ертегілер арқылы оқушылардың ойлау қабілеті, оқиғаларды дұрыс түсінуі және оларды логикалық ретпен баяндауы қалыптасады. Сонымен қатар ертегілер тәрбиелік мәні зор, оқушыларды адамгершілікке, жақсылыққа, әділдікке үйретеді. Осылайша, ертегілердің тәрбиелік және коммуникативтік мәні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сай оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдірудің тиімді құралы болып табылады.

Фольклордың ерекше маңызды түрінің бірі – ертегі. Ертегі халық арасында ауыздан ауызға жеткен көркем-әңгіме. Ауызша әңгімелер мен ертегілер арқылы қарапайым халықтың бақыт туралы, еркін өмір жайлы, үй-тұрмыс туралы үміт, армандарын баяндайды. Ертегіде баяндалатын сан алуан қызық оқиғалар шындықтан гөрі, көбіне қиял дүниесін тудырады. Ғажайып хал, қиял әңгімелер, орасан оқиғалы әңгімелер, салт-дәстүрмен, тарихпен байланысты оқшау әңгімелер бәрі де ертегінің түрлері. «Ертегі» деген ұғым ертеде, ерте күндегі деген сөздерден туындаған. 1937 жылы Орыс әдеби энциклопедиясында ертегі ұғымына мынадай түсінік берілді: «Ертегі (нем. Marchen, ағыл. tale, франц. conte, итал. fiaba, серб, и хорв. pričujelka, болг. приказка, чешек. pohadka, польш. bajka, белор. и укр. казка, байка, орыстарда XVII ғасырға дейін баснь, байка) – қоғам дамуының бастапқы кезеңінде өндірістік және де діни функцияны орындайтын әңгімелер, миф түрінің бірнешеуін білдіреді, соңғы кезеңде олар ерекше (фантастикалық және ғажайып болмаса күнделікті) оқиғаны қамтып, арнайы композициялық және стилистикалық конструкцияларымен ерекшеленіп көптеген оқиғаны қамтып алатын ауызша түрдегі көркем әдебиеттің ерекше жанры болып өмір сүреді. Қоғамдағы форма мен сананың даму кезінде «ертегі» ұғымы да өзгеріске ұшырады [1].

Қазақ ертегілері жинақталуы мен жариялануы, зерттелуі XVIII ғасырдың екінші жартысында басталды. Алғашқы жүз жылда, негізінен, Қазақстанға Ресейден келген зерттеушілердің (В.В.Радлов) кейбірі қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы туралы деректер жинап, қазақ ертегілерін қазақ айтушылардың аузынан қазақша жазып алып, жинап басып шығарған.

Қазақ фольклорының алғаш үлгілерлі жүйеге келтіре жиналып, зерттеле бастаған кезі XIX ғасырдың екінші жартысы саналады. Осы кезде орыс әдебиетіндегі балаларға арналған фольклор үлгілері бойынша ақпарат жинастырылып, зерттеу біршама ілгерілеген. XIX ғасырдың 60-жылы орыс зерттеушілері балалардың фольклоры бойынша арнайы түрде қарастыра бастады. Балаға арналған халықтың шығармаларын В.И.Даль мен [2] П.В.Шейн [3] және П.А.Бессонов [4] жазып, жинастырды. 1868 жылдары П.А.Бессонов өзінің «Балалар фольклоры» атты еңбегін жарыққа шығарады. Ал 1870 жылы А.Н.Афанасьевтің «Орыс балалар ертегілері» атты жинағы жарияланды.

Ертегілерді зерттеуге қызығушылық XV-XVI ғасырдың өзінде пайда болды, ал бір ғасыр өткен соң әртүрлі ғылыми бағыттарда, тіпті білім салаларында шынайы ғылыми зерттеулер пайда болды. Нәтижеде ертегі тақырыбының мәселелеріне әр түрлі көзқарастармен сипатталатын бірнеше ағымдар дамыды. Бала үшін ертегі – өмір оқулығы. Ертегінің көптеген мүмкіндіктері бар, оның тыңдаушыға педагогикалық, психологиялық және медитация тұрғысынан да әсері бары сөзсіз. Бұл туралы халық ерте-ақ айтып кеткен болатын, олардың ертегілері осы күнге дейін сақталған (кесте 1).

1-кесте – Отандық және шетел ғалым-зерттеушілерінің «ертегі» ұғымына берген анықтамалары

Ғалымның аты-жөні	Анықтамасы
Ы.Алтынсарин	«Ертегілерде қоғамдық тартыс та, күштілердің көпшілікке көрсеткен қиянаты, зорлық зомбылығы және халықтың арман, әділет туралы ұғым наным түгел жинақталған».
Ш.Ахметов	«Ертегілер – өмір шындығын баяндайтын фантастикалық негізге құралған көркем шығарма».
А.Ақтанова	«Ертегі-аңыздарды суреттеу арқылы қазіргі таңның талабына үн қосады».
Е.Дашкова	«Ертегі баяндау жанры ретінде мифологиялық сипатқа ие. Ертегілер ежелгі уақытта пайда болған. Сонымен қатар олар халық санасының қарабайырлығын емес, ондағы барлық нәрсені – аспан мен жерді, ғасыр адамы мен табиғатты, өмір мен өлімді байланыстыра отырып, әлемнің біртұтас үйлесімді бейнесін жасау үшін халықтың данышпандығын куәландырады»
А.Н.Толстой	«Ертегі – біз үзінділерден жинайтын халықтың ұлы рухани мәдениеті және ертегі арқылы халықтың мыңжылдық тарихы біздің алдымызда ашылады».
И.А.Ильин	«Ертегі «фантастика» емес, ертегі бұл халықтың алғашқы, дінге дейінгі философиясы, оның мифтерде және көркемдік формада баяндалған өмір философиясы»
Е.Золотухина-Аболина	«Ертегі – ежелгі, архаикалық, заманауи, дамыған мәдениеттің маңызды элементтерінің бірі, ауылда да, қалада өмір сүруді жалғастырады, балаларға

	да, ересектерге де айтылады – мифологиялық тарихтың нұсқасы ретінде құрылады»
Е.Царенкова	«Ертегі – баланың алғашқы адал тәлімгері және саяхатшысы, адам ретінде әлі қалыптаспаған, бірақ жеке қасиеттерге ие адамдай деуге болады»

Келтірілген кестеде отандық және шетелдік ғалымдардың ертегі анықтамасына келтірген ойларын жүйелей келе, фольклортанушы Ю.М.Соколовтың «Ертегінің ерекшелігі ойын-сауық және көңіл көтеру. Осы ретте «ертегілер» ұғымын кең бір мәнде қолданамыз, бұл кезде біз көрерменге көңілдерін көтеру үшін айтылып келген ауызша әңгімелерді айтамыз» деген пікірімен санасуға болады.

Кейінірек академик Ю.М.Соколов халық ертегісі ұғымының кең мағынасында фантастикалық, шытырман оқиғалы романистік және күнделікті сипаттағы ауызша-поэтикалық әңгіме ретінде түсінлетінін атап өтті. Сонымен бірге: «ертегі – заттары мен кейіпкері, ертегілердегі әрекеттердің және анимациялы тасымалдаушысы қаншалық өзіне тән болса, жанр түрі ретінде маңыздылығы және сипаты – сол әрекеттердің өзі болады. Кереметтей ертегі пайда болу үшін осы әрекеттердің болуы маңызды» екенін анықтайды [5].

Ертегі жалпы бұқараның көзқарасына негізделеді. Сондықтан оны бала да, қарт та сүйіп тыңдайды. Ертегі тыңдап өскен бала өзінің алдағы өміріне дұрыс бағдарлама қалыптастырып үйренеді. Ертегі кейіпкерлері батырлардың болмысына қарап, ондағы оқиға желісін ой елегінен өткізіп, өз бойын түзейді. Мектеп жасына дейінгі балаға ертегіні тыңдатып қана қоймай, сол ертегідегі кейіпкерлердің рөліне енгізіп ойнатуда өте маңызды. Себебі баланы ертегі кейіпкерлері рөлінде ойната отырып, баланың жеке тұлғасы жан жақты дамиды. Сонымен қатар бала ертегіні айту, қайталау, драматизациялау кезінде монологтық және диалогтық сөйлеуі, шығармашылық әлеуеті, қиялы, коммуникативтік дағдылары, қабілеттері дамиды.

Коммуникативтік дағдылар – адамның қоғаммен, басқа адамдармен тиімді және түсінікті қарым-қатынас орнату қабілеті. Бұл дағдыларға ауызекі сөйлеу, жазбаша ойды жеткізу, диалог құру, өз ойын анық және логикалық түрде баяндау кіреді. Бастауыш сынып оқушылары үшін коммуникативтік дағдылардың маңызы ерекше зор, себебі осы кезеңде балалардың тілі, сөйлеу қабілеті және әлеуметтік байланыс жасау дағдылары қалыптасады. Оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту қазіргі білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі болып табылады және бұл міндет Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартында да атап көрсетілген. Коммуникативтік дағдыларды ерте кезеңнен дамыту балалардың өз ойын еркін жеткізе білуіне, тыңдауға, сұрақ қоя білуге және пікірталастарға қатысуына мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде олардың болашақтағы әлеуметтік өмірінде маңызды рөл атқарады.

Ертегі бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудағы тиімді құралдардың бірі болып табылады. Ертегілерді оқу және талдау барысында балалардың сөздік қоры байиды, сөйлеу дағдылары жетілдіріледі. Бастауыш мектепте ертегі оқыту баланың қиялын, логикалық ойлауын және әңгіме құру қабілеттерін дамытады. Оқушылардың тілін дамыту үшін ертегі сюжетін әңгімелеу, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылау, жаңа сөздер мен тіркестерді үйрену сияқты әдістемелік тәсілдер қолданылады. Сонымен қатар, ертегілерді сахналау немесе рөлдерге бөліп оқу балалардың сөйлеу тілін және сөйлеу мәнерін жақсартуға ықпал етеді. Оқу бағдарламасына енген ертегілер оқушыларды өзара пікір алмасуға, топтық жұмыста белсенді болуға үйретеді, бұл коммуникативтік дағдылардың дамуына оң әсерін тигізеді.

Ертегілердің өзіндік құрылымы мен мазмұны балалардың тілдік және ойлау қабілеттерін дамытудың тиімді тәсілі болып табылады. Ертегі арқылы балалар нақты және бейнелі ойлау қабілеттерін дамытады, себебі ертегі сюжеттері қиял мен шындықтың үйлесімінен тұрады. Ертегілерде кездесетін қайталанатын сөйлем құрылымдары мен тұрақты тіркестер балалардың сөйлеу мәнерін қалыптастыруға және сөйлем құрау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Сонымен қатар, ертегілер оқушыларды кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыруға, оқиғаның дамуын болжауға және өзіндік қорытынды шығаруға үйретеді. Бұл балалардың сындарлы ойлау қабілетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ертегілерді оқу арқылы бастауыш сынып оқушылары өз ойларын толық жеткізуді үйренеді, бұл олардың тілдік және ойлау дағдыларын жетілдіреді.

Ертегілер балалардың ауызекі сөйлеу тілін дамытуда ерекше орын алады. Ертегі оқу барысында оқушыларға кейіпкерлердің диалогтарын қайталау, оқиғаны өз сөзімен әңгімелеп беру сияқты тапсырмалар беріледі, бұл олардың сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. Ертегідегі кейіпкерлердің тілі, олардың сөйлеген сөздері балаларға бейнелі ойлауға және сол ойларын ауызша жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар, ертегілерде жиі кездесетін тұрақты сөз тіркестері мен фразалар балалардың сөздік

қорын байытуға ықпал етеді, сөйлемдерді дұрыс құруға және көркемдік мәнерде сөйлеуге үйретеді. Осылайша, ертегілер арқылы балалар өздерінің тілін еркін дамытып, ауызекі сөйлеу шеберлігін арттырады.

Ертегілерді тыңдау арқылы бастауыш сынып оқушыларының тыңдау және түсіну қабілеттері едәуір жақсарады. Мұғалімнің немесе сыныптастарының ертегі оқуын тыңдай отырып, балалар оқиғаның мазмұнын, кейіпкерлердің әрекеттерін және оқиғалардың ретін түсінуді үйренеді. Тыңдау барысында оқушылар өз назарын шоғырландырып, мәтіннің мағынасын дұрыс түсінуге талпынады. Сондай-ақ, тыңдаған ертегіге сұрақ қою, әңгіме барысын қайта айтып беру сияқты тапсырмалар арқылы оқушылардың тыңдаған ақпаратты есте сақтау және оны мазмұндау қабілеттері дамиды. Ертегілер арқылы балалар тыңдау мәдениетін игеріп, өз ойын басқа адаммен байланыста нақты жеткізуге дағдыланады.

Ертегіде жиі кездесетін диалогтар балаларға сөйлеу мәдениетін меңгеруге көмектеседі. Ертегілерді талдау немесе сахналау арқылы оқушылар диалог құруды үйреніп, өзара пікір алмасу қабілеттерін жетілдіреді. Мұндай жаттығулар балалардың өз ойын еркін жеткізуіне және топтық жұмыс барысында бір-бірімен тиімді қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Ертегілерді оқыту барысында оқушыларға өз ойларын логикалық түрде жеткізу, кейіпкерлер арасындағы диалогты қайта құру және өз пікірін дәлелдей білуге бағытталған тапсырмалар беріледі. Бұл балалардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай, олардың ойлау жүйесін де дамытады. Осылайша, ертегілер балаларға тек қызықты оқиға ғана емес, өзара қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған тиімді құрал болып табылады.

Ертегі арқылы коммуникативтік дағдыларды дамытуда қолданылатын әдістемелік тәсілдер бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

1. Ертегілерді оқу және талдау: Мұғалім ертегіні оқып, оқушылармен бірге талдайды. Оқушыларға кейіпкерлердің әрекеттерін, оқиғалардың дамуын талқылауға мүмкіндік беріледі. Бұл тәсіл балалардың тыңдау және түсіну қабілеттерін, сондай-ақ ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

2. Диалог құру: Оқушылар ертегі кейіпкерлерінің диалогтарын қайталап, өздерінің диалогтарын құрады. Бұл әдіс балаларға өз ойларын еркін білдіру, пікір алмасу және диалог құру дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

3. Рөлдік ойындар мен сахналау: Оқушылар ертегілерді сахналау арқылы кейіпкерлердің іс-әрекеттерін көрсетеді. Бұл әдіс балалардың сөйлеу дағдыларын, шығармашылық ойлауын және өз ойын көркемдік түрде жеткізу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

4. Ертегі бойынша тапсырмалар: Оқушыларға ертегі сюжетінен көркемдік элементтерді (мысалы, бейнелі тіл, тұрақты тіркестер) бөліп алу немесе өздерінің қысқаша ертегілерін жазу сияқты тапсырмалар беріледі. Бұл тәсіл балалардың сөздік қорын байытуға және тілдік құзыреттілігін арттыруға көмектеседі.

Сабақ барысында қолданылатын ертегілер мен тапсырмалар оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған:

1. Классикалық және халық ертегілері: Оқушыларға белгілі классикалық ертегілер (мысалы, «Ұр тоқпақ», «Бір уыс мақта») ұсынылып, олардың мазмұнын мен кейіпкерлерін талқылау ұйымдастырылады. Бұл ертегілер балалардың тілдік қорын байытуға және сөйлеу қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі.

2. Әңгімелеу тапсырмалары: Оқушыларға ертегіні өз сөзімен әңгімелеп беру, оқиғаларды қайта айтып беру сияқты тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалар олардың тыңдау және түсіну қабілеттерін, сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

3. Рөлдік ойындар: Оқушылар ертегі кейіпкерлерінің рөлдеріне бөлініп, сахналық қойылымдар жасайды. Бұл әдіс балалардың өзін-өзі білдіру қабілеттерін жақсартады және сөйлеу мәдениетін дамытады.

4. Топтық жұмыстар: Оқушылар топтарға бөлініп, ертегі бойынша қысқаша сценалар жазып, сахналайды. Бұл тәсіл балалардың топта жұмыс істеу қабілеттерін дамытады және коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді.

Оқыту процесінде қолданылған әдістердің тиімділігін бағалау үшін төмендегі критерийлер қолданылуы мүмкін:

1. Балалардың белсенділігі: Ертегі оқу және талдау барысында оқушылардың қатысу деңгейі мен белсенділігін бақылау. Белсенді қатысу балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың көрсеткіші болып табылады.

2. Сөйлеу дағдыларының дамуы: Оқушылардың сөйлеу қабілеттері, сөздік қоры мен сөйлем құрылымдарының сапасы бағаланады. Сабақтың соңында балалардың өз ойын жеткізуі мен түсіну

деңгейі жоғарыласа, әдістердің тиімділігі расталады.

3. Тыңдау және түсіну қабілеттерінің жақсаруы: Ертегі тыңдау мен талдау нәтижесінде балалардың тыңдау және түсіну қабілеттері қаншалықты артқанына назар аударылады.

4. Рөлдік ойындар мен сахналанған қойылымдардың сапасы: Рөлдік ойындар мен сахналық қойылымдардың сапасы, оқушылардың рөлдерді орындаудағы шеберлігі бағаланады. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіруде қаншалықты тиімді екенін көрсетеді.

Жалпы, ертегілер арқылы жүзеге асырылатын әдістемелік тәсілдердің тиімділігі оқушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларының дамуына әсерін тигізіп, олардың білім алу процесінде белсенділік танытуына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, ертегілер бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Олардың мазмұны мен құрылымы балалардың сөйлеу тілін байытып, ауызекі сөйлеу қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Ертегілер арқылы балалардың тыңдау және түсіну дағдылары дамиды, өйткені олар оқиғалардың барысын дұрыс қабылдап, талдай білуі қажет. Сондай-ақ, ертегілердің диалогтық және рөлдік элементтері оқушыларға өз ойларын еркін білдіруді, пікір алмасуды және диалог құруды үйретеді. Бұл әдістер балалардың тілдік құзыреттілігін арттырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижесінде ертегілердің балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудағы тиімділігі айқындалды. Ертегілерді оқыту барысында оқушылардың ауызекі сөйлеу, тыңдау және түсіну, диалог құру қабілеттері едәуір жақсарғаны байқалды. Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы белсенді қарым-қатынас, шығармашылық ойлау және өзара пікір алмасу деңгейі артты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Литературная энциклопедия. – М.: Худож. лит., 1937. – Т. 10. – 324 с.
2. Даля В.И. Повести и рассказы // Сочинения. – СПб.; М., 2000. - 496 с.
3. Шейн П.В. Великорусс в своих песнях, обрядах, обычаях, верованиях, сказках, легендах и т. п. – М., 1999. – Т. 1. – 109 с.
4. Бессонов П.А., Зайцева Е.А., Андреев А.Ю., Цыганков Д.А. 1755-1917, энциклопедический словарь. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Императорский Московский университет, 2010. – С. 65-66.
5. Соколов Ю.М. Русский фольклор. – М.: Уч.-пед. изд. Наркомпроса РСФСР, 1941. – 326 с.

ӘОЖ 371.3

БАСТАУЫШ БІЛІМГЕ ЭДЬЮТЕЙНМЕНТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНГІЗУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Мухаметжанова А.О., Шаймерденова С.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Білім беру сапасын арттыру мәселесі қазіргі қоғамның басты назарында тұр, өйткені бұл елдің болашағы үшін маңызды фактор болып табылады.

Мемлекеттік құжаттарда эдьютейнменттің білім беру жүйесіне енгізілуі туралы мәселелер әрдайым назарға алынады. Қазақстанның білім беру саясаты мен бағдарламаларында инновациялық тәсілдер мен технологияларды қолдану, соның ішінде эдьютейнментті енгізу, оқу үдерісінің сапасын жақсартуға және оқушылардың қызығушылығын арттыруға бағытталған. Бұл құжаттарда білім беру саласында цифрлық технологияларды және интерактивті әдістерді қолданудың маңыздылығы ерекше аталып өтіледі.

Edutainment (edutainment) – «білім» (education) және «ойын-сауық» (entertainment) сөздерінің тіркесімі болып табылатын термин. Оның негізгі мақсаты — оқуды қызықты әрі тиімді ету үшін білім беру процесін ойын-сауық элементтерімен біріктіру. Бұл терминді алғаш рет 1948 жылы американдық кинокомпозитор және сценарист Уолт Дисней қолданған, ол оны ойын-сауық білім беру бағдарламаларын сипаттау үшін қолданған. Тұжырымдаманы кейінірек 1970 жылдары National Geographic үшін ғылыми деректі фильмдер түсіруге байланысты терминді қолданған Боб Хейман (Bob Neuman) сияқты басқа зерттеушілер мен тәрбиешілер дамытты.

Кейінірек, 1990-2000 жылдары бұл термин мультимедиялық технологиялар мен интерактивті білім беру бағдарламаларын дамыту арқылы білім беру ортасында танымал болды. Эдьютейнмент мектеп пен университеттік білім беруде, сондай-ақ бейресми оқытуда маңызды құралға айналды,

мұнда басты міндет ойын формалары, бейнелер, модельдеу және басқа интерактивті элементтер арқылы білім алушылардың қызығушылығын сақтау болды.

Эдьютейнмент – бұл білім беру мен ойын элементтерін біріктіретін тәсіл. Ол оқушылардың білім алуын қызықты және интерактивті түрде қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл тәсіл білім беру үдерісінде ойынның және басқа да қызықты элементтердің көмегімен мотивацияны арттырады және оқыту нәтижелерін жақсартады [1].

Эдьютейнменттің білім беру жүйесіне енгізілуі қазіргі білім беру саласында маңызды мәселеге айналды. Бұл тәсіл балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Зерттеу мақсаты – әдістемелік тәсілдерді анықтау және эдьютейнментті бастауыш білім беру жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын ұсыну.

Эдьютейнменттің білім беру саласында қолданылуы туралы көп зерттеулер жүргізілген. Әдебиеттерде эдьютейнменттің теориялық негіздері мен практикалық қолданысы кеңінен қарастырылған. Оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттырудағы эдьютейнменттің рөлі мен әсері туралы түрлі зерттеулер мен мақалалар бар. Бұл зерттеулердің нәтижелері зерттеу тақырыбына негіз болады және келешектегі зерттеулер үшін маңызды ақпарат көзі болып табылады.

Эдьютейнменттің концепциясы ойын элементтері мен білім беруді біріктіретін тәсіл ретінде анықталады. Оның басты мақсаты оқыту процесін қызықты әрі тиімді ету болып табылады. Эдьютейнмент білім беру мен ойынның өзара байланысын зерттеп, оқушылардың мотивациясын арттыруға және білімді меңгеруін жеңілдетуге бағытталған. Бұл концепцияның негізінде ойындық әдістер мен интерактивті технологияларды қолдану жатыр [2].

Эдьютейнменттің тарихи контексті мен дамуы білім беру саласында жаңа тренд ретінде пайда болды. Ойын элементтері мен цифрлық технологиялардың қолданылуы білім беру процесінде өз орнын тапты. Эдьютейнменттің дамуы білім беру әдістемелеріндегі жаңалықтарды қамтып, оқытудың интерактивті тәсілдерін енгізуді мақсат етеді. Эдьютейнменттің тарихы дидактикалық ойындар мен мультимедиялық құралдардың дамуымен тығыз байланысты.

Эдьютейнмент білім беру ортасының қалыптасуындағы рөлі ерекше. Ол оқыту процесін жандандырып, оқушылардың оқу материалдарына деген қызығушылығын арттырады. Эдьютейнменттің көмегімен білім беру процесі интерактивті және қатысымдық сипатқа ие болады, бұл өз кезегінде оқушылардың білімді тереңірек меңгеруіне ықпал етеді. Оқушылардың белсенділігін арттыру және оқу нәтижелерін жақсарту тұрғысынан эдьютейнмент маңызды құрал болып табылады.

Эдьютейнментті енгізудің әдістемелік тәсілдері әрбір мұғалімнің өз тәжірибесінде қолдануы үшін маңызды болып табылады. Мұғалімдер оқу процесінде эдьютейнментті тиімді пайдалану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, білім беру сапасын жақсарта алады. Әдістемелік тәсілдерді енгізу мұғалімдердің кәсіби дағдыларын жетілдіруге, оқыту әдістерін жаңартуға және оқушылардың белсенділігін көтеруге мүмкіндік береді.

Оқытудың жаңа әдістерін қолдану білім беру процесінің сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бірінші кезекте білім беру ойындарын әзірлеу және интеграциялау оқушылардың қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Ойын элементтері оқу материалын жеңіл әрі қызықты түрде ұсынуға мүмкіндік береді, бұл балалардың белсенділігін және оқу мотивациясын жоғарылатады.

Білім беру процесіне эдьютейнмент технологиясын енгізудің әдістемелік тәсілдері педагогикалық әдістерді ойын элементтерімен, интерактивтілікпен және мультимедиялық ресурстармен үйлестіруді қамтиды. Негізгі әдістемелік тәсілдерді қарастырайық:

1. Ойын арқылы оқыту (Gamification).

Ұпайлар, деңгейлер, марапаттар, жарыстар сияқты оқу процесіне ойын элементтерін енгізу білім алушылардың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мысалы: оқу викториналары, есептерді шешуге арналған ойындар, оқу модельдеулерін құру.

2. Мультимедиялық технологиялар.

Аудиовизуалды материалдарды (бейне сабақтар, презентациялар, интерактивті платформалар) пайдалану оқуды қызықты әрі қолжетімді етуге көмектеседі.

Мысалы: оқу фильмдерін, бейне дәрістерді, анимацияларды, интерактивті оқулықтарды қарау.

3. Жобалық іс-әрекет.

Жаңартылған мектеп форматы Мектептердің форматы біртіндеп өзгерді, цифрлық орта ұйымдастырылды. Қазақстанда бұлтты жүйелер (электронды күнделіктер), интерактивті мазмұны бар электронды тақталар, компьютерлер мен планшеттер қолданылады. Мектептерде жоғары жылдамдықты Интернетке қол жетімділік пайда болды. Барған сайын сабақ және сабақ жоспары ақпараттық технологияларға негізделген интерактивті және цифрлық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін қамтып отыр

Цифрлы технологияның біздің өмірімізге етене араласып кеткені сонша, бүгінде бұл технология қоғамдық салалардың сан алуан бағытында қолданылып жүр. Қазіргі таңдағы білім мен ғылымның дамуы түрлі қоғамдық өзгерістердің туындауына әкеліп жатыр. Соның ішінде білім беру саласында осы бағытта түрлі шаралар жасалуда.

Бүгінгі күні цифрлы оқыту технологияларын қолдану аса маңызды болып саналып жүр. Бұл үшін еліміздің білім беру саласында бірқатар реформалар жүргізіліп, сабақты оқушылар үшін аса қызықты әрі пайдалы өткізу жолдары қарастырылып, өз кезегінде нәтижесін де беріп жүр.

Адамға білім беру процесі ең алғаш бастауыш сыныптарда берілетіні белгілі. Жалпыбастауыш сынып баланың білім мен тәрбиені бойына барынша жинап, тұлғалық дамуына ерекше жағдай жасайтын кезең. Алғашқы білімнің іргетасы қаланатын тұстардың түйісетін уақыты да бастауыш сынып болмақ. Міне, бүгінгі цифрлы оқыту жүйесінде бастауыш сыныптағы оқыту процесін дамыту арқылы елдің өркендеу мәселесін көздейді.

Бір кездері дамытушы ойыншықтар мен проекциялық аппараттарды инновациялық технология ретінде қолданған мен үшін ақпараттық технологияларды меңгеріп, пайдаланудың пайдасы зор болды. Бірінші кезекте өзімнің материалдық базамды толықтырдым, екінші кезекте уақыт үнемдей алдым. Ақпараттық технологиялар дамыған сайын, білім беру жүйесіне де түрлі өзгерістер енуде. Жалпы, педагогика цифрлы оқыту технологияларымен тығыз байланысты. Олардың дамуына орай, педагогикалық орта мен әдіс-тәсілдер де өзгереді. Бүгінде цифрлы технологиялардың алуантүрлілігі білім алудың сапасын көтеріп қана қоймай, білім алудың жаңа тәсілдерін құруға да мүмкіндік беріп отыр. Және де ұстаз пен оқушының арасындағы қарымқатынастардың жаңаша түрін қалыптастыра бастады.

Түрлі технологиялар көп-ақ, дейтұрғанмен олардың арасынан қажеттілігін ғана таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – менің басты талаптарымның бірі. Мәселе, технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Сол себепті де сабақ барысында барысында көрнекілік әдістер мен техникалық құралдарды қолданамын.

Жалпы, сабақ барысында жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан-жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді. Сондай-ақ, жаңа ақпараттар легі көбейіп оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Мәселен, сабақ барысында қолданатын электрондық оқулықтардың артықшылықтарын айтып өтейін. Аталмыш оқулықты пайдалану барысында оқушы бұрын алған білімін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды.

Цифрлық технологиялардың жедел дамуы салдарынан бүгінде ақпараттар ағымы өте көп. Тіпті, санынан адам жаңылады. Осыған байланысты педагогтерге артылар жүкте артты. Мәселен, педагог – ақпараттық мәдениеті жоғары, кез-келген технологияларды меңгерген болуы шарт. Бұл мәселеге мен де бей-жай қарамаймын. Өз тәжірибемде мультимедиялық технологияларды көбірек қолданып, оқушыларға ғаламтордан тақырыптық бейнекөріністер көрсетемін. Компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін толық пайдаланып, оқушыларға талдау жұмыстарын жасатамын. Олардың терең де тиянақты білім алуларын қамтамасыз етемін. Графикалық материалдар мен презентациялық слайдтар жасау арқылы, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, танымдық және есте сақтауын қалыптастыруға әрекет етемін. Оларға сұрақ қоя отырып, өздерінің көргендерінен ой-пікірлерін сұрауды да ұмытпаймын. Бұл арқылы жасөспірімдердің өз пікірлерін еркін жеткізе білуіне, бірін-бірін тыңдай білуге ұмтылады.

Ал, компьютерлік сабақтарда көбіне компьютерлік бағдарламалар мен электрондық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беремін. Себебі, бұл әдіс арқылы оқушылар кез-келген тақырыпты еркін меңгеріп, пәнге деген қызығушылығы артады, ой-танымы кеңейеді, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасайды. Жалпылама пәндерде компьютерлік тестілеуді қолданудың өте көп көмегі тиеді. Бұл – оқушылардың интеллектуалдық танымын, логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Сабақтарымда әр тақырып сайын оқушылармен түрлі шығармашылық жұмыстарды шеберлігіме қарай ұйымдастырып, түрлендіріп, өткіземін. Және де жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеймін. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне үшін логикалық, талдамалық сұрақтар қоямын. Негізінен, білім беруде цифрлық технологияларды қолданған да сабақ барысы ерекше форматта өтеді. Себебі, аталмыш құралдардың өзіне тән формальды колориті мен танымы болғандықтан, сабақ беру методикасы қызығырақ болады. Бұндай танымда өскен балалар белгілі бір қабілетті игеріп, соған жетік болады. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда жоғарыда атап өткен жүйелі-әрекеттік тәсілдің тигізер пайдасы зор.

Мектеп қабырғасында оқушыларды оқыту процесінде ең алдымен жүйелі-әрекеттік әдісі басты назарға алынуы керек. Өйткені, қазіргі таңдағы оқулықтар мен оқу құралдары жүйелі-әрекеттік әдісі бойынша жазылған. Сондықтан, әрбір мұғалім аталмыш технологиядағы негізгі функцияларды өзінің сабағында жетік қолданып, оны бүгінгі күннің талабына сай икемдеп, жаңа форматты оқыту процесінің үлгісін қалыптастырғаны абзал. Жүйелі-әрекеттік әдіс бүгінгі күні өте кең ауқымда қолданылып келе жатыр. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен ықыласын арттыру мақсатында қолданылып жүрген бұл технологияның беріп жатқан нәтижесі де өте үлкен. Оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда және ақыл-ой зердесін дамытуда аталмыш технологияның мәні зор. Мәселен, оқушының еңбек етуге деген ұйымшылдық қабілетін оятуға ынталандырады, өзін-өзі басқару, бақылау, байқампаздыққа, ақыл-ой іскерлігінің белсенділігін дамытады. Сондықтан, цифрлы технология үрдісін әр ұстаз жүйелі пайдалана білсе, ертеңгі қоғам иелерінің білімді, білікті, ынталы болары сөзсіз.

Қорыта келе, әрбір сабақ - мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушының есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында цифрлы технология әдістерін тиімді пайдалану – ұстаз шеберлігінің белгісі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бөрібаев Б. Жаңа ақпараттық технологиялар. – 2003. 5. Истеміров И. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. - 2007.
2. Желдербаева С. Жаңа педагогикалық технологиялар. - Алматы, Рауан, 2012. - 99 б.
3. Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, 2015. - 75 с.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР

Сулейменова С.Ы.

Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі
Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Қазақстан

Тәрбие жұмысы –бүгінгі қоғамның қажеттіліктері мен үміттеріне жауап беретін, тәрбиенің гуманистік, жоғары адамгершілік ортасын құрушы болып табылады.

Құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Құзыреттілік білім алушылардың танымға, ойлауға қатысын, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Жұмыс оқу жоспары мен бағдарламасына сәйкес жүргізілетін тәрбие жұмысының әдістемесі пәнінің білім алушылардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда ықпалы зор.

Тақырыптың өзектілігі - «Қазақстан-2050» атты еліміздің стратегиялық бағдарламасында ең негізгілерінің бірі – жоғары интеллектуалды жастарды жан – жақтылыққа тәрбиелеу. Білім алушылардың кәсіби құзіреттілік деңгейінің көтерілуіне үлес қосу.

Жұмыстың мақсаты – білім алушылардың кәсіби құзіреттілігін дамыту, жеке тұлғаның мақсатқа бағытталған белсенділігін арттыру.

Міндеттері:

- тәрбие жұмысының әдістемесі сабағында интербелсенді әдісті тиімді қолдану;
- өз ойын, көзқарасын білдіруге, екінші бір адамның жауабын тыңдап, оны толықтыруға, жетістіктері мен кемшіліктерін айта білуге жаттықтыру;
- білім алушылардың арасындағы дұрыс қарым – қатынасты жетілдіру.

Күтілетін нәтиже:

- сабақта интербелсенді әдісті қолдану арқылы оқушыларда қызығушылық пайда болады;
- интербелсенді білімнің мәні, оқу процесінде қатысушыларды еліктіреді, олар өздерінің білетінін және ойлайтынын түсіне және рефлекстей алады;
- оқушылардың білім алмасуы, ойларымен бөлісуі, қызметтің әдіс - айдалары;
- жаңа білім алуға ғана емес, және өзінің танымдық қызметін , әрекет дағдыларын, оны жоғары формалы қауымдастық және бірлестікке ауыстырады.

Білім беру саласындағы «құзіреттілік» түсінігі 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. «Кәсіби құзіреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», т.б. түсініктерді біріктіреді. «Құзіреттілік» хабардар болушылық, «құзірет» жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы. Құзіреттілік бірінші орынға оқушының ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Жалпы кәсіби құзіреттілік коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік, интеллектуалды педагогикалық құзіреттілік ретінде қарастырылады [1].

Болашақ педагогтың кәсіби құзіреттілігінің қалыптасуы орта кәсіби білім беру жүйесінде орын алады. Демек, білім алушының педагогикалық қызметке дайындығы оның кәсіби құзіреттілікті меңгеруімен тығыз байланысты.

Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша ойлау қалыптасуда. Дәстүрлі білім беруде студенттерге пәндік білім, білік, дағдылардың белгілі жиынтығын меңгерту мен олардың жеке басының дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде.

Білім алушылардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда интербелсенді әдістердің ықпалы зор. Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интербелсенді деп аталады.

Интербелсенді («inter»- өзара, «act»-кимылдау) - әрекеттес, әңгімелесу режимінде болады, біреумен диалог жүргізу. Басқа сөзбен айтқанда белсенді әдістерден айырмашылығы білім алушының тек мұғаліммен әрекеті ғана емес, сонымен қатар қатысушылардың бір - бірімен білім алу кезіндегі қатынасы. Бұл әдісті қолдану сырттай жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да

бар. Интербелсенді оқыту әдістері білім алушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Дегенмен, интербелсенді оқыту қажетті ақпараттарды игеруге уақытты көбірек бөлуді, бағалауда жаңа, күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етеді.

Интербелсенді оқыту — білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Интербелсенді әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Мұнда білім алушылардың бұған дейін алған өмірлік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі болып табылады. Бұл әдісте білім алушы мыналармен қарым-қатынасқа түседі:

- 1) оқытушымен (сұраққа жауап берген кезде);
- 2) өзге білім алушылармен (қосақталып жұмыс істеген кезде);
- 3) шағын топтармен (топпен жұмыс істеген кезде);
- 4) белгілі бір топпен, сыныппен (сауалнама алғанда);
- 5) кейбір техника түрлерімен (компьютермен интернетке шыққанда т.б.) [3].

Білім алушылардың кәсіби педагогикалық құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында тәрбие жұмысының әдістемесі пәні бойынша өткізілген ашық сабағыммен бөліссем.

Тақырыбы: Тәрбие процесін ұйымдастырудың формалары.

Мақсаты: Білім алушыларға тәрбие процесін ұйымдастырудың формасы туралы жалпы түсінік беру, тәрбие процесін ұйымдастырудағы формалардың түрлерін ажырата алу жайында ұғым қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: тәрбие процесі, оны ұйымдастырудың формаларын теориялық түрде түсініп, практикамен байланыстыру жолдарын түсінуі қажет; тәрбие процесін ұйымдастыру формаларын бір-бірінен ажырата алу жолдарын меңгереді; ойын қорытындылайды, бір шешімге келеді, топпен жұмыс жасай алады.

I. Ұйымдастыру бөлімі.

1. Студенттермен амандасу, түгендеу, сабақта жоқ оқушыларды журналға белгілеу. Оқушыларды топқа бөлу, спикер сайлау. Бағалау парағын топқа тарату. Әділ бағалауын ескерту.

2. Оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландыру.

Тәрбиеге байланысты қанатты сөздерді жатқа айту. Мағынасын ашу.

Үй тапсырмасын қайталау

1. Сұрақ-жауап (өткен тақырып бойынша))

2. Топқа берілген тапсырма. Өтілген тақырыпты өз шығармашылықтары бойынша таныстыру.

Үй тапсырмасын жаңа тақырыппен байланыстыру.

Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» кітабынан үзінді.

«Прогресс білдіру» әдісі. Кітапқа шолу жасап, үзіндіде жалпы не жайында айтылғанын талқылау арқылы мақсаттарға сілтеме жасау.

Негізгі бөлім.

1. Жаңа тақырып.

Сұрақтар арқылы «Тәрбие процесін ұйымдастырудың формалары» туралы түсінік алу. Сұрақтардың жауабын тексттен оқи отырып тауып, конспектілеу.

– Тәрбие процесін қалай жүзеге асырамыз?

– Тәрбие процесін қалай ұйымдастыруға болады?

– Форма дегеніміз не?

– Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формасы дегеніміз не?

– Тәрбиелік іс-әрекетті әдісіне қарай қалай жүйелеуге болады?(сөздік, тәжірибелік, көрнекілік)

Тәрбиелік іс-әрекетті әдісіне қарай жүйелеу

–Тәрбие процесін ұйымдастыру формалары қандай? (жеке, топтық, көпшілік)

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруды формаларына қарай топтау [2].

«Сабақ мазмұны бойынша ойынды білдір» әдісі арқылы студенттердің алған білімдері, оны қолдана алудың маңыздылығын талқылау.

Сөздік жұмысы

Форма - ұйымдастыру тәсілі, форма - form

Конкурс - жарыс, сайыс - competition

Экскурсия - жорық – excursion

3.«ПОПС әдісін» қолдану.

Менің ойымша..., себебі..., мысалы..., сондықтан...

/Сіздер биылғы оқу жылынан бастап мектепте тәжірибеден өтіп жүрсіздер.

Аты аталған формалардың ішінде өз тәжірибеңізде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың қандай формасын қолдандыңыздар? Қандай әдістерді қолдандыңыздар/

4. «ТВ шоу» әдісі. «Балбұлақ» пресс-орталығын насихаттау.

Зейін қойып тыңдау, мағлұматтарды еске сақтау, сұраққа жауап беру.

Сұрақ: бұл көрініс тәрбие жұмысын ұйымдастырудың қандай формасына сәйкес? Неліктен?

5. «Ойыңмен бөліс» әдісі. «Мамандық үздігі» видео ұсынылады.

Зер салу, ой елегінен өткізу, видеоның сөзі мен көрінісін байланыстыру, сұраққа жауап беру, тапсырма орындау.

Қорытынды бөлім.

«Сөйлемді жалғастыр»

Сөйлем Сәтті жауап Сәтсіз жауап

– Мектептік тәжірибеден өтудің ...

– Тәрбие сағаттарын жүргізу барысында ...

– Ұстаздық мамандықтың жолында ...

Үйге тапсырма

1. «Тәрбие процесін ұйымдастырудың формалары» оқу, мазмұндау.

2. 1-ші топ тәрбие процесін ұйымдастырудың жеке формасына, 2-ші топ топтық формасына, 3-ші топ көпшілік формасын практикамен байланыстыру арқылы таныстыру.

Бағалау.

Бағалау парағын жинақтау. Тиісті әділ бағаларын қою.

Сабақта білім алушылардың кәсіби педагогикалық құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында қолданылған «ПОПС», «Сөйлемді жалғастыр», «ПППО», «Броуновское движение», «Синквейн», «Ойыңмен бөліс», «ТВ шоу», «Сабақ мазмұны бойынша ойыңды білдір», «Прогресс білдіру» әдісі т.б.интербелсенді әдістерін байқауға болады.

«Сөйлемді жалғастыр» әдісі

Сөйлем / Сәтті жауап / Сәтсіз жауап

Мектептік тәжірибеден өтудің ...

Тәрбие сағаттарын жүргізу барысында ...

Ұстаздық мамандықтың жолында ...сөйлемді жалғастырып, сәтті және сәтсіз жауаптармен сәйкестендіреді. «ПОПС әдісі, яғни менің ойымша..., себебі..., мысалы..., сондықтан» тақырып бойынша өз ойларын жетілдіріп, талқылайды. «Броуновское движение» әдісі бойынша білім алушылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. «Ойыңмен бөліс» әдісінде берілген видеоға зер салып, бір-бірімен тығыз байланысқа түседі. Сабақты қорытындылау кезінде бұл әдістің тиімділігі зор. Сабақта бір оқушы екінші оқушыға тақырыпқа байланысты сұрақ қояды. Егер жауап бере алмаса жанында отырған оқушы жауап береді. Жауап берген оқушы келесі балаға сұрақ қояды. «ПППО әдісінде, яғни айқындама..., себептері..., мысал..., жинақтау...» тақырып бойынша ой бөліседі, жинақтайды, қорытындылайды. Осы әдіс арқылы оқушылар өз ойларын ашық айтуға үйренеді [4].

Өз практикада қолданып жүрген интербелсенді әдістерді кез келген сабақта ұтымды қолданып, оның пайдалану аясын кеңейтуге болады.

Ескеретін тұстары: интербелсенді әдістер пайдалану кезінде тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақтап, оның өзін көрсете алуына жағдай жасау керек. Білім алушының өзіндік даралығын көрсетуге мүмкіндік жасап, оқытушы өз тарапынан педагогикалық қолдау көрсетуі қажет.

Қорытынды:

Интербелсенді оқыту – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген процесс. Сонымен тәрбие жұмысының әдістемесі сабағында интербелсенді оқыту әдістерін қолданудың тиімділігіне көз жеткізе отырып, оның білім алушылардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудағы ролі бойынша мынандай қорытындыға келдім:

- Сабақ барысында оқушыларға сұрақ қою арқылы олардың тақырыпты қаншалықты түсінгенін анықтауға болады.

- Оқушылардың бір-бірімен тығыз байланыс жасауының арқасында олардың бір-біріне деген сүйіспеншіліктерін арттырады.

- Қызықты тапсырмалар мен жаттығулар білім алушылардың танымдық, шығармашылық, интеллектуалдық қабілеттерін, кәсіби құзіреттілігін дамытады.

- Жоғары интеллектуалды, жан-жақты жастарды тәрбиелеуде, білім беруде кәсіби құзіреттілікті дамыту мақсатында интербелсенді әдістерді қолданудың үлесі зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ғалымова Ә.У., Ильясова Р.К. Педагогика. Астана. 2007
2. Губашева С.Г. Тәрбие жұмысының әдістемесі Астана 2011
3. Интербелсенді оқыту технологиялары . Ұлағат. 13.08. 2020
4. А.Х.Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014.

УДК 371.2

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ САМОРАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ ПЕДАГОГА В ПРОЦЕССЕ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

¹Таджибаева Ж.А., ²Аубакирова К.Ф., ³Битикова А.И.

^{1,3}Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова (Yessenov University), г. Актау, Казахстан

²Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, г. Караганда, Казахстан

В настоящее время образование рассматривается как ключевой фактор социального и экономического прогресса. В общественном сознании всё более утверждается понимание приоритетности образования, как важной жизненной ценности. Качество образовательных услуг напрямую связано с качеством жизни как отдельного индивида, так и общества в целом, а также с уровнем конкурентоспособности граждан на казахстанском и глобальном рынках труда. Ведущую роль в обеспечении высокого качества образования осуществляют педагогические кадры. Высокий уровень профессиональной подготовки педагогов, их способность к постоянному совершенствованию, формирование педагогического процесса с учётом изменяющихся социально-экономических условий и общей трансформации образовательной системы, а также умение создавать собственные педагогические концепции, с учетом современных требований и приоритет потенциала обучающихся являются важнейшими факторами в достижении этих целей.

Глава государства К-Ж.Токаев в Послании народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» большое внимание уделяет повышению качества образования и особое значение в свете новых задач приобретает повышение качества высшего образования и необходимости качественного обучения в вузах страны [1]. И перед вузами страны возложены задачи и работа по преодолению недостатков в обучении в профессиональной подготовке квалифицированных кадров. Особую значение приобретает подготовка квалифицированных специалистов, будущих учителей, их профессиональная направленность, саморазвитие личности педагога.

Педагогическая деятельность представляет собой профессиональную активность учителя, направленную на решение задач обучения и воспитания с использованием различных педагогических методов и средств. Основой этой деятельности является наличие четко сформулированной цели, которая, хотя и менялась исторически, всегда оставалась ориентированной на решение комплекса педагогических задач. Для эффективного осуществления педагогической деятельности учитель должен обладать высокой степенью профессиональной готовности, включающей как теоретическую подготовку, так и практические навыки, необходимые для реализации образовательных и воспитательных целей. Современная образовательная парадигма, которая строится на гуманистическом подходе и восприятии личности обучающегося как главной ценности, подчеркивает важность творческого подхода в работе педагога. Она требует от педагога умения самостоятельно оценивать и осмысливать условия, способствующие его профессиональному росту. В этом подходе ключевую роль играет способность педагога адаптироваться к новым вызовам в образовании, используя современные методы и технологии для полноценного развития обучающихся.

Развитие, становление и профессиональный рост педагога представляет собой сложное социальное явление, включающее многоаспектный процесс, сочетающий личностные, предметные, функциональные и социальные компоненты. Он выполняет важные социальные функции, удовлетворяя потребности как общества в целом, так и отдельных коллективов, и работников. Эффективное развитие современной образовательной системы, в том числе на уровне школы, во многом зависит от того, насколько качественно организовано непрерывное профессиональное образование учителей.

Одна из ключевых задач, с которой сталкивается учитель, заключается в организации учебной деятельности обучающихся. Для успешного решения этой задачи педагог должен:

- 1) обладать глубокими теоретическими знаниями о закономерностях и условиях формирования учебной деятельности;
- 2) овладеть новыми педагогическими технологиями, включая современные формы и методы организации образовательного процесса;
- 3) хорошо знать содержание учебного материала и уметь выстраивать его логику как систему научных понятий;
- 4) владеть техникой педагогического общения, выступая в роли наставника, делового партнера и активно сотрудничая с обучающимися в процессе решения учебных задач;
- 5) использовать методы педагогической диагностики для оценки и коррекции развития обучающихся, превращая диагностику в инструмент совершенствования учебного процесса;
- 6) учитывать возрастные и индивидуальные особенности обучающихся для построения эффективного педагогического взаимодействия, основанного на взаимной значимости [2].

Эффективное решение этих задач возможно лишь для педагога, который сам является субъектом учебной деятельности, стремится к саморазвитию и способен к самоизменению через постоянное интеллектуальное совершенствование и рефлексии своей профессиональной практики.

Общепризнанным является факт, что в процессе профессионального саморазвития формируется специфический, «профессиональный» тип личности, отличающийся от личности индивида, не вовлеченного в данный вид профессиональной деятельности. Научные труды Э.Ф.Зеера, Е.А.Климова, Л.М.Митиной, И.С.Якиманской, А.Е.Абылкасымова, А.А.Молдажановой и др. [2,3,4,5] наиболее полно отражают специфику и подчеркивают необходимость рассматривать профессиональное саморазвитие не только как высокий уровень овладения знаниями, умениями и достижениями в данной сфере, но и как специфическую системную организацию психики индивида. Согласно данным исследования профессиональное саморазвитие представляет собой системное свойство личности, выражающееся в определенной организации ее структурных компонентов. Так, Э.Ф.Зеер в структуре личности профессионала выделяет четыре подструктуры:

- 1) подструктуру профессионально-значимых психофизиологических свойств;
- 2) подструктуру профессионально-важных качеств;
- 3) подструктуру профессиональной компетентности;
- 4) подструктуру профессиональной направленности [3].

Профессиональное саморазвитие личности, рассматриваемое с позиций системного подхода, представляет собой не статическое, а динамическое и непрерывно изменяющееся состояние. В процессе освоения профессиональной роли происходят развитие профессионально-важных качеств субъекта труда, формирование механизмов их компенсации, а сама деятельность приобретает качественно новые характеристики, отдельных качеств по мере перехода с более низких уровней профессиональной успешности на более высокие. Рассматривая профессиональное саморазвитие необходимо особо отметить и профессиональное самосознание учителя. А.Ю.Коджаспирова определяет профессиональное самосознание как комплекс представлений учителя о себе как профессионале. В состав этого комплекса входят следующие компоненты:

1. Осознание учителем норм и правил профессии: понимание требований, предъявляемых к педагогической деятельности, общению и личностным качествам учителя, которые служат эталоном для самооценки. Это формирует профессиональное мировоззрение педагога.

2. Сравнение с другими профессионалами: осознание профессиональных качеств у других людей и сопоставление себя с неким абстрактным профессионалом средней квалификации или с коллегами по профессии.

3. Восприятие оценки со стороны: учет мнений других людей (коллег, руководства), ожиданий и оценок, которые они высказывают относительно профессионализма учителя.

4. Самооценка: учитель оценивает свои отдельные качества на основе профессиональных ситуаций, мнений учеников и коллег. Эти оценки формируют устойчивую «Я-концепцию», которая обеспечивает учителю чувство профессиональной уверенности или неуверенности. Именно через эту концепцию педагог воспринимает и анализирует всё, что происходит в образовательной среде.

5. Позитивная самооценка: формирование положительной самооценки, определение собственных сильных сторон и перспектив развития, что способствует созданию позитивной «Я-концепции». Учителя с положительной «Я-концепцией» демонстрируют более высокую уверенность в себе, удовлетворенность профессией и большую эффективность в работе [5].

Профессионально-личностное саморазвитие — это совокупность психофизиологических, социально-психических и личностных изменений, происходящих у индивида в процессе освоения и длительного выполнения трудовой деятельности. Эти изменения обеспечивают достижение качественно нового, более эффективного уровня решения сложных профессиональных задач в специфических условиях.

Формирование профессионального саморазвития осуществляется по трем основным направлениям:

- Изменение системы деятельности. В процессе развития профессиональных навыков происходит трансформация всей системы трудовой деятельности, включая ее функции и иерархическое строение. Личность проходит через ступени профессионального мастерства, развивая специфическую систему методов выполнения задач, что приводит к формированию индивидуального стиля деятельности.

- Изменение личности субъекта: проявляется как в изменениях внешнего облика (моторика, речь, эмоциональность, формы общения), так и в развитии элементов профессионального сознания (внимание, восприятие, память, мышление, эмоционально-волевая сфера). В более широком плане это можно рассматривать как становление профессионального мировоззрения.

- Изменение установки субъекта к объекту деятельности. проявляется в когнитивной сфере через интерес к объекту, склонность и удовлетворенность от взаимодействия с ним, несмотря на трудности, а также в практической сфере через осознание своих реальных возможностей влияния на объект. Установка субъекта на взаимодействие с объектом изменяется в сторону потребности во взаимодействии, что способствует формированию профессиональной культуры [4].

Профессионально-педагогическая направленность относится к ключевым характеристикам личности учителя. Согласно мнению исследователей, эта направленность служит основой, вокруг которой формируются основные личностные качества педагога, и является важнейшей предпосылкой для развития его профессионализма и педагогического мастерства. Профессионально-педагогическая направленность раскрывает мотивационные аспекты выбора профессии, учебной деятельности и отношения к профессиональной подготовке, способствуя формированию у студентов педагогической идентичности («я – педагог»). С учетом этого, образовательный процесс должен быть построен как процесс всестороннего развития, где обучение знаниям, умениям и навыкам является неотъемлемой частью развития личности, выступая его основным инструментом. Педагогическая деятельность, таким образом, включает профессиональную активность учителя, направленную на решение задач развития и обучения подрастающего поколения.

В итоге рассмотрения данного вопроса можно сказать, что профессиональное саморазвитие педагога — это процесс роста и формирования, который включает интеграцию и реализацию важных личных качеств, профессиональных знаний и умений в педагогической деятельности. В ходе саморазвития изменяется сама структура профессионально-личностного роста, как системного образования психики, включая трансформации в составе элементов системы и связях между ними. Основной акцент делается на активном и качественном преобразовании внутреннего мира педагога, что приводит к созданию нового, более эффективного стиля работы и жизнедеятельности, выражающегося в творческой самореализации. Эти изменения можно представить как многомерное пространство, состоящее из трех взаимосвязанных аспектов: личности учителя, его педагогической деятельности и педагогического общения. Каждое из этих пространств влияет на другие, формируя сложную психическую реальность. Ключевым условием успешного профессионального развития является переход к более высокому уровню самосознания. Движущими силами этого процесса являются конструктивное разрешение внутренних противоречий и рефлексивное единство различных аспектов личностного «Я» учителя.

Список литературы:

1. Послание Главы государства Касым-Жомарт Токаева народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» 02.09.2024. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-gl)и
2. Митина Л.М. Психологические аспекты труда учителя. - Тула, 1991- 176с.
3. Зеер Э.Ф. Психология личностно ориентированного профессионального образования. Екатеринбург, 2000. – 271с.
4. Климов Е.А. Психология профессионала. М.; Воронеж, 1996. - 400с.
5. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь: Для студентов высш. и сред. пед. уч. заведений. М.: Издательский Центр «Академия», 2000. -176с.

6. Жайтапова А.А. Профессиональный рост учителей в системе повышения квалификации. – Алматы: РИПК СО, 2006. – 316 с.

7. Педагогика. Учебник для вузов. КазНПУ им.Абая.-Алматы, 2010.-305 с.

ӘОЖ 376.1

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Тамабаева М.К.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Гуманистік білім берудің тұжырымдарына сүйенсек, ондағы балалардың қандайы болмасын, қай-қайсысы болмасын дамудың шексіз мүмкіндіктері бар тіршілік иесі екендігіне сену және сол бағытта жұмыс жасау керектігі айқын танылады.

Біреулер бақытын байлықтан іздесе, енді біреулер атақ пен атақ, мансап пен лауазым іздейді. Білімді ұрпақ қана адамға нағыз бақыт сыйлай алады. «Ұрпағы бар ер мынды жығар» деген сөз бекер айтылмаса керек. Адам өмірінің мәні – оның ұрпағы. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-ананың бойында нәзік те қиын сәттерге толы үлкен қоғамдық парыз болады. Бұл балалар тәрбиесі. Балаға ата-анасынан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, инабаттылық, инабаттылық, яғни тәрбие сөзбен, теориямен дамымайды, отбасында үлкендерден үлгі алады.

Көптеген дамыған елдерде жалпы адами құндылықтары мен әлеуметтік талаптарға сай білім беру жүйесінде барлық балалар тең және тосқауылсыз білім алулары қажет деген шешімге келген. Қазақстан Республикасының Заңнамаларында балаларды қорғау аясындағы халықаралық құжаттарға сәйкес мынандай ұғым енгізілген: ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар (тұлғалар) және барлық оқушылардың жекелік мүмкіндіктері ескеріле отырып сапалы білім алудағы тең құқылы [1].

Инклюзивті білім беру даму үстінде – мектепке дейінгі және орта білім алу үшін, даму бұзылыстарын түзету және әлеуметтік бейімдеу үшін, сапалы білімге деген қолжетімімдікті барлық балалар үшін: денсаулығында қиындықтары бар (мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалар); қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар (девиантты мінез-құлқы бар, әлеуметтік- экономикалық және әлеуметтік- психологиялық статустары төмен); қамтамасыз ету мақсатында жағдайлар жасалуда.

Инклюзивті білім беру – ерекше көмекті қажет ететін барлық балалардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына, мектеп және мектеп өміріне белсенді қатысуына мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқықтарын анықтайды, оларда адамдармен қарым-қатынас жасаудың қажетті дағдыларын дамытуға, барлық балаларды мектепке дейінгі білім беру жүйесіне толық қамтуға мүмкіндік береді. жалпы білім беру процесі және әлеуметтік бейімделу, жынысы, шығу тегі, балаларды дініне, жағдайына қарамастан ажырататын кедергілерді жоюға, олардың ата-аналарының белсенділігін ынталандыруға, балалардың білім алу қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай жасауға, яғни тиімді білім беруге бағытталған мемлекеттік саясат жалпы білім беру сапасын сақтайды.

Инклюзивті білім берудің «құқықтық немесе саяси декларация нысаны» принципіне сүйене отырып, барлық студенттер, егер олардың өмірінде мұндай маңызды себептер болмаса, мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқи алады. Инклюзивті білім беру жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие процесіне ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдерді белсенді түрде қосуды және қатысуды ғана көздемейді. Ол сондай-ақ барлық балалардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаппай білім берудің бүкіл процесін қайта құруды қамтиды.

Инклюзивті білім беру – бұл білімнің барлығына қолжетімділік принципіне негізделген білім. Оқытуды студенттердің әртүрлі қажеттіліктеріне, соның ішінде ерекше қажеттіліктерге бейімдеу. Бұл мәселені түзетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Инклюзивті мектеп мұғалімі барлық оқушылардың, психофизиологиялық кемістігі бар балалардың және олардың қалыпты дамуы бар құрдастарының рухани қажеттіліктерін жүзеге асыруға, олардың ішкі жан дүниесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, әртүрлі оқу-тәрбиелік және тәртіптік жағдайлардың дағдарысына бейімдеуге ұмтылады.

Қазіргі уақытта даму Ерекше көмекті қажет ететін балалармен жұмыс жасаудағы өзекті мәселе – инклюзивтік білім беру. Инклюзивтік білім мүгедек балаға өзінің құқықтарын іске асыруға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру жүйесінің өзі инклюзивтік қоғамның дамуының тиімді механизмі болып табылады. Инклюзивті білім беру системасын дамыта отырып, біз инклюзивтік қоғам, яғни әрбір адам үшін қоғамды дамытуға жол ашамыз. Инклюзивті білім ерекше көмекті қажет ететін балаларға

балабақша, мектеп, институт, мектепке дейінгі және мектеп өміріне толық көлемде қатысуына мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру ерекше көмекті қажет ететінбалаларды теңдікке, тең құқылыққа ынтыландыру қорына ие. Қазіргі жас ұрпақ біздің болашағымыз. Бұл жас ұрпақтың ішінде қарапайым балалар да, даму ерекше көмекті қажет ететінбалалар да бар. Ендеше бұл балаларды бөлмей, бәріне бір көзқараспен қарап,олардың болашағына жол ашуға көмектесейік.

Инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процестерінің бірі болып табылады. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдениетникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумге кірігуін көздейді. Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Бұл маңызды тұлғааралық және коммуникациялық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру – барлық балалардың қажеттіліктерін ескере отырып, ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беруді қамтамасыз ететін жалпы білім беру процесін дамыту. Инклюзивті білім беру балалардың оқу-тәрбие процесіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырады және оқыту мен оқудың жаңа бағытын дамытуға тырысады [2].

Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға атааналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жасерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат. Инклюзивті оқытуды даму Ерекше көмекті қажет ететінбалалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі ретінде бағалайды. Мұндай білім негізінде барлық адамдарға тең қарым-қатынас, арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау, жеке түзеу-дамыту бағдарламаларын іске асыру қажеттілігін қанағаттандыру қажет [3].

Балалар бір-біріне түсіністікпен қарап, тең дәрежеде сөйлесуі үшін мұғалімнің тікелей ықпалы қажет. Сөйлеу, көру, есту, тірек-қозғалыс аппараты, сенсорлық-еріктік ортасы бұзылған, оқу, қарым-қатынас, мінез-құлық және т.б. бұзылыстары бар балаларды жан-жақты қамтамасыз ету үшін педагогикалық кадрларды даярлауды жетілдіру қажет екені жасырын емес психологиялық және психологиялық көмек. педагогикалық көмек. Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру аясында ақыл-ойы кем оқушылар жалпы білім беретін мектептерде білім алуда. Әр оқушының өзіндік оқу ерекшеліктері болады.

Инклюзивті білім беру – бұл ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық оқушылардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс.

Мемлекет инклюзивті білім беру мақсатын жүзеге асыра отырып, дамуында кемістігі бар азаматтарға білім берудің барлық деңгейінде олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуларды түзетуге және әлеуметтік бейімделуіне ерекше жағдай жасайды [4].

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету (көмек) – әр баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқыту мен дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық шарттар құру барысындағы педагогтар мен мамандардың ұйымдастырылған қызмет жүйесі. Мектеп ортасын даярлау келесідей болу керек:

Инклюзивті мектеп ортасын дайындау келесі міндетті шарттарды сақтауды көздейді:

- оқушының мүмкіндіктеріне қарамастан педагогтардың әрбір оқушыны теңдей қабылдауы;
- білім беру процесінің барлық қатысушылары мен техникалық қызметкерлердің төзімді мінез-құлық мәдениетімен қамтамасыз ету;
- ЕБҚ бар оқушының жақын даму аймағына сәйкес оқу мақсаттарын анықтау;
- ЕБҚ бар оқушыны оқудан тыс мектеп іс-шараларына қосу;
- оқушыға қолдау көрсетуде отбасы әлеуетін пайдалану.

Инклюзивті орта құру бойынша мектеп жұмысының күтілетін нәтижесі:

- а) оқушының мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына жағымды көзқарасы;
- б) жалпы білім беру, қысқартылған немесе жеке бағдарлама шеңберіндегі академиялық табыстылығы;

в) оқушының әлеуметтік бейімделуі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастырудың негізгі бағыттары:

- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жергілікті нормативтік негізін құру;
- білім беру процесіне қатысушылардың қызметін анықтау;
- мектептің ағымдық жағдайын талдау және бағалау;
- мектептің педагогикалық ұжымын кәсіби дайындау;
- мектеп қауымдастығын дайындау;
- одақтастар мен әлеуметтік серіктестерді іздеу [1].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды бастауыш білім беруге қосудағы ықтимал шешімдерін ұлғайту бастауыш сынып оқытушыларының күзіретінде.

Инклюзивті білім беру – бұл барлық балалардың қажеттіліктерін ескеретін және ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беретін жалпы білім беру процесін дамыту. Инклюзивті білім беру балалардың оқу қажеттіліктерін қанағаттандырса және оқыту мен оқудағы өзгерістер тиімді болса, ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайы да өзгереді. Ашық инклюзивті мектептерде оқитын балалар адам құқықтары туралы білуге мүмкіндік алады, өйткені олар қарым-қатынас жасауды, бір-бірін тануды және қабылдауды үйренеді.

Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы.

Бүгінгі таңда әрбір оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, сапалы білім беру – өмірлік талап. Мен «Барлығына тең мүмкіндіктер», «Баршаға арналған сапалы білім» ұстанымын қолдаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс-нұсқаулық - Алматы: ТП ҰҒП О, 2019.
2. М.П.Оспанбаева Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы /. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
3. Бахтиярова Г.Р., Абильдина С.К. Инклюзивті білім берудің негіздері: Оқу құралы. – Ақтөбе, 2020.
4. Мовкебаева З.А., Оралканова И.А., Дузелбаева А. Инклюзивті білім беруді кіріктіруге педагогтарды дайындау бойынша әдістемелік ұсыныстар 2 –ші басылым Алматы: ЖК «Сағатудинова», 2019.

ӘОЖ 373.02

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ

¹Терликбаева А.Д., ¹Баймолдина Б.С., ²Көпбалина Г.Б.

¹«№4 арнайы мектеп-интернаты» КММ, Қарағанды қ., Қазақстан

²«Шет агротехникалық колледжі» КМҚК, Қарағанды қ., Қазақстан

Біз, мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дидактикалық ойындар арқылы дамыту барысында ең алдымен дидактикалық ойынның қандай мақсатта жүзеге асырылатындығына зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Бұл – өзекті мәселе, себебі ең алдымен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолданылатын дидактикалық ойындардың теориялық негіздері бөлімінде қазақ, орыс және шетел зерттеушілерінің дидактикалық ойындарды қандай мақсатта қалай жүзеге асатындығына тоқтала отырып, сараптама жасалды. Ян Амос Коменскийдің, Фридрих Фребельдің, Константин Ушинскийдің, А.П.Усовтың дидактикалық ойындар туралы зерттеулеріне сүйене отырып, қандай бағытта жұмыс жасау керектігі жөнінде деректер қоры жасалды.

Жалпы, шығармашылық-танымдық қабілеттің артуынан пайда болатын танымдық әрекеттің бір түрі. Танымдық қабілет дидактикалық ойындар арқылы жақсы жүзеге асады. Дидактикалық ойын – оқудың маңызы. Оқу әрекеті, еңбек әрекеті, ойын әрекеті бір-бірімен әрекеттесе отырып, жүзеге асады. Макаренко: «Оқушының ойын арқылы қалыптастырылған білімі келешекте өз өмірінде жаңа бастама көтеруіне бағытталады», - деп тұжырым жасаған.

Оқушыларының негізгі әрекеті – оқу, қарым-қатынас, ойын болса, бұлардың өздерінің атқаратын функциялары болады. Мұғалім ең алдымен дидактикалық ойындар әдістемесіне назар аудару керек. Г.А.Кулагина дидактикалық ойын кезіндегі таным дәстүрлі оқытуға ұқсамайтын сындарлы оқытуға бағытталып өзіндік формаға ие болатындығын анықтаған. Демек, ойын қарқыны оқушыны жылдам және шапшаң ойлай білуге үйретеді. Ізденгіштік дидактикалық ойындар репродуктивті және жартылай ізденгіштік дидактикалық ойындардан тұрады. Іс – әрекет әр кезеңді қамтиды. Жаңа материалды бекіту кезінде қолданылатын дидактикалық ойындардың мақсаты жаңа нәрсені түсіндіруді нақтыландырады және үй тапсырмасын орындау кезінде неге назар аудару қажеттігін көрсетеді. Қайталау кезінде оқушылар өздерінің алдыңғы сабақта алған білімдерін қолдана отырып, нені білді? қандай ақпарат тиімді болды? – деген сұрақтардың жауабын табады. Демек, мақсатқа бағытталған дидактикалық ойындар оқушының танымдық деңгейін арттырып, өздігінен жұмыс жасауына ықпалын тигізеді. Дидактикалық ойындарды зерттеушілердің көзқарастары бойынша жіктеп сабақта пайдалануға болады деген тұжырым жасауға болады. Дидактикалық ойындар – сыныпта жүргізілетін ойындардың ең белсенді қызықты түрі. Арнайы мақсатқа негізделі отырып шығармашылық қабілетін дамытады [1]. Дидактикалық ойынның мақсаты оқушылардың білім, білік, дағдыларын жетілдіреді, алынған ақпаратты сараптауда білгенін түсінгенін шығармашылық бағытта қолдана отырып, білімдерін бекітеді.

Қазіргі таңда оқушылардан талап етілетін қағида мектепте алған білімдерін өмірде қолдана білу. Міне, білім, білік дағдылардың ұштастырылатын тұсы да осы кезеңдерде. Кез келген мақсатқа негізделген сабақтағы мақсат сол сабақта алынған ақпараттарды өмірде өз мақсатына сай тиімді қолдану. Оқушыны ой тастата отырып, шығармашылыққа баулу да осы кезеңдерде жүзеге асуы қажет.


«Дидактикалық ойындардың жүзеге асырылуын қалай көруге болады?!» - деген ой тууы мүмкін. Бұл ойдың шешімін біз тәжірибе жұмыстары кезеңінде аңғардық. Кез келген сабақтың қай деңгейде өткендігін бағалау жүргізу арқылы көруге болады. Бағалау – оқытудың құрамдас бөлшегі болып саналады. Бағалау арқылы кез келген оқушы білімінің деңгейін, сапасын, нәтижесін байқауға болады [2]. Дидактикалық ойындарды қолдану арқылы оқушылар жаңа білімді қабылдайды, бұрын алған білімдерін толықтыру арқылы жетілдіріп жүйеге келтіреді. Бағалаудың нәтижесінде мұғалім бастауыш сынып оқушыларының білім деңгейінің қай сатыда тұрғандығын анықтай алады. Бұрынғы дәстүрлі бағалауда оқушыны оқытудың нәтижесінде нақтылық жоқ болатын. Қойылған баға қандай мақсатта қойылғанын түсінбейтін. Қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны бойынша салыстыратын болсақ, әрбір тапсырманың орындалу сатысы нақты көрсетіліп, оқушы қандай бағытта жұмыс жасайтындығын біледі, түсінеді, жүзеге асырады. Оқушы тапсырма орындауда дескрипторға қарай отырып, өз бетінше бағытталады. Оқушыға тапсырманың орындалу сатысы беріліп белгілі бағалау критерийі арқылы өз білімінің қандай сатыда тұрғанын анықтай алады. Оқушыладың шығармашылық қабілеттерін дидактикалық ойындар арқылы дамытуда оқу үрдісінің әр кезеңінде оқушының дайындық деңгейі анықталады. Оқушының бағалау алгоритмі алдын ала анықталып, кез келген ақпаратты қабылдауда алған білімдерін қолдану арқылы өз ойларын еркін жеткізе отырып, сын тұрғысынан ойлауға бағытталады.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дидактикалық ойындар арқылы дамытуды қалай жүзеге асыруға болады? - деген сұрақ алғашқы зерттеу жүргізу барысында туындаған болатын. Дидактикалық ойындарды сабақта пайдалану – оқушылардың ойлау әрекетіне септігін тигізеді. Дидактикалық ойындардың оқушының шығармашылық қабілетін дамытуына септігін тигізе отырып, әрі қарай дамуына ықпал етеді. Шығармашылыққа бағытталатын оқушы басқа оқушыға қарағанда метатанымдық сауаты жоғары болады. Демек, ойлау қабілеті шығармашылыққа бағыттауда ерекше рөл атқарады. Дидактикалық ойындар сабақтың әр кезеңінде жүзеге асады. Шығармашылық үдеріс бастауыш сынып оқушыларының ішінен өзіндік ойлау мен өзіндік көзқарасын дамыту арқылы жүзеге асады.

Шығармашылық қабілет – балалар креативтілігінің жоғарғы сатысы [3]. Зерттеулерге сүйенсек, шығармашылығы шыңдалған оқушының бойынан біз төмендегі қасиетті аңғарамыз:

- Мағынаны жылдам түсінеді;
- Жауабы ұтымды болады;
- Өз ойын еркін ашық түрде жеткізе алады.

Біз жоғарыдағы көрсетілген ақпараттарды негізге ала отырып оның шешімін таптық. Тәжірибе барысында қолданамыз.



Түрткі болу сұрағы	<ul style="list-style-type: none"> • Жауап алу үшін қолданылады. • Оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін.
Сынақтан өткізу сұрағы	<ul style="list-style-type: none"> • Өз ойларын анық білдіруге бағытталған. • Өз идеяларын дамытуға бағытталған
Басқаға бағыттау сұрағы	<ul style="list-style-type: none"> • Білімге деген құштарлықты дамытады. • Сын тұрғысынан ойлауына ықпал етеді.

Сурет 1. Сұрақтардың жіктелуі

Дидактикалық ойындар – оқушылардың танымдық ой белсенділігін арттырады. Танымдық ой белсенділігі ойлау әрекетінің дағдылары арқылы жүзеге асып, тікелей шығармашылыққа бағытталады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дидактикалық ойындар арқылы дамытуда сұрақтар технологиясының әсері зор. «Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Сұрақ дұрыс қойылған жағдайда ғана оқытудың тиімді құралына айналмақ. Оқушылардың меңгерілетін тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін әр мұғалім сұрақ қоюдың тәсілін меңгеру керек. Төмен дәрежелі сұрақ және жоғары дәрежелі сұрақ деп екіге бөлінеді [4]. Зерттеулерге сүйенсек сұрақтардың түрлері төмендегідей жіктелетіндігін аңғардық.

Енді, бұл сұрақтардың бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дидактикалық ойындар арқылы дамытуына қандай әсері бар? – деген ой туындауы мүмкін. Себебі, шығармашылыққа бағытталған оқушы :

- ✓ Білімге деген құштарлықты дамытады, зерттеу жүргізуге ынталанады.
- ✓ Сұрақ қою арқылы негізгі ойды табады. Мағынаны түсінеді.
- ✓ Сұрақ қою арқылы мәселені шешуге бағытталады. Шешімін шығарады.
- ✓ Сұрақ қою арқылы сын тұрғысынан ойлауға бағытталады. Өз идеяларын дамытады.

Дидактикалық ойындарды қолдану кезінде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда төмендегі нұсқаулық басшылыққа алынады:

- ❖ Мұғалім тапсырмалар мазмұнын құрайтын оқу мақсатын түсіну керек;
- ❖ Оқу мақсаттары мен сол мақсаттарға жету үшін әдістерді оқыту құралы ретінде пайдалана отырып, тапсырмалар жүйесін дидактикалық ойындармен ағастыра отырып құрастыру, құрастырылған тапсырманың әрбіреуіне талдау жүргізу керек;
- ❖ Тапсырмалар оқушының түсінуі мен ұғынуына мүмкіндік беретіндей болуы қажет.

- использует стратегии чтения, включая исследовательское, комментированное, выборочное чтение с пометками, чтение с целью извлечения специальной информации, аналитическое чтение, чтение с определенной целью;
- извлекает необходимую информацию из различных источников, анализируя и синтезируя ее;
- сравнивает структурные, лингвистические и стилистические особенности текстов социально-бытовой, социально-культурной и учебно-познавательной сфер общения;
- оценивает текст с точки зрения актуальности и ценности информации, различая факт и мнение.

Основным приёмом, обеспечивающим развитие навыка чтения, является многократное обращение к тексту, перечитывание его каждый раз с новым заданием. Вот тогда-то учащийся открывает в нём что-то новое, чего не заметил при первом чтении.

Чтение в жизни каждого культурного человека, занимает важное место. Современный читатель в условиях господства телевидения, радио и кино, не потерял интерес к чтению книг, способных обогатить внутренний мир человека, дать знания о жизни и окружающем мире, развить самостоятельность мышления и доставить читателю художественное наслаждение. Не только в школе, но и дома, в семье, мы учим детей любить книги. Наверное, нет родителей, которые не хотели бы научить детей быстро и выразительно читать, привить интерес к чтению, ибо роль книги в жизни огромна. Хорошая книга - и воспитатель, и учитель, и друг.

Все вышесказанное подчеркивает необходимость систематической и целенаправленной работы над развитием и совершенствованием навыка чтения. Формирование качественного навыка чтения у младших школьников является одним из основных задач начальной школы.

В целях реализации этих задач нами были написаны методические рекомендации «Формирование читательской грамотности в начальной школе», в которой дан мой опыт учителя русского языка в школе-лицей №101 города Караганды.

Список литературы:

1. Андреев О. А., Хромов Л. Н. Техника быстрого чтения. Москва, «Прометей». 1990 г.

2. Узорова О. В., Нефёдова Е. А. Практическое пособие для обучения детей чтению. ЗАО «Премьера»ГИППВ. 1999 г.
3. Кузнецов О. А., Хромов Л. Н. Техника быстрого чтения. Москва. Книга. 1983 г.
4. Юшкова Л. М. Совершенствование техники чтения. Журнал Начальная школа. 1989 г. №5.
5. Фролова В.Д. Развитие интереса к чтению. // Журнал Начальная школа. 1989. №12. С. 27-31.

ӘОЖ 004:37.02

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР

Утегенова М.Е., Алдиярова Г.Б.

«Мәлік Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, Қазақстан

Қазіргі заманғы білім беру трендтерінде білім беру мазмұнының өзгеруіне әсер ететін негізгі фактілерді белгілеу қажет. Біріншіден, бұл білім беру парадигмасының негізі болып табылатын оқытудың жаңа шарттары мен белсенді әдістерін жасау. Екіншіден, қоғам тарапынан өз білімін үздіксіз жаңартуға, жылдам қайта оқытуға, өзін-өзі дайындауға және тез өзгеретін әлемде табысты өмір сүру үшін өз қабілеттерін қолдану саласын ауыстыруға қабілетті сыни ойлайтын және функционалдық сауатты тұлғаны дайындауға қойылатын талаптар артып келеді.

Мақсаты: Заманауи білім берудегі жаңа трендтерді қарастыру – бұл Smart-оқыту, білім беру технологиясы – STEAM арқылы білім беру процесінде мобильді құрылғыларды қолдану.

Міндеттері:

1. Білім берудегі заманауи трендтерді меңгеру.
2. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін білім беру ұйымдарының күш-жігерін біріктіру жолымен тәрбиелеу мен оқытудың ұлттық жүйесін дамыту.

Спортта, сәнде, экономика мен білім беруде трендтер бар. Білім берудегі трендтер-бұл оның өзгеруінің үрдістері. Соңғы онжылдықта білім беру жүйесінде оқытудың сапасын және оның нәтижелерін жақсарту мақсатында оқытудың педагогикалық инновациялары мен компьютерлік әдіснамаларын белсенді енгізу жүргізілуде. Құрылған оқыту материалын ұсынудың жаңа формалары, оқытудың жаңа құралдарымен жұмыс істеу әдістемесі және оқытудың компьютерлік технологиялары арқылы оқушылардың өзіндік танымдық қызметін басқару тәсілдері ең үлкен нәтижелерге қол жеткізуге, оқушылардың белсенділігін және барлық оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар әлемінде смарт-құрылғылар мен мобильді қосымшалардың өсіп келе жатқан секторына ерекше назар аударылуда. Қазіргі заманғы нарықты талдауда планшеттер мен смартфондар таяу болашақта дамудың ең перспективалы бағыттарының бірі болып табылатынын анықтады. Смартфондар, ұялы телефондар, планшеттер және басқа да ақылды құрылғылар оқытуға көмектесе ала ма? Smart-оқыту - мультимедиа формасындағы бағдарламалық қамтамасыз ету мен контентті онлайн бөлудің бірігуінен тұратын оқытудың бірінші тренді. Қазіргі заманғы Smart-оқытудың негізгі аспектілері-гаджеттерді, ашық білім беру ресурстарын, басқару жүйелерін пайдалана отырып, оқытудың икемді және ашық ортасын құру.

Smart-оқытудың басты мақсаты-XXI ғасырдың қазіргі қоғамындағы білім мен дағдыларды дамыту есебінен бәсекеге қабілетті білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін орта құру: ынтымақтастық, коммуникация, әлеуметтік жауапкершілік, мәселелерді сыни тұрғыдан ойлау, жедел және мәселелерді сапалы шешу. Интеграцияланған зияткерлік білім беру ортасын дамыту қажеттілігі Smart-технологиялардың жеткілікті даму деңгейіне және олардың күнделікті өмірге ену қарқындылығына негізделеді.

Сынып бөлмесінен тыс оқыту – үшінші тренд. Бұл зерттеу, практикада білімді қолдануды қамтитын қызмет арқылы оқыту форматы. Мұндай оқыту ойын, квест, геокешинг, фото аулау, жорық, көшпелі лагерь түрінде өтеді. Бұл ретте оқушыларды тарихқа, мәдениетке, табиғатқа «батыру» жүреді, өйткені олардың алдына белгілі бір міндеттер қойылып, пайда болады.

Заманауи білім берудің төртінші тренді-бұл әлеуметтік медиа. Facebook әлеуметтік сервисі, Google сервистері мен құралдары, Wiki веб-сайты, Интернет желісінде дыбыстық файлдарды немесе бейнелерді тарату үшін покдастар, блогтар, Youtube видеохостингі, бұлтты технологиялар-осының бәрін оқытуда қолдануға болады және қолдану қажет. Мысалы, блогтарға мұғалім мен оқушылар арасындағы кері байланыс құралы ретінде білім алуға жақсы кіреді. Youtube-та бейнелерді көруге және орнатуға болады. Google сервистерінің көмегімен оқу үдерісін икемді және қызықты етуге болады.

Білім беру ойындарын оқытуға енгізу қазіргі заманның бесінші тренді болып табылады. Әр түрлі оқу салалары үшін маңызды білім беру ойындары жасалады. Мысалы, климаттың өзгеру процесін имитациялайтын ойын, немесе экология мәселелерін шешу бойынша медициналық ойын, сияқты экономикалық ойындар бар «қалай өз бизнесін ашу», немесе әлемдік дипломатия аренасында күресуге болатын ойындар.

Алтыншы тренд білім берудің тар саласын қозғайды, ол жаратылыстану ғылымдарын оқыту әдістемесімен (learning sciences) байланысты. Мұғалім негізгі тұжырымдамалар мен ұғымдарды назардан тыс қалдырмауы тиіс, бірақ та оқушылар нақты проблемалық жағдайлармен жұмыс істеу керек.

Егер де біз оқушыларымызды мектептен кейінгі өмірге даярлайтын болсақ, онда біз олардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналатын құралдарды пайдалануға мүмкіндік беруге тиіспіз. Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының АКТ құзыреттілігін дамыту оларды цифрлық әлемге дайындау үшін, олардың оқу және кәсіби өсуі үшін өте маңызды [4]. АКТ бойынша білім беруге сақтықпен қарау және оқушылардың технологияны қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалануын қамтамасыз ету маңызды. Оларға АКТ дағдыларының берік негізін бере отырып және жауапты цифрлық азаматтықты алға жылжыту арқылы біз оларды цифрлық дәуірдің қиындықтары мен мүмкіндіктеріне дайындай аламыз. Технологияларды қолдана отырып және инновацияларға ашық бола отырып, мұғалімдер өз оқушыларына сенімді және сауатты цифрлық азаматтар болуға мүмкіндік береді.

Шеберлік сынып үлгісі:

2. Видео көрсету (сабақ үдерісіндегі оқушылармен жұмысты көрсету): «Кэрролл диаграммасы», «Kahoot» әдісі. «Пликерс» әдісі.

3. Тәжірибелік тапсырмалар: - Тренинг: «Кубизм» әдісі

1. Сіз сабақта қандай әдістерді қолданасыз? Соның ішінен 1-2 әдісті айтып кетсеңіз. Какие методы вы используете в классе? Поделитесь 1-2 методами.

2. Білім беру трендтерін қалай түсінесіз? Как вы понимаете что такое образовательные тренды?

3. Сабақ үрдісінде функционалды сауаттылықты дамытуды қалай жүзеге асырып жүрсіз? Как вы осуществляете развитие функциональной грамотности в процессе занятий?

4. Оқу сауаттылығы мектебіңізде қалай жүзеге асуда? Как читательская грамотность реализуется в вашей школе?

5. Математика сауаттылығын дамытуда қандай тапсырмалар тиімді деп ойлайсыз? Какие задачи, по вашему мнению, наиболее эффективны в развитии математической грамотности?

6. Білім беруде сіздің басты мақсатыңыз қандай? Какова ваша главная цель в образовании? - Топқа бөлу: «QR-код» арқылы - Кэрролл диаграммасы» бойынша аудиториямен жұмыс.

- «Kahoot» әдісі бойынша аудиториямен жұмыс.

- «Пликерс» әдісі бойынша аудиториямен жұмыс. Рефлексия: «Екі жұлдыз, бір тілек» Телефонмен хабарласу, лототроннан номер алып хабарласу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Smart-технологиялар: Кәсіби құзыретті педагогтен табысты білім алушыға / әдістемелік құрал.- Ақтөбе 2019. 2.

2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. — 2011. — № 4. — 25 б.

3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

4. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011.«Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. №2. 2013.—26 б.

ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС – ОҚУ ӘРЕКЕТІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Ұзақбай М.Ә., Иманова Г.А.

«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, Қазақстан

Оқыту үрдісінде оқушылардың өз бетінше жұмыс жүргізу әрекеттерін жетілдіру – жалпы білім беретін мектептердің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Әрине мәселелер теориялық және практикалық шешімдерді талап етеді. Өзіндік жұмыс – оқушының ойлау қабілетін, ақыл-ой және іс-тәжірибесінен туындайтын оқу, тану әрекеті.

Л.В.Занков «Бастауыш оқыту жүйесі» тақырыбындағы арнайы курста бастауыш сынып оқушыларына оқыту үрдісін ұйымдастыру мен оқушы дамуының арасындағы өзара байланысты тереңірек түсіндіріп, даму механизмдерін, оның ішінде оқытудағы өз бетімен жұмыстың жетекші ролін көрсетті. Ол: ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері өз бетімен жұмыс істеуді іске асырады, - деп есептейді. Олар: байқампаздық, өз ойын еркін жеткізе білу, практикалық іс-әрекеттерді атқара білуі .

Бастауыш сынып оқушыларының өз бетінше жұмысының маңызын толығырақ түсіну үшін оның атқаратын негізгі міндеттерін атайық.

Олар:

- оқушылардың дербестік қасиетін мейлінше арттыру;
- олардың алған білімінің саналылығы мен біліктілігін қамтамасыз ету;
- оқушыларда оқуға деген біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- оқушылардың таным, ақыл-ой қабілеттерін дамыту;
- оқушыларды сыныптағы тыс және мектептен тыс өз бетінше білім алуға әзірлеу;
- оқушылардың оқуға ынтасын арттырып, үлгермеушілікті болдырмауға әсер етуі;
- үздіксіз білім алуды қамтамасыз ету.

Өз бетінше жұмыстың кез-келген түрінде оқушылар ғылыми ұғымдар мен түсініктерді меңгере отырып, оқушылардың өздері де дамиды, жеке тұлғаның негізгі психологиялық үрдістері мен қасиеттері қалыптасады. Өз бетінше жұмыс бала психикасының дамуының біртұтастығын және осы уақытқа дейін оқыту тәжірибесінде қолданылып жүрген айналадағы дүниенің заттары мен құбылыстарын тек сырттай қарап қабылдап, үстіртін танумен шектелетін таным әдісі шеңберінде қалмай, олардың арасындағы байланысты, тәуелдікті, заңдылықтарды оқушының өзі алып түсінуіне жол ашады. Оқушыда заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін дұрыс, дәл анықтау, талдау, нақты дәлелдемелерді дұрыс іріктеп алу, т.б. біліктердің қалыптасып дамуын қамтамасыз етеді.

Бастауыш сыныптарда өз бетінше жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай – бұл оқушылардың өзіндік жас ерекшеліктерін ескеру. Өйткені, бұл жастағы балалардың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестеу, шығармашылық жұмысқа талпынысы басым болады. Сол себепті де тиімді түрде ұйымдастыра білген жұмыстың мұғалімге берер маңызы зор, - деп атай келе, өз бетінше жұмыс түрлеріне қатысты материалдарды саралау негізінде белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсетін жұмыстарды негізгі үш түрге ажыратуға болады. Олар: логикалық дамытушы; тапсырманы үлгі бойынша түрлендіру; шығармашылық бағыттағы жұмыстар [2.39].

Оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауы, өздігінен еңбектенуі оқу үрдісінде жүзеге асады. Оқу үрдісіндегі өз бетінше жұмыс деп – белгілі уақыт ішінде ғана алға қойған дидактикалық мақсатты орындауға бағытталған білімді іздеу, оны ұғыну, бекіту, білік және дағдыны қалыптастыру және дамыту, білімді жүйелеу және талдап қорытуды айтамыз.

- оқушылардың оқуға ынтасын арттырып, үлгермеушілікті болдырмауға әсер етуі;
- үздіксіз білім алуды қамтамасыз ету.

Өз бетінше жұмыстың кез-келген түрінде оқушылар ғылыми ұғымдар мен түсініктерді меңгере отырып, оқушылардың өздері де дамиды, жеке тұлғаның негізгі психологиялық үрдістері мен қасиеттері қалыптасады. Өз бетінше жұмыс бала психикасының дамуының біртұтастығын және осы уақытқа дейін оқыту тәжірибесінде қолданылып жүрген айналадағы дүниенің заттары мен құбылыстарын тек сырттай қарап қабылдап, үстіртін танумен шектелетін таным әдісі шеңберінде қалмай, олардың арасындағы байланысты, тәуелдікті, заңдылықтарды оқушының өзі алып түсінуіне

жол ашады. Оқушыда заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін дұрыс, дәл анықтау, талдау, нақты дәлелдемелерді дұрыс іріктеп алу, т.б. біліктердің қалыптасып дамуын қамтамасыз етеді.

Бастауыш сыныптарда өз бетінше жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай – бұл оқушылардың өзіндік жас ерекшеліктерін ескеру. Өйткені, бұл жастағы балалардың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестеу, шығармашылық жұмысқа талпынысы басым болады. Сол себепті де тиімді түрде ұйымдастыра білген жұмыстың мұғалімге берер маңызы зор, - деп атай келе, өз бетінше жұмыс түрлеріне қатысты материалдарды саралау негізінде белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсетін жұмыстарды негізгі үш түрге ажыратуға болады. Олар: логикалық дамытушы; тапсырманы үлгі бойынша түрлендіру; шығармашылық бағыттағы жұмыстар [3.39].

Оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауы, өздігінен еңбектенуі оқу үрдісінде жүзеге асады. Оқу үрдісіндегі өз бетінше жұмыс деп – белгілі уақыт ішінде ғана алға қойған дидактикалық мақсатты орындауға бағытталған білімді іздеу, оны ұғыну, бекіту, білік және дағдыны қалыптастыру және дамыту, білімді жүйелеу және талдап қорытуды айтамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жанбөбекова М. Бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін қалыптастыру мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2005. №5
2. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1982
3. Кенжеғұлова А. Авторлық ана тілі оқулықтары. -Ақтөбе, 2003

ӘОЖ 37.02:372.4

ДИДАКТИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Хасенова А.И., Абдикаримова А.О.

Педагогический колледж Международного университета, г.Астана, Казахстан

Обновление дидактики в начальном образовании является крайне важным, поскольку оно направлено на адаптацию учебного процесса к современным вызовам и требованиям общества. Обновленная дидактика способствует более гибкому и индивидуализированному обучению, развивает критическое мышление и предоставляет учащимся навыки, необходимые для успешной адаптации в современном обществе.

Проблематика исследования заключается в том, что старые методы обучения могут быть устаревшими и неспособными полноценно учитывать технологический прогресс, разнообразие культур, а также индивидуальные потребности и способности учащихся. В связи с этим важно рассмотреть, какие изменения в образовательных стратегиях могут наилучшим образом подготовить детей к современной динамичной среде, содействуя их успешной адаптации и развитию ключевых компетенций.

Проблема обновления дидактики в начальном образовании актуальна во многих странах, включая Казахстан, и стала более явной в последние десятилетия. В условиях быстрого технологического развития и изменяющегося общественного контекста, традиционные методы обучения могут стать недостаточными для полноценной подготовки учащихся. В Казахстане наблюдается стремление к адаптации образовательных методов к современным вызовам, включая разработку новых подходов к обучению, интеграцию современных технологий и учет потребностей разнообразных групп учащихся. Однако, несмотря на некоторые усилия в этом направлении, существуют такие препятствия, как недостаточная подготовка педагогов, неоднородность в доступе к современным образовательным ресурсам и необходимость более системного внедрения инноваций в образовательный процесс [3,26].

Системный подход позволил детально рассмотреть образовательную систему начального образования в Казахстане. С помощью этого научного подхода дидактические теории, стратегии обучения и система начального образования были изучены с точки зрения комплексных взаимосвязей, где каждый элемент влияет на общий результат. Исследование дидактических теорий с системной точки зрения позволило выявить теоретические основы и подходы, используемые в образовательной системе Казахстана.

В ходе исследования был проведен опрос. Выборка состояла из 71 человека, среди которых было 12 учителей младших классов, все они были женщинами, средний возраст – 43,8 лет, 26 родителей учеников младших классов из которых 17 – женщины, 9 – мужчины, средний возраст – 32,1 года, и 33 учеников младших классов, среди которых 15 – девочки, 18 – мальчики, средний возраст детей составил 7,6 лет. Каждой из групп респондентов были заданы вопросы согласно приведенных ниже категорий. Респонденты должны были дать оценку согласно предложенным утверждениям, однако также имели возможность дать расширенный ответ и предоставить собственные мысли и предложения касательно учебного процесса.

Вопросы для учителей младших классов:

1. Каков уровень вашей удовлетворенности текущей системой образования в младших классах, где 1 – очень неудовлетворен(а), 5 – очень удовлетворен(а)?
2. На сколько часто вы используете современные образовательные технологии в своей практике, где 1 – редко, 5 – постоянно?
3. Оцените эффективность внедрения дополнительных педагогических методик для поддержки разнообразных стилей обучения, где 1 – неэффективно, 5 – очень эффективно.

Вопросы для родителей учеников младших классов:

1. На сколько вы удовлетворены текущей образовательной средой вашего ребенка, где 1 – очень неудовлетворен(а), 5 – очень удовлетворен(а)?
2. Как бы вы оценили необходимость изменений в учебной программе начальной школы вашего ребенка, где 1 – необходимы кардинальные изменения, 5 – все отлично?
3. Оцените влияние современных технологий на образование вашего ребенка, где 1 – негативное влияние, 5 – положительное влияние.

Вопросы для учеников младших классов:

1. На сколько вам нравится учиться в школе, где 1 – совсем не нравится, 5 – очень нравится?
2. На сколько некоторые уроки вам кажутся сложными, где 1 – все очень сложные, 5 – все уроки очень легкие?
3. Если бы вы могли выбирать, что бы вы хотели узнать или как бы вы хотели учиться в школе, где 1 – предпочел бы не учиться вовсе, 5 – был бы очень заинтересован.

С помощью метода синтеза полученная в ходе исследования информация была объединена, что позволило сформулировать конкретные рекомендации по улучшению дидактики начального образования.

В начальных школах Казахстана учебный процесс организован в соответствии с государственными стандартами. Цель начального образования – формирование образовательного пространства для гармоничного развития личности учащихся, включая развитие знаний, критического мышления, исследовательских навыков и работу с информационно-коммуникационными технологиями, а также развитие языковых и коммуникативных навыков.

Система образования в Казахстане обладает несколькими сильными сторонами. Прежде всего, она предлагает разнообразные предметы, охватывающие различные образовательные области, такие как язык и литература, математика, естествознание, общество, технология и искусство, а также физическая культура, что обеспечивает комплексное развитие учащихся и дает возможность выбирать свои сильные стороны. Система четко определяет ожидаемые результаты обучения для каждой образовательной области и предмета. Такой подход помогает стандартизировать образовательный процесс и предоставляет ясные цели для учащихся, учителей и родителей.

Тем не менее у настоящей системы образования также есть свои слабые места. Стандартизация, хотя и полезна для обеспечения качества образования, может привести к упущению индивидуальных потребностей учащихся. Система оценок и экзаменов может вызывать высокий уровень стресса. Недостаточное внимание уделяется развитию критического мышления и решению проблем, а некоторые аспекты учебных программ могут быть слишком теоретическими, не обеспечивая достаточного взаимодействия с реальными вызовами. Также стоит отметить недостаточное развитие сферы ИКТ (информационно-коммуникационных технологий) в образовательной системе. Образовательный опыт не всегда полноценно обогащается за счет применения современных технологий из-за ограниченного доступа к ним, что сокращает возможности учащихся в получении разносторонних знаний и эффективном развитии цифровых навыков, так как некоторые образовательные учреждения и педагоги не всегда обладают достаточной компетентностью и ресурсами для полноценного использования ИКТ в обучении. Для успешной реализации современного образовательного процесса также требуется постоянное обновление кадров и методик.

Опрос, проведенный среди различных участников образовательного процесса, был призван выявить их мнения и предложения относительно текущего состояния начального образования в Республике Казахстан. В результате, были получены разносторонние ответы, отражающие специфику восприятия образования разными группами участников. Например, результаты опроса учителей начальных классов.

В ходе опроса учителей младших классов были выявлены актуальные показатели их восприятия образовательной среды. В среднем, уровень удовлетворенности системой образования был оценен как относительно высокий – 3,8 балла из 5 возможных, а большинство учителей (7 из 12) выразили удовлетворенность оценкой 4 и выше, что свидетельствует о достаточно положительном общем восприятии текущей образовательной системы. Учителя в среднем оценили использование современных технологий на уровне 3,7 балла, что указывает на умеренное использование технологий в учебном процессе, хотя некоторые учителя оценили этот аспект крайне положительно, что может указывать на разность доступа к современным технологиям в разных школах и даже классах в рамках одних образовательных учреждений. Оценки учителей по эффективности дополнительных методик составили в среднем 4 балла, что указывает на тот факт, что учителя в целом считают дополнительные методики довольно эффективными в поддержке разнообразных стилей обучения учащихся. (рисунок 1).




Рисунок 1. Числовые показатели опроса учителей младших классов.

В открытых ответах также звучали предложения о дополнительных обучающих программах для более эффективного обучения определенным предметам, таким как математика. Одна из опрошенных учительниц высказала свое мнение о том, что система образования обеспечивает хороший базовый уровень, но нужны дополнительные средства для более интересного обучения. Другая учительница подчеркнула важность современных технологий, поскольку – отличный инструмент, но иногда педагогам не хватает специализированных программ для преподавания математики. Также было выражено мнение относительно дополнительных методик, поскольку они действительно помогают разнообразить обучение, особенно при работе с детьми, имеющими трудности.

Таким образом, учителя младших классов в целом положительно оценили имеющуюся образовательную систему. Они также активно используют технологии, и признают важность дополнительных методик для успешного обучения.

Обновление дидактики начального образования в Республике Казахстан рекомендуется реализовывать путем комплексной методологии, ориентированной на развитие различных аспектов обучения:

Интерактивные методы обучения;

Использование информационно-коммуникационных технологий;

Дифференцированный подход;

Развитие навыков критического мышления и творческой активности; Обучение социальным навыкам и гражданской ответственности;

Акцент на обучении в области STEM.

Проведенное исследование позволило сделать несколько важных заключений относительно современного состояния образования в начальных классах Республики Казахстан. Рассмотрение классических и современных дидактических подходов, а также разбор основных положений системы образования младшей школы РК продемонстрировало актуальность структурных изменений, особенно в интеграции современных педагогических подходов и технологий для обеспечения высококачественного образования, соответствующего требованиям современного общества.

Список литературы:

1. Abduxamidov S., Abduxamidova N. 2023. Effectiveness of using didactic games in primary education. *Pedagog republican scientific journal*, 6(2), 532-535. <https://bestpublication.org/index.php/pedg/article/download/3795/3650>
2. Appendix 1 to the order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348, 2022. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031#z20>
3. Kambatyrova A., Assylbekova B., Goodman B. 2022. Primary School English Language Education in Kazakhstan. Policy, Preparation, and Practice. In: Zein, S., Butler, Y. (eds.), *English for Young Learners in Asia. Challenges and Directions for Teacher Education*. London: Routledge. <https://www.taylorfrancis.com/chapters/edit/10.4324/9781003016977-4/primary-school-english-language-education-kazakhstan-assel-kambatyrova-bayan-assylbekova-bridget-goodman>
4. Karimov, G., Ishano, P., Sarzhanova G., Odintsova S., Abildina S. 2023. Digital transformation of knowledge and learning content in educating English language to primary school children. *International Journal of Knowledge and Learning*, 16(4), 374-394.

ӘОЖ 373.1

МӘДЕНИ-ТАРИХИ ДӘСТҮРЛЕР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Шаушекова Б.Қ., Ахамбаева Ж.Т., Асегова Ж.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

«Таза Қазақстан» шарасына бірнеше айдың ішінде 3 миллионға жуық азамат атсалысты. Жүздеген мың үйдің ауласы тазартылды, 1 миллион тоннадан астам қоқыс жиналды. Осындай игі шаралардың арқасында қоғамда жаңа мәдениет, жаңа қоғамдық этика орнығып келеді. Мұны туған елге деген сүйіспеншілік, жанашырлық деуге болады. Ұлттың жаңа сапасы осындай нақты шаралар арқылы қалыптасады. Бұл – уақытша науқан емес. Осы маңызды жоба жыл бойы жалғаса беруге тиіс. Себебі, шынын айтқанда, кейбір санасыз азаматтарымыз табиғатты, көшелерді әлі де ластап жатыр. Осындай адамдардың әрекетіне заң бойынша тосқауыл қою керек. Бір сөзбен, қоршаған ортаның тазалығы әркімнің күнделікті дағдысына айналуы қажет екендігі 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың жолдауында көрсетілген [1].

Сол себепті, өсіп келе жатқан ұрпақты мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, бастауыш сынып сабақтарында экологиялық сауаттылығын қалыптастыру оқушының болашақта жан-жақты дамуына, экологиялық мәдениетінің, адамгершілік қасиеттерінің, табиғатты қорғауға деген жауапкершіліктерін тәрбиелеуге септігін тигізеді. Экологиялық сауаттылықты қалыптастырудың мақсаты – оқушылардың табиғи ортаны тану, табиғатты қорғауға үйрету, оны сақтап қалуға жауапкершіліктерін арттыру. Экологиялық сауаттылықты оқу процесінде түрлі мәдени-тарихи дәстүрлер, әдет-ғұрыптар арқылы жас ұрпақтың бойына қалыптастыруға мүмкіндік бар.

Адамның экологиялық санасына тағы да оның табиғатты және қоршаған ортаны қорғау заңдылығын бұзғандармен өздік қалауы бойынша белсенді күрес жүргізудегі талпынысы немесе әрекеті жатады. Сондықтан да экологиялық сана қоғамдық санасының формасы ретінде маңызды қызмет атқарады.

Ағартушылық қызметі – ол балаларға табиғатты адамның өмір сүру ортасы ретінде және эстетикалық тұрғыдан жетілуіндегі оның маңызын түсінуге көмектеседі.

Дамытушылық қызметі – ол балаларды экологиялық құбылыстарды ұғыну, табиғат жағдайына талдау жасау, табиғатпен ақылға сиятындай орынды қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру үрдісінде жүзеге асады.

Тәрбиелік қызметі – ол балаларда табиғатқа адамгершілік және эстетикалық қарым-қатынасты қалыптастыруда көрініс береді. Олардағы ақиқат өмірдің ұлылығын және сұлулығын шаттана сезіну барысында бірлікте жүзеге асады. Бұл балаларда табиғатты қорғау әрекетін жандандыруға түрткі болады. Туған табиғатты терең білу, оған деген махаббат сезім, патриоттық сезімді байытады және нығайтады.

Ұйымдастырушылық қызметі – ол балаларда табиғатты қорғау әрекетін ынталандыруды көздейді.

Алдын-ала болжау қызметі – ол балаларда адамның табиғатқа жасаған қайсыбір әрекетінде мүмкін болатын зардаптарын немесе экологиялық үрдістерін бұзылу жағдайының неге алып келетінін, ол үшін қандай шараларды ұйымдастыру қажеттігін алдын ала болжай білу біліктілігін тәрбиелеуді немесе дамытуды көздейді [2].

Осы тұрғыдан экологиялық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі міндеттерін анықтай келсек:

- Бастауыш сынып оқушыларының бойында экологиялық ұғымдарды қалыптастырып, ой-өрісін дамыту.

- Оқушыларға табиғи ортаның адам өмірімен байланысты екенін, яғни өсімдіктер және жануарлар дүниесінің адамға қажет екендігін ұғындыру.

- Табиғаттың ластануы, адам денсаулығына әсер ететінін түсіндіріп, оқушылардың бойында табиғатты қорғауға, сақтауға және аялауға жауапкершіліктерін тудыру.

- Оқушылардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Осы міндеттерді жүзеге асыру арқылы оқушыларды табиғи ресурстарды дұрыс қолданып, табиғатты сақтай алатынымызды ұғындырып, олардың бойында жалпы экологиялық сауаттылықтың маңыздылығы қалыптасады.

Осы мәселе бойынша шетел ғалымдарының зерттеулеріне келетін болсақ, Джой А.Палмер өз еңбегінде экологиялық білім берудің қыр-сырын қарастырады. XX ғасырдың аяғында осы салада не болып жатқанын түсіндіріп, біз жиырма бірінші қадамға кірген кездегі экологиялық білімнің басымдықтары мен әлеуетінің аспектілерін қарастырады. Онда көптеген сілтемелер мен бастапқы материалдар, сондай-ақ экологиялық білім беру прогресіне әсер еткен барлық негізгі жаһандық бастамалар мен құжаттардың негізгі идеялары бар [3].

Педагог ғалымдар Ж.Ж.Руссо, Пестолоций, Дистерверг баланың табиғатпен қарым-қатынасын қалыптастыру арқылы білім беру, тәрбиелеу дүниетанымын орнықтыру заңдылықтарын негіздеді. Баланы жастайынан «Табиғатты сезіне білуге» тәрбиелеу туралы айта келіп, оның адамгершілігін, эстетикалық дамуындағы табиғаттың маңызын ашты. Ал жаратылыстың сұлу көріністері жыл мезгілдеріндегі жағымды құбылыстар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуге қазақ халқының көрнекті ағартушылары Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев өздерінің еңбектерінде жете көңіл бөліп, табиғатқа қамқорлық сезімінің ұлттық тәрбиеден бастау алатынына үлкен мән берді [4].

Осы тұрғыда балалардың бойында экологиялық сауаттылықтың түсініктерін қалыптастыру үшін оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, ертегілер, сонымен қатар салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптардың маңызы зор.

Қазіргі уақытта бастауыш мектеп оқушыларына экологиялық білім мен тәрбие беру жұмысында экскурсиялар, табиғаттағы және сыныптағы объектілерді бақылау, сабақтарда сияқты нысандар мен әдістер қолданылып жатыр. Әңгімелесу, экологиялық мәселелерді шешу, экологиялық жағдайларды талдау, ойындар; ал сыныптан тыс жұмыстарда – ертеңгіліктер, мерекелер, КВН, викториналар. Әрине, тәжірибеде қалыптасқан жұмыс тәжірибесінен бас тартудың қажеті жоқ, бірақ тек көрсетілген формалар мен әдістермен шектелуге болмайды. Қазіргі уақытта экологиялық білім мен тәрбие берудің әдістемесі жұмыстың жаңа әдістерімен, әдістерімен, формаларымен айтарлықтай байытылды [5].

Бастауыш сыныптарда көбіне сөздік әдістері, оның ішінде әңгіме әдісі оқушылардың адамгершілігіне әсер етеді, ой-пікірлердің, фактілердің, мысалдардың жеткіліктілігі болуы олардың бойында экологиялық ұғымдардың есте қалуына ықпал етеді. Сонымен қатар, көрнекілік әдістеріне келетін болсақ, алуан түрлі кесте, сызбалар, суреттер, техникалық құралдар арқылы бейнетаспаларды көрсету, олардың көру елестету сияқты сезім мүшелеріне әсер етіп, олардың бойында экологиялық түсініктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу процесінде экологиялық сауаттылықты қалыптастыруға байланысты жасалатын жұмыстарды айта келсек:

- Табиғат ортасын тануға байланысты сұрақ-жауап жүргізу. Мысалы, Айналамызды не қоршап жатыр? Табиғат дегеніміз не? Өсімдік дегеніміз не? Өсімдік тіршілік етуі үшін не қажет?

- Табиғатты білуге байланысты бейнетаспаларды көрсету.

- Табиғат нысандарын білуге байланысты әртүрлі карточкалармен жұмыс жүргізу. Мысалы, Өсімдіктер, Жануарлар, Құстар, Табиғат құбылыстары.

- Табиғатқа қамқорлық көрсетуге байланысты суреттермен жұмыс жүргізу.

- Табиғатты қорғауға байланысты әңгіме, ертегілер. Мысалы, Табиғат Ана, Табиғат ғажайыптары ертегілері.

- Табиғатты аялауға байланысты мақал-мәтелдер, нақыл сөздердің мағынасын ашу. Мысалы, Жауынмен жер көгереді, Батамен ел көгереді; Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.

- Табиғат нысандары жайлы өлең шумақтарын түсіну, жаттау. Мысалы, Жыл мезгілдеріне байланысты өлеңдер, Тау, Жерге байланысты өлең шумақтары.

- Табиғатты сақтауға байланысты кесте-сызбалармен жұмыс істеу.

- Табиғатқа қорғауға байланысты мәдени-тарихи дәстүрлер, халық ырымдарын түсіндіру.

- Экологиялық сауаттылықты қалыптастыруға байланысты экскурсиялар өткізу.

Оқытудың әр түрін (физикалық-сезімдік, эмоционалдык, бейнелі, сөздік-логикалық) пайдалану бастауыш сынып оқушысының қоршаған дүниені сырттан емес, іштей қабылдау қабілетін дамытуға, оны өзінің дүниетанымы арқылы зерттеуге ықпал етеді. 10 жасқа дейінгі бастауыш мектеп оқушылары «имидж жасаушылар» болып табылады. Сондықтан бастапқы экологияны бейнелерге сүйене отырып оқыту өте маңызды. Сөздік және логикалық ойлау элементтерімен қиялды ойлауды дамыту бүгінгі таңда білім мазмұнын ғана емес, оқытылатын пәннің әдістемесін де жаңартуды қажет етеді. Бұл білім беру уақытының көп бөлігін баланың қоршаған табиғатпен тікелей қарым-қатынасына арнаған жағдайда мүмкін болады: оны әлемге шығармашылық және эмоционалды-сезімдік қарым-қатынаста тәжірибе алу үшін практикалық зерттеу жұмыстарына тарту [6].

Осы тұрғыда бастауыш оқушыларында ең басында табиғат туралы түсініктерін сурет, картиналар көру, елестету, сезу арқылы қалыптастыруға болады. Осыдан оқушылардың бойында эмоционалды ойлау пайда болып, олардың табиғатты қорғауға, сақтауға жаңашырлық, адамгершілік, патриоттық сезімдері оянады.

Жалпы бастауыш сыныпта табиғат туралы түсініктер «Жаратылыстану» пәнінде, Ондағы Экология бойынша ұсынылатын тақырыптар: «Булану жылдамдығының буланатын сұйықтықтар түріне тәуелділігін зерттеу», «Электр энергиясының пайдасыз шығындарын анықтау», «Жарықтың ластануы және оның салдары», «Ауа ағындарының жылдамдығының жер бедерінің су алмасуына әсері», «Шудың адам ағзасына әсері», «Аэрозольдің ластану себептері және оның салдары», «Дыбыс жұтатын материалдарды, дыбыстық сүзгілерді жасау», «Табиғаттың радиациялық ластануы және радиациялық қауіпсіздік шаралары» [7].

1-ші сынып бойынша табиғат туралы түсініктер суретті тапсырмалар арқылы беріледі. Мысалы, Суретке қарап сұрақ қою, олар сұраққа жауап беру арқылы түсініктері қалыптасады: Су қандай? Гүлдер қандай? Ағаштар қандай? және тыңдау, қайталау сияқты тапсырмалар орындалады

Осы тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың бойында табиғат туралы алғашқы ұғымдар пайда болады.

2-ші сынып бойынша тапсырмалар табиғатты қорғау үшін алдымен ол туралы білу керек, сол себепті тапсырмалар табиғат туралы түсініктерді қалыптастыруға байланысты. Мысалы, Табиғатты зерттеу әдісі бақылау әдісін білу, және тек бақылау арқылы ғана зерттемей тәжірибе жасау. Себебі табиғатты бақылау арқылы зерттеу жеткіліксіз. Қоршаған ортаны түсінуге тәжірибе жақсы көмектеседі. Жанды табиғат және олардың топтастырылуы, Табиғат ресурстары қандай болады? Ауаның қандай қасиеттері және неліктен ауаны қорғау қажет екендігі туралы түсініктер қалыптасады [8].

3-сынып бойынша тапсырмаларға келетін болсақ: болжам жасауды; ақпарат іздеп табу; бақылау мен эксперимент жүргізуді үйренеді. Ондағы негізгі тақырыптар: Өсімдік тіршілігіне жылудың, судың әсері, Өсімдіктерді қорғау туралы, Өсімдіктер мен жануарлардың өзара байланысы [9].

4-ші сынып бойынша тапсырмалар: Зертте, Жедел жауап, Сипатта, Жікте, Модель жаса, Түсіндір, Анықта, Суретпен жұмыс, Сызба бойынша жұмыс. Оқушы осы тапсырмаларды орындай отырып, олардың бойында талдап, зерттеп, өз бетінше шешім қабылдау, іскерлік, дағдылары пайда болады. Өтетін тақырыптарға келетін болсақ, Табиғат физикасы, Заттар және олардың қасиеттері, Табиғат ресурстары [10].

Қорыта келгенде, экологиялық сауаттылық оқытудың құрамдас бөлігі ретінде оқу-тәрбие процесі арқылы оқушылардың бойында қалыптасады. Бастауыш сынып оқушылары ең алдымен экологиялық ұғымдарды, олардың жұмбақ сырларын түсініп алуы қажет. Бұл үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жасау қажет. Осының нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының бойында табиғат туралы түсініктері пайда болып, олардың іскерліктері, дағдылары қалыптасып, табиғатты сақтауға, қорғауға, аялауға деген сезімдері пайда болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Жолдауы – 2024 ж.

2. Б.Т.Баязова. Балаларды табиғатпен және экология негіздерімен таныстыру әдістемесі – 2011.
3. Дж.А. Палмер. 21 ғасырдағы экологиялық білім беру – 2011.
4. Б.Ф.Ильяшова, М.А. Жамангарина. «Балаларды табиғатпен және экология негіздерімен таныстыру әдістемесі» пәнінен оқу әдістемелік құралы. – 2016.
5. Г.Н. Аквилева, З.А.Клепинина. Бастауыш мектепте жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі – 2001.
6. Л.Н. Ердаков. Экология для начального обучения. Новосибирск – 1997.
7. «2024-2025 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат.
8. Ж.Т.Сүйіндікова, В.Н.Зворыгина, Н.А.Болтушенко, Т.В.Помогайко, О.А.Лауто, Т.Л.Яндулов. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-сынып оқушыларына арналған Жаратылыстану оқулығы – 2022.
9. Т.А. Андриянова, В.Н.Беркало, Н.Ш.Жакупова. Жалпы білім беретін 3-ші сынып оқушыларына арналған Жаратылыстану оқулығы – 2018.
10. П.К.Бигазина, А.Ж.Жаманкулова, Э.А.Кажекенова. Жалпы білім беретін 4-ші сынып оқушыларына арналған Жаратылыстану оқулығы – 2019.

ӘОЖ 374.3

БРЕГЕЙЛІГІМІЗ - ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙТІН ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Шаушекова Б.Қ., Нұржауова М., Махмет Н.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті. Қарағанды қ., Қазақстан

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөзінде, «Ата-бабадан қалған мәдени-мұраны заман талабына сай жаңғыртып, әлемге насихаттау қажет» деп ұлттық құндылықтарды дәріптеуге шақырды [1].

Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы, ертеңі. Тәуелсіз еліміз қанатын кере жайып, ел мәдениеті өркендеген қазіргі заманда тек білімді жастар ғана ұлтымызды асқақтатып, елімізді көкке көтереді. Қоғамның негізгі өзегі – жастар.

Президент «Бүгінде бүкіл еліміз бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға жастарым белсенді атсалысуы керек. Сондай-ақ, «Жас сарбаз» қозғалысы негізінде әскери-патриоттық тәрбие беру ісін дамыту қажет. Үкіметке 2050 жылға дейінгі әскери-патриоттық тәрбие беру бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын» «Жас сарбаз» бастамасының үлгісімен еліміздегі волонтерлерді, әсіресе әлеуметтік жобалар саласындағы еріктілерді біріктіру қажет [1. 3 б.] деп атап көрсетті.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды [2].

Демек, қазіргі кездегі күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе қазақстандық патриотизм азаматтың, қоғамның, мемлекеттің ортақ күш-жігеріне келіп саяды. Қазақстан - өз Әнұраны, Елтаңбасы, туы, жері бар мемлекетіміз деген ұғым қоғамда түпкілікті қалыптасуы керек және оны сүйу, қорғау осы қоғамда өмір сүріп жатқан барша адамның міндеті болмақ.

Патриотизм ұғымдарына түсініктеме беретін болсақ, Қазақ кеңес энциклопедиясында «патриотизм» – дегеніміз (грек πατριότις – отандас, πατρίο – Отан, туған жер) отанға деген сүйіспеншілік. Бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды - деп көрсеткен [3. 25 б.].

Үлкен кеңес энциклопедиясында «социалистік қоғам азаматының патриотизмі өз Отанына, бүкіл социалистік елдер ынтымақтастығына берілгендік пен адалдықтан тұрады» - делінген [4. 48 б.].

Педагогикалық сөздікте «... патриотизм өз халқына, Отанға деген сүйіспеншілік ... пролетарлық интернационализммен берік байланысқан» - деп анықталған. Патриотизм – қоғамдық санадағы аса маңызды да күрделі түсініктердің бірі. Қоғам мүшелерінің өздері өмір сүріп отырған ортаға деген қарым – қатынасын реттейтін патриотизм ұғымын теориялық негіздеудің, зерттеудің өзіне тән тарихы, қалыптасуының үрдістері [5.98 б.].

«Патриот» сөзі (patriotes – жерлес, отандас) ежелгі грек жерінде пайда болғандықтан, оны алғашқы мағынасында сол антика ғұламалары Платон, Аристотель, Гераклит еңбектерінде пайдаланып, адам санасының туған елі мен жеріне деген құштарлық сезімін түсіндіруге қолданды [6. 102 б].

«Отан - от басынан басталады» дейді халық даналығы, демек, бала тәрбиесі - Отан мен ел мүддесі. Әрбір бала бір ғана отбасының ғана емес, күллі қоғамның келешегі, көктемі, бүршік атар гүлі екені жадымыздан әсте шықпағаны абзал.

1992 жылы 4 маусымда тұңғыш рет тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері бекітілді. Бұл жылдар ішінде біздің көк байрағымыз Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-пәтерінің алдында дүние жүзіндегі басқа мемлекеттер туларының арасында желбіреп тұрды. 2024 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарындағы жеңіске жеткен қазақстандық спортшылар құрметіне шырқалған әнұран көрініс тапты. Тұңғыш қазақстандық ғарышкерлермен бірге ғарышта болған мемлекеттік рәміздер еліміздің тарихының бір беттері.

Мемлекеттік рәміздер:

- еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігіміздің нышандарының бірі;

- ежелден еркіндік, бостандық және егемендік аңсаған ата-бабаларымыздың биік мұраты;

- еліміздің жастарын өз еліне деген терең сүйіспеншілік пен шынайы патриотизмге тәрбиелеу құралы;

- мемлекеттік рәміздерге деген құрмет өз еліңе жеріңе, тіліңе деген мақтаныш, оның рәміздеріне деген құрмет-деген ұғым қалыптастыру.

Болашақ ұрпақты жалпы адамзат құндылықтарын қастерлеумен қатар, өз еліне, ұлтына, тіліне, салт-дәстүріне деген отаншылдық сезімін тәрбиелеудің маңызы зор. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы бапта:

«Азаматтыққа және Отансүйгіштікке, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандарын құрметтеуді қалыптастыру, сондай-ақ олардың мәні мен маңызын түсіндіру мақсатында оларды оқыту жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарының негізгі жалпы білім беру, бағдарламаларына енгізіледі» - деп атап көрсетілген [7].

Тағы бір анықтамаға көз жүгіртсек, «Патриотизм ... (грек тілінен аударғанда - Отан) әдетте Отанға сүйіспеншілік деп аталатын, нақты бір әрекет бейнесінде және қоғамдық сезімдердің күрделі жиынтығында көрініс беретін, балаларының Отан - Анаға деген көзқарасын сипаттайтын қоғамдық және адамгершілік принцип», - деп көрсетілген [7. 56 б].

Қазақстандық патриотизмге өзінің Отанына, оның мәдениетіне, дәстүріне деген шексіз сүйіспеншілік, елінің жеткен жеңістеріне деген мақтаныш, өз мемлекетінің экономикалық және саяси қуатын арттыруға бағытталған әлеуметтік белсенділік, Отанын, оның бостандығын, тәуелсіздігін аянбай қорғауға даяр болу керек деген сөз.

Демек, патриотизм көпұлттылық және ұлттық бөліктерден тұрады. Ұлттық патриотизм әдетте адамдардың белгілі бір ұлтқа тән екендігімен, өз тілімен, мәдениетімен, сол аймаққа тән дәстүрлерімен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жағдайында барлық ұлттардың ортақ сана-сезімін қамтитын интернационализм идеясы мен ұлттық патриотизм идеясының біртұтастығы қажет. Оның темірқазығы - Қазақстанды осындағы барлық ұлттардың өз Отаным деп сезінуі болмақ.

Жалпы қазақстандық патриотизм дегеніміз - өзінді республика халқының ажырамас бөлігі, ортақ Отан ретінде Қазақстан Республикасына сүйіспеншілік сезімі мен берілгендік, азамат ретінде халық пен елдің мүддесін қорғайтын борышты сезіну болып табылады. Қазақстандық патриотизмге басқа алықтарға деген сыйластық, бүкіл адамзатты құрметтеу тұрғысынан қарау керек.

Олай болса, патриотизмнің өзегі - патриоттық тәрбиенің негізін дамытудың мәні жеке тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсететін және қалыптастыратын идеялық-адамгершілік, моральдық еріктілік, еңбек және дене сапаларын қалыптастыруда ішкі байланыстарды анықтау және саралау болып табылады.

Патриоттық тәрбиеде қолданылатын іс-әрекет түрлері тәрбие үдерісінің нақты мазмұнын анықтайды. Ондай іс-әрекеттерге оқу-танымдық, спорт-қорғаныс, ойын, еңбек, қоғамдық-саяси, көркемдік-эстетикалық іс-әрекеттерді жатқызуға болады.

Жастардың патриоттық рухын көтереді, нашарларға жан ашу, оларды қолдай білетін рахымшыл, көпшіл, қоғамшыл болуға үйретеді. Адамгершілік сананы мейлінше жоғары ұстаудың жақсы үлгілерін береді.

Патриоттық тәрбие мәселесі - адамзат тарихының өне бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзат өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, ар тазалығы жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат қалпында қала бермек.

Иә, Мемлекет басшысы жастарға үлкен үміт артып, елін сүйетін, жерін қорғайтын, патриоттық сезімі басым тұлға қалыптастыру қажеттігін айтады.

Осы орайда ұлттық құндылықтардың, ұлттық бірегейліктің тәрбие саласында ойып тұрып орын алуы, елдің ертеңгі болашағы үшін де аса маңызды болды. Болашақтың айқындығы- тал бесіктен берілген тәрбиеге байланысты. Ата-ана тәрбиесінен бөлек педагогтің берер тәрбиесінің елеулі орын алары сөзсіз.

Ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда педагогтердің басты мақсаты-ұлттық құндылықтарды білім беру жүйесіне қолданудың тиімді тәсілін көрсету, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие процесін дамыту және арттыру, сондай ақ білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ұлттық тәрбие мен оқытудың үздіксіздігі мен сабақтастығын күшейту және қамтамасыз ету болып отыр және де мен ойлаймын, бұл дәл қазіргі уақытта іске асып жатқан процес.

Осыған орай еліміздің бірнеше өңірлеріндегі мектептерде қосымша «Даналық мектебі» атты отбасылық клубтар енгізілді. Клуб қазақ этнопедагогикасының тәрбиелік әлеуетін өзектендіруге бағытталған. Клуб ішінде «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» секілді секциялар ұйымдастырылған. Мұның бәрі жас ұрпақтың қазақи тәрбиені бойына сіңіре отырып өсуіне зор ықпал жасайды.

Ұлттық бірегейлік мазмұны төңірегінде жасалып жатқан іс-әрекеттерге 2023 жылдың 17 маусымында Түркістан қаласында өткен Ұлттық Құрылтайды айтуымызға болады. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев тағы бір ұстанаты «Ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жүргізуге тиіс» екеніне назар аударып, осы жұмыстың нақты бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, Президент мемлекеттік нышандарды жетілдіру, ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту, мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеу, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне мән беру жөнінде маңызы мәселелерді қозғап, тың бастамалар ұсынды [4].

Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының директоры Т.Қалиев, «Ұлттық бірегейлік өте маңызды мәселе. Кей кездері оның маңыздылығын сезбей жатамыз. Алайда ол күнделікті қоғамдағы бейбітшілікті, тұрақтылықты қамтамасыз ететін негізгі фактор, ол мейлі ұлттық, діни, кәсібилік тұрғыдан болсын. Ұлттық бірегейлікпен қатар Азаматтық бірегейліктің де өзектілігі тіпті әр минут сайын көрінеді. Біз Қазақстан заңдарымен өмір сүреміз, тауарлар мен қызметтер үшін ұлттық валютамен есеп айырысамыз, жеке басын куәландыратын құжаттармен өзімізді сәйкестендіреміз. Осылайша, жалпыазаматтық бірегейлік біздің күнделікті өмірімізді анықтайды. Осы бағыттағы диалог біздің құндылық шкаласын қалыптастыруға өз үлесін қосады» – деді.

Ұлттық дәстүріміз бен бірегейлігімізді өскелең жас ұрпақтың бойына сіңіруіне тағы бір ықпал еткен жағдай биылғы жаңа форматта тойланған 10 күндік «Наурызнама». Алдын ала жоспарланып, он күнге созылған бұл Наурызнамада қазақтың ұлттық ойындары ұлықталып, дәстүрлер дәріптелді. Бұл күндер мәдениетімізді, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналды. Жастар әр түрлі ұлттық ойындарды ойнап, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі және пайдасымен танысты. Бір ойын шыдамдылық, зеректік пен білімділікті шындаса, енді бірі күш-жігер, қайраттылық пен жылдамдыққа үйретеді.

Елімізде жақын күндері Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев жаңа заңға қол қойды, ол заң «Қазақ тілін білмейтіндерге Қазақстан азаматтығы берілмейді» деп тұжырымдалады. Қазақ тілін ең құрыса, қарапайым деңгейде білмейтін, сондай-ақ Қазақстан Конституциясының негіздерінен хабарсыз шетелдіктерге Қазақстан азаматтығын беруден, ал бұрын азаматтықтан шығып, кері оралған отандастарға азаматтығын қалпына келтіруден бас тартылады. Олардың ел тарихынан қандай фактілерді білуі талап етілетінін «ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайды».

The given data show that, on average, the level of formation of communicative competence of children with SEN of primary school age at English lessons in the experimental group increased by 17, 3% compared to the control group.

The effectiveness of the program and methodological support for the formation of communicative competence in children with SEN of primary school age in English lessons is confirmed by the acts of implementation of the results of work in the correctional and pedagogical process.

The results of the experiment confirm that one of the key conditions for the development of communicative skills in children with special educational needs in English lessons is the use of software and methodological support «English for children with disabilities in an inclusive environment».

Work with the use of software and methodological support is very effective and relevant, as it contributes to a significant increase in the effectiveness of remedial pedagogical work on the development of cognitive mental processes, motivation and communication of students with disabilities based on the use of ICT. As a result, children with disabilities of primary school age increase the level of foreign language communicative competence in an inclusive school.

Having developed this program and methodological support to help specialists in working with children with disabilities in teaching English, we have formed the following methodological recommendations for its use:

1. To optimize the personality – oriented orientation of internal methodological, didactic, technological, material and technical resources, etc.
2. To analyze the state of professional readiness and implement the program of methodological support of teaching staff in the conditions of development of inclusive educational environment and competence – oriented education.
3. To take into account the psychological and pedagogical characteristics of children with disabilities, to apply the proposed innovative technologies, methods of presentation of educational material, video materials, corrective – educational tasks, individual exercises in lessons and for homework.
4. To organize the correctional – educational process of teaching English to children with disabilities on the basis of an integrated approach.

5. To develop a variant correctional – educational route, based on individual psychological and pedagogical characteristics of a pupil with disabilities.
6. To include reference schemes, mnemotables, etc. in the algorithm of learning activities of students with disabilities.
7. Activate the interaction of all participants of the correctional and educational process.

Thus, this study is not exhaustive in solving all aspects of the problem of formation of communicative competence in children with disabilities in English lessons in an inclusive school, but it allows us to identify the prospects for the development of a didactic system for the introduction of software and methodological support that corresponds to the current level of development of society, science and education.

List of references

1. Eliseeva I.G., Ersarina A.K. Psychological and pedagogical support for children with special educational needs in a comprehensive school: method. recommendations. – Almaty: NNPC KP, 2019. – 118 p. (In Rus.).
2. Message from the President of the Republic of Kazakhstan Kassym – Zhomart Tokayev to the people of Kazakhstan dated September 1, 2022. «A fair state. One nation. Prosperous society» [Electronic resource]. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34360969 (date of the application: 17.01.24).
3. Inclusive education is vital for social cohesion in diverse societies. [Electronic resource]. URL: <https://www.coe.int/ru/web/commissioner/-/inclusive-education-vital-for-social-cohesion-in-diverse-societies> (date of the application: 22.01.24).
4. Galskova N.D., Vasilevich A.P., Koryakovtseva N.F., Akimova N.V. Fundamentals of methods of teaching foreign languages. – M.: KNORUS, 2017. – 390 p. (In Rus.).
5. Belyaev B. V. Basic questions of psychology of teaching foreign languages // Questions of psychology. – 2016. – № 6. – Pp. 49 – 58. (In Rus.).
6. Elovskaya S.V., Elovskaya A.A., Budilova A.V. Types and classifications of linguodidactic games // Modern pedagogical technologies in the organization of the educational space of the region: a collection of materials from the Regional Scientific and Practical Conference / Michurinsk State Agrarian University. – Michurinsk, 2018. – Pp. 112 – 115. (In Rus.).
7. Tikhomirova L. F. Development of children's cognitive abilities. – Yaroslavl: Academy of Development, 1996. – 192 p. (In Rus.).
8. Pereslenin L.I. Psychodiagnostic complex of methods for determining the level of development of cognitive activity of primary schoolchildren. – M: Kogito – Center, 2019. – 61 p. (In Rus.).
9. Kalganova, V. S. Neuropsychological classes with children. In 2 parts. Part 1 / V.S. Kalganova, E.V. Pivovarova. – Moscow: SINTEG, 2016. – 416 p. (In Rus.).
10. Kargin S.T., Bobrova V.V., Kovaleva E.A. English for children with special educational needs in an inclusive school: a methodological manual. – Karaganda: Publishing house Print Shop, 2018. – 130 p. (In Rus.).

УДК 376

«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

Бижанова Ж.М.

Қарағанды облыстық жоғарғы мейіргерлік колледжі

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім процестеріне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жасына, жынысына, шығу тегіне, дініне, экономикалық статусына қарамай, балаларды айыратын барьерлерді жоюға; отбастарын белсенді қатыстыру, баланың түзетім-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, баланың емес, ортаның балалардың жеке ерекшелігіне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуі, яғни, жалпы білім беру саласы сақтаған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивтік білім беру - әр түрлі мұқтаждығы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамытуды, білім алуға және дамытуға қол жеткізуді көздейтін біріктірілген білім беру процесі болып табылады.

Коррекция *Инклюзив* (латын тілінен «өзімді қосқанда») тәжірибе мен стратегияда, өзінің құндылығын нақтылы түрде көрсетеді, яғни оның мүмкіндігіне қарамастан әр адамның құқығын қолдайды, қоғам мен қоғамдастық, отбасының толық құқылы мүшесі ретінде қызмет ету түріндегі кең ортаға қатысады.

Құзыреттілік бұл арнайы қабілеттілікті білдіреді, белгілі бір пән бойынша білімі, пәндік дағдылары мен ерекше ойлау қабілеттерінің болуы және өз іс-әрекетіне деген жауапкершілігі.

Инклюзивті оқыту - ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүруге жағдайын қалыптастырады.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БУУ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді. Қазақстанда ХХ - ғасырдың 90 жылдарында мүмкіндігі шектеулі балалар арнаулы мектеп-интернаттарында білім алды. Осындай жабық мектеп-интернаттарында білім алған түлектердің мектеп бітіргеннен кейін адамдармен, қоғаммен араласуы ете қиынға соғары анық. Кешеді мүгедек жандар кетіп бара жатса әлі күнге дейін жатырқай, танырқай қарайтынымыз осынын айғағы емес пе? Әрине жабық түрде білім мен тәрбие алған адамдардың қоғамға сінісіп кетуінің өзі оған көптеген кедергілерді тудырады. Адамның дамуына әсер ететін негізгі факторлар отбасы, қоршаған ортасыз калай өмір сүруге болады. онсызда тағдырдың қатты соққысына ілініп тұрған балалар.Телехабарлардан көрсеніздер шетел де бұндай балалар қоғамнан оқшау өмір сүрмейді. Керісінше сау балалармен қатар өмір сүреді. Жалпы білім беретін мектептерде оқиды, сондықтан да болар олардың көздері бұндай ерекше балаларға үйренген. Жатсыну, жиркену, қабылдамау, өздернен төмен санау деген белгілер оларда жоқ. Көшеде өтіп бара жатқан мүмкіндігі шектеулі адамдарға ешкім таңырқай қарамайды, оларға аяушылық сезім білдірмейді Керісінше оларға да қойылатын талап-тілектер бірдей. Олар қоғамда өздерінің орнын тауып ете жеңіл бейімделіп келеді.

Білім беру саласында эволюциялық өзгерістер енгізуде.Қазақстандық педагогика алға қадам жасауда. Орта және жалпы білім беретін мектептерде, мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту. Ал бұл өз кезегінде осы балаларға білім тәрбие беретін кадрларды даялау мәселесін кеңейту, интеграциялау мен тікелей байланысты. Ол дегеніміз кең көлемде болашақ мамандарды даярлаудағы білім беру жүйесіне өзгеріс енгізу дегенді алға тартады.Сондықтан, болашақ мамандарды инклюзивті білім беруге даярлауда олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру аса маңызға ие болып отыр.Бүгінгі күні дамуында кешеуілдік бар балаларды инклюзивтік оқыту өзекті мәселеге айналып отыр.

Инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды. Яғни ол мына принциптер:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістік қажет өзінің мүмкіндігіне қарай орын алатын әркетін жүзеге асыру.
8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Болашақ педагог-психологтардың инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қағидаларын айқындау;

- *кәсіби құзыретті болашақ педагог-психологтардың моделін құру.*

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы оқыту *ұстанымдары*: оқытудың ғылымилығы, түсініктілігі, жүйелілігі, саналылығы, ретілігі, көрнекілігі; студенттерді білімді белсенділікпен меңгере отырып оқыту; болашақ мамандарды тәрбиелеу және дамыта оқыту; студенттердің жеке ерекшелігін ескеру; логикалық ойлауды дамыту;

Оқытудың нәтижелілігі және студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; студент тұлғасының өзін-өзі іске асыруы және ұйымдастыруы; студент тұлғасының өзін-өзі дамыту үшін психологиялық жағдай жасау; студенттердің оқытудың инновациялық түрлерін, жаңа

педагогикалық және ақпараттық технологияларын меңгеру.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары отбасының қатысумен білім беру мен тәрбие үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет етуге болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесімен

айналысқан педагог-ғалымдардың көзқарастарынан хабардар болу;

• Студенттердің инклюзивті білім беру мен құзыреттілік ұғымдарының мәнін меңгеру және түсіну;

• Студенттердің білім беретін мекемедегі мүмкүндігі шектеулі балалар мен оқушыларға деген түсіністігі мен құрметтеу сезімін тудыру;

• Студенттердің мүмкүндігі шектеулі оқушыларды шығармашылық жағынан дамыту, әлеуметтік тұрғыдан қабылдап, бағалауы және алынған теориялық білімдерін іс-тәжірибеде қолдана білулері;

• Әр баланың мүдделері мен мұқтаждықтарын шешуге талпыныс жасаулары;

• Қоғамда ерекше мұқтаждықтары бар адамдарға деген толеранттық қатынас орнауына ат салысулары;

• Баланы тәрбиелеу, білім беру процестеріне міндетті түрде ата-аналарды қатыстыруға байланысты ой-пікірлері.

Болашақ педагог-психологтардың инклюзивті білім беру саласында атқаратын міндеттері.

Инклюзивті білім беретін мектептердегі педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін жасалынатын жұмыстары төмендегідей:

• Диагностикалау;

• Жекелеген түзету-дамыту сүйемелдеу бағдарламаларын дайындау;

• Балалардың даму диагностикасын бақылау;

• Түзету шараларына өзгеріс енгізу;

• Ата-аналарға және отбасы мүшелеріне балаларды тиімді дамыту жайында жекелеген кеңестер беру;

• Кеңес беру жұмысын жандандыру (мамандар мен ата-аналарға психологиялық көмек керсету). Одан әрі білім берудің әр түрлі формаларының коррекциялау бағытын жүргізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововедений в системе образования. - Алматы, 2001. - 321 с.
2. Ғалымжанова М.А Мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. қанд. ... дис.: 13.00.01. - Алматы, 2008
3. Сулейменова Р.А. Арнаулы білім алуға қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне енгізу мәселелері. - Алматы, 2007. - Б. 52.
4. Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім беру дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010. ҚР Президентінің 7 желтоқсандағы жарлығымен.
5. Арнаутов А.В. Формирование профессиональной компетентности социального педагога в условиях учебно-научно-педагогического комплекса.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЗІТ ЕТЕТІН БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ШЕТ ТІЛІН АКТ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

А.А Демесинова,
Қарағанды облысы білім басқармасының «№ 4 арайы мектеп -интернаты»,
Қарағанды қаласы, Қазақстан
Т.Б.Муздыбаева
Қарағанды облысы білім басқармасының «№ 4 арайы мектеп -интернаты»,
Қарағанды қаласы, Қазақстан

Бүгінгі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне ену қажеттілігі көтеріліп отырған кезеңде білім беру мәселесін, әдіс-тәсілдерді инновациялық үрдістермен алмастырып, білім беру тенденцияларын меңгеру арқылы жалпы білім сапасын арттыру көзделген. ХХ ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – жай үйреншікті нәрсе емес, ол – жаңадан жаңаны табатын нәрсе» деген екен.

Бұл мақалада ағылшын тілі сабақтарында білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып оқытуда қолдануға болатын жаңа мүмкіндіктер, тенденциялары және шетел тілін үйретудің жаңа бағыттары қарастырылады. Іс – тәжірибе мен зерттеу нәтижесі көрсеткендей білім алушыға қолайлы орта қалыптастыра отырып бейімдеп, әлеуметтендіруге көмектесу - білім беру ұйымдарының басты міндеті. Ерекше білім беруді қажет (ЕББҚ) ететін білім алушыларды әлеуметтендіру, ортаға бейімдеу барысында ағылшын тілі пәнінің алатын орны зор.

Білім беру ұйымының негізгі міндеті – болашақ түлекті жан-жақты еркін дамыту.

Мектеп жасындағы ПДТ білім алушылардың ақыл-ой белсенділігі танымдық белсенділіктің төмендеуімен, нақтылығымен, стереотиптік шешімдерге бейімділігімен және сәйкессіздігімен сипатталады. Мұндай білім алушылардың ағылшын тілі сабағында табысты оқу және білімді игеру үшін жағдай жасау қажет.

Ағылшын тілі сабағында келесі әдістемелік қағидалар қамтылуы керек:

- тілдік ортаға ену;
- қызметтің өзгеруін қамтамасыз ету;
- мұғалімнің кіріспе сөздерін, сөз тіркестерін басқа тілдік құрылымдарды қайталау;
- қарастырылған материалды үнемі қайталау;
- сабақ барысында білім алушылардың жеке басын және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту[1];

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытудағы басты мақсат – білім алушыларды әлеуметтендіру болса, негізгі міндеттері жағымды қасиеттерді дамыту, өзін және өзгені дұрыс бағалауды қалыптастыру, әр түрлі жағдайларда білім алушылардың мінез-құлқындағы танымдық қасиеттің рөлін арттыру. Білім беру процесінде алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін, білім алушылардың қызығушылығын үнемі арттырып отыру қажет. Осы кезде білім беру процесіндегі АКТ маңызды рөл атқарады.

Ақпараттық технологиялар мұғалімнің құралдар арсеналын кеңейтеді, дамытушылық және түзетушілік тапсырмаларды орындау үшін көмектеседі. Компьютерлік оқытуға тән дидактиканың негізгі, нормативтік қағидастарын бөліп көрсетуге болады:

- көрнекілік және теориялық ойлауды дамыту қағидаты;
- оқушылардың саналылық және шығармашылық белсенділік қағидаты;
- қол жетімділік және мүмкін болатын қиындық қағидаты;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу және оқытудың ұжымдық сипаты қағидаты.

Білім алушылардың арнайы оқыту құралы ретінде компьютердің артықшылығы:

- білім алушыларды олар үшін қиын қызмет түрлеріне ынталандыру;
- күрделі және тікелей бақылаудан жасырылған таным объектілерінің пәндік мазмұнын бірінен екіншісіне еркін ауыса отырып, кез келген қажетті белгі нысандарында модельдеу;
- бір пәндік мазмұнды көрнекі түрде және сөйлеу арқылы дәйекті ғана емес, сонымен қатар параллель модельдеуді жүзеге асыру, бір тәсілден екіншісіне өту;
- білім алушылардың топтық және жеке іс-әрекетінің өнімді түрлерін модельдеу (жобалау, эксперимент, болжау, жіктеу және т. б.);

- нақты және кейінге қалдырылған уақыт режимінде білім алушының өз іс-әрекетін талдауы үшін қосымша көрнекі динамикалық тіректерді енгізу;

- топтық оқыту жағдайында нәтижелі жеке қызмет мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- арнайы оқытуды сапалы дараландыру мүмкіндіктерін кеңейту.

Ұлы ұстаз Мағжан Жұмабаевтың «Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек», деген ұлағатты сөзін әрқашан ұстаз жадында ұстауы керек. Білім алушылардың психо - физикалық ерекшеліктерін ескере отырып сабақта қолданылатын стратегияларды, тиімді технологияларды өзіміз құрастырамыз.

Әр сабақта көздеген мақсатқа жету үшін, сабақта білім алушыларда аффирмация, мотивация сөздермен жағымды көңіл күйді қалыптастырамыз. Әр сабақта білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында «Calendar» әдісін құрастырдық. Яғни дәсүрлі сұрақ жауаптан көрі сыныптағы кезекші білім алушы аптаның қай күні, күн, ай, ауа райын жыл мезгілін айтып сәйкесін постерге жабыстырады.

Сабақта өткен тақырып, жаңа сөздер білім алушылардың естерінде ұзақ уақыт сақталу үшін әр түрлі, тақырыпқа сай көрнекіліктер, таратпа материалдар дайындаймыз. Жаңа сөздерді бекіту үшін тақырыпқа сай «Puzzle» әдісі арқылы білім алушылар сурет пен сөзді құрап шығуы керек, осылайша білім алушылардың есте сақтау қабілеті жақсарады. Бастауыш сыныпқа осы әдіс арқылы бас әріп пен кіші әріпті табуға сәйкестендіруде қолданамыз. «Puzzle» әдісі сонымен қатар зат есімнің жекеше және көпше түрін оқығанда, осылай жаңа бағытта пазл құрастыру арқылы білім алушылардың тіл білуге қызықтырудың тағы бір әдісі.

Сонымен қатар диграфтарды оқытуды «Postman» әдісі арқылы жүзеге асырамыз. Почта қорабына сәйкес диграфтарды енгізеді. Әр сөзді білім алушы қорапқа оқып, әріптерге спеллинг жасағаннан кейін бірақ сала алады.

Мысалы, «School uniforms» тақырыбында «Mysterions cloths» әдісі бойынша мата қиындыларын таратып, білім алушыларды жаңа тақырыптың матамен байланысы бар екенін сипап, сезу қасиеттері арқылы ұйымдастыруға болады.

Тағы бір мысал «Healthy bodies» тақырыбында «Long life vitamins» стратегиясы бойынша білім алушыларға өткізілетін жаңа тақырыпты алдын ала болжап, ұйымдастыруға болады.

Мысалы: «Ruler» әдісі білім алушылар бір – біріне қарама-қарсы тұрады, мұғалім «Мен саған сенемін....» деп жазылған парақты ынталандыру сөзімен жалғастырып бір оқушыға табыстайды. Сызғыш бойымен тұрған барлық білім алушы өз ынталандыру сөзін ағылшын тілінде айтып шығады. Мысалы: Мен саған сенемін, сен ақылдысың.....

Бұл жерде осындай стратегияларды ойдан шығаруымыздың басты мақсаты, білім алушылардың психо - физикалық ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ басынан аяғына дейін тақырыпқа деген қызығушылықтарын арттыру, яғни сабақтың ұйымдастыру кезеңінен білім алушылар жаңа тақырыпты іштей болжап, қабылдай бастайды.

Білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуда, жоғарыда айтылғандай баланы өз күшіне сендіруге үйрету үшін топта жұмыс жасауға баулимыз. Топқа бөлуде, оқыту стратегияларын үнемі жаңа тақырыппен байланысты құрастырып отырамыз.

Мысалы: «School uniforms» тақырыбында «Needle and thread» әдісін қолданамыз.

Бұл әдісті жұптық жұмыс жасау мақсатында құрастырдық. Білім алушылардың қолдарына ине, екінші топқа жіп таратамыз. Қолдарында жіптері бар білім алушылар өзіне ұнаған инеге барып сабақталады. Бұл жерде білім алушылардың қауіпсіздігі ескеріледі. Ине қағаздан жасалады. Білім алушылар осылай екі топқа бөлінеді. Бұл әдіс білім алушыларға өте қатты ұнайды.

Біздің білім алушылардың психо-физикалық ерекшеліктерін ескеріп, ағылшын тілінде тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында жоғары сынып оқушыларымен тақырыпқа сай жаңа сөздерді есте сақтаудың жеңіл жолдарын іздестірдік, бірнеше жұмыс түрлерін істеу нәтижесінде, балалардың есте сақтау қабілетін жақсартуға, жұмыстан жалықтырмайтын тапсырмалар жиынтығын құрастырдық. Бұл жерде стандартты форматтан ауытқуға тура келді. Жаңа тақырып бойынша жаңа вокабулярды балалардың есте сақтауы үшін, келесі схема бойынша жұмыс тізбегін құрастырдық.

- жаңа сөздер

- Қысқа мәтін

- 1 тапсырма. Мәтінді оқу;

- 2 тапсырма. Берілген сөздермен мәтіннен сөйлемдерді тауып жазу;

- 3 тапсырма. Сөйлемдердің жалғасын мәтіннен табу;

- 4 тапсырма. Мәлімдеменің дұрыс немесе дұрыс еместігін анықтау.

- 5 тапсырма. Берілген сөздерден мәтін бойынша сөйлемдер құру

- 6 тапсырма. Мәтінді қайта оқып сөйлемдердегі қателерді түзетіңіз.

Осы тізбек бойынша жұмыс істеу барысында әр түрлі жаттығу орындайды, бірақ түпкі мақсат, білім алушылар тапсырма орындау барысында мәтінге қайта – қайта оралып, әр тапсырманы орындауда жаңа сөздермен жұмыс істейді. Сабақ соңына білім алушылар сабақта өткен жаңа сөздерді оқылуын, аудармасын біледі. (сурет 9).

Осылайша алты тапсырмадан тұратын тізбектелген оңай тапсырмалар жиынтығын орындау барысында, білім алушы жадында жаңа сөздерді еріксіз сақтайды, мәтінді меңгереді.

Осындай жұмыс мөлшерін орындауда білім алушылар тез жалығып қалмас үшін, қызықты әуенді, ырғақты сергіту сәттерін өткізіп отырамыз. Сергіту сәттерінде балалар сүйіп тыңдайтын, әндерді аламыз. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар сабақ барысында, денсаулықтарына байланысты тез шаршап қалады. Әр сабақта қызықты сергіту сәтін өткізу міндет болып табылады.

Әр сабақты білім алушыларды қызықтырып, сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында инновациялық технологияларға жүгінуге тырысамыз. Сабақ тақырыбын бекіту кезеңінде интербелсенді тақтаның көмегімен, «QR», «Жанды сурет», Kahoot.com., және т.б. қолдану арқылы білім алушылармен кері байланыс жасалады. Сонымен қатар, әр сабақта білім алушыларды жалықтырып алмас үшін тақырыпқа сай көрнекіліктерді таратпа материалдардан бөлек, электронды әр түрлі онлайн тақырыпқа сай презентация көмегімен сабақтарымызды түрлендіріп отырамыз. Атап айтқанда, презентацияларды Prezi.com., Canva.com., PowerPointinBase сияқты программаларда дайындаймыз.

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлы өз заманында «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса...., білім де сондай керек» деп бекер айтпаған болар. Біздің ұстаз ретінде басты міндетіміз ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға сабақ жоспарын тиімді құрастырып, жаңа заман талабына сай сабақ өткізу. Ол үшін сабақтың құрылымы, сабақта қолданылатын тапсырмалар, таратпа материалдыр, ЕББҚ білім алушылардың психо-физикалық ерекшеліктерін ескеріп құрастырылуы керек. АКТ-ның көмегімен өткізілген сабақтар білім алушыларды жалықтырмай, сабаққа деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Обучение английскому языку детей с задержкой психического развития (ЗПР) | Статья на тему: | Образовательная социальная сеть (nsportal.ru)
2. Пассов Е. И., Кузовлева Н. Е. Урок иностранного языка. М. : Глосса-Пресс, 2010.

УДК 376.37

ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДА СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ЖОЮДА, ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БІР ТҮРІ - ЛОГОРИТМИКАЛЫҚ САБАҚ

Доманова Н.В., Джузенова А.Т.

Қарағанды облысы білім басқармасының «№2 Арнайы мектеп-интернаты» КММ
Қазақстан, Қарағанды

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық, логопедиялық және емдік-сауықтыру түзету жұмысында негізгі міндеттердің бірі - жеке тұлға мен мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлеу функционалдық жүйесін қалыптастыру, дамыту және түзету болып табылады. Бұл міндет моторлық сферасының дамуына және түзетілуіне, сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың сенсорлық қабілеттеріне, сөйлеу бұзылыстарын жоюға және балалардың әлеуметтік оңалтуына ықпал ететін арнайы логоритмикалық сабақтарда жүзеге асырылады. [1]

Логоритмиканың тарихи дамуы ХХ ғасырдың басында Еуропаның көптеген елдерінде орын алып, "ритмикалық гимнастика әдістері" деген атпен танымал болды. Оның авторы швейцариялық ағартушы және музыкант Эмиль Жак-Далкрос (1865-1950) болды. Ритмикалық гимнастиканың дамуының негізгі себебі Далькрос оқушыларының қимылдарының үйлесімсіздігі мен нақсыздығы болды. Ғалым музыка және қозғалыс үйлесімділігі арқылы ол арнайы таңдалған жаттығуларды қолдана отырып, балалардың музыкалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін, қимыл үйлесімділігінің дамуына әсер етті. [3]

Логопедиялық ритмика соңғы уақытта музыкалық-қимыл әрекеттік жаттығулармен бірге түзету әсерінің тәуелсіз құралдарының бірі ретінде әртүрлі оңалту әдістерінде кеңінен қолданылды.

Балалар церебральды сал ауруы - бұл орталық жүйке жүйесінің күрделі ауруларының бірі. Ол жатыршылық, босану немесе босанғаннан кейінгі мидың зақымдануы нәтижесінде пайда болып, моторлық, сөйлеу және психикалық бұзылыстар түрінде көрініс табады.

Біздің білім беру мекемесінде логопед-мұғалім сөйлеудің барлық компоненттерінің бұзылуымен, сөйлеу тілінің кеш шығуымен, сөйлеу белсенділігінің төмендігімен, ауыр жағдайларда мүлде сөйлемейтін тірек-қимыл аппараты бұзылған, дизартриясы бар балалармен түзету жұмысын жүргізеді. Бұзылыс құрылымында сонымен қатар психикалық функциялардың бұзылуы, танымдық-әрекеттің кеш қалыптасуы, сенсорлық және моторлық функциялардың дамуындағы артта қалушылық, эмоционалды-ерік саласының бұзылыстары орын алады. Сондықтан да сөйлеу тілінің жалпы дамуына бағытталған түзету жұмысы - дәрі-дәрмектік ем, логопедиялық жүйелі жұмысты, психикалық функцияларды түзету және дамыту сабақтарын, жалпы, ұсақ және артикуляциялық моториканы қалыптастыруда нәтижелі логоритмикалық сабақтарды, сондай-ақ ата-аналардың қатысуымен жүзеге асырылатын интегративті тәсілді қажет етеді.

Логоритмика - бұл сөйлеу тілі, әуен және қозғалыс арасындағы байланысты орнатып, жаттығу жүйесіне негізделген белсенді терапия. Логоритмиканың мақсаты - оқу-тәрбие процессінде қолдану арқылы, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларда әрекет үйлесімділігін дамыту, есту зейінін қалыптастыру, сөйлеу тілі бұзылыстарын жою, өз мүмкіндіктеріне сәйкес баланы барынша жан-жақты дамыту, әлеуметтік ортаға бейімдеу, тәрбиелеу болып табылады.

Осы қағидаға сүйене отырып, біз өз тәжірибемізде логоритмика элементтерін енгізе бастадық. Біздің күнделікті өміріміздің өзі белгілі бір үйлесімділік заңдылықтарына бағынатындығына айқын дәлел бола алады. Мысалы: жыл мезгілдерінің өзгеруі, күн мен түннің ауысуы, жүректің соғысы және тағы басқалар белгілі үйлесімділік заңдылығына бағынады. Ал кез-келген үйлесімді қозғалыс адамның миының белсенділігін арттырады. [2]

Логоритмикалық элементтерді қамтитын түзету сабақтарында емдік-сауықтыру, білімділік, тәрбиелік және түзету мақсаттары жүзеге асырылады. Сауықтыру міндеттері: тірек-қимыл аппаратын, тыныс алуды, моторлық функциясын нығайтуға, дұрыс жүруге, қаңқаның қалыптасуына, ептілікке, қимылдарды үйлестіруге тәрбиелеуге бағытталған. Білімділік міндеттері: балалар естіп қабылдауға, музыкалық ырғақты естуге дағдыланады, әуенді тыңдауды үйренеді, әр түрлі жанрдағы және сипаттағы музыкалық шығармалардың ерекшеліктерін ажыратуға үйренеді. Бала қимыл іс-әрекет пен әуенді үйлестіре отыра, музыканың сипатына сәйкес қозғалыс дағдысын жасауға жаттығады. Тәрбиелік міндеттер: балалар өз бетінше әрекет етуді, бір-біріне еліктемей мәнерлі қимылдарды өздігінен үйлестіруге үйренеді. Шығармашылық қабілеттерін көрсете отырып, баланың жеке қасиеттері, достық қолдау және өзара көмек сезімдері, айналасындағыларға деген жақсы қарым-қатынас тәрбиеленеді. Түзету міндеттері: қозғалыс сферасын түзету, есту және көру зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту, жүйке жүйесінің қызметінде тепе - теңдік пен жарты шар аралық өзара әрекеттесуді орнату, сақталған функционалдық жүйелерді дамыту, дененің барлық функционалды жүйелері арасында байланыс орнатуға, сонымен қатар сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды әлеуметтік ортада оңалтуда оң нәтиже береді. [3; 28]

Жүйелілік қағидасына сәйкес, біз балалардың жасын және сөйлеу бұзылыстарының сипатын ескере отырып, перспективалық және тақырыптық жоспарларды құрамыз. Перспективалық жоспар сабақтардың тақырыптары мен міндеттерін дәйекті түрде қиындатуды көздейді, оның түпкілікті нәтижесі балалардың жаттығуларды белгіленген қарқынмен толық көлемде орындауы болып табылады. Сабақтың мазмұны қамтылатын тақырыптың, сөйлеу материалының, логоритмикалық ойындардың кезең-кезеңімен күрделенуіне байланысты өзгереді.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен логоритмикалық сабақтардың мазмұны, мыналарды қамтиды: жүру және кеңістікте бағдарлау, бұлшықет тонусын реттеуге арналған динамикалық жаттығулар, артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу гимнастикасы, фонопедиялық және сауықтыру жаттығулары, зейін мен есте сақтауды дамытуға арналған жаттығулар, сөйлеу тілін қалыптастыруға арналған жаттығулар. [4]

Логоритмикалық ойын-сабақтың құрылымы: кіріспе бөлім (1. Тыныс алу жаттығулары.); негізгі бөлім (1. Сөйлеу тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар. 2. Сөйлеу тіліне жатпайтын дыбыстар қатарын қамтитын ойындар мен жаттығулар. 3. Моториканы дамытуға арналған жаттығулар. 4. Эмоционалды күйлерді білдіруге арналған ойындар мен жаттығулар.); қорытынды бөлім (1. Көру, іс-әрекет зейінінің әртүрлі түрлерін дамытуға арналған жаттығулар; 2. Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар. 3. Релаксация элементтері бар жаттығулар). Логоритмика сабақтары аптасына екі рет өткізіледі. Сабақтың ұзақтығы - 35-40 мин. Кіші топтағы балалар саны-3-4. Логоритмикалық сабақтарға ата-аналар қатыса алады. Сабақтың тақырыбы жыл мезгіліне байланысты таңдалады.

Кешендер қайталанбайды, олар топтардағы балалардың құрамына байланысты өзгереді, толықтырылады. [5]

Тәжірибе барысында логоритмика сабақтарын жүйелі түрде өткізу, оң нәтиже берді: балалардың көпшілігінде сөйлеу тілінің бұзылыстары және жеке мінез-құлық саласындағы бұзылыстар түзетілді. Бұл сөйлеу мен қозғалыстың дамуын эмоционалды ынталандыруға негізделген, жетістікке жетелейтін, баланың сөйлеу тілін және моторлық жағын белсендіруге көмектесетін, ата-аналарды қолдауға үлкен көмек көрсететін кешенді жұмыс.

Мақаланың практикалық маңыздылығы: логоритмикалық сабақтар мен жаттығулар тек логопед-мұғалімнің тәжірибесінде ғана емес, сонымен қатар арнайы педагогтардың, тәрбиешілердің, дене шынықтыру нұсқаушыларының, музыкалық жетекшілердің жұмысында да қолданыла алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алябнева Е.А, Логоритмические упражнения без музыкального сопровождения. Әдістемелік құрал. М.:»ТС СФЕРА», 2006 ж.
2. Боромыкова О.С. Коррекция речи и движения с музыкальным сопровождением: Комплекс упражнений по совершенствованию речевых навыков у детей дошкольного возраста с тяжелыми нарушениями речи. -СПб.:»ДЕТСТВО-ПРЕСС»,1999 ж.
3. Волкова Г.А. Логопедическая ритмика: Учебное пособие для студентов педагогических институтов по специальности 031800 –Логопедия;032000 –Коррекционная педагогика и специальная психология (дошкольная).-СПб.:» Петербург –XXI, 1997 ж.
4. Лопухина И.С. Логопедия- ритм, речь, движение: Пособие для логопедов и родителей. -СПб.:» Дельта»,1997 ж.
5. Сиротюк А.Л. Коррекция обучения и развития школьников/ А. Л. Сиротюк .М.: ТЦ Сфера, 2001 ж.80 б.

УДК 376

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Жашиг И., мұғалімі

Қарағанды облысы білім басқармасының «№2 арнайы мектеп - интернаты»КММ

Қазақстан Республикасында әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін Мемлекет тарапынан көптеген шаралар енгізіліп жатыр. Соның бірі- инклюзивті білім беру.

Инклюзив-сөзі латын тілінен аударғанда-”өзімді қосқанда” ал, ағылшын тілінен аударғанда” араластырамын” деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту- адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне, әлеуметтік жағдайы мен физиологиялық жағдайына қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

Инклюзивті білім беру барысы- қазіргі таңда жалпы білім беретін сыныптардағы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен арнайы сыныптар, арнайы білім беру орындары, арнайы мектепке дейінгі білім беру орындарының оқу әрекетіне енгізіліп отыр.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру Еуропалық білім беру кәсіподақтары (ETUCE) қызметінің және еуропалық жұмыс берушілер орталығымен, қоғамдық қызмет көрсететін кәсіпорындармен бірге жүзеге асырылады. Ал, Орталық Азияда оның ішінде Өзбекстанда инклюзивті білім беру Қазақстандағыдай кеш қолға алынды. Қазақстанда 2011 жылдан бастап инклюзивті білім беруді дамытудың жолдары қарастырыла бастады [1].

Кез келген оқушының сапалы білім алуы ең алдымен мұғалімнің білімімен қатар сабақты өткізу шеберлігіне, эмоциясын басқаруына байланысты. 5 - сынып оқушысы ойын баласы екені белгілі. Ал

ойын балаларының жаңашылдыққа, жаңа нәрселерге қызығушылығы жоғары болады. Ерекше қажеттілігі бар балалардың қызығушылығын ояту мұғалім еңбегінің нәтижесі болғандықтан, оның негізгі объектісі - инновациялық технологиялар. Инновациялық технологияларды қолдану сапалы біліммен қатар қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді

Инновациялық технологияларды инклюзивті білім беру жағдайында пайдалану мына нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- біртұтас білім беру кеңістігін құру;
- барлық адамдармен өзара қарым-қатынас жасай алуы;
- қазіргі қоғамда жеке тұлғаның білім деңгейі және оның ерекшеліктеріне қойылатын талаптар мен оқытудың ұйымдастырылған формасы, әдістері мен мазмұнының байланысы;
- оқушының интеллектуалдық әлеуетін барынша ашу, білімді өз бетінше меңгеру дағдыларын қалыптастыру және ақпаратты өңдеуге байланысты әртүрлі дербес қызмет түрлерін жүзеге асыру.

Ерекше оқушыға ойын технологиясы негізінде жеке тапсырмалар дайындалды. Оқытуда ойын технологиясын қолдану эмоционалды және ұтымды бірлікке жетуді қамтамасыз етеді және ол оқушыларға танымдық процестер мен тәрбие берудің тиімді құралы болып табылады. Ойын технологиясы арқылы оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, зейінін тұрақтандыруға болады. Себебі, ойындар балалардың психикалық белсенділігін ынталандырып, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сабақтағы пассивті оқушының өзі дұрыс әрі қызықты ұйымдастырылған ойынға белсенділік танытатыны сөзсіз. Ойынды жеке, топтық, жұптық және жалпысыныптық деп қарастыруға болады. Ойын технологиясын төмендегідей түрде жіктей аламыз.

танымдық; - рөлдік; - іскерлік; - комплекстік [2].

Математика сабағы барысында ойын түрлері мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік жасайтындығы, оқушылардың өзара бәсекелестігін тудыруы, шынайы қызығушылықтарын оятуы пен қарым-қатынастарының дамуынан ойын технологиясын қолданудың өзектілігін көреміз. Сабақта ойын технологиясын пайдаланудың нәтижелері: - қоршаған орта заттары мен құбылыстарына танымы артады; - бақылау және заттардың қасиеттерін мен олардың ерекше белгілерін анықтау қабілетін дамытады; - оқу үдерісі қызықты өтеді, көңілді атмосфера қалыптасады, бірге әрекет етуді үйренеді. - оқушылардың психологиялық дамуына, олардың ой-өрісін, зейінін, шығармашылық қиялын жетілдіруге ықпалы етеді.

Ойын технологиясы арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, көңіл-күйін тұрақтандырып, эмоцияларын шығаруға мүмкіндік беруге болады. Бұл технологияны сабақтың әр этапына қолдануға болады. Сабақтың материалды түсіндіру, бекіту, қайталау, бақылау сияқты әртүрлі кезеңдерінде дидактикалық ойындарды қолдану оқушыларды көбірек белсенді танымдық іс-әрекетке қамтуға мүмкіндік береді. Сабақ барысында ойын технологиясын пайдалаудағы мақсат - таным және ойын. Себебі, мұғалім оқушының танымын кеңейте отырып, ойын ойнату арқылы нәтижеге қол жеткізеді. Оқушы дидактикалық ойындар арқылы көңіл-күйін көтеріп, тапсырмаларды ынтамен орындайды. Ойын технологиясы толерантты көзқарасты дамытуға ықпал етеді. Ойын технологиясы арқылы алғашында оқушы ойынға баса назар аударса, кейіннен қызықты сабақ арқылы материалға қызығушылығы ояна бастайды. Ойын ойнап, математикалық есептерді шешуге деген құмарлығы артады. Осылайша ойын технологиясы математикалық мәнді жақсы түсінуге, оқушылардың математикалық білімдерін қалыптастыруға ықпал етеді. Аталған технология мұғалімге де қиын материалдарды алдындағы оқушысына қолжетімді түрде жеткізуге көмектеседі.

Ұлы педагог В.А. Сухомлинский «Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» - ойын ойнамай бала толыққанды дамымайды деп айтқандай ойын оқушылардың ойлау қабілетін, ақылын, интеллектуалдық ой – өрісін,білімге құштарлығын дамытады.Ойындар ұйымдастыруда оқушыларды қызықтыратын тапсырмалар таңдай білу- мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді. Ойын- шығармашылық , ойын- еңбек. Тақырыпқа сай жүргізілген ойын түрлері әсіресе, тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушының ойлау белсенділігін арттырады.

Сондықтан мұғалім әр сабақта дидактикалық ойын түрлерін орнымен қолданса, оқушының ынтасын арттыра отырып пәнге деген қызығушылығын, білімімен ынтасын сол пәнге деген сүйіспеншілігін арттырады. Ойынды іріктеп алуда тек қана оқушының орындалатын іс- әрекетімен шектеу жеткіліксіз. Ойынды ұйымдастыру және басқарудың сипатымен жолдары да ойластырылады. Мәселен, ойынды жарыс түрінде өткізу, аралық және ақтық нәтижелерді көрсету үшін карточкаларды фишкаларды,тағы да басқа әр түрлі шартты белгілерді, цифрлар мен таңбаларды және түрлі түсті құрастыратын магниттерді пайдалану.Сонымен бірге ойын кезіндегі

көрнекілік түрлерін де сабақтың кай кезеңінде дәл өткізілуіне орай өзгертіп тұруға тура келетінін ескерген жөн [3].

5 – сынып математикасында «Тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы» тақырыбында ойын элементтерін қолданып өткізген сабағымды сіздерге ұсынамын.

1-кесте - сабақтың мақсаттары

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:	5.3.1.8 тікбұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы туралы түсінігі болу; 5.5.3.9 жазық фигураларды және кеңістіктегі геометриялық фигуралардың жазбаларын салу (текшенің және тікбұрышты параллелепипедтің);
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> • тікбұрышты параллелепипед пен текшенің элементтерін білу; • оларды жазбасы арқылы тани және құрастыра білу; • ой-өрісін кеңейту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ұжымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу; • есте сақтау және зейіндік қабілеттерін дамыту.

Сабақтың басында "Мозайка" әдісі арқылы тақырыпқа сай өмірдегі тікбұрышты параллелепипедтің үлгісіндегі заттардың суреттер қиындысын құрастыру тапсырмасын білім алушылар қызығушылықпен орындайды. Сабақтың ортасында «Ойнайық та ойлайық» қағаз қиындыларынан тік бұрышты параллелепипед және текше құрастыру тапсырмасы беріледі. Іс-әрекет барысында ақпаратты талдау және өңдеу, зерттеу, практикалық жұмыс, проблемалық жағдаяттарды шешу арқылы оқушылардың бойында білім мен дағдылар қалыптасады және дамиды. 6 шаршыдан текше жасауға болатындығын түсінеді екі-екіден 3 тік төртбұрыштан параллелепипед жасауға болатынын анықтайды.

дескриптор:

- тік бұрышты параллелепипедтің (текшенің) жазбасын біледі;
- тік бұрышты параллелепипедтің (текшенің) неше қыры бар екенін біледі;
- тік бұрышты параллелепипедтің (текшенің) неше төбесі, неше жағы бар екенін анықтайды;

2- кесте – «Семантикалық карта»

	жағы	қыры	төбесі	беті қандай фигура блды?	бетінің ауданы $s(m^2)$	Көлемі $V(m^3)$
тік бұрышты параллелепипедтің	6	12	8	тік төртбұрыш	$S = ab$	$V = abc$
текше	6	12	8	шаршы	$s = a^2$	$V = a^3$

Қорыта келе, «ойын» түрлерін пайдалану білім алушылардың сабаққа деген қызығушығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтереді. Сонымен қатар тез ойлауға ауызша есептеуге, логикалық ойлау қабілетін арттырады. Сондықтан математика сабақтарында ойын элементтерін пайдалансақ сабағымыз қызықты тартымды өтеді. Олай болса ,ойлау қабілетін ұштайтын мұндай ойын сабақтарының оқушыларға берері мол. Математиканы да адамды сүйгендей сүйіп, адамды түсінгендей түсінген абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-психологиялық -педагогикалық қолдау көрсету туралы» Заңы / Егемен Қазақстан - 2002
2. Құбаева А. «Сабақ барысында ойын түрлерін пайдалану». «Математика және физика» журналы.
3. Тарабарина Т.И., Улкина Н.В. «И учеба, и игра: математика»

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ ПЕДАГОГА ТРУДОВОГО ОБУЧЕНИЯ СПЕЦИАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ДЛЯ РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ ДЕТЕЙ С УМСТВЕННОЙ ОТСТАЛОСТЬЮ

Жигитов А. Б. Магистр "педагогике и психологии", докторант кафедры специальной педагогики КазНПУ им. Абая. КГУ "Костанайский специальный комплекс "детский сад-школа-интернат" для детей с особыми образовательными потребностями №2" Управления образования акимата Костанайской области г.Костанай. Казахстан.

Динамичное развитие современных технологий и внедрение высокоточного оборудования, автоматизированных систем и робототехники искусственного интеллекта не могут не найти отражения в области специального образования. Технологический прогресс, внедрение цифровых инструментов и адаптивных платформ требуют переосмысления предпрофессиональной подготовки в специальных школах и, соответственно, модернизации подготовки педагогов, работающих с детьми с умственной отсталостью.

Появление инновационных методов и ресурсов обучения трансформирует образовательную среду, создавая условия для эффективного освоения учениками навыков, необходимых в современном мире. Эти изменения, в свою очередь, требуют от педагогов высокой компетентности в использовании новых технологий, гибкости в подходах и способности адаптировать свои методы преподавания к быстро меняющимся требованиям общества и рынка труда.

Предпрофильная или предпрофессиональная подготовка детей с легкой умственной отсталостью (УО) призвана решать ряд значимых проблем:

- Развитие социальных навыков, необходимых для взаимодействия с окружающими, такими как: обучение коммуникации, умению работать в команде, пониманию социальных норм.

- Развитие познавательных способностей так как дети с легкой УО часто имеют недоразвитие познавательных интересов и навыков. Предпрофессиональная подготовка включает в себя занятия, направленные на развитие памяти, внимания и других когнитивных функций. Это способствует улучшению их учебных успехов и повышению уровня самостоятельности.

- Профессиональная ориентация, которая является важным аспектом предпрофильной подготовки. Она помогает детям понять свои сильные стороны и интересы, что в дальнейшем позволит им выбрать подходящую профессию. Предпрофильная подготовка в том числе способствует интеграции детей с умственной отсталостью в общество и снижает риск их социальной изоляции.[1]

Мы понимаем термин "**предпрофессиональная подготовка**" — как образовательный процесс, направленный на формирование у учащихся базовых трудовых навыков, необходимых для освоения будущей профессии. Она включает в себя развитие мотивации к труду, ознакомление с различными видами деятельности, приобретение знаний и умений, которые способствуют успешной профессиональной адаптации. В контексте специального образования предпрофессиональная подготовка также предполагает адаптацию программ и методов с учетом особенностей и потребностей детей с ограниченными возможностями здоровья, включая детей с умственной отсталостью, для повышения их социальной и трудовой интеграции.

Предпрофессиональная подготовка занимает важное место в структуре профессиональной ориентации и является первым этапом процесса профессионального становления. Этот этап включает в себя как ознакомление с различными видами труда, так и развитие базовых навыков, необходимых для профессионального самоопределения.

Согласно Е.М. Старобиной, этап предпрофессиональной подготовки охватывает следующие задачи:

- Исправление личностных дефектов и развитие потенциальных возможностей, что важно для адаптации детей с ограниченными возможностями к трудовой деятельности.

- Развитие и коррекция высших психических функций, что способствует улучшению когнитивных и поведенческих аспектов, необходимых для профессиональной деятельности.

- Формирование навыков самообслуживания и установки на труд, что включает развитие мотивации к выполнению трудовых задач и готовность к профессиональной деятельности.

- Развитие общетрудовых умений и навыков, таких как базовые технические и бытовые навыки, которые составляют основу для последующего профессионального обучения и трудовой адаптации.[2]

Предпрофильная подготовка детей с легкой умственной отсталостью является не только необходимым этапом их социализации и интеграции в общество, но и важной основой для обеспечения их будущей самостоятельной жизни. В условиях специальной коррекционной школы предпрофильная подготовка реализуется через такие дисциплины, как «общетрудовая подготовка» и «профессионально-трудовая подготовка», которые вводятся в образовательный процесс в среднем звене. Эти дисциплины играют ключевую роль в формировании у обучающихся базовых навыков трудовой деятельности, что способствует их успешной адаптации к требованиям взрослой жизни и профессиональной деятельности.[3]

Реализацией программ дисциплин «общетрудовая подготовка» и «профессионально-трудовая подготовка» занимается педагог трудового обучения что требует от него обладания рядом ключевых компетенций:

- *Профессиональная компетентность*: Учитель должен иметь глубокие знания в области трудового обучения, включая теоретические и практические аспекты различных профессий. Это позволяет ему эффективно передавать знания и навыки учащимся.

- *Методические навыки*: Способность разрабатывать и адаптировать учебные планы и программы в соответствии с потребностями и возможностями детей с умственной отсталостью. Учитель должен уметь использовать различные методические подходы и технологии для обеспечения успешного усвоения материала.

- *Коммуникативные навыки*: Умение устанавливать доверительные отношения с учениками, поддерживать позитивную атмосферу на занятиях и эффективно взаимодействовать с родителями, коллегами и специалистами смежных областей (психологами, логопедами и др.).

- *Навыки организации учебного процесса*: Умение организовать учебное пространство и создать условия, способствующие активному вовлечению детей в процесс обучения, а также адаптировать задания под индивидуальные потребности учеников.

- *Психологическая компетентность*: Знание основ психологии развития и особенностей детей с умственной отсталостью, что позволяет учителю правильно подходить к каждому ребенку, учитывая его индивидуальные потребности и трудности.

- *Навыки работы с современными технологиями*: Владение цифровыми инструментами и оборудованием, необходимыми для обучения, а также способность интегрировать современные технологии в образовательный процесс, что делает обучение более эффективным и интересным.

- *Адаптивные компетенции*: Способность к быстрой адаптации учебных программ и методов в зависимости от изменяющихся условий, требований общества и потребностей детей, что позволяет эффективно реализовывать предпрофессиональную подготовку.

- *Навыки оценки и мониторинга*: Умение оценивать прогресс учащихся, проводить диагностику и адаптировать образовательные программы на основе полученных данных, что помогает индивидуализировать подход к каждому ребенку.[4]

Сравнение навыков и компетенций педагога трудового обучения в обычной школе и в специальной школе для детей с легкой умственной отсталостью (ЛУО) выявляет ключевые отличия, связанные с целями и особенностями обучения:

Таблица 1 – сравнение компетенций педагогов трудового обучения обычной школы и специальной школы

Навыки и компетенции	Педагог трудового обучения в обычной школе	Педагог трудового обучения в специальной школе для детей с ЛУО
Профессиональная компетентность	Знания в области технологий, основ различных профессий, опыт работы с стандартными учебными планами и методиками.	Знания в области технологий, адаптированных для детей с ЛУО, а также опыт разработки индивидуализированных учебных планов.
Методические навыки	Владение традиционными методами преподавания и организации учебного процесса.	Умение применять адаптивные и инклюзивные методы, учитывающие особенности восприятия и обучения детей с ЛУО.
Коммуникативные навыки	Эффективное взаимодействие с учащимися, родителями и коллегами.	Способность устанавливать доверительные отношения, адаптировать коммуникацию к

		особенностям детей с ЛУО, поддержка их эмоционального состояния.
Навыки организации учебного процесса	Организация массовых учебных мероприятий и проектов.	Создание индивидуализированных условий обучения, направленных на развитие у детей с ЛУО практических и социальных навыков.
Психологическая компетентность	Понимание основных психологических процессов и особенностей развития.	Глубокое знание психологии развития детей с ЛУО, что позволяет учитывать их эмоциональные и поведенческие особенности.
Навыки работы с современными технологиями	Владение современными образовательными технологиями и цифровыми инструментами.	Умение интегрировать технологии в процесс обучения, учитывая индивидуальные потребности и возможности учащихся.
Адаптивные компетенции	Способность к модификации учебного материала при необходимости.	Высокая степень адаптивности и гибкости, возможность переработки программ и методов обучения на основе динамических изменений в группе.
Навыки оценки и мониторинга	Оценка учебных результатов на основе стандартных критериев и тестирования.	Проведение индивидуализированной оценки, диагностика потребностей и мониторинг прогресса каждого ученика, адаптация задач к их возможностям.

1. Н. М. Назарова, "Арнайы педагогика және түзету психологиясы" оқу — әдістемелік кешен: "Флинта" Баспасы, 2008.
2. "Арнайы педагогика" Абаева. Ф. Ә, Төребаева. К. Ж, Оразаева. Г. С, Қартбаева Ж. Ж. Алматы, 2018.
3. Гонеев, А. Д. "Түзету педагогикасының негіздері": ЖОО студенттеріне арналған нұсқаулық / А. Д. Гонеев. - М.: "Академия" баспа орталығы, 2005.
4. Назарова, Н. М. "Салыстырмалы арнайы педагогика": оқу құралы
5. "Арнайы педагогика" студенттерге арналған нұсқаулық. жоғары. оқу орындарының / - Т. 1. Назарова, т. н. арнайы педагогика тарихы / н. М. Назарова, г. н. Пенин. - М.: "Академия" баспа орталығы, 2007.

6. “Дефектология” - 1996. - №2. - Б. 7-12. 6. Саламанка арнайы білім беру принциптері, саясаты және әрекеттері туралы Декларация (Испания. 1994 ж.)

7. “Дамуында ауытқулары бар балалар”/ Н. Д. Шматко. - М.: Аквариум, 1997.

ӘОЖ 337.376

АУТИСТІК СПЕКТРЛІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ӘЛЕУМЕТТІК ӘНГІМЕЛЕР ӘДІСІ

Туганбекова К.М., Тогаева А.М.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды

Аутизм спектрінің бұзылуы, әдетте үш жастан бастап әлеуметтік қарым-қатынас пен шектеулі қызығушылық және қайталанатын мінез-құлық, өзара әрекеттесудегі кемшіліктермен ерекшелінеді. Бұл ерте пайда болатын және өмір бойы жалғасатын жүйке дамуының бұзылуы.

Аутизм спектрінің бұзылуы бар балалар өздерінің назарын айналасындағы әлеуметтік ынталандыруға бағыттай алмайды. Бұл дағды қалыпты дамып келе жатқан балалардың алғашқы айларында дамиды. Дегенмен, АСБ бар балалар айналасындағы адамдарды түсінеді және өзара әрекеттесе алады. Бірақ, олар қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады. Зерттеулер көрсеткендей, АСБ бар балалар көзбен байланыс орнату және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда қиындықтарға тап болады. Олар тітіркендіргіштерді түсінуде, дене қимылын, мимиканы және мимиканы қолдануда қиналады. Осыған байланысты АСБ бар балалар жағымсыз мінез-құлықтарды көрсетеді.

АСБ лі балалардың әлеуметтік дағдыларын жетілдірудің әртүрлі әдістерін зерттейтін көптеген зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеулер аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың оларға жететін әлеуметтік белгілерді тиімді бағалай алмауы олардың әлеуметтік бейімделу проблемаларының негізгі себебі болуы мүмкін екенін көрсетті

Зерттеу нәтижелері аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың кез келген дағдыларды немесе әлеуметтік мінез-құлықты тек басқаларды бақылау арқылы, яғни модельдеу және еліктеу арқылы үйренуде қиналатыны байқалған (Гиллберг және Коулман, 2000). Қазіргі таңда, әртүрлі коммуникациялық әдістер қолданылған кейбір соңғы зерттеулер аутистік спектрлі бұзылысы бар балаларға әлеуметтік дағдыларды үйретуге қатысты қуантарлық нәтижелерге қол жеткізді (Хандлан мен Блум, 1993; Ройер, 1996). Мысалы, аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың әлеуметтік және когнитивті дағдыларын зерттеу бұл балалардың визуалды қабылдау дағдылары жоғары екенін көрсетті (Линкольн, Курчесн, Килман, Эльмасиан, & Аллен, 1988; Роджерс, 2000; Сигель, Миншью, & Голштейн, 1996). Атап айтқанда, әлеуметтік нормаларды түсіндіруде көрнекі ынталандыруды қолдану аутистік спектрлі бұзылысы бар балаларға күнделікті өмір мен өзін-өзі күту дағдыларын үйретуді жеңілдетті (Пирс және Шрибман, 1994; Робертсон, Гравел, Валькантен және Маурер, 1992). [1]

Аутистік спектрлі бұзылысы бар балаларға әлеуметтік дағдыларды үйрету бойынша жүргізілген зерттеулерде бізге берілген ақпаратты синтездей отырып, біз әлеуметтік нормаларға тәрбиелеуде визуалды көрнекі қолдау материалдары арқылы оңтайлы жеткізе аламыз деген қорытындыға келдік. Аутистік спектрлі бұзылысы бар балаға түсінуге оңай, түсінікті өрнектермен және бала түсінетін тіл деңгейінде позитивті мәнермен әлеуметтік жағдайды, қайда, кіммен және қалай қарым-қатынас жасау керектігін түсіндіретін бірден бір құрал әлеуметтік әңгімелер әдісі болып табылады.

Бұл мақаланың мақсаты, Америка Құрама Штаттарының білім беру мекемелерінде кеңінен қолданылатын әлеуметтік әңгімелер (SOCIAL STORIES) әдісін Қазақстанның практикасына енгізіп таныстыру және әлеуметтік әңгімелерді жазу және қолдану ережелерін таныта отырып қарастыру. Осы мақсатта мақалада әлеуметтік әңгімелер, әлеуметтік әңгімелердің құрылымы, әлеуметтік әңгімелерде қолданылатын тіл, әлеуметтік әңгімелерде қолданылатын рәміздер мен фотосуреттер, әлеуметтік оқиғаларды дайындау, әлеуметтік оқиғаларды таныстыру және оқу, әлеуметтік оқиғаны алып тастау және соңында әлеуметтік оқиғаларды бағалау талқыланады.

Жалпы норматипті дамуы бар балалар әртүрлі әлеуметтік жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін табиғи түрде үйрене алатын болса, аутистік спектрлі бұзылысы бар балалар көбінесе әлеуметтік жағдайды құрайтын әртүрлі ақпаратты және әлеуметтік жағдайда өзін қалай ұстау керектігі туралы кеңестерді байланыстыра алмайды және әлеуметтік жағдайларды қиын және түсініксіз деп қабылдайды. Бұл мәселенің табиғи нәтижесі ретінде аутистік спектрлі бұзылысы бар балалар сыртқы әлемнен оқшауланған, өз әлемінде жалғыз және тұйық бейнені көрсетеді. Арнайы білім беру мұғалімі

Кэрол Грей аутистік спектрлі бұзылысы бар адамдарға "әлеуметтік жағдайларды түсінуге, түсіндіруге және оларға тиімді жауап беруге" көмек ретінде әлеуметтік оқиғалар (SOCIAL STORIES) әдісін әзірледі. [2]

АСБ бар адамдар басқалармен өзара қарым-қатынас құру, достар табу және қоғамдық іс-шараларға қатысуда қиналады. Бұны қалыптастыру үшін әлеуметтік дағдыларды дамыту керек. Әлеуметтік дағдыларды дамытуда әлеуметтік әңгімелер әдісін қолдану тиімді болып табылады. Көрнекі құралдармен оқыту АСБ бар балаларға оң әсер етеді.

Әлеуметтік әңгімелерді дайындау

Әлеуметтік әңгімелер тек белгілі бір мінез-құлық туралы жазылуы мүмкін, әлеуметтік әңгімені жалпы тақырыптарда немесе көптеген мінез-құлықтардан тұратын жалпы дағды туралы жазу мүмкін емес. Әлеуметтік әңгімелерді дайындау бес кезеңнен тұрады: [3]

мақсатты белгілеу, ақпарат жинау, мәтін құру, тақырыпты талқылау, әлеуметтік әңгімені қолдана отырып, белгілі бір мақсатқа сәйкес қолдану (Gray, 2000).

Мақсатты белгілеу әлеуметтік әңгіме авторы әңгімені жазу мақсатын анықтаған кезде балаға әлеуметтік ақпаратты мағыналы түрде жеткізуге басымдық берілуі керек. Көптеген жағдайларда бұл абстрактілі ұғымдарды нақты өрнектер мен белгілермен білдіру қабілетін білдіреді.

Мақсат анықталғаннан кейін ақпарат жинау, әңгіме тақырыбына айналатын проблемалық жағдай туралы ақпарат жинау. Жағдай қайда, қашан және кіммен пайда болды, дәл осы жағдайда не болды және неге, басқаша айтқанда, баланың өміріндегі мінез-құлық функциясы алынуы керек маңызды ақпараттың бірі болып табылады.

Мәтінді құру қажетті ақпарат жиналғаннан кейін автор әлеуметтік әңгімелерді жеке тұлғаның оқу стилін, қажеттіліктерін, дағдылары мен қызығушылықтарын ескере отырып жазады. Сюжетті жазу барысында автор сұр түспен берілген сөйлемдердің түрлерін және ұсынылған сөйлемдерді қолдану жылдамдығын ескере отырып, мәтін құрады. Әңгіме жазу кезінде баланың аузынан оқиғаны баланың өзі айтып тұрғандай етіп жазуды ескеру керек. Әңгіме жазуда ескеретін тағы бір маңызды жайт, әрбір мақсатты мінез-құлық немесе дағды үшін бір ғана әлеуметтік оқиға жазылуы керек, әлеуметтік әңгіме мақсатты мінез-құлық қалыптасқанға дейін оқылуын жалғастыруы керек. [3]

Әлеуметтік әңгімелерді уақыт өте алуды бастау қажет

Әлеуметтік әңгімелерді алуды бастау туралы шешімді мұғалім қабылдайды. Әдетте 20-30 сеанс арасында жалғасатын әлеуметтік оқиғаларды бала соңғы 4-6 сеанста бастапқы кезеңде 40% - ға аз проблемалық мінез-құлық көрсеткені немесе қол жеткізуге тырысатын 40% - ға көп мақсатты мінез-құлық көрсеткені анықталған кезде түсіруге болады. Әлеуметтік әңгімелеу әдісін қолдану және оны біртіндеп тоқтату үшін екі негізгі әдіс ұсынылады. Бірінші әдіс-оқиғаны қайта жазу және одан директивті сөйлемдерді жою. Екінші әдіс-оқиғаны оқу жиілігін біртіндеп төмендету. Мысалы, аптаның әр күні әлеуметтік әңгімені оқудың орнына, оны аптасына үш күн ғана оқуға болады. Келесі кезеңде оқиғаны үш күн сайын оқуға болады және мұғалім қажет деп тапқан сәтте оқиғаны оқуды тоқтатуға болады. Әдетте екі кезеңде орындалатын әлеуметтік әңгімелерді алып тастауды мұғалім кем дегенде 5 сессия ішінде алып қою критерийі орындалған кезде оқиғаны оқуды тоқтатады. [4]

Әлеуметтік әңгімелерді бағалау

Әлеуметтік әңгімелер-бұл балаларға белгілі бір әлеуметтік жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсінуге көмектесу үшін жазылған әңгімелер. Осы себепті, әлеуметтік әңгімелерді бағалау баланың күнделікті өмірінде, әсіресе тиісті әлеуметтік мінез-құлық болуы мүмкін әлеуметтік ортада жүргізілуі өте маңызды (Rust and Smith, 2006). Бірақ мұндай жағдайларда да әлеуметтік оқиғалардың тиімділігін өлшеу кезінде маңызды сыртқы айнымалыларды мүмкіндігінше бақылау маңызды. Табиғи ортада жүргізілген өлшеулер кезінде баланың айналасындағы барлық адамдардың мінез-құлқын бақылау мүмкін болмаса да, әлеуметтік әңгімелер бір уақытта жалғасатын мінез-құлықты қалпына келтірудің басқа жоспары орындалмағанына көз жеткізу керек. Бірақ бұл шарт әлеуметтік әңгімені қалпына келтіру зерттеу мақсатында қолданылған жағдайда ғана орындалуы керек екенін есте ұстаған жөн. оның әлеуметтік әңгімені өзі қалаған мінез-құлықты қалпына келтірудің қосымша жоспарымен бірге пайдалану еркіндігі бар. Сонымен қатар, әрбір бағалау процесінде жалпы мінез-құлықты ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік желілерде өзгертілуі керек мінез-құлықты бақылау және өлшеу өте маңызды. [5]

Адамс және басқалар. (2004) үй тапсырмасы кезінде аутизм спектрі бұзылысы қойылған аспергер синдромы бар балалардың жағымсыз мінез-құлқын төмендетуде әлеуметтік әңгімелердің тиімділігін зерттеді. Зерттеудің соңында үй жағдайында үй тапсырмасы кезінде баланың жағымсыз мінез-құлқын төмендетуге бағытталған. Зерттеудің соңында алынған нәтижелер әлеуметтік әңгімелердің үй тапсырмасы кезінде байқалатын жағымсыз мінез-құлықты азайтуда пайдалы екендігі анықталды. [6]

Скаттон және басқалар. (2002) аутистік спектрі бұзылысы бар сегіз жасар баланың шеберлік сабағына қатысатын тиісті әлеуметтік қарым-қатынас мінез-құлқын арттырудағы әлеуметтік әңгімелердің тиімділігін зерттеді. Куох және Миренда (2003), (С. У. Әлеуметтік Ғылымдар Институтының Журналы, 19 Том, 2010) әлеуметтік әңгіме балалардың жағымсыз мінез-құлқын азайту үшін пайдаланылады (1. қатысушының агрессиясы, айқайлауы және жылауы; 2. қатысушының қолын қалтасына салу, оның жыныстық аймағын ынталандыру, жеген тамағын лақтыру немесе түкіру; 3. Қатысушының ойын кезінде көрсеткен проблемалық мінез-құлық) тиімділігін зерттеді. Зерттеу соңында әлеуметтік әңгімелер балалардың мінез-құлқын төмендетуде тиімді екені анықталды. Роудың (1999) инклюзивті ортада әлеуметтік оқиғаларды пайдалану бойынша жүргізген бір зерттеуінде әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қарым-қатынаста күрделі проблемалары бар Аспергер Синдромы бар 3 жасар инклюзивті оқytудың оқушысы бақыланды. Зерттеу соңында әлеуметтік әңгімелер негізінде сабаққа қатысқан Аспергер Синдромы бар баланың мінез-құлқында оң өзгерістерге әкелгені байқалды. Гут пен Сафранның (2002) пікірінше, әлеуметтік әңгімелер және инклюзивті ортада бірлескен әдісті қолдану туралы зерттеулерінде әдіс әлеуметтік дағдыларды үйретуде тиімді екенін мәлімеді. [7]

Қорытындылай келе, бұл зерттеуде әлеуметтік әңгімелер, әлеуметтік әңгімелерді жазу және қолдану туралы ақпарат берілді; әлеуметтік әңгімелермен байланысты зерттеулер және тәжірибелер қарастырылды. Әлеуметтік әңгімелердің аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың қоғамда жеңіл бейімделуін арттыратын, балалардың академиялық дағдылары жеңіл меңгеруіне ықпал ететін, проблемалық мінез-қылықпен күресуге жол беріп, мінез-құлықты бақылауға деген қажеттіліктің аз болуын қамтамасыз ететін, аутистік спектрлі бұзылысы бар балаларды қоғам тарапынан қабылауының жоғарылауын әкелетін, инклюзивті білім берудің тиімділігін арттыратын әдістердің бірі.

Алайда, бұл зерттеулерде әлеуметтік әңгімелердің тиімділігі тек АСБ бар адамдарға ғана қатысты бағытталған; басқа диагностикалық топтармен жүргізілген зерттеулер енгізілмеген.

Әлеуметтік әңгімелер АСБ бар балаларды қолдау мен оқytудың маңызды құралы болып табылады. Олар қоршаған әлем туралы түсініктерін жақсартуға, стресс деңгейін төмендетуге және қажетті әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Adams, L., Gouvousis, A., VanLue, M. ve Waldron, C. (2004). Social story intervention: Improving communication skills in a child with autism spectrum disorders. *Focus on Autism and Other Developmental Disabilities*, 19(2), 87- 94.
2. Gray, C. (1993). *The original social stories book*. Arlington, TX: Future Horizons.
3. Gray, C. (1994). *The new social stories book*. Arlington, TX: Future Horizons.
4. Gray, C. (1998). Social stories 101. *The Morning News*, 10(1), 2-6. Michigan: Jenison Public Schools.
5. Gray, C. (2000). *Writing Social Stories with Carol Gray: Accompanying Workbook to Video*. Arlington: Future Horizons.
6. Gray, C. (2003). *Social Stories*. Retrieved April 13, 2003, from <http://www.thegraycenter.org>.
7. Charlop M. H., & Walsh, M. E. (1986). Increasing autistic children's spontaneous verbalization of affection: An assessment of time delay and peer modeling procedures. *Journal of Applied Behavior Analysis*, 19, 307-314.

БОЛАШАҚ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Тоқтарбекова Қ.Т., С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қаласы, Қазақстан

Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру қызметі ерекше қажеттіліктері бар балалармен және ересектермен жұмыс істеуге бағытталған мамандарды даярлаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерімен, білім беру сапасына қойылатын талаптардың жоғарылауымен сипатталатын қазіргі қоғам жағдайында құзыреттілікті қалыптастыру білім беру процесінің негізгі аспектісіне айналады. Бұл мақалада арнайы білім беру саласындағы болашақ мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін қолданылатын негізгі тұрғылар, әдістер мен стратегиялар қарастырылады.

Жалпы ғылыми әлемде «құзыреттілік» өте кең зерттеліп, талданған. Көптеген ғалымдар әр – түрлі тұрғыда толықтай жан-жақты сипаттағанын көруімізге болады. Атап айтқанда, Дж. Равен былай дейді: «жоғары компетенттілік басқарудың барлық деңгейлеріндегі, біздің қоғамымыздың барлық салаларындағы қызметкерлері мен азаматтарынан талап етіледі» [1, 19-22].

С.А. Писераваның көрсетуінше «жалпы білім беру модернизациясының стратегиясы мемлекеттегі білім саясатының және арнаулы бір атаулы құжат ретінде білім беру процесінің мақсат қою кезеңінен бастап нәтижелерді бағалау кезеңіне дейінгі құрылуды болжайды». Өз мақаласында компетенттілікті зерттеу нәтижелерін талдай келе, қазіргі зерттеулерде компетенттілік ұғымы маманның квалификациясы және кәсібімен ғана байланысты емес, сонымен қатар зерттеу пәні – компетенттіліктің әлеуметтік, коммуникативті, басқа да кәсіби емес түрлері болып табылады, -дейді [2, 29-34 б.].

А.В. Хуторский және О.В. Акулова «құзырлық» және «құзыреттілік» ұғымын төмендегідей бөледі: құзырлық өзіне сапалы өнімді іс-әрекетке қажетті және анық бір процестер мен заттардың қатынасына байланысты тұлға қасиеттерінің бірлестігін қосады (білім, іскерлік, дағды, іс-әрекет тәсілдері), компетенттілік – адамның қандай да бір өзіне сәйкес компетенцияны иеленуі, меңгеруі. Сол компетенцияға тұлғалық қатынасы [3, 35-37 б.].

Дж. Равен айтуынша, компетенттілік өзіне тек интеллектуалды қабілеттерді ғана емес, сонымен қатар тұлғалық қасиеттердің біршама тізбегін қосады. Дж. Равен өзінің осы жұмысында компетенттіліктің бірнеше түрін суреттейді: «өз іс-әрекетін бақылау тенденциясы», «өз-өзіне сенімділік», «өзіндік бақылау», «бейімділік», «ойлаудың өзбеттілігі», «тәуекелге дайындық», «тұрақтылық», «сенімділік», «персоналды жауапкершілік», «бірлескен жұмысқа қабілеттілік», «қақтығыстарды шешу қабілеттілігі», «қоршаған орта өміріндегі әр түрлі стилдегі қатынастарға шыдамдылық» [1, 104-105 б.].

Ал, Бутова Е.В өзінің диссертациялық еңбегінде «құзыреттілік» және «құзырлық» былайшы, терминдеріне анықтама береді: егер біріншісіне, құзыреттілік кешенін дамытудың белгілі бір деңгейінде көрсетілген кәсіби әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық және басқа да жеке сипаттамаларды біріктіретін ұғым деп берсе, екіншісін тұлғаның өміріндегі белгілі бір санаттағы мәселелерді шешу үшін іскерліктерді, білімдер мен дағдыларды пайдалану қабілеті және тұлғаға бағдарланған нәтижеге қол жеткізу [4, 104-105 б.].

Р.Ульрих «әлеуметтік компетенттілік» ұғымын қолдана отырып, әлеуметті компетентті адамдардың төмендегі сипаттамасын береді:

- 1) Өзіне қатысты шешімдерді қабылдау және өзіндік сезімдерді түсінуге талпыныс.
- 2) Тежеу болатын сезімдерді және өзіндік сенімсіздікті ұмытады.
- 3) Негізгі қандай тиімді тәсілдермен мақсатқа жету керектігін ойлау.
- 4) Басқа адамдардың арманын, талабын дұрыс түсіне білу, олардың құқықтарын сараптау, ескеру.
- 5) Әлеуметтік құрылым және мекемелермен анықталатын аймақта талдау жасайды. Олардың өкілдерінің орынын анықтап, алған білімдерді өз іс-әрекетіне қосады. Әлеуметтік компетенттіліктің ешқандай агрессиямен қатысы жоқ екенін және басқа адамдардың құқықтары мен сыйлау керек екенін біледі.

Көптеген тұрғыларды ескере келе, біз жалпы болашақ арнайы педагогтардың кәсіби құзыреттілік ұғымын, өзекті тенденцияларын, мамандарды даярлаудағы ерекшеліктеріне тоқталайық.

Кәсіби құзыреттілік - бұл кәсіби қызметті сәтті орындау үшін қажетті білім, іскерліктер мен дағдылардың интеграциясы. Арнайы педагогтарды даярлау контекстінде бірінші кезекте құзыреттіліктердің мынадай түрлері бөлінеді:

- Жалпы кәсіби: педагогика және психология саласындағы негізгі білім мен дағдыларға байланысты.

- Арнайы: білім алушылардың белгілі бір санаттарымен жұмыс істеу үшін қажетті нақты дағдылар (мысалы, аутизмі, есту қабілеті бұзылған балалармен және т.б.).

- Әлеуметтік: Ата-аналармен және білім беру процесінің басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу жетістіктері.

- Әдістемелік: бұл білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысты білім мен дағдылар.

Қазіргі таңда еліміздегі арнайы педагогика аймағында мамандарды дайындаудың ерекшеліктеріне айтып өтсек, болашақ арнайы педагогтарды даярлау теориялық және практикалық дайындықты қамтитын көп деңгейлі білім беру жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Жоғары оқу орындары шеңберінде келесі бағыттар бойынша оқыту жүргізіледі: - арнайы педагогика, психология және әлеуметтанудың теориялық негіздерін зерттеу, - ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын игеру, - мүгедектігі бар балалармен жұмыс жасайтын білім беру мекемелерінде практикалық жұмыстарды айтамыз.

Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру әртүрлі әдістер мен технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Олардың негізгілеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

- Жобалық қызмет: студенттерге нақты мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды әзірлеу және іске асыру арқылы теориялық білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

- Оқытуды модуляциялау: курс жеке тақырыптар бойынша модульдерге бөлінетін жүйе, бұл оқуға икемді түрде жақындауға мүмкіндік береді.

- Кейс-әдіс: аналитикалық ойлау мен шешім қабылдау қабілетінің дамуына ықпал ететін тәжірибеден нақты жағдайлармен жұмыс.

- Модельдеу технологиялары: болашақ педагогтарға нақты қиындықтарға дайындалуға көмектесетін әртүрлі жағдайларды модельдеуді бастаңыз.

Практикалық тәжірибе болашақ арнайы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Практикалық дайындықтың маңызды аспектілері:

1. Өндірістік іс-тәжірибе: студенттерге нақты жұмыс жағдайларына енуге, білім беру процесін көруге және талдауға мүмкіндік береді.

2. Білім беру мекемелеріндегі тағылымдамалар: кәсіптік даярлық деңгейін арттыру үшін жағдай жасайды.

3. Тәжірибелі педагогтармен өзара әрекет: тәжірибе және дағдылармен алмасу ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде әртүрлі тәсілдердің тиімділігін көрсетеді.

Жалпы болашақ арнайы педагогтарды даярлауда перспективалауда перспективаларын талдай келе, ең өзекті тенденцияларының бірі – Инклюзия. Бұл ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың дені сау қатарластарымен бірлесіп оқытуға жағдайдың жасалынуы. Барлық әдебиеттерде, зерттеулерде индивидуалды тұрғы туралы өтке көп жазылады, әр балаға индивидуалды білім беру маршруттарын жасау қажеттілігі. Сондай-ақ, технологияларды қолдану, оқу процесін және балалармен өзара әрекеттесуді жақсарту үшін заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру теориялық дайындықты, практикалық оқытуды және тұрақты кәсіби дамуды қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді. Оқу орындары болашақ мамандарға жоғары біліктілік пен әлеуметтік жауапкершілікті талап ететін жағдайларда жұмыс істеу үшін қажетті білімді ғана емес, дағдыларды да қамтамасыз етуі маңызды. Осы салада құзыреттілікті қалыптастыру-бұл ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қоғамға табысты интеграциялаудың және барлығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің кепілі.

Осылайша, болашақ арнайы педагогтарды жан-жақты даярлау қазіргі қоғамда ерекше қажеттіліктері бар адамдардың білім сапасы мен әлеуметтік бейімделу деңгейін айқындайтын негізгі аспект болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Равен. Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / Дж. Равен.- Пер с англ.-М., 2002г.- 236 с.

2. Писарева. С.А. Разработка понятия «компетентность» в диссертационных исследованиях по педагогике // С.А. Писарева.- Академические чтения. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И Герцена, 2002. – Вып. 3: Теория и практика модернизации отечественного образования. – 29-34 с.

3. Акулова О.В. Ключевые компетенции как цель и результат современного образования // О.В. Акулова.- Академические чтения. – СПб.: Изд-во РГПУ им.А.И. Герцена, 2002. Вып. 3: Теория и практика модернизации образования. – С. 35-37.

4. Бутова Е.В «Педагогические условия формирование социальной компетенции студентов творческих специальностей» Диссертация (6D010300 ПиП), Алматы. 2015 жыл., 189 с.

ӘОЖ 37.018

ПЕДАГОГТАРДЫ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ҮЙРЕТУДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

Торebaва А.Р.

Қарағанды қаласы білім бөлімінің, КММ «№ 82 жалпы білім беретін мектебі»
элеуметтік педагог, педагог-зерттеуші

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі барлық балаларды, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) балаларды оқу процесіне қосу үшін жағдай жасау, оқыту қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі болып табылады. Инклюзивті білім беру моделіне көшу оқушылардың әртүрлі топтарымен тиімді жұмыс істей алатын педагогикалық кадрларды сапалы жаңаша даярлауды талап етеді. Бұл балаларға сапалы және инклюзивті білім беру үшін білім беру саласында жұмыс істейтін мамандардың, соның ішінде педагогтар мен әдіскерлердің, ерекше әдістерді меңгеруі қажет. Бұл орайда қазіргі заманғы технологиялар мен мұғалімдерді даярлаудағы инновациялық тәсілдер маңызды рөл атқарады. Білім бөлімдерінде ЕББҚ бар балалармен жұмыс істеуді үйрету осы бағыттағы білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда білім бөлімінің мамандары маңызды рөл атқарады. Олардың міндеті тек мұғалімдер мен тәрбиешілерді дайындау ғана емес, сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар балалар толыққанды білім ала алатын инклюзивті ортаны құруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу болып табылады. Бұл кәсіби біліктілікті арттыруды және оқытудың инновациялық әдістерін енгізуді қажет етеді.

Бұл мақалада технология мұғалімдерді ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге дайындауға қалай көмектесетінін және олар қандай перспективаларды ашатынын, ЕББҚ бар балалармен жұмыс істеуге үйрету барысында қолданылатын технологиялар мен инновациялар қарастырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу дағдыларын үйретудің маңыздылығы білім бөлімінде қызмет ететін мамандардың ерекше білім беру қажеттіліктерін түсінуі және балаларға сәйкесінше қолдау көрсете білуі маңызды. Бұл балалардың білім алуына мүмкіндіктерін арттырып, қоғамда тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Педагогикалық кадрларды даярлау

Педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында арнайы курстар мен семинарлар өткізу маңызды. Оларға ЕББҚ бар балалармен жұмыс істеуге арналған заманауи әдістемелер мен технологияларды үйрету қажет. Педагогтар психологиялық және педагогикалық қолдаудың заманауи тәсілдерін меңгеруі тиіс. Осындай балалармен жұмыс істеудің заманауи әдістері туралы білімді дамытуға бағытталған арнайы курстар мен тренингтерді қамтуы керек. Мамандардың саралап оқыту әдістерін меңгеруі, сонымен қатар инклюзия жағдайында оқу процесін дұрыс ұйымдастыруды білу маңызды

Инклюзивті білім беру принциптерін енгізу

Білім бөлімдері инклюзивті білім беру принциптерін енгізуде жетекші рөл атқарады. Бұл принциптер барлық балалардың, соның ішінде ЕББҚ бар балалардың да, бірдей сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстарға педагогтарды ғана емес, мектеп әкімшілігін, ата-аналарды және қоғамды тарту маңызды.

Тәжірибе алмасу және серіктестік

Білім бөлімдері мен білім беру мекемелері арасында тәжірибе алмасу тиімді білім беру моделін құруға септігін тигізеді. Серіктестік шеңберінде педагогтарды ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге бағытталған тренингтерге, конференцияларға және зерттеу жобаларына қатыстыруға болады.

Пәнаралық қатынас

Мамандарды тиімді дайындау тек пәнаралық қатынаста ғана мүмкін болады. Оқытудың маңызды элементі педагогтардың, психологтардың, дефектологтардың және басқа мамандардың өзара әрекеттесуі болып табылады. Бұл ерекше білім алуы қажет ететін балаларға жан-жақты қолдау көрсетуге және олардың оқуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Психологиялық қолдау

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен басқа да білім беру бөлімінің мамандары психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету әдістеріне оқытылуы тиіс. Білім бөлімдерінде психологтарды тартып, педагогтардың балалардың эмоционалдық және әлеуметтік қажеттіліктерін түсініп, олармен дұрыс жұмыс істеу дағдыларын дамытуы қажет.

Бұл эмпатия дағдыларын дамыту, балалардың қажеттіліктерін түсіну және оқу процесі кезінде туындауы мүмкін психологиялық проблемаларды шешу қабілетін қамтиды.

Жеке білім беру бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру

Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін жеке білім беру бағдарламаларын құру – инклюзивті білім берудің маңызды аспектісі. Білім бөлімдері педагогтарды осы бағдарламаларды дайындауға, олардың тиімділігін бағалауға және қажетті өзгерістерді енгізуге үйретуі қажет. Мұндай бағдарламалар баланың интеллектуалдық, физикалық және эмоционалдық ерекшеліктерін қоса алғанда, нақты қажеттіліктеріне бейімделген. Бұл мамандардан икемді болуды және инклюзивті оқыту үдерістерін терең түсінуді талап етеді.

1. Педагогтарды ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге дайындаудағы заманауи міндеттер әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балалар санының өсуіне байланысты мұғалімдерді даярлау жүйесі бірқатар мәселелерге тап болады:

-Педагогтардың әртүрлі мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеуге дайындығы жеткіліксіз;

-Мұғалімдерді диагностикалық және коррекциялық әдістерге, сондай-ақ әрбір балаға жеке көзқарасқа үйрету қажеттілігі;

-Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудың арнайы технологиялары мен әдістері саласындағы білім мен дағдыларды үнемі жаңартып отыру.

Мұғалімдерді оқытудың дәстүрлі әдістері көбінесе инклюзивті ортада жұмыс істеу үшін жеткілікті практикалық дағдыларды қамтамасыз ете алмайды. Осыған байланысты білім беру саласында технология мен инновацияның рөлі артып келеді.

2. Педагогтарды ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге дайындау технологиялары

Білім беру бөлімінде мамандарды даярлауда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Заманауи технологиялар, онлайн курстар, вебинарлар және интерактивті платформалар ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің нақты жағдайларын зерделеу арқылы қажетті білім алуға ғана емес, сонымен қатар оны тәжірибеде қолдануға, оқыту процесін сапалы өзгертуге мүмкіндік береді.

2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)

Педагогтарды АКТ құралдарын қолдануға үйрету ЕББҚ бар балалармен жұмыс барысында ерекше маңызды. АКТ мұғалімдерге ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге арналған көптеген құралдарды ұсынады. Арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету, электрондық оқыту құралдары мен интерактивті технологиялар арқылы білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға, интерактивті тақталарды, планшеттерді және мамандандырылған білім беру қосымшаларын пайдалану әр баланың қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді: есту, көру және моторикасы бұзылған балаларға арналған цифрлық білім беру ресурстарын құру.

Ақпаратты ұсынудың әртүрлі формаларын (визуалды, есту, кинестетикалық) қолдайтын бағдарламаларды пайдалану.

2.2. Арнайы бағдарламалар мен қосымшалар

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуды қолдауға бағытталған бағдарламалар бар, мысалы:

Аутизмді бар балаларға арналған әлеуметтік дағдылар мен қарым-қатынас қабілеттерін дамытатын бағдарламалар.

Брайль және субтитрлерді қолданатын есту және көру қабілеті бұзылған балаларға арналған бағдарламалар.

Сөйлеу бұзылыстары бар балаларға көмектесетін сөйлеуді түзету қолданбалары.

2.3. Виртуалды және қосымша шынайылық (VR/AR)

Виртуалды (VR) және толықтырылған шындық (AR) технологиялары мұғалімдерді оқыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, ЕББҚ бар балалардың оқыту процесіне енуіне көмектеседі. Педагогтарды осы технологиялармен жұмыс істеуге үйрету білім беру мазмұнын интерактивті етуге және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді.

VR тренажерлары мұғалімдерге имитацияланған оқу ортасына «суға түсуге» және ерекше қажеттіліктері бар балалармен өзара әрекеттесу дағдыларын үйренуге мүмкіндік береді.

AR үлкен қаріптер немесе дыбыстар сияқты нақты оқушылардың қажеттіліктерімен әрекеттесе алатын бейімделген оқу материалдарын жасауға мүмкіндік береді.

2.4. Мультимедиялық құралдар

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға мультимедиялық материалдар қолдану олардың назарын шоғырландыруға және ақпаратты қабылдауын жеңілдетуге көмектеседі. Педагогтар мультимедиялық құралдарды тиімді қолдану жолдарын үйренуі тиіс.

3. Мұғалімдерді оқытудың инновациялық әдістері

Мұғалімдерге арналған заманауи білім беру бағдарламалары инновациялық әдістер мен технологияларды ескеруі керек.

3.1. Гибридті оқыту

Онлайн курстар мен бетпе-бет сабақтарды біріктіретін гибридті білім беру бағдарламалары мұғалімдерге қажетті құзыреттерді өздеріне ыңғайлы форматта меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жаңа технологияларды меңгеру және оларды тәжірибеде қолдану үшін пайдалы.

3.2. Имитациялық технологиялар

Мұғалімдерді оқытуда модельдеуді пайдалану әртүрлі қажеттіліктері бар балалармен өзара әрекеттесуді модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл көру, есту немесе когнитивті бұзылыстары бар балалармен оқу жағдайларын имитациялауды қамтуы мүмкін.

3.3. Әлеуметтік-эмоционалды оқыту

Мұғалімдерді ерекше қажеттіліктері бар балалардың эмоционалдық және әлеуметтік қажеттіліктерімен жұмыс істеуге дайындауға көп көңіл бөлінеді. Мұғалімдердің эмоционалдық интеллектін дамытуға бағытталған бағдарламалар қиын жағдайда қалған балаларды жақсы түсінуге және қолдау көрсетуге көмектеседі.

4. Инклюзивті білім беру әдістемелері

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін арнайы әдістемелер қолданылады. Педагогтарды дифференциалды оқыту, жеке білім беру траекторияларын құру және психологиялық-педагогикалық қолдау әдістемелеріне үйрету маңызды.

7. Ойын технологиялары

Ойындық әдістерді қолдану ЕББҚ бар балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады. Осы орайда, педагогтар балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, арнайы ойын бағдарламаларын әзірлеп, оларды қолдануды үйренуі қажет.

8. Технологияны қолданудың артықшылықтары мен перспективалары

Мұғалімдерді оқытуда технология мен инновацияны қолдану көптеген артықшылықтар береді:

Шалғай өңірлердегі мұғалімдерді сапалы даярлаудың қолжетімділігін арттыру.

Ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің кешенді әдістерін іс жүзінде меңгеру.

Оқу бағдарламасын мұғалімдер мен оқушылардың нақты қажеттіліктеріне бейімдеу мүмкіндігі.

Онлайн курстар мен вебинарлар арқылы білім мен дағдыларды үнемі жаңартып отыру.

Болашақта осы саладағы технологияның одан әрі дамуы күтілуде. Жасанды интеллект, машиналық оқыту және деректерді талдау әрбір мұғалім үшін жекелендірілген оқыту бағдарламаларын жасауға көмектеседі, бұл инклюзивті білім беру сапасын айтарлықтай жақсартады.

Педагогтарды ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге даярлау – бұл заманауи білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі. Технологиялар мен инновацияларды тиімді пайдалану арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, инклюзивті білім берудің сапасын жақсартуға болады.

Инклюзивті қағидаттарды енгізу және оқытудың инновациялық әдістерін қолдану ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдаудың неғұрлым тиімді жүйесін құруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде олардың табысты әлеуметтік және академиялық интеграциясына ықпал етеді.

Білім беру саласында сапаны арттыру үшін мамандарды кәсіби тұрғыдан даярлау, инклюзивті білім берудің қағидаларын енгізу және жаңа әдістемелер мен технологияларды меңгеру қажет. Бұл балалардың әлеуетін ашуға және қоғамда толыққанды өмір сүру мүмкіндігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сапалы дайындықтан өткен мамандар инклюзивті білім берудің алдында тұрған қиындықтарды сәтті жеңіп, инклюзивті мектептің дамуына зор үлес қоса алады.

Қолданылған әдебиетер:

1. Аубакирова, Г. Ж. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
2. Сейталиева, Қ. Қ. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудағы жаңа технологиялар. – Астана: Білім, 2018.
3. Асқарова, М. Т. Педагогикалық технологиялар және оларды ерекше балаларды оқытуда қолдану ерекшеліктері // Педагогика ғылымдары журналы, 2021, №3, 45-50 беттер.
4. Назарбаева, Д. М. Инклюзивті білім беруді дамытудағы инновациялық әдістер мен технологиялар. – Шымкент: Мектеп, 2019.
5. Омарова, А. Ж. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар // Қазақстан педагогикасы, 2020, №5, 22-30 беттер.
6. UNESCO. Inclusive Education: Approaches, Scope and Content. Paris: UNESCO Publishing, 2017.
7. Florian, L., & Black-Hawkins, K. Exploring Inclusive Pedagogy. Cambridge: Cambridge University Press, 2015.
8. Асанова, С. Е. Виртуалды және қосымша шынайылық технологияларын ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытуда қолдану // Қазіргі білім беру инновациялары, 2021, №2, 60-67 беттер.
9. Winter, E., & O'Raw, P. Literature Review of the Principles and Practices Relating to Inclusive Education for Children with Special Educational Needs. European Agency for Development in Special Needs Education, 2017.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2020.

ӘОЖ 376 (075)

КОЛЛЕДЖДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Торебаева Г.Р.

Қарағанды қаласы, Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің «Көркем еңбек» бөлімінің арнайы пәндер оқытушысы, педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі

Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріне инклюзивті білім беруді енгізу міндеті барлық білім алушылардың колледж қабырғасында бірлескен қарым-қатынас және әрекеттестік тәжірибесін жинақтауынан, өзге адамдардың әлеуметтік жағдайына, ұлтына, денсаулығына қарамастан, өз мүддесі мен олардың мүдделерін келістіруден тұрады. Өйткені, білім алу мүмкіндіктері мен сұраныстары әртүрлі білім алушыларды бірге тәрбиелеу мен оқытуға барынша жайлы жағдайды қамтамасыз ету қажет.

Инклюзивті білім беруді енгізуге арналған шарттар:

- колледж ұжымының ниетінің болуы және ынтасының ерекшелігі;
- топ жетекшілерінің өз тобының құрамына даму мүмкіндігі шектеулі студенттерді (бұдан әрі – ДМШ) қосуға психологиялық дайындығы, олардың инклюзивті білім беру философиясын, оның негізгі құндылықтары мен мақсаттарын түсінуі және қабылдауы;
- педагогикалық ұжымның инклюзивті білім беруді іс-тәжірибелік тұрғыда жүзеге асыруға әдістемелік дайындығы, инклюзивті іс-тәжірибені ұйымдастыру технологиялары мен әдістерін меңгеруі;
- колледж ұйымында қажетті мамандардың (әлеуметтік педагог, оқытушылардың, педагог-психологтардың және т.б.) психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерімен, оңалту орталықтарымен және өзге ұйымдармен бірлесе отырып, колледждегі ДМШ балаларға кеңес беру, оқу-әдістемелік қолдау және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы шарттың болуы;
- колледжде білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу үшін арнайы жағдай жасау, соның ішінде қолжетімді, кедергісіз орта құру;
- педагогтер біліктілігін арттыру мүмкіндігі.

Мұндай топтарда жұмыс жасайтын оқытушылар міндетті түрде кәсіби дайындықтан өтуі керек.

Білім беру ұйымында инклюзивті орта құруға жауапты қызметкерлердің бірі – педагог-психолог. Мүмкіндігі шектеулі балалардың (бұдан әрі – МШБ) психофизикалық дамуының ерекшеліктерін меңгеруі қажет. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру және оңалту процестерін ұйымдастыру әдістемелері мен технологиялары туралы нақты түсініктері болуы тиіс. Педагог-психологтың кәсіби

құзыреттілігі ұйым ерекшелігіне қарай, педагогикалық қызметті және объектіге бағытталған қызметті іске асыруды талап етеді. Педагог-психолог тұлғасының жалпы гуманистік бағыттылығы ерекше балалармен жұмыс жасауда негізгі талап болып табылады. Инклюзивті білім беру жағдайында түрлі білім қажеттіліктері бар балалармен кәсіби қызметті іске асырудың оң бағыттылығы, мүмкіндігі шектеулі балалардың табысты әлеуметтенуі үшін оның маңыздылығын түсіну және гуманистік әлеуетін терең ұғыну – міндет [1].

Педагог-психологтың когнитивті құзыреттілігі инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты қабылдауға, санасында өңдеуге, жадында сақтауға және керек сәтінде қайта жаңғырту қабілеті және білімдер жүйесі мен танымдық қызмет тәжірибесі негізінде педагогикалық ойлау қабілеті ретінде анықталады. Осы түйінді құзырет негізінде арнайы білім беру қызметі саласындағы инновациялық интеграциялық үдерістердің ғылыми, кәсіптік, педагогикалық білімдері, жеке тұлғаның даму негіздері, оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық және психологиялық негіздері, білім алушылардың қалыпты анатомиялық-физиологиялық, жас ерекшелік, психологиялық және жеке ерекшеліктері, сондай-ақ студенттердің өзін-өзі дамыту үрдісін педагогикалық басқарудың негіздері, колледж ұжымы мен мүмкіндігі шектеулі балалардың өзара әрекеттесуінің негізгі заңдылықтары жатыр. Педагог-психологтың инклюзивті құзыреттілігі педагогикалық үрдісте нақты кәсіби міндеттерді орындау қабілеті ретінде анықталады. Ол инклюзивті білім беруді табысты жүзеге асыру, туындаған жағдаяттарды шешу, психологиялық, педагогикалық міндеттерді дербес және ұтымды шешу тәсілдері, іздестіру-зерттеу қызметін жүзеге асыруға қажетті игерілген тәсілдер мен қызмет тәжірибесін көрсетеді.

Педагог-психолог жаңа оқу жылына жеке дамыту бағдарламасын, оқу-өндірістік жұмыс жоспарын, күнтізбелік жоспарларды құрастырып, бекітеді. Осы жоспарлар негізінде түзету жұмыстарын жүргізіп, өмірге икемділік пен іскерлік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сарамандық, жеке, топтық сабақтар өткізеді [2].

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда педагог-психолог келесі кәсіби-құндылық бағдарлар жүйесін қабылдауы тиіс:

- адамның жеке басының құндылықтарын оның бұзылыстарының ауыр деңгейіне қарамастан мойындау;
- тек білім беру нәтижесін алу үшін ғана емес, бұзылыстары бар адам тұлғасын тұтас дамытуға бағыттылық;
- дамуында бұзылыстары бар адамдар үшін мәдениетті сақтаушы және оны таратушы ретіндегі өз жауапкершілігін түсіну;
- үлкен рухани және энергетикалық шығындарды және т. б. талап ететін денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалармен педагогикалық қызметтің шығармашылық мәнін түсіну.

Денсаулық мүмкіндігі шектеулі тұлғалармен жұмыс істейтін педагог-психологтың кәсіби-тұлғалық дайындығын құраушы маңызды бөлік – оның көмек көрсетуге дайындығы.

Инклюзивті білім беруді дамыту үшін колледжде білім беру жүйесіне өзгертулер енгізуде келесі іс-әрекеттер қарастырылады:

- 1) ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қосымша қызмет және қолдау көрсетуді қарастыратын оқу жоспарын құрастыру;
- 2) оқу мазмұнын студенттің тәжірибесі, өзіндік дамуына бағыттау;
- 3) күнделікті оқу үрдісінде пайда болатын қиындықтарды анықтап, оларды жеңуде студентке қолдау көрсету, әрбір нақты жағдай үшін қарастырылған бағалау үрдістері арқылы білім алушының жеке даму ерекшеліктеріне жетекшілік жасау;
- 4) оқу үрдісінде тиімді, белсенді және қажетті технологияларды қолдану;
- 5) кеңістіктік кедергілерді барынша азайту немесе жою және білім алушының оқу әрекеті мен қарым-қатынас ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін техникалық және компенсаторлық көмекші құралдарды пайдалану.

Бұл бағытта басты рөл және жауапкершілік білім беру ұйымдары мен колледж әкімшілігіне жүктеледі. Олар басқару үдерісін дамытып, бағдарламаларды, оқытудың түрлі қалыптарын және білім мен дағдыларын бағалау әдістерін, білім алушылардың бір-біріне көмек беруін оңтайландыруды, кедергілерді жоюды, колледж бен қоғамның, ата-аналардың арасында өзара тығыз байланыстарды қамтуға арналған нұсқаулық, әдістемелік материалдарды қайта қарастырулары қажет. МШБ білім беру бағдарламаларын меңгеру мәселесін нәтижеге бағытталған білім беру модельдерін енгізу арқылы шешуге болады. Білім берудің жаңа парадигмасының бейнесі ретінде нәтижеге бағытталған, білім беру моделінің мақсаттары мен мазмұны құзыреттіліктер түрінде ұсынылған, күтілетін нәтижелерге негізделеді. Даму бұзылыстары бар балаларға жоғары деңгейлі оқу жетістіктеріне қол жеткізуге түрлі

деңгейлерде оқытуды енгізу, білімдерді бағалауда жаңа бағыттарды іске асыру мүмкіндік береді. Білім беру ортасын өзгертуді жоспарлауда, ең алдымен түрлендірудің қаншалықты қажет екендігін анықтау керек. Әрине, көп жағдайларда өзгерістер даму ерекшеліктері бар балаларды оқытуға жағымды жағдайлар жасау үшін енгізіледі. Қажетті өзгерістерді келесі 5 топқа жатқызуға болады: білім беру кеңістігі, оқу құралдары, ресурстар, оқыту стратегиялары, білімдерді меңгеру деңгейін анықтау жұмысы [3].

Оқу құралдарын түрлендіру. Ерекше білім қажеттігі бар білім алушыларды қалыпты ортаға қосылу үрдісінің жеңіл өтіп, нәтижелі болуына қол жеткізу үшін оқу құралдарын өзгерту және түрлендіру керек. Қазіргі топта тілді зерттеу – оқу мен жазу бойынша көптеген жаттығуларды орындаумен бекітілетін маңызды міндеттердің бірі. Оны шешуде «қиын оқылатын» оқу құралдарын қолданбаған дұрыс. Бір балалар үшін шрифті үлкейту керек, басқалары үшін – аралық көрсеткішті екі есе үлкейтіп, шрифтің басқа түрін қолданған дұрыс. Мұндай өзгерістер қабылдау барысын жылдамдатады, ал оқу құралдары ұнамды болады және де МШБ оқу үрдісіне көп күш жұмсамауын қамтамасыз етеді. Оқу құралдарын түрлендіру тәсілдері:

- оқуды жеңілдету;
- маңызды белгілерді шрифтпен немесе түстермен бөліп көрсету;
- қажетсіз мәліметтерді қысқарту;
- көріп қабылдауын сурет, диаграмма, сызба, PowerPoint таныстырылымдары арқылы белсендендіру;
- материалдың тілдік құрылымы жеңіл болуы үшін қарапайым сөздерді қолдану;
- тәжірибелік сипаты мен өзектілігі жоғары таңдаулы мәтіндерді қосу;
- аудиожазба, бейнефильм сынды альтернативті материалдарды қолдану;
- заманауи жаңа материалдарды енгізу;
- білім алушы ерекшелігіне қарай күнделікті үй тапсырмаларын дайындау.

Оқу-құралдарын түрлендіруде оқытушылар олардың мазмұндық-мағыналық бөлімін үнемі назарда ұстаулары қажет. Кейбір жағдайларда білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға негізгі оқу жоспары материалының тек міндетті сәттеріне тоқталу керек. Жалпы, колледжде инклюзивті білім беру мазмұнының барлық бірліктерін: оқулықтар мен оқу бағдарламаларын білім алушылар категорияларына сәйкес түрлендіру және бейімдеу қажет. Сондықтан олардың бірқатары мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға жарамайды және де студенттердің топ жұмысына толыққанды қатысуына кедергі болады. Мұндай білім алушылар үшін материалдарды олардың танымдық даму деңгейіне, қарым-қатынас дағдыларына сәйкес жинақтау қажет [4].

Ерекше білім қажеттіліктері бар студенттер үшін арнайы білім беру жағдайын ұйымдастыру барысындағы маңызды шарттардың бірі – психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ПМПК). Ол ортақ мақсаттармен біріккен мамандар ұжымын құрайды. ПМПК жеке оқыту бағдарламасына сәйкес ерекше оқыту қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асырады және инклюзивті білім беру ортасының барлық субъектілеріне қолдау көрсетеді. Инклюзивті білім беруді іске асыруда ПМПК-ның рөлі – тактикалық міндеттерді әзірлеу, оқу-тәрбие үрдісіне әр түрлі мамандарды жүйелі кіріктіру, колледждегі қажетті жағдайларды талдап тексеру, нақты түзету бағдарламаларын, оқыту стратегияларын, білім алушының адекваттық ерекшеліктерін және барлық жағдаяттарды қалыпты ортаға енгізу технологияларын іріктеу.

Инклюзивті білім беруде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандардың (топ жетекшісі, психолог, әлеуметтік педагог және т.б.) қызмет жүйесі ретінде мыналарды қамтиды: мүмкіндігі шектеулі және қалыпты дамуы бар білім алушылар, олардың ата-аналары, сондай-ақ инклюзивті практикаға қатысатын педагогтар.

Сүйемелдеу қызметінің мамандары өз қызметін психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумның (ПМПК) ұсынымдары негізінде жүзеге асырады, олар мүмкіндігі шектеулі балаға арнайы білім беру жағдайларын жасау кезінде міндетті есепке алынады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесінде «Мүмкіндігі шектеулі бала» мәртебесінің болуы немесе болмауы туралы ақпарат алу маңызды екенін атап өткен жөн: ПМПК-дан өткен немесе өтпеген, сондай-ақ мүгедектіктің болуы немесе болмауы [5].

Сүйемелдеу қызметкерлері іс-әрекеттің стратегиясы мен тактикасын, мамандардың жұмыс бағдарламасын анықтай отырып, мыналарды ескереді:

- білім алушының мүгедектігі бар даму деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес оқыту және дамыту үшін білім беру ұйымының білім беру ортасының мүмкіндіктері;
- педагогикалық, балалар және ата-аналар ұжымдарында эмоционалды қолайлы климат құру мәселелері;

- мүмкіндігі шектеулі білім алушының психикалық, жеке және әлеуметтік дамуын диагностикалау ерекшеліктері;

- жеке-топтық сабақтарда түзету-дамыту бағытындағы бағдарламаларды іске асыру ерекшелігі.

Осыған байланысты білім беру ұйымында инклюзия жағдайында жұмыс істейтін сүйемелдеу қызметтерінің мамандарына жеткілікті жоғары кәсіби талаптар қойылатынын атап өтеміз: тиісті жоғары білімінің болуы, қызмет бейіні бойынша біліктілік. Мұндай маман мүмкіндігі шектеулі студенттерді диагностикалау, кеңес беру, түзету, оқыту және дамыту әдістемелерін меңгеріп ғана қоймай, проблемалық жағдайларды жүйелі талдауға, оларды шешуге бағытталған қызметті бағдарламалауға және жоспарлауға, осы мақсатта білім беру процесіне қатысушыларды ұйымдастыруға қабілетті болуы керек.

Ерекше оқыту қажеттілігі бар тұлғаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендіруде инклюзивті білім берудің теориялық-методологиялық негізі отбасы рөлі арқылы ашылады. Ата-аналармен өзара әрекеттесу – кәсіби әдептілікті, төзім және психологиялық білімді талап ететін педагогикалық іс-әрекеттің жетілген түрі. Жеке тұлғаның дамуындағы бұзылыстарды түзету-дамыту жұмыстарына ата-аналардың қатысуы және олардың тарапынан қолдау көрсету мәселені айрықша табысты еңсеруге ықпал етеді. Білім алушыларды әлеуметтендіру мен бейімдеуде ата-аналардың рөлі орасан зор.

Қолданылған әдебиеттер

1. Адырбаева М.Ж. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі психологиялық–медициналық педагогикалық консультацияның жұмыс барысы. -Алматы, 2011.
2. Батырғалиева А.С. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу жолдары.-Алматы, 2011.
3. Байменова Б.С. Развитие инклюзивного образования в Казахстане и за рубежом: учебное пособие /Б.С.Байменова. - Алматы: издательство «Эверо», 2017. -148.
4. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 14 б.
5. Инклюзивті білім беру: теория, практика, тәжірибе халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 562 б.
6. <https://stud.kz/referat/show/119679>
7. <https://ult.kz/post/inklyuzivti-bilim-beru-mektep-pen-kolledzhderde>

ӘОЖ 337.376

АУТИСТІК СПЕКТРЛІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Туганбекова К.М., Ахмет А.Қ.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды

Аннотация. Мақалада аутистік спектрі бұзылған балалардың коммуникативтік дағдыларының даму ерекшеліктері, сондай-ақ аутистік спектр бұзылулары кезінде және нормадағы вербалдық және вербалдық емес дағдылар сипатталған.

Кілт сөздер: аутизм спектрінің бұзылуы, коммуникативті белсенділік, қарым-қатынас дағдылары, вербалды емес дағдылар.

Аутистік спектрі бұзылған баланың сөйлеу тұрғысынан дамуының бұзылуы вербалды емес коммуникацияны қалыптастыру деңгейінде көрініс табады. Ерте жастағы аутистік балаларда серуендеу мен өркендеудің төмендеуі байқалады, дыбыс сапасы бойынша олар әдеттегідей кәдімгі балалармен ерекшеленеді. Сонымен қатар, баланың дыбыстарды қарым-қатынас үшін пайдаланбайтыны, нормадан артық ойнайтыны байқалады. Бір жасқа дейінгі балаларды бақылау олардың туысқандарына қарау үшін қимылды, мимиканы жеткіліксіз пайдаланатынын, ересектерге қол сұқпайтынын, өздерін қызықтыратын нәрсеге назар аудармайтынын, ойындарға қатыспайтынын көрсетті.

Нормативтік дамып келе жатқан балалардың туғаннан бастап әлеуметтік өзара іс-қимылға бейімділігі байқалады. Баланың әлеуметтік ынталандыруға, мысалы, адамның дауысы мен тұлғасына таңдаулы қызығушылығы ерте көрінеді. Өмірінің алғашқы айларындағы балаларды байқаған кезде олардың анасымен көзбен байланыста ұйқының едәуір бөлігін өткізе алатыны көрінеді. Көзқарас арқылы тікелей байланыс қарым-қатынас процесін іске қосу және реттеу функциясын қамтиды.

Өнер интеграциясының қазіргі тәжірибелікі көркемдік білім беруде жаңа формалар мен жаңа әдістерді анықтап, дамытуды қажет етеді. 20 ғасырда Көркемдік білімнің дамуының шарықтау кезеңі жеке формада емес, белгілі бір мамандыққа жеке өнер түріне виртуозды шоғырланды. Бүгінгі таңда білімді жинақтау және жалпылау ғылымның жаңа салалары мен пәнаралық ғылыми бағыттардың қалыптасуымен сипатталатын ғылыми дамуға алып келеді. Білім беруді модернизациялаудың заманауи тенденцияларының бірі болып табылатын интегративті тәсіл тұжырымдамасы білім берудегі жүйелік көзқарас ұғымымен тығыз байланысты.

Бүгінгі таңда зерттеушілер әлемдік білімнің тұтастығын және білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды кіріктіруді қамтамасыз ететін білімнің әртүрлі салаларының ішкі байланыстарын «халықаралық интеграция» ұғымына ерекше қарастырады.

Қазіргі уақытта интеграция және интегративті тәсіл ұғымдары кеңінен әртүрлі аспектілерде қолданылып, қарастырылады. Д.Н. Ушаковтың сөздігінде «интеграция» даму процесінде кез келген бөліктердің немесе элементтердің біртұтас тұтастыққа бірігуі ретінде түсінік береді [1, 283–288].

Қазіргі білім беруді дамытудың тенденцияларының бірі оның мазмұнын интеграциялау болып табылады.

Интеграция – әр түрлі ғылыми салалардың материалдарын біріктіруге, пәнаралық тәуелділіктер мен байланыстардың болуына негізделген жүйелі құрылымдық білімді қабылдауға бағытталған бағыт.

Интеграция (лат. *integratio* қалпына келтіру, толықтыру) кез келген бөліктерді немесе элементтерді бір бүтінге біріктіру; олардың дифференциация процестерімен қатар жүретін ғылымдардың жақын байланыс үрдісі.

Кіріктірілген сабақтар балалардың табиғаттағы, қоғамдағы және жалпы дүниедегі құбылыстар арасындағы байланыстарды түсінуге, дүниенің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Кіріктірілген сабақта дидактикалық мақсаттар жақсырақ орындалады: танымдық, дамытушылық және тәрбиелік. Белсенді оқытудың бір түрі ретінде сабақтың кіріктірілген түрлерін (сыныптан тыс жұмыс) қарастыруға болады. Бұл оқытудың тиімділігін арттыруға, әртүрлі құралдар мен оқыту әдістерін пайдалана отырып, оқытудың барлық принциптерін біріктіріп, тәжірибеде жүзеге асыруға болады. Кіріктірілген сабақ дәстүрлі тәсілдер аясында жүзеге асыруда қиын бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Пәнаралық байланыстар мәселесі педагогика үшін жаңалық емес, оның шешілуі қоғам дамуының кезеңдеріндегі ғылыми білімнің дифференциациялану және интеграциялану процестері туралы философиялық көзқарастармен негізделеді.

Интегративті тәсілді зерттеген ғалымдардың пікірінше: интеграция дегеніміз белгілі бір саладағы жалпылама білімді оқу материалына мүмкіндігінше тереңірек кіріктіру; интеграция бұл білім беру элементтерінің (білім, әдістер және т.б.) қарапайым үйлесімі (қосу) емес, бір пәнмен (бағытта) шешілмейтін қайшылықтарды шешу.

Н.Антонованың пікірінше, «интеграция – бұл бөлу, дифференциация, синтездің қарама-қарсы процестерімен бірлік арқылы көрінетін білімнің өзара енуі, тығыздалуы, бірігуі», - дейді [2, 220–221]. Өнердің қазіргі заманғы жалпы синтезі және бейнелеудің синкреттік сипаты өнер тарихында жаңа әдіснамалық көзқарастардың дамуына ықпал етеді, олардың бірі - компаративизм - әртүрлі көркемдік құбылыстардағы байланыстарды, ұқсастықтарды немесе айырмашылықтарды салыстырмалы түрде зерттеу әдісі.

Қазіргі заманғы өнер шындығындағы интеграциялық процестер көркемдік білім беру жүйесінің кеңеюі мен динамикасына, инновациялық формалар мен әдістердің енгізілуіне әкеледі. Оған мысал ретінде Т.Жүргенов атындағы Қазақ өнер академиясында «Өнертану» мамандығы бойынша жаңа

мамандық ашылды. Өнердің барлық түрлерінің тарихы мен теориясын терең зерттейтін мамандар республикамызда алғаш рет дайындала бастады. Өнердің әртүрлі түрлері бойынша практикалық дағдылары бар студенттер оқытушылармен бірлесе салыстырмалы талдаудың инновациялық әдісін меңгереді, өнердегі интеграциялық процестерді жан-жақты зерттейді.

Заманауи көркемдік білім беру арқылы қоғамның әлеуметтік және функционалды қажеттіліктері жүзеге асырылады, соған сәйкес дәстүрлі мамандықтар (музыка, театр, бейнелеу өнері саласында) жетілдіріліп қана қоймай, сонымен қатар жаңа, техногендік, аудиовизуалды мамандықтар да қалыптасады.

Көркем білім беру жүйесінде инновациялық мамандықтардың пайда болуы мен таралуы оның үлкен шығармашылық мүмкіндіктерін көрсетеді, оның көмегімен жаңа кәсіби тәжірибе игеріледі, көркемдік мәселелер қайта қарастырылады, инновациялық білім беру мүмкіндіктері жүзеге асырылады, формалары жетілдіріледі.

Салыстырмалы түрде өнертану әдістемеге баса назар аударылады, мәселен біртұтас көзқарасты талдау үшін өзекті, құрылымды таңдай келе, оны өнердің бірнеше түріне жобалайды. Бұл әр адамға ортақ өнердің осы немесе басқа түріне тән ерекше нәрсені табуға мүмкіндік береді. Осылайша, өнердің жанрлары мен түрлерін мәнерлі формалары мен құралдарын салыстыруға мүмкіндік болады.

Мұндай әдістер ассоциативті ойлаудың кеңейтуіне, көркем мәтінді түсіндіру мен қабылдауды байытуға, оған қосымша интерпретациялық реңк беруге әкеледі. Аналитикалық, академиялық және инновациялық принциптерді біріктіру негізінде өнер тарихындағы жаңаша негізі бағыт басым қалыптасады.

Өмірдегі қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайлар, өнердегі интеграциялық процестер көркемдік білім беруді ұйымдастырудың жаңашыл тәсілдерін айқындайды.

Көркемдік білім беру жүйесін біртұтас (мектеп – орта арнаулы оқу орны – ЖОО) ретінде қарастыратын болсақ, онда ол дәстүрлі классикалық көп типті (әртүрлі өнер түрлеріне сәйкес) сараланған білім беруді ғана емес, сонымен қатар өнердің көркемдік синтездеу тәжірибесі мен білім беру жүйесіне негізделген инновацияларды қамтуы мүмкін.

Қазіргі заманғы көркемдік білім «көп бейінді» болуы керек. Орта арнаулы оқу орындарында кәсіптік білім берілсе, жоғары оқу орындарында білім беру жаңа деңгейде, білімді жалпылау және синтездеу, білім беру мазмұны мен нысаны бойынша материалды (технологияларды) ұсыну жаңашылдық принцип болып табылады [3].

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз етуді сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беруді талап етуде. Жаңа заманның білімді ұрпақтарын тәрбиелеп оқытуда түрлі қиындықтар кездеседі.

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазір бүкіл әлемде интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға аяқ бастық. Бүгінгі күні инновациялық әдістермен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып табылады [4].

Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет. Жоғарыда айтылғандарға байланысты мынадай қорытынды шығаруға болады: өнерде жаңа біріктіруші ағымдар, не өз алдына біртұтас, не өнердегі сан алуан құбылыстарды салыстырмалы талдауға ықпал етіп, оны дамыту қажеттілігін айқындайтын жаңа бағыттар пайда болды. Қазіргі көркем мәдениеттің мұндай шындықтары көркемдік білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін инновациялық кеңейтуге негіз береді.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі.

Пайдаланылган ақпараттық көздердің тізімі:

1. Адамко М.А. Особенности обучения английскому языку в вузе в современных условиях //Вектор науки Тольяттинского государственного университета. – Т., – 2021. - №3-2. – С. 283–288
2. Антонова Н. Интеграция как способ оптимизации учебного процесса //Интеграция образования. - 2018. - Т.22. - №2. – С. 220 – 221.
3. Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2020

УДК 75(575.1)

ЛИРИКА - ПОЭТИЧЕСКАЯ ТЕНДЕНЦИЯ В ПЕЙЗАЖНОЙ ЖИВОПИСИ УЗБЕКИСТАНА

Д. Ж. Туланова

*Ташкентский государственный педагогический университет имени Низами, 700035, Ташкент,
Узбекистан.*

К.Т. Кошқумбаев

Казахдинский исследовательский университет имени Е.А. Букетова. Казахстан

Исследование современной пейзажной живописи показывает, что в полотнах живописцев Узбекистана тема родной природы, тихих уголков Родины, монументальная красота горных просторов занимает одно из ведущих тенденций пейзажной живописи. Чтобы раскрыть особенности развития этих тенденций необходимо исследовать истоки появления, становление и развития стилистических качеств лирико-поэтического пейзажа, которое впервые зазвучало во второй половине 1950-х, в одно время с творческими поисками ведущих пейзажистов исследуемого периода У. Тансыкбаева, Н.Карахана.

Одним из наиболее оригинальных мастеров пейзажа, смелым и неожиданным колористом является **Р. Ахмедов** [1924-2008]. Влияние Матисса в многочисленных натюрмортах на пленере, смелость в колорите, ощущается ментальность в зимних пейзажах, связь с природой, сохранение в этюдах и законченных пейзажах природных состояний (например, узбекская зима «Зима в Ак-Таше» 1975, «Солнечная осень»). Пейзаж не фон, а среда бытования [4, С.39]. Сам художник оставил огромную школу (Р.Тимуров, З.Ковалевская и др.), и внес много позитивного, когда руководил Союзом Художников Узбекистана.

Творчество З. Инагамова созвучно творчеству Р. Ахмедова, оба художника используют природу как обязательный фон для человеческих фигур.

Жанрово - лирическая интерпретация сельской местности в пейзажах **М. Саидова** [1923-2000]. Объединение жанровых мотивов с пейзажной средой приведет к созданию бытовой картины [1, С.75].

Рузы Чарыев [1931-2004] родился в горном кишлаке Узбекистана Пашкурт Сурхандарьинской области. Еще мальчиком он по-своему открыл для себя красоту родного края, наполнившего его искусство особенным содержанием. Его творчество - изобразительная поэма о земле и о ее людях. В картинах Чарыева все движется, растет, изменяется, рождается заново. Ему присуще удивительное качество - умение сохранить во всех работах особую легкость и свежесть восприятия, энергию линий, контура, мазка, используя декоративность цвета и экспрессию линий. Р. Чарыев серьезно изучал национальную культуру, используя ее достижения для выработки и совершенствования собственного стиля. Именно эти разнородные источники [и не только они, но еще целый пласт русского и зарубежного искусства XIX-XX вв.] сплелись в единую эстетическую систему у художника. Чарыев, наделенный уникальным цветовым видением мира, особенно изучал цветовые поиски постимпрессионистов и локальный колорит восточной миниатюры.

Г. Абдурахманов [1934-2020] - Творческая биография мастера началась на рубеже 60 - 70 годов, когда им были созданы такие произведения как «Ангрен. Осень» [1960], «Сенеж» [1965], «Ельник» [1970], «Семья» [1971], выразительность которых больше строилась на чувстве, чем на пластической содержательности и мастерстве. Именно пейзажи стали «визитной карточкой» художника, истоки этого предпочтения среди жанров, берут начало в период ученичества, во время работы в мастерской Р. Ахмедова, который очень часто вне программы увозил своих воспитанников на пленэрные этюды.

Творческая эволюция Г. Абдурахманова происходила медленно, без резких скачков. Его живопись не отличается повышенной цветовой декоративностью и напряженной, обогащенной палитрой, присущей полотнам его современников (Е. Мельников, А. Мирзаев). Не привлекал его и другой, иррациональный мистический аспект, явившийся одним из ответвлений узбекского авангарда, прозвучавший в живописи Ж. Умарбекова, В. Ахунова, продолженного Ж. Усмановым, Ф. Ахмадалиевым. В своих картинах, художник, работавший в реалистическом русле, основное внимание уделял композиции, даже если на первый взгляд все они кажутся несколько однотипными по структурному построению, зато их отличает удивительная последовательность, в них чувствуется неуклонное стремление автора создать законченное живописное произведение. Начиная с первых своих картин, он стремился прочувствовать выбранный им мотив и воплотить свои поэтические переживания. Это такие произведения как «Ангрен. Осень» [1960], «Иссык-Куль» [1960], «Сенеж» [1965], «Зима в Ташкенте» [1976]. В пейзажах раннего периода подкупает наблюдательность и искренность художника. Этот жанр живописи стал основным и самым близким средством художественного самовыражения молодого еще тогда Г. Абдурахманова. Пейзажи его чаще всего небольшие по размерам, но автор постоянно заботится о композиции и завершенности исполнения. В его работах нет фрагментарности, острых ракурсов, неожиданных точек зрения, наоборот он стремится к целостному восприятию природы, подчиняя пейзажный образ единому настроению. Это настроение задается не темой как таковой, а скорее выбранной художником колористической средой и самим пластическим решением. В поисках наибольшей образной выразительности, Абдурахманов постоянно варьирует манеру, колорит и добивается цельности композиционного решения («Стадион Пахтакор» [1972]).

Особенно важными для творческого роста Г. Абдурахманова послужили зарубежные поездки художника. Он писал натурные этюды в Болгарии, Франции, Польше, Крыму и во многих других городах и странах, запечатлевая характерные пейзажные мотивы: морские берега, памятники архитектуры, набережные порты, красивые зоны отдыха. Эмоциональная палитра его «привозных» этюдов разнообразна. Чаще всего они носят лирический, созерцательный характер. Но вместе с тем зоркий глаз художника всегда улавливает, что-то особенное, неповторимое. Из этих картин хотелось бы выделить серию крымских работ «Гурзуф». Данная серия картин - своеобразная сюита из нескольких десятков холстов, связанных между собой общим настроением. Гурзуф – это отдельная неиссякаемая тема творчества художника. Трудоголик по складу личности, всегда в движении, он наслаждается работой, как самой жизнью, а грядущие планы - постоянный источник его оптимизма. Его живопись, особенно жанровая, благодаря мастерству колориста удивительно нежна и даже чуть идеалистична, но, все же, не уводит зрителя в символизм, за грань реального.

Лирические пейзажи Рашида Тимурова отличаются близостью колористической гаммы натурным, природным тонам. Картины Р. Тимурова это тонкость и благородство колорита, преобразующий обычный мотив в неповторимое природное явление. Индустриальные пейзажи [«Чимкурганское водохранилище» [1962], «У берегов Южносурхандарьинского водохранилища» [1962] и др.] Тимурова, исследуемого периода не лишены поэтического начала, когда световоздушная среда уменьшает впечатление от тяжести индустриальных построек. Если колорит ранних работ Тимурова это сложная серебристая гамма [«Самарканд» [1958]], ставшая для него характерной, то впоследствии в произведениях мастера появляются яркие и насыщенные тона [«Усыпальница Тимуридов в Самарканде» [1968], «Главный портал Биби-Ханым» [1973], «Весна в окрестностях Самарканды» [1981], «Осенний день у мавзолея Тимура» [1982]]. Свойственны его работам также спокойная, четко структурированная композиция, неторопливые ритмы. Возможно, что на особенности живописи художника повлияло длительное изучение реставрации изразцовых плит древних памятников города-музея.

Своеобразное воплощение природы интересно проследить в творчестве А. Мирсагатова. В 1970 - 1980 гг. художник по-прежнему верен выбранной теме в своем творчестве - он создает ряд полотен, где запечатлевает прекрасные уголки родной страны. С помощью богатой цветовой гаммы и особых, авторских, композиционных приемов, он удивительно точно передает эмоциональное состояние природы. Таковы картины «Осень в Заамине» (1972), «Назарбек» (1973), «Бахмал» (1973), «Река Чирчик» (1980). Работа «Заря. Утро Родины» (1974) была создана как панорамная композиция, что свидетельствует о его творческом подходе к освоению стиля и традиций, выработанных в свое время художниками старшего поколения. Значительное влияние на творчество А. Мирсагатова оказали работы французских импрессионистов и постимпрессионистов — К. Моне, К. Писсаро, П. Сезанна и др. Смелые виртуозные мазки в работе «Вид на Ханкиз» придают композиции объем, напряжение, напор, передают стремительное течение воды, в спешке преодолевающей преграды и пробивающей себе новый путь. Известные произведения А. Мирсагатова – «Яккатерак. Сумерки» (1996), «Бахмал»

(1999), «Газалкент» (1990), «Фисташковое дерево в цвету» (1998), «Ходжикент» (1998), «Дорога в горы» (2004), «Расцвел урюк» (2004), «Весеннее настроение» (2005), «Алые паруса» (2007) по праву можно отнести к лучшим образцам узбекской пейзажной живописи. Эти полотна отличает своеобразный авторский почерк, который делает их узнаваемыми в широкой панораме живописных работ других художников. Пейзажи А. Мирсагатова – это всегда неповторимый стиль, мастерство и своеобразное видение окружающего мира.

Как можно увидеть выше все работы перечисленных художников объединяет личная лирическая интонация. Для работ М.Саидова, Р. Ахмедова и др. рубежа 1960-х -1970-х годов характерно еще большее обострение тонового видения живописца, находившего в природе бесконечное многообразие цветовых нюансов. Это дало возможность мастерам выразить еще более глубокое и сложное эмоциональное состояние. В этот период линия развития образов в лирическом пейзаже движется по пути смещения граней между прямым и переносным, вещественно-конкретным и обобщенным смыслом. У художников в полотнах сквозь частое и конкретное просматривается основополагающее. Например, проблема смысла жизни человека, ее круговорот – то, что объединяет мотивы весны, пробуждения, цветения, угасания, вечера, реки, дороги и т.д. Таковы работы Р. Ахмедова, Р.Тимурова, З.Ковалевской, Н. Кузыбаева. Сходные поиски присутствуют в работах М. Саидова, Р. Чарыева, Г. Абдурахманова, А. Мирзаева и целого ряда других мастеров. Имеется в виду стремление к обобщению, к поэтизации образа природы. Художники своеобразно претворили в своих пейзажных полотнах традиционную линию пейзажа настроения, берущую начало от работ русских художников Ф.А. Васильева, А.К. Саврасова. Многих художников объединяет, несомненно, вера в особое назначение природы, в данном случае, как источника, питающего лучшие качества человека. В качестве заключительной мысли следует сказать, что в пейзажах этого периода через все многообразие сюжетов проходит тема мироощущения человека, это специфическая особенность пейзажной живописи важна тем, что последующее поколение пейзажистов и в особенности современные художники, которые обращаются к данному жанру (Х.Мизаахмедов, Е.Ли, И.Шин, А.Мирсагатов, А.Юнусов) наиболее широко представляют в своих живописных полотнах именно эти тенденции.

Список использованных информационных источников:

1. Khakimov A. Art of Uzbekistan: history and modernity. – Tashkent: San’at, 2010. – 504 p.
2. Akhmedova N. Painting of Central Asia of the twentieth century: traditions, originality, dialogue. Tashkent, 2004. – 224 p.
3. Tulanova, D. Zh. (2023, January). MAIN TRENDS IN LANDSCAPE PAINTING IN UZBEKISTAN IN THE FIRST HALF OF THE XX CENTURY. In conference area E (pages 19-24).
4. Tulanova, D. Zh. et al. Study of the creativity of Ural Tansykbaev in the patriotic education of youth. Collection of articles from the international scientific and practical conference “Current problems of art education, integration and promising trends”, dedicated to the 105th anniversary of the People’s Artist of Uzbekistan, holder of the Order of Great Merit, honorary member of the Academy of Arts of Uzbekistan, Academician Malik Nabiev. 22.04. 2021. 279 pp.

ЭОЖ 371.3

ГЛОБАЛИЗАЦИЯНЫҢ ӘРТҮРЛІ ЕЛДЕРДЕГІ ӨНЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНЕ ӘСЕРІ

Аблаев Ә.А.,

*Е А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының оқытушысы, п.ғ.м.*

Гылимов Д.Т.,

*Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
I курс докторанты*

Ғаламдану (глобализация) қазіргі қоғамның маңызды үрдістерінің бірі болып табылады және ол барлық салаларға, соның ішінде білім беру жүйесіне де ықпал етеді. Өнерді оқыту әдістері осы үдерістен айтарлықтай өзгеріске ұшырап отыр. Әлемдегі әртүрлі елдерде өнерді оқыту жүйелері өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне, мәдениетіне және тарихына сүйене отырып дамығанымен, ғаламдану олардың арасында ортақтықтар қалыптастырып, білім беру жүйелерін жақындастыруда. Бұл

мақалада әртүрлі елдердегі өнерді оқыту әдістері қалай өзгеріп жатқаны және ғаламдандудың Қазақстандағы өнерді оқытуға қандай әсері болғаны талқыланады.

АҚШ-та өнерді оқыту инновациялық тәсілдермен ерекшеленеді. Онда студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға және жеке тұлғалық ерекшеліктерін ашуға ерекше көңіл бөлінеді. Өнер мектептері мен университеттерінде теория мен тәжірибе тығыз байланыста. Мысалы, студенттер сабақ барысында заманауи технологияларды (3D модельдеу, цифрлық өнер) қолданады, бұл олардың заманауи өнердің жаңа бағыттарын игеруіне мүмкіндік береді. Әр түрлі көрмелерге, шеберлік сыныптарына қатысу арқылы студенттер өз өнерін көпшілікке таныстыруға үйренеді. Сонымен қатар, өнер және мәдениет саласында қаржыландыруды көбейту, жеке шығармашылық студияларды дамыту – АҚШ-та өнерді оқытудың маңызды аспектілерінің бірі.

Жапонияда өнерді оқыту дәстүрлі және заманауи бағыттардың үйлесімінде жүзеге асады. Бұл елдің өнер білім беру жүйесі ұлттық мәдениеттің бір бөлігі болып табылады және көркем шығармашылықтың ұлттық элементтерін сақтау мен дамытуды көздейді. Мысалы, каллиграфия, икебана, кимоно өнері сынды жапондық дәстүрлі өнер түрлері мектептер мен жоғары оқу орындарында міндетті пәндер ретінде оқытылады. Сонымен қатар, Жапонияның білім беру жүйесінде эстетикаға көп мән беріледі. Балалар жастайынан табиғатқа, сұлулыққа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиеленеді. Бұл ретте цифрлық технологиялар да қарқынды енгізілуде, студенттер бейне редакторлармен, графикалық бағдарламалармен жұмыс істеуді үйренеді.

Еуропа елдерінде өнерді оқыту көбіне классикалық негізде құрылып, жаңа технологиялармен және жаңашыл әдістермен толықтырылады. Франция, Германия және Ұлыбритания сынды елдерде өнерді оқыту процесінде студенттердің тәуелсіз шығармашылық зерттеуіне, көркем шығармалар талдауға үлкен көңіл бөлінеді. Теориялық сабақтар мен практикалық жұмыстар қатар жүреді. Мысалы, Франциядағы Сурет академиялары студенттердің бейнелеу өнері мен мүсін өнері дағдыларын терең меңгеруін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, соңғы жылдары өнер саласында цифрландыру белсенді түрде жүзеге асуда: мультимедиа, цифрлық кескіндеме, виртуалды шындық секілді жаңа бағыттар оқыту бағдарламасына енгізілуде.

Қазақстанның өнерді оқыту жүйесінде ұлттық мәдениетке, дәстүрлі өнерге ерекше мән беріледі. Мектептер мен университеттерде халықтық өнер түрлері, ұлттық қолөнер, ою-өрнек, музыкалық аспаптарды меңгеру басты назарда. Алайда, ғаламдандудың әсерімен бұл әдістер заманауи әдістемелермен толықтырылады. Мысалы, дәстүрлі өнерді оқыту кезінде жаңа технологиялар, медиа құралдары пайдаланылады. Қазақтың ұлттық өнері әлемдік деңгейде танымал болу үшін цифрлық платформалар мен көрмелер арқылы насихатталуда. Бұл бағытта елдің мәдениет және білім беру мекемелері бірлесіп жұмыс істеуде.

Қазақстандағы өнерді оқытуда цифрлық құралдардың қолданылуы айтарлықтай өсіп келеді. Оқу орындары студенттерді заманауи өнердің цифрлық түрлерімен таныстыруға баса назар аударып отыр. 3D-графика, анимация, бейне монтаждау, виртуалды және толықтырылған шындық сынды технологиялар өнерді оқытудың ажырамас бөлігіне айналууда. Мысалы, Қазақстанның белгілі өнер университеттерінде студенттер осы бағыттарда оқытылып, жаңа құралдарды игеруде. Бұл заманауи технологиялардың енгізілуі ғаламдандудың Қазақстанның өнер білім беру жүйесіне тигізген маңызды әсерлерінің бірі болып табылады [1].

Ғаламдандудың арқасында Қазақстанның өнер саласындағы оқу орындары шетелдік тәжірибені кеңінен қолдануда. Халықаралық көрмелер, фестивальдер, шетелдік мамандардың шеберлік сыныптары – барлығы да отандық студенттердің әлемдік өнер үрдістеріне қолжетімділігін арттырады. Мысалы, Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатып, студенттерге халықаралық бағдарламалар арқылы білім алуға мүмкіндік беруде. Сондай-ақ, халықаралық мәдени жобалар аясында Қазақстан өнерінің өкілдері шетелде оқытылып, өз біліктіліктерін арттыруда.

Қазақстандағы өнерді оқытудың ғаламдану әсері және оның өзектілігі айрықша мәнге ие. Ғаламдану жағдайында Қазақстанның өнер саласында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мәселесі ерекше маңызға ие. Бүгінгі таңда өнер адамдарының әлемдік деңгейде танылуы және елдің мәдени әлеуетін жаһандық аренада көрсетуі маңызды. Бұл мақсатта өнерді оқыту әдістері жаңа талаптарға сай бейімделіп, білім беру жүйесі халықаралық стандарттарға жақындай түсті [2]. Қазақстандық өнер студенттері әлемдік деңгейдегі конкурстарға, көрмелерге қатысып, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуда. Осы тұрғыдан алғанда, ғаламдану Қазақстанның өнер саласындағы мамандарының білімі мен дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды фактор болып отыр. Бұл үдеріс бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды жолы саналады. Ғаламдану Қазақстан үшін тек технологиялар мен жаңашыл әдістерді меңгеру ғана емес, ұлттық мәдениетті сақтау мен насихаттау

міндетін де жүктейді. Өнерді оқыту барысында ғаламдану арқылы елдің бай мәдени мұрасы жаңа деңгейге көтеріледі.

Қазақстанда ұлттық өнер түрлерін заманауи әдістермен оқыту арқылы жас ұрпаққа ұлттық мәдениетке деген құрмет қалыптастыруға, сонымен қатар оны әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік туады. Бұл тұрғыдан алғанда, өнерді оқыту әдістерін дамыту мен ғаламданудың ықпалын дұрыс пайдалану ұлттық мәдениеттің әлемдік сахнада сақталуы мен насихатталуына жағдай жасайды. Қазақстандағы өнерді оқыту әдістері ғаламданудың әсерімен жаңа бағыттар мен пәндерді қамти отырып, жан-жақты білім беруге бағытталып отыр [3]. Өнер саласының студенттері енді тек бейнелеу өнері, мүсін, музыка секілді дәстүрлі бағыттарды ғана емес, цифрлық өнер, заманауи медиа өнері сияқты жаңа салаларды да меңгеруде. Бұл интеграциялық процесс білім беру жүйесін жаңғыртуда маңызды рөл атқарады. Мысалы, Алматы мен Астанадағы өнер оқу орындары заманауи медиа-технологиялар мен виртуалды шындықты қолдану арқылы жаңа білім беру әдістерін дамытуда. Бұл тек білім сапасын арттырып қана қоймай, қазақстандық студенттерді әлемдік деңгейдегі мамандармен тең дәрежеде бәсекеге түсуге дайындайды. Өнерді оқыту тек кәсіби дағдыларды қалыптастырумен ғана шектелмейді. Ғаламдану үдерісі жастарды әлеуметтік және мәдени жауапкершілікке тәрбиелеуге ықпал етуде.

Қазақстандағы өнерді оқыту әдістері ғаламдану ықпалымен әлеуметтік мәселелерді көтеретін жобаларды дамытуға бағытталуда. Студенттер экология, әлеуметтік әділеттілік, теңдік секілді заманауи мәселелерді өздерінің шығармашылық жұмыстарына арқау етіп, қоғамда өзекті тақырыптарға назар аударуда. Мысалы, заманауи өнер көрмелері мен фестивальдарда экология мәселелерін көтеретін көркем жұмыстар көптеп орын алуда. Бұл жастардың тек өнер саласында ғана емес, қоғамның дамуында да маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Ғаламдану Қазақстандағы өнерді оқытудың халықаралық ынтымақтастығын дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Шетелдік университеттермен, мәдени орталықтармен және өнер мекемелерімен ынтымақтастық орнату қазақстандық студенттерге жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Студенттер мен оқытушылар шетелде тәжірибе жинап, халықаралық жобаларға қатысу арқылы өз білімдерін жетілдіруде. Сондай-ақ, халықаралық көрмелер мен симпозиумдар Қазақстан өнерін әлемге танытудың маңызды алаңына айналды. Бұл үдеріс тек өнер саласының дамуына ғана емес, елдің мәдениетаралық диалогын нығайтуға да ықпал етеді. Қазақстандағы өнерді оқыту әдістеріне ғаламданудың ықпалы айтарлықтай жоғары. Ұлттық мәдениетті сақтай отырып, заманауи технологиялар мен халықаралық тәжірибелерді қолдану арқылы өнер саласының болашағын қалыптастыру – біздің еліміздің стратегиялық мақсаттарының бірі болып отыр.

Қорытындылай келе, ғаламданудың Қазақстандағы өнерді оқыту әдістеріне тигізген әсері ауқымды және көпқырлы екенін атап өту қажет. Біріншіден, ғаламдану заманауи өнер саласының дамуына серпін беріп, білім беру жүйесіне инновациялық әдістер мен технологияларды енгізуге ықпал етті. Қазақстандағы өнерді оқытуда дәстүрлі ұлттық мәдениетіміздің сақталуы мен жаңа цифрлық технологияларды меңгеру арасындағы үйлесімділік табылды. Бұл үдеріс ұлттық өнердің бай мұрасын заманауи құралдар арқылы сақтап қана қоймай, оны халықаралық деңгейде танымал етуге мүмкіндік туғызды. Оқу орындарында 3D модельдеу, анимация, цифрлық кескіндеме сияқты жаңа пәндердің енгізілуі студенттердің заманауи өнер бағыттарында білімін кеңейтіп, олардың болашақта кәсіби және шығармашылық тұрғыдан бәсекеге қабілетті болуына ықпал етуде.

Екіншіден, ғаламданудың ықпалымен Қазақстанда халықаралық ынтымақтастық деңгейі айтарлықтай жоғарылады. Отандық студенттер мен оқытушылардың шетелдік университеттермен және мәдени орталықтармен байланысы артып, тәжірибе алмасу үдерістері күшейді. Халықаралық көрмелер, симпозиумдар мен фестивальдар арқылы қазақстандық өнер әлемдік қауымдастықтың назарын аударуда. Бұл үрдіс елдегі жас таланттарды шетелдік тәжірибе негізінде дамытуға, сондай-ақ олардың шығармашылық ойларын жаһандық деңгейде жүзеге асыруына жол ашуда. Сонымен қатар, халықаралық өнер жобалары қазақстандық мамандарға жаңа білім мен біліктілікті меңгеріп, өнер саласындағы жаһандық өзгерістерге бейімделуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, ғаламдану арқылы өнерді оқыту әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтерудің маңызды құралына айналып отыр. Қазақстандағы өнер саласының студенттері экология, теңдік, әлеуметтік әділеттілік секілді өзекті тақырыптарды өз шығармашылық жұмыстары арқылы көтеріп, қоғамның назарын аударуда. Бұл үрдіс жастарды тек кәсіби шеберлікке ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеудің маңызды элементі болып табылады. Өнер арқылы қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылау, заманауи өзгерістерді бейнелеу және адамдардың назарын маңызды әлеуметтік құндылықтарға аудару – ғаламданудың арқасында дамып жатқан құбылыс.

Төртіншіден, ұлттық мәдениетті ғаламдану жағдайында сақтау мәселесі де ерекше маңызға ие. Қазақстандағы өнерді оқыту ұлттық өнер түрлерін сақтап, оны жаңаша қырынан дамытуға бағытталған. Бұл ретте ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді сақтау, оны заманауи әдістермен үйлестіру ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға және жаһандық мәдени ортада өз орнымызды айқындауға септігін тигізеді. Қазақтың қолөнері, музыкалық өнері, ұлттық ою-өрнек пен дәстүрлі өнер түрлерін жаңа технологиялар арқылы сақтап, оқыту жас ұрпақтың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, ұлттық мәдениетіміздің жаһандық аренада танымал болуы үшін цифрлық өнер мен мультимедианы тиімді пайдалану маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Осылайша, ғаламдану Қазақстандағы өнерді оқытудың дамуына ғана емес, ұлттық мәдениеттің жаңаша дамуына, жастардың шығармашылық қабілеттерінің ашылуына және елдің жаһандық мәдени қауымдастыққа белсенді қосылуына айтарлықтай ықпал етті. Өнер саласында жаңа бағыттардың қалыптасуы, халықаралық ынтымақтастықтың артуы, әлеуметтік жауапкершілікті дамыту және ұлттық мәдениетімізді насихаттау – осының барлығы ғаламдану үдерісінің біздің еліміздегі өнерді оқытуға тигізген оң әсерінің көрінісі.

Пайдаланылған ақпараттық көздердің тізімі:

1. Қыдырбек, С. Қазіргі заман өнері және білім беру. — Астана: Ұлттық кітапхана, 2019. — 280 б.
2. Сүлейменова, Л. Ұлттық мәдениет және ғаламдану. — Алматы: Қазақстан мәдениеті институты, 2020. — 290 б.
3. Сағымбек, Қ. Ғаламдық мәдениет пен ұлттық өнер: Оқыту әдістерінің жаңа бағыты. — Алматы: Мәдениет орталығы, 2022. — 260 б.

ӘОЖ 371.3

ЕЛ БОЛАШАҒЫ – МӘДЕНИЕТТІ ДЕ БІЛІМДІ ҰРПАҚ

Елубаева М.А.

«Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі» КМҚК. Қазақстан.

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінеді. Біріншісі – рухани мәдениет, екіншісі – материалдық мәдениет. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күн көрісінен туған дүниелері материалдық мәдениетті құрайды.

Халық игілігі ретінде рухани асыл қазыналар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтасып жатады. Халқы үшін еңбек еткен адамдардың өмірі де рухани байлық болып табылады. Сонымен, ұлттық құндылықтар адам өміріне қажетті рухани байлық болып табылады.

Адамзат тамырының күретамыры мәдениет, ал мәдениеттің күретамыры адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген материалдық құндылықтар болып табылады. Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі мәдениет. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді – кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады [1].

Ғылым. Ғылымның дамуы мен гүлденуі табиғаттың объективті заңдылықтарын үйренуге және оған қоғам мүшелерін тартуға тікелей байланысты.

Қазақстандағы музейлердің қазіргі жұмыс жасаудағы бағыт-бағдары қалай дегенге келер болсақ. Қазіргі заман қоғамы музейлердің тәрбиелік және білім беру мүмкіндіктерін неғұрлым тиімді пайдалануға мүдделі. Музейлердің бұл бағыттағы тиімділігін пайдалануда пайда болған ғылыми пән – музей педагогикасы. Музей педагогикасы дегеніміз - педагогикалық көзқарас тұрғысынан қарастырғанда музейлік қатынастар формасын, музей заттарын көрсету және қабылдау, түсіну ерекшеліктерін зерттейтін бір-бірімен тығыз байланысты ғылыми пән. Қазіргі уақытта тарихи

бағыттағы музейлерге ерекше роль береді, себебі тарихи-мәдени ескерткіштерді визуальді түсіну-дүниеге көзқарасты және мұралардың құндылығын сезіну, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін, тарихи біліктілігін және рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді. Бір жағынан музей адамның мәдени ортада бейімделу құралы, қарқынды өзгерістегі әлемде психологиялық баспана, тарих мәдениеттің қайта оралмас құндылықтарын сақтау факторы ретінде танылды. Басқа жағынан музей тұлғаның адамгершілік және эстетикалық дамуына ықпал етуші мәдени ортамен молынан қарым-қатынас жасаудың рухани орны.

Музейлік-педагогикалық үрдістің құрылымында музейдің педагогикалық қызметінің үш негізгі қызметін бөліп көрсетуге болады: тәрбиелік, білім беру, дамытушы. Музей- білім мен таным ордасы ретінде жас буынның дүниетанымы мен жеке тұлға болып қалыптасуына айтарлықтай өз үлесін қосады. Олардың негізі мақсаты:

-Жас ұрпақтың саналы, ұлтжанды, тәрбиелі болып қалыптасуын жан-жақты қамти отырып тәрбиелеу;

-Сезімталдық қасиетін, ойлау, қиялдау, шығармашылық ынтасын, эстетикалық сезімін, талғамын дамыту;

-Отаншылдық, рухани-адамгершілік құндылықтарды жас ұрпақ бойына дарыту;

-Тарихи ұлттық санасын қалыптастыру, ғылыми көзқарасының дамуына музей мұрағаттарын және тарихи-мәдени ескерткіштерді пайдалану;

-Ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық дүниетанымды музей мәдениеті тұрғысында санасына сіңіру.

Мектеп пен музейлер арасындағы қарым-қатынас олардың өзара іс-шараларының ойдағыдай өтуіне, тәрбие мен білім беруге бағытталған музейлік –педагогикалық бағдарламаларды жүзеге асыруына, танымдық экскурсиялар мен музей сабақтарын бірлесіп атқаруынан көрініс табады. Сонымен қатар, музей педагогикасы мектеп мұғалімінің де тарихи-мәдени таным көкжиегін арттыратыны сөзсіз.

Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа әлемдік ғылыми прогресс деңгейіне сәйкес білім беру, тәрбиелеу, олардың рухани байлығы мен мәдениетін дамыту, жетілдіру – адамзат қоғамының маңызды міндеті болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыруда білім берудің екі аспектісі рухани-адамгершілік біліммен қатар интеллектуалды білімді құстың қос қанатындай жас өспірім оқушыларға білім беру негізінде олардың қабілеттерін дамытуға жағдай жасау өзекті болып саналады. Тұлғаның бойындағы барлық интеллектуалды қабілеттерін жан-жақты дамыту үшін оған әсер ететін факторларды білу керек. Интеллектуалдық қабілетті дамытудың маңызды факторларының бірі – білім беру жүйесіндегі технологиялар.

Қорыта келгенде, мектептегі білім сапасын көтеретін нақты механизмдер, ол – оқыту үдерісіне жаңа технологияларды кеңінен енгізу.

Қазіргі кезде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алудың маңызы зор [3].

Мәдениет, білім және ғылым бір-бірімен сабақтас бұл үшеуін үш бөлек бөліп қарау мүмкін емес.

Ұлы Абайдың «Артыңызға із қалдырғыңыз келсе, кейінгі ұрпаққа адамгершілік нұрын сеп, білімге тәрбиеле, болашағымыз өз ұлт өнері мен мәдениетінің тұнығынан сусындап, тарихын терең түсінетін болсын» деген өсиеті болашақ ұрпақты өнер – білім арқылы тәрбиелеудің қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдейді.

-Негізінен, баланың рухани байлығынсыз білім болмайды ғой. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» - деп ғұлама ғалым Әл-Фараби айтқандай. Музей мен білім саласын бір-бірімен байланыстыру керек деп ойлаймын. Ғаламтор арқылы әлемнің барлық ақпаратына қол жеткізіп отырған қазақ баласының көкейінде не жүру керек, өз елі-жерін танытып, ұлттық патриотизмді бойына қалай сіңдіреміз дегенде, алысқа қол созбай-ақ, оларды өз қаламыздағы музейлер мен театрларға апарып тұрған абзал. Мұндай тарихи орындарға бару өткенге үңілу арқылы бүгінді тану, болашағыңды ойлау деген сөз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Егемен еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағылым алу – Қазақстанда патриотизмді қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі...» [4]– деген сөздері музей қызметінің басты ұстанымы.

Балдай тәтті балапандарымызды тек бақыттың бесігінде әлдилеуді мұрат тұтқан жандармыз. Ал баланың тәрбиесімен білімі тек мектепте, балабақшаларда ғана жүзеге асырылады деу – қате. Сәбидің, жеткіншектік бойындағы қасиеттер алдымен, отбасындағы ата – ананың тәлім – тәрбиесінен қалыптасатынын ұмытпауымыз керек [2]. Осы орайда біздің музей кейінгі жылдары «Отбасыммен музейге» тақырыбында отбасылық шара ұйымдастыруды дәстүрге айналдырдық бұл шараға бала, баланың әке-шешесі, ата-әжесі және балабақшадағы тәрбиешісі мен бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі келіп қатысады, бұл шараны өткізудегі негізгі мақсатымыз ең алдымен отбасын музеймен таныстыру одан соң қазақтың ұлттық салт-дәстүрінен қысқаша мағұлмат беру (қалада тұратын кейбір ата – аналардың өзі сұрақ – жауап кезінде қиналып қалғанын көрдік), ұлттық ойындар ойнату, «Менің отбасым» тақырыбында ата-анасымен бірге сурет салу, викториналық сұрақтарға жауап беру, ойындар ойнау, өз өнерін көрсету сияқты жарыстар ұйымдастырылды кеш соңында естелік сыйлықтар таратылды.

Ежелден келе жатқан салт - дәстүрді, халықтың материалдық мәдениетінде кезінде ерекше орын алып, рухани болмысын бейнелеген, қазір ұмыт болып бара жатқан материалдық және рухани мәдениет көріністерін бейнелейтін музей затына айналған мәдени құндылықтарды, ата-бабадан қалған сол өнегелі дәстүрді музейге келушілерге түсіндіру, насихаттаудың жолдары мен түрлеріне назар аударылуда. Бұл бағытта музей қызметкерлері музейде «Армысың, Әз Наурыз» (8,9,10 суреттер) атты дода сайысын өткізудің танымдық, тәрбиелік, ағартушылық мәнінің ерекше екені байқалып отыр. Музей экспозициясының этнографиялық материалдарына негізделген сайыста, зал қазақтың ежелден келе жатқан баспанасы киіз үймен толығымен жабдықталып оның ішіне тұрмысқа қажетті барлық үй жиһаздарымен безендіріледі олар: шаңырақ, кереге, уық, туырлық т.б. киіз үй жабдықтарынан бастап асадал, бесік, дөңгелек үстел, күбі, торсық, құрақ көрпелер, жерде текемет, сырмақ төселсе, қабырғада тұс киіз ілінеді оған қазақтың ұлттық музыка аспаптары қыл қобыз бен домбыра мінедетті түрде ілінеді экскурсия жүргізуші осы заттардың барлығының рухани маңызын айтып түсіндіреді, бұл шара бұрын болған қазір ұмыт болып бара жатқан халықтың адамгершілікке үндейтін, тәрбие көзі болар, қазіргі ұрпаққа беймәлім болып бара жатқан аталы сөздердің мәнін түсіндіруге негізделген. Шарада «Шаңырақ» және «Босаға» деп бөлінген екі топ бірнеше кезеңнен тұратын сайыста салт-дәстүрге қатысты сұрақтарға жауап беріп, мақал-мәтел, өтірік өлең айту секілді сынақ түрлерінен өтеді. Сонымен қатар ән салып, би билеп өз өнерлерін ортаға салады. Музей залында «Көкпар», «Арқан тарту», «Тоғыз құмалақ», «Асық ату», «Қыз қуу» секілді қазақтың ұлттық ойындары да ойналады. Мұндай сайыс студенттер, мектеп оқушыларының, өз елінің мәдени мұрасын терең сезініп, жаңа білімді игеріп, ата дәстүрін жаңаша сезініп, танып-білуге ықпал етеді. Шара ежелден «Шаңырағы - биік, босағасы — берік» болуды тілеген ата-бабаның өнегелі дәстүрін насихаттауды мақсат ете отырып, сайысқа қатысушылардың белсенділігін, ұмтылысы мен білімін бағалайды. Бұл халқымыздың тарихын білдіретін символикалық ұғым болғандықтан, қасиетті шақырақтың ерекшеліктері арқылы тарихқа, мәдениетке деген құрмет сезімін қалыптастыруға тырыстық.

Сонымен қатар мәдени мұраны насихаттау мақсатында шеберлік сабақтары, балалар көрмесі, музей сабақтары, әдеби кештер, суретшілермен шығармашылық кездесулер және шеберлік сыныптары ұйымдастырылып тұрады. Шынын айту керек, қазіргі балалар телеарна мен компьютерге көбірек байланып, ойлау жүйелері шет елдің мультфильмдерімен, фильмдерімен уланып жатыр. Адамның бойына патриоттық сезім сәби кезінде қалыптасатынын ескерсек, бұл жайт әрине бәрімізді алаңдатады.

Балаларды еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, жоғары эстетикалық талғамға тәрбиелеуде білім беру бағдарламасының музей педагогикасы аясында «Қазақстандық суретшілер», «Қарағандылық суретшілер» және «Менің де суретші болғым келеді...» интерактивті ойыны айрықшы мәнге ие. Қазақтың Дара ақыны - Дана ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 179 жыл (3, 4 сурет), Шоқан Уәлихановтың туғанына 189 жыл, Қазақстан Халқы Ассамблеясына 29 жыл, Шертпе күйдің шебері Тәттімбет Қазанғапұлының туғанына 209 жыл, Ұлы Жеңіске 79 жыл, бұдан басқа біздің музейде «Өнер әлеміне қадам бас» бағдарламасы жақсы жолға қойылған, Тағыда да бір айта кетерлік айтулы мәселе 2023 жылдан бастап қала әкімдігінің қолдауымен «Өнер бәрін ортақ бағдарламасы» аясында мектеп оқушылары мен колледж оқушылары музейіміздің тұрақты көрерменіне айналды десек болады. Сонымен қатар дәстүрлі көрмелер, жылдың төрт мезгіліне арналған көрмелер «Қыс қызығы», «Алтын күз», «Көрікті көктем», «Жаз бояуы», «Анашым, асылым», «Республикам байтағым», «Гүлдене бер Астана», «Сүйікті қалам Қарағанды» мерейтойлық көрме, дербес көрмелер, қарағандылық суретшілердің есеп беру көрмелері, музей қорынан әр мерекелерге арналған тақырыптық мерекелік көрмелер ұйымдастырылып тұрады.

Музей сабақтарының басты мақсаты оқушылардың туған өлкенің тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыру, шығармашылық бейімділіктеріне қолдау көрсету, аға ұрпақ бойындағы

адамгершілік құндылықтарына құрметпен қарау, елін, жерін, сүйеге бағытталған ұлтжандылық пен отаншылдық сезімдерін қалыптастыру, рухани-мәдени құндылықтарды бойына сіңіру. Туған елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Осы мақсатта музей сабақтарын біз, биыл 90 жылдығы аталып өтіп жатқан сүйікті қаламыз Қарағандыға арнадық. (1 сурет).

Жыл сайын Халықаралық Музейлер күні қарсаңында өтетін «Музей түні» шарасы да қала қонақтары мен қала жастарының сүйікті шарасының бірі. (2 сурет).

Халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, ғұлама ғалым, әдебиеттанушы аудармашы әрі дарынды публицист Әлихан Бөкейханның өмірі мен, өмір сүрген кезеңі жайлы тағылымды «Ұлт ұстазы – Әлихан» атты танымдық шара өтті. Бұл шараға «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің, Қазақстан Республикасы «Мәдениет саласының үздігі», Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы», Әлихантанушы, этнограф, өлкетанушы, тарихшы-ғалым Тұңғышбай Мұқан ағамыз келіп оқушыларға өзі түсірген фильмнен үзінді көрсетіп, қанша құнды мәліметтер ұсынды. (5 сурет)

Сонымен қатар музей сабақтарында мектеп оқушыларының қатысуымен театрландырылған қойылымдар да қойылады. (М.Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі желісінде көрсетілген сахналық қойылым) (6 сурет).

Уақыт ағымынан қалыспай дамыған елдер қатарында болу үшін болашақ ұрпақты білімді, мәдениетті, ғылымға құштар етіп тәрбиелеу керек. Ол үшін «Тәрбие басы – тал бесіктен» демекші отбасынан бастап одан соң балабақша, мектеп, колледж жоғары оқу орнындағы білім мен тәрбиеге аса мән берген жөн.

Музей - педагогикалық бағдарламасы оқушылардың шығармашылық дағдылары мен мүмкіндіктерін қалыптастыруға мол мүмкіндік береді:

- көзбен көруін дамытады;
- интерпретация және көзбен көргенін бағалай алады;
- өз бетімен талдай алуы;
- қоғамның көркем жетістіктерін талдауы;
- қоршаған ортамен белсенді шығармашылық байланыста болу;
- бейнелеу өнері шығармаларын талдай білуі (сөздік қорының дамуы).

Төменде Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің архивінен алынған фото суреттер. Бұл фото суреттер музейде өткен шаралардан көрініс.



1 сурет



2 сурет



3 сурет



4 сурет



5 сурет



6 сурет



7 сурет



8 сурет



9 сурет



10 сурет



11 сурет



12 сурет



13 сурет



14 сурет

Пайдаланылған ақпараттық көздердің тізімі:

1. www.ZHARAR.com Egemen.kz сайтынан
2. //Мәдени мұра. №6. 2016. (73бет).
3. Б.Б.Акқуланова Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру.
4. Музеи занимают особое место в культурной жизни страны. Поздравление Президента РК Н.А. Назарбаева работников музеев Казахстана с Международным днем музеев //Казахстанская правда.- 1998.-19 мая.-С. 1.

УДК 687.02

КОМПЬЮТЕРНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ГРАФИЧЕСКИЕ ПРОГРАММЫ В БУДУЩЕЙ ПРОФЕССИИ ДИЗАЙНЕРА ОДЕЖДЫ

К.Х.Карамов, В.М.Юмагулова

Казанский (Приволжский) федеральный университет, Татарстан

С.К.Кенжегалиева, Г.К. Сибгатов

Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Казахстан

Сегодня креативные технологии способствуют стремительному развитию фэшн-дизайна, дизайнеры стараются, создавая одежду различного назначения (повседневную, для отдыха или праздника), с учетом телосложения, профессии и возраста, чтобы она была стильной, красивой и обеспечивалась максимальный комфорт ношения.

Умные машины могут кроить и шить, ИИ прогнозирует тенденции, создаются модели, благодаря которым, ускоряется каждый этап работы. Но данным процессом нужно управлять осознанно. В ходе подготовки современных дизайнеров одежды, важным является научить студентов работать с новейшими компьютерными технологиями, которые позволяют с большей производительностью осуществлять процесс разработки модели, преимущественно в системах автоматизированного проектирования конструкций одежды. Они способствуют в ускоренном темпе спроектировать базовую конструкцию по заданным размерам, моделирование чертежа, деталей, их градацию и делать раскладки. Благодаря им можно проектировать технический рисунок и художественный эскиз, подобрать цветовую палитру модели. С применением распространенных и элементарных графических программ Corel Draw, Illustrator и Photoshop и новейших сервисов, можно элементарно выполнять эскизы различных фасонов, технический рисунок, построение лекал, делать их экономичную раскладку на полотне для дальнейшего раскроя, создавать архив видов деталей и стилей.

Большая конкуренция существует в области фэшн-дизайна, поэтому для дизайнеров одежды, которые стремятся к совершенствованию, уже не могут ограничиваться традиционными средствами. Оптимальный выход, чтобы успешно отличиться от оппонентов, это изучение и успешное применение новейших программных обеспечений, их на данный момент большое множество, могут применяться как частными дизайнерами, так и крупными фабриками. Остановимся на некоторых: Clo, Valentina, Tailornova, Browzwear, Грация, Leko, Silhouette Studio.

«Clo» — популярный сервис, в котором за пару минут можно создать простую футболку и отличные реалистичные образы. В системе имеются готовые шаблоны и эскизы, которые позволяют сделать 3D-модели костюма в 360° градусов и записи видео, раскладка лекал на ткани. Возможна автоматической коррекции размеров, объединения лекал и по частям сшивать. Можно исправлять картинку модели, на которой демонстрируется одежда. Встроена база данных о тканях и есть инструмент для того, чтобы добавить нужную фурнитуру.

«Valentina» — программа широко используется многими в швейной промышленности. Разобраться в ней несложно, т.к. есть инструкция. В программе большое количество систем построения лекал, выкроек.

В этом плане цифровые технологии создают среду компьютерной и телекоммуникационной поддержки организации и управления в системе ТиПО. Интеграция информационных технологий в образовательные программы ТиПО осуществляется на всех этапах обучения, включая как общеобразовательные курсы, так и специальные профильные дисциплины.

Внедрение цифровых технологий оказывает положительное влияние на образовательный процесс в ТПО. Среди основных преимуществ можно выделить:

- гибкость обучения: цифровые ресурсы позволяют обучающимся получать доступ к образовательным материалам в любое время и из любой точки, что делает процесс обучения более гибким и индивидуализированным

- повышение мотивации предусматривает процесс использования интерактивных и мультимедийных материалов повышает интерес обучающихся к изучению технических, специальных дисциплин, что способствует лучшему усвоению знаний.

- развитие цифровых навыков, включающие внедрение цифровых технологий в процесс обучения, что способствует развитию у обучающихся навыков работы с современными программными продуктами и делает их более востребованными на рынке труда [5].

Несмотря на очевидные преимущества, процесс цифровизации ТиПО сталкивается с рядом проблем. Среди них можно выделить недостаток финансирования на внедрение новых технологий, нехватку квалифицированных кадров для работы с цифровыми платформами, а также проблему цифрового неравенства, когда у обучающихся из удаленных регионов нет доступа к качественному интернету и современным устройствам [6].

В качестве перспективы дальнейшего развития процесса цифровизации образования в ТиПО можно ожидать дальнейшей реализации в практику обучения таких технологий, как искусственный интеллект (AI), дополненная и виртуальная реальность, которые найдут еще большее применение в ТиПО. Уже сегодня некоторые учебные заведения начинают использовать AI для создания индивидуальных образовательных траекторий для студентов, а также автоматизации процесса оценки знаний. Данные технологии в будущем значительно повысят эффективность и качество обучения, приведет к сокращению разрыва между теорией и практикой.

Цифровизация в техническом и профессиональном образовании становится неотъемлемой частью учебного процесса. Использование современных цифровых ресурсов, таких как LMS, виртуальные лаборатории и дистанционные платформы, способствует повышению качества подготовки специалистов, а также расширяет возможности для обучения. Однако для успешного внедрения этих технологий необходимо решать вопросы, связанные с доступностью ресурсов и подготовкой педагогов к работе в новых условиях.

Список использованных информационных источников:

1. Shraim O. Learning Management System (LMS) Success: A Developing Country Perspective, *International Journal of Interactive Mobile Technologies*, vol. 14, no. 11, pp. 109-121, 2020.
2. Cook M. Virtual Laboratories: A Disruptive Innovation in Technical Education," *Journal of Engineering Education*, vol. 111, no. 1, pp. 23-37, 2022.
3. Ubell J. How Online Learning Enhances Education in Technical Colleges, *Education Today*, vol. 15, no. 4, pp. 89-94, 2021.
4. Means T. et al. COVID-19 and the Rapid Shift to Online Education: Challenges and Outcomes, *Educational Technology & Society*, vol. 23, no. 3, pp. 101-112, 2020.
5. Sun P. Flexibility and Personalization in Digital Learning Environments, *Computers & Education*, vol. 156, pp. 103955, 2021.
6. James E. Challenges of Digital Divide in Technical Education, *Journal of Digital Education*, vol. 22, no. 2, pp. 56-72, 2022.

ВЛИЯНИЕ МИРОВЫХ ТЕНДЕНЦИЙ НА ПОЯВЛЕНИЕ НОВЫХ СТИЛЕВЫХ НАПРАВЛЕНИЙ В СФЕРЕ ГРАФИЧЕСКОГО ДИЗАЙНА

Жученко И.А.,

*Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, педагогический факультет,
старший преподаватель кафедры Изобразительного искусства и дизайна*

Кочетова В.Д.,

*Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, педагогический факультет,
кафедра Изобразительного искусства и дизайна, студент группы ДИЗ-52-19*

Графический дизайн играет важную роль в современном мире, оказывая значительное влияние на различные аспекты нашей жизни. Он постоянно эволюционирует, отражая изменения в обществе и технологиях. Мировые тенденции играют ключевую роль в формировании новых стилевых направлений и деформации уже существующих. В этой статье мы рассмотрим, как глобальные тренды влияют на графический дизайн в 2024 году.

В данном исследовании мы ставили задачи, которые связаны с изучением и раскрытием роли мировых тенденций в графическом дизайне. Также необходимо было выявить появление новых стилевых направлений в графическом дизайне.

Графический дизайн – это не просто визуальное искусство, это зеркало времени, отражающее культурные, технологические и социальные изменения общества. С каждым годом мировые тенденции оказывают всё большее влияние на появление новых стилей и трансформацию уже существующих направлений в дизайне.

Целью графического дизайна является качественный визуальный контент, он помогает привлечь внимание аудитории. Люди воспринимают больше информации визуально, и графический дизайн помогает выделиться среди конкурентов. Хороший дизайн передает информацию и идеи эффективно. Он помогает донести сообщение до целевой аудитории. Графический дизайн вызывает эмоции. От правильно подобранного цвета до композиции – все это влияет на восприятие и настроение. Графический дизайн стимулирует действия. Человек может купить товар, прочитать статью, зарегистрироваться на мероприятие и т. д. благодаря хорошо спроектированному дизайну.

Стиль в дизайне играет важнейшую роль, так как он определяет общую эстетику и атмосферу объекта дизайна. Хорошо продуманный стиль делает объект дизайна узнаваемым, передает определенное послание или настроение, облегчает восприятие информации, привлекает внимание и помогает создать уникальный облик бренда.

Хорошо продуманный стиль делает объект дизайна узнаваемым. Люди могут моментально связать определенный логотип, упаковку или веб-сайт с конкретной компанией или брендом. Стиль передает определенное послание или настроение. Например, минималистичный стиль может вызывать чувство спокойствия, а яркий и игривый стиль – радость и энергию. Стилизация помогает сделать объект дизайна более функциональным. Четко определенные цвета, шрифты и композиция облегчают восприятие информации. Привлекательный стиль привлекает внимание. Это особенно важно в рекламе, где первое впечатление играет решающую роль.

Создание бренда: Стиль помогает создать уникальный облик бренда. Когда люди видят согласованный дизайн на разных платформах, они начинают ассоциировать его с определенными ценностями и качеством.

Стиль в графическом дизайне – это совокупность выбранных методов и средств, которые формируют уникальное визуальное восприятие объекта. Этот объект может быть чем угодно – от веб-сайта до логотипа компании. Графический стиль включает в себя выбор цветов, шрифтов, форм, а также общую композицию, создавая цельный и узнаваемый облик. Важно понимать, что границы между стилями часто размыты, и дизайнеры объединяют различные элементы для создания уникальных и привлекательных концепций. Изучение и понимание стилей помогает создавать эстетически приятные и функциональные визуальные решения.

Мировые тенденции, оказывающие влияние на формирование стилей в графическом дизайне, многообразны и отражают широкий спектр социальных, технологических и культурных изменений. Некоторые ключевые тенденции 2024 года, описаны ниже.

Возвращение к ручной работе и индивидуальному подходу в дизайне подчеркивает ценность уникальности и мастерства. Устойчивое развитие и экологическая ответственность влияют на выбор материалов и методов производства, а также на тематику и визуальный язык дизайна.

Тенденция к устойчивому развитию и экологическому сознанию также находит отражение в графическом дизайне. Отказ от философии потребления и переход к более осознанному использованию ресурсов приводит к созданию дизайнов, которые подчеркивают необходимость сохранения природы и рационального потребления.

В то время как некоторые бренды стремятся к инновациям, другие обращаются к истории, вдохновляясь работами предшественников. Это приводит к возрождению классических стилей и адаптации их к современным требованиям, создавая баланс между новым и старым.

Дизайн становится более инклюзивным, отражая разнообразие общества и стремление к социальной справедливости. Интерес к историческим эпохам и классическим стилям приводит к возрождению элементов мистической графики и средневекового дизайна.

Эти тенденции демонстрируют, как глобальные события и общественные настроения формируют новые стилевые направления

Искусственный интеллект и генеративное искусство Использование ИИ в графическом дизайне становится все более популярным. Нейросети помогают дизайнерам в создании уникальных визуальных концепций и автоматизации рутинных задач.

3D-моушн и AR Технологии дополненной реальности и 3D-моделирования придают дизайну новое измерение, позволяя создавать более динамичные и интерактивные визуалы.

в графическом дизайне, делая его более глубоким, разнообразным и значимым.

Современный графический дизайн активно исследует футуристические темы, включая концепцию метавселенных. Бренды, такие как Adidas и Nike, интегрируют цифровую одежду и виртуальные пространства в свои маркетинговые стратегии, что приводит к появлению новых форм и цветовых решений, основанных на научно-фантастических образах и трехмерных аватарах.

Искусственный интеллект и генеративное искусство оказали значительное влияние на графический дизайн в последние годы. Проекты, такие как DALL-E 2 и Midjourney, позволяют создавать изображения на основе текстовых описаний, что снижает порог входа в профессию и позволяет дизайнерам сосредоточиться на идеях, а не на освоении сложных программных инструментов.

Рост значимости Big Data привел к развитию направления визуализации данных в дизайне. Компании используют машинное обучение для сбора и анализа больших объемов информации, что требует создания интерактивных и понятных визуализаций для представления этой информации.

Рассмотрим новые горизонты и деформация стилей в современном графическом дизайне. В мире, где технологии и культура развиваются с невероятной скоростью, графический дизайн неизбежно подвергается постоянным изменениям. Новые стили появляются, а существующие преобразуются, отражая динамику времени. Однако, несмотря на это, иногда кажется, что появившиеся и деформированные стили не получают должного признания или характеристик в современном графическом дизайне. Давайте попробуем разобраться, почему это происходит.

Современный графический дизайн часто опирается на классические стили, такие как швейцарский стиль или баухаус. Эти стили служат фундаментом, на котором строятся новые направления. Однако, в процессе адаптации к современным реалиям, они могут терять свою первоначальную идентичность, превращаясь в нечто новое и не всегда узнаваемое.

В эпоху интернета и социальных сетей тренды меняются с бешеной скоростью. Новые стили могут появляться и исчезать до того, как они успеют получить широкое признание и анализ. Это создает ситуацию, когда дизайнеры и критики не успевают полностью осмыслить и охарактеризовать новые направления.

Современный дизайн часто представляет собой слияние различных стилей и культурных влияний. Это приводит к созданию гибридных форм, которые сложно классифицировать в рамках традиционных стилевых категорий.

Сейчас дизайнеры стремятся к уникальности и индивидуализму, что приводит к созданию работ, которые трудно подвести под общие стилевые определения. Каждый проект может быть настолько уникальным, что не поддается стандартной классификации.

Нео-ар-деко мы будем рассматривать как образец современного стиля, который ещё не получил чёткой классификации. Нео-ар-деко – это современная интерпретация классического стиля ар-деко, который был популярен в 1920-1930-х годах. Этот стиль характеризуется использованием геометрических форм, прямых углов и линий, а также широких плоскостей чистого цвета. В нео-ар-

деко сочетаются элементы классического ар-деко с современными тенденциями и технологиями, что делает его актуальным и привлекательным для современных дизайнеров.

Стиль отличается своей роскошью и элегантностью, а также использованием геометрических форм и чистых цветов. В нео-ар-деко эти классические элементы сочетаются с современными тенденциями, создавая новый, но узнаваемый визуальный язык. Далее мы выяснили особенности нео-ар-деко в графическом дизайне.

– Геометрические формы: нео-ар-деко использует прямые линии, зигзаги и другие геометрические фигуры, которые создают чувство порядка и симметрии.

– Цвет: использование контрастных цветовых решений, включая черный, белый, золотой, серебряный и коричневый оттенки часто используются для создания яркого и выразительного визуального контраста.

– Типографика: применение строгих шрифтов и акцент на крупных, выразительных заголовках. В нео-ар-деко применяются шрифты с четкими линиями, что придает дизайну структуру и упорядоченность.

– Декоративные элементы: включение роскошных орнаментов и стилизованных изображений, элементы, такие как стилизованные женские образы и кривые линии, добавляют стилю изысканности, которые придают дизайну изысканность и элегантность.

– Современные материалы и технологии: несмотря на исторические корни, нео-ар-деко активно использует современные материалы и технологии для создания новых визуальных эффектов.

Нео-ар-деко – это пример того, как классический стиль может быть адаптирован к современным условиям, сохраняя при этом свою первоначальную эстетику. Этот стиль часто используется в графическом дизайне, интерьере и архитектуре, предлагая уникальное сочетание прошлого и настоящего, традиционного и инновационного. Он подходит для проектов, которые стремятся выразить роскошь и элегантность, при этом оставаясь актуальными и современными.

Этот стиль можно рассматривать как пример нового неклассифицированного стиля, поскольку он сочетает в себе исторические элементы с современными тенденциями, создавая уникальное визуальное восприятие. Этот стиль отражает современное стремление к индивидуализму и экспрессии, в то же время уважая историческое наследие ар-деко. Стиль является ярким примером того, как мировые тенденции и происходящие в мире события влияют на формирование новых стилей в графическом дизайне.

Нео-ар-деко, как современная интерпретация классического ар-деко, начал проявляться в графическом дизайне в последние годы, хотя точная дата его возникновения не установлена. Этот стиль восходит к ар-деко, который возник в 1920-х годах и достиг пика популярности в 1930-х2.

На данный момент нео-ар-деко является популярным стилем в графическом дизайне, особенно в проектах, где требуется сочетание классической элегантности и современной инновационности3. Он часто используется для создания роскошного и утонченного визуального образа.

Что касается будущего, прогнозы относительно продолжительности актуальности стиля варьируются. Тренды в дизайне постоянно меняются, и хотя нео-ар-деко популярен сейчас, его релевантность в будущем будет зависеть от множества факторов, включая изменения в потребительских предпочтениях и технологических возможностях4. Однако, учитывая его корни и устойчивость классического ар-деко, можно предположить, что нео-ар-деко сохранит свою популярность в ближайшие годы, особенно в проектах, где требуется изысканность и вневременная эстетика.

Современный графический дизайн – это живой организм, который постоянно развивается и меняется. Новые и деформированные стили являются отражением этого непрерывного движения. Возможно, они не всегда получают должное признание из-за своей новизны, сложности или быстротечности, но именно они задают тон будущему развитию дизайна и визуальной культуры. Важно продолжать исследовать и документировать эти изменения, чтобы лучше понимать и ценить многообразие и динамику графического дизайна.

Список использованных информационных источников

1 Кумова М. Айденфика. – М. 2014, – С. 6.

2 Руденко Т. Ю. Фирменный стиль и его элементы / Образование. Наука. – 2010. – № 3. – С. 57-58.

3 История возникновения и развития фирменного стиля [Электронный ресурс] – Режим доступа: URL: <http://shelkovnikov.pro/ru/istoriya-firmennogo-stilya/> (Дата обращения: 09.03.2024).

4 9 примеров эффективной печатной продукции прошлого века. [Электронный ресурс] – Режим доступа: URL: <https://huss.com.ua/ru/9-primerov-yeffektivnoi-pechatnoi-produkcii-proshlogo-veka/> (Дата обращения: 25.03.2024).

5 Тувагова В.Е. Фирменный стиль предприятий индустрии питания // Маркетинг. – М. 2013. № 2 (129).

ӘОЖ 378.147

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР МЕН ТӘЖІРИБЕ: БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*А.А.Кнашина, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
7M01401– «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасының М2-ПО-24-1к тобының
магистранты, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
С.А.Кипшаков, п.ғ.к., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
қауымдастырылған профессор, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы*

Бүгінгі таңда әдістемелік құзыреттілік әр педагогтің қызметіндегі негізгі компоненттердің біріне айналады. Себебі, әдістемелік құзыреттілік – бұл әр педагогтің практикалық қызметіндегі маңызды компонент.

Әдістемелік құзыреттілік – бұл мұғалімнің жеке басының интегративті қасиеті, ол оның дайындығы мен коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырумен, білім берумен, тәрбиелеумен және оқушылардың дамуымен байланысты оқу мақсаттарын жүзеге асыру процесінде әдістемелік міндеттерді тиімді шешуге қабілеттілігін анықтайды [1].

Әдістемелік құзыреттілік ұғымына тереңірек үңіліп, оның құрылымына келетін болсақ, оның бірнеше өзара байланысты компоненттерін ажыратуға болады, олардың көптеген түрлері бар.

Солардың ішіндегі ең маңызды компоненттердің бірі – әдістемелік жұмыста қызығушылық пен мотивацияда көрінетін құндылық-мотивациялық компонент болып табылады. Ал әдістемелік құзыреттілік құрылымындағы когнитивті компонент әдістемелік мәселелерді шешуде білім мен дағдыларды қолдануда, сондай-ақ жаңа білімге, практикаға және жұмыс формаларына ашықтықта көрінеді. Сондай-ақ, жұмыста АКТ-ны қолданумен сипатталатын технологиялық компонент те бар. Рефлексивті компонент өзін-өзі бағалауда, өзін-өзі сынауда және әдістемелік рефлексияда көрінеді. Сондай-ақ, әдістемелік құзыреттілік құрылымында құзыреттіліктің екі түрін ажыратуға болады: жалпы әдістемелік – өз кезегінде мотивациялық, когнитивті, ақпараттық, коммуникативті және әлеуметтік құзыреттерден тұрады; және арнайы – бұл мақсатты, мазмұнды, жобалау, рефлексивті және бақылау құзыреттерінің жиынтығы [2].

Сонымен қатар, әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру бірнеше деңгейлерге бөлінеді [3]:


Бейімделу деңгейі – белгілі бір жағдайда, білім алушылардың нақты контингентімен белгілі бір әдістемелік міндетті шешуде нақты әдістемелік білім мен дағдыларды қолдануды қамтиды.

Репродуктивті деңгей – әдістемелік қызмет туралы идеялардың қалыптасу деңгейі мен тұтастығын көрсетеді.

Прагматикалық деңгей – педагогтің әдістемелік қызметіндегі әдістер мен тәсілдерден хабардарлығымен, практикалық қызметте заманауи білім беру технологияларын қолданумен сипатталады.

Интегративті деңгей – өнімділікпен және кәсіби қызметте өзін-өзі тиімді жүзеге асырумен сипатталатын шығармашылық дербестік.

Әдебиеттерді талдау, құрылымдар мен әдістемелік құзыреттіліктің ерекшеліктерін салыстыру негізінде А.А. Люботинский ұсынған құрылым ең өзекті екенін атап өтуге болады. Аталған құрылымның қазақ тіліне аударған нұсқамызды 1 суреттен көруге болады.



1-сурет. Әдістемелік құзыреттіліктің құрылымдық-функционалдық моделі

Суретте көрсетілген кезеңдерге талдау жасай отырып, бірінші кезең – *рецептивті* – тек оқытылатын пәннің білімімен ұсынылған деген қорытынды жасауға болады. Осы кезеңде ұсынылған әдістемелік құзыреттілік теорияға дейін азаяды, ал кәсіби қызмет тәжірибесі жеткіліксіз. Алайда, екінші жағынан, бұл кезең әдістемелік қызметке тұрақты көзқараспен, әдістемелік білімнің рөлін жоғары бағалаумен сипатталуы мүмкін. Рецепттивті кезең барысында когнитивті-аналитикалық құзыреттілік қалыптасады. Сондай-ақ, осы кезеңде әдістемелік қызметтің тұтас идеялары мен мотивтері де қалыптасады.

Келесі кезең *репродуктивті* болып табылады, ол нақты әдістемелік мәселелерді шешуді қамтиды. Бұл кезеңде ұйымдастырушылық-белсенділік және сындарлы-болжамды міндеттерді шешуге болады. Басқаша айтқанда, бұл кезеңде мақсат қою және кәсіби жолды жоспарлау, сондай-ақ олардың шешімдерін талдау мен бағалау жүреді. Бұл кезеңдегі шығармашылық белсенділік шамалы, бірақ стандартты педагогикалық қызметке жаңа шешімдерді іздеу және енгізу түрінде көрінеді. Репродуктивті кезеңде түзету және гностикалық құзыреттілік те жүзеге асырылуы мүмкін, бұл әдістемелік мәселелерді шешуде талдау әдісін қолдануды және қажет болған жағдайда сабақ жоспарын түзетуді білдіреді.

Одан кейінгі кезең *өнімді*, ол негізінен қазіргі ақпараттық ортада жұмыс істеу кезінде педагогтің шеберлігі мен білімімен сипатталады. Бұл кезең қазіргі ақпараттық-коммуникациялық орта жағдайында жаңа мүмкіндіктерді іздеумен қамтылады. Мұндағы негізгі компоненттердің бірі – жобалау компоненті. Бұл компонент болжамды нәтижелерді талдауды, педагогикалық қызметтің жаңа түрлерін, формалары мен әдістерін қоса отырып, тақырыпты зерттеу кезінде логиканы құруды қамтиды. Жобалау компоненті перспективалық жоспарлау және оқу процесін ақпараттық және психологиялық қамтамасыз ету функциясын қамтиды [3].

Өнімді кезеңнің құзыреттерінің бірі – педагогтің білім беру процесінде ақпараттық технологияларды қолдануға мүмкіндігі мен дайындығын көздейтін ақпараттық-техникалық құзыреттілік. Қазіргі жағдайда әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру педагогтің тәжірибесіне ақпараттық технологияларды енгізбесе толық болмайтынын атап өткен жөн. Ақпараттық технологияларды қолдану педагогке білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге, мотивацияны арттыруға, сондай-ақ оқу процесін қарқынды және мазмұнды етуге мүмкіндік береді, бұл танымдық мүмкіндіктердің дамуына ықпал етеді. Ақпараттық-техникалық құзыреттілік бірнеше компоненттерді қамтиды [4]:

1. Сандық – кәсіби қызметте компьютер мен интернеттің мүмкіндіктерін пайдалану.
2. Ресурстық – бағдарламалар мен материалдарды өзгерту мүмкіндігі мен қабілеті.
3. Технологиялық – ақпараттық-педагогикалық технологиялардың әлеуетін толық пайдалану.

Өнімді кезеңдегі шығармашылық құзыреттілік проблемаларды шешуге, мазмұнын, құралдары мен оқыту формаларын қалыптастыруға шығармашылық және ерекше көзқарас қабілеті ретінде сипатталады.

Соңғы кезең – *рефлексивті*. Бұл кезеңде педагог қол жеткізілген нәтижесі мен мақсатты салыстырады. Осы кезеңде қолданылатын құзыреттілік рефлексивті-гностикалық болып табылады. Бұл өз қызметін талдау, таңдалған құралдардың тиімділігін бағалау, жұмыс формалары мен әдістері

негізінде мәселелерді шешуге дайын болу мүмкіндіктерін білдіреді. Өз қызметінің рефлексиясы педагогтің инновациялық әлеуетін дамытуға, яғни жаңасын қабылдауға дайын болуға, әдістемелік міндеттерді шешудің жаңа жолдарын іздеуге, сондай-ақ оқыту тәсілдерін, технологияларын және өзінің әдістемелік тәжірибесін өзін-өзі бағалауға ықпал етеді [5].

Осылайша, әдістемелік құзыреттіліктің құрылымдық компоненттерін бөліп көрсету және олардың белгіленген кезеңдермен байланысы әдістемелік құзыреттілікті қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін нақты көрсетуге мүмкіндік береді, және оны меңгеру болашақ педагогке кәсіби мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдістемелік құзыреттіліктер туралы ұғым, білімдер педагогтерге болашақта әдіскер қызметіне тағайындалып жатса да өте қажет болатыны сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында» көрсетілген біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе өзге де жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім және білім беру ұйымдарындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болғаннан кейін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының әдіскері қызметін атқара алатынын ескере отырып, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің, оның ішінде кәсіптік оқыту педагогтерінің де келешекте осы біліктілік талаптарына сай болған кезде әдіскер қызметіне тағайындалып, сапалы жұмыс істей алулары үшін олардың да әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру қажет.

Әдіскер лауазымына тағайындалған педагогке жалпы барлық педагогтерге қажетті әдістемелік құзыреттіліктерден бөлек, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының әдіскерінің кәсіби міндеттеріне сәйкес құзыреттіліктер қажет болады. Себебі, әдіскер білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастырады және талдайды; озық педагогикалық тәжірибені анықтау, жинақтау және енгізу бойынша білім беру ұйымының әдістемелік және циклдік комиссияларының, кафедраларының жұмысын үйлестіреді; оқу-әдістемелік құжаттаманы дайындау бойынша жұмысты бақылайды, оқу-жоспарлау жұмыс құжаттамасын жасауға қатысады; білім беру ұйымдарының әдістемелік, пәндік және циклдік комиссиялары, кафедралары төрағаларының (меңгерушілерінің) жұмысын басқарады және үйлестіреді; педагог қызметкерлерді аттестаттауды дайындауға және өткізуге қатысады; озық педагогикалық тәжірибені анықтайды және жинақтайды, оқытудың инновациялық-дамытушы элементтерін, үздік жаңашыл педагогтардың жұмыс тәжірибесін практикаға енгізеді, педагог қызметкерлерге авторлық бағдарламалар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер әзірлеуге жәрдемдеседі; білім беру процесі мен әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлейді; оқытушылардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарын, конференцияларды, семинарларды дайындауға және өткізуге қатысады; ашық сабақтар өткізуді және оларды талқылауды ұйымдастырады; әдістемелік кабинетті жабдықтармен, көрнекі құралдармен жабдықтауды қамтамасыз етеді; белгіленген есептік құжаттаманың уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді [6].

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтерінің келешекте осы көрсетілген кәсіби міндеттерді атқарып, білікті және жоғары әдістемелік құзыреттіліктерге ие әдіскер болып қызмет жасай алулары үшін, сонымен қатар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру процесінде табысты кәсіби және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жүйесін құру мақсатында біз «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтерінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында диссертациялық зерттеу жұмысын жүргізу үстіндеміз.

Жүргізіліп жатқан зерттеулеріміздің негізінде, болашақ педагогтердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар бүгінгі таңда облысымыздағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында туындап отырған әдіскерлердің жетіспеушілігі немесе көптеген әдіскерлердің кәсіби құзыреттілігінің төмендігі сияқты мәселелерді шешуге де көмегін тигізеді деген ойдамыз. Бұл мәселелер облыстың 54 колледжінде қазіргі таңда жұмыс істеп жатқан әдіскерлермен жүргізілген сауалнама негізіндегі жасалған талдау нәтижесінде анықталып отыр.

Қазіргі күні, облыс колледждерінің әдіскерлерінің 53%-ы осы лауазым бойынша енді ғана жаңадан қызмет жасап бастағандар болып табылады, яғни әдіскер лауазымындағы жұмыс өтілімдері 3 жылдан аз және сәйкесінше осы салада жұмыс тәжірибелері жоқ, оның ішінде тек 33%-ында ғана педагогикалық білімі бар, біліктілікті арттыру курстарынан 29%-ы ғана өткен; жаңа модель бойынша біліктілік санатына (54 әдіскердің ішінен) тек 8 адам ие (14,8%), олардың ішінде «педагог-модераторлар» - 4 (7,4%), «педагог-сарапшылар» - 1 (1,8%), «педагог-зерттеушілер» - 3 (5,5%). Өкінішке орай, бұл өте төмен көрсеткіштер екені белгілі.

Облыс колледждерінде бұндай мәселелердің бар болуының себебі - қазіргі уақытта жоғары және кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде педагогикалық мамандар санаты ретінде әдіскерлер даярланбайтындығы; колледждерде әдетте бұл лауазымға кешегі педагогтер тағайындалады, олардың біразы жұмыс өтілінің аздығына байланысты әрдайым осы қызмет түріне қажетті кәсіби құзыреттіліктің тиісті деңгейіне ие бола бермейді. Онымен қоса қазіргі уақытта тәжірибелі әдіскерлердің лайықты демалысқа кетуіне және оларды біз қарастырып отырған қызметке тиісті дайындығы жоқ жас мамандармен алмастыруына байланысты кадрлардың ауысуы орын алуда. Және, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық білімі жоқ жұмысшылар, яғни колледждегі мамандықтар бойынша арнайы пән оқытушылары немесе өндірістік оқыту шеберлері де біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде әдіскер бола алатыны. Сонымен бірге көптеген колледж әдіскерлерінің біліктілікті арттыру курстарынан өтпейтіндігінің, жоғары біліктілік санаттарының жоқтығының анықталып отырғаны да белгілі бір қиындықтар туғызады.

Осылайша, болашақ кәсіптік оқыту педагогтерінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру тақырыбын қолға алып отырғанымыздың бір пайдасы осы техникалық және кәсіптік білім беру саласында туындап отырған мәселелерді шешуге де тиеді десек болады. Бұл ретте, жүргізіліп жатқан ғылыми жұмысымыздың аясында болашақ кәсіптік оқыту педагогтерінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған әдістемелерді зерделеп, білім беру бағдарламаларын әзірлеп жатырмыз.

Біз алға қойған мақсатымызға қол жеткізіп, көзделген міндеттерімізді орындап, жоспарланып отырған жұмыстарымызды сәтті жүзеге асыруымыздың нәтижесінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру процесінде табысты кәсіби және жеке іске асыру үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ететін әдіскерлерді әдістемелік сүйемелдеудің және болашақ педагогтердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жүйесі құрылады деген үміттеміз.

Пайдаланылған ақпараттық көздердің тізімі:

1. Люботинский А.А. Структурно-функциональная модель методической компетентности будущих учителей иностранного языка в условиях инновационной образовательной среды // Молодой ученый. – 2014. – № 8.
2. Соловова Н.В., Калмыкова О.Ю. Методическая компетентность преподавателя вуза // Международный симпозиум «Образование в интересах устойчивого развития для всех поколений – социальный договор». 10–11 февраля 2016 г. Минск: БГПУЮ, 2016.
3. Волков Андрей Евгеньевич, Кузьминов Ярослав Иванович, Реморенко Игорь Михайлович, Рудник Борис Львович, Фрумин Исак Давидович, Якобсон Лев Ильич Российское образование – 2020: модель образования для инновационной экономики. Материал для обсуждения // Вопросы образования. 2008. № 1.
4. Мильруд Р.П., Максимова И.Р. Информационно-педагогические технологии в обучении иностранным языкам: сущность, история, современность // Иностранные языки в школе. – 2013. – № 3.
5. Москаленко, А.А. Управление формированием методической компетентности учителей общеобразовательной школы / А.А. Москаленко. – Текст: непосредственный // Аспекты и тенденции педагогической науки: материалы III Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, декабрь 2017 г.). – СПб: Свое издательство, 2017. – С. 136-139. – URL: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/273/13382/> (дата обращения: 18.09.2024).
6. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығы.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рахимбаева Т.Қ.

Қарағанды қаласы

*Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі
«Көркем еңбек» бөлімінің меңгерушісі*

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі өскелең ұрпақтың алған білімдерін әртүрлі өмірлік жағдайларда тиімді, өз бетімен, дұрыс қолдана алатын, мәселенің шешімін таба білетін шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Осыған байланысты «Көркем еңбек» мамандығының оқытушыларының маңызды міндеттерінің бірі әр студенттің білімі мен жеке ерекшеліктерін есепке алу негізінде жеке тұлғасын дамыту үшін жағдай жасау, сонымен қатар қазіргі заманғы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман даярлау болып табылады.

Сондықтан оқытушылар арнайы пәндерді оқытудың лайықты деңгейін көрсету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

Тігу технологиясы пәнінде студенттер арнайы киімнің сызбасын түсірмес бұрын адамның дене бітімінің өлшемін алу жолдарын меңгереді. Өлшем алғаннан кейін бұйымның сызбасы тұрғызылады, сызбада жіберілген кемшіліктер болса уақытында жойылып, лекал әзірленеді. Лекалдың көмегімен пішу шеберліктері әр сабақта қалыптасып отырады.

Жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі ол әртүрлі шығармашылық әрекет барысында көркем-технологиялық білімдерді, қабілеттер және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Осы орайда сурет салу техникасын меңгерген студенттер, енді тігін тігу технологиясын меңгереді (сурет 1, 2).



сурет 1



сурет 2

Түрлі материалдармен жұмыс жасау, білім алушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіреді.



сурет 3

Интерьерді безендіруге және жарықтандыруға арналған шам, әртүрлі материалдармен жасалады. Бастапқыда эскиз салып, эскиз бойынша материалдар жинап содан кейін безендіреді (сурет 3).

Көркем өнер саласында қолданылатын материалдар да үлкен мәнге ие екендігі мәлім.

Мулина жіптерінің көркемдік-мәнерлі мүмкіндіктерін пайдалана отырып, туған табиғаттың эмоциялық-жарқын бейнесін жасауға болады (сурет 4,5).



сурет 4



сурет 5

Сонымен қатар мүсін сабағында бірінші курста студенттердің қол икемділігін қалыптастыру мақсатында сабын материалымен артық материалды жою тәсілімен жұмыс жасауы керек, (сурет 6, 7).



сурет 6



сурет 7

«Әлем менің көзіммен» тақырыбындағы композицияға назар аударсақ, студенттер қоршаған ортаның сұлулығын, табиғат жағдайының алуан түрлілігін, әр түрлі көркем материалдардың мәнерлілігіне эмоциялық-эстетикалық сезімталдық сезімін қалыптастыру үшін оқытушының сан алуан әдісті тиімді қолданғанын байқауға болады (сурет 8, 9).



сурет 8



сурет 9

Студенттерді өнерге икемдеп, қабілеттерін дамыту үшін әр оқытушыны жетістікке жетелейтін әдісі-тәсілі болады.

Шығармашылық қабілетін дамытып, өзін-өзі танытуға, сенімсіздіктерін жеңуге ұмтылдыру үшін оқытушылар жеке-бағдарлы тәсілді, әртүрлі әдістерді үнемі қолданса, студенттер өнер амалдарының бәрін білетін болады, сонымен қатар жұмыстарын талдап, өз қателіктерін өз бетінше таба білуі өте маңызды, жалпы алғанда барлығы дамиды.

Студенттерді табиғи сурет салу барысында қарындашпен жұмыс істеу тәсілдерін үйрету үшін педагогтар студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге бағыттауы керек.

Бейнелеу сабақтарында оқытушылар тарапынан бейнелеу өнерінің мәнерлі құралдарын, әдістерін тиімді қолданумен қатар, бейнелі ойлауды саналы пайдалану дағдыларын дамыту тәжірибеге енген.

Студенттердің кескіндемеші-суретшілердің жұмысына деген қызығушылығы мен құрметін, көркем талғамын, көркемдік-шығармашылық қызмет пен әуестігін қалыптастыруға ықпал етудің де маңызы зор екендігін алға тартатын педагогтарда баршылық.

Студенттер кез келген бұйымды жасаудан бұрын, оның құрылымы туралы техникалық жоба үлгісімен танысады. Бұндай құжатқа бұйымның сызбалары мен оның технологиялық картасы жатады. Сызба бұйымды жасауға қажетті мәліметтерін, жазықтыққа бейнелеудің ережелерін және сызбаларды білулері қажет.

«Көркем еңбек» оқу пәнінің маңыздылығы шынайы болмысты эстетикалық қабылдауды және еңбекқорлыққа тәрбиелеуді, адамның қоршаған әлеммен өзара байланысы туралы білімді қалыптастырудың бірден-бір құралы болып табылады.

«Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты –жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образды ойлауын қалыптастыру.

Ертеден келе жатқан жүнді илеу арқылы бұйым жасау өнерін материалды көркемдеп өңдеу пәнінде іске асыруға болады.

Студенттер сулы және құрғақ илеу техникасын меңгереді(сурет 10, 11).



сурет 10



сурет 11

Сәндік-қолданбалы өнері пәнінің бастамасы, табиғи формаларды стилизациялаудан басталады. Қағазға салынған көкөністер, жемістер, құстар, натура ретінде муляждар, гүл құмыралары қойылады,



сурет 12

студенттер натурадан көргенін талғамына қарай өзгертеді, сәндеп, безендіреді (сурет 12).

Бұл студенттердің қандайда бір затқа өз көзқарасы болуы үшін, арнайы енгізілген шығармашылық жаттығу.

Натура ортақ, бірақ әртүрлі композиция шыққанын байқауға болады.

Келесі тапсырма - бұл натюрморт.

Студенттер тақта алдындағы натюрмортқа қарап, стильдейді және шығармашылық натюрморттың формасын жеңілдетеді немесе күрделендіреді. Нақты, дәлірек айтсақ, суреттемейді тек өздігінен түрлендіреді. Жарқын заттар шығады және бұл студенттердің шығармашылық қиялын дамыту үшін өте маңызды. Безендіру жаттығулары(сурет 13).



Бояу әдістері: алдымен студенттер жаттығады, тәжірибе жасайды, содан кейін осы суреттердің эскиздерін жасайды, тек содан кейін олар дайындамаларда, кобдишаларда, тақтайшаларда жұмыс істейді.

Безендіру жұмысын орындау үшін, қиялды дамытып қана қоймай, қолды жаттықтыру керек, тек содан кейін қуыршақтарды, тақтайшаларды, безендіруге болады (сурет 15, 16). Мұның бәрі студенттер жаттыққаннан кейін жасалады.

сурет 14



сурет 15



сурет 16

Кескіндеме негіздері -бұл акварель натюрморттары, гуашь-натюрморттар, майлы кескіндеме және майлы портреттер. Бұл кезең-кезеңімен оқытылады.



Бастапқыда студенттер акварельді меңгереді және акварелмен натюрморт, содан кейін гуашь техникасы және гуашь техникасымен натюрморттан кейін. майлы кескіндемеде натюрморт орындауы керек, біртіндеп адамның дене бітімін сала бастайды .

Пішін кескіндемесі, тізеге дейінгі пішін, барлығы біртіндеп жүзеге асырылады. Ең қарапайым және қарапайым нәрселерден бастап бірінші курстан, төртінші курсқа дейін, оқытушылар осы нәтижеге жетуі керек. Бұл қалай іске асырылады, әрине барлығы жеке. Әр топтың барлығына ортақ бағдарлама бар, бірақ оқытушылар студенттердің дайындығына қарауы керек.

Арнайы дайындық бар ма, топтың ынтасы қандай, топ бір-біріне ұқсамайды. Сондықтан әр топтың өзіндік әдістері бар, әр топпен жекелеме жұмыс жүргізіледі.

Негізгі пәндерде ұйымдастыру жұмысы өте маңызды, себебі пәнде белгілі бір тәртіп бар, яғни мольбертті орналастыру, бояуды, суды дайындау, бұл тәртіпке студенттер бірінші курстың бір-екі айында дағдыланады.

Әрі қарай оқытушылар қарапайым нәрселерден бастайды, бөлменің ортасына екі подиум орналастырылып, сол жерге көкөністер мен жемістер қояды, студенттер оқытушының басшылығымен натураны салады, кейде оқытушылар шеберлік сабағын көрсетеді (сурет 17).

Осындай қарапайым нәрселерден бастап студенттер күрделі натюрморттарды, адамдардың тұлғаларын және т.б. меңгереді. Егер адам пішінін салу керек болса, студенттер алдымен бәрін мұқият, жекелей зерттеуі керек. Ең алдымен адамның басын бейнелейді, кеудеге дейін портрет, қолдарын, аяқтары барлығы жеке-жеке біртіндеп мақсатты түрде зерттеледі.



сурет 17

Кескіндеме суретсіз жұмыс істей алмайды, яғни пәндер бір-біріне жақын екені бәрімізге мәлім. Композиция - күрделі пән, оны сурет және кескіндемесіз меңгере алмайды, сонымен қатар өнер тарихында білу керек(сурет 18, 19).



сурет 18

Пәнаралық байланыс өте маңызды және қажет. Егер қандай-да бір пәнде маман кемшілік жіберсе, бұл өзге пәнге әсер етеді.

Алқалы көзқарастар яғни просмотр бұрыннан Ресейдің көркемөнер мектептерінде ойлап табылған, бұл өте жақсы ынталандыру.

Осындай алқалы көзқарастар семестрдің соңында жасалады, бұл оқытушылар мен студенттер үшін өте маңызды сәт.



сурет 19

Студенттердің жұмысына қарап, олардың қалай бастағанын, соңғы жұмыс үшін қалай талпынғанын, бұл үшін не істегенін және үлгерімін, кемшіліктерінің бар-жоғын көруге болады.

Бұл оқытушыларымыздың жұмысы, сондықтан просмотр кезінде әр маман өзінің жіберген кемшілігі болса, қашан, қалай енді оны болдырмаудың жолын қарастырып, қорытынды шығарады. Алқалы көзқарастар яғни просмотр өте маңызды.

Студенттер арнайы пәндерден үйренгенін басшылыққа ала отырып, өз қолдарынан бұйым жасап, мектептегі байқау сабақтарына көрнекі құрал ретінде қолданады(сурет 20).



Көркем еңбекті оқыту әдістемесінде, жаңартылған білім мазмұны аясында, сабақты қысқа мерзімді жоспарлап жаттығады.

Әдістемелік сабақ студенттердің шығармашылық жігерін ашуға, шеберлік деңгейінің шындалуына, әр жұмыста жетістікке жету жолын үйренуіне жол ашады. Сабақта жаңа педагогикалық технологияларды қолданып, сонымен қатар сабақты түрлендіріп отыру маңызды екені бізге мәлім. Топтасып бірге жұмыс жасап, өзін және жолдастарын бағалап, оқытушымен кері байланыста болады.

Ас әзірлеу сабағында дастарханды безендірумен қатар, әртүрлі тағам түрлерін тәжірибе жүзінде дайындап, сонымен қатар ұлттық тағамдарды жасап үйренеді.

Арнайы пәндерде безендіріп салу өнерімен қоса, компьютер бағдарламаларымен жұмыс жасау құзыреттілігі жетіледі, графикалық дизайн пәнінде Illustrator бағдарламасы бойынша логотип пен визиткаларды орындайды(сурет 22, 21).



сурет 22



сурет 21

Проект графикасы пәні бойынша Illustrator бағдарламасы арқылы студенттер жатын бөлме интерьерін орындайды (сурет 23). Дегенмен әдемілік үшін Photoshop бағдарламасымен бөлшектер қосылады. (Терезеден тыс фотосурет және текстураларды енгізу).

Интерьерді проекциялау пәнінен 3D studio MAX, Corona render, Photoshop бағдарламасымен жұмыс істеп үйренеді.



сурет 22

Қорыта келе сөз соңында айтпағым, бүгінгі цифрланған заманда жаңа формациядағы мұғалім дайындау өзекті мәселе болып тұрғандығы бәрімізге мәлім. Сондықтан аталған мамандық бойынша арнайы пәндерді толық меңгерген студенттер, заман ағымына ілесіп, жаңашыл бағытта жұмыс жүргізетін, сабақта жаңа әдістерді қолдана отырып, жас ұрпаққа сапалы да, саналы білім беретін, өзіндік пікірі бар маман бола алады демекпін.

УДК 37.015.3

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Жиентаева Б.Ж., Манабаева Т.Т.,
«Тұран-Астана» университетінің магистранты, Астана, Қазақстан*

Қазіргі уақытта студенттерді болашақ педагогикалық қызметке ынталандыру рөлі ерекше өзекті болып отыр. Педагогикалық теория мен практикада қалыптасқан тәсілдерді талдау барысында студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастыру мәселесін, олардың жоғары оқу орнында оқу барысында болашақ іс-әрекеттің мағынасын ашу жолдары анықталды.

Студенттердің кәсіби құзыреттілігінің сапасы, олардың кәсіби өсуге және үздіксіз дамуға уәждемесі кәсіби міндеттердің мазмұнын түсінуге ықпал етеді [1]. Сондықтан жеке психологиялық құзыреттілікті дамытудың мазмұнды бағытында студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастыру критерийлері мен көрсеткіштерін анықтауды талап ететін кәсіби-жеке көзқарастар, бағдарлар, құндылықтар маңызды рөл атқарады. Кәсіби қызметке ынталандыратын нақты уәждерді, кәсіби қызметтің уәждерін, кәсіби көзқарастарды, мүдделерді, психологиялық дайындықты, еңбекке қанағаттануды түсінуді қамтамасыз ететіні анық.

Кәсіби мотивация дегеніміз - мамандық таңдауды және осы мамандыққа байланысты міндеттерді ұзақ уақыт орындауды анықтайтын нақты мотивтердің әрекеті деп көрсетеді М.В. Воробьева. Яғни, болашақ маманның кәсіби мотивациясы тұрақты мотивтердің жиынтығы болып табылады, олардың көрінісі кәсіби көзқарастарға, қарым-қатынастарға, позицияларға, сондай-ақ эмоцияларға, сезімдерге, тұлғаның кәсіби қасиеттеріне байланысты [2, 8-9 б.]. Ол студенттерде кәсіби мотивацияны қалыптастыру мәселесін шешудің тиімді әдісі-практикаға бағытталған білім беру сипатын күшейту, университетте оқу кезеңінде табысты кәсіби тәжірибе алу деп санайды. Бұл ретте кәсіби қызметтің оң тәжірибесін қалыптастырудың негізгі құралы студенттік практика болып табылады.

Әйткенмен студенттердің болашақ кәсібіне байланысты мотивациясының ерекшеліктері бар. Студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастыру процесі үздіксіз, динамикалық даму ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл өз кезегінде, оқу кезеңінде әрбір студенттің жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, жеке тәсілді қажет етеді. Студенттердің кәсіби дамуының негізі, олардың мүдделерін ұғынып, түрлі оқу әдістемелерін қолдану арқылы қол жеткізілетін жағдай болып табылады.

Психологтар мотив деп мінез-құлықтың ішкі қозғаушы күшін түсінеді, ал педагогикада мотивация көбінесе қызметті реттеудің жоғары формасы ретінде қарастырылады [3]. Оқу мотивациясы танымдық қызығушылықпен байланысты және педагогикалық әсер ету жағдайында университеттегі оқу-танымдық процестің тиімділігінің маңызды мотиві мен факторы болып саналады. Г. А. Карпова атап өткендей, «алдымен ынталандыратын, содан кейін ғана тәрбиелейтін мұғалім тиімді жұмыс істейді» [4, 49-бет].

Кәсіби дамытудағы тиімді тәсілдердің бірі – студенттерді тәжірибе алаңдарына тарту. Мысалы, кәсіпорындармен серіктестік орнату арқылы студенттер өндірістік оқу, стажировка мен жобалық жұмыстар жүргізуге мүмкіндік алады. Бұл тәжірибе жастардың кәсіби дағдыларын дамытуға, сондай-ақ, еңбек нарығындағы сұранысты түсінуге жәрдемдеседі.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде студенттердің әртүрлі негіздер бойынша терілуі келтірілген. Сонымен, Э.Ф. Зеер студенттердің кәсіби бағыттағы түрлерін ажыратады, олар 16-ны қызметке деген ынтамен ажыратады [5]. Мотивтердің табиғаты күрделі болғандықтан және оларда әртүрлі жеке білім беру арқылы делдал бола алатындықтан, студенттердің мотивациясын диагностикалау қажет, оның ішінде мотивтерді ғана емес, сонымен қатар оларда делдал болатын жеке құрылымдарды, мысалы, құндылық бағдарларын өлшеуге бағытталған әдістердің кең ауқымы бар.

Сонымен қатар, кәсіби мотивацияны арттыруда заманауи білім беру технологияларын енгізу маңызды. Жаңа технологияларды пайдалану студенттерге тың тақырыптар мен инновациялық әдістерді меңгеруге, өз бетінше ізденуге жағдай жасайды. Оқу процесінің интерактивтілігі студенттердің қызығушылығын арттырып, оқу нәтижелерін жақсартады.

Б.Н. Гузанов өзінің «Интеграцияланған өндірістік оқыту процесінде ЖОО студенттерінің кәсіби уәждемесі» атты зерттеуінде жоғары білім беру сапасын арттыруға және студенттердің кәсіби дамуына ықпал ететін кәсіби уәждемені тұрақты және мақсатты қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін интеграцияланған өндірістік оқытуды жобалау ерекшеліктері қарастырылған.

Осы ұстанымдардан студенттің кәсіби қалыптасуының маңызды аспектісі оның болашақ кәсіби қызметіне деген ынтасын қалыптастыру болып табылады. Мотивация студенттің жеке басының кәсіби қалыптасуына ішкі қозғаушы күш ретінде қызмет етеді, мұнда олардың өзін-өзі дамытуы және іс жүзінде өзін-өзі жүзеге асыруы көрінеді. Кәсіпті оқыту тиісті маңызды құзыреттерді игеруге бағытталған. Оқыту кәсіби уәждемені қалыптастыруды қамтамасыз ететін студенттердің білім беру қызметін ұйымдастыру, мазмұны арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты болашақ мамандықты игеру арқылы студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім беру процесін жобалау өте маңызды болады.

Атап айтқанда, кәсіби мотивация студенттердің оқу процессіне, олардың маман ретінде қалыптасуына, және болашақтағы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына тікелей әсер етеді. Студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастыру – үлкен мәнге ие процесс, себебі бұл олардың болашақ мансаптарына, білім алуға және кәсіби дағдыларын дамытуға тікелей әсер етеді. Кәсіби мотивацияны қалыптастырудағы негізгі ерекшеліктері бар. Соның ішінде студенттердің кәсіби қызығушылығы өз кәсібіне деген қызығушылығын арттыру, олардың оқу процесіне, тәжірибеге және болашақ жұмысқа деген қызығушылықтарын көтеру.

Қарастырылатын оқу бағдарламаның тиімділігі де студенттердің қызығушылықтарына маңызды роль атқарады, еңбек нарығында сұранысқа және заманауи технологияларға сәйкес болуы тиіс. Ол үшін оқу процесінің жаңартылып отыруы керек.

Студенттердің білім алатын ортасының психологиялық жағымды ортасын құруының да мәні ерекше. Өйткені білім алушыларға оқу ортасындағы қолдау мен түсіністік қажет болады. Психологиялық қауіпсіздік студенттердің өзін-өзі көрсетуіне, кедергілерді жеңуге және өз әлеуетін жүзеге асыруына ықпал етеді. Студенттердің кәсіби тәжірибе алу мүмкіндіктері. Іс-тәжірибе, өндірістік практика мен жобалық жұмыстар студенттердің білімдерін практикада қолдануына және кәсіби бағыттарын анықтауына жәрдемдеседі.

Студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастыру дегеніміз ол кәсіби білім мен дағдыларды меңгеру үшін қажетті білім деңгейін жан-жақты меңгеріп, тәжірибеде қолдана білуі. Студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастыру мазмұны бірнеше негізгі компоненттерден тұрады. Олар білім беру процесінде студенттердің кәсіби бағыттылығын, қызығушылықтарын, және ұмтылыстарын дамытуға бағытталған. Мұнда қарастырылатын негізгі аспектілері ретінде студенттердің кәсіби мақсаттар мен міндеттерді анықтау қажет.

Жеке кеңес беру: Оқу процесінде психологтар мен кеңесшілердің көмегімен студенттермен жеке әңгімелесу ұйымдастыру. Бұл кезде студенттер өз қызығушылықтарын, күшті және әлсіз жақтарын сараптап, өз мақсаттарын анықтай алады.

SMART әдісін қолдану мәселесін қарастырар болсақ мақсат қою процесінде SMART (Specific, Measurable, Achievable, Relevant, Time-bound) принциптерін қолдану қажет етеді. Бұл тәсіл студенттерге нақты, өлшейтін, қолжетімді, маңызды және уақыт ауқымында орындалатын мақсаттар қоюға көмектеседі. Сондай-ақ, мастер-класстар мен семинарларды қолдану студенттердің көзқарастарын кеңейтеді және оларды кәсіби дамуына әсер ететін факторлармен таныстырады. SMART әдісі — мақсат қою процесінде қолданылатын белгілі бір принциптер жиынтығы. Бұл әдіс

мақсаттарды нақты, өлшенетін, қол жеткізуге болатын, маңызды және уақытпен шектелген етіп қалыптастыруға көмектеседі. SMART акронимі ағылшын тіліндегі бес критерияның алғашқы әріптерінен тұрады:

Кәсіби зерттеулер мен жобаларға қатысу барысында студенттерді өз мамандығымен байланысты зерттеулер жүргізуге, жобаларға қатысуға шақыру. Бұл тәжірибе студенттердің ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтауға көмектеседі.

Арнайы пәндерді оқыту барысында кері байланыс жасау студенттермен мақсаттарына жету барысындағы нәтижелер мен прогреспен тұрақты кері байланыс орнатуды көздейді. Олардың жетістіктерін атап өту мотивацияларын көтереді, ал кедергілерді талқылау болашақтағы мақсаттарды бейімдеуге көмектеседі.

Визуализацияның ролі өте үлкен, себебі студенттерге өз мақсаттарын визуалды түрде көрсетуді ұсыну. Мысалы, жоспарлар, диаграммалар, менталдық карталар жасау. Бұл әдіс мақсаттарды көз алдына түсіріп, оларға жетудің жолдарын жоспарлауға көмектеседі.

Кәсіби табыстарына үлгі тұту жағы маңызға ие. Өйткені өзіне үлгі ретінде табысты мамандар, кәсіби тұлғалар туралы мысалдар келтіру. Олардың мансап жолы мен ұзақ мерзімді мақсаттарына жетудегі тәжірибелері студенттер үшін жақсы мотивация болып табылады.

Топтық жұмыстар ұйымдастыру қырынан қарастрасқ, студенттердің топпен жұмыс істей отырып, өз мақсаттарын бірге анықтап, талқылауына жағдай жасау. Бұл процесс олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға, сондай-ақ, идеаларды бір-бірімен бөлісуге мүмкіндік береді.

Кәсіби тәжірибе алу барысында студенттерді тәжірибелік оқыту, стажировкалар мен жобалар арқылы кәсіби ортаға енгізу. Бұл тәжірибе студенттердің нақты мақсаттарды анықтауына және оларды жүзеге асыру жолдарын түсінуіне көмектеседі. Осы тәсілдер студенттердің кәсіби мақсаттарын тиімді түрде анықтап, дамытуға көмектеседі. Кәсіби тәжірибе алу — студенттердің өз мамандығы бойынша практикалық дағдыларын дамыту, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру және еңбек нарығында нарыққа дайын болу үшін өте маңызды кезең. Кәсіби тәжірибені алу бірнеше жолмен жүзеге асырылуы мүмкін: Оқу орындарының ұйымдастыруы бойынша компанияларда қысқа мерзімді стажировкалар. Бұл мүмкіндік студенттерге жұмыс процесімен танысуға, кәсіби дағдыларды жетілдіруге және желілік байланыстарды дамытуға көмектеседі.

Студенттерге өз мамандығы бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын қалыптастыруға көмектесу. Ол бірнеше стратегиялар мен әдістер арқылы жүзеге асырылады. Міне, осы мақсатта қолдануға болатын тиімді тәсілдер ретінде девиздер мен ұрандар орнату. Студенттерге өз мақсаттарын нақтылауға және оларға жетудің маңыздылығын түсіндіруге көмек көрсету үшін мотивациялық девиздер мен ұрандар орнату. Бұл мақсаттарға жетудің негізін жасайды.

Қорыта келе, студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастыру мәселесі бойынша білім беру процесінде студенттерді кәсіби даярлау мақсатында жан-жақты оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің маңыздылығын көрсетеді. Бұл анықталған жағдай студенттерді кәсіби қызметке ынталандыру және мотивациясын қалыптастыру заман талабына сай сапалы маман даярлауға ықпал етеді.

Пайдаланылған ақпараттық көздердің тізімі:

- 1 Андреева Г.М. Социальная психология. – М.: Аспект Пресс, 2002. – 424 с.
- 2 Воробьева М.В. Развитие профессиональной мотивации студентов в процессе обучения в туристском вузе: Автореф. дис. канд. пед. наук. – Сходня, 2010. – 24 с.
- 3 Психологический словарь / ред. В. В. Давыдов. Москва: Педагогика, 1983. 448 с
- 4 Практикум по психологии профессиональной школы / Свердлов. инж.-пед. ин-т; под общ. ред. Э. Ф. Зеера. Свердловск, 1990. 117 с.
- 5 Зеер Э. Ф. Психология профессий: учебное пособие / Э. Ф. Зеер. 2-е изд., перераб. и доп. Екатеринбург: Деловая книга, 2003. 330 с.
- 6 Гузанов Б.Н. Производственный опыт в структуре профессиональной компетентности педагога профессионального обучения / Б. Н. Гузанов, А. С. Кривоногова // В мире научных открытий. 2012. № 5 (29). С. 125–141

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ-ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Г.О. Сатымбаева, А.Т.Саналиева

Қарағанды қаласының «Толағай» бөбекжайы, КМҚК.

Балабақша тәрбиешілерінің басты міндеті – халқының рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтарын бүлдіршіндердің бойына ерте бастан дарыта отырып, жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар жағымды қасиеттерін дамыта түсу болып табылады. Ол үшін жас жеткіншектерді балабақшаға алғаш келген күннен бастап-ақ олардың бойына ұлттық тәлім-тәрбие нәрін сіңіру, рухани адамгершілік әдеттерге, жоғары азаматтық мәдениетке баули бастау – басты мақсаттардың бірі. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында көрсетілгендей, тәрбие үрдісін қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек. Ұлы ғұлама Әл-Фарабидің де: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деген ұлағатын ұмытпауымыз керек. Ал еліміздің ертеңін қалыптастыратын бүгінгі жас жеткіншектерге берілетін тәрбиенің өзегі - өз халқының адами қасиеттерімен бірге туған жерін, Отанын сүйе білуге тәрбиелеу, өз халқына тән асыл қасиеттерді дарыту – олардың бойына ұлттық құндылық – ұлттық қазынамызды сіңіре білуден бастау алады деп білемін[1].

Балабақшада бүлдіршіндермен өткізетін оқу-тәрбие жұмыстарында жаңа технологиялардың көмегімен ұлттық тәлім-тәрбие беру ісін ұмыт қалдырмауға аса мән береміз. Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани құндылықтарымызбен таныстыру күнделікті балабақша өмірінде іске асып жатуы қажет. Мәселен, балабақшамыздағы қазақ тілі кабинеті ұлттық нақышта безендірілген. Одан басқа былтырғы оқу жылынан бастап ұлттық галерея жұмысын жасап тұр. Ол жерде ата-бабамыздан қалған киіз үйден бастап, диірмен, қыш пештерге дейін бар. Осы кабинеттерге әкеліп әрбір педагог өз тобын ұлттық құндылықтарымызбен таныстырады. Халқымыз ұрпағына ұлттық тәрбие нәрін себе отырып, ұлттық ойындардың мән-мағынасын жете ұғындырып, оларды халқын, туған жерін, оның салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, тарихын, мәдениетін және өткен өмір жолынан осы ұлттық мұрасы арқылы хабардар етіп отырғанын жақсы білеміз. Біз, балабақша тәрбиешілері халқымыздың осы мақсат-мүддесі жолында бүлдіршіндерге ұлттық тәлім-тәрбие берудің үлгісін көрсетуге тиістіміз. Ұлттық ойындар тақырыбында өткізетін сабақтарда ұлттық ойындар арқылы халқымыздың айналысқан шаруашылығы, мәдениеті, жалпы өмір сүру дағдылары мен тыныс-тіршілігі туралы ой тудыра білу қажет. Сол себепті ұлттық ойындарды өз ыңғайымызға қарай заманауи етіп өзгертіп аламыз. Сондай ойындардың бірі- “Бәйге” ойыны. Ортадағы мәрені хан ордасы дей отырып «Бәйге» ұлттық ойыны атауын «Хан ордасы» деп өзгерттік (1-сурет). Бұл ойынның мақсаты ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу арқылы танымдық зияткерлік дағдыларын, заманауи нақыштағы ойын іс-әрекеті барысында дамыту. Ойын барысындағы тапсырмаларды қызығушылықпен орындай отырып, білім дағдыларын шыңдау, бірігіп шешім қабылдай білуге баулу. Елін, жерін құрметтей білетін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, рухы мықты тұлға болуға тәрбиелеу. Ойын кезінде балалар төрт топқа бөлінеді [2].

1 топ- Толағай батыр, 2 топ- Алпамыс батыр, 3 топ- Керқұла атты Кендебай, 4 топ- Ертөстік батыр тобы болады. Төрт бұрышқа бөлінген топ мүшелері бір-бірден киіз үй астына жасырылған тапсырмаларды орындайды. Ойын барысында кездесетін тапсырмалар:

- Таразы;
- Графикалық диктант Д.Б. Элькони әдістемесі;
- Садақ ату;
- Кір көтеру;
- «Ұшқыр ой алаңы» математикалық тапсырма орындау;
- «3Д геометриялық пішіндер мен денелер» құрастыру.
-



1-сурет

Міне осылайша балалардың қызығушылығын арттыру үшін ұлттық ойындарды заманауи етіп өзгертеміз.

Абай атамыз да: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - деген ғой. Ал ұлы педагог В.А.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес» - деп қорытқан болатын.

Заманымыздың заңғар жазушысы М.О.Әуезовтің «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген ұстанымын орындау қазіргі таңда мектепке дейінгі мекемелерде жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру - ол өз халқының ұлттық ойындарын ойнатып, ертегі-аңыздарын жас бүлдіршіндерге жетік білгізу арқылы халқымыздың тарихынан, мәдениеті мен өнерінен толық хабардар етуден басталады. Балабақшада жас жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбие беру ісінің түпкі негізі де осы мақсатта құрылуы тиіс. Ал ол мақсат –балалармен жүргізілетін жұмыста жас ерекшеліктерін қатаң ескере отырып халықтық педагогика негіздерін олардың бойларына толық сіңіруден бастау алады [3].

Сонымен бірге бұл бағытта біз, балабақша тәрбиешілері жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде олардың жастайынан мінез-құлқын қалыптастырып, қамқорлық, қайырымдылық, жомарттық сынды адамгершілік қасиеттерін дамытуға септігін тигізетін әртүрлі тақырыптағы ертегілер мазмұнымен таныстыру, ондағы кейіпкерлерді балалардың өздеріне сахналық көріністерде сомдату әдістеріне мән беріп отырамыз. Ұлы педагог Ы.Алтынсарин: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» - дейді. Сол себепті, ертегілер кез келген баланың мінез-құлқына жағымды әсер ететін тәрбие құралы болып табылады. Бүлдіршіндердің жасына сай ертегілерді іріктеп алып, олардың мазмұнын түсінікті, жатық тілмен баяндай отырып, балалардың ең алдымен сол тақырыпқа деген қызығушылығын арттырып алу қажет. Сонымен бірге, балалардың ертегіні қаншалықты деңгейде түсінгенін қадағалап, ертегілерде айтылатын оқиғаларға олардың көзқарастарына назар аударып, пікірлерін сұрап отыру керек. Бұл әдісті ертегілерді тыңдату арқылы балалардың ой-өрісін дамыту, ойларын жинақтап дұрыс сөйлей білу қабілетін арттыру, сөздік қорын молайту бағытында қолданып отырамыз. Халқымыздың бүлдіршіндердің ұғымына жеңіл «Алтын сақа», «Ақылды қыз», «Қаңбақ шал», «Ұр тоқпақ», «Мақта қыз», «Тазша бала» секілді ертегілерінің мазмұнын түрлі дидактикалық көрнекіліктерді молынан пайдалану, слайдтар арқылы қызықты етіп түсіндіре отырып, ондағы оқиғаларды көз алдарына әкеліп қазақ халқының мінез-құлқы, болмысы, адамгершілік қасиеттерін үлгі етуді мақсат етіп келеміз. Өйткені, Әл-Фараби бабамыз да: «Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік», - деп атап көрсеткен болатын.

Мен, «Толағай» балабақшасында бүлдіршіндерге ұлттық тәрбие беру ісінде әр кез ертегілерде кездесетін әртүрлі мінезді кейіпкерлерге балалардың өздері қызығушылық танытып бар ынта-ықыластарымен сахналық көріністер жасауға ұмтылуына тәнті болып келемін. Сонымен бірге, қай ертегіні түсіндірсем де, оның әр баланың сезіміне әсер етіп, оны ерекше бір көңіл-күйге бөлейтіндей деңгейге жеткізуді мақсат етемін. Бала сол кезде ғана ертегідегі жағымды кейіпкерге ұқсауға тырысып, ал жағымсыз кейіпкердің мінез-құлқынан бой тартатыны сөзсіз. Сол себепті, әрбір топта «Ұлттық бұрыштар» жасақталып, онда қазақ халқының тарихы, шаруашылығы, өнері және салт-дәстүрі мен әдет-құрпынан хабар беретін ұлттық қолөнер бұйымдары мен ұлттық музыка аспаптары, ұлттық киімдері жинақталады. Ал бұл бүлдіршіндердің өз халқының ұлттық ерекшеліктерін жастайынан танып өсуіне септігін тигізіп, ой-санасының дамытып, балабақша өміріне деген қызығушылықтарын арттыра түседі. Балабақшада ұлттық құндылық – ұлттың қазынасы деген ұстаныммен ертегілерді оқытуда, ұлттық ойындарды ойнатуда педагогикалық технологияны пайдалану шешуші рөл атқарады. Балаларға ұлттық тәрбие беру үрдісінде технологияны біз оқу процесінің жан-жақты ойластырылған үлгісі деп білеміз. Сол себепті ертегі мазмұнын оқыту, өздеріне әңгімелету, ойында атқарылатын іс-әрекеттер арқылы баланың оқу-танымдық әрекетін жандандырып, оның өз бетімен әрекет етіп,

шешімдер қабылдай алу қасиеттерін дамыту мақсатын көздейміз. Қазіргі таңда елімізде жүргізіліп жатқан білім беру реформасының басты мақсаты да ой-өрісі кең, дүниетанымы терең, жан-жақты қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеп шығару болып табылады. Сол себепті, бүгінгі күні қазақстандық қоғамға соны ғылыми жаңалықтар ұсынып отырған инновациялық технологияларды балабақша өмірінде, оның ішінде ұлттық тәрбие беруде барынша тиімді пайдалану – заман талабы деп білемін [4].

Біз, мектепке дейінгі мекеме педагогтары жаңа инновациялық технологияларды барынша тиімді пайдалана отырып оқу-тәрбие жұмысын сапалы жүргізе алсақ қана балалардың балабақша өміріне де жаңаша көзқарас үрдісі қалыптасатыны сөзсіз. Сол себепті, «Толағай» балабақшасының педагогтары бүлдіршіндерге ұлттық тәрбие беру ісінде жаңа инновациялық технологияларды, жаңа тың әдіс-тәсілдерді қазіргі заман талаптарына сай ұйымдастырып, оқу іс-әрекеттеріне жүйелі түрде енгізу жұмысын мақсатты жүргізуге тырысып келеміз. Бұл бағытта балабақшамызда жүйелі қолданылып жүрген жаңа инновациялық технологиялар:

1. Монтессори технологиясы;
2. АКТ технологиясы;
3. ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы;
4. Зайцев әдістемесі;

5. Ойын технологиясын әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетте балалардың жас ерекшеліктеріне қарай қолдану, нәтижелерін сараптау ісін жолға қойып отырмыз. Бұл орайда балабақшамызды балалардың дүниетанымын кеңейту, ой-өрісін дамыту мақсатында ойыншықтар мен дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету жұмысы бірінші кезекте қолға алынған. Сонымен қатар, балабақшамыз тәрбиелеу мен оқыту үдерісінің интерактивті жабдықтармен де қамтамасыз етілген.

Соған байланысты, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да балалар бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, азаматтыққа тәрбиелеу және олардың ақыл – ойын айқындау басты міндет етіп көрсетілген. Ал Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сол себепті біз, балабақша тәрбиешілері бала тәрбиесінде мемлекетіміз туғызып отырған барлық мүмкіндіктерді, оның ішінде инновациялық технологияны барынша тиімді пайдалану арқылы балаларды дамыта отырып оқытуды басты мақсат етіп қоюға тиістіміз. Осы мақсаттар үддесінен шығу жолы - баланың психологиялық даму ерекшелігін, әр нәрсеге деген қызығушылығын анықтау, тілдік қорын, мәдени сөйлеуін жетілдіру, балалардың өздігінен іздену қабілеттерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдау арқылы қазіргі заман талаптарына жауап бере алатындай азаматтар тәрбиелеп шығару ісінің алғышарттарын жасау және осы міндеттерді орындауға арналған жұмыс түрлерін барынша шығармашылықпен жүргізе білу қажет деп білемін.

Бабамыздан қалған мұраны дәріптеп, оны ұрпағымызға мұра ету біздің негізгі мақсатымыз болуы тиіс.

Осылайша, оқу-тәрбие процесінде ұлттық құндылықтарымызды насихаттаудың маңыздылығы сөзсіз. Олар халықтық педагогика идеялары негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-эстетикалық тәрбиелеу мазмұнының негізі болып табылады.

Демек, ұрпақтар сабақтастығымен мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды кеңінен насихаттау бізге ауадай қажет екендігін уақыт көрсетуде.

Пайдаланылған ақпараттық көздердің тізімі:

1. Ш.Уәлиханов Қазақ шежіресі. Тандамалы шығармалар. -Алматы, 1985.
2. С. Кенжеахметұлы Қазақ халқының салт-дәстүрлері. -Алматы: «Ана тілі», 2006.
3. И.А.Қайров, О.С.Богданов Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. Алматы, 1988.
4. Ф.Н. Жұмабекова. «Мектепке дейінгі педагогика». Астана, 2008.

БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Есбатырова А., Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ,
7М01401 «Кәсіптік оқыту» ББ 2 курс магистранты
Кенжегулов Ж., Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ,
7М01401 «Кәсіптік оқыту» ББ 2 курс магистранты*

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша «Халықаралық бағалар мен практикаларды, алынған міндеттемелер мен қол жеткізілген нәтижелерді ескере отырып, Қазақстан таяудағы 6 жылда білім және ғылым сапасын жақсарту жөнінде түбегейлі шаралар қабылдауы қажет. Осыған байланысты Бағдарлама негізгі анықталған проблемаларды шешуге, білім және ғылым жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ЭЫДҰ елдерінің үздік практикаларына жақындау үшін оны дамытуға бағытталғаны» атап көрсетілген. Бұл болашақ мамандарды даярлаудың сапасын еліміздің білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігі аумағына кіріктіру міндеттерін шеше отырып көтеруді көздейді. Осы Бағдарламаның міндеттері ретінде «Білім беру деңгейлері арасындағы мазмұнның сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында бүкіл білім беру траекториясы бойы жинақталатын өтпелі негізгі құзыреттер айқындалатын болады. Бұл құзыреттер білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының құндылығы мен мазмұндылығын, білім беру саласындағы басқа да негіздемілік құжаттарды (салалық біліктілік шеңбері, кәсіби стандарттар) айқындау үшін негіз болатынын» ескерсек, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін реформалау ауқымының кеңдігі белгілі болады [1].

Сол себепті бүгінгі күні Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары алдына әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзыретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отыр. Педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейін игерген маман ретінде даярлау мәселесін тудырады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жаңашаландыру үрдісі жүруде. Білім беру мекемелерінің алдында күрделі инновациялық міндеттер тұр. Білім беру жүйесін түбегейлі түрде ғылымға, теорияға, тәжірибеге негіздеп, ізгілік және педагогикалық қарым- қатынаста болатын, тұлғаның ішкі сұранысын қамтамасыз ететін, қоғамға қажет, бәсекеге қабілетті мамандарды жетілдіріп, бейінді білім беруге жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының кешенді тәрбие бағдарламасын оқыту кезеңінде іске асыру еліміз бағыт алған мамандарды даярлауды кәсіпке бейімдеп оқыту тәрбиелеу ұстаздар қауымынан жаңа тұрғыдан ойлау мен тәрбиенің өзекті бағытарын осы мәселеге бейімдеп жүргізуді талап етеді.

Республикамызда 2000-2005 жылдардан бастап енгізілген кешенді тәрбие бағдарламасы жаңа кезеңінің жаңа азаматын, оның тұлғалық қасиеттерімен қабілеттерін, тәрбиелік деңгейінің ортамен, қоғаммен әлеуметтік кеңестікте еркін де құзырлы өмір сүріп, өз мүмкіншіліктерін іске асыра алатындай тұлға болып шығуына бүкіл қоғам ел, ұстаздар қауымы мүдделі.

«XXI ғасырдың жаһандық және пәнаралық құзыреттері (оның ішінде волонтерлік, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік, көшбасшылық, коммуникативтік, зерттеу дағдылары, іскерлік және т.б.) және орта білім берудің жаңартылған мазмұны контекстінде жүзеге асырылады» деп көрсетілген Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында. Осыған орай замауи білім беру мәселесі қазіргі кездегі білімді цифрландыру, инновациялық білім беру технологияларын кеңінен қолдануды көздеп отыр.

Инновациялық технологиялардың кең мүмкіншіліктерінің бірі – білім берудің инфрақұрылымын жаңғырту және цифрландыру. Жоғары мектептегі оқу пәндерін оқытуды сапалы дәрежеге көтеруге ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қоры оқыту үрдісіне жаңа мүмкіндіктер жасайды. Осымен бірге білім алушылардың жеке тұлғасын қалыптастырудағы ақпараттық оқыту технологиясының маңыздылығы күн өткен сайын анық арта түсуде. Қазіргі заманда ақпараттың көптігі мен жету жылдамдығы, осы мәселенің психологиялық ерекшелігі де білім мекемесінің қабырғасында, сабақта инновациялық технологияны меңгерудің маңызы мен қажеттілігін дәлелдейді. Мемлекеттік

тілді мектепте оқытуда коммуникативтік бағытты ұстану басты мәселе болып табылады. Қатысымдық тұрғыдан ұйымдастырылған оқыту үрдісінің тиімді болуы осы зерттеу жұмысында қатысымдық тұлға – мәтінді компьютер арқылы оқытумен тығыз байланысты. Өйткені компьютердің мультимедиялық мүмкіншіліктері оқушының тілін дамытуды жан-жақты басшылық жасай алады. Қазақстандық білім беру жүйесінде барлық пәндер бойынша электрондық құралдар жасалып жатқаны белгілі. Дегенмен практикадағы қолданыс барысы әлі мардымсыз екендігін республикалық басылымдардан да, білім беру жүйесіндегі оқыту тәжірибесінен де көп байқауға болады [2]. Осы тұрғыдан арнайы пәндерді оқыту барысын жеңілдетуге ықпал ететін электронды арнайы терминдік сөздіктерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Жалпы бейінді оқыту және тұлғаның жан-жақты дамуына және қалыптасуына бағытталған оқу үрдісі ретінде оқушының өзіндік білім алу кеңістігінің мүмкіндігін арттыратын, орта және жоғары оқу орнына дайындайтын, жалпы орта білім беру бағдарламасындағы жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ететін, жеке бейімділіктер мен қабілеттеріне қарай білім алатын, яғни барлық оқушылардың толық білім алуларына тең жағдайларды және олардың әлеуметтану мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін мақсаттарды көздейді. Кәсіптік оқыту жалпы нарықтық экономикалық жүйемен байланысты. Нарықтық экономиканың өмірге дендеп енуіне байланысты қоғам талабына сай қазіргі өмір, экономикалық білім мен тәрбие беруді мектептен бастап қалыптастыруды талап етеді. Өйткені нарықтық экономикалық жүйеде мектеп қабырғасынан жеке тұлғаны кәсіби бағдарланған бағытта тәрбиелеп шығаруымыз қажет. Мектептен алған білімі болашақ мамандарды мектепті бітіргеннен кейін өндіріс орнында еңбек ете жүріп, экономикалық білімінің деңгейін көтеруге мүмкіндік береді [3].

Қазіргі кезеңдегі кәсіпке оқытуға дайындық, соған өту кезеңінде әр білім алушының өз бағытын айтқындай алатын қабілеттерімен айқындалуы, өзін - өзі тани алатын, өзін-өзі белгілі бір бағытта дамыта жетілдіре алатын, алға қойған өзіндік тұлғалық мақсатымен елдің, жердің, Отанның мүддесін үйлесімді сәйкестік таба алатын азамат тәрбиесі ата-анаға да, қоғамға да, ұстаздар қауымына да өзекті оймен міндеттер жүктейді. Осы тұрғыдан алғанда обылысымызда әр-түрлі типті мектептерімізде, тәрбиенің әр-түрлі белгі бағыттарында, белгілі дәрежеде өзінің даму деңгейлеріне ылайық тәрбие бар.

Сол педагогикалық іс-әрекеттер нәтижесінен ұстаздарға ұсынылып отырған жинақ, бұл жаңа кезеңде, жаңаша ойлаудың алғашқы тәжірибелері ғана.

Енді кешенді түрде бағарлама ұсынымдары алғашқы кәсіпке бейімдік оқыту кезеңіндегі іс-тәжірибелері, қазіргі қоғамда болып жатқан сан қилы алып құрылмақ. Білім тәрбие кеңестеріндегі мүдделі педагогтар, мамандар ұжымдар жаңа формацияға лайықты ұстаз бен, заманда өз елінің мәртебесін мен мүддесін көтеретін ұрпақ өсіруге ат салысады деп күтеміз.

Басқаша айтқанда педагогикалық әдебиетте педагогикалық процесі ұйымдастыруға түрлі аспектілері қарастырылады. Негізінен олар оқу процесінде оқушылардың дербес ерекшеліктерін есепке алу қажеттіген негіздейді. Білім беру проблемасы ұйымдық-педагогикалық, технологиялық, құзырлылық аспектілерінде үстіртін құрастырылады. Педагогикалық әдебиетті талдау бейінін оқытуды ұйымдастыруға арналған арнайы зерттеулердің жеткіліксіздігін көрсетті. Осы проблеманы қарастыру кәсіби маңызды қасиеттерін жетілдіруді жүзеге асыруда мүмкіндік беретін жоғары оқу орындарының жаңа тұрғыда қалыптастыру мәселесі қазіргі уақыт үшін өте маңызды, себебі, білім беру ортасын есепке ала отырып бейінін ұйымдастырудың тиімді жолдарын табу қажет. Сондықтан осы мәселені зерттеу қажет деп айтуға болады.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби-инновациялық құзыреттілігін қалыптастырудың бірнеше маңызды себептері бар: біріншіден, әр студентке жеке тұлға ретінде; екіншіден, келешекте жаңа типтегі кәсіптік лицейлерде немесе кәсіптік білім беру мекемесінде жұмыс істейтін маман ретінде дайындау.

Әрқайсымыз қоғам мүшесі болғандықтан, ешқайсымыз экономикалық білімсіз өмір сүре алмаймыз. Өйткені күнделікті ішетін асымыз, киетін киміміз, тұратын үйіміз, бос уақытымызды өткізу дағдыларымыздың барлығы қалай десек те экономикалық күштерге байланысты анықталады. Ал кәсіби-инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру оқу барысында, осы күштерді дұрыс ұғынып, тиімді пайдаланып, жарқын өмір сүруге мүмкіндік береді. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін студент оқытудың 5 нәтижесін көрсетуі тиіс деп аталған. Ол оқып жатқан саласындағы білім және түсінік; кәсіби деңгейде қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және проблемаларды шешу; ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асыру; ақпаратты, идеяларды, шешімдерді хабарлау; оқуды өз бетінше жалғастыру дағдысы [4]. Жоғарыда айтылған жағдайларды ескере отырып тұлғаға бағытталған кәсіби бағытталған пәндер модулінде оқытудың моделдерінен және әдістерін қарастыру қажет.

Өзікті мәселелердің бірі қазіргі қоғамда жеке тұлғаның қалыптасуы, оның тек өмір сүруге дайын ғана емес, әлеуметтік және экономикалық жағдайларға араласа білетін әрі белсенді түрде дұрыс бағыт

бағдар алып, жақсы жағдайларда өзгерте алатын болуы керек. Ондай тұлғаға қойылатын басты талап – шығармашыл, белсенді, әлеуметтік жауапкершілік, жоғары интеллекті және жоғары білімді, кәсіптік сауаттылық пен құзыреттілікті қажет етеді.

Осыған байланысты болашақ кәсіби оқыту педагогының дамуына, әрине, жоғары оқу орнының алатын орны ерекше. Студенттердің өзін-өзі көрсете алатын шығармашылық қабілеті, өзінің ойын ашық жеткізе білу, жан-жақты дамуының жетілуі мен қалыптасуы қажет. Сондықтан болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби-инновациялық құзыреттілігін қалыптастыратын білім бере отырып, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз етуіміз керек.

Инновациялық технологиялар негізінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының даярлығын жоғары оқу орнының қабырғасында құзыреттіліктерін қалыптастыру оқу үдерісін жобалау арқылы іске асырылады. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби-инновациялық құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін барлық оқу пәндері үшін оқу үдерісін жобалаудың бірегей алгоритмі жаңа оқу мақсатын құрып, соған сәйкес оқу пәндерінің жаңа мазмұнын, оқытудың жаңа технологияларын жасауды көздейді

Мәселен, болашақ мамандардың кәсіби-инновациялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға байланысты тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Ұлттық мәдениет, өнер және қолөнер негізінде біліктілік пен іскерлік қалыптастыру, мәдениеттілікке баулу, адамзат қоғамында бұрын соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу» қажеттілігіне баса көңіл бөлу керектігіне мән берілген. Осыған байланысты болашақ мамандық иелері іс-әрекетінің, бейнесінің заман талабына сай өзгеруі, олардың бойында кәсіби мәнді сапалардың қалыптасып, тұлғасының дамуымен ұштасып, нәтижесінде жас ұрпақтың біліктілігі мен іскерлігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі артады [5]. Студенттерге кәсіби бағытталған пәндер негізінде «Тігін бұйымдарын жасау технологиясының практикумымен» сабағында тігін бұйымдарын жасату арқылы кәсіби-инновациялық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін ұсындық. Сол себепті, біз болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби-инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру барысында тігін бұйымдар жасату, инновациялық оқыту технологияларын сабақтарында қолдану барысында жаңа білім беру технологияларымен таныстыру арқылы қалыптастыруды зерттеуіміздің аймағы ретінде алып отырмыз.

Жоғарыдағы айтылған теориялық идеяларға сүйене отырып, инновациялық технологияларды қолдануға байланысты маманның құзырлығы болуы керек. Кәсіби оқытуды ұйымдастыру кезінде ең бастысы, бірінші кезекте еңбек рыногының нақты қажеттіліктерін ескере отырып бейіндеу бағыттарын анықтау болып табылады. Оқытудың бейінін анықтау оқушылардың танымдық мүдделері мен қабілеттерінің негізінде, білім мекемесінің педагогикалық ұжымының мүмкіндіктерін, сондай-ақ өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылуы қажет деп айтуға болады.

Пайдаланылған ақпараттық көздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. adilet.zan.kz/kaz/docs (Қарау кезеңі 29.09.2024)
2. Білім беру жүйесін 2003-2005 жылға дейін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы. Алматы, 2003.-25 с.
3. Ермеков Н., Караев Ж., Стифутина Н.. Информатика 7, 8 класс. - Алматы: Жазушы, 2000. -192 с.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. adilet.zan.kz/kaz/docs (Қарау кезеңі 29.09.2024)
5. Вопросы формирования готовности к профессиональной деятельности : экспресс информация / отв. ред. Васильев Ю.К.- М.: Эксимо.-1978.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА «КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІН ДАЙЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Торбаева Г. Р.

Қарағанды қаласы, Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің «Көркем еңбек» бөлімінің арнайы пәндер оқытушысы, педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі

Қазіргі таңдағы адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы — білім болып табылады. Жаңа заман, жаңа көзқарас тудырып, іргелі жаңғыртулар жасау мен білімді дамытудың жаңа сапалық деңгейін қажет етіп отырған кезеңде қоғамның жаһандану үдерісіндегі адамзаттың ғылыми-техникалық прогресс жетістіктері мен жаңа еңбек салаларының қалыптасып дамуына ықпал етуде. Соның бірі, өндіріс пен қызмет көрсетуде заманауи білім мен біліктіліктің пайда болуы, инновациялық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың үдемелі дамуы болып табылады. Соның салдарынан қазіргі еңбек нарығында жаңа мамандықтар пайда болып, олардың еңбек мазмұны да жиі өзгерістерге ұшырап келеді.

Қоғамдық қарым-қатынастардың өзгеруі, жаңа білімнің жинақталуы, өндірістің жетілдірілуі, әлеуметтік прогресс педагог қызметінің мазмұндық сипатына да тікелей байланысты. Кез-келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқы да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру жаңа кезеңнің алдында тұр. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнына жаңартулар жасалып, білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізілуде.

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді [1].

Олай болса, бастауыш мектеп пен жалпы орта мектептің жаңартылған білім беру процесінде анықталған білім беру мазмұнының кіріктіре түзілуі, оқу пәндерінің бірігуі мен жаңа сипаттағы атаулардың қалыптасуына алып келді. Соның бірі, «Технология» мен «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінің біріктіріле «Көркем еңбек» атауының қалыптасуы болып отыр.

«Көркем еңбек» бір өзінде өнер, шығармашылық, парасат және қол еңбегін біріктірген әмбебап пән. «Көркем еңбек» жаңа оқу пәні білім беру саласының мазмұны эстетикалық мәнмәтінде өнерді әлемнің біртұтас бейнесінде эстетикалық түсіну және қабылдаудың жалпы заңдылықтары негізінде іске асырылатын кіріктірілген курс болып табылады. Пән түрлі шығармашылық қызметтегі кеңістік және көру елесін, қиялын және аңғарымпаздығын қамтамасыз ететін көркем-технологиялық білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған [3].

«Көркем еңбек» оқу пәнін жүргізетін педагог қандай мамандық бойынша кәсіби білім алмақ? Осыған орай 2018 оқу жылынан бастап Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжіндегі «Технология» және «Бейнелеу өнері» мамандықтарының біріктіріліп, «Көркем еңбек» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы әзірленіп, қазіргі таңда бітіруші түлектер мектеп қабырғасында еңбек етуде.

«Көркем еңбек» пәнінің мұғалімдерін даярлайтын Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі облыстағы озық әдістемелік-педагогикалық үрдісі бар және педагогикалық тәжірибесі мол оқу орны.

«Көркем еңбек» оқу бағдарламасының мазмұны жалпы білім беретін мектептің «Көркем еңбек» пәнінің мазмұнымен ұштастырылып, материалдарды бес ортақ білім беру бағыттары арқылы оқытып-үйретуді қарастырады:

- 1) визуалды өнер;
- 2) сәндік-қолданбалы шығармашылық;
- 3) дизайн және технология;
- 4) үй мәдениеті;
- 5) тамақтану мәдениеті.

«Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны: классикалық және заманауи өнерді, Қазақстандық суретшілердің шығармашылығын, бейнелеу өнері жанрлары мен түрлерін оқып үйренуді; сандық өнерін (фотосурет, анимация, медиа құралдар және т.б.); бейнелеу (визуалды) өнерінің көркем тәсілдерін; көркемдік материалдар мен техникалармен эксперименттеуді қарастырады.

«Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімінің мазмұны: сәндік-қолданбалы өнер ерекшеліктері

мен негізгі пішіндері; Қазақстанның және басқа елдердің сәндік-қолданбалы өнері; сәндік-қолданбалы өнер материалдары, технологиялары мен құралдары; ұлттық ою-өрнек; ішкі көріністі сәнді безендіру қарастырады.

«Дизайн және технология» бөлімінің мазмұнына (ер балалар): негізгі конструкциялық, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдар, оларды түрлі әдістер арқылы өңдеу; материалдарды өңдеу құралдары мен жабдықтары; әр түрлі материалдардан бұйым дизайны; ұлттық тұрмыстық заттарды дайындау технологиясы, қазақстандық және әлемдік сәулет ескерткіштері, макеттеу, ішкі көрініс дизайны; робототехника, көлік құралдарын модельдеу кіреді.

«Дизайн және технология» бөлімінің мазмұнына (қыз балалар): негізгі тоқыма, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдар; тоқыма материалдарын әр түрлі тәсілдермен өңдеу; тоқыма материалдарын өңдеу құралдары мен жабдықтары; тоқыма материалдарынан бұйым дизайны; сән индустриясы, стиль және образ, ұлттық киім элементтерін дайындау технологиясы кіреді.

«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұнына (ер балалар): тұрғын үйдің экологиясы; өсімдік шаруашылығының, сәндік өсімдіктер шаруашылығының, ландшафтты дизайн негіздері; электр қуатының көздері туралы жалпы мәліметтер, тұрмыстық техника және электр құралдарын қолдану мен жөндеу; тұрмыстық жөндеу жұмыстары, ішкі көріністі ұйымдастыру мен жоспарлау кіреді.

«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұнына (қыз балалар): жеке гигиена, тұрғын үйдің экологиясы; өсімдік шаруашылығының, сәндік өсімдіктер шаруашылығының, ландшафтты дизайн негіздері; киімнің күтімі мен ұзақ мерзімді сақтауы кіреді.

«Тамақтану мәдениеті» бөлімінің мазмұнына: дұрыс тамақтану негізі; дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері, мерекелік дастарқанды жабдықтау; тағамдарды әзірлеу технологиясы (салқын тағамдар мен сусындар), әлем халықтарының тағамдары кіреді [2].

Кіріктірілген «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасының құрылуында ескерілетін мәселе – кіріктіре білім беру мен оқытудың теориялық негізіне ерекше көңіл аударылды. Білім беру тұрғысында екі оқу пәнінің біріктірілуінде бірнеше оқу пәнінің оқу материалының басымдылығымен анықталуды ұсынады. Оқу материалы қоғамдық қажеттілікті, талапкер тұлғасының сұранысы мен қызығушылықтарын ескеруі абзал.

Көркем еңбек сабақтарының мақсаты — балаларға эстетикалық және тұрмыстық мәдениетті бағытталған және дәйекті тәрбиелеу, жеке өсуге ықпал ету және қоршаған әлемге эмоционалды және құндылық қатынасын қалыптастыру. Негізгі идея — балалардың көркемдік белсенділігі оның барлық деңгейлерінде – қабылдау, орындау, шығармашылық – баланың жалпыадамзаттық мәдениетке енуі ретінде ұйымдастырылған. Бұл мақсат бірқатар іргелі теориялық қағидаларды ашады [6].

Жаңартылған білім мазмұны мұғалімнен әрекеттік технологияларды енгізу, балалармен адамгершілік қатынас қағидасын іске асыруы арқылы сыныптағы әрбір оқушының жеке қабілеттері мен шығармашылық қатынасын дамытуды қамтамасыз ететін іс-әрекеттерін ұйымдастыруды талап етеді. Заманауи мұғалім оқыту стратегиясының барлық мүмкіндіктерін қолдану үшін түрлі педагогикалық тәсілдерді құрамдастыруда әртүрлі арсеналы болу қажет. Білім беру стратегиялары барлық сыныппен, топта жүргізілетін жұмыс, жеке жұмыс және білім алушылармен кері байланыстан тұрады. Мұғалім әріптестерімен көркем еңбек пәнін оқыту бойынша желілік кәсіби қауымдастық шеңберінде, коучинг және менторинг процестерінде кәсіби ынтымақтастық орнату қабілеттерін жетілдіруі қажет.

«Көркем еңбек» пәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, кеңістік-образдық ойлауын, рухани-адамгершілік құндылықтарын, қоршаған ортаны эстетикалық, эмоционалдық түрде қабылдауларын қалыптастыруға бағытталған.

Білім алушылардың нәтижелерін жақсарту үшін жаңа идеялармен тәжірибелер жүргізу, оларды дамыту, түрлі әдістерді қолдану үшін мұғалім тарапынан икемділік қажет. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін жағдайлар жасау керек [4].

Өздерінің өткен бөлімдері бойынша жасаған жұмыстарын жылдың басынан тоқсанның соңына дейін шолу жасау мүмкіндігі бар оқушылар, игерген процестерді, әдістер мен материалдарды өз жұмыстарын жетілдіру үшін пайдалана алады. «Көркем еңбек» пәні бойынша білім беру бағдарламасының идеяларын басшылыққа ала отырып, оқушылар өнердің кең ауқымын бағалауда өз дағдыларын жетілдіріп, адамдардың құндылықтарын, қарым-қатынастары мен арман-қиялдарын бейнелеу өнері арқылы бейнелеуге болатыны туралы түсініктерін кеңейтеді. Олар өздерінің көркемдік

дағдыларын дамытып, шығармашылық шешімдерге жетелейтін өнер туындыларын жасауға қажетті мүмкіндіктерін арттырып, өздерінің көркем туындыларын дүниеге әкелуді жоспарлай білу қабілетін жетілдіретін болады.

«Көркем еңбек» сабақтары білім алушылардың шығармашылық жігерін ашуға шеберлік деңгейінің шыңдалуына, әр жұмыста жетістікке жету жолын үйренумен қатар бұйымды өз қолымен жасап шығара алуына мүмкіндік береді. Шығармашылық жұмысқа кірісе отырып, тастанды нәрселерден әдемілік пен әсемдікті сезінеді және соны жасай отырып, оған жаңа өмір сыйлайды. Білім алушылар оқу мен тәжірибені ұштастыра отырып, өз ойларын жеткізеді, қорытынды жасайды. Сонымен қатар, кез-келген бұйымды жасаудан бұрын, оның құрылымы туралы техникалық жоба үлгісімен танысады. Мұндай құжатқа бұйымның сызбалары мен оның технологиялық картасы жатады. Технологиялық картада бұйымды жасауға қажетті мәліметтер, сызу құралдарымен орындалған бейнелері, орындау ережелері көрсетіледі. «Көркем еңбек» пәнінің оқушыларға берер білімі өте көп және күрделі пән ретінде қарастыруымыз керек. Осы пәннің аясында балада білім болмаса, бір кәсіптік бағытқа бағдар берілмесе, ондай баланың қоғамда өз орнын таба алуы екіталай. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Білім алушы бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы арқылы еңбек адамын көре аламыз [5].

«Көркем еңбек» мамандығының білім беру пәні бағдарламасы:

- өнер түрлерін кіріктіру арқылы пәндік білімдерін, дағдылары мен түсінігін дамытуға;
- ұлттық және әлемдік көркем мәдениеттегі өнердің шығармаларымен таныстыру арқылы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;
- көркем-шығармашылық пен кеңістікте ойлау, адамгершілік-эстетикалық сезімдерін визуалды және тактильді өнер тілдері арқылы қоршаған әлемге өз көзқарасын білдіру қажеттігін қалыптастыруға;
- еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларының дамуы мен алғашқы технологиялық білімдердің қалыптасуына;
- сенсориканың, қолдың моторикасының, байқағыштықтың, елестетудің, қиял мен шығармашылықтың дамуына;
- білім алушылардың визуалдық және эстетикалық қабылдауын дамыту, көркем жұмыстарды сын тұрғысынан түсінуі үшін өнер жанрлары, стильдері туралы білімдерін қолдануға;
- танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы түрлі міндеттерді дербес шешу тәжірибесінің қалыптастыруға;
- өзінің көркем жұмысын орындау үшін, ақпараттың әртүрімен жұмыс жасай алу (табу, іріктеу, жинақтау) біліктілігін дамытуға;
- бірлескен шығармашылық жұмысты орындау барысында ұжыммен және топпен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге бағытталған;

Бағдарламаны оқу нәтижесінде білім алушылар қол жеткізеді:

- ұлттық және әлемдік мәдениетінің көркем өнер шығармаларын, ондағы берілген идеялар мен құндылықтарды зерттеу және талдау;
- өз жұмысын ұйымдастыра білу: мақсатын анықтау, жұмыс кезеңдерін айқындау, қажетті құралдарды табу, өз жұмысының нәтижесін бақылау және бағалай алу;
- көлемді және жазықтықтағы көркем жұмыстарды шығармашылық тұрғысынан жасау үшін алынған білім мен дағдыларды қолдану;
- зерттеу, эксперимент жүргізу барысында әртүрлі ресурс түрлерін, оның ішінде АКТ құралдарын қолдана білу;
- шығармашылық өнімді жасау үшін материалдар мен құралдарды дербес және сенімді қолдану, материал қасиеті мен жұмыс нәтижесінің ерекшелігі арасындағы байланысты түсіну;
- алған тәжірибесінің негізінде өнердегі түрлі техникалар мен тәсілдерді дербес қолдану;
- өз идеясы мен жұмысына қатысты түсініктеме беру және конструктивті ұсыныс қабылдау;
- әртүрлі жағдаяттарда тиімді және бірегей шешім таба білу;
- әртүрлі материалдарды және құралдарды қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын түйсіну және түсіну.

Даярлығы жоғары білікті, кәсіби құзырлы педагог жалпы орта білім беру нәтижесі ретіндегі құзыреттіліктерді өзіндік менеджмент, ақпараттық, коммуникативті меңгерген жеке тұлға – оқушыны қалыптастырады, сондықтан кәсіби даярлықтың арнайы пәндері негізінде іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлық тәсілдерін үйлестіре отырып, кәсіби құзыреттіліктерді болашақ маманға меңгерту колледж оқытушыларының басты міндеті болып саналады.

Осындай білім нәрімен сусындаған жас мамандар мектеп қабырғасына алғаш келген күннен бастап, өздерінің кәсіби шеберліктерін еркін шындай алады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған ақпараттық көздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Көркем еңбек» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы.
3. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 257 б.
4. <https://eduindex.kz/methodical-articles/1153-zhaartylan-bilim-beru-badarlamasy-bojynsha-krkem-ebek-pnini-mayzdylyy.html>
5. https://ust.kz/word/maqalakorkem_engbek_panining_erekselikteri-300018.html
6. <https://syrdidary.kz/?p=1327>

УДК 378.147

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА СТУДЕНТОВ ЧЕРЕЗ ПРОЕКТНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Хасенова Ж.Ж.

*Балхашский гуманитарно-технический колледж им. А.Мусина
г. Балхаш, Республика Казахстан*

Одной из основополагающих характеристик современного человека, действующего в пространстве культуры, является его способность к проектной деятельности. Проектная деятельность относится к разряду инновационной, так как предполагает преобразование реальности, строится на базе соответствующей технологии, которую можно унифицировать, освоить и усовершенствовать. Актуальность овладения основами проектирования обусловлена тем, что данная технология имеет широкую область применения на всех уровнях организации системы образования, а также проектные технологии обеспечивают конкурентоспособность специалиста.

При соответствующей организации проектной деятельности развивается познавательный интерес и творческие возможности студентов, расширяется их политехнический кругозор, формируется технологическая культура. Использование метода проектов позволяет реализовывать деятельный подход, который способствует применению умений, знаний, полученный при изучении специальных дисциплин на разных этапах обучения и интегрировать их в процессе работы над проектом.

Использование метода проектов позволяет студентам уточнить свои профессиональные планы, убедиться в правильном выборе будущей профессии, овладеть знаниями по рациональному использованию средств для осуществления определенной деятельности, развить творческую активность и, что особенно важно, формирует способность самостоятельно, по мере необходимости, приобретать знания и умения и применять их в новых ситуациях.

В методе проектов меня привлекает его нацеленность на актуализацию имеющихся и формирование новых знаний и умений, личностно и общественно значимый результат, атмосфера делового сотрудничества преподавателя и студента. Проектный метод обучения так и предполагает, что проектирование выполняется не под опекой преподавателя, а вместе с ним. Организуя учебное проектирование, преподаватель может осуществлять индивидуальный и дифференцированный подход к студенту. Для этого используются различные по уровню сложности проектные задания.

Выполняя проекты, студенты на собственном опыте должны составить представление о жизненном цикле изделий - от зарождения замысла до материальной реализации и использования на практике. При этом важной стороной проектирования является оптимизация предметного мира, соотношение затрат и достигаемых результатов.

Для преподавателя метод проектов неизмеримо более сложен и труден, чем инструкционный, но зато с ним несравненно интереснее, живее и веселее. Кроме того, ему придется все чаще сталкиваться с новыми ситуациями, когда никакой иной подход просто не будет работать. Например, совсем нелегко побудить, а потом учить студентов выдвигать различные гипотезы и предположения, совсем нелегко

научить их тому, как развивать в воображении многовариантные замыслы и какими внешними средствами поддерживать процесс проектного, т.е. проблемно-поискового, конструктивно-волевого и критического мышления. Очень трудно воспитать в студентах готовность к тому, что для получения ответа на ряд вопросов, заключенных в задании, нужно не просто заглянуть в справочник, но предварительно, что-то специально изучить, открыть, изобрести, провести систематическое исследование, а потом построить проектную модель и представить результаты своей работы в такой форме, которая была бы доступна пониманию остальных людей.

Проектное мышление необходимо специально пробуждать, планомерно развивать и заботливо культивировать. Проектный метод предполагает принципиально иной подход: «Подумай, вообрази, поразмысли над тем, каким путем и какими средствами это можно было бы выполнить».

Иными словами, необходимое знание и правильные ответы на возникающие вопросы студенту нужно добывать собственными силами – именно этому и надлежит учить в первую очередь.

Определим значение проектной деятельности в развитии личности студента:

- именно в проектной деятельности каждый студент находит себе работу по душе;
- работа с «непослушными инструментами» и «неподатливыми материалами» укрепляет эмоционально-волеву сферу студента (волю, настойчивость, целеустремленность), а проектирование и создание изделия (услуги) от идеи до ее воплощения развивает наглядно-образную память, абстрактно-логическое мышление;

- гордость за результаты труда, поиск наиболее рациональных вариантов решения проблемы повышают имидж студентов, снимают со многих из них синдром «безразличия», «безответственности» и «неполноценности»;

- проектное обучение создает положительную мотивацию для самообразования (поиск нужных материалов, комплекствующих и др. требует систематической работы со справочной литературой; выполняя проект, более 70% студентов обращаются к учебникам и другой учебно-методической литературе);

- в процессе выполнения проектов студенты осуществляют профессиональные пробы, моделирующие элементы конкретного вида профессиональной деятельности, имеющие завершённый процесс и способствующие адекватному профессиональному самоопределению;

- студенты проверяют свои профессиональные способности, получают первоначальную профессиональную подготовку, в результате чего у них формируется осознанное профессиональное намерение и стремление.

Действительно, технологическая подготовка будущего учителя технологии, сердцевиной которой является проектный метод обучения, способствует:

- адаптации студентов к современным социально-экономическим условиям жизни;
- обеспечению целостности педагогического процесса, осуществлению в единстве разностороннего развития, обучения и воспитания студентов;
- развитию у них творческих способностей и активности;
- формированию высоких мотивов учения, т.к. студенты видят конечный результат своей деятельности, который вызывает желание учиться и совершенствовать свои знания, умения и личностные качества.

В процессе выполнения проектных заданий студенты должны приобрести различные умения, необходимых в их профессиональном становлении. К ним относится осмысленное исполнение следующих умственных и практических действий:

1. понимания постановки задачи, сути учебного задания, характера взаимодействия со сверстниками и преподавателем, требований к представлению выполненной работы или ее частей;

2. планирования конечного результата и представления его в вербальной форме, т.е. без ограничения фантазии учащиеся должны дать себе и другим развернутый ответ по схеме: «Я хотела бы...»;

3. планирования действий, т.е. определение их последовательности с ориентировочными оценками затрат времени на этапы, распоряжение бюджетом времени, сил, средств;

4. внесение коррективов в ранее принятые решения;

5. конструктивного обсуждения результатов и проблем каждого этапа проектирования, формулирования конструктивных вопросов и запросов о помощи (советы, дополнительная информация, оснащение и др.);

6. выражения замыслов, конструктивных решений с помощью технических рисунков, схем, эскизов, чертежей, макетов;

7. самостоятельного поиска и нахождения необходимой информации;

8. составления схемы необходимых расчетов (конструктивных, технологических, экономических);
9. оценивания результата по достижению запланированного, по объему и качеству выполненного, по трудозатратам, по новизне;
10. оценивания проектов, выполненных другими;
11. понимания критериев оценивания проектов и их защиты, процедуры публичной защиты проектов;
12. конструирования представлений о профессиональной проектной деятельности, индивидуальности проектировщика, проявляющейся в результате, готовом изделии;

Учитывая разную степень подготовки, учащиеся получают задания, соответствующие уровню их возможностей. Затем они постепенно усложняются. Так, например, на 4-ом курсе студенты при выполнении проектного изделия используют различные дизайнерские методы проектирования. Особенно интересны студентам метод трансформации и деконструкции в одежде, которые позволяют осуществлять свои самые смелые замыслы и творчески подходить к решению проектной задачи. Ведь используемый ими метод деконструктивизма основан прежде всего на разрушении стереотипных конструкций и переосмыслении привычных форм проектируемой одежды. А метод трансформации помогает преобразовывать, изменять вид и форму будущего швейного изделия. Применение метода проектов в работе с нынешним поколением студентов помогает решать проблему угасания творчества. Вовлекая их в поисковую, художественную, творческую, разнообразную по форме организации работу, можно развивать не только познавательный интерес, творческое воображение, самостоятельность и ответственность за конечный результат, но и повышать качество обучения на уроках.

В начале проектной деятельности объясняю студентам, что к выбору темы проекта предъявляются требования, которые должны быть восприняты ими почти как инструкция, руководство:

1. объект (изделие) должен быть хорошо знаком, понятен и, главное, интересен;
Кәсіби қызмет саласындағы құзыреттерді іске асыру кезінде акме-ге қол жеткізуге ықпал ететін жағдайлар маңызды. Бұған кәсіби мәселелерді шешуде өмірлік, әлеуметтік, кәсіби тәжірибені біріктіруді көздейтін субъективті жағдайлар; өзінің кәсіби қызметіндегі субъективті ұстаным; өзінің кәсіби мәселесін жеке маңызды деп қабылдау кіреді. Кәсіби мақсатқа жетудегі уақытша, кеңістіктік, тұрмыстық, әлеуметтік факторларды ескермей, өзінің бұрынғы қызметінің тиімді тәжірибесіне сүйенбестен жоғары жетістіктер мүмкін емес.

Субъективті жағдайларға материалдық ресурстармен немесе демонстрациялық мотивтермен байланысты емес кәсіби мотивацияны дамыту, өзін-өзі жүзеге асырумен байланысты және кәсіби маңызды мақсатқа жету процесін ұтымды етуге және шығармашылықты дамытуға бағытталған мотивацияны күшейту жатады.

Инновациялық қызметке енгізуге технологиялық дайындық және үздіксіз кәсіби даму, оның барысында қолда бар құзыреттер жетілдіріледі, шындық жетістіктердің маңызды субъективті шарттары болып табылады [2]. Акмеологиялық жетістіктердің деңгейі көбінесе адамның басқалармен қарым-қатынасының қалай дамидынына, менеджменттің қандай жағдайында жұмыс істейтініне, кәсіпорынның немесе ұйымның корпоративтік мәдениеті мен одан туындайтын ұйымдастырушылық мәдениетке байланысты. Мұнда субъективті жағдайлар адамның өзін-өзі жүзеге асыруға, тәуелсіздікке, өзін-өзі басқаруға деген ұмтылысымен, сондай-ақ ұжымдық ойлау қабілетімен, дамыған коммуникативті қабілеттерімен, әсіресе қызметтің жобалық формаларын қолдануға болатын және нәтиже команданың күш-жігеріне байланысты болатын кәсіби салалар үшін маңызды.

Акмеологиялық мәдениет оның рухани-адамгершілік компонентімен ұсынылған, ол адамның басқалармен қарым-қатынасын қалай құратынын анықтайды. Бұл жағдайда сәттіліктің кілті сындарлы қарым-қатынастары бар жайлы орта, кооперацияға дайын болу, әріптестерінің шығармашылық қызметіне қатысу, уақытша сәтсіздікті жеңу және мақсатқа жетуге деген сенімділікті қалыптастыру қабілеті ретінде ассертивтілік болады. Кәсіби қызмет процесіне жеке функцияларды қосу: болмыс, дербестік, жауапкершілік, дербестік, рефлексивтілік–акмеге жету процесіне айтарлықтай әсер етеді, өйткені жеке даму кәсіби және әлеуметтік болып табылады. Субъективті-объективті сипаттағы шындық жетістіктер мен жағдайларға әсер етеді. Олар адамның жеке ерекшеліктерінің кешені мен үйлесімімен ұсынылған : физикалық денсаулық жағдайы, генетикалық тұқым қуалайтын белгілер, психофизиологиялық ерекшеліктер, жеке ерекшелігі [3].

Акмеология бойынша бірқатар жұмыстарда зерттеушілер арнайы акме-шарттарды бөліп көрсетеді, оларды қолдану шынға жетуге әкелуі мүмкін. Біріншіден, бұл акмеологиялық жағдайлар-шарықтау шегіне, кәсіби дамудағы «шынға» түрткі болатын оқиғалар және оларды пайдалану жеке тұлғаның белсенділігі мен тәуелсіздігіне, оның өзіне деген сенімділігіне байланысты. Екіншіден, адам

таңдауға дайын болуы керек, таңдау еркіндігін қолдана білуі және оған жауап беруі керек, өзінің құндылық көзқарастарын көрсетіп, оларды дәлелдей білуі керек. Сонымен, шығармашылықты ашу үшін кәсіби іс-әрекеттің қолайлы ортасы, белсенділікке, кәсіби дамуға серпін беретін оқиғалар және «тағдырлы лоббидің» болуы сияқты сыртқы жағдайлардың үйлесімі (Н. Макиавелли термині) әрқашан кәсіби қызметтегі табысты анықтады [4].

Тұлғаның акмеологиялық мәдениеті рефлексия арқылы жүзеге асырылады – адамның жеке психофизиологиялық және жеке ерекшеліктеріне, қабілеттері мен біліміне байланысты күрделі интегративті сапасы. Рефлексияның мәні адам өмірінің оқиғаларын, проблемалық-жанжалды жағдайлардың шиеленісін көрсететін және жеке тұлғаның өзінің мінез-құлқына, қарым-қатынасы мен қызметіне тиімді қатынасын тудыратын сана мазмұны мен оның тәжірибесінің нысандарын түсіну, қайта қарау және өзгерту болып табылады [5]. Акмеологиялық мәдениеттің жоғары деңгейі дамудың адамның өмірлік құндылығына айналуына ықпал етеді, тұлғаның жан-жақты дамуына, теңдестірілген өмірлік стратегияны құруға, өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға, шығармашылыққа жоғары қабілеттілікке, барлық жаңа нәрселерге үлкен қызығушылыққа ықпал ететін міндеттер қоюға әкеледі.

Дағдарыстар, тұрақсыздық және қарқынды әлеуметтік-экономикалық даму жағдайында тұлғаның акмеологиялық мәдениетін қалыптастыру кез-келген білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты ретінде танылуы керек, ал акмеологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін жағдай жасау оның басты міндеті болып табылады.

Маманның маңызды жеке міндеті – оның тұлға ретінде дамуына деген ұмтылыс пен кәсіби қызметтің сыртқы талаптары арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау. Қазіргі жағдайда мұндай тепе-теңдікке қол жеткізу маманға қойылатын кәсіби талаптардың үнемі өзгеруімен қатар жүретін мамандықтардың даму динамикасы жағдайында айтарлықтай қиындайды. Сондықтан адамның жеке дамуға деген ұмтылысы біртіндеп адамның жеке қажеттіліктері аймағынан оған қойылатын маңызды әлеуметтік талаптар саласына ауысады.

Жеке және кәсіби әлеуеттің акмеологиялық зерттеулері келесі ережелерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: жеке және кәсіби әлеует-бұл кәсіби салада әлеуметтік маңызды нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекетте көрінетін адамның ішкі ресурстарының жүйесі, ал жетістіктердің өзі әлеуетті іске асырудың объективті «іздері» ретінде әрекет етеді; адамның әлеуеті ресурстық-энергетикалық көрсеткіш болып табылады, сондықтан болуы мүмкін оның шамасын сандық бағалау; ересек адам үшін оның әлеуеті өз шекараларында жеткілікті тұрақты мән болып табылады, сондықтан оны белгілі бір бағыттарда (мысалы, кәсіби қызметпен байланысты) іске асыру басқа салалардың (білім, отбасы, хобби) есебінен болуы мүмкін, ал потенциал құрылымының өзі өтімділік қасиетіне ие және сыртқы жағдайлар талап ететін бағыттарға бөлінеді. Бұл ережелер адамның жеке және кәсіби әлеуетін акмеологиялық бағалауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған ақпараттық көздердің тізімі:

- 1 Вершинина Т. Н. Взаимосвязь текучести и производственной адаптации рабочих. – Новосибирск, 2016. – 145 с.
- 2 Георгиева И. А. Социально-психологические факторы адаптации личности в коллективе. – М., 2015. – 210 с.
- 3 Карелина И. М. Личностные факторы сохранения адаптированности к профессиональной деятельности: Дис. ... канд. Психол. Наук. – СПб., 2019. – 235 с.
- 4 Кряжева И. К. Социально-психологические факторы адаптированности личности: Автореф. Дис. ... канд. Психол. Наук. – М., 2019. – 24 с.
- 5 Мусаева Э. Ц. Социально-психологическая адаптация молодых учителей: Дис. ... канд. Психол. Наук. – М., 2016. – 217

ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сматова К.Б., Сабралиева Ж.Т., Мүсірепбекова А. Қ.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы, Алматы

Бүгінгі таңда қоғамдық өмірдің бір саласы – білім. Ғылыми қызметте, ол білімді, тәжірибені, дағдыларды және ұмтылысты беру арқылы қалыптасады жаңа нәрселерді білу, зерттеу, мұғалімнің имиджін қалыптастыру және қолдау маңызды одан әрі жоғары оқу орнының тиімді имиджін қалыптастыру, бұл білім беру қызметтері нарығындағы позициялардың күшеюіне ғана емес, сонымен қатар әсер етеді жалпы өңірде және өңірде білім берудің даму деңгейі туралы куәландыруға мүмкіндік береді бұл білім беру имиджіне айтарлықтай әсер етеді.

Мұғалімнің имиджі туралы идеялар тарихи түрде қалыптасты және әртүрлі кезеңдерде өзінше сипатталды, белгілі бір қасиеттерді бірінші орынға шығарды: мейірімділік, балаларға деген сүйіспеншілік, өз пәнін жақсы білу, психология мен педагогика, оқушылардың жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыру қабілеті мен қабілеті және т. Б. Мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі – бұл оқыту ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени тәжірибе мен мұғалімнің жеке басының оқушыға әсері, оқушы психикасының эмоционалды, ерікті, интеллектуалды салаларын қалыптастыруға ықпал ететін күрделі көп қырлы процесс. Мұғалімнің білім беру қызметін ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдеріне сүйене отырып, зерттеушілер эрудиция, белсенділік, қарым-қатынас, педагогикалық әдептілік, мақсаттылық, рефлексия, импровизация, мақсат қою, педагогикалық оптимизм, байқағыштық, тепе-теңдік, әділеттілік, төзімділік, талапшылдық, жауапкершілік және т. Б. Сияқты әртүрлі кәсіби және жеке қасиеттерді ажыратады.

Педагог – ерекше мамандық, ол саяси қайраткерлер, әлеуметтік қызмет көрсету саласының қызметкерлері, менеджерлер, педагогикалық қызметкерлер жүзеге асыратын көптеген салалардың әртүрлі салаларын біріктіреді және қамтиды. Бұл мамандықтың ерекшелігі – әрқашан көз алдында болу, жағымды қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуге дайын болу, сондықтан өз қолөнерінді мінсіз меңгеру-кәсіпқойлықтың құрамдас бөліктерінің бірі ғана.

Оқушылардан, ата-аналардан, мұғалімдердің өздерінен және басқа мамандықтардағы адамдардан сұхбат ала отырып, біз қазіргі мұғалімнің бойында болуы керек келесі қасиеттерді атап өттік: белсенділік, адалдық, қарым-қатынас; сүйкімділік, эрудиция, харизма, түйсігі, гуманизм; жоғары кәсібилік, педагогикалық оптимизм; ерекше жағдайларда жоғалмау мүмкіндігі; балалар мен жасөспірімдердің жеке басын құрметтеу және түсіну, әділеттілік сезімі; оқытудың заманауи техникалық және интерактивті құралдарын меңгеру, интернет-кеңістікте және әлеуметтік желілерде бағдарлай білу; заманауи тартымды көрініс.

Мұғалімнің имиджін қалыптастыру мәселесі, оның құрылымдық компоненттерін зерттеу, қазіргі білім беру процесінде имидж мен педагогикалық шеберліктің сапалы байланысын бағалау маңызды және өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әрине, бұл бұрын бұл мәселеге ешкім жүгінбегенін білдірмейді. Философтар Ф. Бэкон, Г.Лебон, М.Монтеня және басқалар, әлеуметтік қатынастардың имидждік тетіктеріне, нақты әлеуметтік ойлауды қалыптастыруға, тұлғааралық кеңістікте ойлау және әрекет ету қабілеттеріне, басқа адамдардың реакциясын болжауға және олардың әрекеттерін осы реакциялармен байланыстыруға қызығушылық танытады.

Қазірдің өзінде адамның сыртқы келбетіне ғана емес, сонымен бірге оның құндылық бағдарларына, мұнда және қазір қандай әсер қалдыратынына және бұл әсер оның кәсіби және әлеуметтік өмірінде қандай рөл атқаратынына мұқият қарау байқалады. Қазіргі әлемде имидж «бедел», «даңқ», «рейтинг» және т. Б. Сияқты ұғымдар қатарында.

«Имидж» сөзі латынның *imago* сөзінен шыққан – басқа лексемамен байланысты сурет-имитари, яғни еліктеу. Ғалымдардың «имидж» ұғымын әртүрлі қырынан қарастырады. Имиджді қалыптастырудың психологиялық аспектілері Е.В. Гришунина, Л. М. Митина, В. М. Шепель және т.б. еңбектерінде қарастырылды. Сонымен, имидж субъектілік өзара әрекеттесу құбылысы ретінде зерттелді (Е.Б.Перелыгин және т.б.) және кәсіби имидж (Ю.В.Андреев, И.Крискунов және т.б.); мемлекет қайраткерінің имиджі (Е.А.Орлова, В.В.Севериков және т.б.) және басшы (Д.Ә. Крутилин, Ю.В.Андреева және т.б.); саяси имидждің құрылымы мен қалыптасу факторлары (Г.Почепцов, Р. Шварцерберг және т.б.) және педагог (А.А.Калюжный, С. А.Маскалянова, М.С. Пискунов және т. Б.); жеке имидж (Е.А.Петрова, Ф. А.Кузин және т. Б.).

«Имиджді» анықтауға әртүрлі тәсілдерді ашу үшін олардың кейбіреулеріне тоқталайық. Қазіргі ұғымдар мен терминдердің қысқаша сөздігінде біз келесі анықтаманы табамыз: кескін – бұл кескін, тұлғаның қасбеттік бөлігі, оның сыртқы әсері; танымал ету, жарнама және т.б. мақсатында біреуге эмоционалды-психологиялық әсер етуге арналған мақсатты түрде қалыптасқан сурет (кез-келген тұлға, құбылыс, объект) [1].

О. С. Виханский өз еңбектерінде осы құбылысқа тән ерекшеліктер, ерекше қасиеттер мен белгілер туралы тұрақты түсінік ретінде имиджге жалпы анықтама береді [2].

Т. Гринберг имиджді әсер етудің ерекше қисынсыз құралы ретінде түсіндіреді [3]. Педагог пен білім беру мекемесінің имиджін қалыптастыру мәселесін, тұтастай алғанда олардың құрылымын, даму факторларын зерттеуге арналған маңызды зерттеулердің ішінде біз психология ғылымдарының докторы, ПиРао тұлғаның кәсіби даму психологиясы зертханасының меңгерушісі Л.М. Митинаның еңбектерін бөліп көрсетеміз, онда ғалым педагог имиджінде сыртқы, процессуалдық және ішкі компоненттерді бөліп көрсетті. Автор мимиканы, жест-ишараны, тембр мен дауыс күшін, киімді, әдепті және тіпті жүрісті сыртқы жағынан қамтиды; процессуалдық компонент кәсіби қызметті имидждің құрамдас бөлігі ретінде қамтиды, оның ішінде кәсіпқойлық, қарым-қатынастағы икемділік пен экспрессивтілік, сезімдердің вербалды және вербалды емес көріністерін меңгеру және т.б. мұғалімнің ішкі әлемі, оның рухани және интеллектуалдық дамуы, мүдделері, құндылық бағдарлары туралы түсінік ішкі компонентке енгізілген [4].

Осылайша, мұғалімнің имиджінде жеке тұлғалық қасиеттер, кәсіби құзыреттілік, педагогикалық эрудиция, импровизация және рефлексия, кәсіби қызметтің коммуникативті ерекшеліктері, құндылық бағдарлары, адамның рухани әлемі сияқты құрылымдық компоненттер бар деген қорытынды жасауға болады. Біздің ойымызша, имидж бәсекеге қабілеттіліктің, мұғалімнің еңбек нарығында алға жылжуының элементі болып табылады. С. Квиллиам мұғалімнің имиджі – бұл оқушылар, әріптестер, әлеуметтік орта, бұқаралық санада бейнеленген мұғалімнің имиджін сезінудің айқын стереотипі деп санайды [5].

А. А. Калюжный мұғалімнің имиджі – бұл әлеуетті білім алушылар мен олардың үміттері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін тұтас педагогикалық процестің барлық субъектілері үшін арнайы жасалған имидж екенін атап өтті. Біз авторлармен әр мұғалімнің жақсы немесе жаман бейнесі бар екендігімен келісеміз – бұл адамның жеке қасиеттеріне, педагогикалық тәжірибесіне, жасына және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысына, сыртқы келбетіне, әдеттеріне, сөйлеу мәнеріне, менталитетіне және дүниетанымына байланысты. Нағыз мұғалімнің идеясы қазіргі және болашақ мұғалімдердің имиджін қалыптастырады.

Біздің ойымызша, әр мұғалімнің имиджі бүкіл білім беру мекемесінің имиджімен байланысты және тұтастай алғанда корпоративтік мәдениетті қалыптастыру процесімен тікелей байланысты. П. Вейл, К. Дэвис, А.Кромби, Д. Ньюстром, Б.Феган, Д. Элдридж және т. Б. Зерттеулерге сүйене отырып, білім беру мекемесінің корпоративтік мәдениеті деп біз ұйымның бірегей жалпы психологиясын, нормалар, құндылықтар, сенімдер, мінез-құлық үлгілерінің жиынтығын және т. Б. Түсінеміз. Қойылған мақсаттарға жету үшін топтар мен жеке тұлғаларды ұйымға біріктіру тәсілін анықтайды оның алдында «мақсаттар» бар. Білім беру мекемесінің корпоративтік мәдениетінің тиімді жұмыс істеуінің шарты, біздің ойымызша, оның элементтерінің тұрақтылығы, оны ұйымның жаңа мүшелеріне дұрыс ойлау тәсілі ретінде беру қажеттілігі болып табылады.

В.В. Попов кез-келген ұйымның имиджі оның мәнін көрсететін бірқатар қасиеттерге ие болуы керек деп санайды. Олардың ішінде зерттеуші адекваттылықты (кәсіпорынның нақты имиджіне немесе ерекшелігіне сәйкестігі); өзіндік ерекшелігін (басқа кәсіпорындардың, әсіресе бір типті кәсіпорындардың бейнелерінен айырмашылығы); икемділігін (ескірмеу, сәнге сәйкестік, өзгермеу) ажыратады; атаулылық (белгілі бір мақсатты аудитория үшін тартымдылық). Бұл ретте ұйымның имиджінің құрылымы күрделі құрылымға ие және әртүрлі элементтердің көп санын қамтиды.

А.А.Алексеева біздің назарымызды жалпы құрылымда ұйымның еңбек нарығындағы имиджін қарастыру қажет екендігіне аударады. Осы құбылыстың анықталған ерекшеліктері ретінде автор мынаны көрсетеді: «еңбек нарығындағы ұйымның имиджі Еңбек ресурстарын тартуға бағытталған, сондықтан оның негізгі мақсаты – әлеуетті жұмысшыларды олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың белгілі бір үміттерін қалыптастыру туралы уәдемен тарту ғана емес, сонымен бірге ұйымның оларға қойылатын талаптарын жеткізу; еңбек нарығында ұйымның имиджін қалыптастыру процесі байланысты ұйымдарға қол жетімді құралдарды – кадрлық түрлендірулер мен PR құралдарын пайдалану ғана емес.

Біз педагогикалық қызметті театрдағы іс-әрекетпен салыстырар едік, оның ажырамас бөлігі шығармашылық бағыт, сахна, көрермен болып табылады. Мұғалімнің актерлік шеберлігі театр актерінің шеберлігімен салыстыруға болады: мимика, сөйлеу, жест-ишара, бай қиял, әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеті және т.б. имиджді қалыптастырудың мақсаты актерді немесе маска киген мұғалімді емес, актердің, жасаушының қасиеттерімен мұғалімді тәрбиелеу екенін түсіну маңызды. Әр түрлі педагогикалық жағдайлар.

Мұғалімнің кәсібі ашық болғандықтан, кәсіби өзін-өзі жетілдіру мақсатында ол өзінің имиджін қалыптастыру және дамыту технологиясын игеруі керек. Өйткені, біздің ойымызша, мұғалімнің педагогикалық қызметінің басты міндеті-студент оны естіп, одан әрі өз бетінше жаңа нәрселерді түсінгісі келеді. Осыған байланысты мұғалімнің имидждік құзыреттілігі – педагогикалық әсердің әртүрлі жағдайларында өз имиджін түзету қабілеті мен қалауы сияқты термин туралы түсінігімізді ашамыз. Имидждік құзыреттілікті қалыптастыру процесінде біз оның кәсіби компонентін маңызды деп санаймыз. Оның бірінші компоненті ақпараттық-дидактикалық дағдылар деп аталады. Оларға зерттелетін пәнге қызығушылық тудыру мүмкіндігі, презентацияның қол жетімділігі, оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдану, тыңдау және есту қабілеті және т.б. келесі компонент – кәсіби құзыреттілік: оқытылатын және сабақтас пәндерді білу, жалпы эрудиция, кәсіби көкжиек, оқу-тәрбие міндеттерін нәтижелі шеше білу, қазіргі білім. Үшіншісі – мен-кәсіби, яғни, мамандыққа деген сүйіспеншілік, өзін-өзі сынау және өзіне деген талапшылық, кәсіби қызметтің жеке стилі.

Осылайша, мұғалімнің инновациялық қызметі және оның имиджі оқу орындарын жаңарту негізі, білім беру жүйесін дамыту факторы. Оның нәтижесі жұмыстағы құрылымдық және мазмұнды өзгерістермен анықталады жоғары оқу орнының, білім беру жүйесінің, ал белгілі – сапалы жаңа педагогикалық практика құру – авторлық білім берудің барлық саласын түбегейлі реформалау. Мұғалімнің инновациялық қызметінде анықтаушы біртіндеп оның имиджін дамыту және қалыптастыру. Мұғалімнің имиджі негізгі болып табылады жоғары бедел мен табысты қамтамасыз ететін ресурс жалпы жоғары білім беру жүйесінің және нақты мекеменің жұмыс істеуі. Мұғалім әрқашан маңызды болды және болып қала береді дамумен тығыз байланысты жоғары мектеп қайраткері білім алушының жеке басы. Осыған байланысты қажеттілік туралы мәселе мұғалімнің имиджін қалыптастыру өте өзекті. Үйлесімді жасалған сурет күнделікті өмірде әртүрлі мәселелерді шешуге көмектеседі, кәсіби және әлеуметтік өмір, әртүрлі жағдайларда күрделі міндеттер.

Пайдаланылған ақпараттық көздердің тізімі:

- 1 Донская Л.Ю. Психологические условия формирования имиджа преподавателя высшей школы: дис. ... канд. Псих. Наук. – Ставрополь, 2014.–с. 212.
- 2 Захарова С.Н. Имидж педагога как составляющая профессиональной компетентности // Молодой ученый. – 2016.– №5.1. – С. 16-18.
- 3 Змановская Е.В. Руководство по управлению личным имиджем. [Текст] – СПб.: Речь, 2015. – 144 с.
- 4 Калюжный А. А. Психология формирования имиджа учителя. – Москва: ВЛАДОС, 2004.– 222 с.
- 5 Попова О.И. Имидж преподавателя вуза: проблема самореализации в образовательном взаимодействии//Педагогическое образование в России. – 2011. – № 4. – С.224–232.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мухамбетова А.Ж., Мауина Ж.А., химия пәнінің мұғалімдері
“Мәлік Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп” КММ
Ақтөб еоблысы, Ақтөбе қ, ҚР

Тәрбие – бұл мәңгілік категория. Соған қарамастан «Педагогикадағы» киын, күрделі мәселелердің бірі тәрбиенің мақсатын анықтау болып табылады. Әр елде тәрбиенің мақсаты мен міндеттері сол елдің нақты талаптарына сай кейбір өзгеріске ұшырағанымен тәрбиенің негізгі мақсаты – жас ұрпақты өмірге дайындау, оған өз халқының ғасырлар бойы жасап, қалыптастырған әлеуметтік тәжірибелерін үйрету негізінен сақталып келеді. Осыдан тәрбиетәжірибесін топтастыру және қорытындылау, арнайы оқу-тәрбие мекемелерін ұйымдастырып, жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындады. «Тәрбие- тал бесіктен» демекші қазіргі заман талабы да осыны қалап отыр. Осы тұрғыда көп еңбек еткен, тәрбиенің қыр- сырын танып, біздерге мұра ғып тастап кеткен М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегі жайлы айтып кетпеу мүмкін емес.

Мағжан Жұмабаев – ақын, прозашы, аудармашы, педагог. Оның барша шығармашылығы өз халқының бақыты жайындағы ойлармен өрілген. Ал ғалымның терең ғылыми зерттеулері ерекше назар аударуға тұрарлық. Балаларға білім мен тәрбие беру мәселесіне ол көптеген жарияланымдар, оқулықтар мен оқу құралдарын арнаған. Олардың арасынан «Бастауыш мектептегі ана тілі» (1923 ж.), «Сауаттылыққа оқыту» (1926 ж.), «Ересектерге арналған әліппе» (1929 ж.) деген кітаптарын атауға болады. Ал М.Жұмабаевтың 1922 жылы жарыққа шыққан «Педагогика» атты кітабы бүгінгі таңда да тамаша оқулықтың озық үлгісі болып саналады.

«Педагогика» кітабын жазған уақытқа қарай М.Жұмабаевтың жоғары және орта мектептегі педагогикалық қызметінде айтарлықтай тәжірибесі бар-тын. Ол бейімділігі жағын айтпағанда, алған білімі бойынша да педагог болған. М.Жұмабаев өткен уақыттардағы ғана емес, сонымен қатар замандас ғалымдардың да зерттеулерімен жақсы таныс болған. Бұл жайында ол, атап айтқанда, «Педагогика» кітабының алғы сөзінде: «Мен көптеген педагог ғалымдардың еңбектерін оқыдым. Әсіресе Рубинштейннің, Смирнов пен Скворцовтың кітаптарын егжей-тегжейлі зерттедім. Бірақ бұл кітапты алдыма қойып, оны көшірдім деген сөз емес. Ғалымдардың жазғандарын сын көзбен қарап, түсіне отырып, мен қазақтардың өмірімен үндесіп жатқан, өзіміздің, іс-тәжірибемізде пайдалануға болатын идеяларды іріктеп алдым», - дел жазған [1.9].

М.Жұмабаевтың «Педагогикасындағы» басты тақырып - «бәрінен бұрын, адам мен адамзаттың мүдделері». Бұл оқу құралын қазақ ұлттық педагогикасын құрудың алғашқы тәжірибесі деп айтуға болады. М.Жұмабаев халықтың ұлттық тәрбиесінің ең басты, негізгі тәрбие екеніне нық сенімді, өйткені «ұлттық тәрбиенің ежелден қалыптасқан, ең ерте замандардан бастап-ақ көпжылдық іс-тәжірибелерде сыналған тәсілдері мен жолдары бар» [1.18]. Сондықтан әрбір мұғалім, әрбір тәрбиеші ұлттық тәрбиенің педагогикалық негіздерін білуге тиіс. Сонымен бірге М.Жұмабаев халықтық тәрбиені даралаудан сақтандырады, өйткені «...ұлттық тәрбиенің жақсы жағы көп, бірақ жаман жағы да баршылық. Кез келген ұлттық тәрбиеде ұшырасатын зиянды әдеттерден қазақ ұлты да ада емес...» [1]. Бірақ соған байланысты ол қазақ халқының педагогикасын әлемдік педагогикалық ойдан, жалпыадамзаттық ойдан, жалпыадамзаттық өнеге мен мәдениеттен оқшауламайды. Өзінің ой-толғауларында ол өткен уақыттардың тамаша педагог ғалымдарының еңбектеріне сүйенеді.

М.Жұмабаевтың авторлық ұсыныстары, педагогикалық қорытындылары мен кеңестері қазақ халқының поэзиясымен, салт-ғұрыптарымен және ең жақсы дәстүрлерімен табиғи астасып жатыр.

Зерттеудің тағы бір ерекшелігі – онда психология педагогикаға оның бөлінбес бөлшегі, түлғаның рухани өмірінің қалыптасуына септігі тиетін бөлігі ретінде енген.

Автор еңбегінде тәрбиенің бағыттарын жіктей отырып, оның дене тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, эстетикалық және рухани тәрбие деген түрлерін ажыратады. Бұл көрсетілген бағыттардың үзілместей байланысын көрсетуге үмтыла отырып: «Егер адам баласы тәрбиенің осы төрт түрін толық алса, оны тәрбиелі адам деп санауға болады. Егер ол шыныққан, күшті және өмірде кездесетін: ыстық, суық, аштық, кедейлік сияқты құбылыстардан қорықпайтын, ойлауға, Алматы жол табуға қабілетті болып өссе, егер ол көркем сөзді, сиқырлы әуенді қабылдай алатын, көрген ғажайыптарынан ләззат алатын, жақсыны ғана қалайтын, мораль тұрғысынан кіршіксіз таза болып өссе, онда біз толық тәрбие алған нағыз адам туралы айта аламыз», - деп жазады [2.14].

Кітаптың кіріспесінде М.Жұмабаев педагогикаға жақын ғылымдарды атап көрсетеді. Дене тәрбиесімен айналысу үшін, ғалымның пікірінше, анатомия, физиология, гигиена, жаттығулар іспетті салаларды біліп, меңгеру қажет. Рухани тәрбие үшін ол: психология, логика, этика салаларын көрсетеді. М.Жұмабаев педагогиканы ғылым ретінде бес құрамдас бөлікке: жалпы педагогика, дидактика, әдістеме, мектепті басқару, педагогика тарихы деп ажыратады.

Оның еңбегінде «Жалпы педагогика» тарауы ғана баяндалса, екінші бөлігі рухани тәрбиеге арналған. Кітаптың кіріспесінде М.Жұмабаев: «Жан – адам бойындағы ең қымбат, ең жұмбақ нәрсе. Ал рухани тәрбиемен айналысу үшін, жанның қасиеттері жайында білім беретін ғылымды өте жақсы оқып, меңгеру қажет», - дейді [2. 40].

«Педагогиканың» негізін халық педагогикасының әсері арқылы қаралған жалпыадамзаттық құндылықтар құрайды.

Оқулықтың алғашқы беттерінен-ақ баланы бесікте жатқан кезден тәрбиелеу жайында айта келіп, М.Жұмабаев халық педагогикасының дәстүрлеріне («Баланы – жастан») сүйенеді. Соған байланысты Мағжан: «Бала – талдың бұтағы. Оны қалай исең, солай өседі. Бірақ оның діңін түземек болсаң, ағашты сындырып аласың», - дейді.

Кітапта баланың адамгершілік тәрбиесінің заңдылықтары, ұстанымдары мен мақсаты, мазмұны, жолдары, түрлері мен тәсілдері ашыла көрсетілген. «Тәні саудың жаны сау» деген мәтелге сүйене отырып, автор қазақтың киіз үйі, ұлттық азық-түлік түрлері (қазы, қымыз, күрт, сорпа), тұрмыстық салттар мен дәстүрлері (баланы бесікке бөлеу, емізу, атқа мінгізу және басқалары) жайында баяндайды.

М.Жұмабаев, шынайы ағартушы ретінде, жер шары халықтары ынтымақтастығының адамгершілік ұстанымдарын жариялайды, адамның өз халқын ғана сүйіп, басқа халықтарды жек көре алмайтынын айтады. Адамгершілікке: жаны ашу, аяу, сүю сияқты қасиеттер жатуға тиіс. Педагог басқаның қайғысын сезу қабілеті адамның табиғатына тән екеніне сендіреді. Суға батып бара жатқан адамды құтқаруға ұмтылғанда, ешкім де сол ісі үшін марапат алуды ойламастан суға секіреді. Адам өмірінде қиындықтар мен ауыртпалықтарды қаншалықты көп көрсе, ол басқалардың ауыртпалығын да соншалықты жақын сезінеді. Сөйтіп, баланың адамгершілік тәрбиесін бағалаудың басты өлшемі деп М.Жұмабаев жер бетіндегі барлық адамдарға бауырластық сүйіспеншілік сезімін атайды. Адамзаттың осы адамгершілік қасиетін жоғалту және ұмыту қорқынышты салдарларға: ұлттық өшпенділікке, озбырлыққа, ыза-кекке әкеліп соқтырады.

Адамгершілікке тәрбиелеудің мақсаты, М.Жұмабаевтың пікірінше, баланың бойында адамгершілік бағдарлық ойлау қабілетін, адамгершілік мінез-құлық пен іс-әрекеттер қалыптастыру болуға тиіс. «Бала, - деп жазады педагог, - жаман қылықты адамгершілік таңдау жасай алмағаннан, әрекетінің салдарын алдын ала көре білмегеннен істейді, өйткені ол міндеттердің шешімі одан белгілі бір күш-жігер жұмсауды, адамгершілік ұстанымдар мен моральдық қасиеттердің болуын талап етеді» [2.77]. М.Жұмабаевтың пайымдауынша, адамның бойында өз бетінше дамуға, жетілуге ұмтылу, бойында нық адамгершілік ұстанымдарын, сенімдерін қалыптастыруды, өзінің адамгершілік мұратын табуды, өзінің наным-сенімдері жолында күресу үшін қажетті ерік-жігері мен мінез-құлқын дамытуды қалау сезімін туғызу өте маңызды.

Тәрбиенің әдістері жайында айтқанда, Мағжан баланы ұрып-соғып жазалауға, түлғаны қорлауға үзілді-кесілді қарсы тұрады. Балаға жалмауыз кемпір, мыстан, шайтан, адам жегіштер, Кащей жайында әңгімелеп, оны қорқытпау керек. Ондай бала батыл, ержүрек болып өспейді. М.Жұмабаев бала тәрбиешіге сөзсіз құлақ асуға, көзсіз сенуге тиіс дейтін өктем тәрбиеге қарсы болды. «Педагогика» авторының ойынша, бала тәрбиешінің озбырлығына емес, қажеттілікке, тиісті нәрселердің күшіне бағынуға тиіс. Әлдебір істі тапсырған кезде, балаға оның не үшін қажет екенін түсіндіру керек. Егер бала өз еңбегінің түпкілікті мақсатын білсе, ол, қайткенде де, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тырысады. Өзінің бұйрықтарын сөзсіз бұлжытпай орындауды талап ететін тәрбиеші – нашар тәрбиеші.

М.Жұмабаев педагог тарапынан өне бойы қамқорлық көрсетудің де зиянды екенін айтады. Оқушының қайсыбір істі басқалардың көмегінсіз орындай алмайтынына көзі жеткенде ғана, тәрбиеші оған көмекке келе алады. Тұрақты бақылау және үлкеннің айтқанын орындауды талап ету, әлбетте, баланың бойында қорқыныш сезімін туғызып, оны қорқақ, түйық және ынжық жанға айналдырады. Бірақ бала басына келгеннің бәрін істеп, ешқандай шектеу көрмесе, онда біз кейін есерсоқ өзіншіл, еркетотай, ешкіммен санаспайтын әпербақан адамды көретін боламыз.

Бір жағынан, бала еркіндікті сезінуге тиіс, екінші жағынан, бұл еркіндік міндеттілікке, жауапкершілікке және өзара сынға тәрбиелейтін тәртіпке бағынуға тиіс.

Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынастарда сыйластық пен құрмет орын алуға тиіс. Адамгершілікке негізделген педагогика ұстанымдарын қолдай отырып, М.Жұмабаев, бәрінен бұрын,

әр адамның бойында ізгі бастаулардың бар екеніне сүйене отырып, тұлғаның адамгершілік бейнесін игі істермен қалыптастыруға болатынын айтылған.

Қорыта келгенде, Мағжанның «Педагогика» оқулығын оқи отырып, мынандай ой түйіндейміз: ғылым ұлттық болмысымыз бен сана-сезімге жақын этнопедагогика, психология принциптерін негізге ала отырып жазған. Аталған еңбекті сараптай келе өткен ғасырдың 20–шы жылдарда педагогикалық–психологиялық жазба еңбектерде айтылған ойлар бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізді дамытуда, әсіресе ұлттық байлығымызды пайдаланып, оны қажетімізге жаратауғатаптырылмас мұра болып отыр. Ұлы М. Жұмабаевтың еңбектеріндегі ұстаздық – тәлімгерлік идеялары біз үшін өте құнды дүние.

Әдебиеттер тізімі

1. М.Жұмабаев. Педагогика Алматы. 1992
2. С.Сеңкібаев. М.Жұмабаевтың Тәрбиелік ілімі – ғасырлар тоғысында

УДК 371.3

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА БАУЛУ

Калиева Э.Т., Шалкарбаева У.А., биология, география пән мұғалімдері
“Мәлік Ғабдуллин атындағы &70 жалпы білім беретін орта мектеп” КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

Қазіргі уақытта елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістерді ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету қажеттілігі күннен-күнге айқындала түсуде. Ғылыми таным – белгілі бір адамның шығармашылық күш-жігерінің нәтижесі. Бұл білім беру жүйелерінің әлеуметтік тапсырысын сауатты, зерделі, дені сау, дамып келе жатқан тұлғаны ғана емес, ғылыми ізденістерге қабілетті тұлғаны дайындауды міндеттейді.

Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және дамыту жастармен шығармашылық жұмыстың негізгі формаларының бірі болып табылады. Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерте баулу балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Олардың оқу процесіне де, мектеп түлектерінің болашақ тағдырына да игі ықпалы сөзсіз. Дәл осы уақытта ғылымымыздың болашағы, қоғамымыздың болашағы дайындалуда.

Қазіргі таңда қоғамда білімге деген қызығушылық зор. Оқу материалын табысты игерудің негізінде танымдық қызығушылық жатыр. Оқушыларға бақылаулар жасауға, эксперименттер орнатуға, соның негізінде орта буын сыныптағы оқушылар өз бетінше қорытындылар мен қорытындылар жасай алатындай жағдай жасалса, ол үнемі оқу әрекетімен бірге жүреді.

Орта буын мектеп жасындағы оқушыларды зерттеу дағдыларын дамыту үшін өте қолайлы. Оқушылар жаңа білімді өздері көру, есту немесе қолмен ұстау арқылы алған жағдайда жақсырақ меңгереді. Бірақ бұл жаста балалардың еріксіз зейіні барынша дамығанын ескеру қажет, сондықтан олар ұсынатын зерттеулер жарқын және есте қаларлық болуы керек. Олай болса, сабақта зерттеушілік әрекет элементтерін пайдаланатын мұғалімнің міндеті – оқушының табиғатына тән зерттеушілік мүмкіндіктерін дұрыс бағытқа бағыттау.

Мектеп жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға ықпал ететін танымдық іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдерін оқушылардың меңгеруін қамтамасыз етуге арналған. Мұғалімнен орта буын оқушыларды белсенді танымдық іс-әрекетке баулу үшін дидактикалық жағдай жасау, оқытудың зерттеу әдістерін қолдану талап етіледі, мұнда білімді меңгерумен қатар балалардың өзіндік практикалық әрекеттері де ұйымдастырылады.

Жалпы білім беретін мектептің міндеті нақты көлемде жаратылыстануды оқытып қана қоймай, сонымен бірге табиғат құбылыстарына биологиялық талдау машығын қалыптастыруға, табиғат пен қоғам қатынасының мәнін түсінуге, өзінің тәжірибелік көмегінің маңыздылығын сезінуге үйрету. Мектепте ғылыми-зерттеу жұмысының жоғары деңгейде өтуі үшін білім беру мекемелері жоғары оқу орындарының оқытушылары, ғалымдары және мамандарымен тығыз қатынас орнатуы шарт, яғни оқушыларға жаратылыстанудан іс-тәжірибелер мен факультативтерді өткізіп, жекелеген экспериментальді тақырыптарға басшылық еті. Әсіресе жүргізілетін жұмыстың практикалық бағыттылығы үлкен маңызға ие болады.

Орта буын сынып оқушыларын ғылыми жұмысқа баулуда жаратылыстану сабақтарындағы оқушыларды ғылыми жұмысқа баулудың мүмкіндіктері мол.

Заманауи жағдайларда педагогикада түрлі білім беру сатыларында білім алатын оқушылардың зерттеу қызметін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ғылыми материалдар жеткілікті жинақталған, оны жүзеге асырудың педагогикалық талаптары да анықталып ұсынылуда.

Мұғалім білім беруде оқушының өзі оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында білім мен білік алғысы келетіндей етіп ұйымдастыруы қажет.

Жаратылыстану пәні бойынша оқу-зерттеу қызметін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Табиғат туралы ғылымдар оқушыларға әлемнің қазіргі ғылыми бейнесін ашуға арналған, ал оларды зерттеу барысында алынған білім заманауи адамның дүниетанымының табиғи ғылыми негізін құрайды [2, 23-266].

Мұғалімнің негізгі қызметі оның жаңа ақпаратты тасымалдаушы ретінде емес жаңа білімді игеру, зерттеушілік қабілеттер мен дағдыларды меңгеру, сонымен қатар ақыл-ой әрекетінің әдістерін меңгеру үшін оқушылардың өз бетінше іздену әрекетін шебер ұйымдастыруы керектігінде екенін ескеру қажет. Бұл орта буын сынып оқушылары арасында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейде ойдағыдай ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі оқытушының басты қызметі – білім беру мен жеке тұлға тәрбиесін сабақтастыру болса, оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы олардың өзін-өзі дамыту, шығармашылық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру. Сондықтан мұғалім оқушының қабілеттерін дамыту, талантты балалардың талабын ұшқырлау мақсатында заман талабына сай, жаңа технология қолдану арқылы жұмыс жасау керек деп есептейміз.

Зерттеу жұмысы жүргізу орта буын оқушыларының төмендегідей іс-әрекеттерді жасауға мүмкіндік туғызады :

- өзін қызықтырған сұрақтарға жауап іздеу;
- іздену барысында түрлі тәсілдер қолдану;
- өз пікірін, ойын ашық айту;
- өз бетімен қорытынды жасау;
- өзі үшін жаңалық ашу.
- қызығушылығын қанағаттандыру.

Демек, оқушы өз бетінше жұмыс жасауды үйреніп, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыта түседі.

Пән мұғалімдері қазіргі кезде мектепте білім беру процесінің сипаты өзгеріп отыратындығына назар аударуы керек.

Дәл осы сабақтар мен іс-шаралар орта буын мектеп жасындағы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытудың жоғары деңгейіне жетуге ықпал етеді. Сонымен, орта буын сынып оқушыларының оқу-зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің өзекті міндеттерінің бірі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбенбаев С.Ш., Құдиярова А.М., Әбиев Ж.Ә. «Педагогика». – Астана: Фолиант, 2003
2. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім. Бигазина П.К., Жаманкулова А.Ж., Кажекенова Э.А., Тураканова Г.А., Хонтай М. 88б.
3. Блялова Г. Жаратылыстану пәнін оқытуда оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру // № 12.2011.

ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӘДЕП

Даулеткалиева М.К., Мурзагулова Г.П., биология, география пән мұғалімдері
“Мәлік Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп” КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

Өзінің кәсіби тұлғалық қасиеті өн бойынан көрініс табатын бірден-бір мамандық иесі – ұстаз мамандығы. Сондықтан да әр заманда ұстаздың қадір-қасиеті туралы ұлы адамдар ұлағатты сөздерін айтып, келер ұрпаққа жеткізіп отырған. Мысалы, қазақтың алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсарин «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені, мұғалім – мектептің жүрегі» десе, Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет» деп баға берген. Сондықтан да әр ұстаз, әр оқытушы, әр мұғалім, жалпы әр педагог ең алдымен, «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан» деген Абай атамыздың мағыналы сөзіне сүйене отырып, ең бірінші кезекте адамгершілік белгілерінің басты шарттарын назарда ұстап, іскерлігі мен дағдыларының арқасында, баламен қарым-қатынас жасауда педагогикалық этика ережелерін басшылыққа алу керектігін назарға алуы тиіс.

Әдеп (этикет) - ол осы қоғамда немесе белгілі бір жағдайда жол берілетін және қабылданатын немесе, керісінше, жол берілмейтін, қабылданбайтын мінез-құлықты реттейтін ережелер жиынтығы. Әрине, ол қарым-қатынас пен мінез-құлықтың түрлерін, «техникасын» айқындайды, сондықтан мәдениетті, өнегелі адам ретінде саналу үшін, әдеп ережелерін білу ғана жеткіліксіз. Қоғамдағы мінез-құлық әдеп (этикет) пен әдепнама (этика), яғни мінез-құлық жайындағы ілім моральдің жалпы ұстанымдары мен нормаларына сүйенуге тиіс. Әдепке байланысты әрбір мәселе этикалық нормалар тұрғысынан шешілуге тиіс. Сыпайыгершілік және адамдарға көңіл бөлу, басқа адамға жанашырлық таныту және түсіне білу - ол адамгершілік мінезқұлықтың негізінде жатқан биік этикалық қасиет және әдептің қарапайым түрлерінен көрінеді.

Әдепке бірқатар ерекшеліктер тән. Әдеп - ол адамның ішкі мәдениетінің, оның моральдық қасиеттерінің сыртқы көрінісі. Бұл - оның басқа адамдарға ізгі ниеті, құрметі, оларға қамқорлық жасай білу қабілеті көрініс тапқан адамгершілік мәдениетінің ерекше түрі. Рас, білімі аз адамның әдеп ережелерін білмеуі себепті, ішкі руханият, мейірімділік, ізгілік іспетті биік адамгершілік мәдениет сырттай көрінбеуі де мүмкін. Ал, керісінше, сыпайы «кербездің» сырбаз мәнерлері міндетті түрде оның адамгершілік мәдениетін көрсете бермейді.

Әдеп - ол адамның адамгершілік мәдениетінің қоғамда қабылданған эстетикалық пішіні, үлгісі, сондықтан адам: басқа адаммен кездескенде және қоштасқанда сөйлеу, жүру-тұру, тамақ жеу, киім кию, сәндену мәнеріне, маңызды оқиғаларды атап өту, қонақ қабылдау сияқты өзінің қарым-қатынасы мен мінез-құлқының барлық түрлеріне адамгершілік қана емес, эстетикалық та сипат беруге тырыса отырып, оларды «әсемдік заңы бойынша» құруға тырысады. Біз, сірә, «көркем мәнерлер», «сыпайы мінез», «әсем қимылдар» деген сөздерді жайдан-жай айтпаймыз.

Әдептің жалпыға бірдей сипаты бар, өйткені ол өмірдің барлық салаларына таралатындықтан, нақты ережелер: адамның қалай дұрыс сөйлеуі, киінуі, үстел басында, ұжымда, отбасында, қоғамдық орындарда, театрда, көшеде және басқа жерлерде өзін қалай ұстауы керектігін ұйғарады.

Әдеп өзіне ғасырлар бойы сақталып келген және көптеген халықтарға тән жалпыадамзаттық мінез-құлық нормаларын қамтиды. Сондықтан оларды, мысалы, сәлемдесу, алғыс білдіру сияқты қарапайым ережелерді әлдебір белгілі қоғамның адамдары ғана емес, барлық адамдар сақтайды (сақтауға тиіс). Әдеп сонымен қатар ерекше ұлттық ерекшеліктерді де қамтиды, өйткені әртүрлі халықтар әдеп ережелерін өздерінің меншікті мәдениеттерінің дәстүрлеріне байланысты түзетіп, толықтыра түсті. Сондықтан көптеген әдеп-ғұрыптар мен салттар әртүрлі халықтар өмірінің тарихи шарттарына сай қалыптасқан.

Әдеп талаптары даусыз болып саналмайды, олар салыстырмалы және тарихи сипаты бар: олардың сақталуы уақытқа, орынға, жағдайларға тәуелді және адамның әдеп мәдениетінде жүзеге асады.

Әдеп мәдениеті - ол адамның жалпы адамгершілік мәдениетінің, өнегелілігінің, әдептің белгілі бір ұстанымдары мен нормаларын сақтай отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға деген ішкі көзқарасының көрінісі. Әдептің негізгі ұстанымдарына, бәрінен бұрын, басқа адамдарға деген ізгі көзқарас пен құрмет жатады. Ол бізден: сыпайыгершілік, әдептілік, сезімталдық, шаманы білу, өнегелілік, тыңдай білу, қарапайымдылық іспетті нормалардың сақталуын талап етеді.

Педагогтің мәдени қарым-қатынасы: этикалық, шыншылдық, шынайы және сенімділік қарым-қатынасы, адамға деген сенім, балаға деген махаббат пен сыйластық, бірлескен іс-әрекет атқаруға

кабілеті, ұжыммен жұмыс істей білуі, оқушының ата-анасымен дұрыс қарым-қатынас жасай алуы. Кәсіби компоненті: таңдаған мамандығына деген тұрақты қызығушылығы, оқу- тәрбиелеудегі әдіс-тәсілді дұрыс қолдана алуы, баланың психологиясын білуі, өз пәнін жетік білуі, эрудиция, дауыс пен ым және базасының болуы.

Ол үшін педагогке тиісті заңдарды білумен қатар, қарапайым адамгершілік яғни, кәсіпке, қоғамға деген қарым-қатынас, тәртіпті болу, өзіне және балаларға қаталдықпен қарау, эмоцияналдық байсалдылық, әдептілік, ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас орнату, әділ болу, балалардың бәрінің бірдей екендігін мойындау, өз мінез-құлықтарына баға беру, өзін-өзі сынау, өзін-өзі үзбей жетілдіріп тұру деген сияқты қағидаттарды есте шығармау керек. Өйткені, «педагог» ұғымының дәрежесін түсірмей, биікке көтеру үшін осы бағытта жұмыс жасағанымыз жөн.

Белгілі педагог К.Д. Ушинский «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді» деген нақыл сөзі осы ойымыздың дәлелі іспеттес. Қазіргі кезде педагогикалық әдеп әр адамның бойынан көрінуге тиіс нәрсе. Кез-келген ортада, жұмыста болсын адамдармен, балалармен, ата-анамен қарым-қатынас жасау кезінде әдеп қағидаттарын ұстану керек.

Әдеп қағидаттары адамның сөйлеу икемділігіннен, балалардың іс-әрекетін ұйымдастыра алатынынан, өзін-өзі ұстай алуынан, сонымен қатар, баланың мінез-құлқына баға берген кезде, мақтау, мадақтау кезінде байқалып отырады.

Сондықтан да әдептілік – педагогтың мінез-құлығындағы ерекшелікке айналу керек. Өйткені, педагогикалық әдеп – мұғалімнің ең етене кәсіптік белгісі, педагогикалық шеберлігі. Ал, педагогикалық шеберлік дегеніміз не? Оны әрине барлығымыз жақсы білеміз. Өйтсе де, менің түсінігімдегі педагогикалық шеберлік, ол – педагогтың пәнді жетік білуі, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін білуі, педагогтың өмірге деген көзқарасы және педагогикалық әдебі. Ол үшін адамда, ең алдымен кәсіптік білім, біліктілік, кәсіптік қабілет болу керек. Осы қасиеттердің барлығы бойында жиналған адам нағыз педагог атағына сай деуге толық негіз болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Алканова З.С., Комаева М.С., Сарсекова Г.К., Тусупова М.А. Педагогикалық этика негіздері. А. – 2016.
2. Александрова З. А. Профессиональная этика [Электронный ресурс] : учеб. пособие. – М. : МПГУ, 2016. – 136 с. : ил. – URL: <http://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=469398>.
3. Байдлаева Ақмарал. Этика: Теориясы мен қазіргі мәселелері. - openU.kz <https://openu.kz/storage/lessons/etika-teoriya...>

УДК 371.3

ҚАҚТЫҒЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Боқырова А.Б., Есалы А.Е., химия пәнінің мұғалімдері

“Мәлік Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп” КММ Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

Ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде ғылыми халықаралық термин «конфликт» қазақ тілінде қақтығыс, егесу, керісу, жанжал, дау-жанжал, тартыс деген мағыналарда жиі қолданылады. Бұл аталған ұғым, түсініктер оқушыларға білім беру, оқыту, үйрету барысында, оларды тұлға ретінде қалыптастыруда, олардың мәдени қарым-қатынасында, мінез-құлқында жиі көрініс табатыны белгілі.

Оқушылардың даму процесінде олардың жас және жеке педагогика-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты олар арасындағы қақтығыс және оның басқа түрлерінің келіп шығуы, пайда болуы табиғи нәрсе екендігін де ұмытпаған жөн.

Латынның *conflictus*- «конфликт» деген сөзінен шыққан қақтығыс қарама-қайшы мүдделерді, көзқарастарды, ұмтылыстарды, сондай-ақ шиеленісіп кетуі мүмкін алауыздық пен келісе алмаушылықты, кикілжіңді, дау-дамайды білдіреді.

Психологияда қақтығыс деп қарама-қарсы үрдістердің, уәждемелер мен мүдделердің бір мезгілде әрекет етуін түсіну қалыптасқан.

Қақтығыстар жұптаса, топ арасында, жасырын, ашық, кездейсоқ және күнілгері ойластырылып, тұлғаишілік, тұлғааралық болуы мүмкін.

Біздің көзқарасымыз бойынша, тұлғашілік, яғни жеке адамның өз басында өтіп жататын қақтығыстар ерекше назар аударуды қажет етеді. Тұлғашілік қақтығыстар — ол уәждемелер, мақсатты және мінез-құлық пен іс-әрекетті таңдаудың ішкі күресі. И.П.Павловтұлғашілік қақтығысты «құлатып түсіру» деп атаған: демек, бұл — әрқайсысы бастың ми қыртысынан шығатын қарама-қарсы екі ниеттің қақтығысы. Ішкі түйсік солай істеуге итермелейді, ал адам өзін оған қарама-қарсы әлдене істеуге мәжбүрлейді: бұны мінез-құлықтың қисыны талап етеді. Қанағаттанбаушылық сезімі қиындықты шешудің ең жақсы нұсқасын іздеп табуға мәжбүрлеген кезде, тұлғашілік қақтығыс жасампаз бола алады. Тұлғаның ішкі бүлдіргіш қақтығысы адам қиындықтың қанағаттанарлық шешімін ұзақ уақыт бойы таба алмаған (өз қабілеттерін дұрыс бағаламаған, мақсатына қол жеткізе алмаған) кезде пайда болады. Тұлғашілік қақтығыстың белгілері - психиканың қатты ширығуы, сезімдік қозушылық, адамның өзіне қанағаттанбауы, реніш сезімі.

Қақтығыстардың тұлғааралық қақтығыстар деп аталатын түрі кең тараған. Тұлғааралық қақтығыстар барысында тұлғалардың мүдделері, көзқарастары, мінез-құлық нормалары және басқалары бетпе-бет келеді.

Қақтығыстар себептері келесідей:

- жекебастық;
 - мінез-құлықтық деп ажыратылады.
- Ұжымдық-шығармашылық қақтығыстар мынадай жағдайларда орын алады:

- шығармашылық өсу мүмкіндігі жоқ кезде;
- қызметтік міндеттер нақтыланбағанда;
- жұмыстың шынайы нормалары, еңбекті бағалау өлшемдері белгіленбеген кезде;
- моральдық және материалдық қолдау жүйесі қолданылмайтын уақытта;
- жұмыс және оқу үшін қажетті ақпарат жоқ кезде.

Осының бәрі адамның тыныштығын бұзады. Соған қатысты В.А.Сухомлинский: «Адамның жан тыныштығы, тепе-теңдігі бұзылған жерде оның өмірі тозаққа айналады», - деген.

Тұлғалар қақтығысы мінез-құлық алғышарттары және жағдаяттық алғышарттар негізінде пайда болады.

Мінез-құлық алғышарттары - ол мінездің тұрақты, айналасындағыларға соқтығысуға итермелейтін: өзіндік сынның төмендігі, қате түсінік, тысқары пікір, іштарлық, пайдакүнемдік, менмендік сияқты қасиеттері. Бұл жағдайда ұстаным - адамның қоршаған ортаны белгілі бір көзқарас тұрғысынан қабылдауға санадан тыс дайын болушылығы үлкен рөл атқарады.

Жағдаяттық алғышарттар төмендегілерге байланысты:

- адамның өзіне сенімсіздігі, өз мүмкіндіктерін іске асырудың айқынсыздығы сезімі;
- хабардар болудың жеткіліксіздігі немесе бұрмаланушылығы;
- адамның әріптестерін танып-білмеуі;
- қалыптасқан жағдайға теріс көзқарас.

Соған байланысты барлық оқушыларға бірдей талаптар қоюға болмайды, өйткені күш-жігерлерінің әртүрлілігіне қарай балалар қойылатын талаптарды әртүрлі қабылдайды. Мысалы, егер бала жігерлі, ширақ болса, онда кикілжің немесе қақтығыс қатаң тәртіп, бір сарынды қызмет, жалғыздық сияқты шарттардан тууы мүмкін. Егер бала енжар болса, онда қақтығыс қайнап жатқан қызмет талап етілетін жерде пайда болады. Мінез-құлықтан туатын қақтығыстардың себептері, біздің көзқарасымыз бойынша, көбінесе төмендегідей жағдайларға байланысты:

Мұғалімдер мен оқушыларға көтеріңкі талаптардың шамадан тыс көп қойылуы;

- жеке мүдделердің қоғамдық мүдделермен сәйкессіздігі;
- асқын сезімдік жауап қату, сондай-ақ қарсы әрекеттің дұрыс еместігі; - орын алған оқиға туралы жеткілікті хабардар болмаушылық;
- адамның жазықсыз айыпталуы, мейірімсіздік, қадір-қасиетінің аяққа тапталуы; жалпы, тәрбиенің жетіспеушілігі;

Қақтығыстардың алдын алу үшін, бірінші кезекте, адамның мінез құлқы есепке алынғаны маңызды. Егер ол өзгелерден биік, басым болса, оған басымдылығын, артықшылығын танытуға мүмкіндік беріп, жолын кеспеу керек, бірақ дегенмен басқалар өз көзқарастарынан танбаса, ол да үстем болу ниетінен қайтады. Басымдығы жоқ адам өзгелердің көмегіне, болашаққа сеніммен қарауға ынталандыратын қолдауға мұқтаж. Егер оқушы сыртқы дүниеге көбірек бет бұрған, белсенді қызметке ұмтылатын, яғни экстраверт болса, онда мұғалім онымен қарым-қатынасында өзара сыйластық жағдайын бұзбауға, бірақ оның «шамадан тыс белсенділігін» жеңіл әзілмен басуға тиіс. Ал тұйық, сыр бермейтін оқушымен, яғни интровертпен мұғалім өзін сыпайы ұстауға тиіс.

Қақтығыстардың тиімді алдын алу шараларына төмендегідей ережелердің бірқатарын жатқызуға болады:

- ескертуді оңаша жерде және «иә, иә, бірақ» деген сарында жасаған жөн;
- дауласып, ренжісіп жатқандарға ашуларын басуға уақыт беру керек, сонда, шынымен де, ашулары басылады;
- басқаның көзқарасын дереу және шорт кесіп жоққа шығаруға болмайды;
- адам өзінің дұрыс емес ісін мүмкіндігінше тез және батыл түрде мойындаса, ықтимал сынның алдын алуға болады;
- пікірсайыста сыпайы сөйлесіп, пікірлер бірдей шығатын мәселелерден бастау керек;
- әріптестермен, оқушылармен нақты жағдайдан шығу жолдарын талқылау қажет;
- «бас тарту әсерін» пайдалану, яғни, К.С.Станиславский бойынша, адамның кемшіліктерінен бас тартып, оның бойындағы жақсы қасиеттерін іздеу керек; бұның ізгі, жылы қарым-қатынастар орнатуға көмегі тиеді;
- сыпайы болу керек, сыпайылық өзара қарым-қатынастағы ширығуды басады;
- тұлғаның өзіне баға берудің орнына, әрекеттерді, яғни қылық істеген тұлғаны емес, оның істеген қылығын талқылау қажет.

Кикілжің, қақтығыс туған жағдайда оны төмендегідей жолдармен жылдам шешуге болады:

- бір тараптың ұстанымын немесе артықшылығын мойындап, екінші тарапты соған көндіру;
- өздерінің келіспейтін ұстанымдарын сақтай отырып, өзара жол беру арқылы келісімге келу;
- ортақ мүдделер қалыптастыру есебінен өзара келісімге келу.

Сонымен қорытындылай келе, қақтығыстарды реттеудің үш деңгейі ажыратылады:

- тараптардың бір-бірлеріне шағымдарын, талаптарын, мүдделерін, құндылықтарын ұзақ қарап отыруға мүмкіндік те, уақыт та жоқ кезде, дереу шұғыл араласып, дауласып жатқан тараптарды жай ғана «басып қойып», олармен «келіссөз», ашық әңгіме жүргізу керек;
- қол жеткен «татуластық» енді кикілжіңді түбегейлі шешуге бағытталған терең келіссөздерді мүмкін етеді;
- қақтығыстардың алдын алу, болмай қоймайтын қақтығысты дер кезінде ашып, табу және оларды шешудің сындарлы арнасына салу.

Қорыта келгенде, тәлім – тәрбие процесінде кездесетін әртүрлі, қақтығыс, қайшылықтардың мән – мазмұнын, түрлерін білу өте қажет. Олардың себептерін білу, анықтау олардың алдын алынуына, дер кезінде шешімін табуға толық мүмкіндік береді, жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Өтеген Қ.О. Педагогика. Оқу құралы-Шымкент: «Әлем», 2012. -284 б.
2. Анцупов А.Я. Конфликтология. Учебник / А.Я.Анцупов, А.И. Шипилов. - М.: Юнити-Дана, 2014. - 591 с.
- 3.Халитова І. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы. – Алматы: «Білім» баспасы, 2007

УДК 371.3

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘДІС – ТӘСІЛДЕР

Ошанова Б.Н.,

№2 «Батыр» балабақшасы МКҚК, педагог-психолог

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- балалардың психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау;
- жеке балаға бағытталған даму ерекшеліктерін ескере отырып психологиялық-педагогикалық көмекті жүзеге асыру;
- психологиялық-педагогикалық жеке тәсіл арқылы әрбір баланың дамуын қамтамасыз ету, баланың әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсету.

Мазасыздық сынағы Р.Тамм, М. Дорки, В.Амен. «Дұрыс тұлғаны таңдау» әдісі. Балалардың проективті диагностикасы.

Бұл әдіс американдық психологтар Р.Тамм, М.Дорки және В.Амен жасаған балалардың мазасыздық сынағы. Проективті тест баланың өзіне тән өмірлік жағдайларындағы мазасыздықты зерттейді (мұнда жеке тұлғаның тиісті қасиеттері барынша көрінеді). Бұл жағдайда мазасыздық жеке тұлғаның қасиеті ретінде қарастырылады, оның қызметі психологиялық деңгейде адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Жоғары мазасыздық көбінесе сәтсіздіктерден аулақ болу қажеттілігімен бірге жүреді және осылайша жетістікке жетуге деген ұмтылысты тежейді.

Баланың бір жағдайда сезінетін мазасыздығы басқа жағдайда да міндетті түрде көрінбейді. Жағдайдың маңыздылығы баланың осы жағдайларда алған жағымсыз эмоционалды тәжірибе мазасыздықты баланың жеке қасиеті және сәйкес мінез – құлқы ретінде қалыптасырады.

Мазасыздықтың психодиагностикасы осы баланың белгілі бір әлеуметтік жағдайларға ішкі қатынасын айқындайды, баланың қоршаған адамдармен, атап айтқанда отбасында, балабақшада қарым – қатынасының сипатын ашады.

Сондай – ақ өз тәжірибемде қолданатын әдістердің бірі, ойын үстінде балаларға жүргізілетін «пиктограмма әдісі».

«Пиктограмма» әдісі – графикалық кескіндер. Әр сөзге немесе дыбысқа, мәтінге мағынасына сай көрнекі бейнені ұсыну арқылы тілдің бұралуын, мәтін немесе жаңылтпаш, тақпақтың мазмұнын есте сақтауға көмектеседі. Артықшылығы-визуалды кескіндер есте сақтауды күшейтіп, аудио ақпаратты визуализациялауға көмектеседі.

Социометриялық әдіс – психологиялық зерттеулердегі үлкен және шағын топ мүшелерінің өзара таңдау ситуацияларын тіркеу жолымен топтағы жеке адам аралық қатынастардың құрылымын талдау мен сандық өлшеуге бағытталған әдіс болып саналады. Кіші топтар құрылымы мен топ мүшелерінің арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасын зерттеудегі негізгі әдістерге жатқызуға болады.

М. Монтессори технологиясын қолданудың әдіс-тәсілдері. Монтессори тобындағы дамытушы ортамен жұмыстарды ұйымдастыру

Әрине, бізге аты-жөнімен таныс, белгілі дәрігер және педагог Мария Монтессори Италияда, Испанияда, Нидерландыда және тіпті Үндістанда тұрып, жұмыс істеді. 26 жасында ол Италия тарихындағы алғашқы әйел дәрігерлердің бірі болды. Даму ерекшеліктері бар балалардың өміріне медициналық ғана емес, педагогикалық араласудың қажеттілігін қолдай отырып, сенімді католик «ғылыми педагогика» әдісін жасады. Ол өзінің мұғалімдері ИТАР мен Сегеннің жеке әзірлемелері мен материалдарын қолданды: әлемге әйгілі француз дәрігерлері, шын мәнінде, алғашқы еуропалық дефектологтар болды.

«Білімсіз» деп танылған балалар өздерінің сау құрдастарына қарағанда жақсы және жылдам санау, жазу және оқу дағдыларын игерген кезде, техниканы соңғысына бейімдеу туралы шешім қабылданды. Сонымен, 1907 жылы Сан-Лоренцода Монтессори жүйесінде жұмыс істеген алғашқы «балалар үйі» ашылды, тағы үш жылдан кейін оның әдісі туралы алғашқы кітап жарық көрді. Өте керемет көрсеткіш.

Монтессори әдісінің басты мақсаты неде? Монтессори педагогикасының негізгі қағидасы-баланың өз іс-әрекетінде, тәртібі мен дербестігінде еркіндігі. Балаларды бақылап, сыйақы мен жазадан аулақ болыңыз (және кез-келген бағалаудан!), тәрбиешілер олардың дамуы үшін «байытылған» ортаны қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге бұл процесті әр баланың даралығы мен жеке белсенділігіне сүйене отырып бағыттауға тырысады, яғни Сізге өзіңізге ұнайтын нәрсені жасауға және қалаған кезде жасауға мүмкіндік береді. Барлық жаттығуларды орындау кезінде басты назар зейін мен өзін-өзі ынталандыруды дамытуға аударылады, нәтижесінде балалар өздерінің ақыл-ойын қалыптастыру үшін қажет нәрсенің бәрін алады. Шығармашылық қиялды, ойын және қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін бағдарлама әртүрлі ойындар мен шығармашылық іс-шаралармен толықтырылуы керек. Монтессори әдісімен сұрақ қою, терең зерттеу және байланыс орнату еркіндігі мен қолдауының арқасында сенімді, ынталы және тәуелсіз, өздері үшін де, өз қоғамдастығы үшін де жауапты азаматтар болып өседі. Олар сыни ойлайды, бірге жұмыс істейді және батыл және адал әрекет етеді. Балаларыңызға қандай жақсы нәтиже тілер едіңіз?

Бақылау арқылы Монтессори әдісіне жүгінетін тәрбиешілер шәкірттерінің сезімтал кезеңдерін анықтап, балалардың осы уақытта өркендеуі үшін ресурстар ұсынуы керек. Монтессори әдісі балалар өздері жасай алатындай етіп дайындалған ортада жақсы оқиды деп болжайды. Әрқашан балаларға бағытталған, оқу ортасы балалардың өздері таңдаған материалдарды зерттеудегі еркіндігіне ықпал етуі керек. Тәрбиешілер балаларға материалдар мен тәжірибені реттелген және тәуелсіз түрде ұсына отырып, оқуға жағдай жасауы керек. Өзін - өзі тәрбиелеу немесе өзін-өзі тәрбиелеу-бұл балалар өзін-өзі тәрбиелеуге қабілетті тұжырымдама. Бұл Монтессори әдісінің маңызды сенімдерінің бірі. Монтессоритәрбиешілері балаларды өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай жасайды, шабыттандырады,

бағыттады және ынталандырады. Монтессоридің білім беруінде тәрбиешінің рөлі-балаларды оқытуға кедергі жасамай немесе табиғи оқу процесіне тым көп араласпай бағыттау.

Монтессоридің ілімі мен жүйесі әр түрлі балалар мекемелерінде: балалар үйі, мектептер, балабақшалар, балалар оңалту орталықтарында кеңінен қолданыла бастады. М.Монтессори: «Бала дүниеге келгеннен бастап өзін-өзі дамытуға және жеке адам ретінде қалыптасуға қабілетті. Оның ішкі жан дүниесінде ерекше күш бар, ал үлкендердің міндеті сол энергияның жұмсалыуына жағдай жасау» - деген екен.

Бұл Монтессори - педагогиканың негізгі ұстанымдарының бірі. Баланың еркіндігі мен өзіндік ойлау дағдысының дамуына қысым көрсетпеу керек, яғни балаға бостандық беру.

Бала дамуының сензитивті кезеңдері келген кезде, өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыра бастайды, бірақ қалай, қай бағытта жүзеге асатыныны оны қоршаған ортаға байланысты. Үлкендер баланың дамуына жағдай жасайтын арнайы ортаны дайындап, оған бағыт – бағдар беріп отыруы керек. Монтессори педагогикасы кабинеті бірнеше аймақтарғы бөлінген және бұл аймақтар баланың жан –жақты дамуына жағдай жасайтын «дайындалған орта» болып есептеледі. 3 және 6 жас аралығындағы балалардың өзін –өзі дамытуы үшін аймақтарда орналасқан жаттығулар зор ықпалын тигізді: күнделікті өмір жаттығулары, сенсорлық даму, математика, тіл дамыту, жазу және оқуды үйрену, шығармашылық даму, космостық тәрбие беру. Қазіргі таңда Алматы қаласы Бостандық ауданындағы №81 «Күншуақ» балабақшасы М.Монтессори технологиясы бойынша жұмыс жасауда. Алматы “Өрлеу” Біліктілікті арттыру ұлттық орталығында болып өз біліктіліктілігімізді көтеру мақсатында Алматы қаласындағы «Монтессори класс» оқыту орталығына барып оқып келдім және де осы технология бойынша жұмыс жасаудамын.

М. Монтессори жүйесін негізінде 3 басты қағида құрайды:

1. Әр баланың жеке ерекшеліктерін ескерту;
2. Даму еркіндігімен қамтамасыз ету;
3. Баланың әрі қарайғы интеллектуалды дамуының негізі ретінде сенсорлық және дене тәрбиесінің мүмкіндіктерін кеңінен қолдану.

II. Негізгі бөлім

1. Монтессори технологиясын қолданудың әдіс – тәсілдері.

1896 жылы Рим университетінің медициналық факультетін бітіргеннен кейін М.Монтессори Италиядағы әйелдерден шыққан бірінші медицина докторы болып табылды.

Университеттің емханасына да ақыл – ойы артта қалған балаларға бақылау жасап көрді. 1900 жылы Марияның өзі дамуын да ауытқушылықтыры бар балаларға арналған Еуропадағы бірінші оқу орнына басшылық етті. Оның кішкентай емделушілері нашар сойлегендіктен, ол саусақтардың ұсақ моторикаларын жаттықтыру арқылы сөйлеуді дамытатын арнайы жаттығулар және балалардың өзіндік сенсорлық тәжірибе негізінде қоршаған ортаны зерттей алатын арнайы құралдар және ойындар әзірледі. Сөйтіп, Монтессори өзінің бірқатар уақыты өткеннен кейін оның тәрбиеленушілері оқу, жазу, есептеуді кәдімгі өздерінің құрдастарынан бұрын үйренді. 1909 жылдан бастап М.Монтессори жүйесі өмірге белсенді түрде енгізіле бастады. Түрлі елдің педагогтары үшін курстар ашылды. 1910 жылы «Монтессори әдісі» атты кітап жарық көрді. 1929 жылы М.Монтессори қазіргі кезде де жасап жатқан халықаралық Монтессори Ассоциациясының негізі салынды. Италиядан Фашистік тәртіп кезінде елден кетеді, 76 жасында қайта оралып, көптеген еңбектерін шығарады. 1950 жылы Амстердам университетінің профессоры атағы, докторлық құрмет дәрежесі беріледі. Бұл әдіс бойынша 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сойлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Монтессори әдісінің негізгі қағидасы – «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар. Сондай – ақ, олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори бөлмесінде «Барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген ереже үнемі сақталады. Бүгінде осы әдіспен жұмыс жасайтын балабақшалар көптеп ашылып жатыр. Балабақшадағы ұстаздар міндетті түрде дайындық курсынан өтеді. Монтессори әдісінде топтық сабақ системасы жоқ, ауыр партасының орнына жеңіл қозғалатын столдар мен отырғыштар, кілемшелер қолданылады. Монтессори ұстаз баланың өз бетімен жұмыс жасауын қадағалайды. Монтессори әдісі үшін негізгі бөлімнен тұрады: бала, қоршаған орта, ұстаз.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа мән – мағыналы, өнегелі тәрбиемен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы екені бәрімізге белгілі. Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының

калыптасуы, ой – өрісінің кеңейіуі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз. Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі еш уақытта орнын жоғалтқан емес. Бала табиғатында білуге құмар, тумысынан – ақ өсуге, жетілуге ұмтылысы басым. Сондықтан да қарқынмен дамып бара жатқан мына заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы заңдылық.

Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі. Монтессори әдістемесі әрбір тәрбиеленушіге деген даралы тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес балалар материалдармен өздері қалағанынша ұзақ уақыт жұмыс жасай алады. Жұмыс материалдарын да, сабақ уақытының ұзақтығын да өздері таңдайды. Балалардың табиғи қажеттіліктері мен үрдістері үшін даярланған білім беру дәстүріне деген көзқарасты елестетіңіз. Педагогтарды білім көзі ретін де емес, балалар сынамалар мен қателіктер арқылы проблемаларды шешетін, жаңалықтар ашатын және тәжірибелер арқылы үйренетін динамикалық, даяр орта ұйымдастырушы ретін де елестетіңіз.

Мария Монтессори осы әдістің негізін 100 жылдан астам уақыт бұрын салған. Бүгінгі әлемде, білім сағат сайын өзгеріп, деректер құм шамасындай чиптерде сақталатын заманда ақпарат емес, ой алдыңғы орынға шығады. Білім емес, әрекет маңызға ие болды. Біз ойланып әрекет жасайтын, жаңалықтар ашатын, ойлап шығаратын, құрастыратын және алдағы ғасыр алдыға қоятын проблемаларды шешетін келесі ұрпақты қалай тәрбиелей аламыз? Шынайы, іс жүзіндегі жұмыс қана сұрақтың жауабы болып табылады. Білім беру білім тарату және деректерді жалаң түрде жаттатудан баланың қолы мен миын жұмыс істететін, сын тұрғысынан және креативті ойлауды өмір жолына айналдыратын оқыту түріне көшу тиіс. Балалық шақтан бастап, жеткіншек шақ арқылы ересек өмірге дейін адамзат дамуының бәріне ортақ үрдістері бар. Егер бұл үрдістер білім беру базасын қалыптастыру үшін пайдаланылса, біз оқыту барысында табиғатпен үйлесімді жұмыс істей аламыз. Дұрыс орта қалыптасқан жағдайда үйрену, жұмыс пен тапсырманы орындау барысында ләззат алу адамзат табиғатына тән. «Өзін – өзі қалыптастыру» әрбір баланың міндеті екендігін түсініп, біз өзіміздің педагогтар ретіндегі ролімізді сәулет инженері кәсібіне ұқсастығын байқаймыз. Біз балалардың шығармашылығын, қиалы мен дербестігін ынталандыру барысында дағдылар мен білімдерін қалыптастыратын жоспарлар, материалдар, құралдар мен тәжірибелердің әрбір кезеңде әр бала үшін қолжетімділігін қамтамасыз етуіміз керек. Мен осы салада жұмыстанып жүргеніме 1 жыл болды. Осы бір жыл ішінде балалар жақсы нәтижеге жетуде. Білуге, үйренуге деген талпыныстары, өз – өзіне еңбек ету, бір – бірімен қарым – қатынас жақсарып. Бір ойыншыққа таласпай күте білуді, қоршаған ортаға деген қызығушылығы, өз ойларын ашық айтуға т.б қарым – қатынастарда жақсы нәтиже беруде.

2. Монтессори методикасы.

Монтессори әдісінің мақсаты:

- Балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу.
- Өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру.
- Балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Монтессори педагогтың міндеті:

- Балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу.
- Негізгі түстерді айыра білуге үйрету.
- Ұсақ моториканы дамыту.
- Алғашқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру.
- Зейінін тұрақтандыру.
- Тәртіпке үйрету.

Негізгі сабақ түрлері:

- Материалдармен жұмыстың жеке көрсетілімі.
- Топтық сабақ
- Жаңа ұғымдар туралы сабақ.

Монтессори 5 аймақтан тұрады:

1. Күнделікті өмір жаттығулар аймағы.
2. Сенсорика аймағы.
3. Математика аймағы.
4. Тіл аймағы
5. Ғарыш аймағы.

1. Күнделікті өмір жаттығулар аймағы:

Күнделікті өмір жаттығулар аймағы кішкентай балалар үшін ерекше маңызды. КӨЖ аймағында бала өзіне және өз заттарына қарауға көмектесетін материалдар орналасқан. Материалдар бала өзі

істейтін ісінің мақсатын айқын түсінген жағдайда таңдап алынады. Бала өзі киінуге (түйме, кнопка, сыдырма, жіпшелер, түйрегіштер, баулар, банттар, ілмектер сияқты заттар салынған рамкаларды пайдалана отырып) үйренеді. Ұқыпты бір нәрсені құюға, төгуге, ыдыс жууға, айна сүртуге, киім – кешек жууға, шын үтікпен оны үтіктеуге, салаттар жасауға, көкөністер тазалауға, кесуге, майдалауға, жаңғақ ашуға, аяқ киім тазалауға, бір жерден екінші жерге тасымалдауға өзіне – өзі қызмет етуге үйретеді.

2. Сенсорика аймағы:

Бұл аймақта бала қоршаған ортаны зерттеуде өзінің сезімдерін қолдана білуге үйренеді – осындағы материалдар арқылы өзінің көру сезімін (Түрлі түсті кестелер, көлемі мен пішінін ажыратуға арналған материалдар т.б). Сипап сезу сезімін (сипау үшін тақтайшалар, маталардың қиындыларының жиынтығы т.б). Иіс сезу (иістері бар жәшікшелер). Дәм сезу (дәм сезу банкашалары т.б). Есту сезіміне (шуылдайтын қорапшалар, музыкалық аспаптар т.б) жетілдіреді, сол сияқты температураны ажырату, заттардың салмағының айырмашылығын білу және есте сақтау қабілеттерін жаттықтырады.

3. Математика аймағы:

Сенсорлық материалмен жұмыс істеп, логикалық ойлауды үйренген соң бала еш қиындықсыз өзіне таныс ұғымдарды математикалық терминдерге айналдыра бастайды. Оның үстіне математиканы үйрену табиғи жүріп отырады: себебі бала жай ғана математикамен ұласатын дайындалған ортада өмір сүреді. Математикалық дамыту аймағы бала санауды, қосу мен азайтуды, көбейту мен бөлуді, түбірге алу, мағыналы сандармен жұмыс істеу үшін барлық керекті материалдардан тұрады.

4. Тіл аймағы:

Балаға тілді алып жүруші ретінде тілді дамытуға арналған (онсыз толыққанды интеллектуалды өсу мүмкін емес болғандықтан) тиісті материалдар қажет. Берілген аймақта жазуға моторлық (қимылдық) дайындық, фонетикалық естудің дамуы, жазу мен оқуға үйрету, т.б қарастырылады. Бұл жерде бала өзінің қорын кеңейтуге, әріптермен танысуға, саусағымен қиынырақ әріптерді салуға, манна жармасына сурет салуға, сондай – ақ жылжымалы алфавит арқылы сөздерді қоюға үйрене ді.

5. Ғарыш аймағы:

Жұмыс баланы қоршаған ортамен байланыстырады. Ғарыш аймағындабалалар жер бедері, жер шары, әлем бойынша елдерді, олардың мәдениеті мен дәстүрін, өлі және тірі табиғатты, табиғат құбылыстарын, жануарлар мен өсімдіктерді, биологиялық, географиялық, физикалық, химиялық түсініктерін толық алады. Бұл аймақта балалар тереңдетіле түсінік алады.

Балалар жұмыс істегісі келетін аймақ пен нақты Монтессори – материалды өзі таңдайды. Ол жалғыз өзі немесе басқа баламен жұмыс істегісі келе ме, оны да өзі таңдайды. Бала өзінің қарқынында жұмыс істейді. Монтессори баланың шынайы заттармен айналысуын «жұмыс» деп атайды, ал біз «ойын» деп санағанға үйреніп қалғанбыз.

Балабақшада М.Монтессори сенсорлық тәрбие жүйесіне бала дамуының ерекшелігі ретінде бұлшық еттің дамуы мен көру, есту, сезгіштікті жатқызады. М.Монтессоридың материалдары дамудың сенсорлық қабілеттеріне бағытталған.Біздің балабақшада М.Монтессоритехнологиясы тереңдете игерілуде. Оны дамыту жолдарында әртүрлі заттардан жасалған көрнекіліктерді қолдану арқылы балалардың ой өрісін дамыту жұмыстары жүргізілуде. Атап айтсақ балалардың моторикасын дамыту есебінде, түймелерден жасалған ағаштар, жемістер, көкөністерді көп қолданамыз.Пластикадан жасалған әртүрлі музыкалық аспаптар арқылы балалардың өнерге деген, шығармашылыққа деген қызығушылықтарын арттыруға арналған жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатарфетрден жасалған математикалық кітапшалармен жұмыс жасау арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамытамыз.

Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына топта да, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады.

Қорытынды:

Монтессори – педагог М.Монтессори технологиясының теориясын меңгереді, тәжірибеде жүзеге асыруға ықпал етеді;

Монтессори - педагог баланың дамуына бағытталған заттық-кеңістік ортаны жасайды;

Ата - анамен байланысты нығайтады;

Баланың өздігінен еркін дамуға ықпал етеді;

Педагог тәрбиешілердің жаңа технологияны меңгеру арқылы кәсіби құзіреттіліктері қалыптасады.

Балалар өздеріне қызмет етуді, еркін қозғалуын, материалдармен ұзақ уақыт жұмыс жасауға, таңдау жасауға, өздігінен шешім қабылдауға, өз – өзіне деген сенімге, өз ойын ашық айта алуға, жеке жұмыс жасауға, бір – бірін сыйлауға, достық қарым – қатынасқа, өзін жеке тұлға ретінде дамытады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Р. Тамм, М. Дорки, В. Амен. «Мазасыздық сынағы»
2. Н.Л. Кряжева. Развитие эмоционального мира детей., - М.1996.

УДК 371.3

Ж.АЙМАУЫТҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Тлеулина А.А., Алмағанбетова Л.Ә., "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні мұғалімдері
"М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

Тәрбиенің негізгі мақсаты мінезді түзеу,
адамшылыққа қызмет ету,
адал еңбек ете білуге тәрбиелеу.
Ж.Аймауытұлы

Ж.Аймауытов - ағартушы, қоғам қайраткері, жазушы, романшы, ақын, аудармашы, сонымен қатар оны шын мәнінде қазақ педагогикасының негізін салушылардың бірі деп атауға болады.

Ж.Аймауытов қазақ психология терминологиясын құру ісіне елеулі үлес қосты. Ағартушының қазақ әдебиеті мен лингвистикасының әртүрлі қырларын этнопсихологиялық тұрғыдан түсіндіруі ерекше маңызды. Дау жоқ, Ж.Аймауытов жастарды оқыту мен тәрбиелеу, оның ішінде адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін айналып өткен жоқ. Мәселен, Ж.Аймауытовтың «Тәрбие» атты еңбегі, біздің көзқарасымыз бойынша, бәрінен бұрын, адам тұлғасының адамгершілік бет-бейнесін қалыптастыру мәселелеріне арналған.

Ертедегі Грекия мен Ертедегі Римдегі тәрбиенің ерекшеліктерін сипаттау, ертедегі грек ғалымдары мен философтары Сократ пен Аристотельдің және басқаларының педагогикалық ойларына, сондай-ақ Я.А.Коменский, Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоццо сынды дүниежүзілік педагогика классиктерінің педагогикалық мұрасына талдау жасау негізінде, Ж.Аймауытов адам тұлғасын қалыптастырудың және, бәрінен бұрын, оның адамгершілік рухында жетілуінің жетекші факторы - тәрбие екені туралы өте әділетті қорытындығы келеді: «Адам, былайша айтқанда, барлығында да жетілуге жеткен сияқты: құс сияқты ұшады, балықша жүзеді, алыс қашықтықтарды жақындатады, табиғаттың тылсым жұмбақтарын ашады. Бірақ сонымен бірге жыртқыш аңның өшпенділігімен бірбірлерін өлтіреді. Неге? Мәселе мынада: адам әлі күнге дейін тәрбиенің құлына айналған жоқ, табиғаттың, яғни өзінің жабайы түйсіктерінің құлы болып қалып отыр. Олай болса, оған айқын ақыл қайдан келсін, бүкіл қоғам да, адамдар да қайдан тәрбиелі болсын» [1.290].

Біздің ойымызша, Ж.Аймауытовтың «Тәрбие» еңбегіндегі оның тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері, мазмұны туралы ой-пікірлері ерекше құнды, себебі солар арқылы ғалым төмендегідей даусыз қорытындыларға келеді.

Тәрбие ісінде балаларға туған өлкені, Отанды, халық дәстүрлері мен салттарын сүю сезімін дарыта отырып, Ж.Аймауытов адамның өз ұлты аясында шектеліп қалмауға тиістігін айтады, өйткені «ұлттық шеңберде тұйықталып қалған адам өз ұлтына қатысты мәселеде зорлық-зомбылық көрсете де, қан төге де алады. Ұлтшылдықтың салдары - бақталастық, дау-жанжал, кескілескен ұрыс. Бұл - асқан өзімшілдікпен өзін ғана жақсы көру: өзімшіл адамның жаны дарқан бола алмайды, ал жаны кең емес адам көбінесе қаскөй, зиянкес болып шығады. Өмір адамдардың тұйықталып кетуіне жол бермейді. Ал ұлтшыл болу адамдық қасиет емес» [2. 290].

«Өмір - ол еңбек, бірақ еңбектің де әртүрлі мақсаттары болады. Демек, адамға лайық өмір сүру үшін, адамға тән істер істеген жөн. Ал адамға тән істер істеу үшін, тиісті мақсат болуы керек. Ал бұл мақсаттың мәні мен мағынасында жақсылық жатуға тиіс. Бұл жақсылық әлдебір қиялда шарықтап жүрмей, нақты істе жүзеге асуы, бір адам үшін ғана емес, жалпы, айналадағылардың барлығы үшін жасалуы қажет».

Тәрбиенің міндеті, Ж.Аймауытовтың пікірінше, «жақсы қасиеттерді анықтап дамытуға, ал теріс қасиеттерді жоюға бағытталуға тиіс».

Сөйтіп, Адамның қандай болуға тиістігі туралы сұраққа жауап бере отырып, Ж.Аймауытов жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтар жайында айтады. Тәрбиенің маңызды әдістерінің бірі деп

Ж.Аймауытов үлгі көрсету әдісін санайды, сондықтан «тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуға тиіс». Бала тұлғасын қалыптастыру үшін, тәрбиеден өзге, ғалымның ойынша, тұқымқуалаушылық пен ортаның да әсері аз емес.

«Медреседен және ата-анадан өзге, балаға басқа да факторлар әсер етеді. Ол - оның бойында туа бітті пайда болған жеке қасиеттер, қоршаған орта, замандастары, олардың діни сенім-нанымы, тілі және көптеген басқа нәрселер».

Сонымен, «Тәрбие» еңбегінде Ж.Аймауытов тәрбие жайындағы ғылымға өте көп көңіл бөлу қажеттігін айтады, өйткені ол ғылымның нысаны - баланың «жаны» мен «ақылы»; ал егер саналы және тәрбиелі адамдардың саны өссе, онда Отанның саналы қорғаушылары көбейе түседі.

Ж.Аймауытов пайдалы әдеттер қалыптастыру шарттарын ашып көрсетеді, сонымен бірге адамның тұлға болып қалыптасуы үшін пайдалы әдеттердің маңызды екенін де айтады: «Ешқандай жақсылық қолға өзінен-өзі келіп түспейді. Ерлік, күш және мақсат үлкен істе ғана емес, сонымен бірге күнделікті ұсақ іс-әрекеттерде, бірақ пайдалылығы жағынан гөрі, қиындығына және әдетке байланысты көрінуге тиіс. Оның үстіне, ондай адам үлкен де маңызды істе қателікке және жүрдім-бардым әрекетке жол бермейді... Табиғатынан ширақ, белсенді, тіпті елеусіз істі де жанын сала істейтін адам болашағы үшін қам жемесе де болады...» [2.289].

Қорытындылай келе, Жаһандану заманында, ақпараттық технологиялар ағымында тәрбие жұмысының мазмұны да ұлттық құндылықтарға, ұлттық психологияға сай құрылуы тиіс. Сонда ұлттық санамен тәрбиеленген ұрпақ қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бабаев С.Б. Жалпы педагогика : Оқулық / С. Б. Бабаев. - Алматы : ССК , 2018
2. Антология педагогической мысли Казахстана /Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. - 512 с

УДК 371.3

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКАСЫ

Айтжанова Г.А., Байғозы К.Ж., "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні мұғалімдері
"М.Ғабдуллин атындағы 70 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

Жүз жыл бұрын осыдан
Ыбырай атты жас ұлан
Дүниенің көріп жарығын
Дария боп, сел боп тасыған.
Қараңғы елдің қамқоры
Болып шықты жасынан.
Надандық деген малғұнды
Көп желкеден түйгіштеп,
Сүйреді төрдің басынан.
Халқының көзін ашам деп,
Ғылымның жолын ойлады.
...Қауырсын қалам қолға алып,
Бір жазбады, жүз жазды.

Ыбырай Алтынсариннің немересі Мәриям Хакімжанованың осы қанатты өлең жолдарында адамның, бәрінен бұрын, адамгершілігі жоғары адамның, ұлы ағартушының, ойшылдың, қоғам қайраткерінің, талантты ақынның, ғалымның, әлбетте, тамаша **жаңашыл педагогтің** көпқырлы таланты ғажап, көркем тілмен бейнеленген.

Ы.Алтынсариннің шығармашылық мұрасы туралы, білетініміздей, бүгінгі таңда ғалымдар, педагог мамандар, әдебиеттанушылар, тарихшылар, философтар (Т.Тәжібаев, К.Біржанов, К.Б.Бейсембиев, А.Ситдықов, Ә.Дербісалин, М.Фетисов, Б.Сүлейменов, К.Бекмаханов, А.И.Сембаев, Г.М.Храпченков және басқалары) іргелі еңбектер жазған. Зерттеушілердің әрқайсысы оның адамгершілік - этикалық көзқарастарын арнайы баяндауды мақсат етпегенмен, белгілі бір дәрежеде ағартушы-демократ шығармашылығындағы тәрбие мен адамгершілік мәселелерін қозғаған. А.Оразбековтің «Ыбырай Алтынсариннің этикалық көзқарастары» (1974 ж.), «Қазақстандағы этикалық

ой» (1982 ж.) еңбектерінде ұлы ойшылдың адамгершілік этикалық ұстанымдарын бір жүйеге келтіру әрекеті байқалады.

Жалпыадамзаттық адамгершілік - ол барлық уақыттарда әрбір ойшыл адамды, әсіресе адамгершілік мәселелерін, тұтас ұрпақтың, халықтың тағдырларын шешу үшін маңызды мәселелерді күн тәртібіне қойып, шешуге ұмтылатын барлық ойшылдарды толғандырған және қазірде өткір толғандыратын іс болып отыр.

Бұның жарқын мысалы ретінде, білім берудің басқа мәселелерімен қатар, арнайы терең зерттеулерді әлі де күтіп жатқан мектеп пен отбасында тәрбие берудің адамгершілік негіздерін жасап шыққан Ы.Алтынсариннің педагогикалық ерлігін айта аламыз. Ы.Алтынсарин шығармаларында этика мәселелері елеулі орын алады. Адамгершіліктің маңызы, адамның өмір сүруі мен бақытты болуының мағынасы, мінезқұлық пен қарым-қатынастардың адамгершілік қырлары жайындағы ойлары мен толғаныстары Ыбырай Алтынсариннің, жоғарыда айтылғандай, бәрінен бұрын, педагогикалық этикасының басты мәнін құрайды, өйткені ол адамгершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеу туралы ойлармен қаныққан. Сонымен қатар Ы.Алтынсариннің педагогикалық этикасының халықтық этика екенін тағы бір рет атап өтуіміз керек, себебі ол қазақтардың халық ауыз әдебиеті мен шығармашылығынан туған.

Мысалы, оның танымал «Қазақ хрестоматиясында» ертегілерге, хикаяларға, өнегеге үйрететін шағын мақалаларға, әлбетте, қазақтың шынайы адамгершілік-этикалық, тәрбиелік мазмұны бар - жас жеткіншектердің: қоршаған дүниеге, өмірге, адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарына қатысты дұрыс көзқарас қалыптастыруына ықпал ете алатын мақал-мәтелдеріне көп орын берілген. Солардың төменде келтірілген біразы бүгінгі күні де этиканың: еңбектегі, қарым-қатынастардағы, мінез-құлықтардағы адамгершілік ережелерінің жиынтығы ретінде пайдалы болуы мүмкін.

1. «Бейнетсіз рақат жоқ».
2. «Ерте тұрған еркектің бір ісі артық».
3. «Ойнақтаған бала от басар».
4. «Өзі құлаған бала жыламас».
5. «Ұят өлімнен күшті».
6. «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың».
7. «Жалғыз жүрген жол таппас».
8. «Көрмес түйені де көрмес».

Білім мен тәрбие, Алтынсариннің пікірінше, төмендегі өсиеттерде баяндалған адамгершілік негіздерін құрайды:

- тұрақты қамқорлық пен дұрыс тәрбие ғана баланың бойында ең жақсы адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады;

- жақсы тәрбие алған бала кейін де ізгілікті адам болып қала береді;

- өнеге-мінезді жетілдірудің басты шарты

- бұқара халық арасында сауаттылық пен ғылыми білімдерді кең тарату;

- барлық адамдар туғаннан тең және білім алуда да тең құқылы, яғни барлық балалар оқуға тиіс:

Бір құдайға сиынып,

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар [1.51].

Ы.Алтынсариннің осы және төменде келтірілген адамгершілік-этикалық өсиеттері бұрынғыдай өзекті естіледі.

Еңбекке және еңбексүйгіштікке үндеу - Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясының» барша мазмұнының негізі. Автор әрдайым балалардың санасына «...еңбек етпейтін бірде-бір тірі жан жоқ...», «Еңбек етуге үйрену керек, өйткені өзінді еңбегіңмен асырайсың», ал «Еңбекпен табылған нан әлдеқайда дәмді және құнарлы, еңбекте табандылық пен ерік-жігер керек» екенін сіңірумен болған. Еңбек тақырыбы оның «Сәтемір хан», «Жомарт адам», «Қалай етсең дүние табылады», «Әке мен бала», «Бақша ағаштары» атты әңгімелерінде ерекше айқын көрінеді. «Қыпшақ Сейітқұл» атты әңгімесінде егіншіліктің пайдасы жайында айтылады. Сонымен қатар Ы.Алтынсарин байлардың кедейлерді қанап, тонауына қарсы шығады:

Азған елдің байлары –

Тақ үстінде отырғандары.
Жарлыданалыпбайларға
Сыйлар берсе керек-ті [2.80].

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» адамгершілікке, адалдық пен шыншылдыққа, қарапайымдылық пен әділеттілікке, ынталылыққа, жеке бастың тазалығына үндейді; молдаларға, надандарға, ұры-қарылар мен паракорларға, мылжындар мен өтірікшілерге қарсы күресуге шақырады.

«Бақша ағаштары» деген әңгімесінде тік бой түзеп өскен ағаш - жақсы күтімнің, ал қисық өскен ағаш нашар күтімнің нәтижесі екенін айта келе, әкесі баласына: «Бақша ағаштарын бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, қарағым... Сен де өзіне ғибрат алсаң болады. Сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисыз өсерсің...» - деп ақыл айтады [2.15].

«Адамгершілік тәрбиенің басты құралдары, - дейтін Ы.Алтынсарин өне бойы, - ата-аналардың, ұстаздардың және ересектердің еңбегі мен көрсететін үлгісі:

- балалардың бойында еңбекқорлықты тәрбиелеу - арамтамақтық пен жалқаулыққа қарсы күресудің басты құралы;
- адам бақытының шынайы мағынасы - адал еңбекте; өзіне:

«Мен өзімнің адал еңбегіммен өмір сүремін», - дей алатын адам бақытты;

- топас балалар жоқ, керісінше, оларға сара ақыл мен білім сіңіре алмайтын ата-аналар мен мұғалімдер бар;
- оқушы - ол соған қарап мұғалім өзінің бетін көретін айна;
- балаларды жақсы көру - олардың болашағы үшін қам жеу, оларға оқу материалын түсінікті және мағыналы етіп жеткізе білу, сенім арқылы жақсы адамгершілік сіңіру;
- отаншылдық пен адамгершілік - жоғары өнегелі, білімді адамның маңызды қасиеттері;
- жалпыадамзаттық мәдениет - тұлғаның жалпы дамуы мен адамгершілігінің негізі...
- жаның мен тәніңді бұлақтай таза ұста, жаныңды жалпақ әлемге аша берме...

Қорытындылай келе, Ы.Алтынсариннің педагогикасы мен педагогикалық этикасы және, әлбетте, ұлы ағартушының жеке тұлғасының өзі бүгінгі таңда бізге өзгеше етене жақын, әрі қазіргі білім беру ісінің көкейтесті міндеттерін шешу үшін де, қоғамның рухани-адамгершілік жаңғыруы үшін де өте қажет мөлдір бұлақ ретінде танылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Алтынсарин И. Собр. соч. в трех томах. Т.1 - Алма-Ата: Наука, 1975. - 359 с
2. Алметов Н.Ш. Педагогика :оқуқұралы / Н. Ш. Алметов. - Алматы : Эпиграф, 2017
3. Бабаев С.Б. Жалпы педагогика : Оқулық / С. Б. Бабаев. - Алматы : ССК , 2018

ӘОЖ: 37.015.3

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ІСКЕРЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЗАМАНУИ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

П.М.Махашова

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті Тараз қ.,

А.Қ.Үсен

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті Тараз қ.,
6B011014 курс білім беру бағдарламасының студенті

Заман талабына сай біліммен, кәсіби іскерлік қасиеттермен қаруланған ой-өрісі жоғары, шығармашыл, жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Кәсіби педагог-психолог тәжірибе жинап, жан-жақты дами отырып, білім алушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра білуі қажет.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған Жолдауында ЖОО білікті мамандарды даярлау, педагогтардың біліктілігін арттыру және әлеуметтік мәселесін көтеру қажет екендігін атап өтті.

«Білім мен ғылым табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет, сондықтан ұстаздар қауымына, зор жауапкершілік жүктелді[1]. Сондай-ақ балалардың әлеуметтік дағдылары мен эмоциялық интеллектісін дамытуға педагогтар және

педагог-психолог қауымы үлкен ықпал етеді. Сол себепті жоғары атқа лайық болу үшін мұғалімдер әрдайым кәсіби тұрғыдан дамып, өзгерістерге дайын болуға тиіс. Осы негізде кәсіби іскерлік қасиеттерді қалыптастыруда заманауи әдістерді қолданудың маңызы зор. Болашақ педагог-психологтың кәсіби іскерлік қасиеттерін қалыптастыру тақырыбы қазіргі білім беру жүйесі үшін өте маңызды. Педагогтар мен психологтарға қойылатын заманауи талаптар тек теориялық білімнің жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас, стресске төзімділік, өзін-өзі көрсету қабілеті және т.б. сияқты дамыған кәсіби және жеке құзыреттерді қамтиды. Бұл мақалада біз осындай қасиеттерді қалыптастырудың заманауи әдістерін, сондай-ақ осы саладағы зерттеулерді қарастырамыз.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби қасиеттерін қалыптастыру оларды дайындаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі білім беру жүйесінде ұжымда жұмыс істеу, шешім қабылдау, жанжалдарды басқару және эмоционалды тұрақтылықтың жоғары деңгейін сақтау сияқты академиялық білімді де, іскерлік және кәсіби қасиеттерді де дамытуды көздейтін кешенді тәсіл маңызды.

Қазіргі еңбек нарығында мамандардан тек кәсіби біліктілік қана емес, сонымен бірге ұжымдық жұмыс, коммуникативті қабілеттер, көшбасшылық қасиеттер сияқты жұмсақ дағдыларды да игеру талап етіледі. Кәсіпті игеру барысында адам кәсіби ортаға тереңірек еніп, өз саласында білікті маман болуға ұмтылады. Алайда, кәсіби қызметті тұрақтандыру көбінесе адамның қоршаған ортаға және өзіне деген көзқарасының өзгеруіне алып келеді.

Бұл өзгерістер адамның кәсіби және тұлғалық дамуына әсер етеді. Кәсіби қызмет барысында жаңа дағдыларды игеру, тәжірибені арттыру және өз саласында жетекші орынға ие болу үшін үздіксіз оқу және өзін-өзі жетілдіру маңызды рөл атқарады. Жаңа технологиялар мен әдіснамалар пайда болған сайын, мамандар заман талабына сай болу үшін кәсіби біліктілігін жаңартып отыруы керек. Кәсіби дамуға адамның эмоциялық және психологиялық тұрақтылығы да әсер етеді. Жұмыс орнында қиындықтар мен стресстік жағдайлармен дұрыс күресу, өмірлік балансты сақтау, мақсат қою және оған жету жолдарын анықтау — табысты мансап жолының маңызды аспектілері болып табылады.

Кәсіби қасиеттерді қалыптастыруда жобалық қызмет маңызды рөл атқарады. Бұл қызмет педагогтар мен психологтарды даярлаудың оқу бағдарламаларында белсенді қолдану арқылы шығармашылық ойлауды, көшбасшылық қабілеттерді және командалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Зерттеулер пәнаралық жобаларға қатысу студенттердің кәсіби қабілеттеріне деген сенімділігін арттыратынын көрсетеді[2,45-56].

Оқу үрдісінде студенттердің кәсіби қабілеттерін дамытуда әр-түрлі әдістердің атқаратын орны ерекше. Атап айтқанда;

Кейстер мен модельдеу әдістері:

Кейс-әдістер мен симуляциялық тәжірибелерді қолдану болашақ педагог-психологтарды даярлаудың тиімді құралы болып табылады. Олар маман кәсіби қызметте кездесетін нақты жағдайларды модельдейді, бұл белгісіздік жағдайында талдау, проблемаларды шешу және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Зерттеулер кейстік оқыту сессияларына қатысатын студенттердің болашақта нақты стресстік жағдайлармен жақсы күресетінін растайды[3, 34 б].

Жеке өсу және эмоцияларды басқару тренингтері:

Эмоцияны басқару және эмпатия және эмоционалды тұрақтылық сияқты жеке қасиеттерді дамыту Болашақ психологтарды дайындаудың негізгі аспектілері болып табылады. Когнитивті-мінез-құлық терапиясының әдістеріне негізделген жеке өсу тренингтері мен тәжірибелері эмоционалды өзін-өзі реттеуді дамытуға көмектеседі, бұл білім беру психологиясындағы зерттеулермен расталады[4, 78 б].

Кәсіби қасиеттерді қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі-студенттерге тәжірибелі мамандардан кері байланыс алуға мүмкіндік беретін қадағалау. Тәлімгерлік кәсіби қызметтің қырларын жақсы түсінуге, интроспекция мен сыни ойлауды дамытуға көмектеседі. Зерттеулер көрсеткендей, тәлімгерлермен жұмыс істейтін студенттер кәсіби мәселелерді өз бетінше шешу дағдыларын тезірек дамытады [5, 22 б].

Педагог-психологтарды даярлау саласындағы зерттеулерге сүйенсек;

педагог-психологтарды дайындауда тәжірибеге бағытталған әдістердің маңыздылығын растайды. Мысалы, Ломованың зерттеуі практикалық сабақтарды теориялық дайындықпен біріктіру студенттердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айтарлықтай арттыратынын көрсетсе, Иванов пен әріптестердің зерттеуі кейстер мен модельдеу сияқты белсенді оқыту әдістерін қолдану студенттердің күрделі кәсіби мәселелерді шешуге дайындығын арттыратынын растады[6,91б].

Дайындықтағы пәнаралық тәсілдің рөлі де маңызды. Шевцованың зерттеуі студенттердің Педагогика және Психология және басқа ғылымдардың тоғысындағы жобаларға қатысуы болашақ

кәсіби қызмет үшін қажет тұлғааралық коммуникациялар мен психологиялық процестерді тереңірек түсінуге ықпал ететінін көрсетті [7,6 б б].

Болашақ мамандар жұмысқа кірісе отырып, іс-әрекеттің жаңа түрін орындай бастайды. Болашақ педагог-психологтың жоғары оқу орнынан кейінгі әс-әрекетінің басты түрлеріне бейімділік, танымдық, кәсіби-педагогикалық қызметтерін жүзеге асырады. Болашақ маманның бейімділік әрекетінің мазмұны оның жұмыс жасайтын орнының демографиялық, этникалық ортасымен танысуынан, педагогикалық ұжымның салтымен, сол жердегі ішкі тәртібімен танысуы қажет.

Педагог-психологтардың кәсіби іскерлік қасиеттерін қалыптастыру әдістерін зерттеуді жалғастырамыз, осы саладағы заманауи тәсілдер мен соңғы зерттеулердің тізімін кеңейтеміз.

Кәсіби қасиеттерді қалыптастырудың қосымша әдістері:

- Бірлескен оқыту – бұл студенттердің проблемаларды шешу бойынша бірлескен жұмысына негізделген, мұнда әрбір қатысушы процеске белсенді қатысады. Бұл әдіс командалық дағдыларды ғана емес, сонымен бірге нәтижеге жауапкершілікті де дамытады, әсіресе ұжымдармен жұмыс істейтін болашақ педагог-психологтар үшін өте маңызды. Плотниковадың зерттеуі бірлескен жобаларға қатысатын студенттердің жұмыс жағдайларына тезірек бейімделетінін және тәжірибе барысында ұжымдық тапсырмаларды жақсы орындайтынын көрсетті.

- Рефлексия және өзін-өзі бағалау – бұл өзін-өзі көрсету және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту студенттерге кәсіби қызметтегі өз жетістіктері мен қиындықтарын түсінуге көмектеседі. Тұрақты рефлексиялық күнделіктер немесе эсселер олардың әрекеттерін терең түсінуге және мінез-құлықты реттеуге ықпал етеді. Лебедеваның зерттеулері рефлексиямен айналысатын студенттер өздерінің әлсіз және күшті жақтарын жақсы білетіндігін растайды, бұл олардың кәсіби өсуін тездетеді.

- Кері байланыс технологиялары – бұл кәсіби дамудың маңызды элементі-кері байланыс алу және ұсыну. Кейінгі талдаумен практикалық сабақтардың бейнежазбасы сияқты технологияларды пайдалану болашақ педагог-психологтарға балалармен немесе ересектермен жұмыс жасаудағы қателіктері мен күшті жақтарын көруге көмектеседі. Беляеваның зерттеуі тәжірибелі оқытушылардың қатысуымен түсірілген бейнежазбаларды талдау кәсіби стандарттарды тереңірек түсінуге және олардың қызметіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ететінін анықтады.

- Оқытудың интерактивті әдістері (e-learning) – бұл электрондық білім беру технологияларын енгізу педагог-психологтарды даярлауда белсенді қолданылады. Онлайн курстарды, вебинарларды және интерактивті тренажерлерді пайдалану білім беру ресурстарына қолжетімділікті арттырады және студенттерге кәсіби дағдыларын ыңғайлы форматта жетілдіруге көмектеседі. Захарованың зерттеуі электрондық оқыту платформаларын пайдаланатын студенттер Кәсіби құзыреттілік сынақтарында жоғары нәтиже көрсететінін атап өтті.

Оқытуда заманауи технологияларды қолдану саласындағы зерттеулерге тоқталайық;

Қазіргі таңда заманауи білім беру технологияларын қолдану тақырыбы педагогикалық дайындықта өзекті бола түсуде. Мысалы, Петрованың зерттеуі оқу процесіне мультимедиялық технологияларды енгізу студенттердің қатысу деңгейін айтарлықтай арттыратынын және теориялық материалды тиімдірек игеруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Михайловтың жұмысы сияқты басқа зерттеулер студенттердің икемді және бейімделгіш кәсіби қасиеттерін дамытуға ықпал ететін онлайн және офлайн форматтарды біріктіретін аралас оқытуды (аралас оқыту) пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді.

Цифрлық технологиялардың эмоционалды құзыреттіліктің дамуына әсерін зерттеуге ерекше назар аудару керек. Сонымен, Семеновтың зерттеуі виртуалды шындық пен модельдеу бағдарламаларын қолдану болашақ педагог-психологтарға әртүрлі кәсіби жағдайларда эмоцияларды тану және басқару дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

Болашақ педагог-психологтарды даярлаудың маңызды кезеңі олардың тағылымдамалар мен практикалар шеңберінде нақты білім беру және психологиялық жобаларға қатысуы болып табылады. Бұл студенттерге өз білімдері мен дағдыларын нақты жағдайда қолдануға, кәсіби ортаның ерекшеліктеріне бейімделуге, жанжалды жағдайларды шешуге үйренуге мүмкіндік береді. Кузнецованың зерттеуі ұзақ мерзімді тағылымдамадан өткен студенттер кәсіби дайындық пен өз қабілеттеріне деген сенімділіктің жоғары деңгейін қарастырған [8, 89 б].

Конференцияларға, дөңгелек үстелдерге және семинарларға қатысу арқылы студенттерді кәсіби қауымдастықтарға қосу олардың маңызды кәсіби байланыстарын қалыптастыруға және ой-өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Волкованың зерттеулері мұндай іс-шараларға қатысу Кәсіби сәйкестендіру мен белсенділік деңгейін жоғарылататынын растайды, бұл кәсіби қоғамдастыққа жақсы интеграцияға ықпал етеді.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби іскерлік қасиеттерін қалыптастыру – бұл әртүрлі әдістер мен технологияларды қолдануды қажет ететін күрделі және көп қырлы процесс. Бірлескен оқыту, өзін-өзі бағалау, қадағалау және кері байланыс технологияларын пайдалану сияқты заманауи тәсілдер табысты кәсіби қызмет үшін қажетті сапаларды дамытуға жол ашады. Осы саладағы зерттеулер осы әдістердің тиімділігін растайды және оларды педагог-психологтарды даярлаудың білім беру бағдарламаларына біріктіру қажеттілігін көрсетеді. Зерттеулер көрсеткендей, заманауи оқыту әдістерін қолдану кәсіби дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар эмоционалды тұрақтылық пен сыни ойлау сияқты жеке қасиеттерге бағыттайды. Қорытындылай келе болашақ маманның бойына өз кәсібін жетік меңгерген қабілетті креативті тұлға қалыптастыру заман талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауына жолдауы.
2. Болашақ педагог-психологтарды даярлаудағы жобалау қызметі. Білім беру психологиясы, Ковалева А.В., 2020 ж., 12 (4), 45-56 б.
3. Педагог-психологтарды оқытудағы кейс-әдістердің тиімділігі. Қазіргі педагогика, Сидорова Е.В., 2019 ж., 9 (2), 34-41б.
4. Мұғалімдерді даярлаудағы эмоционалды өзін-өзі реттеу тренингтері. Психология және педагогика, Медведева М.А., 2018 Ж., 15 (3), 78-86.
5. Мұғалімдердің кәсіби қасиеттерін қалыптастырудағы тәлімгерліктің рөлі. Психология және Педагогика хабаршысы, Баранов И.П., 2021 ж., 7 (1), 22-29 б.
6. Педагогтарды оқытуда практика мен теорияны интеграциялау. Психологиялық ғылым және білім, Ломова Ю.С., 2022 ж., 17 (2), 91-103 б.
7. Педагог-психологтарды даярлаудағы пәнаралық тәсіл. Педагогикалық институттың ғылыми еңбектері, Шевцова А.Н., 2019 ж., 10 (3), 66-74 б.
8. Педагогтарды даярлаудағы тағылымдамалардың рөлі. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер, Кузнецова А.Н., 2020 ж., 12 (1), 89-95 б.

ӘОЖ: 37.015.3

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫ

Смагулова М.Б. - тарих пәнінің мұғалімі

Калдыбаева А.Б.- информатика пәнінің мұғалімі

“М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп”КММ

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

Жаңартылған мектеп форматы Мектептердің форматы біртіндеп өзгерді, цифрлық орта ұйымдастырылды. Қазақстанда бұлтты жүйелер (электронды күнделіктер), интерактивті мазмұны бар электронды тақталар, компьютерлер мен планшеттер қолданылады. Мектептерде жоғары жылдамдықты Интернетке қол жетімділік пайда болды. Барған сайын сабақ және сабақ жоспары ақпараттық технологияларға негізделген интерактивті және цифрлық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін қамтып отыр

Цифрлы технологияның біздің өмірімізге етене араласып кеткені сонша, бүгінде бұл технология қоғамдық салалардың сан алуан бағытында қолданылып жүр. Қазіргі таңдағы білім мен ғылымның дамуы түрлі қоғамдық өзгерістердің туындауына әкеліп жатыр. Соның ішінде білім беру саласында осы бағытта түрлі шаралар жасалуда.

Бүгінгі күні цифрлы оқыту технологияларын қолдану аса маңызды болып саналып жүр. Бұл үшін еліміздің білім беру саласында бірқатар реформалар жүргізіліп, сабақты оқушылар үшін аса қызықты әрі пайдалы өткізу жолдары қарастырылып, өз кезегінде нәтижесін де беріп жүр.

Адамға білім беру процесі ең алғаш бастауыш сыныптарда берілетіні белгілі. Жалпыбастауыш сынып баланың білім мен тәрбиені бойына барынша жинап, тұлғалық дамуына ерекше жағдай жасайтын кезең. Алғашқы білімнің іргетасы қаланатын тұстардың түйісетін уақыты да бастауыш сынып болмақ. Міне, бүгінгі цифрлы оқыту жүйесінде бастауыш сыныптағы оқыту процесін дамыту арқылы елдің өркендеу мәселесін көздейді.

Бір кездері дамытушы ойыншықтар мен проекциялық аппараттарды инновациялық технология ретінде қолданған мен үшін ақпараттық технологияларды меңгеріп, пайдаланудың пайдасы зор болды. Бірінші кезекте өзімнің материалдық базамды толықтырдым, екінші кезекте уақыт үнемдей алдым.

Ақпараттық технологиялар дамыған сайын, білім беру жүйесіне де түрлі өзгерістер енуде. Жалпы, педагогика цифрлы оқыту технологияларымен тығыз байланысты. Олардың дамуына орай, педагогикалық орта мен әдіс-тәсілдер де өзгереді. Бүгінде цифрлы технологиялардың алуантүрлілігі білім арудың сапасын көтеріп қана қоймай, білім арудың жаңа тәсілдерін құруға да мүмкіндік беріп отыр. Және де ұстаз пен оқушының арасындағы қарымқатынастардың жаңаша түрін қалыптастыра бастады.

Түрлі технологиялар көп-ақ, дейтұрғанмен олардың арасынан қажеттілігін ғана таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – менің басты талаптарымның бірі. Мәселе, технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Сол себепті де сабақ барысында барысында көрнекілік әдістер мен техникалық құралдарды қолданамын.

Жалпы, сабақ барысында жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан-жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді. Сондай-ақ, жаңа ақпараттар легі көбейіп оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Мәселен, сабақ барысында қолданатын электрондық оқулықтардың артықшылықтарын айтып өтейін. Аталмыш оқулықты пайдалану барысында оқушы бұрын алған білімін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды.

Цифрлық технологиялардың жедел дамуы салдарынан бүгінде ақпараттар ағымы өте көп. Тіпті, санынан адам жаңылады. Осыған байланысты педагогтерге артылар жүкте артты. Мәселен, педагог – ақпараттық мәдениеті жоғары, кез-келген технологияларды меңгерген болуы шарт. Бұл мәселеге мен де бей-жай қарамаймын. Өз тәжірибемде мультимедиялық технологияларды көбірек қолданып, оқушыларға ғаламтордан тақырыптық бейнекөріністер көрсетемін. Компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін толық пайдаланып, оқушыларға талдау жұмыстарын жасатамын. Олардың терең де тиянақты білім алуларын қамтамасыз етемін. Графикалық материалдар мен презентациялық слайдттар жасау арқылы, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, танымдық және есте сақтауын қалыптастыруға әрекет етемін. Оларға сұрақ қоя отырып, өздерінің көргендерінен ой-пікірлерін сұрауды да ұмытпаймын. Бұл арқылы жасөспірімдердің өз пікірлерін еркін жеткізе білуіне, бірін-бірін тыңдай білуге ұмтылады.

Ал, компьютерлік сабақтарда көбіне компьютерлік бағдарламалар мен электрондық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беремін. Себебі, бұл әдіс арқылы оқушылар кез-келген тақырыпты еркін меңгеріп, пәнге деген қызығушылығы артады, ой-танымы кеңейеді, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасайды. Жалпылама пәндерде компьютерлік тестілеуді қолданудың өте көп көмегі тиеді. Бұл – оқушылардың интеллектуалдық танымын, логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Сабақтарымда әр тақырып сайын оқушылармен түрлі шығармашылық жұмыстарды шеберлігіме қарай ұйымдастырып, түрлендіріп, өткіземін. Және де жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеймін. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне үшін логикалық, талдамалық сұрақтар қоямын. Негізінен, білім беруде цифрлық технологияларды қолданған да сабақ барысы ерекше форматта өтеді. Себебі, аталмыш құралдардың өзіне тән формальды колориті мен танымы болғандықтан, сабақ беру методикасы қызығырақ болады. Бұндай танымда өскен балалар белгілі бір қабілетті игеріп, соған жетік болады. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда жоғарыда атап өткен жүйелі-әрекеттік тәсілдің тигізер пайдасы зор.

Мектеп қабырғасында оқушыларды оқыту процесінде ең алдымен жүйелі-әрекеттік әдісі басты назарға алынуы керек. Өйткені, қазіргі таңдағы оқулықтар мен оқу құралдары жүйелі-әрекеттік әдісі бойынша жазылған. Сондықтан, әрбір мұғалім аталмыш технологиядағы негізгі функцияларды өзінің сабағында жетік қолданып, оны бүгінгі күннің талабына сай икемдеп, жаңа форматты оқыту процесінің үлгісін қалыптастырғаны абзал. Жүйелі-әрекеттік әдіс бүгінгі күні өте кең ауқымда қолданылып келе жатыр. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен ықыласын арттыру мақсатында қолданылып жүрген бұл технологияның беріп жатқан нәтижесі де өте үлкен. Оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда және ақыл-ой зердесін дамытуда аталмыш технологияның мәні зор. Мәселен, оқушының еңбек етуге деген ұйымшылдық қабілетін оятуға ынталандырады, өзін-өзі басқару, бақылау, байқампаздыққа, ақыл-ой іскерлігінің белсенділігін дамытады. Сондықтан, цифрлы технология үрдісін әр ұстаз жүйелі пайдалана білсе, ертеңгі қоғам иелерінің білімді, білікті, ынталы болары сөзсіз.

Қорыта келе, әрбір сабақ - мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушының есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін,

ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында цифрлы технология әдістерін тиімді пайдалану – ұстаз шеберлігінің белгісі.

Пайдаланылған әдебиет

1. Бөрібаев Б. Жаңа ақпараттық технологиялар. – 2003. 5. Істеміров И. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. - 2007.
2. Желдербаева С. Жаңа педагогикалық технологиялар. - Алматы, Рауан, 2012. - 99 б.
3. Беспалько В. П. Слагаемыпедагогическойтехнологии. - М. :Педагогика, 2015. - 75 с.

ӘОЖ 159.9

«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІСІ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Игембаева К.С., Сланбекова Г.К.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

Психологиялық денсаулық және оны оңтайландыру шарттары теориялық және практикалық тұрғыдан әлеуметтік-психологиялық өзекті мәселелердің бірі. Тұлғаның психологиялық денсаулығы әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамда болып жатқан процесстерді болжаудың маңызды шарты болып табылады. Білім беру субъектілерінің іс-әрекеті эмоционалдық шамадан тыс жүктемелермен, стресспен байланысты болғандықтан, білім беру үдерісін психологиялық сүйемелдеу сұрағы ерекше маңызды. Осыған орай, білім алушылардың психологиялық денсаулығын, әсіресе рухани денсаулығын сақтау және қалпына келтіру, бүгінгі күні жеке тұлғаның психологиялық профилін бағалаудан тыс емес және психологиялық денсаулықты анықтайтын критерийлерге байланысты болуымен анықталады. Бұл біздің оқу курсына құрастыруымыздың өзектілігін аша түседі.

Біздің еліміздегі жоғары мектептегі білім беру жүйесінің дамуындағы қазіргі жағдай, оқу іс-әрекетінде жоғары нәтижелерге жету тенденциясымен сипатталады. Жоғары мектептің оқу нәтижесі кәсіпте өзін-өзі жетілдіре алатын, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысы бар, креативті, инициативті, белсенді және жаңашылдықтарға ашық білікті маман дайындауға бағдарланады. Мұндай жоғары талаптарға жоғары мектептің психологиялық денсаулығы жеткілікті деңгейде дамыған түлектің тұлғасы ғана жауап бере алады [1].

Осының негізінде, жоғары мектептің білім беру жүйесі болашақ мамандарды оқыту мен тәрбиелеуде, қалыптасып қалған әдіс-тәсілдер мен формалармен шектеліп қалмауы керек. Білім беру мазмұнын құзыреттілікке негізделе отырып қайта жаңғырту, жоғары мектеп түлегінің тұлғасында этикалық норма, эмоционалды-құндылық бағдарлары, экзистенциалды мағына мен өз уақытымен өмірін ұйымдастыра алатын, мақсаттар қойып оған жетуге бағытталған ерекшеліктердің болуын көздейді.

Жоғары білім беру жүйесінің көп деңгейлі білім беру жағдайында қайта жаңғырту процесінің нәтижелі болуы, біздің ойымызша жаңа оқу курстарын әзірлеу арқылы тиімділікке ықпал етеді. Адамның психологиялық денсаулығын дамыту, нығайту және сақтау мәселелеріне негізделген отандық және батыс елі ғалымдарының (Б.С.Братусь, И.В.Дубровина, А.И.Захаров, А.Маслоу, В.Франкл, О.В.Хухлаева, К.Рифф, Дж.Бьюдженталь және т.б.) зерттеулеріне сүйене отырып, біз «педагогикалықғылымдар» бағытында білім алатын болашақ педагогтарға арналған біліктілікті арттыру курсының бағдарламасын құрастырдық [2].

«Психологиялық денсаулықтың теориялық және қолданбалы аспектісі» біліктілікті арттыру курсы бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын қарастырайық. Оқу курсының мақсаты білім алушылардың психологиялық денсаулықтың әртүрлі ғылыми бағыттары бойынша білімдерін жүйелеу, әлемдік және отандық ғылымның негізгі теориялық тәсілдерімен және практикалық жетістіктерімен таныстыру; жаңа терминалогиямен қаруландыру; білім алушылардың бойында психологиялық денсаулықты нығайтуға қажетті дағдыларды қалыптастыру; кәсіби іс-әрекетке қажетті дағдыларды іс жүзінде игеруге жағдай жасау.

Оқу курсының мақсатына сүйене отырып, біз келесі міндеттерді анықтадық:

- білім алушыларды психологиялық денсаулықтың теориялық білім негіздерімен қаруландыру;
- тұлғаның психологиялық денсаулығын сақтауға және дамытуға қажетті практикалық білімдерін дамыту;

- денсаулықтың негізгі психологиялық факторларының мазмұнын ашу;
- психологиялық денсаулықты реттеуге және нығайтуға қажетті ептіліктерді дамыту;
- психологиялық денсаулықты қалыптастыруға қажетті психотехникаларды үйрету.
- университеттің білім беру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту үдерісінде, психологиялық денсаулық феноменінің ерекшелігін ашу.

Құрастырылған білім беру бағдарламасы біліктілікті арттыру курсына жатады. Аталмыш бағдарлама университеттің білім беру кеңістігінде барлық білім беру бағдарламаларының білім алушыларына, соның ішінде «педагогикалық ғылымдар» бағытындағы болашақ педагогтарға, сонымен қатар барлық білім беру субъектілері үшін игеруге тиімділігімен ерекшеленеді.

Оқыту нәтижесінде курс тыңдаушылары келесідей ептіліктерге ие бола алады.

Біледі:

- бағдарламаның түсініктік аппараты (денсаулық, психикалық денсаулық, психологиялық денсаулық, психологиялық салауаттылық, кәсіби денсаулық, психологиялық мәдениет, психологиялық сауаттылық);

- оқу курсының теориялық ақпараты: психологиялық денсаулық саласындағы заманауи зерттеулердің бағыттары;

- кәсіби жолдың әртүрлі кезеңдеріндегі психологиялық денсаулықтың ерекшеліктері;

- психологиялық денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі әдістері мен қағидалары.

Түсінеді:

- психологиялық денсаулыққа қауіп факторларын бөліп көрсету;

- психологиялық денсаулықты сақтау мен қалыптастыруға қажетті теориялық білімдерді қолдану аймағын ажырату;

- психикалық, рухани және психологиялық денсаулықтың айырмашылықтарын тану;

Меңгереді:

- психологиялық денсаулықтың құрамдас бөліктері мен факторларының диагностикалық құралдарын қолдану;

- өзіне-өзі көмек көрсету дағдыларына қабілетті;

- психологиялық денсаулықты сүйемелдеуге қажетті теориялық ақпараттарды тәжірибеде қолдана алады.

«Психологиялық денсаулықтың теориялық және қолданбалы аспектісі» біліктілікті арттыру курсы бойынша білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін, білім алушы келесі дағдыларды меңгеруі керек: кәсіби ақпарат көздерін (журналдар, веб-сайттар білім беру порталдары және т.б.); психологиялық-педагогикалық қолдау мен сүйемелдеу тәсілдерін; білім беру үдерісінің барлық субъектілерімен өзара әрекет ету тәсілдерін меңгеру; кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі әртүрлі қарым-қатынас орнату тәсілдерін; білім беру мекемесінің ақпараттық ортасының мүмкіндіктерін қолдана отырып, кәсіби білімдер мен ептіліктерді жетілдіру тәсілдерін.

Оқу курсының көлемін көрсететін тақырыптық жоспар 1 кестеде ұсынылған.

Білім беру бағдарламасының мазмұны екі модульге бөлінген. Әрбір модуль теориялық және практикалық бөлімнен тұрады. Біз И.В. Дубровина ұсынған және қарастырылатын феноменнің мәнін бейнелейтін, психологиялық денсаулық – адам рухының жоғары көріністерімен тікелей байланыста бола отырып, тұлғаны толығымен сипаттауға мүмкіндік береді деген ойға сүйенеміз [3].

Бірінші модуль «Психологиялық денсаулықтың теориялық аспектісі» деп аталып, психологиялық денсаулықтың ғылымдар жүйесінде алатын орны, мақсаты мен міндеттері, «Денсаулық» ұғымын қарастырудағы жүйелік идеялар, тұлғаның психологиялық денсаулығын зерттеудегі ғылыми тәсілдер және психологиялық денсаулықтың құрамдас бөліктері және олардың сипаттамасы, сонымен қатар тұлғаның психологиялық салауаттылығы мен психологиялық мәдениеті, психологиялық салауаттылық пен кәсіби денсаулық, психологиялық денсаулықтың жасқа байланысты аспектілері тақырыптары қамтылған.

Бұл модульдің практикалық бөлімінде психологиялық денсаулықтың негізгі ұғымдарының глоссарийін құрастыру, Қазақстандағы және Ресейдегі денсаулық психологиясының даму кезеңдерін кесте түрінде талдау, психологиялық денсаулықтың құрамдас бөліктерінің әрқайсысын сипаттау, «психологиялық салауаттылық» тақырыбында эссе жазу және жастардың бойында психологиялық ресурстарды арттыру жолдары тақырыптарында жазбаша жұмыстар дайындау тапсырмалары қарастырылған. Практикалық тапсырмалардың әртүрлі формалары білім алушылардың бойында оқу курсының теориялық ақпараттарын практикада бекітуге және толыққанды түсінулеріне негізделе отырып құрастырылған.

Екінші модуль «Психологиялық денсаулықтың қолданбалы аспектісі» деп аталып, тұлғаның психологиялық денсаулығының құрамдас бөліктерін диагностикалау және қалыптастырудағы әдіс-тәсілдер, салауатты мінез-құлықтағы өзін-өзі реттеу және шешім қабылдаудың маңыздылығы мен психологиялық денсаулықты сақтаудың психологиялық механизмдері, сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру және деструктивті жүріс-тұрыс ерекшеліктері, стресс және психологиялық жарақатпен жарақаттан кейінгі өсу тақырыптары қамтылған.

Ал практикалық бөлімі білім алушылардың бойында психологиялық денсаулықтың құрамдас бөліктерінің деңгейлерін арттыруға және реттеуге мүмкіндік беретін қасиеттерді нығайтуға негізделе отырып құрастырылған. Білім алушылардың бұл бөлімде орындайтын тапсырмалары психологиялық денсаулықжәне оның құрамдас бөліктерін диагностикалауға арналған әдістердің сипаттамасымен әртүрлі психологиялық бағыттардың психотехникаларын қолдану, өзін-өзі реттеу және шешім қабылдау стратегияларымен тәсілдерін үйрену, стресс пен психологиялық жарақатты алдын алу мақсатында, тұлғаның бойындағы резервтері мен ресурстарын арттыру жолдарын меңгеруге негізделе отырып құрастырылған.

1 кесте

Оқу курсының тақырыптық жоспары

№	Тақырып	Сағат саны			Барлық аудиториялық сағаттар
		дәрістер	практикалық сабақтар	тыңдаушының өзіндік жұмысы	
Модуль 1. «Психологиялық денсаулықтың теориялық аспектісі»					
1.	Психологиялық денсаулыққа кіріспе: мақсаттары мен міндеттері.	3	1	1	5
2.	Денсаулық жүйелік ұғым ретінде.	3	1	1	5
3.	Жеке тұлғаның психологиялық денсаулығын зерттеудегі ғылыми тәсілдер.	3	2	1	6
4.	Психологиялық денсаулықтың құрамдас бөліктері және олардың сипаттамасы.	3	1	1	5
5.	Жеке тұлғаның психологиялық сауаттылығы мен психологиялық мәдениеті психологиялық денсаулықтың құрамдас бөлігі ретінде.	3	1	1	5
6.	Тұлғаның психологиялық салауаттылығы.	3	1	1	5
7.	Кәсіби денсаулық психологиясы: салауатты жұмыс орнының моделі және тұлғалық потенциал.	3	1	1	5
8.	Психологиялық денсаулықтың жасқа байланысты аспектілері.	3	1	1	5
Модуль 2. «Психологиялық денсаулықтың қолданбалы аспектісі»					
9	Тұлғаның психологиялық денсаулығының құрамдас бөліктерін диагностикалау.	3	2	1	6
10	Психологиялық денсаулықты қалыптастырудағы әдіс-тәсілдер.	3	1	1	5
11	Салауатты мінез-құлықтағы өзін-өзі реттеу және шешім қабылдаудың маңыздылығы.	3	1	1	5
12	Психологиялық денсаулықты сақтаудың психологиялық механизмдері.	3	1	1	5
13	Салауатты өмір салтын қалыптастыру және деструктивті жүріс-тұрыс ерекшеліктері.	3	1	1	5

14	Стресс және психологиялық жарақат. Посттравматикалық өсу құбылыстары.	3	1	1	5
Сағаттар		42	16	14	72
Қорытынды бақылау					Емтихан
Барлығы					72 сағат

Оқу курсының барысында болашақ мамандардың жоғары мектептің білім беру кеңістігінде психологиялық денсаулығын қалыптастырудың ерекшеліктері қарастырылады. И.С. Конның көрсетуінше, 18–23 жас аралығында адам биологиялық та, әлеуметтік қатынастар жүйесі тұрғысынан да ересек адамдар қатарына жатады. С.А. Гопанованың көрсетуінше, білім алушылардың функционалдық жағдайларының бейімделу және оңтайландыру мүмкіндіктері, айтарлықтай оқу-тәрбиелеу үдерісінің барысында өзектеніп түседі [4].

Психологиялық денсаулықтың қолданбалы аспектісін қарастыратын модульде, біз ғылыми негізделген, сенімділігі мен дәйектілігі тексерілген психодиагностикалық әдістерді өткізіп, алынған нәтижелерге байланысты арнайы психотехникалар мен тәсілдерді қолдана отырып, жекелеген компоненттерді дамыту жолдарын қарастырамыз. Психологиялық денсаулықтың жекелеген құрамдас бөліктерін нығайту мақсатында, топтық жұмыста психологиялық тренинг элементтері қолданылады және тұлғаның өзін-өзі реттеуі мен жетілдіруіне негізделетін психотехникалар, әрбір қатысушыға сәйкес таңдалып өткізілетін болады. Сонымен қатар, білім алушылардың бойында стрессті алдын алу мен стресске төзімділікті арттыруға негізделетін жаттығулар да қамтылған [5].

Біліктілікті арттыру курсы жүзеге асыру дәрістік сабақтарды өткізуге арналған, қажетті электрондық техникалармен жабдықталған аудиторияның болуын қажет етеді. Пәннің оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуі негізгі оқу және ғылыми әдебиеттерді, сонымен қатар ақпараттық-анықтамалық, интернет көздерін қамтиды. Курс материалдарын меңгеру нәтижелерін бақылау және бағалауды оқытушы практикалық сабақтарды өткізу барысында, өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау негізінде жүзеге асырады. (2 кесте)

2 кесте

Тапсырмаларды орындағаны үшін білім алушыларды жиынтық бағалау критерийлері

Бағалау 100 ұпайлық шкала бойынша	Пән контекстіндегі бағалау критерийлері
Үздік (90-100 ұпай)	1. Психологиялық денсаулықтың теориялық ерекшеліктеріне байланысты материалды айрықша түсінеді, ерекшеліктерді талдап және ажыратып көрсете алады; оқытушының талаптарын сақтайтын және/немесе асатын білім алушының жоғары дайындық деңгейін сипаттайтын критерийге сәйкес келуі тиіс. 2. Әртүрлі психологиялық теориялардың ерекшеліктерінің түрлерін ажыратып талдай алады.
Жақсы (70-89 ұпай)	1. Психологиялық денсаулықтың теориялық ерекшеліктеріне байланысты материалды айрықша түсінеді, сипаттай алады. 2. Психологиялық денсаулықтың ерекшеліктерінің түрлерін сипаттап айта алады.
Қанағаттанарлық (50-69 ұпай)	1. Психологиялық денсаулықтың теориялық ерекшеліктеріне байланысты материалды ішінара түсінеді. 2. Әртүрлі психологиялық теориялардың ерекшеліктерінің түрлерін орташа деңгейде меңгерген.
Қанағаттанарлықсыз (0-49 ұпай)	1. Психологиялық денсаулықтың теориялық ерекшеліктеріне байланысты материалды төмен деңгейде сипаттайды. 2. Психологиялық денсаулықтың теориялық ерекшеліктерінің түрлерін аз түсінеді, аз меңгерген.

Осылайша, бұл оқу курсы білім алушыларға қарастырылатын феномен бойынша қажетті білімдерді жинақтауға, алған білімдерін кәсіби іс-әрекетте қолдануға, сонымен қатар адамның психологиялық денсаулығының негізгі құрамдас бөліктерін көрсететін, жүріс-тұрыс пен іс-әрекетті

дербес реттей алу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін, түпнұсқа оқу-әдістемелік тәсіл болып табылады. Құрастырылған білім беру бағдарламасы Қарағанды университетінің қосымша білім беру факультетінің талаптарына сәйкес құрастырылған.

Демек, біздің құрастырған біліктілікті арттыру курсы университеттің білім беру кеңістігінде, болашақ мамандардың бойында тиімді қызмет етуге негіз болатын, психологиялық денсаулықтың ерекшеліктерін дамыту мен қалыптастыруда тиімді нәтижелер берудің бірі болады деп ойлаймыз. Аталмыш курстың қазіргі таңда оқу үдерісінде біліктілікті арттыру курсы ретінде жүзеге асырылып жағымды нәтижелер берге жағдайда, болашақта «педагогикалық ғылымдар» бағытында оқитын білім алушылардың бакалавриат және магистратураның оқу жоспарларына енгізуде сұранысқа ие болады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған ақпараттық көздер тізімі:

1. Ниетбаева Г.Б. Қазіргі кезеңдегі студенттердің психологиялық денсаулығының дамуы: 6D010300 –Педагогика және психология док. PhD дис.–Алматы, – 2014. – 210 б.
2. Ананьев В.А. Введение в психологию здоровья: Учебное пособие. — СПб., 2006. – 384 с.
3. Игембаева К.С. «Психикалық денсаулық» және «психологиялық денсаулық» түсініктерінің арақатынасы // «Глобальная наука и инновация 2023: центральная Азия» № 3(21). ноябрь 2023. Серия «Психологическая наука». Б. 73-77.
4. Егенисова А.Қ., Қайнарбай А.М. Психологиялық денсаулықты қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Психология» сериясы. №4 (61), 2019ж. Б.232 – 237.
5. Сейтқазы П.Б., Құлдашева Н.У. «Психологиялық денсаулық» ұғымының мәні мен мазмұны // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Психология» сериясы. №4 (77), 2023 ж., Б. 33 - 45.

ӘОЖ: 37.015.3

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Газизова А.Р., Калмагамбетова Г.О.,

"Бастауыш класс мұғалімі" мұғалімдері

"М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

Қазіргі уақытта әлемдегі ең қажетті қабілеттердің бірі – қоршаған ортамыздағы барлық өзгерістерге тез жауап беру, ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және пайдалану қабілеті. Қолданбалы білім негізінде адамның өмірі мен қызметінің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік міндеттерді шеше білуі маңыздылыққа ие. Оның бір түрі – математикалық сауаттылық. «Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, дұрыс математикалық пайымдаулар жасау және шығармашыл, ынталы, ойлайтын азаматтың қазіргі және болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін математиканы пайдалану».

Математикалық сауаттылық мәселелері бұл күнге дейін аз айтылмады. Егер әрбір мұғалім әр сабақта математикалық сауаттылықты қалыптастырып, оны үнемі дамытуға назар аударса, білім сапасы әлдеқайда жақсарады. Қазақстан білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптары мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім деңгейіне жеткізуге бетбұрыс жасауда [1].

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге басты назар аударылуда.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуы, яғни жаһандану дәуіріндегі қазіргі тенденцияны ұстану, жасына, кәсібіне қарамастан адам білімін үнемі жетілдіріп отыруы. Негізгі мақсат – орта мектептерде Қазақстан Республикасының интеллектуалды, физикалық және рухани дамыған азаматын қалыптастыру.

Ол үшін басшылыққа алатын жетекші қасиеттер:

- белсенділік;
- шығармашылық ойлау;

- шешім қабылдау қабілеті;
- өз мамандығын дұрыс таңдай білу;
- өмір бойы білім алуға дайын болуы жатады.

Мектеп табалдырығынан жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге ұмтылған, бүгінгі күнге дейін ізденімпаз адамды дайындаудың ең тиімді әдістерінің бірі – оқытудағы математикалық сауаттылық. Математикалық сауаттылық:

- әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну;
- әр түрлі формада ұсынылған сандық ақпаратты оқу, талдау, түсіндіру;
- дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту;
- мәселелерді шешудің тиімді жолдарын табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру;
- өмірлік жағдайларда кездесетін әртүрлі есептерді шешуде математикалық білімді еркін қолдану.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейімен (танымдық салалар) сипатталады.:

- білу (есте сақтау);
- қолдану (байланыс орнату);
- ойлау (пайымдау). Математикалық құзыреттілік – бұл нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модельдер құру, қатынастарды анықтау, нақты өмірде туындайтын мәселелерді шешу үшін математиканы дәл қолдану мүмкіндігі. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Алған білімдері мен дағдыларын практикалық қызметте және күнделікті өмірлерінде:

- қажеттілігіне қарай анықтамалық материалдар мен қарапайым есептеу құралдарын пайдалана отырып, формулалар бойынша практикалық есептеулер жүргізу;
- қарапайым математикалық модельдерді құрастыру және зерттеу;
- функция арқылы нақты байланыстарды суреттеу және зерттеу, оларды график түрінде беру;
- нақты процестердің графиктерін түсіндіру;
- геометриялық, физикалық, экономикалық және т. б. мазмұнды қолданбалы есептерді шешу.;
- статистикалық сипаттағы ақпаратты, сандық деректерді, графиктерді, диаграммаларды тану, талдау;
- зерттелген формулалар мен фигуралардың қасиеттеріне негізделген қарапайым эксперименттік жағдайларды зерттеу (модельдеу);
- нақты объектілердің ұзындығын, ауданын және көлемін есептеу.

Математикалық құзыреттіліктің деңгейлері (танымдық салалар):

Білу (еске түсіру):

Терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациалау, математикалық объектілерді танып білу.

Қолдану (байланыстарды орнату):

Нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу.

Ойлау (пайымдау, тұжырымдау): Объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау; қорытындылау, әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс / бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу.

Зерттеу тұжырымдамасына сәйкес әрбір тапсырма математиканың мазмұнды бөлімдерінің біріне сәйкес келеді: - сандар; - кеңістік және форма; - өзгерістер мен қатынастар; - белгісіздік.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруда PISA есептерін қолданудың тиімділігі:

PISA зерттеуіндегі математикалық тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдауды талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі, спорт және тағы басқалар туралы мәлімет ұсынады[1].

Тек осы бағыттағы тапсырмаларды сыныпта қолдана отырып, біз алған математикалық білімдерін тиімді қолдана алатын, кез-келген өмірлік жағдайда дұрыс шешім қабылдай алатын, өзінің математикалық құзыреттілігін дәлелдей алатын функционалды сауатты адамды тәрбиелейміз.

Математика сабақтарындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады:

1. Математика – ғылымның пайда болуынан балама ұғымдар. Сондықтан математика барлық ғылымдардың логикалық негізі ретінде қарастырылады.

2. Математика, ең алдымен, оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және жетілдіреді.

3. «Математикалық сауаттылық» оқушының ауызша және жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы «математикалық сауаттылықты» меңгеру қабілетін шыңдайды.

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылыстарды, жаңалықтарды дұрыс қабылдауға және түсінуге көмектеседі.

5. Математиканың болашақ тұлғаның адамгершілік, эстетикалық және этикалық қалыптасуында тәрбиелік мәні де бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу, оны логикамен үйлестіру

- есепті құрастыру кезінде тиімді жағын көруге баулу

- математикалық жарыс сабақ, пәндік кеш, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру

- оқытудың ақпараттық технологиялары бойынша математика сабақтарында интерактивті тақтаны пайдалану. Интерактивті тақтаның арқасында оқушылар арнайы бағдарламалар арқылы жаңа материалды барынша меңгереді, сондай-ақ функционалдық сауаттылықты арттырады [2].

Оқушылар жиі сұрақ қойып жатады: математика оларға не үшін керек, ол болашақта олар үшін қандай пайдалы болады, формулалар мен теоремалар туралы білім оларға күнделікті өмірде қалай көмектеседі? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін оқушыларға математика мен олардың болашақ мамандығының байланысын көрсету, олардың пәнге сезімдік және эмоционалдық қатынасын өзгерту, қолданбалы сипаттағы мысалдарды көптеп қолдану. Оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмыстар жүргізуіміз керек:

1. Оқытудың жаңа технологиясы негізінде құрастырылған сабақтың әрбір тарауы, әрбір тақырыбы бойынша «білу-түсіну-қолдану-тұжырымдау» деңгейлік тапсырмалары бойынша жүйелі жұмысты күшейту;

2. Сабақта практикалық мазмұнды тапсырмалар, әртүрлі форматтағы тест тапсырмалары, стандартты емес жағдайларда білімді қолдануға арналған қызықты тапсырмалар жасау;

3. Математика сабақтарында, таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен үйлестіруге, оларды іс жүзінде қолдануға, логикалық есептерді шешуге үйрету;

4. Халықаралық зерттеулер мен ұлттық емтихандардың нәтижелері бойынша мектепте оқушылармен мақсатты жұмыс жасау;

5. Ата-аналардың, оқушылардың, жұртшылықтың PISA, TIMSS, PIRLS халықаралық зерттеулерін жүргізудің маңыздылығы мен ерекшелігі туралы түсінік беру;

6. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған белсенді оқыту стратегияларын қолдануды үйрену.

Қазіргі уақытта қоғамды дамыту үшін орта мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін барынша ашатын және толыққанды қоғам құруға барлық мүмкіндіктерін салатын шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Сондықтан, математиканы оқыту кезінде оқушылардың оқу материалын есте сақтаудан гөрі осы материалды шығармашылықпен қолдана білуін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді [3].

Математикалық мәдениетті, оқушылардың математикалық ойлау стилін қалыптастырудың негізгі жолы - әртүрлі математикалық есептерді шешу процесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін ұтымды, тиімді ұйымдастыру және басқару.

Осыған байланысты, нарықтық экономика дәуірінде жас ұрпақ үшін математика негіздерін зерттеу білім беру мен тәрбиенің негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Мектеп - жоғары сұранысқа ие мамандар, талантты адамдар, өте талантты адамдар оқитын елдегі бірінші орын.

Американдық математик мұғалім Д. Пойа: «математиканы білу нені білдіреді? Осы міндеттерді шеше білу, олардағы стандартты міндеттерді ғана емес, ойлау еркіндігін, сананың әл-ауқатын, өзін-өзі тануды, тапқырлықты талап ететін міндеттерді де шеше білу» [4]. Сондықтан орта мектептің математика курсының бірінші және ең маңызды міндеті - есептерді шешудің әдістемелік аспектілеріне назар аудару.

Математиканың теориялық негізін есеп түрінде меңгеру оқушының ойын белсендіреді, икемділік, жылылық, тереңдік, жинақылық, жүйелілік, т.б. тәрізді қажетті қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, есептер математикалық білім, білік дағды жүйесін қалыптастырудың маңызды құралы, ал есеп шығару - оқу және кәсіптік әрекеттің жетекші түрі. Әрбір есептің өзіндік әдістемелік мақсаты да бар. Сондықтан оқушы есепті жылдам әрі қатесіз шығаруға, жаттыға түсуге ұмтылудан гөрі, оны шығармашылықпен шешуге, шешімінен тиісті қорытынды жасай білуге тырысуы қажет.

Математиканы үйренумен белсенді шұғылдану, шын мәнінде, есеп шығару. Математикалық есептердің тәрбиелік мәні зор. Есеп шығару кезінде төзімділік пен табандылық қалыптасады. Тиімді шешімді іздеу жазудың, сызудың ықшамдығы мен мұқияттығын керек етеді.

Бүгінгі таңда мұғалім оқушы үшін жалғыз ақпарат көзі емес. Қазіргі мұғалімнің міндеті әр оқушыны оқу үрдісіне қатыстыру, оны тыңдай білу, қажет уақытында өзіне көмекші ету, мәселеге баланың өз көзімен қарау болып табылады.

Қазіргі уақыт мұғалімнен заманауи белсенді технологияларды меңгеруді және оны сабақтарында белсенді қолдануды талап етеді. Бүгінгі оқушы ақпараттық технология мен техниканы оңай меңгерген. Сондықтан оқушыларға практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін бәрімізге оқыту мен ойлау, түсіну, талдау, т.б. қабілеттерін дамытудың жаңа құралдары мен тәсілдері қажет. Біздің міндетіміз – олардың білімі мен біліктілігін дұрыс жолға бағыттау, білімді қалай алуға болатынын ұсынып, қызығушылықтарын ояту, білімге деген қызығушылықтарын арттыру. Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар тұлғаны мектеп табалдырығынан дайындап шығаруда оқытудағы математикалық сауаттылықтың маңызы зор.

Қолданылған әдебиеттер

1. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал - Астана, ҰББСБО, 2013. 4 Д.Пойа. «Математиканы білу деген не?»
2. Б.Баймұханов, З.Бекбаева «Оқушылардың математикалық тапсырмаларды орындаудағы дербестігін арттыру. – Алматы 2006.
- 3 Бейсеков Ж., Жақсыбаева А., Қамбаров Ж. Бастауыш сынып оқушыларын математикалық олимпиадаға даярлау.// Жалпы білім беретін орта мектептің оқушыларына арналған әдістемелік құрал. – Шымкент, 2008.
4. Математикалық сауаттылық, II бөлім, Алматы, 2007.

ӘОЖ: 37.015.3

МУЗЫКАЛЫҚ ҰСТАЗДЫҢ КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІ

Базарова И.Н., Утеулиев Е.А., Музыка пәнінің мұғалімдері
"Мәлік Абдуллинатындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

Мұғалімнің жеке және кәсіби қасиеттері білім беру қызметінің тиімділігін арттырады. Музыкалық мұғалімнің педагогикалық қызметінің кәсібилігі қазіргі заманғы мазмұнды меңгеру өлшемі және музыкалық білім беру саласындағы кәсіби мәселелерді шешу құралымен анықталады.

Музыкалық мұғалімнің табыстылығы мен тиімділігі үшін қажетті

шарт – бұл адамдармен қарым-қатынас жасау, адалдық пен мейірімділікті сезіну қабілеті деп түсінетін эмпатия. Эмпатикалық музыкалық мұғалімнің дамуы оқушылармен рухани туыстықтың қағидалары бойынша қарым-қатынас жасауға, олардың әрқайсысында пайда болатын тұлғаны және музыкалық білім беру үдерісінде оларға көмектесу қажеттілігін көруге мүмкіндік береді.

Музыкалық ұстаз кәсіби қасиеттерін жетілдіру барысында мұғалімнің педагогикалық импровизацияға қабілеттілігін дамыту өте маңызды. Ол тыныштықты, кез-келген жағдайда өзін ұстай білуді, жеке және оқушылар тобымен жағымды және дұрыс қарым-қатынас жолын табуды талап етеді.

Педагог оқушылар арасындағы қарым-қатынас үрдісінің сипаттамаларын, белгілі музыкалық-педагогикалық тапсырмаларды, жеке тұлғаны түсіну үшін оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін білуі қажет. Яғни, музыкалық ұстаз да педагогика және психологиялық білім, білікті игеруі қажет.

Білім алушылардың музыкаға деген қызығушылығын оятып, оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолданып, шығармашылық қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін ұстазға шебер болу қажет. Шеберліктің негізі музыка мұғалімінің біліктілігін арттыру сатысында және музыкалық және білім беру тәжірибесінде жетіледі.

Музыка – күшті эмоционалдық әсерге ие, ол адамның жақсы сезімін оятады, оны жоғары және таза етеді. Ол өнердің бір түрі бола отырып, оқушыларға жалпы музыка өнерінің ерекшелігін тануға мүмкіндік береді. Бір өнер түрінің табиғатын көріп, оны басқа түрлермен салыстыра отырып, балалар олардың ортақ және ерекше екенін анықтай алады [1.12].

Музыка мәдениетінің жолсерігі бола отырып, музыка пәнінің мұғалімі оқушылардың музыкалық тәрбиесіне жауапты екенін сезінуі тиіс. Бүгінгі таңда музыка пәнінің мұғалімі тек педагогикалық

функцияны ғана емес, ағартушылық қызметті орындауға арналған, өйткені қазіргі оқушыға сана – сезімді емдейтін, талғамды дамытатын және барлығына қарсы тұратын псевдокультураның қуатты ағыны-мектептегі музыка сабағының басты міндеті. Ағартушылық қызмет тәрбиелік міндеттерді іске асыру үшін іргетасқа айналады. «Мұғалім мамандықтың күрделілігі, «мұғалім» ұғымына және «музыкант» ұғымына кіретін элементтердің тығыз өзара байланысы қажеттілікпен анықталады, оның әрқайсысы көп қырлы» – деп жазған, белгілі педагог О. А. Апраксина. Музыка пәнін мұғалімі оқу-педагогикалық қызметін жүргізеді, көзқарастарды, сенімдерді, қажеттіліктерді, талғамдар мен идеалдарды қалыптастыруға қатысады. Ол өз пәнін жақсы білетін кең білімді адам ғана емес, осы сөздің жоғары қоғамдық мағынасында жеке тұлға болуы керек. Балаларды музыкалық өнер құралдарымен тәрбиелеуде, оның көзқарастары, нанымдары, дүниетанымы бірінші дәрежелімәнгі ие.

Мұғалімдердің көптеген рөлдері бар, бірақ олардың барлығы бір-біріне сәйкес келеді: олар балаларды үйлесімділікті сақтауға және дамытуға, шығармашылық тұлғаны дайындауға бағыттайды. Мұғалім - музыканттың кәсіби қызметі көбінесе өзіндік жұмыстың сапасы мен әртүрлілігіне байланысты, өйткені ол өзінің жеке қасиеттеріне, жеке табиғи мүмкіндіктері мен қабілеттеріне, мақсаттары мен көзқарастарына сәйкес алынған білім мен дағдыларды кеңейтеді, бекітеді, жетілдіреді және түзетеді.

Музыка мұғалімі керемет музыкант болуы керек, музыкалық аспапты, дауысты жақсы меңгерген, нәзік музыкалық есту қабілеті бар, беттен оқу дағдыларын меңгерген, импровизацияланған болуы керек. Осы қасиеттердің барлығы оның қызметінің сапасы мен жетістігін анықтайды [2.56].

Музыканы қабылдау кезінде оқушылардың алаңдаушылығына сезімталдық, көңіл бөлу, сенім және құрмет сезімі пайда болады. Мұғалімнің беделі оның талапшылдығы мен оқушыларға деген деген қамқорлығына байланысты. Олар әрдайым мұғалімнің көмегі мен қолдауын, оның назарын және жылы қарым-қатынасын қажет етеді, онсыз сабақты сапалы және сәтті өткізу мүмкін емес. Мұғалімнің шығармашылығы, оның педагогикалық жетістіктері мектептегі алғашқы тәуелсіз қадамдардан басталады. Педагогикалық шеберлікті игеру одан өзінің артықшылықтары мен кемшіліктерін, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі жетілдіру қабілетін білуді талап етеді. Мұғалімдердің жан-жақты байлығы ақыл-ой қабілеттерін, ақыл-ой қабілеттерін, ақыл-ой қабілеттерін, ақыл-ой қабілеттерін, ақыл-ой қабілеттерін, ақыл-ой қабілеттерін, білімін, жұмысқа деген ынтасын қалыптастыруға әсер етеді.

Осылайша, кәсіби ұстаным музыкалық тәрбиешінің музыкалық және білім беру қызметінің барлық салаларына әсер ететін қажетті және маңызды бөлігі болып табылады. Музыкалық мұғалімнің кәсіби позициясына шығармашылық көзқарас Музыкалық білім берудің мазмұны мен процесін жаңа, жалпы және жеке аспектілерде көруге мүмкіндік береді, кәсіби өсу перспективасын анықтайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Жақаева К.А. «Музыка пәнін оқыту әдістемесі» Қостанай 2019
- 2.Школяр В.А., Красильникова М.С., Критская Е.Д. и др. Теория и методика музыкального образования детей. М. 1999 г.

АКТУАЛЬНЫЕ ТРУДНОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА.

Карманова Ж.А.¹, Гасанова Р. Р.², Серикова К.Е.³, Касымова Л.С.⁴

¹доктор педагогических наук,
профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической
подготовки педагогического факультета
Карагандинского Университета имени академика Е. А. Букетова
(Караганда, Республика Казахстан)
²кандидат психологических наук, старший
преподаватель кафедры управления образовательными системами факультета
педагогического образования Московского Государственного Университета
имени М.В. Ломоносова (Москва, Российская Федерация)
³магистрант 2 курса кафедры дошкольной и
психолого-педагогической подготовки педагогического факультета
Карагандинского Университета имени академика Е. А. Букетова
(Караганда, Республика Казахстан)
⁴PhD Психометрист,
Toronto Psychological Services and Research Center. г. Торонто, Канада

В настоящее время педагогика в Казахстане характеризуется интенсивной модернизацией в связи с требованиями современного общества и мира в целом. Глобализация происходит в таких сферах деятельности современного человека, как: социальная, образовательная, культурная, информационная и др. Все это вызывает трансформацию сознания в обществе, и перед педагогической наукой и практикой выдвигаются новые цели и задачи, в соответствии с которыми необходимо подготовить преподавательский состав нового типа, способный жить и работать в условиях интеграционного пространства, успешно подготавливая и воспитывая студентов независимо от их идентичности. Таким образом, профессиональная деятельность педагогов специфична в силу культурного разнообразия образовательной среды.

Наш анализ исследования показывает, что в современном обществе существуют основные проблемы, с которыми сталкивается каждый учитель в своей работе. Среди них:

1. Система подготовки профессорско-преподавательских кадров.

На данный момент подготовка будущих педагогов в высших учебных заведениях ориентирована в наибольшей степени не на формирование профессиональных и личностных компетенций будущего педагога, а на получение знаний. Стремительное развитие науки и практики вынуждает современного педагога находиться в ситуации необходимости непрерывного образования и самообразования, а профессиональные компетенции и личностные характеристики остаются сформированными не в полной мере. Также существуют противоречия между образовательной и профессиональной деятельностью. Это выражается в принципиально разных позициях студента и практикующего преподавателя, смена которых происходит скачкообразно после окончания учебы [3].

2. Отсутствие доверительных отношений между участниками педагогического процесса.

Важной проблемой, с которой сталкивается современный учитель, является потеря авторитета и доверия со стороны учащихся к преподавателю, а также к учебнику как источнику информации. Прежде всего, это связано с появлением средств коммуникации и эры Интернета, которые радикально изменили основную роль учителя. Если раньше преподаватель был источником информации, то теперь он выступает в роли организатора активной познавательной деятельности учащихся. Действительно, в эпоху цифровых технологий взаимодействие между преподавателем и учеником значительно сокращается, поэтому современный студент считает себя самостоятельным и понимает, что может справиться без преподавателя, ведь вся необходимая информация есть в Интернете.

3. Создание негативного образа преподавателя.

Еще одной сложностью для современного учителя является негативное представление образа учителя в СМИ. Учащиеся больше не относятся к учителю как к авторитету, но часто воспринимают его с долей юмора и иронии, поэтому сейчас учитель является важным наставником и помощником для немногих людей.

4. Чрезмерная занятость преподавателя административными обязанностями.

Проблема здесь в том, что преподаватель не может уделять больше времени своим ученикам и заниматься личным, профессиональным обучением и карьерным ростом из-за большого объема “бумажной работы”.

5. Учитель и ученики начали говорить на разных языках.

Серьезным препятствием, с которым сталкивается современный учитель, является то, что учитель и ученики стали говорить на разных языках. Во-первых, это связано с чрезвычайной популярностью технологий, Интернета и компьютерных игр. Современные технологии оказали огромное влияние на мышление учащихся. Рефлексивный компонент мышления стал слабее, а значит, и его рациональность. Поэтому большинству современных детей стало трудно воспринимать информацию на слух. В 1980 году американский ученый Э. Тоффлер описал феномен “клипового мышления” как явление, характеризующее эпоху информационного общества. Подросткам с “клиповым мышлением” трудно понимать язык традиционного образования с его авторской речью и длинными символическими конструкциями. Этот конфликт влечет за собой такие дополнительные проблемы для учащихся, как мотивация к обучению [2].

6. Низкая мотивация к обучению у детей.

Развитие учебной мотивации учащихся - одна из главных проблем современной педагогики. Основными причинами низкой учебной активности являются недостаточное развитие навыков и умений, пробелы в знаниях из-за частых пропусков занятий по болезни, недостаточная способность к логическому мышлению и обобщению, низкий уровень воображения и восприятия. По мнению А.К. Марковой, управлять развитием мотивов учебной деятельности сложнее, чем развитием действий и операций. Автор считает, что для того, чтобы развить у учащихся учебную мотивацию, учителю необходимо знать ее, устанавливать для себя природу реальности, с которой ему придется иметь дело, и выбирать способы ее адекватного описания.

7. Трудности в учебной работе.

Еще одна проблема, с которой сталкиваются учителя в школе, - это трудности в воспитательной работе с детьми. Дети не хотят слушать учителей. Причины этого явления следующие: во-первых, с появлением технологий учащиеся отказываются воспринимать и понимать авторитарный язык традиционного образования. Они ощущают свою идентичность и, в то же время, принадлежность к глобальному пространству. На данный момент необходимы альтернативные формы и варианты взаимодействия преподавателя и учащихся. Во-вторых, радикально изменилась система ценностей, которая пропагандируется в современном мире. На смену высоким духовным приоритетам и ценностям пришли ценности “материалистические”, связанные с повышением статуса и успехом человека. Традиционные ценности обесцениваются. Поэтому особого внимания заслуживают такие профессиональные качества преподавателя, как непрерывная самоподготовка, повышение квалификации и личностное развитие. Все эти качества помогут преподавателю идти в ногу со временем и быть не только интересным своим ученикам, но и стать уважаемой и значимой личностью в образовательном процессе.

8. Эмоциональное выгорание педагогического коллектива.

Одной из самых серьезных проблем в современной школе является эмоциональное выгорание учителей. В исследованиях, проведенных Н.Е. Водопьяновой и В.В. Бойко, было выявлено, что этой психологической проблеме чаще всего подвержены люди старше 35-40 лет. Учителя продемонстрировали снижение успеваемости, повышенный уровень негативизма, усталости и раздражения [4,5].

В процессе педагогической деятельности учитель оказывает влияние на своих учеников. Этот факт общеизвестен. Но характер этого влияния напрямую зависит от внутренних свойств и качеств личности учителя, его профессиональной компетентности. Негативное влияние связано с нехваткой или отсутствием любви и уважения к детям, интереса к ним; непониманием детской психологии, а также возрастных и индивидуальных особенностей; повышенной нагрузкой на педагогический труд; психоэмоциональными перегрузками и стрессами на работе. В результате педагоги испытывают эмоциональное выгорание и агрессию. От того, как настроен учитель, как он умеет управлять собой, как умеет решать внутриличностные проблемы, зависит не только то, как пройдет урок, но и учебное время ребенка [1]. Таким образом, вышеперечисленные проблемы в современной педагогике наглядно показывают, что педагогическое сообщество переживает изменения в менталитете. В связи с этим личность учителя требует пристального внимания. Важна необходимость развития организационно-технологического обеспечения и духовно-нравственного здоровья учителя. Тестирование в системе высшего, общего и среднего образования, а также в системе дополнительного профессионального образования. Актуальность данной темы обусловлена возрастающими требованиями общества к

личности педагога, поскольку профессия учителя имеет большую социальную значимость. Способность сопереживать (эмпатия) признается одним из важнейших качеств педагога, но практическая роль эмоций в профессиональной деятельности оценивается противоречиво. Можно сказать, что учитель не подготовлен к возможным эмоциональным перегрузкам, и соответствующие компетенции, необходимые для преодоления эмоциональных трудностей профессии, у него целенаправленно не формируются. Учитель - это профессия, которая в большей степени подвержена влиянию "эмоционального выгорания". Это связано с тем, что профессиональная деятельность педагога характеризуется очень высокой эмоциональной нагрузкой.

Список используемых источников:

1. Матанова, Е. А. Педагогика сегодня: проблемы и решения / Е. А. Матанова. — Текст : непосредственный // Педагогика сегодня: проблемы и решения : материалы V Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, июль 2019 г.). — Санкт-Петербург : Свое издательство, 2019. — С. 9-12.
2. Титова Е.А. Проблема современного учителя.— Подольск, 2016. – С.4-15.
3. Севумян Г.М. Педагогические компетенции современного учителя. Доклад // Г.М. Севумян [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://yпок.рф/library/doklad_pedagogicheskie_kompetencii_sovremennogo_uch_122822.html
4. Водопьянова Н. Е., Старченкова Е. С. Синдром выгорания: диагностика и профилактика. – СПб.: Питер, 2008. – 358 с.
5. Бойко В. В. Синдром эмоционального «выгорания» в профессиональном общении. – СПб.: Питер, 2003. – 474 с.

ӘОЖ: 37.015.3

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абденова Г.Д., Мұқанова А.Б., бастауыш класс мұғалімдері
“М.Ғабдуллин атындағы 70 жалпы білім беретін орта мектеп”КММ
ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

Бастауыш мектеп – жалпы білім беретін мектептің бірінші басқышы болып табылады. Бастауыш мектеп жеке тұлға ретінде баланың қалыптасуы мен қабілетінің дамуын, оқушылардың оқуға деген ептілігі мен бейімділігін қамтамасыз етеді.

«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» ҚР Президентінің Жолдауында былай көрсетіледі: бесінші басымдық білім беру реформасы бойынша: - «Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Оның басты міндеті ұлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуге ғылымның әлеуетін пайдалану болмақ-деп атап көрсеткен» [1].

Кіші мектеп жасындағы оқушыларға жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес проблемаларды теориялық жағынан Ресей және Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері бойынша: И. П. Подлосый, Т. С. Сабыров, Р. М. Қоянбаев, Ю. К. Бабанский, Т. А. Ильина, Н. А. Сорокин, М. Н. Скаткин, Д. Д. Зуев, И. Я. Лернер, В. П. Беспалько, А. Е. Абылқасымова, Ж. А. Қараев, К. А. Аймағамбетова, К. Бұзаубақова т. б. зерттеді [2].

Кіші мектеп жасындағы оқушыларға оқыту технологияларын қолданудың объективті қажеттілік пен оны жүзеге асырудың педагогикалық жағдайларының белгісіздігі, білім беру технологиялары негізінде оқу процесін дамыту қажеттілігі және педагогикалық теория мен практикада бұл мәселені жеткіліксіз зерттеу айқын көрінеді.

Бүгінгі ақпараттық қоғам өз алдына білім беру жүйесін жаңғырту процесін адамдардың өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларына және ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктеріне сәйкес мектепте оқыту жағдайында іске асырылатын білім беру мазмұнының жаңа талаптарына сәйкес өзектендіру міндетін қояды. Технология-бұл өнімді алу үшін қажетті тапсырмаларды өндіру мен өндеудің дәйекті процесі.

Қазіргі таңда «Педагогикалық технология» алуан түрлі жағдайда қарастырылады. В. П. Беспальконың анықтамасы бойынша: бұл білім беру мақсатын тиімді іске асыруға жағдай жасайтын оқыту және тәрбиелеу процесінде педагогикалық технологияларда пайдаланылатын құралдар мен әдістердің жиынтығы. Педагогикалық технология қол жеткізілген жетістіктерді сатылы өлшеу мен қорытынды бағалаудың объективті мүмкіндігін жеткілікті деңгейде сақтайтын мақсаттар [3].

Г.М. Құсайыновтың еңбегінде: «Педагогикалық технология» идеялардан басқа, бұл жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мұғалімнің мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу және оқу процесі емес, бұл кәсіби мұғалімнің басшылығымен шәкірттердің оқыту процесі, бұл өзін-өзі тәрбиелеу және өзара оқыту процесі, мазмұны оқу жоспары мен бағдарламаларында қарастырылған қызмет түрлерін игеру бойынша жұмыстың әр кезеңінде болатын өзгерістер мен қайта құрулар [4].

В.А.Сластениннің педагогикалық технологиясына берген анықтамасында: Ғылыми жоспарлау, нақтырақ айтқанда, қиял, педагогикалық іс-қимылдың сәттілігін қамтамасыз етеді. Педагогикалық процесс белгілі бір принциптер жүйесі негізінде құрылғандықтан, педагогикалық технология осы принциптерді дәйекті түрде іске асыруға бағытталған, бұл олардың сыртқы және ішкі әрекеттердің жиынтығы ретінде қарастырылатын мұғалімнің жеке басының тұтастығымен объективті қарым-қатынасында көрінеді. Педагогикалық технологияның оқыту мен тәрбие жұмысының әдістемесінен айырмашылығы осы. Егер «Әдістеме» ұғымы оқыту мен тәрбиелеу әдістерін оны іске асыратын қызметтен тыс тұтас кешен ретінде қолдану процедурасын көрсетсе, онда педагогикалық технология оған мұғалімнің жеке басының барлық аспектілерінде көруге болады. Сірә, кез-келген педагогикалық материалды қажетті кәсіби деңгейде мұғалім іске асыратын технологиялар арқылы ғана тиімді реттеуге болады [5].

Оқыту мазмұнын жаңғыртудың ең қажетті аспектілерінің бірі - бастауыш білім беруді ақпараттандыру. Бастауыш білім беруді ақпараттандыру - жаңа бастауыш мектеп шәкірттерін тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру талаптарға сәйкес оқу процесінде ұстаздың кәсіби жұмысын ұйымдастыруға әсерін тигізетін ақпараттық коммуникацияларды ұйымдастыру технологиясы. Бастауыш мектепте заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланудың бүгінгі жағдайына анализ жасауға мүмкіндік тудыру.

1. Бастауыш сыныпта ақпараттық технологияларды келесі бағыттар бойынша көрсетуге болады:

- өз бетінше шығармашылық жұмыс жасау;

- өзін-өзі бағалауы, тест, оқытуды дамытатын ойындар, тренингтер, электронды оқулықтарды ж. т.

б жүзеге асыру;

- мәлімет алу, достарымен, құрбы-құрдастарымен интернет желілері негізінде байланыс жасау;

2. Компьютерлік программада, электрондық берілген ойындық, оқу материалдары бойынша проблемалық жағдаяттар, балалардың көңіл-күйіне, ынтасына әсер ететін олардың шығармашылық қабілеттерімен және интеллектуалдық ой іс-әрекеттеріне ықпал ету.

Ендігі кезекте әдіс-тәсілдерге тоқталсақ. Жалпы сабақтың үш кезеңі бар бар. Олар: Сабақтың басы, ортасы және соңы. Сабақтың басында психологиялық ахуал, үй тапсырмасын сұрау және топқа бөліп аламыз. Ал, сабақтың ортасында жаңа тақырып өтіліп, жаңа тақырыпқа байланысты тапсырмалар орындалады, арасында сергіту сәті. Сабақтың соңында рефлексия, бағалау, үй тапсырмасын беру жүзеге асады. Енді дәл осы кезеңдерді әртүрлі әдістер арқылы оқушыларға көрсетіп, оқытып, сабақты жүргізетін болсақ, оқушы қызығады. Тақырыпқа байланысты көрнекілік, ресурстар, интерактивті пайдалансақ оқушы тез меңгереді. Әсіресе, бастауыш сынып оқушылары үшін өте маңызды. Оқушы естігеннен қарағанда көріп үйренсе, жылдам әрі ұзақ уақытқа есте қалады.


Сабақтың басы: Психологиялық ахуал сәтіне «Кубизм» әдісін пайдалануға болады. Кубиктің алты жақ бөлігінде әртүрлі тапсырмалар беріледі. Мысалы, ән айту, Абай өлеңін мәнерлеп айтып беру, құшақтау т.с.с тапсырмалар. Қолданылуы: оқушылар шеңбер болып тұрады. Мұғалім жанында тұрған оқушыға ұсынады. Оқушының қолына кубиктің түскен жағындағы тапсырманы орындап, келесі досына ұсынады. Осылайша оқушыларда сабақтың бастапқы кезінде көтеріңкі көңіл күй туғызып, әрі қарай сабақ жалғасады. Бұл да бір оқушының сабаққа ынтасын ашып, қызықтыруға мүмкіндік береді. Басқада әдістер: «Сәлемдесу», «Күн шуағы», «Өлең жолдары».

Үй тапсырмасын сұрау кезінде wordwall.net интерактивті сервис көмекке келеді. Wordwall.net интерактивті сервисінде сабақты қызықты өткізуге көмектесетін дайын шаблондар берілген. «Кездейсоқ қолисо» әдісінде сыныптағы оқушылардың тізімі жазылады. Осы әдіс арқылы үй тапсырмасын айтатын оқушыны таңдап береді. Одан бақада «Алаңды ашыңыз», «Сәйкес келетін жұптар», «Анаграмма», «Ретке келтір» түрлері өте көп және әрқайсысынан бірнеше түрінен кездестіруге болады.

Топқа бөліну кезеңінде «Жарық» әдісі, «Қаламдар», «Жұп сандар және тақ сандар», «Түстер», «Жануарлар және өсімдіктер» т.б.

Сабақтың ортасы: Ең алдымен жаңа тақырыпты түсіндірерден алдын, сыни тұрғысынан технологиясын пайдалана отырып, тақырыпты оқушыларға дайын күйде бермей тақырыпты өздері табу үшін ребус, сөзжұмбақ немесе сұрақтар қойып, оқушыны ойландыруға мүмкіндік береміз әрі бұл оқушыны қызықтыруға бірден-бір себеп. Жаңа тақырыпты төрт дағдыдағы тыңдалым әдісіне жүгіне

отырып, интерактивті тақтадан бейне жазба көрсетіп, тыңдату арқылы жүзеге асыратын боламыз. Жаңа тақырыпты меңгеру, шыңдау үшін тақырыпқа байланысты тапсырмалар орындатамыз. Бұл кезде бізге мына әдістәсілдер көмекке келеді: «Білім шамы», «Попкорн», «Пицца», «Фри», «Тарсия», «Шам жағу», «Сықырлы қобдиша», «Бал арасы», «Карточкалар», «Лейс» әдестері т.б.



Сергіту сәтінде қолданылатын әдістер: «Нейрожаттығулар», «Эмоция», «Менімен бірге қозғал», т.б. Сабақтың соңы: Рефлексия және бағалау кезінде ұсынатын әдіс-тәсілдеріміз «+1 білім», «Баскетбол», «Каспи карточкасы», «Лайк», «Монета», «Білім поштасы», «Мадақтау», «Смаликтер», «Пайыз», «Бағдаршам», «Алма ағашы», «Қалам», «Ұстазға хат» т.б. Сабақты тиімді өткізетін, оқушылар сіздің келесі сабағыңызды қашан болады деп күтетін және ең ыңғайлы сабаққа қолданылатын 10 ең қызықты интерактивті сервистер тізімін ұсынамын!

1. Flippity-Интерактивті тапсырмаларды жасауға арналған әртүрлі шаблондардың үлкен жиынтығы. <https://www.flippity.net/>

2. Wordwall. Өзіңіздің оқу ресурстарыңызды құрудың қарапайым тәсілі. <https://wordwall.net/ru>

3. Liveworksheets – Интерактивті жұмыс парағын құрастырушы. <https://www.liveworksheets.com/>

4. Edpuzzle – Бейне фрагменттері негізінде интерактивті онлайн сабақтар жасауға мүмкіндік береді. <https://edpuzzle.com/>

5. Learnis – Веб-квесттер, викториналар және интеллектуалды онлайн ойындар жасауға арналған сервис. <https://www.learnis.ru/>

6. Interacty – тесттер, мини-ойындар, интерактивті слайд-шоулар, калькуляторлар, таймлайндар және пайдаланушылар жай қарап немесе оқып қана қоймай, өзара әрекеттесе алатын басқа форматтарды құрастыруға болатын сервис. <https://www.meruiinteractive.com/>

7. WebAsk – Кері байланыс жасаудың тамаша құралы. Ол заманауи дизайнмен, безендіруге арналған түрлі-түсті үлгілермен ерекшеленеді. Әр түрлі зерттеу сценарийлерін жасауға болатын тармақтау механизмі бар. <https://webask.io/ru>

8. Socrative – онлайн тестілеу сервисі. <https://www.socrative.com/>

9. Teachermade – Интерактивті жұмыс парағын құруға арналған тегін сервис. https://employee.provo.edu/approved_application/teachermade-com/

10. Baamboozle – Өткен тақырыпты қайталауда, концепцияны тексеруге, сабаққа шолу жасағанға пайдалы сервис. <https://www.baamboozle.com/>

Жоғары айтып кеткендей, қазір заман секунд сайын өзгеруде дегендей қазіргі таңда бейне жазбалар оқушының, жалпы барлық тұлғаларға керекті, қаралатын бейне жазбалар тым қысқа болыпта беріліп жатыр. Бұл әдісті қорытындылайтын болсам, оқушылардың тілдік төрт дағдылары: оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым жаңартылған білім беру бағдарламасында енгізілген соңғы төртінші дағды тыңдалым дағдысына кіретінін байқауымызға болады

Бастауыш мектептің негізгі міндеті-оқушыларды дамыту, алғашқы дамуын қамтамасыз ету, білімге деген сенім-мұраттарды нығайту, дағдылар мен дүниетанымдық көзқарастарды дамыту, білімге деген қызығушылық пен ынта-зейінді арттыру.

Жаңа технологиялардың қалыптасуы баланың интеллектуалдық, адамгершілік, рухани азаматтық қалыптастыруға әсер етеді, өзін-өзі жетілдіреді.

Демек, бастауыш мектепте жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану негізінде болашақ ұрпақтың еркін дамуына, нақты білім алуына, белсенді шығармашылығына жағдай жасалады.

Пайдаланылған әдебиет

1. Қазақстан Президенті Қ. К. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы, 01 қыркүйек, 2020 ж. - 7 б.
2. Желдербаева С. Жаңа педагогикалық технологиялар. - Алматы, Рауан, 2012. - 99 б.
3. Беспалько В. П. Слагаемыепедагогическойтехнологии. - М. :Педагогика, 2015. - 75 с.
4. Ахметов С. Бастауыш класта білім берудің тиімділігін арттыру жолдары. -Алматы, Рауан, 2011. - 80 б.
5. Шамова Т. И. Современные средства оценивания результатов обучения в школе. - М. : Педагогическое общество России, 2013. - 65 с.

ӘОЖ: 37.015.3

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Сармурзина С.Е., Бақытжанқызы П., биология пәні мұғалімдері
“Мәлік Ғабдуллин атындағы &70 жалпы білім беретін орта мектеп”КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

Таным үрдісінде ойлаудың түрлі тәсілдері пайдаланылады (анализ, синтез, дедукция, индукция, абстрактіліктен нақтылыққа көтерілуі және т.б.). Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойына жинаған асыл мұрасын, дағды тәжірибесін береді. Демек, оқыту - таным үрдісі. Өйткені, онда ілгері қарай қозғалыс болады, оқушы білмеуден білуге қарай жүріп отырады. Оқытудағы міндет – оқушыны табиғат, қоғам және адам дамуының жалпы және негізгі заңдарымен қаруландыру. Таным арқылы заттар мен құбылыстардың басты белгілері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары жайындағы бейнелі қабылдау нәтижесінде ұғым туады. Таным өмірлік қызмет барысында іске асады.

Таным процесі мұғалімнің басқарушылық, әрі бағыттаушылық рөлімен, ынтымақтастық байланыста бірлескен қызметінде іске асырылады. Ғалым педагог Л.Занков: «Оқыту оқушылардың жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет» десе, көрнекті психолог Л.Выготский: «Жақсы оқыту деп, баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады» деп тұжырымдайды және оқу баланың өзіндік танымдық белсенділігі екенін анықтайды [1,15].

Білім беру және оқыту теориясының әдіснамалық негізі - таным теориясы, оқушы тұлғасын жан - жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілім болып табылады. Бұл теория білім беру және оқытуды арнайы ұйымдастырылатын іс - әрекет ретінде қарастырады. Білім беру және оқыту теориясының оқушыларды оқыту мәселесіндегі талаптарының бірі танымдық белсенділік.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі [2,34]. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес.

Бұл талаптың орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл - ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенділік танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Осыдан келіп, оқыту барысында оқушының іс - әрекетінде танымдық белсенділікті қалыптастыру талабы туындайды [3,11]. «Танымдық белсенділік» термині «таным» және «белсенділік» ұғымдарының бірлігімен түсіндіріледі. Сол себепті осы екі терминнің нақты анықтамаларына тоқталған жөн.

«Таным» ұғымы философиялық категория. Танымның алғашқы баспалдағы сезімдік қабылдау негізінде жүргізіледі. Ол айналадағы материалдықтың адам санасында бейнеленуі.

Төменгі сыныпта жаратылыстану пәнін оқу арқылы оқушылардың қоршаған орта, әлем және аспан денелері туралы білімдері молайып, өзбетінше зерттеу жұмыстарын жүргізуге жағдай жасалған. Жаратылыстану пәнін оқытудың ерекшелігі: оқушылардың қоршаған орта, әлем туралы ой-өрісін дамыту, тәжірибе жұмыстарын жасату арқылы шығармашылық ізденіс қабілетін арттыру.

Жаратылыстану пәнін оқу барысында оқушылардың санасында осындай зерттеу дағдыларын қалыптасады: зерттеушілік, байқау, мәліметтерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру.

Оқыту үдерісінде оқушылардың пәннің бөлімдеріне қарай біліммен біліктерін саналы түрде игеруі үшін әрпәннің әдістемелік қызметін пайдалануға, жобалау, зерттеу әрекеттері тәсілдерін игеру негізінде жүйелерін, әлеуметтік мәдени кеңістікте өз орнын дұрыс таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне берілген негізгі міндеттердің бірі.

Оқытудың мәні оқушылардың саналы ойлау, өзбетінше ізденістері мен мәліметтерді жүйелі меңгерту болуы керек деп оқу жүйесіне жаңа міндеттер қойылған еді. Бұл жоспардың барысында қазіргі таңда барлық бастауыш сыныптар білім алудың жаңа жүйесінде оқытылады. Жаңа оқу бағдарламасының маңызы – оқушылардың дұрыс ойлау жүйесін дамыту. Білім алушы өзінің сабақ барысында алған білім нәрін, жалпы тұрмыста, күнделікті өмірде қолдана білу қажет. Яғни, бұл бағдарлама күнделікті өмірмен сабақты байланыстырады [4,45].

Жаратылыстану пәні бойынша сабақ берудің әдістемелік негізін салған орыс ғалымы А.Я. Герд «адам баласы білімді тек қана оқып емес, оны бақылау, салыстыру, тәжірибе арқылы игереді, сол себепті жаратылыстануда осы әдістер ең маңыздысы болып табылады» деген екен. Осы әдістерге жеке тоқталайық:

Бақылау әдісі:

1. бұл шәкірттерге қоршаған әлемнен нақты және бейнелі идеялар мен тұжырымдамаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді, соның негізінде шығармашылық ойлау қызметі, кіші мектеп оқушыларының дамуы жүзеге асырылады.
2. ол табиғи құбылыстардың үздіксіз өзгеруі мен дамуын, табиғатта болып жатқан құбылыстардың өзара байланысы мен заңдылығын, әлемнің бірлігін қамтамасыз етеді.
3. бұл назардың тұрақтылығын арттырады, шығармашылық, танымдық қабілеттерін арттырады, оқушылардың байқау қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сабақтарда бақылауды сауатты ұйымдастыру және жүйелі түрде дұрыс пайдалану қабілеті ұстаздың дағдыларына байланысты. Егер сіз сабақта бақылау әдісін қолдансаңыз, келесі жүйені қолданыңыз:

- Бақылау үшін оқу материалдарын іріктеңіз;
- Шәкірттерді бақылауға дайындаңыз;
- Сабақты бақылау үшін қажетті негізгі ұғымдарды қалыптастырыңыз;
- Бақылау мақсатын нақты қоя білу.
- Күнделікті бақылау үшін тапсырмаларды жасаңыз және балаларға тапсырмалар беріңіз;
- Қажетті жабдықтарды дайындаңыз;
- Бақылау нәтижелерін жазып, жалпылаңыз.

Бақылау әдісі оқиғаның уақытына сәйкес орындалады және бірнеше кезеңге бөлінеді:

- Оқытушының басшылығымен бақылау (көп аса 1-ші сыныпта өткізіледі, қоршаған табиғатты көруге әлі үйренбеген, олар әлі де өзгерістерін түзете алмайды)
- Жүйелі қысқа мерзімді уақытша бақылау (ұстаз шәкіртке бір сәтте, серуендеу кезінде немесе табиғатты бақылауға нұсқау береді)
- Ұзақ мерзімді бақылау (мысалы, өсу, өну, көбею, тұқым, жеміс беру, белгілі бір өсімдіктердің қурап қалуы). Көктем, жаз, күз, қыс айларындағы өзгерістер сияқты т.б.
- Зерттеу қызметімен байланысты бақылау. Белгілі бір тақырып бойынша оқушының қызығушылығына сәйкес бақылау жүргізу, зерттеу соңында жобаны дайындау және оны қорғау. Қазіргі таңда оны жобалау әдісі деп атайды.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін жақсарту үшін жаратылыстану сабақтарында қолданылатын негізгі әдістердің бірі – **салыстыру**. Бір кездері К.Д. Ушинский «салыстыру – бұл әр тұжырымдаманың және әр ойдың негізі» деді. Мысалы: біз қылқан жапырақты және жапырақты ағаштарда салыстыратын бірінші нәрсе – жалпы белгілерді, тамырларды, бұтақтарды, жапырақтарды салыстыру. Негізгі айырмашылық жапырақтарда жатыр. Біз қылқан жапырақтардың жапырақтары қылқан жапырақты ағаштардың пішініне ие деген қорытындыға келеміз. Салыстырудағы маңызды қадам – оқушылардың пәннің маңызды ерекшеліктерін ажырата білу қабілеті.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін жақсарту үшін жаратылыстану сабақтарында қолданылатын негізгі әдістердің бірі – **тәжірибе**. Шәкіртті табиғат объектісінің табиғатымен, табиғи құбылыстардың мәнімен таныстыру қажет болған кезде эксперименттер жүргізу өте маңызды. Жаратылыстану сабақтарында жүргізілген эксперименттер сыныптағы кейбір табиғи құбылыстарды

қолмен көбейтуге мүмкіндік береді. Минералдардың қасиеттерін, суды сүзгілеу арқылы тазартуды, топырақтың табиғатын, тұқымның өнуін бақылауды және т.б. білу үшін эксперименттер жүргізу қажет.

Мұғалім тәжірибеге келесі дайындық жұмыстарын жүргізеді:

- Практикаға керек құралдарды дайындайды;
- Практикаға керек материалдарды таңдайды;
- Мұғалімдер оқу күні басталғанға дейін барлық тәжірибеден өтеді;
- Шәкірттерді қауіпсіздік ережелерімен таныстырады, практика кезінде өзін қалай ұстау керектігін ескертеді;
- Практиканың мақсаттары мен міндеттері туралы ақпарат береді;
- Эксперимент мәселесін шешетін сұрақтарды тақтаға алдын-ала жазады.

Егер тәжірибе отпен, қышқылмен жүргізілсе немесе балаға оны орындау қиын болса, мұғалім өз бетінше тәжірибе жасайды. Мұғалім бұл жағдайда қажетті жабдықты әр бала эксперименттің барысын көре алатындай етіп эксперимент жүргізу үшін арнайы тұғырға қояды.

Ауқымды практика кезінде қатысушылар шәкірттерге практикаға қажетті жабдықтар мен заттарды таратады. Шәкірт ұстазының жетекшілігімен эксперименттер жүргізеді, соңында шәкірт нәтижелерді талдайды және тиісті қорытынды жасайды. Тәжірибені немесе жаппай эксперименттерді көрсету кезінде асықпау қажет, бәрін мұқият тексеріп, шәкіртке табиғи құбылыстарды көбейту кезінде дәйектілікті түсіндірген жөн. Сұрақтарға жауап алу, қорытынды жасау және әңгіме жүргізу қажет.

Жаратылыстану сабақтарында шәкірттердің танымдық қабілеттерін арттырудың бұл әдістері шәкірттердің шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Оқушылардың көкжиегін кеңейтудің, танымдық қабілеттерін қалыптастырудың және шығармашылық қабілеттерін дамытудың осы әдістерін жүзеге асыру үшін мен «сыни ойлау» стратегияларын және «дамытушылық оқыту», «топтық оқыту» әдістерінің тиімділігін қолданамын және сабақ барысында осы әдістер мен стратегияларды жиі қолданамын.

Қазіргі кезде оқушының оқу әрекетінің жемісті, нәтижелі болуына, танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын ынталандыруға септігін тигізетін өз бетіндік оқу үрдісін ұйымдастырудың түрлі әдістерін, тәсілдері мен нысандарын іздестіру – аса маңызды міндет болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алпысбева Н.С., Шатырбаева Г.Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуда дидактикалық құралдардың алатын орны// «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(45), 2015ж.
2. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. Алматы: 2007,-230.
3. Тоғайбаева А.К., Есенгулова М.Н., Жалпы педагогика негіздері. Әдістемелік нұсқау – Ақтөбе 2018.
4. Шаяхметова М.Н. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын арттыру жолдары// ПМУ Хабаршысы Педагогическая серия. 2015. №1

ӘОЖ: 37.015.3

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ИНТЕРАКТИВТІ РЕСУРСТАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ТИІМДІЛІГІ.GENIALLY. LLY ПЛАТФОРМАСЫ

Айдарова Н.Е., Айтпанбетова М.М., "Бастауыш класс" мұғалімдері
М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

Цифрлық сауаттылық - цифрлық технологияларды және интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдылардың жиынтығы. Цифрлық технология қоғам өміріне әсерін молынан тигізуде. Соның нәтижесінде денсаулық сақтау мен білім беру, қала тіршілігі, жалпы адамның күнделікті өмірі айтарлықтай өзгеріп, жаңа сипатқа ие болуда.

Жаңа ғасырға лайықты ізгі қасиеттерге ие болу - қазіргі таңдағы әрбір жеке тұлғаның алдында тұрған асыл да негізгі міндет. Бүгінгі уақытта адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне жаңа технология дәуірінің өзі биік талаптар қойып отыр. Өткеннен сабақ ала отырып, болашақтың қоржынына өзіміздің халықтық қасиетімізбен, жаңарған болмысымызбен, терең ой-санамыз және сапалы дүниелерімізбен үлес қосу – жаһандану кезеңінің табалдырығында тұрған біздер үшін аса маңызды іс.

Заманауи технологиялар біздің өмірімізге тұрақты түрде енгізілуде, «Цифрлік» тұжырымдамасын тек ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де жиі кездесетін болдық. Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді. Оқу үрдісінде компьютер оқып-үйрену нысаны ретінде, сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, студенттердің саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал екінші бағыт тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Бүгінгі кезде ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «педагогтың цифрлық құзыреттіліктері» ұғымын айқындауға және де оның құрылымдық бөліктеріне көп көңіл бөлуде. Елімізде цифрландырудың дамуы білім беру жүйесінің тиісті бағдарлануын талап етеді. Сарапшы зерттеушілер педагогтар арасында цифрлық алшақтық бар екен алға тартады: кей біреулері білім беру үдерісін түрлендіру үшін цифрлық технологияларды қолданса, басқа педагогтер дәстүрлі оқу процесін цифрландыру үшін пайдаланады. Мұғалімдер цифрлық технологиялардың артықшылықтарын сезінуі маңызды, ал цифрлық қорытындылар оқытушы үшін тек көмекші болып қалу керек. Сол себепті, жаңа буын мұғалімдері бойында болуы тиіс маңызды құзыреттер цифрлық болып табылады.

Жоба барысында біз өз тәжірибемізде цифрлық құзіреттілігімізді дамыту мақсатында қолданған платформалардың бірін сипаттап, алынған нәтижелерді талдауды жөн көрдік. Өз жұмысымызда интерактивті жұмыс парақтарымен сабақ барысын калай түрлендіруге болатынын көрсетеміз.

Интерактивті жұмыс парақтары ақпараттық жүйелердің бір түрі. Оларды тәуелсіз қызметтер ретінде немесе қашықтықтан оқыту жүйелерінің белігі ретінде пайдалануға болады. Интерактивті жұмыс парағының кептеген қызметтері Google Classroom интеграциясына ие. Соңғы жағдайда Google сыныбы функционалдылықты күшейтудің бір түрін алады.

Дұрыс жасалған интерактивті жұмыс парағы келесі мүмкіндік береді:

- «сөйлейтін бас» рөлінен босатады (talkinghead);
- оқушылар оқу тақырыбын өз бетінше және дербес оқи алады;
- бүкіл сыныптың жұмыс қарқынына қарамастан оқушы өз жұмыс темпін сақтайды;
- оқу процесіне сандық құралдар мен веб-қызметтерді енгізуге болады;
- мұғалім сабақта мұғалім көмегіне мұқтаж балаларға көбірек көңіл бөле алады.

Интерактивті жұмыс парағын сабақта қолданудың кезеңдердің бірі ретінде, оқушылардың өзін-өзі оқыту құралы ретінде қолдануға болады. Мысал ретінде Genially.lly платформасына тоқталамыз.

Genially.lly - бұл оқытушы өз пәніне материалдар дайындау үшін қолдана алатын инновациялық білім беру құралы ғана емес. Бұл қосымша қазірдің өзінде оқытушылар өз тәжірибелерімен бөлісетін және сабаққа арналған инновациялық білім материалдарын құратын, халықаралық оқытушылар қауымдастығына айналды. Тегін нұсқада барлық құрылған электронды жұмыс дәптерлері ашық ақпараттық - білім беру ортасына түседі. Genially -ді педагогтар төменде көрсетілгендер үшін қолдана алады:

- o қызықты ойындар,
- o түрлі слайттар,
- o топтарды жарыстыру,
- o жұптық тапсырмалар,
- o ашық сұрақтар,
- o бірнеше жауап таңдау,
- o салыстыру,
- o сәйкестікті анықтау,
- o мәтіндегі рұқсаттамаларды толтыру,
- o рефлексия және кері байланыс,

Genially.lly қызметі басқа оқытушылардың жұмыс үлгілерін пайдалануды ұсынады, осылайша, бүкіл әлем бойынша мұғалімдердің тәжірибесі мен шығармашылық әлеуетін жинақтайды. Ашық галереяда одан әрі пайдалану үшін әр түрлі тілдердегі, соның ішінде орыс тілін қоса алғандағы барлық пәндер бойынша электронды жұмыс дәптерлері жарияланған. Платформада дидактикалық материалды құру бойынша мұғалімдердің бірлескен қашықтан жұмыстарын ұйымдастыру мүмкін болады.

Қызметтің негізгі функциялары тегін. Оларға жеке интерактивті тапсырмаларды құру, қоғамдастықтағы мындаған жұмыс парақтарына қол жеткізу, студенттерге қажетті материалдарға бір рет басу мүмкіндігі, сонымен қатар бір реттік сынып бөлмелерін құру кіреді.

Genially.lly қызметінің пайдалану үшін мына амалдарды жүзеге асырамыз.

- Yandex немесе Google- дан Genially.llyсайтына кіреміз;
- Сайтқа кіргеннен кейін бізге біршама шаблондар көрсетіледі (мысалы: презентация, интербелсенді суреттер, түрлі ойындар, видео/аудио, диаграммалар, т.б.);
- Log.in (кіру) батырмасын басып, жеке аккаунт ашамыз;
- Жұмыс тақтасы ашылады;
- Create.genially батырмасын басамыз. Бізге көптеген шаблондар ашылады.
- Өзімізге керегін тандап алып, тапсырмаларды, мәліметтерді енгіземіз.

Genially.lly қызметінің тағы бір артықшылығы онымен топтастыру жұмыстарын да істеуге болады.

Интерактивті дәптермен жұмыс жасаудың мәні - оқу процесі барлық білім алушылар таным процесіне қатысатындай етіп құрылады. Өз жұмысында интерактивті дәптер жасау техникасын қолдана отырып, стандарттан тыс ойлауға, әртүрлі идеяларды ұсынуға және жүзеге асыруға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік бар. Мұғалімнің міндеті- оқушыларға өздеріне сенуге көмектесу және жаңа көкжиектерді ашуға дұрыс ынталандыру.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Оспанбекова М.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау, филос. док. (PhD) ... дис – Алматы, 2019. – 287 б.

2. Интернет көздері

ӘОЖ: 37.015.3

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

**Тальжанова А.Ж., Бақтығалиева Н.А., "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні мұғалімдері
"М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР**

Оқу үрдісінде оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық.

Технология (грек тілінен technе – өнер, шеберлік, шеберлік және грек тілінен logos – оқу) - белгілі бір нәтиже алуға бағытталған ұйымдастыру шараларының, операциялар мен әдістердің жиынтығы. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе білімді беретін деген сөзді құрайды.

Педагогикалық технологияны қолданатын субъектілердің жеке ерекшеліктеріне қарамастан, берілген шарттар шеңберінде объективті түрде жобаланған нәтиже беретін мақсатты операциялардың саналы, іс жүзінде игерілген жүйесі. Оқыту технологияларының ерекше белгілеріне мыналар жатады:

- нәтижені бекітудегі айқындық пен сенімділік;
- оған қол жеткізу критерийлерінің болуы;
- оқыту субъектілері қызметінің кезең-кезеңімен ресімделетін құрылымы;
- тәжірибенің тасымалдануы және қайталануы [1].

«Оқытудың формаларын, әдістері мен құралдарын жалпылайтын психологиялық-педагогикалық құрылғылардың ортақтығы» деп Б.Т.Лихачев айтқандай, технологияның шексіз өзгертін механикалық құрылымын емес, бала мен мұғалімнің өзара әрекеттесуінің өзегі, маңызды ұйымдастырушылық құрылымды қамтиды. Педагогикалық технологияның

мәні-шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау.

Жаңа технологияларды меңгеру керек. Мұғалім тәжірибесінде өзекті болып отырған жаңа технологиялардың бірі - «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғыдан ойлауға дидактика және психология саласындағы көптеген ғалымдар анықтама келтірген «Сын тұрғыдан ойлау – бұл идеялар мен мүмкіндіктерді шығармашылық біріктірудің, тұжырымдамалар мен ақпаратты қайта ойластырудың, қайта құрудың күрделі процесі. Бұл бір уақытта бірнеше деңгейде болатын белсенді және интерактивті таным процесі» деп американдық психолог Д.Халперин айтып кеткен болатын [2].

«Сын тұрғыдан ойлау дегеніміз – пайымдаулардың немесе сынның негативтілігі емес, негізделген шешімдер қабылдау үшін тәсілдердің алуан түрлілігін саналы түрде қарастыру. Сын тұрғыдан ойлау-бұл жаңа сұрақтар қою, әртүрлі дәлелдер жасау, тәуелсіз ойластырылған шешімдер қабылдау мүмкіндігі .

Сын тұрғысынан ойлау оқушылардың ойлауын дамытып, өз ойының шешімін дәлелдеуге, шығармашылық ойға жетелейді. Бұны белгілі ғалым Д.Халперннің «Сыни ойлау- ойлаған түп нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттап ойлану» деген пікірімен дәлелдеуге болар еді.\

- оқушыларды бағыттау;
- өз бетімен шешім шығаруға жағдай жасау;
- оқушылардың өз беттерімен шешім шығаруға мүмкіндік беру;
- қалыптасқан ішкі жағдаяттарды дайындау.

«Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының стратегияларын сабақта қолдану барысында көрсеткен нәтиже;

- 1) Оқушының оқуға қызығуы артады.
- 2) Іскерлік дағдысы.
- 3) Ойлау белсенділігі.
- 4) Тапқырлығы.
- 5) Өзіне деген сенімі қалыптасады [3].

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бойынша әр сабақ үш кезеңнен тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны ашу;
- ой толғаныс[2].

Бірінші кезең -»Қызығушылықты ояту» -Эвокация. Бұл- оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы. Бұл кезеңнің мақсаты – оқылатын тақырыпқа оқушылардың қызығушылығын ояту, оқушы белсенділігін ояту. Дж.Дьюи мен Б.Блум өз зерттеулерінде оқушыға оқу мақсатын қоюға мүмкіндік беру қажет деп есептейді, олардың ойынша бұл оқушылардың ішкі мотивтерін тудырады. Мұғалім осы мақсатқа жетудің тиімді әдістерін таңдайды. Егер оқушыға бұрыннан білетінін таңдауға мүмкіндік берілсе, бұл оның жеке мақсат-мотивтерін тұжырымдауға қосымша ынталандыру жасайды. Дәл осы тапсырма шақыру кезеңінде шешіледі, айтылған пікірлерді ретке келтіру қарам-қайшылықты, сәйкессіздікті, түсініксіз жерлерді көруге мүмкіндік береді, оқушы зерттелетін тақырыптың қай аспектісіне назар аударуды анықтайды.

Шақыру кезеңін жүзеге асыру барысында:

- 1) өз көзқарасын еркін білдіре алады;
- 2) бұл кезеңде «дұрыс», «бұрыс» деген мәлімдеме болмайды;
- 3) жеке және топтық жұмысты ұштастыра жүргізген дұрыс.

Екінші кезең «Мағынаны ашу»-Реализация. Бұл - оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. Бұл кезең- оқыту үрдісінде ең ұзаққа созылатын кезең. Мұғалімнің жаңа ақпаратпен таныстыруы аз, керісінше оқушылардың жұмысы көбірек жүзеге асады. Сын тұрғысынан ойлаудың шарты – оқытылатын материалмен жұмыс істеу кезінде түсінгенді қадағалау. Бұл кезеңдегі ең маңызды сәт - тақырып бойынша жаңа ақпарат алу. Ұйымдастыру жұмысы топтық та, жұптық та, жекелік те немесе бейне көру де болуы мүмкін. Оқушы кез келген ақпаратты жеке қабылдауы және қадағалауы болады. Сын тұрғысынан ойлауды дамытудың авторлары осы кезеңде оқушылардың белсенділігін, олардың қызығушылығын және шақыру кезеңіндегі инерциясын сақтау басты міндет екенін атап өтеді.

Кезеңнің мақсаты:

- жаңа ақпаратпен танысу;
- жаңа ақпараттармен өз білімімен ара-қатынас белгілеу.

Белсенді оқу әдістерін қолдану:

- инсерт;
- екі жақты күнделік;
- қосымша журнал;
- сабақтың бірінші кезеңінде қойылған сұрақтарға белсенді түрде жауап іздеу және т.б.

Бұл кезеңде жаңа ақпараттармен, ойлармен танысады, тиісті тақырыпқа байланысты кино көру, дәріс, әңгіме, тыңдау немесе тәжірибе — эксперимент жасау, мультимедиялық құралдарды пайдаланады [4]

Үшінші кезең «Ой толғау»-Рефлексия.

Рефлексия-тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Роберт Бустрем өзінің «Развѣтитворческого и критического мышления» кітабында «Рефлексия – ойлаудың ерекше түрі. Рефлексиялық ойлау сіздің назарыңызды аударуды білдіреді.Бұл мұқият таразылау, бағалау және тандлау дегенді білдіреді» деген болатын. Рефлексия барысында жаңа ақпарат игеріледі, ол өз біліміне айналады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының алғашқы екі кезеңінің функцияларын

талдай отырып, шын мәнінде рефлексиялық талдау мен бағалау жұмыстың барлық кезеңдеріне енеді деген қорытындыға келуге болады. Бұл кезеңді де жеке және топтық формада ұйымдастыруға болады. Рефлексия кезеңінде диалогқа мүмкіндік беру арқылы мұғалім бір мәселе бойынша пікірдің әртүрлі нұсқаларын қарастыруға мүмкіндік береді. Рефлексия барысында мұғалім оқушылар жұмысының нәтижесін бағалайды.

Бұл кезеңнің мақсаты:

- қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын ашу;
- оқылған материалды талдау және қорытындылау;
- тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау;
- мағынаны тану кезеңінде білімге сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады;
- қарастырған тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жаңа тақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады; -өзіне қойған сұрақтарға мағыналы жауап алғандарын бағалайды;
- алған білімдерін өмірмен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз бетімен жаңа идеяларды ойластырады;
- кластер құру;
- әртүрлі кезеңдегі ақпараттардың өзара қатынасын сипаттайтын кестелер толтырады:
- түйін сөздерге қайта оралу;
- дұрыс және дұрыс емесін мақұлдауға қайта оралу;
- рефлексивті сұрақтар; пікір алмасу.
- шығармашылық жұмыстар жазу (синквейн,эссе) және т.б. Оқылған ақпаратты талдау, түсіндіру, шығарманы өңдеу жұмысы топ бойынша жүргізіледі [5].

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық.– Алматы, 2014. – 360 бет.
2. МуштавинскаяИ.В.Технологияразвитиякритическогомышлениянаураке и в системеподготовкиучителя.- Москва.
3. Д.Халперн «Психология критическогомышления».- Санкт-Петербург ,2000г.
- 4.Бұзаубақова К.Ж.Инновациялық педагогика негіздері.Оқу құралы.-Алматы: Білім, 2019. –424 б.
- 5.Рефлексия в науке и обучении –Новосибирск, 1984г.

ӘОЖ: 37.015.3

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ЖАЗБА ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Бутагарина А.Б., Латипбаева А.Г., Бастауыш класс пән мұғалімдері
“М. Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп” КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, ҚР

Кіші мектеп оқушыларының сөйлеу әрекетін дамыту қазіргі білім беру үрдісінде басты міндеттердің бірі болып отыр. Баланың сөйлеу әрекеті дамыса, онда бала басқалармен тілдік қатынасқа түсе алады. Қарым-қатынас барысында оқушының тұлға ретінде қалыптасуы,оның өзіндік санасының өсуі,танымдық қабілетінің қалыптасуы, ақыл-ойы, сөйлеу тілі дамуы жүзеге асады. Бастауыш сыныптың оқу бағдарламасында атап көрсеткендей, оқушы қазақ тілінің фонетика, лексика, грамматика, орфографиядан білім алумен шектелмейді, сонымен қатар оның сөйлеу дағдысын дамыту да басты мақсат екендігі нақты көрсетілген.

Сөйлеу тілінің ауызша және жазбаша түрі бар. Психолог Т.Тәжібаев «ауызша сөз бен жазбаша сөздің арасында үлкен айырмашылық бар, ол айырмашылықтар балалар тілінде айқын көрінеді» дей келіп, бұл айырмашылықтың себебі жазбаша сөздің өзгешілігінде, оның механикалық құрылысының күрделігінде дегенді айтады. Әрине, жазбаша сөйлеуде логикалық байланыс жақсы сақталады, ал ауызша сөйлеуде бұл байланыс бұзылады, өйткені ол сөйлеушінің сөз қолданысына байланысты өзгеріске түседі.

Жазбаша сөйлеудің ерекшеліктері;

- жазған кезде ым-ишара қолданылмайды;
- логикалық жағынан қатаң талап қойылады;

-грамматикалық ережелер сақталады;

-жазған адам аса зор зейін қойып, әр сөзге ерекше мән беріп, мағыналы сөздер қолданылады.

Оқушылардың жазба жұмыстарының жіктелуі:

Репродуктивті - қысқаша мазмұндап жазу, ішінара мазмұндау, баяндаушы жақты алмастырып мазмұндап жазу, түрлендіріп жазу.

Репродуктивті-бағалаушы-шығарма және шығарма элементтері кіріктірілген мазмұндама.

Жазу күрделі психофизиологиялық үрдіс. Онда екі негізгі деңгейді ажыратуға болады: 1) жазу техникасын қамтамасыз ететін психофизиологиялық 2) психолингвистикалық (жазу сөйлеу әрекеті ретінде). Жазу процесіне әртүрлі анализаторлар қатысады: есту (акустикалық, сөйлеу-есту), көру (оптикалық), мотор және сөйлеу-мотор.

Барлық анализаторлар күрделі шарттар рефлекс жүйесін құрайды, олар өзара байланысты және жазуды қамтамасыз ету процесінде өзара әрекеттеседі. Жазу процесі - бұл күрделі психикалық белсенділік, оның құрылымына психиканың ауызша және вербальды емес компоненттері кіреді: назар, есте сақтау, көру, есту және кеңістіктік қабылдау, қолдың ұсақ моторикасының жұмысы кіреді. Л.С.Цветкованың бір еңбегінде айтылғандай, осылардікі біреуі бұзылса, балаларда қиындық тудыратыны айтылған.

Жазбаша сөйлеу - бұл тілдің өмір сүруінің бір түрі, ол ауызша сөйлеуге қарағанда кейін пайда болды. Жазбаша сөйлеу ақпаратты жинақтау, беру және өңдеу әдістерінде төңкеріс жасап қана қоймай, адамның өзін, әсіресе оның дерексіз ойлау қабілетін өзгертті. Жазбаша сөйлеу ұғымы тең компоненттер ретінде оқу мен жазуды қамтиды.

Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілін дамыту әдістерін төрт топқа бөлуге болады: имитациялық, коммуникативті, дизайн. Имитациялық әдіс басқаша айтқанда «үлгі бойынша» әдіс деп те атауға болады, оған үлгі мәтіндерді модельдеу, дайын мәтіндерді талдау, модельдер бойынша сөйлемдер құрастыру, ереже шығару, шығармашылық тапсырмалар орындау, т.б. Бұл әдіс кіші мектеп жасындағы балаларды жазбаша сөйлеуге дайындайды. Коммуникативті әдіс сөйлеу әрекетінің теориясына, атап айтқанда сөйлеу үрдісін талдауға негізделген әдіс, оның барлық кезеңдерін-ситуациялық, мотивациялық, әңгімелесушінің қабылдауы мен кері байланысын ескереді. Оған жататындар жаттығулар, эссе жазу, шығарма жазу, тақырыпты ашу, композицияны жоспарға бағындыру, сөздерді, фразаларды, фразеолгизмдерді талдау, т.б. Дизайн әдісі коммуникативті әдіспен байланысты, өйткені ол сөйлеуді ынталандыруды, оның тиімділігін қамтамасыз етеді. Бұған жататындар:

-мәтін теориясына негізделген жаттығулар: үлгілер мәтінінің құрылымын модельдеу және осы модельдің жеке мәтінін ұсыну, мәтінді редакциялау; мәтіндегі байланыс түрлерін дамыту;

- мәтін бойынша құрастыру әр түрлі функционалды семантикалық типтегі мәтіндер: сипаттама, баяндау және пайымдау, сондай-ақ әртүрлі жанрлар: әңгіме, пейзаждық эскиздер, сюжетті диалог түрінде беру.

Бастауыш сыныпта оқушылардың жазба тілін дамытатын жұмыстарына диктант, мазмұндама, шығарма жатады.

Мазмұндама - оқушының тілден алған білімін тексерудің негізгі нысандарының бірі. Мазмұндама дегеніміз - белгілі бір шығарманың (мәтіннің) мазмұнын ауызша немесе жазбаша түрде баяндап беру. Бұл оқушылардың алған білімін тиянақтап, тілін дамыту мақсатын көздейді. Мазмұндама арқылы оқушының өз ойын жүйелі баяндай алуы, тіл байлығы, сауаттылық деңгейі айқын көрінеді.

Бастауыш сынып оқушыларын дұрыс жазуға үйрету үшін олардың есту сезіміне, сөйлеу аппараттарына, көру сезімдеріне, қол қимылы мен ой қызметтеріне ерекше көңіл бөлу керек. Мазмұндама жазу арқылы кіші мектеп оқушылары оқылған мәтінді қабылдап, қабылдағандарын қайта жаңғыртып, есінде қалған мәліметтерді өз сөздерімен жазып береді.

Бүгінгі күннің мұғалімі –шығармашылық адамы. Ол қанша ізденсе, болашақ ұрпаққа соншалықты сапалы білім бермек. Ендеше мұғалім күш қуатын көңіл әрдайым жоғары көтере білсе, сонда сабақ беру сапасы арта түсіп, еңбегі жанады.

Пайдаланылған әдебиет

1. Ахметов С. Бастауыш класта білім берудің тиімділігін арттыру жолдары. -Алматы, Рауан, 2011. - 80 б.

2. Шамова Т. И. Современныесредстваоцениваниярезультатовобучения в школе. - М. : Педагогическоеобщество Ресей, 2013. - 65 с.

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ БЛАГОПОЛУЧИЕ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ

Абильдина С.К., Кударина А.С., Омарова М.К.

Карагандинский университет Букетова, Караганда, Казахстан

Последние десятилетия появляется все больше публикаций в авторитетных научных базах, в которых обсуждается термин «психологическое благополучие» (psychological well-being) применительно к субъектам образовательного процесса. Кроме того, растет количество журналов, специально посвященных теме благополучия, субъективной удовлетворенности жизнью, счастья и т.д. Сфера образования смещается в сторону более полного понимания успехов обучающихся. Хотя академическая успеваемость остается основной целью, все большее признание получает важность содействия благополучию обучающихся и их личностному развитию. Растущее количество исследований личностного развития и психологического благополучия подчеркивает их значение для успеха школьников.

Особое внимание к проблеме уделяется в нормативно-правовой базе страны, что подчеркивает ее актуальность и важность на государственном уровне.

В послании Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана [1] говорится, что все казахстанские школьники должны иметь достойные условия для обучения и развития. В рамках Национального плана развития Республики Казахстан до 2025 года создание благоприятных условий и среды для обучения и будет одним из основополагающим критерием качественного образования в средних школах [2]. Именно на создание благоприятных условий для формирования и развития детей через строительство отвечающих современным требованиям школ нацелен национальный проект «Комфортная школа» [3]. Проект позволит решить вопрос технического оснащения школ, учебного и индивидуального физически безопасного пространства, для отдыха в том числе, адаптации школьного пространства для детей с особыми образовательными потребностями.

Следует отметить, что задача современной школы состоит не только в готовности детей к определенным навыкам, здесь речь идет о глобальных компетенциях и психологическое благополучие обучающихся играет ключевую роль в данном процессе. Это позволит повысить эффективность работы по достижению Казахстаном Целей устойчивого развития (ЦУР), которые отмечают острую необходимость устранения последствий пандемии COVID-19 для восстановления, стабилизации и развития психологически благополучного взаимодействия всех участников образовательного процесса [4].

В Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы отмечается, что «необходимо пополнять национальные ценностные идеи лучшими и доступными проектами, которые позволят восполнить пробелы в контексте психологического благополучия обучающихся и учителей. Формируя такую базу, появляется возможность создать некий конкурентоспособный резерв, который будет удовлетворять спросу каждого ученика, каждого учителя, оказавшегося в неблагоприятной или стрессовой ситуации» [5].

Внедрение Индекса благополучия детей [6] представляет собой значительный шаг в оценке и повышении качества жизни детей в Казахстане. Разделение индекса на четыре основных направления, «Ребенок», «Семья и общество», «Государственная политика», «Благосостояние страны», позволяет охватить широкий спектр аспектов, влияющих на благополучие детей, и обеспечить комплексный подход к его измерению, а также позволит выявить приоритетные области, в которых необходимо улучшить условия жизни и обеспечить детям лучшие возможности для развития.

Регулирующие документы отражают стремление государства к эффективному решению вопроса психологического благополучия обучающихся, определяя конкретные механизмы и подходы для его разрешения.

Проблема психологического благополучия личности остается недостаточно изученной в мировом научном сообществе. Часть исследователей понятия «психическое здоровье» и «психологическое здоровье» относят как соподчиненные.

Психическое здоровье необходимо понимать как состояние психики, которое характеризуется отсутствием психических заболеваний и нарушений и рассматривается через призму медицинских и клинических критериев. **Психологическое благополучие** представляет собой более широкое понятие, которое включает также субъективное ощущение удовлетворенности жизнью, личностного роста, смысла, достижения целей, гармоничных отношений с окружающими и саморазвития.

Психологические благополучие может быть рассмотрено как состояние психологического здоровья, как субъективное ощущение удовлетворенности жизнью, как уровень самореализации человека [7].

Таким образом, важной отличительной чертой психологического благополучия является гармония внутреннего мира человека с окружающей средой, а также равновесие между отдельными компонентами субъективной реальности личностного «я».

Большинство исследований проблемы «психологического благополучия» посвящено исследованию его компонентов. Наиболее известна авторская структура психологического благополучия С.Д. Ryff[8]. В структуру вошли 6 аспектов (рис. 1).




Рисунок 1. Аспекты психологического благополучия(С.Д. Ryff, 1989)

Позитивное отношение к окружающим включает навыки построения и поддержки доверительных отношений с другими людьми. Управление окружающей средой подразумевает наличие умений человека создавать необходимые для достижения желаемых результатов, решения поставленных задач условия. Автономия понимается как независимость личности, ответственность за свои решения и действия. Знание своих достоинств и недостатков, понимание себя, уважение себя включает аспект «самопринятие». Личностный рост обеспечивается стремлением к расширению знаний, личностному развитию, совершенствованию своих компетенций. Жизненная цель подразумевает осознание своих желаний, а также умение планировать свою деятельность для их достижения. Перечисленные аспекты легли в основу диагностической процедуры (шкала психологического благополучия), используемой в эмпирических исследованиях.

Как отмечает Н.В. Быстрова, «состояние психологического благополучия характеризуется также составляющими как: автономность, компетентность в межличностных отношениях и способностью к личностному росту». Не менее важны чувство уверенности и защищенности, позитивный стиль жизни, чувство безопасности и защищенности, позитивный стиль жизни, эмоциональный комфорт, адаптация в социальной среде [9].

Психологическое благополучие школьников в последние годы изучается через влияние ряда факторов. Стресс в школьной среде, вызванный учебной нагрузкой, экзаменами и социальным давлением изучается с точки зрения освоения обучающимися практик по преодолению стресса, формирования психологической резилентности. Семейная среда оказывает влияние на психологическое благополучие обучающихся через уровень родительской поддержки, психолого-педагогической компетентности, влияние семейных конфликтов. В то же время исследуются факторы, способствующие или препятствующие успешной учебе и личностному успеху. К ним относят буллинг и агрессивное поведение со стороны сверстников. Изучаются стратегии профилактики и вмешательства. В фокус исследования попадает влияние тенденции использования цифровых технологий и социальных сетей в образовательной среде на психологическое благополучие обучающихся. Педагоги играют решающую роль в обеспечении благополучия

обучающихся. Обнаруживается необходимость поддержки ресурсов педагогов в виде психологического консультирования, профессиональной поддержки, а также работе с педагогами по формированию навыков поддержания психологического благополучия обучающихся.

Одним из важных факторов, оказывающих влияние на психологическое благополучие, является образовательная среда. В первую очередь, образовательная среда, под которой понимают упорядоченную, целостную совокупность компонентов, взаимодействие и интеграция которых обуславливает наличие у образовательного учреждения выраженной способности создавать условия и возможности для целенаправленного и эффективного использования педагогического потенциала среды в интересах развития личности всех ее субъектов.

В.А. Ясвин понимает образовательную среду как «взаимодополнение двух данностей - мотивов и потребностей индивида и заданности определенных свойств внешнего мира, предоставляющих (или ограничивающих) возможности для его обучения и развития и складывающихся во взаимодействии индивида с внешним миром» [10].

Положительное влияние атмосферы образовательной среды на психологическое благополучие обучающихся определяется отношениями с педагогами и сверстниками, а также условиями обучения, наличием поддерживающей и инклюзивной школьной среды. Комфортная образовательная среда, стиль преподавания способствуют повышению учебной мотивации, созданию ситуации успеха, влияющей на психологическое благополучие обучающихся. Данный стиль определяется как стиль поддержки автономии, направленный на минимизацию негативных результатов, связанных с восприятием страха, тревоги, на улучшение самочувствия обучающихся как в школьной среде, так и за ее пределами.

Среди подходов зарубежных исследователей применяются и исследуются такие как психолого-педагогическое вмешательство, физическая активность, направленные на снижение тревожности при осуществлении контрольных мероприятий, улучшение психологического благополучия обучающихся. Доказывается потребность в мероприятиях, направленных на развитие навыков преодоления стресса у обучающихся [11].

Отдельно следует отметить подход, направленный на формирование комплексной школьной устойчивости, включающей несколько взаимосвязанных конструкций. К ним относятся позитивные взаимоотношения субъектов образовательного процесса, принадлежность, инклюзивность среды, участие и осведомленность о психическом здоровье обучающихся и педагогов [12]. При адаптации зарубежных подходов к обеспечению психологического благополучия обучающихся к казахстанской системе образования крайне важно учитывать специфику контекста и культурные факторы.

Таким образом, преобразование широких целей, таких как психологическое благополучие обучающихся, в практические действия представляет собой крупную задачу. Понимание эффективности существующих в Казахстане мер, направленных на содействие личностному развитию и благополучию, имеет важное значение в этом вопросе. Понятие психологического благополучия обучающихся достаточно известно в психологии и педагогике, нормативно документировано, разработано и изучается. Уровень психологического благополучия обучающихся находится в прямой зависимости от многофакторного процесса, который необходимо формировать целенаправленно. Он может быть улучшен путем создания поддерживающей и стимулирующей образовательной среды, а также разработки индивидуальных подходов к работе с каждым обучающимся. Отражением создания благоприятных условий для целостного развития и раскрытия потенциала каждого обучающегося является уровень психологического благополучия участников образовательной среды. Образовательная среда школы помимо технологических решений должна обеспечивать психологическое благополучие обучающихся, поскольку она влияет на их эмоциональное состояние, учебную мотивацию, восприятие обучения, взаимоотношения.

Важным шагом в решении данной проблемы является научный проект исследовательской команды (факультет иностранных языков, педагогический факультет) Карагандинского университета им. Е.А. Букетова, направленный на исследование подходов к созданию образовательной среды и профессионального развития педагогов для обеспечения развития и психологического благополучия обучающихся. Данный проект был одобрен в рамках конкурса программно-целевого финансирования научных и научно-технических программ на 2024-2026 годы МНВО. Исследование направлено на разработку эффективных методов и подходов, которые помогут педагогам создавать такие условия обучения, которые будут соответствовать целям устойчивого развития и способствовать всестороннему развитию школьников, включая их психологическое благополучие.

Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Министерстванауки и высшего образования РеспубликиКазахстанна 2024-2026 годыпо теме ИРН BR24992828«Подходы и механизмы создания психологически безопасной образовательной среды в среднем образовании».

1 Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество». Официальный сайт Президента республики Казахстан <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>

2 Указ Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года № 636 «Об утверждении Национального плана развития Республики Казахстан до 2025 года и признании утратившими силу некоторых указов Президента Республики Казахстан» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636>

3 Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 ноября 2022 года № 963 «Об утверждении пилотного национального проекта в области образования «Комфортная школа»» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000963>

4 United Nations. Sustainable Development Goals <https://www.un.org/sustainabledevelopment/>

5 Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249 «Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029»<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>

6 Распоряжение Премьер-Министра Республики Казахстан от 1 февраля 2022 года № 21-р «Об утверждении индекса благополучия детей» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/R2200000021>

7 Ахрямкина Т.А. Психологическое благополучие учащихся в образовательной среде: монография. – Самара: СФ ГБОУ ВПО МГПУ, 2012. – 104 с.

8 Ryff C.D., Keyes C.L. The structure of psychological well-being revisited // *Journal of Personality and Social Psychology*. – 1995. - 69(4). – Pp. 719–727 <https://doi.org/10.1037/0022-3514.69.4.719>.

9 Быстрова Н.В. Особенности психологического благополучия обучающихся в образовательной среде // *Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования*. – 2019. – №5 (39). – С. 26-31.

10 Ясвин В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию. – М.: Смысл, 2001. – 365 с.

11 Zhou X., Vambling M., Bai X. et al. Chinese school adolescents' stress experience and coping strategies: a qualitative study // *BMC Psychol*, 2023. - №11:91. <https://doi.org/10.1186/s40359-023-01137-y>.

12 Morote R., Anyan F., Las Hayas K. at al. Development and validation of the theory-driven School Resilience Scale for Adults: Preliminary results // *Children and Youth Services Review*, 2020. – Vol. 119. <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2020.105589>.

ADOLESCENCE AND PSYCHOSOMATIC DISORDERS AS AN OBJECT OF RESEARCH IN MODERN PEDAGOGY

Zh.A. Karmanova¹, I. Autayeva², S.E. Shishov³

^{1,2}Karaganda Buketov University, Karaganda, Republic of Kazakhstan

³Moscow State University of Technologies and Management named after K.G. Razumovsky, Moscow,
Russian Federation

In recent decades, special attention has been paid to a field in medical psychology called psychosomatics. Psychosomatics (from the ancient Greek "soul" and "body") is a relatively new, but rapidly developing branch of science that studies the influence of psychological factors on somatic diseases [1]. According to WHO experts, half of all those seeking help from primary care doctors suffer from psychosomatic diseases.

It is known that nowadays the occurrence, course, outcome of various diseases of psychological origin is an object of research for scientists and specialists in the medical field and the field of psychology. However, given the fact that children are susceptible to this type of disorder, it is reasonable to assume that psychosomatics should be considered in the teaching industry too. It is teachers who, by contacting children daily in the process of education and upbringing, can have a special impact on the prevention and correlation of psychosomatic disorders.

The period of adolescence has always been considered critical due to comprehensive personality changes. Personality variations are determined by a special social situation in adolescence, puberty of a teenager [2].

Бұл анықтамалар гибридік оқытудың негіздерін түсінуге және оның білім беру жүйесіндегі рөлін айқындауға көмектеседі. Аралас оқыту студенттерге оқу процесін тиімді түрде ұйымдастыруға, білім алуды жекелендіруге және заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін барынша пайдалануына мүмкіндік береді.

Кеңес дәуірінде бұл тақырып бойынша ақпарат көздері болмаған. Дегенмен, қазіргі заманда гибридік білім берудің өзектілігі артып, көптеген зерттеушілердің назарын аударады. Қазақ ғалымдары да бұл білім жүйесіне өз үлестерін қосып келеді. Мысалы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары, оның ішінде Жүнісова К.К., цифрлық және гибридік оқыту жүйелерін зерттеуде белсенді. Сонымен қатар, EdCrunch X сияқты халықаралық конференциялар да осы тақырыпқа арналуда.

Сонымен қатар, XX ғасырдың 90-жылдарында компромисс ретінде гибридік оқу (blended learning) моделі пайда болды. Бұл модель дәстүрлі оқытуды (бетпе-бет форматта) және университеттің білім беру онлайн платформасындағы компьютерлік оқытуды біріктіреді. Платформада барлық оқу материалдары, тестілеу жүйесі, әртүрлі онлайн кітапханалар мен ресурстарға қолжетімділік, сондай-ақ оқытушылардың таңдауы бойынша ұсынылған қосымша материалдар бар, олар нақты өтілген тақырыптарға сәйкес келеді [2].

2002 жылы американдық ғалымдар Д. Джонсон мен Л. Бакер білім беру жүйесін цифрландыру туралы «Оқыту мен оқытудағы технологиялардың әсерін бағалау» атты алғашқы ғылыми еңбектерін жариялады. Ғалымдар цифрлық технологияларды білім беруде қолданудың мүмкіндіктері туралы алғашқылардың бірі болып пікір білдірді. Олар білім берудің әртүрлі салаларында когнитивті және аффективті аспектілермен қатар, оқыту үдерісіндегі және педагогикадағы өзгерістер, мұғалімдердің технологиялық дағдыларын жетілдіру, сондай-ақ технологиялық интеграция тұрғысынан білім беруді цифрландырудың ықтимал артықшылықтары мен кемшіліктерін жан-жақты сипаттады.

Франция, Испания, Швейцария және Бельгияда цифрлық технологияларды білім беруге интеграциялау кеңінен қолданылады. Электрондық курстарды қалыптастыруда төмендегідей құралдар пайдаланылады:

1. Оқу платформалары: Moodle, Canvas, Google Classroom.
2. Видеосабактар мен вебинарлар: Coursera, edX, Udemy.
3. Интерактивті құралдар: Kahoot!, Quizlet, Nearpod.
4. Симуляциялар мен ойында*: Практикалық дағдыларды дамыту үшін.
5. Сандық ресурстар: JSTOR, Google Scholar.
6. Мобильді қосымшалар: Duolingo, Khan Academy [**Ошибка! Источник ссылки не найден.**].

Гибридік оқу моделі студенттердің оқу процесін белсенді түрде басқаруына мүмкіндік береді, өйткені олар өз уақытында және қарқынында білім алады. Бұл әдіс білім алушылардың түрлі оқу стильдеріне жауап беріп, дербестік пен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұғалімдер мен студенттер арасындағы интерактивті қарым-қатынас пен пікір алмасу да күшейеді, бұл оқу сапасын арттырады [3].

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика факультетінде, педагогика және психология мамандығында оқитын студенттер арасында қаншалықты «Цифрлық гибридік білім беру» білетіні туралы сауалнама алынды.

Кесте 1 – Сауалнама нәтижелері

Сауалнама сұрақтары	Иә(%)	Жоқ (%)	Белгісіз(%)
1. «Цифрлық гибридік білім беру» түсінігі	55% (6)	27% (3)	18% (2)
2. Оқытуда цифрлық гибридік білім беруді қолдану	73% (8)	27% (3)	-

3. Цифрлық технологиялардың артықшылықтары	64% (7)	36% (4)	-
4. Гибридтік білім беру модельдерін білу деңгейі	45% (5)	36% (4)	18% (2)
5. Цифрлық гибридтік білім берудің болашағы	82% (9)	18% (2)	-

Сауалнама нәтижелері Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттерінің "Цифрлық гибридтік білім беру" тұжырымдамасына қатысты оң пікірде екенін көрсетеді. Алайда, білім алушылар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен оқу әдістемелерін жетілдіру қажеттілігі туындайды. Студенттердің цифрлық технологияларды қолдану тәжірибесін арттыру, олардың білім беру процессінде ролін нақтылау, сондай-ақ гибридтік білім берудің артықшылықтарын толыққанды түсіндіру маңызды.

Осыған орай, цифрландыру жағдайында гибридтік білім берудің артықшылықтарын ашып көрсету мақсатында келесі ұсыныстарды назарларыңызға ұсынамын:

1. Интерактивті платформалар: Оқу процесін жеңілдету үшін GoogleClassroom, Zoom, Microsoft Teams сияқты интерактивті платформаларды пайдалану. Бұл платформалар студенттер мен оқытушылар арасында тиімді қарым-қатынас орнатуға, материалдарды оңай бөлісуге мүмкіндік береді.

2. Мультимедиялық контент: Видеолар, подкасттар, инфографикалар, және анимациялар арқылы оқу материалдарын әртараптандыру. Мұндай контент студенттердің назарын аударып, ақпаратты жеңіл әрі қызықты түрде меңгеруге көмектеседі.

3. Дербестендірілген оқу: Әр студенттің жеке қажеттіліктеріне сай оқу бағдарламаларын әзірлеу. Бұл студенттердің өз қызығушылықтарына және қабілеттеріне қарай материалдарды тандауға мүмкіндік береді.

4. Виртуалды шындық: VR және AR технологияларын енгізу арқылы тәжірибелік оқу мүмкіндіктерін ұсыну. Бұл студенттерге нақты өмір жағдайларын модельдеуге және оқыту сапасын арттыруға көмектеседі.

5. Архивтеу: Оқу материалдарын цифрлық форматта сақтау, бұл ақпаратқа қолжетімділікті арттырады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мынадай қорытынды шығаруға болады: гибридтік білім беру уақыт пен аумақтық шекаралармен шектелмейді. Гибридтік білім беру – заманауи білім беру жүйесінің маңызды компоненті, себебі ол дәстүрлі оқыту әдістерін цифрлық технологиялармен тиімді түрде біріктіреді.

Бұл жүйе студенттерге икемділік ұсынып, өз уақытында және өз қарқынында оқу мүмкіндігін береді, сонымен қатар цифрлық технологиялар бойынша білімдерін дамытуға мүмкіндік жасайды. Пандемия кезеңінде осы әдістің артықшылықтары айқын көрінді, өйткені білім алушылар мен мұғалімдер жаңа оқу жағдайларына тез бейімделуге мәжбүр болды.

Гибридтік білім беру студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын арттырып, әртүрлі оқу стилдеріне сәйкес келетін әдістемелерді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, білім сапасын арттырады және білім алушылардың дербес жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді.

Болашақта гибридтік білім беру жүйесінің білім беру процесінің маңызды компоненті ретінде қабылдануына негіз боларлықтай факторлар оның икемділігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ететін инновациялық технологиялардың дамуымен байланысты.

Осылайша, гибридтік білім беру дәстүрлі және цифрлық оқу тәсілдерінің тиімді үйлесімін ұсынып, білім беру жүйесін заманауи талаптарға сай жетілдіруге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лапина И. В., Воронушкина О. В. Смешанное и гибридное обучение: отличительные признаки реализации в вузе // Мир науки, культуры, образования. – 2024. – №. 4 (107). – С. 250-253.
2. Абрамова Я. К. Смешанное обучение как инновационная образовательная технология // Перспективы развития информационных технологий. – 2014. – №. 17. – С. 115-119.
3. Жантлеева М. Т., Мейрбеков А. К., Сейтова М. Е. The hybrid approach in teaching english: hybrid approach in teaching english // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2023. – Т. 77. – №. 1. – С. 180-187.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Кадырова Ш. Ж¹, Манатпек А.М.,² Сейтханова Г.Е.²

¹Педагог-психолог, «Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясы» КММ

²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті Қарағанды қ., Қазақстан

Қазіргі уақытта жаһандану процестері мен қоғам қарқынды дамуда, сондықтан оқушыларға жаңа білімдер мен дағдыларды меңгеруді талап етеді. Және білім беру жүйесінде оқушылардың пассивті қатысуы, сабақтан тыс қалуы да өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы орайда мотивацияны арттыру өзекті, себебі мотивациясы жоғары оқушылар жаңа өзгерістерге тез бейімделіп, қоғамның талаптарына сәйкес білім алады. Оқушылардың мотивациясын арттыру арқылы, олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге болады.

2024жылы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жолдауында елдегі саяси және экономикалық реформаларды жалғастырудың маңыздылығын атап өтті. Әсіресе, білім беру саласын дамыту және азаматтардың табысын арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жаңа реформалар оқушылардың, соның ішінде жастардың мотивациясын арттыруға және білім деңгейін жақсартуға ықпал етуі тиіс [1].

Алдымен мотивация сөзінің мағынасы толықтай ашып көрсетсек. Мотивация (ағылш. motivation) - қазақша "жігерлену", "ынталану", "ниет" сөздерінің мән мағынасына сәйкес келетін заман ағымына сай, гуманитарлық ғылымдардың аясында кең көлемде қолданылатын ұғым. Мотивация сөзінің ұғым ретінде алғашқылардың бірі болып немістің иррационалды волонтаризм философы А. Шопенгауэр өзінің философиялық еңбегінде қарастырған. Мотивация - психология ғылымы бойынша адамды мақсатқа бағыттаған, талпыныс жігерін күшейткен, мақсатқа жетуге құлшыныс тудырған ішкі ынталылықтың ықпалдылығы. Яғни, жігерленуге, мақсатқа ұмтылуға, үйренуге деген мотивация адам бойындағы шартсыз рефлекс болып қалыптасқан.

Мотивация оқыту жүйесінде ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Ішкі мотивация – оқушының оқу әрекетіне деген жеке қызығушылығы және талпыныстың ішкі ниеттен оянуы. Сыртқы мотивация-жетістіктері үшін алатын марапаттар немесе бағалар арқылы қалыптасады. Көбінесе қысқа мерзімді және оның әсері уақытша болады. Қазіргі таңда мотивацияның зерттелуі бірнеше теориялық модельдер кеңінен қолданылуда. Атап өтсек:

Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы - бұл теория адамның қажеттіліктерін бес деңгейге бөледі (физиологиялық, қауіпсіздік, әлеуметтік, сый-құрмет, өзінді жетілдіре түсу қажеттіліктері). Адам өсуінің басты қозғаушысы – «ниет» деп түсіндіріледі. Герцберг қажеттіліктерді гигиеналақ және мотивация деп екіге бөледі. Мотивациялық факторлар адамның ішкі қанағаттандырушылығына, ал гигиеналақ факторлар сыртқы жағдайларға байланысты.

Оқушының оқуға деген мотивациясының қалыптасуына әсер етуші бірден бір фактор ата-анасының балаға деген қарым-қатынасы. Мұнда сыртқы ортадан келіп түсетін іс-әрекеттер Келли Мак-Дэниел «В поиске материнской любви» кітабында баланы неғұрлым көбірек құшақтаған сайын оның миы махаббат пен бақытты сәттерді көбірек қабылдайтынын жазған. Ата-анасының балаға берген қолдауы, мотивациясы оқушының оқуға деген ынтасын арттыруға, өзінің ішкі мотивациясын оятуға әсер етеді. Қарым-қатынас арқылы отбасында балаға қалай қолдау берілетін болса онда ол білім алу барысында өзінің жеке мүмкіндіктерін ашуға, ары қарай оқуға деген қызығушылығын арттыруға әсер береді. Адам бойында мотивация тұрақты және тұрақсыз күйде орын алады. Мотивацияның тұрақты-тұрақсыздығы, оның адам әрекетіндегі ықпалының сақталу ұзақтығы адамның ішкі ұстанымының берік-әлсіздігіне, ниетінің шын-жалғандығына, кедергілердің сипатына, ортасындағы қарым-қатынас түріне байланысты болады. Егер мектеп жасындағы балаға жеткіліксіз түрде ата-анасының қолдауы берілетін болса онда ол балада білім алуға деген мотивациясы төмендейді немесе мүлдем жойылады [2].

Оқу мотивациясының жоқтығы балаға мектептегі оқу үлгерімінің нашарлауына, ортамен араласуына, интеллектуалдық тоқырауға ұшырады. Бірақ, мектептегі төмен үлгерім баланың ақыл-ой дамуы мен қабілетінің толық көрсеткіші емес ондағы негізгі мәселе бала бойындағы мотивацияның

жоқтығы немесе жетіспеуінен туындайды. Мектептегі оқу үлгерімінің төмен болуы қоғамда қалыптасқан жалған оймен айтқанда бірінші балаға емес ата-анасына әсер ететін болғандықтан, ата-анасы баланы мәжбүрлі түрде сабақ оқуға, тапсырманы орындауға талаптар қойып, баланың өзі жасағысы келмеген жағдайларға итермелейді. Немесе бала үшін тапсырмаларды ата-анасы өздері орындап балаға нақты міндеттерін үйретпеуінен, баламен дұрыстап санаспауынан, жеке тұлғалық беделін түсіруден, баланы келеке етуден, шектен тыс еркелетуден, басқа балалармен салыстырудан да оқуға деген мотивациясын төмендейді. Ал сол әрекеттердің нәтижесінде балада өзіне сенімсіздік пайда болады, өмірде өзінің жеке өмір жолың бастауында түрліше кедергілерге рухани үнемі қарсы тұра алмау секілді өзгерістер байқалады [3]

Жоғарыда айтылып кеткен ақпараттардың барлығыда «Неліктен балада оқу мотивациясы жоқ?» деген ата-аналар мен ұстаздарды тарапына қойылған сұраққа толыққанды жауап десек артық болмас. Бала бойында мотивацияны арттыруда аса көңіл бөлетін жайт бұл баланың жасаған жұмыстарына, кішігірім жетістіктеріне ата-ана мен ұстаздың сенім білдіруі. Қанша жастағы адам болмасын қолдау, сенім секілді көзге түсе бермейтін ерекше бір сезімдерді сезінсе онда ол адам мүмкін емес деген ойларды жоққа шығарып, ары қарай іс-әрекетті жалғастыруға ынтасы оянып, өзінің қызығушылықтарын арттыра түседі. Отбасындағы дұрыс қарым-қатынас бала мотивациясына едәуір әсерін тигізеді. Бірақ, тез нәтиже бермейді. Жүйелі әрі үздіксіз жұмыс жүргізілсе, міндетті түрде бала мотивациясы жоғарлайды. Психологтардың басшылыққа ала отырып айтатын кеңесі баланың өзін-өзі дұрыс бағалай алуы. Тек балада ғана емес ересек жастағы адамдардың да бойында болу керек қасиеттің бірі, бірақ бұл қасиетті балаға кіші жастан бастап үйретпесе онда өзін төмен бағалайтын мотивация орын алады [3].

А.С. Выготскийдің психологиялық ғылымында ерекше орын алатын теориясы бала дамуының жақын арадағы аймағы деп аталады. Бұл теорияның түпкі мәні баланы тәрбиелеп оқыту, оған білім беріп, дүние танымын қалыптастыру үнемі оның табиғи дамуының деңгейінің оздырып отыруды талап етеді¹. Бала ол жеке тұлға, бірақ белгілі уақытқа дейін ата-анасына тәуелді және олардың қолдауын қажет етеді. Сол қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып балаға ең алдымен дұрыс қарым-қатынас жасай отырып, баланың ойлау қабілетін дамытуға бағытталған іс-әрекеттерге көшіп, балаға өз қатесін түзеуге мүмкіндік беріп, білім беру процесінде балаға өз жауапкершілігін талап етіп, сан-қилы кедергілерді өз батылдығы мен табандылығының арқасында жеңе білген кейіпкерді сабаққа енгізу, баланың білім алу процесінде жеке ерекшелігін есепке алу, түрліше әдістерді қолдану.

Геймификация әдісі, бұл әдіс оқу процесіне ойын элементтерін қосу арқылы оқушыларды қызықтыру, күрделігі жоғары тапсырмаларды орындауға ынталандыру, қажетті білім көздерімен жабдықтау: компьютер тағы басқа құралдармен қамтамасыз ету секілді көптеген тәжірибелерді қолдану арқылы бала мотивациясын қалыпты нормада ұстауға ата-анада және мектеп ұстаздары да бірлесе отырып жұмыс жасаса онда бұл мәселе бірте бірте өз кезегінде ескерілмейтін мәселенің бірі болып қалмақ.

Геймификация әдісін оқу процесінде қолданудың бірнеше идеяларын ұсынамыз:

1. Ойын түріндегі викториналар мен тесттер. Оқу материалын бекіту үшін онлайн викториналар немесе тесттер жасау. Kahoot, Quizlet сияқты платформалар арқылы оқушылар сұрақтарға жылдам жауап беруі керек, ал ұпайлар нақты уақыт режимінде көрсетіледі.

2. Оқушыларды марапаттау. Барлық тапсырманы уақытында орындағанда немесе жоғары баға алған кезде арнайы марапаттау және жетістіктерін басқаларға көрсету.

3. Марафондар мен челленджер. Оқушылар арасында түрлі челленджер ұйымдастыру. Мысалы, белгілі бір уақыт аралығында қызықты тапсырма беру немесе ең көп кітап оқыған оқушыларды марапаттау.

4. Командалық жұмыс және ынтымақтастық. Топтық тапсырмалар мен командалық ойындар ұйымдастыру арқылы оқушылардың бір-бірімен байланысын нығайту. Әр топқа ортақ мақсаттар мен марапаттар беру.

5. Уақытқа шектеу қою. Кейбір тапсырмаларға уақыт шектеуін қосу. Бұл оқушыларды тез әрі тиімді жұмыс істеуге ынталандырады. Мысалы, викториналарда шектеулі уақыт беру арқылы жылдам ойлауды дамытуға болады. Нәтижесіне қосымша ұпайлар мен бонустар беру.

6. Сабақ соңындағы рефлексия. Оқушыларға өз жетістіктері мен қателіктерін талдауға мүмкіндік беру. Мысалы, сабақтың соңында немесе белгілі бір кезең аяқталған соң, не үйренгенін және қандай қиындықтарға тап болғанын талқылау.

Қорытындылай келе, мотивация бағыт-бағдар жолын анықтайтын, адам мінезіне энергетикалық импульстер беретін психикалық процестер. Бала бойында мотивацияның қалыптасуы өз орта арасына байланысты. Орта мен дұрыс қарым-қатынас жасай алуы балаға ары қарай дамуына, ой өрісінің

кеңеюіне, жақсы жақтарын ашуға септігін тигізеді. Оқу мотивациясына дұрыс қойылған бағыт-бағдар болашақта қандай жастағы балаға болмасын тұлғалық дамуына, ортасының кеңеюіне, өмір жолында өзі қалаған тұлға бола алуына мүмкіндіктер жасайды. Осы секілді мүмкіндіктер әрбір бала бойында табылу үшін бірінші кезекте ата-ана, мектеп қабырғасында ұстаз бірлесе отырып баламен бірге дұрыс жұмыс жасай алса, балаға дұрыс мотивация бере алса әрбір бала бойында өзіне сенімділігі жоғарлап, өзің дұрыс қабылдай алатын, тақты мақсатқа ұмтылатын жеке тұлғалар саны артады.

Осы мақсатпен ата-аналар және ұстаздар назарына кеңес әрбір өсіп келе жатқан балаға жіті назар аударып, жоғарыда айтылғандай бала сенімділігін арттырса, балаға қолдау көрсету арқылы нақты мақсаттарды жүзеге асыруына мүмкіндіктер жасай алса сонымен қатар оқу процесіне әртүрлі оқу әдістерін, интерактивті құралдарды, мультимедиялық ресурстарды пайдалану, кері байланыс беру оқушылардың прогресін және қызығушылығын арттырады, сонда ғана өз ерекшеліктерімен көзге түсетін орта қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2024 жылғы 2 қыркүйекте ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел халқына Жолдауын жариялады. [Электрондық ресурс] Кіру режимі: <https://kaz.zakon.kz/kogam-tyyny/6048484-asymzhomart-toaevty-azastan-khalyna-zholdauy--2024-toly-mtn.html>.

2. Каденова А. Е. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын қалыптастыру ерекшеліктері//Материалы международнойнаучно-практическойконференции: Алтынсаринскиепедагогическиечтения. «Инновационныетехнологии в современномобразовании: стратегия, задачи, внедрение». Книга 2 – 2024. – С. 102-108.

3. Курманова Г.К. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру. Кіру режимі: <https://infolesson.kz/oushini-ou-motivaciyasin-arttiru-1585654.html>

ӘОЖ 37.03

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТИСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жеңіс Г.Т.², Кадырова Ж.Ш.,¹Рахимберлина Д.,²Бахыт А.²

¹Педагог-психолог, «Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясы» КММ

²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті Қарағанды қ., Қазақстан

Әлеуметтік интеллект түсінігі соңғы жылдары білім беру жүйесінде кеңінен зерттелуде. Ол адамның қоғамда тиімді әрекет етуі, басқалармен өзара байланыс орнату қабілеті, эмоцияларды түсіну және реттеу дағдыларын қамтиды. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісінің дамуы маңызды, себебі бұл кезең олардың әлеуметтік дағдыларды меңгерудің алғашқы сатысы болып табылады.

Бастауыш мектеп жасындағы балалар қарқынды дамудың кезеңінде болады, сондықтан олардың танымдық және эмоционалдық қабілеттері де жетіліп отырады. Осы жастағы балалар қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасап, олардан әлеуметтік мінез-құлықтың үлгілерін қабылдайды. Осыған орай, бастауыш сынып оқушыларында әлеуметтік интеллектінің дамуы олардың эмоционалдық жағдайына, өзіне және өзгелерге деген қатынасына, сондай-ақ, қоғамдағы әлеуметтену процесіне тікелей ықпал етеді.

Бастауыш сынып кезеңі – баланың тұлға ретінде қалыптасуының негізі қаланатын маңызды саты. Бұл кезеңде баланың тек танымдық қабілеттері ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік дағдылары да қарқынды дамиды. Әлеуметтік интеллект – баланың басқалармен қарым-қатынас жасау, эмоцияларды түсіну және өз мінез-құлқын әлеуметтік ортаға бейімдеу қабілеті. Бұл қабілеті жоғары дамыған бала құрдастарымен, мұғалімдермен және ата-анасымен сәтті байланыс орнатады, топта жұмыс істейді және жанжалдарды тиімді шешуді үйренеді. Әлеуметтік интеллектінің ерекшеліктерін зерттеу баланың оқу процесіне бейімделуін жақсартуға және тұлғалық дамуына оң ықпал етеді. Осы мақалада бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісінің қалыптасуындағы негізгі факторлар мен ерекшеліктер қарастырылады.

Әлеуметтік интеллекті ұғымын алғаш рет енгізген ғалым Эдвард Торндайк. 1920 жылы ол адамның адамдармен қарым-қатынас жасау қабілетін интеллектуалдық қабілеттердің маңызды бөлігі ретінде қарастырды. Торндайк әлеуметтік интеллектіні басқалардың мінез-құлқын түсіну және басқару қабілеті деп сипаттаған. Кейінгі ғалымдар әлеуметтік интеллектіні «басқа адамдармен тіл табысу қабілеті» деп

анықтаса (Мосс, Хант), П.Е.Вернон кейін бұл ұғымды кеңейте түседі. Оның айтуынша, әлеуметтік интеллект адамның басқа адамдармен үйлесіп, тіл табысуынан танылады, қоғамдық ортада, әлеуметтік топ ішінде өзін ұстаудың әлеуметтік техникасын меңгерген, қарым-қатынаста жайлы, әлеуметтік мәселелерді жақсы білетін, топтағы басқа адамдардың пікірін қабылдай алатын, танымайтын адамдардың уақытша немесе негізгі мінез ерекшеліктерін тез және нақты түсінетін қабілетін танытады. Осы әлеуметтік интеллект мәселесіне арналған сайт материалдарына шолу жасау барысында ғалым Заккароның әлеуметтік интеллектіні екі қырынан яғни әлеуметтік түсінік және жағдайға сәйкес мінез-құлық қырынан қарастырғанын көреміз.

Бастауыш сыныптың білім көлемі 1-4 сынып аралығы болып белгіленген. Оқитудың бұл кезеңінде оқушылардың жас ерекшелігі 7 мен 11 жас аралығын қамтиды. Білім берудің аталған сатысында оқушылар негізгі сыныпқа көшудің дайындығын жүргізеді. Бір ескеретіні, қоғам қажеттілігіне қарай бастауыш тек әріп үйреніп, оқып, жазуды, санауды, қосу, алуды ғана емес өз бетінше іздену, жаңа білімді қорыту, сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық қатынас құру сынды дағдыларды бойында көрсете білуі маңызды. Яғни оқушы бастауыш сыныптан-ақ сыни ойлау дағдысын меңгере бастайды.

Бастауыш сыныпта балалардың әлеуметтік интеллектісі бірнеше факторлар арқылы дамиды. Негізгі ерекшеліктеріне мыналар жатады:

1.Эмоцияларды тану және түсіну: Бұл жастағы балалар өз эмоцияларын және өзгелердің сезімдерін тани бастайды. Алдымен қарапайым эмоциялармен (қуаныш, қайғы, ашу) танысып, кейін күрделі эмоциялық жағдайларды түсіну қабілетін дамытады.

2.Қарым-қатынас дағдыларының жетілуі: Балалар өздерінің вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Сыныптастары және мұғалімдерімен байланыс жасау арқылы бұл қабілеттер қалыптасады.

3.Эмпатияның дамуы: Бұл жастағы балалар басқалардың сезімдерін түсінуге, оларға жанашырлық танытуға үйренеді. Эмпатия – достық қарым-қатынастарды нығайтып, балалардың әлеуметтік ортада үйлесімді өмір сүруіне көмектеседі.

4.Топта жұмыс істеу: Балалар топтық жұмыстар арқылы ынтымақтастыққа бейімделіп, өз жауапкершіліктерін сезінеді. Мұндай іс-әрекеттер олардың ұжымдық жұмыс істеу қабілеттерін дамытады.

Мектеп баланың әлеуметтік интеллектін дамытудың негізгі ортасы болып табылады. Мұғалімдер оқушыларды бірлескен жұмысқа, қарым-қатынасқа және эмоционалды қолдау көрсетуге баулиды. Сабақ барысында мұғалімдер балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытатын жаттығулар мен тапсырмалар ұйымдастырады. Мұғалімдердің әлеуметтік интеллектті дамытуға ықпал етуінің негізгі әдістері:

-жанжалдарды шешу дағдыларын үйрету;

-оқушыларды ынтымақтастыққа тәрбиелеу;

-қолдау көрсету арқылы сенімді орта құру.

Баланың әлеуметтік интеллектінің дамуына әсер ететін негізгі факторлар:

1.Отбасындағы тәрбие: Әлеуметтік дағдылар негізі отбасында қалыптасады. Ата-аналардың қарым-қатынасы, эмоцияларды көрсету үлгісі, қолдауы мен тәрбиесі балаға үлкен ықпал етеді.

2.Құрдастарымен байланыс: Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы олардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады. Бірлескен ойындар мен әрекеттер бұл қабілеттерді дамытады.

3.Мектептегі орта: Сыныптағы тәртіп, мұғалімдердің қарым-қатынасы және сынып атмосферасы баланың дамуына тікелей әсер етеді.

Әлеуметтік интеллектті дамыту үшін бірқатар тиімді әдістер бар:

1.Эмоцияларды тануға бағытталған тапсырмалар; Балаларды өз эмоцияларын тануға және оларды дұрыс атауға үйрету маңызды. Әртүрлі ойындар мен жаттығулар арқылы балалар өз сезімдерін және басқалардың эмоцияларын түсіне бастайды.

2.Топтық жұмысқа қатысу арқылы ұжымдық әрекеттерге үйрету; Әлеуметтік интеллектті дамыту үшін топта жұмыс істеу, бірлесіп шешім қабылдау және басқа адамдардың пікірін құрметтеуді үйрететін тапсырмалар орындау қажет.

3.Жанжалдарды шешуге арналған рөлдік ойындар. Балаларға қандай да бір жанжалдар туындағанда оны қалай шешуге болатынын үйрету. Конфликт кезінде эмоцияларды басқару, келісімге келу жолдарын қарастыру арқылы олар әлеуметтік интеллекттерін арттырады.

Осы әдістер балалардың әлеуметтік интеллектін дамытып қана қоймай, тұлғалық өсуіне де оң әсер етеді.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісі – олардың өмір бойы дамытын елеулі қабілеттерінің бірі. Бұл жаста балалардың эмоцияларды түсінуі, өзгелермен

қарым-қатынас орнатуы, дау-жанжалдарды шешу дағдылары дамудың бастапқы кезеңінде болғанымен, оларды арнайы білім беру және тәрбиелеу үдерісі арқылы белсенді түрде жетілдіруге болады.

Әлеуметтік интеллект баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамда өз орнын табуына және ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мектепте ұйымдастырылатын топтық жаттығулар, рөлдік ойындар және қарым-қатынасты дамытуға арналған шаралар балалардың осы қабілеттерін тиімді түрде шыңдайды.

Тиісті педагогикалық қолдау мен әлеуметтік орта балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда басты рөл атқарады. Сол себепті ата-аналар мен мұғалімдердің үлесі зор. Бастауыш сынып оқушыларын эмоциялық сауатты болуға, өзгелерді түсінуге және олардың сезімдері мен пікірлерін бағалауға үйрету – олардың болашақта сәтті әрі үйлесімді қарым-қатынас орнату дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Осы әдістер арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамыту олардың тұлғалық және қоғамдық өмірде табысты болуына маңызды негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Андреева, Г.М. Әлеуметтік психология: Жоғары психологиялық оқу орындарына арналған оқулық / Г.М.: Андреева. 5-ші басылым.өңделген.және қосымша. - М.: Баспасөз аспектісі.- 2004.-365 б.

2. Агунова G.G. «Интеллект»,«әлеуметтік интеллект» ұғымдарының мәні және олардың зерттелу жайы //BulletinoftheKaragandauniversityPedagogyseries. – 2023. – Т. 109. – №. 1. – С. 72-84

3. Касенова З.Ж., Туралбаева А.Т. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамытудың ерекшеліктері /. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы.- 2018.- С.48-59.

ӘОЖ 738

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ

Жеңіс Г.Т.¹, Шоменова Б.Қ.², Қамза Ж.Ә.²

¹п.ғ.м., аға оқытушы

²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті Қарағанды қ. Қазақстан

Қазіргі қоғамдағы жоғары оқу орындарында студенттерінің коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Ақпараттық технологиялардың тез дамуы, жаһандану және әлеуметтік өзгерістер жастардан өз пікірлерін ашық білдіру және тиімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін талап етеді. Коммуникативтік құзыреттіліктер тек тілдік біліммен шектелмейді, сонымен қатар мәдениетаралық қарым-қатынас, жан-жақты түсіну, тыңдай білу және тұлғааралық байланыс құзыреттіліктерін қамтиды. Бұл құзыреттіліктерді дамыту студенттердің жеке және кәсіби өмірде табысты болуына көмектеседі. Сондықтан студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамыту қазіргі таңда аса маңызды міндет ретінде қарастырылады.

Коммуникацияның негізгі анықтамасы – бұл мәліметтің бір немесе бірнеше байланыс арналары арқылы хабар берушіден қабылдаушыға жеткізілу процесі. Құзыреттілік— бұл білімді, іскерлікті қолдану қабілеті, оқу міндеттерін шешуде практикалық тәжірибе негізінде табысты жұмыс жасау [1].

Бұл ақпараттарға сүйене отырып, педагогика және психологтардың коммуникативтік кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуы мен дамуына, қазіргі таңда аса маңызды көңіл бөлінуде. Осыған орай, педагогика және психологтардың қоғамдағы өзгерістерге уақытында жауап бере алуы, білім беру үдерісінің субъектісі ретінде өз позицияларын дұрыс анықтап, өзгертуі, жасөспірім тұлғасын мақсатқа бағыттап дамыту үшін инновациялық іс-әрекеттерді енгізу мәселесі өзекті болып отыр.

Педагогика және психология студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда коммуникативтік құзыреттіліктердің маңызы зор. Педагогика және психология мамандарының коммуникативтік құзыреттіліктері олардың жұмысында тиімділік пен табысқа жету үшін шешуші рөл атқарады. Бұл мақала педагогика және психологтардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытудың маңызды аспектілерін талдайды және осы бағытта тиімді әдістер мен стратегияларды ұсынады.

Кенес дәуірінде педагогика және психология саласындағы зерттеулер кең ауқымда жүргізілді. Педагогика және психологтардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту мәселесі де назардан тыс қалмады. Кеңес ғалымдары бұл тақырыпты жан-жақты зерттеп, түрлі әдістерді қолданды.

Неміс тілін екінші тіл ретінде оқытуды зерттеген ресейлік ғалым И.Л. Бим «Коммуникативтік құзыреттілік – тілді жеткізушілермен тіларалық және мәдениетаралық қатынасқа түсу қабілеттілігі» деп атап өткен. Ол өз еңбектерінде тілдің тек грамматикалық құрылымдарымен шектелмей, мәдени және әлеуметтік контекстте қолданылуының маңызды екенін көрсетеді. Коммуникативтік құзыреттілік оқу үдерісінде студенттердің қарым-қатынас жасау құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

Психолог С.Л.Рубинштейн коммуникацияға байланысты :«Менің басқа адамға қарым-қатынасым – оны жаман қылықтардан аулақтатып, жаман қылықтарының түп тамырын шабу». Бұл тұжырым адаммен қарым-қатынаста теріс әрекеттерді тоқтатуға және олардың себептерін анықтауға назар аударудың маңыздылығын көрсетеді. Коммуникация – бұл тек ақпарат алмасу ғана емес, сонымен қатар, адамның ішкі дүниесін түсіну мен түзету процесі.

Коммуникативтік құзыреттілік, ең алдымен, қоршаған адамдармен қарым-қатынас орнату және дамыту қабілеті ретінде қарастырылады. Бұл тиімді коммуникацияны құру мен қолдау үшін қажетті білім, құзыреттіліктер және іскерліктер жиынтығы. Коммуникативтік құзыреттіліктің мәнін тереңірек түсіну үшін оның құрамдас элементтерін зерттеу қажет. Оларға жағымды алғашқы әсер қалыптастыру, қарым-қатынастың әртүрлі модельдерін меңгеру, эмоциялық кернеуді басқару, экспрессивті сигналдарды бақылау, әңгімелесушіні тыңдау және оның көзқарасын түсінуге ынталандыру сияқты құзыреттіліктер жатады [2].

Г. М. Андреева коммуникативтік құзыреттілік, қабілеттер мен іскерліктерді зерттеп, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жолдарын қарастырады. Оның зерттеулері мемлекеттік қызметкерлердің тиімді қарым-қатынас жасауын және кәсіби салада табысты болуын қамтамасыз ету үшін қажетті коммуникативтік құзыреттіліктердің маңыздылығын айқындайды. Бұл тәсілдер мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға және қоғаммен тиімді өзара әрекеттесуді нығайтуға бағытталған.

Педагогика және психология студенттері коммуникативтік құзыреттілігін дамыту қажеттілігі олардың әрдайым серіктестерімен әртүрлі және көпжоспарлы қарым-қатынас жасау процесімен байланысты. Педагогика және психология кәсіби міндеттерін тиімді орындау үшін тұлғааралық қатынастағы өзара әрекеттестік құрылымына негізделген, жоғары дамыған коммуникативтік құзыреттілікке ие болуы керек.

Коммуникативтік білім, икемділік және қабілеттер тұлғааралық қарым-қатынасты орнату, сақтау және дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл құзыреттіліктерді кәсіби жағдайларда тиімді пайдалану маңызды. Кеңестік ғалымдар Г.С. Абрамовамен В.В. Колпачниковтың зерттеулерінде психологиялық кеңес беруде тұлғааралық өзара әрекеттестіктің маманның коммуникативтік мүмкіндіктеріне негізделетіні атап көрсетілген [3].

Тұлғамен байланыс орнату — күрделі процесс. Коммуникативтік құзыреттіліктер қалыптасуы үшін әңгімелесушіні тыңдау, мәселенің баламалы шешімдерін табу, ұсыныстарды орындауға бағыттау және сұхбат барысында эмоциялық қысымды болдырмау сияқты аспектілер педагогика және психология студенттеріне маңызды. Бұл құзыреттіліктердің тиімді дамуы білім беру процесінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді, сондықтан олардың мәні өте жоғары.

Жоғарыда қарастырылған мәселенің теориялық аспектілері бізге педагогика және психология мамандығы студенттерінің коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту бойынша тәжірибелік жұмысымызды жүзеге асыруға мүмкіндік берді.


Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика факультетінде, педагогика және психология мамандығында оқитын студенттер арасында В.Бойконың «Коммуникативті бағыттылық типін анықтау» сауалнамасы жүргізілді [4].

Сауалнама 25 сұрақтан тұрды және 11 студенттің жауаптары алынды. Сауалнама нәтижелері 1-кестеде және 1 суретте берілген.

Кесте 1 – Сауалнама нәтижелері

№	Студенттің аты-жөні	Бастапқы көрсеткіш	Дебаттан кейінгі көрсеткіш	Тренингтен кейінгі көрсеткіш
1	Аяна	72	70	67
2	Алуа	82	79	72
3	Лейла	56	53	50
4	Еркеназ	63	58	51

5	Саржан	30	31	30
6	Ербол	57	54	54
7	Алина	73	69	67
8	Диана	81	70	66
9	Арна	58	54	50
10	Шапағат	35	34	32
11	Әлия	48	44	42



Сурет 1. Сауалнама нәтижелері (салыстырмалы түрде)

Жоғарыда көрсетілгендей, біз жүргізген жұмыстарымыз оң нәтижелер берді. Бұл жұмыстың тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер мен деректер жоғарыда ұсынылған диаграммада көрініс тапқан.

Диаграммада көрсетілген мәліметтер, жүргізілген сауалнаманың қорытындысына сәйкес, біздің стратегиямыздың дұрыс тандалғанын және атқарылған жұмыстың оң әсерін байқатады. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қатысушылардың басым көпшілігі біздің қызметімізді жоғары бағалап, оң пікір білдірді.

Осылайша, жүргізілген жұмыстарымыздың нәтижелері мен сауалнама деректері біздің алға қойған мақсаттарымызға қол жеткізгенімізді растайды.

Педагогика және психология студенттерінің кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

1. Тренингтер ұйымдастыру: Коммуникация құзыреттіліктерді жетілдіруге арналған интерактивті тренингтер өткізу. Рөлдік ойындар, пікірталас және топтық тапсырмалар арқылы практикалық тәжірибе алу.

2. Кері байланыс мәдениетін қалыптастыру: Студенттерге бір-біріне тиімді кері байланыс беруді үйрету. Бұл олардың тыңдау және түсіністік қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

3. Топтық жобалар: Студенттерді топтық жұмыстарға тарту. Мұндай жобаларда олар өз пікірлерін ашық айтуға, тыңдауға және конструктивті диалог құруға мүмкіндік алады.

4. Симуляциялық жаттығулар: Кәсіби жағдайларды модельдеу арқылы студенттердің шешім қабылдау, конфликтілерді басқару және коммуникация құзыреттіліктерін жетілдіру.

Жоғарыда аталған белсенді оқыту әдістері арқылы студенттердің ерекшеліктері мен коммуникативтік құзыреттіліктеріне негізделген тиімді өзара әрекеттесу тәсілдері қалыптасады. Коммуникациялық құзыреттіліктерді дамыту педагогика және психология студенттерінің қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңуіне жәрдемдесіп, олардың кәсіби саладағы жетістіктерін қамтамасыз етеді. Бұл, өз кезегінде, мансаптық өсуге және кәсіби дамуға мүмкіндік береді. Студенттерді кәсіби ортаға дайындау үшін қажетті құзыреттіліктер мен қабілеттерді қалыптастыру маңызды рөл атқарады.

Сонымен, белсенді оқыту әдістері студенттердің өзара әрекеттесуін және коммуникациялық құзыреттіліктерін нығайтуға ықпал етеді. Бұл процесс олардың кәсіби құзыреттіліктерін арттырып, эмоциялық интеллектілерін дамытуға көмектеседі. Нәтижесінде, студенттер түрлі коммуникациялық жағдайларда сенімді әрі тиімді әрекет ету қабілетіне ие болады.

Практикалық жаттығулар мен тренингтер арқылы алынған білім мен құзыреттіліктер, студенттерге конфликтілерді басқаруда, топтық жұмыс жасауда және креативті шешімдер табуға үлкен көмек көрсетеді. Осылайша, олар кәсіби ортада табысқа жету үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етіледі.

Соңында, коммуникативтік құзыреттілікті дамыту тек кәсіби жетістік үшін ғана емес, жеке өмірде де маңызды рөл атқарады. Студенттер қарым-қатынас құзыреттіліктерін жетілдіру арқылы әлеуметтік байланыстарын нығайтып, кәсіби және жеке өмірлерінде оң өзгерістерге жетуге мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Цой М. Коммуникативная компетентность педагогов-психологов и их подготовка в условиях вуза //Журнал Педагогики и психологии в современном образовании. – 2023. – №. 1. – С. 125-132
2. Малахова О.Н., Иманаев В.И. Особенности коммуникативного опыта в современной студенческой среде: психолого-педагогический аспект //Вестник Амурского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки. – 2021. – №. 94. – С. 66-69.
3. Абрамова Г.С. Практическая психология: Учебник для студентов вузов. - М.: Академический проект, 2018. - С. 496.
4. Диагностика типа коммуникативной установки «методика Виктора Бойко» /кіру режимі: <https://psytests.org/boyko/bocom.html>

ӘОЖ 338.22

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУ ТИІМДІЛІГІ

Жеңіс Г.Т.¹, Зейнеғабұл Ж.М..², Бейсенбекова А.М.²

¹п.ғ.м., аға оқытушы

²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті Қарағанды қ. Қазақстан

Қазіргі шақта цифрлық технологиялар көптеген елдердің экономикалық тұрақты дамуының негізгі көзі болып табылады. Білім беруді цифрландыру – жай ғана сәнді үрдіс емес, технологияның қарқынды дамуы мен қазіргі қоғамның өзгермелі әуестілігінен туындаған қажеттілік.

Цифрлық технологиялардың арқасында білім тұрғылықты жеріне қарамастан барлығына қолжетімді болады. Онлайн курстар, электронды оқулықтар және бейне сабақтар кез келген уақытта және кез келген жерде оқуға мүмкіндік береді. Цифрлық құралдар әр оқушының оқу қарқыны мен қызығушылықтарын ескере отырып, жеке білім беру траекториясын жасауға көмектеседі. Қазіргі заманда сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық, ақпаратпен жұмыс істей білу сияқты дағдылар бағаланады. Сандық құралдар осы дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Цифрландыру қандай мүмкіндіктер ашады?

*Интерактивті оқулықтар: Мультимедиялық материалдарды, ойындарды және симуляцияларды пайдалану арқылы оқу қызықты әрі тиімді болады.

* Онлайн платформалар: Студенттер нақты уақыт режимінде мұғалімдермен және сыныптастарымен сөйлесе алады, форумдар мен бірлескен жобаларға қатыса алады.

* Жасанды интеллект: жеке көмекшілер тапсырмаларды құрастыру және кері байланыс беру арқылы студенттерге білім алуға көмектеседі.

* Үлкен деректер: деректерді талдау әрбір студенттің үлгерімін бақылауға және оның күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

«Цифрландыру» сөзі алғаш рет 1995 жылы Массачусетс университеті қабырғасында айтылып өтілді. Оның авторы – американдық компьютер ғалымы Николас Негропonte бұл ұғымды электронды (цифрлық) экономика тұжырымдамасы аясында пайдалана отырып, бұл құбылысқа нақты анықтама бермеген еді, онда өткен жылдардағы экономикамен салыстырғанда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың артықшылықтарын атап көрсетті [1]. Дегенмен, «Цифрландыру» «0» және «1» сандары табылған ежелгі дәуірден басталады. 2000 жылдан астам уақыт бұрын ежелгі ғалым Пифагор тезистерді тұжырымдады, олардың маңыздылығы қоғам мен ғылымның бірнеше жүз жылдардағы дамуымен расталды: біріншіден, ғалам құрылымының принциптерін сипаттауға және көрсетуге болады. сандар тілі; екіншіден, сандық қатынастар табиғаттың үйлесімділігі мен тәртібін білдірудің негізі болып табылады.

Бүгінде дүние жүзінің ғалымдары қоғамның жаңа кезең – цифрлық қоғамға көшуіне ықпал ететін жаңа ғылыми-техникалық революцияны жариялауда. Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумның президенті Клаус Шваб өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция» кітабында заманауи өзгерістерді адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған деп сипаттайды. Өзгерістер барлығына әсер етеді: адамның әлеммен, өзімен және басқа адамдармен қарым-қатынасы түбегейлі өзгереді. McKinseyGlobalInstitute (MGI) мәліметтері бойынша, алдағы 20 жылда әлемде жұмыс

операцияларының 50% дейін автоматтандырылуы мүмкін және ауқымы бойынша бұл процесс 18-19 ғасырлардағы өнеркәсіптік революциямен салыстыруға болады[2].

Ресейлік ғалымдардың пайымдауынша, қазіргі цифрлық білім беру ортасы үш негізгі шартқа негізделген: Біріншіден, бүкіл әлем цифрландыруға бет бұруда, соған сәйкес білім беру процесі де артта қалмауы керек; екіншіден, білім беруді цифрландыру жеке білім беру траекториясын таңдауға мүмкіндік береді және адамның өз білімі туралы хабардарлығын арттырады. жауапкершілік; үшіншіден, бүкіл цифрлық білім беру жүйесі елдің барлық азаматтары үшін бірдей сапалы және инновациялық білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ете алады[3].

Тұтастай алғанда, цифрлық білім беру ресурстары түсінігі қарапайым «қағаз» ақпарат көздері (кітаптар, журналдар, газеттер, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер және т.б.) ұғымынан бөлініп, электронды ақпарат құралдарының көмегімен (радио, теледидар, т.б.). теледидар). Ол мазмұндық материалдардан, сонымен қатар соңғы отыз жылда үлкен өзгерістерге ұшыраған дәстүрлі оқыту бағдарламалық қамтамасыз ету тұжырымдамасынан туындайды. Бүгінгі күні сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолданбай елестету мүмкін емес. Сондықтан мұғалімдер ақпараттық технологияны толық меңгеріп, интернетте еркін жұмыс істей алуы керек. Мұнда мұғалімдер білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларға өздерін жүзеге асыру үшін қосымша білім көздерін өздері табуға бағыттайды.

Оқыту құралы ретінде электрондық білім беру ресурстары дәстүрлі оқыту құралдарымен салыстырғанда олардың артықшылықтарын анықтайтын көптеген артықшылықтарға ие. Олар:

1. Мультимедиялық құралдар. Ақпаратты көрсету үшін бір уақытта бірнеше құралдарды пайдаланыңыз: графика, мәтін, бейнелер, фотосуреттер, анимациялар, дыбыс эсерлері және жоғары сапалы аудио сүйемелдеу.

2. Интерактивтілік. Электрондық білім беру ресурстарындағы интерактивтілік элементтер жиынтығынан бірнеше таңдау арқылы қамтамасыз етіледі; пернетақтадан мәтін енгізу, содан кейін қателерді талдау және жүйелеу; жаңа ақпараттық объектілерді аудиовизуалды түрде көрсету үшін жұмыстың интерактивті мультимедиялық элементтерін белсендіру; Нысандарды белгілі бір жүйеде ұйымдастыру үшін қосыңыз.

3. Қол жетімділік. Электрондық оқыту ресурстарының қолжетімділігі кез келген пайдаланушының оларды ыңғайлы уақытта және әлеуметтік желілердегі өзара әрекеттесу арқылы пайдалана алуын қамтамасыз етеді. EBR мазмұнының қолжетімділігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, әсіресе үйде оқитын оқушылар үшін өте маңызды. Бұл ҮМСА ережелерінің орындалуына кепілдік береді, оған сәйкес әр оқушыға, оның ішінде дарынды балалар мен ерекше білім беруді қажет ететін балаларға, әртүрлі ұйымдастырушылық нысандары мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қызмет көрсету керек[4].

4. Жан-жақтылық. Әмбебаптылық – пәннің нақты оқыту әдістеме кешенімен қатаң байланысты емес және кез келген оқыту әдістеме кешенінің курстарына енетін материал бойынша білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін электрондық білім беру ресурстарының сапасы. Дегенмен, кез келген электрондық білім беру ресурстарын пайдалануға негізделген білім беру процесін құру кезінде нақты оқулықта немесе белгілі бір пәнге арналған оқу-әдістемелік кешенде жүзеге асырылатын тұжырымдамалардың негізгі ережесін, атап айтқанда электрондық білім беру ресурстарын таңдауды ескеру қажет. Ресурстар автордың басым идеяларына сәйкес келмейді, кереғар, осы негізде білім алушының әрекетін құруды басшылыққа алу керек.

5. Өзгергіштік. Вариативтілік әр түрлі оқу-әдістемелік кешендерге және білім беру бағдарламаларына бағытталған білім мазмұнының фрагменттерін қамтамасыз ету ретінде түсініледі және сараланады: қазіргі заманғы жағдайларда ерекше өзекті; мазмұн элементтерін енгізудің әртүрлі тәсілдері; әртүрлі тәсілдермен және дәрежеде жүзеге асырылатын бекітудің негіздемесін нақтылау және т.б.; күрделіліктің әртүрлі деңгейлері; студенттер ақпаратты әртүрлі жолдармен қабылдайды және оқушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, білім беру эсерлеріне қол жеткізу үшін оқушылардың жеке ерекшеліктерін «дәл» түзетуге болады және әртүрлі типтегі студенттер үшін жекелендірілген оқыту мазмұнының траекториясын жасауға болады [5].

Осылайша, цифрландыру қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналды, экономикаға, білімге, медицинаға және адамдардың күнделікті өміріне айтарлықтай әсер етті. Цифрландыру білім әлемін төңкеріп жатыр десек қателеспейміз. Ол технологияның дамуын жылдамдатады, өндіріс тиімділігін арттырады және ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетеді. Сонымен қатар, цифрландыру киберқауіпсіздік, деректерді қорғау және жұмысшыларды қайта даярлау қажеттілігі сияқты қиындықтарды тудырады. Цифрлық трансформациядан толық пайдалана алу үшін халықтың барлық топтары үшін технологияларға тең қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, инновация мен оны жүзеге асырудың

этикалық аспектілері арасындағы теңгерімді табу қажет. Осы мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланып, өзімізді дамытып, мақсатымызға жетейік!

Қолданылған әдебиеттер:

1. Цифровизация экономики: проблемы и перспективы [Электронный ресурс] // Adyrna.kz. - 2020. - URL: <https://adyrna.kz/post/52840> (дата обращения: 07.10.2024).
2. Клаус Шваб. Төртінші индустриялық революция. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 200 бет.
3. Тавадян А.М., Зима В.А., Хусаинова Н.Б. Теоретические основы подготовки студентов к педагогической деятельности в условиях цифровизации образования // KANT, 2019. – No3 (32). – С. 13
4. Рахматуллина Э.Д. Использование информационных технологий в инклюзивном образовании // Образование и воспитание. – 2020. – No3. – С. 82-84
5. Мошқалов А.Қ. Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің теориялық- практикалық негіздері // Ғылыми-педагогикалық басылым «Ұлт тағылымы». – 2012. – No2. – С. 262-26

УДК 373.2

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – БІЛІМ БЕРУ МІНДЕТТЕРІН ШЕШУДІҢ НЕГІЗІ

Маженова Р.Б., Есмагулова А.А.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

Бүгінгі қоғамда білім беру жүйесінің алдында тұрған тәрбиелеу-білім беру міндеттерін шешу үшін цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың болашағы өте маңызды болып табылады. Жалпы, елімізде цифрландыру 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан-2030» мемлекеттік бағдарламасымен қарқынды жүзеге асырыла бастаған еді [1].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі №471 «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысында - «Технологиялар саласындағы екпінді прогресс адамдардың өмір сүру және жұмыс істеу тәсілін өзгертеді [2]. Жасанды интеллект, үлкен деректер және басқа да ақпараттық-коммуникациялық технологиялардағы инновациялар өнімділікті арттыруға және жоғары білікті жұмыс орындарын құруға мүмкіндіктер ашуда. Кез келген заманауи адамның маңызды дағдысы жұмыста да, күнделікті өмірде де әдеттегі міндеттерін шешу үшін цифрлық технологияларды пайдалана білу болып табылады. Ал, цифрлық зерттеу қызметітер барлық кәсіби стандарттардың міндетті элементі болып табылады» делінген.

Цифрлық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі рөлі білімнің инновациялық дамуында, атап айтқанда, цифрлық білім беру ортасында жұмыс істеуге дайын болашақ педагогтарды даярлауда жатыр. Заманауи педагогқа өзінің цифрлық мәдениетін айқындайтын және жаңа технологияларды сенімді пайдалануға мүмкіндік беретін жүйелі білім мен дағдылар, жаңа кәсіби құзыреттер қажет. Қалыптасқан жағдай қысқа мерзімді перспективада тиісті кадрларды даярлаудың тұжырымдамалық тәсілдерін жүйелі қайта қараусыз, болашақ педагогтарға қойылатын талаптарды жаңартпай қандай да бір серпінді өзгерістер туралы айтуға мүмкіндік бермейді.

Жаңа цифрлық технологиялармен жұмыс істей алмайтын, білім берудің жаңа мазмұнын, оқыту әдістемелерін, бағалаудың қазіргі заманғы тәсілдерін білмейтін педагогтар ұсынылған инновацияларды енгізуді, «білім беру» ұлттық жобасының серпінді бағыттарын іске асыруды қажетті деңгейде қамтамасыз ете алмайды. Әртүрлі мемлекеттерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дамудың әр түрлі кезеңдерінде, сондықтан әр мемлекет балаларға қол жеткізуін қамтамасыз етудің өзіндік жолын таңдайды. Педагогтардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру бойынша тәжірибелерге тоқталып өтейік

Англияда 12 жылдық білім беру кезеңінде іске асырылатын оқу бағдарламасына АКТ енгізген алғашқы елдердің бірі. Ол төрт негізгі кезеңде ұйымдастырылған: 1-кезеңде (5-7 жас) оқушылар қарапайым бағдарламаларды құрайды және түзетеді, 2-кезеңде (7-11 жас) нақты мақсаттарға жету үшін бағдарламаларды жобалайды, жазады және түзетулер енгізеді, 3-кезеңде (11-14 жас) есептерді модельдейтін есептеу абстракцияларын жобалайды, пайдаланады және бағалайды, ал 4-кезеңде (14-16

жас) оқушылар өздерінің аналитикалық қабілеттерін, мәселелерді шешу, жобалау, есептеу, ойлау дағдыларын дамытады және қолданады.

Англияда жаңа ұлттық оқу бағдарламасы 2014 жылы күшіне енді, жаңа пән - есептеу техникасын енгізіп, алдыңғы оқу бағдарламасын алмастырды. Қазіргі уақытта Англия интеграцияланған бөлім ретінде бағдарламалауға емес, кең пәнге назар аударатын санаулы елдердің бірі.

Есептеу техникасы пәні үш құрылымдық компоненттен тұрады: информатика, ақпараттық технологиялар және цифрлық сауаттылық. Пәннің негізгі мақсаты білім алушыларда дағдылар жиынтығын қалыптастыру болып табылады [7]:

- абстракцияны, логиканы, алгоритмдерді және мәліметтерді ұсынуды қоса алғанда, информатиканың негізгі принциптері мен тұжырымдамаларын түсіну және қолдану;
- нақты есептерді есептеу тұрғысынан талдау, осындай мәселелерді шешу үшін компьютерлік бағдарламаларды жазудың бірнеше тәжірибесі бар;
- практикалық міндеттерді шешу үшін жаңа немесе таныс емес технологияларды қоса алғанда, ақпараттық технологияларды аналитикалық бағалау және қолдану;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жауапты, құзыретті, сенімді және сауаттылық пайдаланушысы болу.

Әр кезеңде оқушылар есептеу, ойлау дағдыларын дәйекті түрде дамытады. Жалпы, дағдыларын дамыту оқу бағдарламасымен біріктірілген, бұл тіл, математика және жаратылыстану ғылымдары сияқты пәндердің дамуына жол ашады.

айқайлопанып кетеді, тәбеттің тартпауы ұзаққа созылып, тіпті тамақтан бас тартуға алып келуі мүмкін, невротикалық құсу, функционалды дәретке отырудың бұзылуы. Көңіл – күйі немқұрайлы, бала өте көп және ұзақ жылайды, жүріс – тұрыс реакциясы мектепке дейінгі мекемеге келген күннің 60 күнінде өз қалпына келеді [3].

Жақындармен қарым – қатынас эмоционалды қозу күйінде болады және олармен бірлескен әрекет жасаудан бас тартады. Балаларға деген қарым – қатынасы; олармен қарым – қатынастан бойын аулақ ұстайды немесе агрессиялық қарым- қатынас көрсетеді. Қандай да болмасын іс – әрекетке қатысудан бас тартады. Сөзді мүлдем қолданбайды немесе сөйлеу жүйесінің дамуының 2-3 кезең артта қалған байқалады. Ойын әрекеті қысқа мерзімде және жағдайда байланысты болады [4].

Бейімделудің ауыр жағдайы 2 нұсқа бойынша көрініс беруі мүмкін:

- Жүйкелік – психикалық дамуы 1- тоқсанға артта қалады, респираторлық аурулар 10 мөлшерінде болып, үш реттен көп қайталанылады. Соның әсерінен бала 1-2 тоқсан уақытында өспейді және салмақ қоспайды.

- Жүйкелік – психикалық даму 2-3 тоқсанға артта қалады, бойының өсуі және салмақ қосуы баяулайды, жиі ауырады.

- Әлсіз көрініс фазасы – баланың адекватты жүріс – тұрысымен сипатталады. Психикалық жағынан жетілуі орташа жағдайдан баяу болады. Фаза 2-5 айға созылады. Қарым – қатынас сферасындағы бұзылулар баланың қарым – қатынас жасау тәжірибесіне байланысты. Егер бала тек анасымен ғана қарым – қатынасқа түсіп үйренсе, онда оның басқа адамдармен қарым – қатынаста қиындықтар туындауы мүмкін. Қарым – қатынасқа түсудің жаңа формасы ғана баланың кеңейтілген әлеуметтік ортада өзін жақсы сезінуіне кепіл бола алады [5].

Амбиваленттік мінез – құлық баланың конфликт жағдайындағы алғашқы формасы және ол ұялшақтық пен жасқаншақтықпен сипатталады. Амбивалентті мінез – құлық кезінде бала үлкендермен еріксіз қарым – қатынасқа түседі, кейде оның нұсқауларын орындауға бас тартады.

Соған сәйкес, тәрбиешімен қарым – қатынасы да немқұрайлы болады. Мұндай балалар бір іс – әрекеттен екінші өту кезінде қиындықтар сезінуі мүмкін. Отбасында мұндай балалармен негізінен эмоционалды қарым – қатынас жасайды. Үйде онымен өте аз ойнайды, ал егер ойнаған жағдайда да оның талаптарымен өз бетінше істейтін іс – әрекеттерін жетілдірмейді.

Ұзақ уақыт және әртүрлі ойындарға белсенді қатысатын балалар салыстырмалы түрде жаңа ортаға өте жеңіл бейімделеді. Қызығушылықпен ойнайтын кез- келген ересек адаммен жеңіл тіл табысып кетеді. Л.Н. Галигузованың ойынша, бейімделуі қиын балалар ойын процесінде зейінін бір нүктеге жинақтай алмайды, қызығушылығы төмен дәрежеде болады.

Жоғары дәрежедегі заттық іс – әрекеттің болуы, үлкендермен қарым – қатынас жасау, балада жағымды эмоциялық күй туғызады және бұл балабақшаға оңай бейімделуге жағдай жасайды. Г.М.Лямина бейімделу кезеңін жеңілдететін немесе қиындататын негізгі факторлар – ол баланың қарым – қатынас жасауының қалыптасқан типі және жақындармен, қатарластарымен қарым – қатынас жасауға деген қажеттілік деп есептейді. Осыған байланысты пассивті, жалғыз қалуға ұмтылатын балалар тәрбиешінің басты назарында болуы керек, өйткені олар жаңа ортаға ұзақ бейімделеді деп есептейді,- Г.Н.Лямина . Жаңа шарттарға бейімделудің негізіне ізденіс белсенділігі жатады. Баланың дамуына оның денсаулық жағдайы із қалдыратыны анық дәлелденген, әлсіз балалардың жаңа ортаға үйренуі қиын болатыны әуелден белгілі [6].

Эмоционалды жағынан сезімтал, жүйкелік және соматикалық жағынан әлсіз, әсіресе неврозбен ауыратын балаларға, мектепке дейінгі мекеме оның психикалық дамуына әсер етеді. Оларға керісінше, интеллектуалдық көрсеткіштері төмен балалар, маскүнемнің балалары бейімделу кезінде қиындықты сезбейді. Бұл балалардың оңай бейімделуі оларда эмоционалды байланыстың жоқтығымен түсіндіріледі. Анасымен эмоционалды байланысы тығыз болған сайын және баланың психикасы күрделі болған сайын, бейімделу процесі қиын өтетін болады.

Отбасындағы бала тәрбиесі ұзақтың айырмашылығы және қиыншылыққа үйретудегі алдыңғы жағдайлардың өзгеруімен байланысты. Ұйқының бұзылуы, эмоционалды жағдайлар, тамақтандыру әдістемесі, жиыстыру және ұйымдастыру сергектіктің дұрыс болмауы, дұрыс тәртіп болмаған отбасыларда, балалардың артық әсерлері алғашқы күндерде жаңа мектепке дейінгі тәрбие орнында байқалады. Бұл жағдайда, балалардың мінез – құлқының бұзылуы өмірдің жаңа

жағдайларына шұғыл ауысуы, әдеттері балалар үшін тәртіпті қабылдау және жеткіліксіз дамумен, олардың бейімделушілік механизмімен түсіндіріледі.

Баланың индивидуалдық ерекшелік астарымен байланысты. Баланың жан – жақты дамуы мына кейіпке ұйғарылады, яғни, оның әлеуметтік қарым – қатынастарының жан – жақты дамуы, оған жаңа жағдайлармен қарым – қатынастардың пайда болар кезінде айналасына нақты мүмкіндігі оның даму деңгейінің анық қайта құрылуына жағдай жасайды [7].

Бала бақшаға барғандықтан жақын үлкен адаммен қарым- қатынасының шектелуі қауіпті психологиялық ауыртпалыққа әкеледі. 1,5 жастан сондай-ақ 3 жастағы балаларға эмоционалды ауыр тиеді. Әлеуметтік ортаның өзгеруі баланың психикалық және физикалық денсаулығына әсер етеді. Кішкентай жасында ерекше мән беру керек, ол кезде көптеген балалар бірінші рет жабық жанұялық ортадан әлеуметтік байланыстар әлеміне ауысады.

Балабақша ортасы – ол ең алдымен бала мен үлкендер, бала мен басқа балалар арасындағы өзінің талаптары мен әртүрлі қарым- қатынасы бар әлеуметтік орта. Сондықтан, балабақшаға бейімделу – балалар мен үлкендер, балалар мен құрбылары арасындағы өзіндік талаптары, өзіндік түрлі әрекеттері бар қарым – қатынас.

Бейімделу процесіндегі үлкендер мен құрбыларымен қарым – қатынас спецификасы. Балалар тобындағы психологиялық ахуал ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Тәрбиешінің міндеті – топтағы рөлдердің орналасуын уақытында байқап, қарым-қатынастың қарама қайшы келуінің алдын алу керек. Балабақшада балалар жаңа орын жағдайы мен уақыт тәртібіне сай ғана емес, бірінші кезекте, жаңа тұлға – тәрбиешімен де таныс болады. Бала бақша тәрбиешісі педагогикалық тәсілдерді жиі қолданады. Мұндай мінез – құлық балалар жағынан бала бақша тәрбиешісімен әлеуметтік байланыс қалыптастыруда баяулыққа әкеліп соғады. Баланы жаңа ортаға тез үйреткісі келетін тәрбиешінің бала тұлғасын нақты білмеуі орын алуы мүмкін. Одан бұрын, бала бақша тәрбиешілерінде бірінші жоспарда педагогикалық әсер ету тұрады. Бала бақша тәрбиешілерінде қыздармен салыстырғанда ұлдарға эмоционалды қарым – қатынасы білінеді. Іс- әрекетте қыз балаларға көп талап қояды. Бұл рөлдерді реттеу салт-дәстүрмен негізделген. Дамуды бақылау нәтижесі, балалардың және тәрбиешілердің мінез-құлық реакциясын талдау бойынша 3 жастағы балалар балабақшаға барар кезінде үйрену қиындығы пайдалы болмай-ақ, материалдық, уақыттық және әлеуметтік жағдайлардың толық өзгеруін түсіне алмайды. Бұл қиындықтар уақытша сипатқа ие және әдебиетте бұрын көрсетілгендей, үйрену реакциясы мен мінез-құлықтың бұзылуының интенсивті формасымен теңдесе алмайды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуі. Әр бір ұлтқа және адамзатқа тән өмір сүру бейнелерін, мәдениетін тұтастай қарастырғанды айтамыз. Бірақ біздің осы өмірді саналы қарастыруымыз іштей қарама қайшыланады. Балалық шаққа қызығушылық тарихи өткен шаққа қызығушылық сияқты әлеуметтік және индивидуалды даму кезінде ғана пайда болады, ал әрбір біздің өткен шағымызды есімізге түсіргеніміз біз қазір сол жағдайды көріп отырған сияқты жағдайда боламыз. Ересек адам үнемі балалық шаққа кіре алмайды, оған ылғи балалық шақ сырға толы жабық сияқты болып көрінеді [8].

Бейімделу (адаптация) – организм функцияларының, құрылысының, оның органдарының және клеткаларының орта жағайына ыңғайлануы, бейімделуі. Баланың мектепке дейінгі мекемеге бейімделуі жылдам жүрмейді: ол үшін, яғни балабақшаға толығымен үйренуі үшін бір күн, бір апта талап етілмейді. Бұл барлық организм жүйелерінің маңызды ширақтылығымен байланысты ұзақ процесс.

Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тиеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаны ұнатуына көмектесетін қарапайым ережелерді басшылыққа алған жөн. Балабақшаға берерден шамамен бір ай бұрын сәбиіңізді балабақшамен таныстырыңыз. Жай ғана балабақша аумағында серуендеуге барыңыздар, сонда ол балабақша ғимаратының әсемдігіне тамсанып, онда қайта-қайта баруға ынтасы оянады, мұндайда алғашқы ресми күн де ол үшін мереке іспеттес болмақ. Бала жаңаша күн тәртібінен биологиялық тұрғыда қолайсыздық сезінбеуі үшін, бір ай бұрын оны ақырындап балабақшада болатын жаңа тәртіпке үйрете беріңіз. Бұл тамақтануға да қатысты [9].

Баланың ұжымға жылдам сіңісуі үшін, оның қарым-қатынас жасауға бейімділікті дамытуына көмектесіңіз, ал бұл балалармен, сондай-ақ ересектермен араласу барысында ғана мүмкін болмақ. Реті

келсе, балабақшаға бармай тұрып, болашақ топтастарымен және олардың ата-аналарымен танысқандарыңыз тіптен құптарлық жайт. Баланы міндетті түрде дербестікке дағдыландырыңыз, өз жасының деңгейінде өз-өзіне қарай алатын болсын [10].

Балаға балабақшаның не үшін керек екенін, сәбилердің онда не үшін баратынын әңгімелеп беріңіз. Әкесі мен анасының жұмысқа, ал балалардың балабақшаға баратынын түсіндіріңіз. Анда-санда баламен бірге балабақша маңынан өтуге тырысыңыз, және оған дәл осы балабақшаға баратындарыңыздың қандай жақсы болғанын қуана ескертіңіз. Тобының қандай әсем болатынын, ондағы ойыншықтардың қандай сүйкімді екенін, оның балалармен ойнайтынын айтыңыз. Осы қуанышты жаңалықты баланың көзінше достарыңызбен және жақындарыңызбен бөлісіңіз. Сәбиіңіздің балабақшаға қабылданғанына қуанып тұрғаныңызды айтыңыз. Сөйтіп, балабақшамен тезірек танысуға баланың өз құлшынысы артатындай етіп, оны жағымды арнаға бағыттаңыз. Балаға ондағы күн тәртібінің қандай болатынын, олардың немен айналысатынын айтыңыз, себебі бала жұмбақ жағдайларға аттанбауы тиіс және өзін не күтіп тұрғанын білуі керек. Баланың көзінше ешқашан балабақша туралы жағымсыз пікір айтпаңыз, және, ең бастысы, оны балабақшамен қорқытпаңыз. («тамағыңды ішпесең, балабақшаға жіберемін»; «мейлі, балабақшада сені тамақ жеуге жақсылап тұрып үйретеді» деген секілді). Баланы бастапқыда балабақшаға бірнеше сағатқа әкеліңіз де, кейіннен біртіндеп толық күнге жеткізіңіз. Мұндай біртіндеушілік қағидасы сәби үшін де, оның анасы үшін де анағұрлым жайлы болмақ. Баланы балабақшадан алып қайтарда міндетті түрде олардың немен айналысқанын, қандай тамақ ішкендерін сұраңыз, жетістіктері үшін мақтауды да ұмытпаңыз. Бала ата-анасы қасында болмаса да, оларға өз өмірінің қызықты екенін білуі тиіс.

Баланы таңертең балабақшаға әкелген кезде жылдам қоштасып үйреніңіз, бұл істі көпке созбаған жөн, әйтпеген жағдайда бала сіздің абыржығаныңызды сезіп қояды да, сізден айырылғысы келмей қалады. Әрдайым қасында екеніңізді және мейлінше жақсы көретініңізді бала қашықта жүрсе де сезінуі үшін, оның қалтасына шағын ғана естелік зат салып беріңіз, бұл оның көңіліне медеу болады. Балаңыз байбалам салған уақытта ешқашан оның ырқына жығылушы болмаңыз. Қайткен жағдайда да балабақшаға баратынын ұқтырыңыз, әйтпесе келесі жолы оның еркеліктерін көтеру сіз үшін қиынға соғатын болады. Әрине, әрбір бала өз алдына бір әлем, олардың әрқайсысының ыңғайын таба білу керек, алайда тек сүйіспеншілік, шыдамдылық және парасатты оң ықылас қана балабақшаға баруды сүйікті іске айналдыра алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрматова С. «Жантану мәселелері» - Алматы №2, 2010ж
2. Аймауытов Ж. «Психология (оқу құралы)» – Алматы 2006 ж.
3. Алдамұратов Ә. «Жалпы психология» – Алматы, 1996 ж
4. Алдамұратов Ә. «Қызықты психология» – Алматы, 1992ж
5. Анастаси А. «Психологическое тестирование» – Журнал, Алматы, «Сана», 1991 ж
6. Байтұрсынова А.А. «Арнайы педагогика» – Алматы, 2008 ж
7. Хақимжанова Г.Д., Айдарбекова А.А. «Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями в условиях массовой школы» – Алматы, 2001ж.
8. Оспанбаева М.П., Құрманова С.Н. «Ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу шарттары» - Журнал, Астана, 2012 ж
9. Аймауытов Ж. – Журнал «Тәрбиеге жетекші» 2015 ж. №2
10. Сатыбаев С. «Халық әдебиетінің тарихи негіздері» – Алматы, 1992ж

УДК 37.013.42

THE EXPERIENCE OF USING DIGITAL TECHNOLOGIES AND WAYS OF INTERACTING WITH PARTICIPANTS OF SUBJECTS OF THE EDUCATIONAL SPACE IN PRE-SCHOOL EDUCATION

Zh.A.Karmanova¹, K.T.Anabekova², M.B.Iskakova³, G.K.Nurkenova⁴

^{1,2,3,4}Karaganda University named after academician E. A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan

A preschooler of the XXI century is a child who is an active user of digital devices.

Preschool education of the XXI century is actively involved in the process of applying digital technologies in its activities. New technologies aimed at preschool age, computer programs, digital devices and various digital platforms are emerging that allow integrating the educational process of a preschool organization into the online space. At the same time, the task of organizing the process of formation, development and education of a child in the digital world, which leaves an imprint on the modern social environment of the child, remains urgent.

For several years now, the public parent community has been divided into two groups: supporters and opponents of early childhood digital socialization. However, progress cannot be stopped. Digitalization is a trend of the 21st century and the environment in which a modern child grows and develops. Digitalization of education originates from the phenomenon of computerization, which in the middle of the 20th century revolutionized the system of interaction and knowledge transfer. The process of active introduction of computer and information and communication technologies into all spheres of society has begun.

The prerequisites for the inclusion of information and communication technologies in preschool institutions can be traced back to the French teacher Celestin Frenet, who in the 30s of the XX century began to actively use the methodology of free writing. The essence of the technique was that the children were given the task to write a text on a free topic. An important condition: the children printed this text on a special machine, and did not write by hand. Then the contents of the leaflet were read to the entire group of preschoolers in order to discuss and correct the text. Only after that, the text was printed again and placed in the news sheet at the stand at the kindergarten. Subsequently, this technique was called "Educational typography". S. Frenet also used films and sound recordings in his classes.

In 1960, the first interactive device appeared that allows you to teach a child to read and write. The authors of the new method were R. Kobler and O. Moore. Children at the age of three learned to read using a special typewriter that makes sounds when you press the keys. According to O. Moore, the interactive environment is the basis of a child's education. As for the computerization of education, this phenomenon dates back to the 70s of the XX century, when a computer was first offered in the USA for classes with preschool children. The main purpose of this experiment was to teach children the basics of programming (at that time, the main global trend). The initiators of this experiment were Seymour Papert and Cynthia Solomon. It was they who developed the new programming language "Logo", with which the authors wanted to teach preschoolers the basics of programming. This resource ("Logo") helped to create an environment for preschoolers in which they could train in developing reasoning skills and solving technical problems.

As Professor S. Papert later noted in his book "Childhood in a new Way: the presence of computers as an experiment in developmental psychology", electronic computing machines (computers) "will comprehensively invade the child's life and become an intellectual tool used by the kid as freely as a pen and pencil, but with great variety and imagination". At the same time, he noted that the technical device will not be able to replace the teacher, it is only designed to complement traditional education and diversify it[1]. Further, a number of countries in Europe, South America, Australia and Canada have begun to actively develop and implement special programs in the practice of preschool institutions, implemented with the help of state support, the purpose of which is to introduce computer learning into the educational process. In fact, there was a revolution in the educational environment, which actively began to include computers, special programs and training courses (robotics).

Developers of government programs in the United States aimed at computerization of education, including preschool, have noted certain successes in teaching preschoolers if it is organized with the help of computer game programs [2]. This allows the authors of the programs to "conclude that computers can be useful if they are expertly introduced into the practice of kindergartens." A new experience in the development of a computer environment in preschool institutions in Canada has been called "computer stations". In a number of kindergartens, a part of the playroom space was allocated for computers, i.e. the computer became part of the game environment for a preschool child. There were no plans to conduct any special classes on the computer, children could freely use the computer to play or study at their own request. At the same time, in the 90s of the XX century. In kindergartens in Canada, it was proposed to "include computer games on a specific topic of introducing children to the world around them: "Library", "Birthday".

In kindergartens in Bulgaria, it was believed that computer technology was an integral part of a child's life in kindergarten. Therefore, they were offered to be included both in classes with children and in free play activities. Bulgarian research teachers have developed recommendations for the inclusion of preschool children in the process of working on a computer [3]. In their opinion, the child must first go through the preparatory (pre-computer) stage of acquaintance with a computer, where he gets acquainted with the rules of working on a technical device, games and other possibilities of these technologies. Next, children can move on to the computer stage, where in groups of 2-4 children, children can freely play games that the tutor has

selected for them. The third stage is "post-computer" - children move on to ordinary activities related in meaning to the previous ones.

In France in the 80s of the XX century. Rachel Cohen began to actively introduce interactive technologies for classes with preschool children on learning to read and write. For these purposes, she chose a computer with a human voice synthesis function. Children aged from 3 to 6 years old typed words, sentences or descriptions of special pictures on the keyboard. Then they pressed the space bar and heard the audible pronunciation of what was written. These technologies, according to R. Cohen, allow children to build interpersonal interactions and communication, as children often work with a computer in groups of 3-4 people, discuss their activities, and help each other [4]. The end of the 90s of the XX century is considered a landmark period in the world of the transition from learning from the study of computer technology to learning using computer technology, including in preschool education, as well as the transition from computerization to digitalization of learning.

At the beginning of the 21st century, most countries began actively introducing computer and digital technologies into the education system of preschool children. For example, in 2004, the Government of New Zealand carried out extensive work to study the experience of using computer technologies in preschool education. The results of the report influenced the adoption of a new educational standard in the country aimed at teaching ICT to preschool children. A special stage in the application of digital technologies in preschool education abroad was developed in 2011. The UNESCO Institute has a scientific project on the application of information and communication technologies in the field of preschool education. In this project, the levels of development of computer technologies in different countries and the prospects for their further development were determined.

Since 2012, the Finnish government has made it a priority to equip educational institutions (including preschools) with technical training tools in order to develop children's computer design skills, develop cognitive abilities and implement personalized learning. The digitalization of education is actively taking place in Korea. In 1999, the Government of the Republic established the Korean Information Service for Education and Research, whose task was to organize research in the field of digitalization of education and dissemination of this information. The Republic of Korea's approaches to the digitalization of education are focused on the integration of digital technologies into its education system, including preschool education. This approach is aimed at improving the efficiency of work in the education system, increasing digital literacy and competitiveness.

The Republic of Singapore, in its education development strategy, has guided educational organizations to systematically introduce digital technologies into education to develop children's skills in the 21st century. The experience of introducing digital technologies into preschool education shows that it is possible to minimize the risks of the impact of digital technologies on the development of preschool children if two important factors are taken into account:

- 1) The factor of integrating these technologies into different types of preschool activities;
- 2) The factor of the diverse use of technical means and tools in the practice of organizing classes and in the environment of a preschool organization. Properly organized use of digital technologies and digital resources stimulates children's creativity and provides ample opportunities for their self-expression.

In Russian pedagogical practice, the first attempts to use a computer in preschool institutions date back to the 80s of the XX century. "The first documented experience of using a computer in kindergarten was realized in 1986 in kindergarten No. 37 in Siauliai (Lithuania). A computer class was equipped here in the preparatory groups [5]. The children studied twice a week for 15-16 minutes. Educational programs aimed at consolidating and clarifying knowledge in mathematics and literacy have been developed especially for preschoolers. This experience became successful, and already in 1987 the computer began to be used in the kindergarten "Golden Key" in Solnechnogorsk, Moscow region and further across the country. "Preschool age is an important stage for the formation of digital competence, which can be defined as" ... a new form of literacy, which becomes an essential component of any education in the XXI century." Important global trends determining the development of education, including preschool, are currently: formation of a pupil's personal development strategy; assessment of the formed competencies (achievements) of the pupil; group work; assessment of achievements; the pupil is a teacher, i.e. the formation of a system of knowledge transfer from child to child in the process of mutual learning using digital technologies.

An important condition for the implementation of digital learning is the development of intellectual abilities, imaginative thinking, imagination, and social intelligence in preschoolers in the process of cognitive activity using digital technologies. Thus, the global experience of using digital technologies in preschool education shows that their use in preschool age is associated with the organization of the learning process of children. Digital technologies have become a means of learning that allows achieving a high level of

effectiveness in the development and education of preschoolers and developing a certain level of independence in obtaining scientific and systematic knowledge[6]. It is almost impossible to imagine a modern kindergarten without the use of information and communication technologies. The domestic and foreign experience of digitalization of the educational environment shows that it makes it possible to increase the effectiveness of the educational process. A modern teacher should develop skills such as the ability to work with text and graphic editors;

Ability to work with databases using information languages; to use a PC as a pedagogical technical tool; be able to develop and put into practice electronic software tools; when informing and educating parents, it is advisable to create various websites: educational institutions, teachers, a separate group. The presence of an official website on the Internet provides parents with the opportunity to receive information promptly, which is aimed at informing parents about the quality of educational services. The process of digitalization of education involves the formation of a digital (information) culture among participants in the educational process, which allows them to use the opportunities that open up competently and adapt to the information society environment.

Currently, there are many options for interacting with parents in an online environment that can be used in the educational process, in particular, for their information and pedagogical education. The counseling center provides psychological and pedagogical support to families raising: children who do not attend educational institutions; children with special educational needs who attend general education groups of other kindergartens and do not receive qualified correctional assistance. Psychological and pedagogical consultations for parents in various areas of development of a preschool child. Determination of the level of readiness for school education. Assistance in the socialization of preschool children. Information assistance. Especially relevant are not only the issues of organizing interaction, but also the creation of a new comfortable and safe distance learning environment that takes into account the needs and interests of various categories of students and ensures their psychological health. Online counseling technologies in modern psychological work are not something new and have many advantages, in particular:

Independence from the time and place of counseling; guaranteed confidentiality; ease of organizing interaction with a specialist, the ability to organize work not only using a personal computer, but also individual mobile devices (smartphone/tablet); the ability to break off contact at any time, which is especially important for sensitive and vulnerable parents; a sense of security for the counsellor when staying at home; concentration on verbalization of experiences, which increases work efficiency. When consulting, a full-fledged contact is established quickly enough, which removes many difficulties at the beginning of the client's interaction with a specialist and contributes to the rapid establishment of trusting relationships, allowing you to get a positive result from just one meeting. In addition, the format of such consultations is very convenient when organizing the work of small groups of students, for example, for correctional and developmental work [7].

I would like to note the advantages of remote counseling, which involves a specialist's answer to a question asked by an anonymous subject in a "closed" mode. This method allows you to provide fairly fast and effective advisory assistance to a large number of subjects, which greatly increases the number of interested persons. The means of these technologies help the teacher to diversify the forms of support for the educational process, to improve the quality of work with families. Well-organized websites and various Internet resources will help establish partnerships with the family of each pupil. Join forces for the development and upbringing of children. To create an atmosphere of mutual understanding and common interests, emotional mutual support. The advantages of the Internet resource are the opportunity for parents to find out specific information about the age characteristics of children, to publish their personal materials from the experience of family education.

Computer technologies can expand the possibilities of communication between teachers and parents. Their use carries a figurative type of information that is understandable to all participants in the educational process. Parents are more motivated to work with their child at home due to the attractiveness of a computer and multimedia effects, as movements, sound, animation attract the attention of children for a long time. Advantages of using an information and methodological Internet resource reducing the time for parents to access information, prompt receipt of information, the ability to demonstrate any documents, photos, videos, audio materials, ensuring a dialogue between the educator and parents, an individual and group approach to working with families in the context of digitalization of education.

This research has been/was/is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant № AP23490177).

Literature:

1. Papert S. Childhood in a new way: the presence of computers as an experiment in developmental psychology. М. : Pedagogy, 1999.
2. Novoselova S. L., Petku G. P. The computer world of a preschooler. М. : New School, 2017. p. 128.
3. Wiederhold A. Computer in elementary school // Informatics and education. 2013. No. 2. pp. 23-25.
4. Novoselova S. L. The computer world of a preschooler. М. : New School, 2017. pp. 46-47.
5. IBM KidSmart Early Learning Program: Practices from 15 countries on using the KidSmart program to teach children with special educational needs. [electronic resource]. URL: <http://www.emc.spb.ru/docs/ibm/2019/kidsmart.pdf>.
6. Kalash I. The possibilities of information and communication technologies in preschool education : an analytical review. Unesco, 2020.
- 7 New information technologies in preschool education / Gorvits Yu. M. [et al.]. Moscow : Linka-Press, 2020. p. 328.

ӘОЖ 373.2

ҚҰМ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

А.О.Аубакирова¹, А.З.Ахмадиева²

^{1,2} «Бақыт» бөбекжайы КМҚК, Қарағанды қ., Қазақстан

Заманауи білім беруді жаңғырту оның барлық сатыларында жаңа заманауи сапаға қол жеткізуді көздейді. Бұл қазіргі заманғы түзету және білім беру технологияларын белсенді қолдану ғана емес, сонымен қатар білім беру деңгейін мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес келетін тиісті деңгейге көтеруге ықпал ететін өз технологияларын жасау қажеттілігін тудырады. Психологиялық түзетудің дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістері жүйесінде арнайы әдістер көбірек орын алады, оған құм терапиясы сияқты бағыттар кіреді.

Құм терапиясы — бұл заманауи арт-терапия мен арт-педагогиканың бір түрі, оның ішінде әр баланың жеке басын ашуға, оның психологиялық қиындықтарын шешуге, олардың тілектерін білу қабілетін дамытуға және оларды жүзеге асыру мүмкіндігін дамытуға мүмкіндік беретін құммен ойындар жүйесі бар. Балаға құрдастарымен және сыртқы әлеммен қарым-қатынас орнатуды үйренуге, эмоцияларын білдіруге және сезімдер, мәселені шешудің жолын ұсынатын ішкі “мен” дыбысын есту. Құм-кез келген жастағы балалармен жұмыс істеу үшін тамаша материал [1].

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарының негізгі идеясы және сәйкесінше білім беру бағдарламасының мазмұны оң әлеуметтену идеясы болып табылады, балалардың өзіне және өз күштеріне деген сенімділігін қалыптастыруға бағытталған мүмкін және әр түрлі формаларды, әдістер мен тәсілдерді бекіту маңызды, балалардың табысты және қажет болуға деген ұмтылыстары, бастамашылық пен шығармашылықты көрсетуге дайындығы мен қабілеті. Бұл құм терапиясының әдістері және құм үстелдерінің көмегімен баланың тілінің дамуын жүзеге асыруға көмектеседі. Статистика көрсеткендей, қазіргі уақытта көптеген балалар мамандандырылған көмекке мұқтаж. Олардың ішінде эмоционалды-ерікті проблемалары бар балалар, әсіресе қорқыныш пен мазасыздық сезімдері бар.

Балабақшадағы балалардың психологиялық денсаулығын түзету және дамыту үшін әртүрлі құралдар бар: білім беру ойындары мен жаттығулары, әртүрлі дидактикалық материалдар, ойын терапиясы, ертегі терапиясы. Мұның бәрін мен күнделікті жұмыста қолданамын. Бірақ мұндай оқыту құралдарын балабақшаның барлық педагогтары пайдаланады және менің сабақтарыма танымдық қызығушылықты қолдау үшін балалардың эмоционалды әлемін дамытудың жаңа әдісін табу қажет болды, бұл тек қызығушылық тудырмайды, сонымен қатар көптеген жағымды эмоциялар. Мен өз таңдауымды ертегі терапиясымен және коммуникативті технологиялармен бірге құммен жұмыс істеуді тоқтаттым, оны өз тәжірибемде жүзеге асырамын. Бұл менің тәжірибемнің жаңалығына айналды [2].

Бүгінгі таңда Қазақстандағы құм терапиясы өзін психотерапия мен педагогикада тиімді практикалық әдіс ретінде көрсетті. Дегенмен, құм терапиясының толық тұжырымдамасы әлі қалыптасқан жоқ. Бұл осы әдісті таратуға және түсінуге үлес қосуға мүмкіндік береді.

Психологиялық-педагогикалық жұмыстың мақсаты: құм терапиясы мен ертегі терапиясының көмегімен әр түрлі мәселелерді түзету және алдын-алу.

Осы аталған әдістер арқылы мынадай мәселелерді шешуге болады:

- пәндік-ойын қызметін жетілдіру,

- оқу қызметін қалыптастыру,
- танымдық функцияларды (қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау), сөйлеу және моториканы дамыту.

- сөйлеу мен мінез-құлықты түзету;
- білімге деген қызығушылықты арттыру;
- сәттілік жағдайын жасау.

Құм терапиясы және ертегі терапиясы құралдарымен жұмыс істеу үшін келесі принциптер негізделді:

- диагностика мен түзетудің бірлігі;
- болашаққа бағдар.

Құм терапиясын қолдану баланың жақын даму аймағын кеңейтуге мүмкіндік береді;

-жағымсыз жағдайларды жеңуге, баланың дамуындағы жұмысының бұзылуына, сондай-ақ осы процестер негізінде қалыптасатын тұлғаның жағымсыз ерекшеліктерін өтеуге бағытталған эмоционалды-ерікті саланы үйлестіру [3];

- баланың белсенділігіне сүйену-баланың қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ету танымдық іс-әрекеттің субъектісіне айналады. Тиісінше, бұл қағида психологиялық әсердің ерекшелігін талап етеді, ол баланың санасына үнемі және тұрақты түрде жүгініп, оған болып жатқан құбылыстың мәнін қабылдауға және түсінуге мүмкіндік береді. Бұл қағида іс-әрекетте өзін-өзі көрсету үшін қажетті психологиялық қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді;

- көркемдік-түзету әсері;
- еркіндік пен тәуелсіздік. Балаға қоршаған ортаға деген көзқарасын дербес анықтауға, өзіне ұнайтын нәрсені таңдауға мүмкіндік береді;
- баланың мүдделерін қорғау. Ешқандай жағдайда түзету әсері балаға, оның психикалық және физикалық денсаулығына зиян тигізбеуі керек екенін ескере отырып, эмоционалды салаға түзету араласуларын құру.

Балалармен барлық түзету жұмыстарының негізінде психология мен педагогиканың үздіксіздігі туралы ереже жатыр. Баланың психикалық дамуының оның тәрбиесі мен оқуымен байланысының психологиялық-педагогикалық теориясының негізгі қағидасын белгілі зерттеушілер Л. С.Выгодский, П. Я. Галперин, С. Л. Рубинштейн және т. б. тұжырымдады. Көрнекті педагогтар мен психологтар баланың психикалық дамуындағы бірқатар функциялардың сезімтал кезеңдерін қамтитын ерте жастағы балаларды диагностикалаудың маңыздылығын бұрыннан көрсетті, яғни бұл функция сыртқы әсерлерге ерекше сезімтал және әсіресе олардың әсерінен қарқынды дамып келе жатқан кезеңдер.

Қазіргі уақытта балалардың оқу, түзету және даму процестерін жеңілдететін құмсалғышты қолданатын көптеген ойындар, жаттығулар мен ойын бағдарламалары әзірленді. Олар, ең алдымен, мектеп жасына дейінгі балалар мен даму проблемалары бар балаларға арналған. Бұл ойындар Т. Д. Зинкевич-Евстигнеева және Т. М. Грабенконың “Құмды ойын терапиясы”, “Ертегі терапиясындағы ойындар” кітаптарында егжей-тегжейлі сипатталған. Олардың ішінде келесі түрлер ерекшеленеді:

✓ Оқу ойындары. Олар баланы оқуға, жазуға, санауға және сауаттылыққа үйрету процесін жеңілдетеді, қолдың ұсақ моторикасын, фонематикалық есту қабілетін дамытуға ықпал етеді, дыбыстың айтылуын реттеуге көмектеседі.

✓ Танымдық ойындар. Қоршаған әлеммен танысу ойындары, географиялық ойындар, фантастикалық, тарихи, экскурсия ойындары.

✓ Проективті ойындар. Проективті ойындарды жеке және топта өткізуге болады, олардың көмегімен баланың психологиялық диагностикасы, түзетуі және дамуы жүзеге асырылады [4]

Түзету және дамыту жұмыстарын жүзеге асыру үшін мен өз қызметімде құм терапиясының келесі принциптерін қолдандым:

1. Нақты “тұру”, балалар ойындары мен балалар ертегілерінің кейіпкерлерімен бірге барлық жағдайларды жоғалту – құм терапиясының осы принципі негізінде қиялдың шындыққа және керісінше өзара ауысуы жүзеге асырылады.

2. Тәжірибе мен жағдайды түсіну-құмсалғыштағы жағдайды ойнай отырып, бала оған сырттан қарауға мүмкіндік алады. Құм терапиясының бұл принципі ойынды нақты өмірмен байланыстыруға, не болып жатқанын түсінуге, мәселені шешудің жолдарын табуға мүмкіндік береді.

3. Алмасу принципі-құм ойындарында бала мен психолог идеялармен, ойлармен, сезімдермен оңай алмасады. Осылайша, құм терапиясы серіктестік қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

4. Абстрактілі белгілерді жандандыру принципі-құм терапиясы болып жатқан оқиғалардың шындық сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді [5].

Мен құм ойындарын түзету әсерінің жетекші әдісі ретінде, дамыту және оқыту кезінде және баланы ынталандыруға, оның сенсоримоторлық дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін көмекші құрал ретінде, диагностика және психопрофилактика ретінде қолданамын.

Құм терапиясы ретінде келесі жабдықтар қолданылады:

- Құрғақ құмға сурет салуға арналған жеңіл үстел.
- Кинетикалық құмнан құм суреттерін салуға арналған құмсалғыш.
- Таза, еленген құм.
- Кинетикалық құм.
- Миниатюралық фигуралардың "жинағы"

Ойындар мен жаттығулар процесінде құм терапиясының әсерін күшейту үшін музыкалық шығармалар қолданылады, мысалы: "табиғат дыбыстары", мектеп жасына дейінгі балаларға ұсынылатын релаксация және классикалық музыка.

Мен өз жұмысымда құммен жұмыс істеудің екі түрін қолданамын. Бұл кинетикалық құмды қолданатын құмсалғыштағы жұмыс және жарық үстеліндегі құрғақ құммен жұмыс. Құм терапиясындағы классикалық нұсқа-құмды кескіндеменің құрылысы. Балаға құмда сиқырлы әлем немесе ертегі тарихын құру ұсынылады. Құмсалғышта жұмыс істеудің міндетті компоненті-кішкентай фигуралар немесе олардың бейнесі [6].

Құммен жұмыс істеу белгілі бір мінез-құлық ережелерін талап етеді. Олар әдетте сабақтың басында арнайы таңдалған құм кейіпкерімен келіседі. Ол құмды елге шақырады және ондағы мінез-құлық ережелерін анықтайды. Кейіпкер құмды ертегі, құм патшасы, тасбақа, түйе болуы мүмкін.

Мұнда құмды кейіпкер балаға тапсырма береді.

Негізгі бөлігі-орындау тапсырма.

Қоштасу рәсімі деп аталатын соңғы бөлімде құм кейіпкері саяхаттың немесе ойынның аяқталғанын хабарлайды.

Құм терапиясы даралау процесіне ықпал етеді, қаттылықты жеңілдетеді, шығармашылықты, ішкі сезімдерді босатады, қабылдауды күшейтеді және естеліктерді жаңартады, қиялды дамытады, символдық мағыналардың көптігі арқасында бірнеше тәжірибені қамтамасыз етеді.

Құм терапиясын балалардың білім беру іс-әрекетінде заманауи арт-педагогиканың бір түрі ретінде қолдану, менің тәжірибем көрсеткендей, баланың дамуының ерекше құралы болып табылады. Балаларда ерікті мінез-құлық тезірек қалыптасады, қиял, бастамашылық белсенді дамиды, қызығушылық артады; эмоционалды жағдай тұрақтанады; тактильді сезімталдық пен ұсақ моториканы дамытумен қатар, балалар өздерін тыңдауға және өз сезімдерін айтуға үйренеді, бұл сөйлеуді, ерікті зейін мен есте сақтауды дамытуға ықпал етеді.

Біздің қолдану тәжірибеміз құм терапиясы бұл балалардың физикалық ғана емес, сонымен бірге психикалық (интеллектуалды) денсаулығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін көрсетті.

Құм терапиясының заманауи арт-терапия мен арт-педагогиканың бірегейлігі-бұл әмбебап сипатқа ие және кез-келген балаға арналған, өйткені ол баланың бейімделу қабілетін арттыруға, эмоционалды саланы тұрақтандыруға, мазасыздықты, өзіне деген сенімсіздікті азайтуға көмектеседі. Құммен ойнай отырып, бала қауіпсіздік сезімін дамытады, өйткені құм әлемі-оның бақылауындағы әлем.

Менің жұмыс тәжірибем көрсеткендей, құм терапиясын қолдану оң нәтиже береді:

- балалардың қызығушылығы едәуір артады; сөйлеу қарым-қатынасының мотивациясы артады;
- балалар өздерін табысты сезінеді;
- сөздік толықтырылады және белсендіріледі;
- ұсақ моторика, визуалды қабылдау дамиды; оқу және жазу дағдылары қалыптасады;
- сөйлеудің грамматикалық құрылымы, үйлесімді сөйлеу реттеледі;
- бастапқы сөйлеу қабілеті дамиды.

Әдебиеттер тізімі

1. Т.М. Грабенко, Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Чудеса на песке. Песочная игротерапия – Санкт-Петербург: Институт специальной педагогики и психологии, 1998.

2. О. Е. Громова Инновации – в логопедическую практику. Методическое пособие для дошкольных образовательных учреждений. Москва: Линка-Пресс, 2008.

3. Л.А. Комарова Автоматизация звука Р в игровых упражнениях. Альбом дошкольника. Москва: ГНОМ и Д, 2009.

4. Е.Н. Краузе Логопедический массаж и артикуляционная гимнастика. Санкт-Петербург: Корона – принт, 2005.
5. М. А. Поваляева Нетрадиционные методики в коррекционной педагогике. Ростов-на-Дону: Феникс, 2006.
6. М.А. Кудинова Здоровьесберегающие технологии в системе коррекции речи дошкольников. Логопед. – 2010. – №2.

МРНТИ15.31.21

БАУЫРЫНАН ТҮЛЕГЕН БАЛАПАН ЕДІК

Айтжанова Р.М.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Бүгінгі жас ұрпақ – елдің ертеңгі тізгінін ұстар иесі екені анық. Сондықтан да жоғары оқу орнының табалдырығын аттаған әр студентке сапалы білім мен саналы тәрбие беруге профессорлық-оқытушылар құрамы қашан да мүдделі. Педагог қауымының орасан парызы әрі азаматтық міндеті.

Әр студенттің бойына білім дәнін сеуіп, ақ жүректілігін үстем қоятын педагогтердің тәжірибесі толысқан, өз мамандықтарын жете меңгерген, жауапкершіліктері мол, мейірімді, ізденімпаз, іскер жандар екендіктерін қажымай жасаған еңбектерімен дәлелдеп келеді.

Шәкірт тәрбиелеу ісіндегі ең негізгі ұғымның бірі – тұлға қалыптастыру, студент бойындағы адамгершілік қасиеттерді орнығуына ықпал ету болса, педагогтің осы міндеттер мүддесінен шығып жүргені баршаға аян. Шәкірт айнасы – ұстаз, ұстаз келбеті – шәкірт!

Дамушы қоғамға таңдау жағдайында өз бетінше жауапты шешімдер қабылдай алатын, олардың ықтимал салдарын болжай алатын, бәсекеге қабілетті, ұтқырлығымен, конструктивтілігімен, іскер қарым-қатынасымен ерекшеленетін, елдің тағдыры үшін жауапкершіліктің дамыған сезімі бар заманауи білімді, білікті, адамгершілігі мол, іскер адамдар әр кезеңде де қажет.

Шығыстың ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз: «Ұстаз...жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», деп білемін деген. Осыған орай, заманауи педагог шығармашыл, ізденімпаз, өзіне сын көзбен қарайтын, мәдениетті болса, бұл – шәкірттердің маңдайына біткен бақыты [1]. Студенттер арасында жүріп, олардың қуанышы мен жеткен жетістіктеріне куә болу, соған үлес қосу – педагогтің нағыз бақыты деп ойлаймын.

Тағдырдың маған берген сыйы үнемі жақсы адамдарды кездестіруі, жанашыр жандарға жолықтыруы, менің олармен түсінісіп, оларды жақсы көруім, өмір жолымда кездескен тұлғалардың мені дұрыс жолға бағыттауы деп білемін.

Осы ретте, менің алғашқы білім шаңырағым - Қарағанды педагогикалық институтының «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» кафедрасының түлегі екенімді зор мақтанышпен айта аламын. Өкінішке орай, мен таңдаған мамандықта білім алу орыс тілінде ғана болды. Әрине қазақ мектебін бітіріп келген жас түлектің қалай қиналғанын айтып жеткізу мүмкін емес. Бірінші курсты аман-есең бітіріп, екінші курсқа келгенде кафедраға жаңа мамандар тартыла бастады. «Жолы болар жігіттің, жеңгесі алдынан шығар» дегендей, сол жас мамандардың қатарында Белгібаева Гүлбаршын Қапанқызыда болды.

Сабақтан соң, аудиториядан шыға бере бірден қасына барып, тек менің ғана емес, көптеген қазақ мектебін бітіріп келген студенттердің басындағы мәселелерін баяндап бере отырып, қазақ тілін жетік түсінетін оқытушылардың сабақтары ана тілімізде өтсе қалай болар екен, осы мәселені кафедра меңгерушісі Л.Л. Поппельмен сөйлесіп шешіп берсеңіз деп қолқа салдым. Обалы нешік жақсы сөйлесемін деп келісімін берді.

Аяулы да, ардақты ұстазым Белгібаева Гүлбаршын Қапанқызы сөзінде тұрып, кафедра меңгерушісі рұқсат берді деген ақжолтай хабарды жеткізді. Осы кезден бастап алдындағы шәкірттерінің сапалы білім алуы мен қатар шығармашыл тұлға болып қалыптасуына алтын уақытын аямайтын жан екендігін көрсетіп келеді. Осы уақытқа дейін әр бір шәкіртінің жетістіктеріне мақтананып отырады. Әр қадамына риясыз тілекші.

Заманауи педагог алдында болашақ ұрпаққа жүйелі біліммен қатар жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды ұштастыра алатын әлеуметтік ортаға бейімделе алатын, мәдениетті,

жауапкершілік сезімі дамыған, интеллектуалды тұлғаны ұлаларлық келісім, әлеуметтік серіктестік, адам мен ұлт құқығының үйлесімділігі рухында тәрбиелеу міндеті тұр.

Өз кезегінде, тәрбие мәселесі әрбір елде әлемдік тенденцияларымен бірге оның өзіндік міндеттері мен басымдықтарын ескере отырып, қарастырылатын өзекті мәселеге айналуға.

Ал, ұлттық тәрбие беру – әр адамзаттың өз Отанына деген саналы қатынасын, мемлекеттік тілді, мемлекет құрушы ұлттың мәдениетін меңгеруді, мемлекеттің ұлттық бірлігін нығайту қажеттілігін түсінуді қалыптастыру. Сонымен бірге тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріне мақтанып, ұлттық рухты күшейтуге, азаматтық борыш, перзенттік парыз ұғымдарын дұрыс қалыптастырып бағыттауға, болашақ мамандардың кәсіби жауапкершілігін дамытуға ықпал ету.

Осы ретте ұстазым Гүлбаршын Қапанқызы 2006 жылы қазан айында "Болашақ мамандарды мектеп жасына дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті арқылы патриоттық тәрбие беруге даярлау" тақырыбында диссертациялық зерттеуін сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты атағын алды.

Заманауи қоғамда қазіргі көзқараспен қарайтын педагог қандай болуы керек және оның ролі қандай, деген сұрақтар жиі кездеседі. Ал біз оқыған ХХ-ғасырдың өзінде ұстазым менің шығармашылық қабілетімді дамытуға жағдай жасап, білімді қабылдауға деген ұмтылысымды дамытып, жеке бейімділігім мен дарындылығымды ынталандыра білді.

Біздің оқу кезіміз елімізде «Наурыз» мерекесінің жаңарып, жақсарып келуімен тұспа-тұс келді. Сол кездің өзінде-ақ аяулы ұстазым, қазіргі тілмен айтсақ білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастырып оны жүзеге асыратын, арнайы дайындығы бар, гуманистік бағытты ұстанған ұстаз болған екен. Осы ұстазымның «Роза, түбінде бір жерді жарып шығасың!», - деген сөзі арқау болды ма екен, менде осы ұстазым сияқты білікті маман болып шығамын деген шешімді қабылдап, Қарағанды педагогикалық институтының «Жалпы психология» кафедрасына оқытушылық лауазымға келдім.

Ұстаздың жолын қуу мен үшін оңай болды деу өтірік айтумен тең. Себебі, білім мен ғылым «инемен құдық қазғандай» екен. Алла тағаланың маған берген сыйы өмірде менің алдымнан өз істерінің білгір мамандары әрі жаны жайсаң ұстаздар кездесті. Өзім қызмет ететін оқу ордасындағы білім алушы шәкірттеріме сабақ беруге аудиторияға кірген сайын, мені білім нәрімен сусындатқан аяулы ұстаздарымның ақылы, ынталандырған сөздері құлағымның түбіне келеді. Бір әріп үйреткен ұстаздарыма мың жыл иіліп сәлем беремін деген ой-ниетім де әрқашан жадымда.

Ұстазым Белгібаева Гүлбаршын Қапанқызы 2009-2012 жылдары Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың әлеуметтік-педагогика факультеті, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлықтың теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі болды.

Қазіргі таңда Евней Арыстанұлы Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Ғылым жолы ауыр жол. Оның жолына түскен адам инемен құдық қазғандай табандылық пен құмырсқадай тынымсыз тірлік етпесе болмайтыны әркімге де түсінікті шығар. Ұстаздың 350-ден астам ғылыми басылымы бар, оның ішінде 3 монографиясы, 5 оқу құралы (1-еуі ҚР БҒМ-нің қолдауымен), 14 әдістемелік ұсынысы, 15 электронды оқулығы жарық көрген. Зерттеуінің нәтижелері қолданбалы және іргелі зерттеулердің халықаралық журналында Scopus, импакт фактормен, Түркия, Үндістан, АҚШ, Словакия, Ұлыбритания, Болгария, Польша, Чехия елдерінде өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, педагогика және психология ҒЗИ-ның ғылыми еңбектер жинағында, сондай-ақ, Ресей білім беру қызметкерлеріне арналған ғылыми-теориялық және қолданбалы журналда, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, талқыланды. Зерттеу материалдары Scopus журналдарында және ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті, Ресей ЖАК ұсынған журналдарда жарық көрді. ҚР БҒМ “ЖОО үздік оқытушысы” атағының иегері.

Бүгінде педагогикалық факультеттің жанынан бой көтерген «Мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық» кафедрасына 40 жыл толса, Белгібаева Гүлбаршын Қапанқызы асқаралы 60-қа келіп отыр.

Құрметті, Гүлбаршын Қапанқызы! Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы азамат ретінде жақсы білемін. Еңбегіңізді арнаған саланы дамыту дамытуға сіңірген белсенді қызметіңіз, ғылыми-педагогикалық жаңалықтарды енгізуде озық ойлайтын кемел қабілетіңіз ешкімді де тәнті етпей қоймайды, өзіңіздің бар болмыс айрықша қасиетіңізбен жастарға ұлағатты ұстазсыз. Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру жолында қарқынды ғылыми-зерттеу ізденістеріңізге ықыласым шексіз.

Бақып пен байлықтың кілті – денсаулық, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңізге табыс, шығармашылық жетістіктер, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілеймін!

Жалпыға бірдей танылған факт-дамушы ортаның балаға әсер етуінің сәттілігі оның осы ортадағы белсенділігіне байланысты. Біздің балабақшадағы орта балаларды оның әртүрлі элементтерімен өзара әрекеттесуге, баланың функционалды белсенділігін арттыруға, әртүрлі, өзгертін әсерлер беруге шақыратындай етіп ұйымдастырылған. Біздің балабақшадағы осындай көпфункционалды кешен-сенсорлық бөлме, яғни психологиялық бөлме. Сенсорлық бөлме-бұл кішкентай жұмақ, онда бәрі жарқырайды, естіледі, күнкілдейді, жарқырайды, шақырады, тыныштандырады, қажет болған жағдайда белсенді әрекетке ынталандырады. Біздің сенсорлық бөлмеде немесе «сиқырлы», біздің балаларымыз айтқандай, ойын сеанстары өнімділігі төмен, шамадан тыс шаршаған, бейімделу бұзылыстары бар, тұйық, мазасыз балалармен өткізіледі. Жабдықтың жарықтығы, тартымдылығы, түсі, бірегейлігі бала мен мұғалім арасындағы эмоционалды оң байланыстың жылдам орнатылуын қамтамасыз етеді, ересек адамға деген сенім деңгейін арттырады, баланы ойын атмосферасына батырады, белгілі бір тапсырманы белсенді орындауға оң мотивациялық көңіл-күйді оятады.

Біздің сенсорлық бөлменің жабдықтары әртүрлі: құрғақ бассейн, жұмсақ допты орындықтар, сенсорлық жолдар, жұлдызды аспан, Қисық айналар, құрғақ жаңбыр, жұмсақ модульдер, көпіршікті бағандар, арнайы музыкалық сүйемелдеу. Мұнда қауіпті, қатты заттар, баланың іс-әрекетіне кедергі келтіретін, зиян келтіретін нәрсе жоқ және баланың психикасына оң әсер ету үшін қажет нәрсенің бәрі бар.

Сенсорлық бөлмені пайдалану келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

- танымдық белсенділікті дамыту;

- сенсорлық процестерді ынталандыру;

- психоэмоционалды жағдайды түзету (окшаулануды, ұялшақтықты, агрессивтілікті жеңу, бұлшықет пен эмоционалды стрессті жеңілдету);

- мотивацияны арттыру;

- жалпы моториканы дамыту;

- әлсіреген сенсорлық функцияларды ынталандыру;

- әлеуметтік бейімделуді жеңілдету;

Сенсорлық даму баланың жеке басының психологиялық және әлеуметтік қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Психикалық даму, интеллектуалды – танымдық саланың дамуы және баланың сөйлеуі сыртқы әлемді ішкі әлемге интеграциялау процесінде жүреді. Балаға арналған сенсорлық бөлме-бұл ол демалып қана қоймай, әлем туралы жаңа түсініктерге, жаңа сезімдерге ие болатын, белсенді әрекет үшін қуат алатын тамаша орта. Біздің жұмысымыздағы ең маңызды және ерекше нәрсе-жұмыс бағыттары мен жоспарланған нәтижелерге, дамудың немесе мінез-құлықтың бұзылуының күрделілігіне қарамастан, біздің сабақтарымыз ағзаның функционалды және бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға және әр баланың жеке ресурсын белсендіруге мүмкіндік береді, осылайша қоғамға сәтті интеграциялануға мүмкіндік береді.

Әрине, психологиялық қауіпсіздік баланың толыққанды дамуының, оның психологиялық денсаулығын сақтау мен нығайтудың маңызды шарты болып табылады. Психологиялық денсаулық, өз

кезегінде, баланың өміршеңдігінің негізі болып табылады. Балалық шақ пен жасөспірім кезінде ол өз өмірінің қиын міндеттерін шешуге мәжбүр: өз денесі мен мінез-құлқын игеру, өмір сүруді, жұмыс істеуді, оқуды және өзіне және басқаларға жауап беруді үйрену, ғылыми білім мен әлеуметтік дағдылар жүйесін игеру, өз қабілеттерін дамыту және «мен» бейнесін құру.

Баланың психологиялық денсаулығына қамқорлық жасау-бұл жай ғана сән үрдісі немесе басқа педагогикалық ізденіс емес. Білім беру кеңістігінде балалардың денсаулығына қамқорлық жасау-бұл ұлттық басымдық, бұл өсіп келе жатқан әрбір адамның қауіпсіздігіне және ертеңгі ұлттың қауіпсіздігіне деген қамқорлық.

Әдебиеттер

1. И. А.Баева, Е.Н. Волкова, Е. Б. Лактионова Психологическая безопасность образовательной среды. Санкт-Петербург, 2011.
2. Ф.Н. Жұмабекова Мектепке дейінгі педагогика. Астана, 2007
3. Агурицева Е.А., Баландина Л.А. Комплексная безопасность в ДОУ. Москва, 2014
4. О. И. Галашева Психологически безопасная образовательная среда в ДОУ. Вопросы дошкольной педагогики. 2018 №3.
5. В. И. Долгова, И. А. Аплеева Влияние психологически безопасной образовательной среды дошкольного учреждения на развитие ребенка. Научно-методический электронный журнал «Концепт», 2016. Т. 7.
6. Т.В. Тупахина Опыт работы педагога-психолога по развитию эмоциональной сферы детей старшего дошкольного возраста. Дошкольная педагогика, 2017.

УДК 373.24

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТРИЗ - ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО ДОСТИЖЕНИЯ УСПЕШНОСТИ ОБУЧЕНИЯ

Е.В.Баубекова¹, Росийцева Н.И.²

^{1,2} ТОО « Детский сад «Одарёшка», г. Караганда, Казахстан

Проходящие в Казахстане эпохальные социокультурные и духовные изменения не смогли не сказаться на образовательной политике страны. Основная стратегия всей образовательной политики - обеспечить высокий уровень личностного развития. В то же время каждый этап образования обладает своей спецификой. Специфика детского образования заключается в самооценке детского периода и роли его развития как основы для приобретения любого знания и образования сложных форм деятельности. Основой стандарта детского образования является уровень, качество и уровень развития ребёнка.

Учение как действие происходит в том случае, когда действие человека управляется сознательным целью усвоения определенных знаний, навыков, умений. Учение является специфической человеческой деятельностью, и оно возможно только на этапе развития человеческой психики, когда человек может регулировать свою деятельность с помощью сознательного целия.

Детство дошкольного возраста является особым возрастом, когда ребёнок открывает себе мир. Это время, когда дошкольник развивает свои качества: любопытство, активность, интерес к новому, незнакомому еще в мире, самоотверженность, коммуникацию, ответственность. По этой причине крайне важно использовать этот период для раскрытия творческого потенциала каждого ребёнка. Влияние использования ТРИЗ на мировоззрение ребенка важно осознавать. В дошкольном возрасте у детей еще нет закрепленного мировоззрения, поэтому ТРИЗ помогает развивать аналитическое и сравнительное мышление, умение находить возможные решения и выбирать оптимальные. Этот мыслительный тренинг способствует формированию личности, которая не просто думает, а стремится к постоянному развитию. Такой человек умеет переосмысливать прошлые ошибки и гипотезы, продолжая двигаться вперед. Такие качества ценятся в современном обществе, потому что целеустремленный человек, столкнувшись с трудностями, находит способы их преодоления, не останавливаясь.

Как педагогу организовать современные образовательные процессы для создания оптимальных условий успешности ребенка в обучении и жизни на всех этапах без вреда здоровью?

В этой статье хочу ознакомить о методиках ТРИЗ, которые я использую при работе с дошкольниками. Самая главная цель, которую ставит перед собой ТРИЗ-педагог, - формирование у

детей творческого мышления, т.е. воспитание творческой личности, подготовленной к стабильному решению нестандартных задач в различных областях деятельности. Он требует определенной подготовки воспитателя, его искреннего желания творить, искать и находить новое, нетрадиционное, казалось бы, в обыденном. Это помогает учащимся быстрее усваивать информацию, решать сложные задачи и добиваться успехов в учебе.

ТРИЗ, или Теория решения изобретательских задач, была разработана советским инженером Генрихом Альтшуллером в середине XX века. С тех пор эта методология распространилась за пределы инженерии и начала применяться в образовании, особенно при работе с детьми.

Что дает ТРИЗ преподавателям?

Развивает творческую способность, гибкую и системную мысль педагога. Воспитывает желание воспринимать новое, осуществляет профессиональный рост.

Так что же такое ТРИЗ-технология? На это можно ответить термином – теория решения изобретательных задач, цель которой в детском образовании является - формирование навыков мыслительной деятельности, воображения, речи у детей. Но этот метод очень разнообразен и интересен не только детям, но также и взрослым. Всегда интересно слушать детский вариант решения проблем. Девиз тризиков: «Все можно говорить». И ребята говорят, придумывая. Слушать нужно каждого желающего. Пусть они будут возражать преподавателю и друг другу, но аргументированно, предложив что-нибудь взамен или доказательством.

Триз технологии могут быть применены для решения проблем, возникающих в процессе обучения. Например, если у детей возникают трудности с пониманием математических задач, можно использовать методику "перевернутого урока", когда дети сами придумывают задачи и ищут решения, а затем обмениваются ими с другими учениками. Это позволяет развивать у детей творческие и аналитические способности, а также учиться на ошибках других.

Триз технологии также могут быть использованы для создания новых и интересных игровых сценариев. Например, дети могут придумывать сюжеты для игр, используя принципы триз, такие как "обратное мышление" или "принцип противоположности". Это позволяет развивать у детей креативность и умение находить нестандартные решения.

На основе любой учебной программы можно применять проверенные методики и методы ТРИЗ на практике.

Я предлагаю ознакомиться с некоторыми из них.

При решении трехзадачных задач применяются следующие методы:

1. Графический аналог - способность обозначить каким-то символом реальную картину или несколько изображений, выделяя из нее общие знаки;

2. Эмпатия, отождествление с предметом, который рассматривается или отождествляется,

3. Вступление в роли кого-то или кого-то;

Ребенок не только знает, но сам может изображать мимикой, жестом различные эмоции, объяснять их словом.

4. Штурм мозга - способность давать много идей в соответствии с заданной темой и выбрать оригинальное решение задачи;

5. Морфологический анализ - способность давать разных вариантов ответов по двум показателям, делать оценку мыслей и детализировать удачные примеры: «Книга» - хорошая - много интересного узнаешь из книг, плохая - быстро рвется. «Дождь» - хорошо - поливает растения, плохой – возможно вымокнуть.

6. Каталог - способность связывать случайно выбранные персонажи и действия в единой сюжетной линии.

7. Методы типового фантазирования - способность делать фантастическую трансформацию как самого предмета, своих свойств, компонентов, места его функционирования, места его обитания при помощи методов, предназначенных для педагога.

Примеры применения ТРИЗ в дошкольном образовании

Проектная деятельность: Дети могут участвовать в проектах, направленных на решение конкретных проблем. Например, проект по созданию экосистемы в мини-саду позволит детям не только узнать о природе, но и научиться работать в команде, разрабатывать идеи и воплощать их в жизнь.

Творческие мастерские: Организация мастер-классов, где дети могут создавать свои изобретения, используя простые материалы. Это способствует развитию инженерного мышления и креативности.

Обсуждение историй: Использование сказок и историй для анализа действий персонажей и поиска решений их проблем помогает детям развивать навыки анализа и принятия решений.

Основное средство работы с ребенком – поиск педагога. Педагог должен не давать готовых знаний, раскрывать истину перед ним, учить его найти. Если ребенку задают вопрос, не нужно сразу давать готовые ответы. Наоборот, нужно спросить у него, что он думает об этом сам. Приглашайте его на рассуждение. И наводящие вопросы помогут ребенку найти ответ самому.

Основным этапом работы педагога-тризука является работа со сказками, решение сказочных задач, создание нового на основе сказок, которые уже известны детям. Этот способ развивает фантазию, разрушает обычные стереотипы в детях, создаёт условия, когда главные персонажи остаются, а попадают в новую обстановку, может быть фантастической и невероятной.

Особую роль в развитии мышления дошкольников играют занятия и игры развивающие, которые помогают развивать творческое и самостоятельное мышление, рефлексию, а также сформировать интеллектуальную готовность к обучению школы. Внедрение триз технологий в детский сад позволяет создать интересную и разнообразную образовательную среду, которая стимулирует развитие у детей различных навыков и способностей. Это также помогает детям освоить новые знания и умения более эффективно и с удовольствием. Таким образом, триз технологии в детском саду являются важным инструментом для развития детей и подготовки их к будущему. Основное средство работы с ребенком – поиск педагога. Педагог должен не давать готовых знаний, раскрывать истину перед ним, учить его найти.

В целом, наблюдается тенденция развития технологий - от технологий обучения к технологиям развития. Педагогические технологии можно использовать как в работе с детьми, так и в работе с педагогическим коллективом и родителями воспитанников.

Важнейшая характеристика педагогической техники – воспроизводимость ее. Любой педагогический метод должен быть здоровым! В педагогике дошкольного возраста наиболее важными видами технологий являются технологии личностного образования и образования детей. Ведущий принцип подобных технологий заключается в том, чтобы учитывать личностные особенности ребенка, индивидуальную логику развития ребенка, учитывать детские интересы и предпочтения по содержанию и видам деятельности при воспитании и обучении. Построение педагогического процесса с ориентацией на личность ребёнка закономерным образом содействует его благополучному существованию, а значит здоровью. Технологические подходы, т.е. новые технологии педагогики гарантируют достижение дошкольников и впоследствии гарантируют успешное проведение их школьного обучения.

Каждый преподаватель является творцом технологии, пусть и для заимствований. Без творчества создать технологию невозможно. Педагог, научившийся работать на уровне технологического, всегда станет основным ориентиром для познавательного процесса в его развитии. Технологический подход, то есть новые педагогические технологии гарантируют достижения дошкольника и в дальнейшем гарантируют их успешное обучение в школе.

Поэтому результативность проведенной работы по применению приемов ТРИЗ-технологий соответствует мнению Л. С. Выготского: «Педагогика должна ориентироваться не на прошлое, а завтрашнее детское развитие. Только потом она сможет вызвать в жизнь процессы роста, которые теперь находятся в ближайшей зоне развития».

Влияние ТРИЗ-технологий на развитие детей нельзя недооценивать. Эта методология способствует не только улучшению когнитивных и социальных навыков, но и формирует целеустремленность, уверенность в себе и готовность к инновациям. Применение ТРИЗ в образовательной практике открывает перед детьми новые горизонты, позволяя им стать активными участниками собственных процессов обучения и творчества.

Таким образом, внедрение ТРИЗ-методов в образовательные программы представляет собой ценное средство для подготовки детей к вызовам современного мира, способствуя их всестороннему развитию и успешной самореализации в будущем.

Список литературы

1. Познание: Информационно-методический сборник для учителей и учащихся. – Вып. 1–4. – Рига, 1992.
2. Альтшуллер Г.С. Как стать гением (о жизненной стратегии творческой личности) / Г.С. Альтшуллер, И. Верткин. – Минск, 1994.
3. Гин А.А. Педагогика + ТРИЗ. – Вып. 6. – М.: Вита-пресс, 2001.

4. Тимохов В.И. Сборник творческих задач по биологии, экологии и ТРИЗ: учебное пособие. – СПб.: ТОО «ТРИЗ-ШАНС», 1996.

5. Скирденко М.Н. Мастер-класс по теме «Технология ТРИЗ как средство формирования творческих способностей учащихся» [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2013/07/17/master-klass-po-teme-tekhnologiya-triz-kak-sredstvo> (дата обращения: 20.03.2017).

ӘОЖ 373

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Бейсенбаева Ж.С.

№2 «Батыр» балабақшасы, Қазақстан, Астана қ.

Мектепке дейін білім беру ұйымы – өте мол жауапкершілік, қырағылық пен тиянақтылықты талап етеді. Себебі, қоршаған ортаны енді танып келе жатқан бүлдіршіндерге дұрыс жол сілтеу, тәрбиенің тамаша үлгісін көрсете алу тәрбиешілердің еншісінде. Отбасы құндылықтарын одан әрі өрбітіп, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына терең сіңіру ұстаздардың басты міндеті. Себебі, халықтық педагогика ешқашан өзінің маңызын жоймайтын, ізеттілікке бастап, жақсылықты дәріптейтін, жамандықтан бойды ада ұстауға үйрететін тамаша құрал.

Дүние жаһанданып жатқанымен, ғасырлар бойы қалыптасқан ділімізге сай бұл тақырыпта біздің халықтың өзіндік ерекшеліктері назарға алынады. Олардың ішінде ұл мен қызды ата – баба салтын ұстануға, отбасылық құндылықтарды сақтауға, ана тілді дамытуға, ұлт мәдениетін өркендетуге тәрбиелеу сияқты тақырыптар әрдайым өзекті, алар орны ерекше. Осыған байланысты алдыңғы толқын өкілдерінің бір парызы – өмірден түйген тәжірибелері негізінде жас ұрпаққа айтар аталы сөзін, нұсқар бағытын, берер ақылы мен кенесін түрлі форматтарда, әдебиет пен өнер әлеуетін пайдалану арқылы, жеткізіп отыру. [1, 3 б.]

Әрине, халқымыздың өзіне тән болмысының қанық бояуын барынша кеңінен насихаттау барысында жан – жақты әдіс – тәсілдерге сүйенген абзал. Балабақша бүлдіршіндері ойын баласы болғандықтан, көбіне ойын элементтерін пайдалану арқылы ұлттық болмысты, халықтық тәрбиені терең сіңіруге болады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін әр бүлдіршін қоғамға енді бейімделіп келе жатқан тұлғалар болғандықтан олар үлкен өмірдің ерекше тұстарын тәрбиеші арқылы терең тани бастайды. Сол себепті, олардың қалыпты өсу факторына жақсы ықпал ету үшін барынша жүйелі жұмыстар атқарған жөн. Мәселен, балабақша бүлдіршіндерінің сөйлеу тілі. Кейінгі жылдары бұл мәселе біздің қоғам үшін өте өзекті болып отыр. Заман ағымына сай жаңашылдықтар тиімділігін байқатқанымен, кейде кесірін тигізіп жатқаны жасырын емес. Көгілдір экран мен түрлі гаджеттерге ерте кезден байланған балалардың тілдік құралы дұрыс дамымай, өз ойын еркін жеткізе алмайтын халге жеткен. Күнделікті күйбің тіршілікте телефонды ермек қылып, өзге дүниеге мойын бұрып қарауға ынта білдірмейтін бүлдіршіндердің бар – ақыл ойы мен зейінін, сөйлеу тілін түсініксіз кейіпкерлер шырмап алған. Әр – түрлі тілде бейнежазба көретіндіктен, ана тілге деген түсінік төмендеп, қарапайым сөздердің өзін бұрмалап жеткізетіндігі сол себепті. Бұл жағдай балабақша қызметкерлерін алаңдатпай қоймайды. Сол себепті, біз бүлдіршіндердің сөйлеу тілін дамыту үшін түрлі тапсырмалар ұйымдастырып, әр кез ұлттық құндылыққа негізделген, халық ауыз әдебиетінің тамаша нұсқаларын пайдаланып, қазіргі заманға сай, бүлдіршіндердің қызығушылығын оята алатын әдеби кейіпкерлерді пайдаланып, тіл дамыту барысын жіті назарға аламыз. Жас ерекшелігіне сай балалардың қалыпты дамуын басшылыққа алып, әр бүлдіршінмен жекелей жұмыс жасап, көрнекіліктер көмегімен олардың ойлау қабілетін дамыта отыра, сөйлеу тілінің анық әрі көркем болуын үнемі қадағалап отырамыз.

Оған қоса, әр баланың қалыпты дамуы барысында ең алдымен физикалық жетілуі мен салауатты өмір салтын күнделікті дағдыға айналдыруы аса маңызды. Балабақша бүлдіршіндерінің кимыл – қозғалыс еркіндігі, дене шынықтыру сабағының қызықты өтуі, оларды белгілі тәртіпке негізделген, уақыт ережесіне сай спортқа деген белсенділіктерін қалыптастыру аса маңызды. Бүлдіршіндердің сергектігі, ерте жастан бастап ептілікке дағдылануы, жылдамдық пен қырағылық дәл осы дене шынықтыру сабағында жүзеге асырылады. Бұл бүлдіршіндердің дұрыс өсуіне ықпал ететін ең маңызды факторлардың бірі. Олардың спортқа деген алғашқы көзқарастарын қалыптастыру, шымыр болуға дағдыландыру, жігер беру дәл осы балабақшада бастау алады.

Балабақша бүлдіршіндері ойын баласы екенін ескерсек, дәл осы дене шынықтыру сабағын түрлі ойын түрінде ұйымдастырып, оған қоса тәрбиенің тамаша үлгісін де айқын аңғарта аламыз. Мәселен, ұлттық ойындарды алып қарайық. Ол жерде қимыл – қозғалыс, логикалық қабілет, ұлтқа тән ұлылық, заттық түсінік секілді көптеген элементтер кездеседі. Ойната отыра тәрбиелеу, тәрбиелей отыра бүлдіршіндердің дұрыс өсіп – жетілуіне жағдай жасау ұтымды әдіс – тәсілдерді басшылыққа алатын ұстаздың ұшқырлығына тікелей байланысты. Осы тұста әр педагог ең алдымен баланың қалыпты дамуы үшін заттық – кеңістік ортаның қолайлы болуына жіті мән берген жөн. Ол бөлменің әрленуі, жарықтың жеткілікті мөлшерде түсуі, таза ауа, ойыншықтардың жас ерекшелігіне сай болуы, күнделікті іс – әрекет үшін қажетті көрнекіліктердің сан алуандылығы, яғни материалды және маңызды тұстардың талапқа сай болуы. Бұл баланың қалыпты өсуіне негіз болып, өзін балабақшада еркін сезінуіне әсер ететіні сөзсіз.

Оқу – тәрбие жұмысына халық педагогикасының идеяларын енгізу әр педагогтың шығармашылық қабілетіне байланысты. Тәрбиенің ежелден келе жатқан халықтың әдістерінің бірі – балаға ақыл – өсиет айту, сөз арқылы баланың сезімін оятып, сенімін арттыру. Бұл әдістер мақал – мәтелдерде, шешендік, нақыл сөздерде, ырымдар мен тыйым сөздерде көрініс тапқан. Халқымыздың «ағадан – ақыл, атадан – нақыл», «көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра», т.б. мақал – мәтелдері халықтың тәрбиешілдік өнегесінің айғағы. Ырымдар мен тыйым сөздер халқымыздың айнала қоршаған орта, табиғат, өзара қарым – қатынас туралы өмірдің өзінен түйіндеген пайымдаулары мен қағидалары, әлеуметтік және мәдени тұрмысының көрсеткіші. Ежелгі халықтардың туған топырақ, ата – мекен, табиғат, жан – жануарлар туралы ұғым – түсініктері, ырымдар мен тыйым сөздері ерекше орын алған. [2, 45 б.]

Тілдік машықты арттыру арқылы кішкентай бүлдіршіндерді сөз өнеріне баулып, оқыта отыра тәрбиелеп, тәрбиелей отыра халық ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін жан – жақты сіңіре аламыз.

Балалардың есте сақтау, қабылдау, түйсік, көру, ойлау тәрізді қабілеттерін дамытуға халық ауыз әдебиетінің маңызы зор. Оның ішінде ертегілер ерекше орын алады. Себебі, бүлдіршіндер түрлі оқиғалар, табиғаттың тамаша үйлесімі мен кейіпкерлерді көз алдарына елестетіп, жақсылық пен жамандықты, әсемдікті, көркем әдебиеттің айшықты тұстарын бойға сіңіріп, оны қаперлеріне сақтап жүреді. Ол өткен тарихтан сыр шертіп, салт – дәстүрді дәріптейді, адам бойындағы түрлі дарынды дәріптейді. Сөйлеу шеберлігін арттырып, тілдік қорды молайтады. Баланың қиялына қанат бітіп, армандауға, болашаққа үлкен үмітпен көз тастауына түрткі болады. Сол себепті ертегі терапиясын негізгі әдіс – тәсіл ретінде пайдалану өте маңызды.

Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой – пікірі, қорытынды түйінділері баршылық. Сол мәдени мұраның асылдарын келер ұрпаққа мұра ете отырып, одан әрі жалғастыру аға буынның, қоғамдық, азаматтық борышы. [3, 3 б.]

Ұлттық құндылықтар – ұрпақтан ұрпаққа берілетін, іскерлік пен дағдылардың, дәстүр мен салт, әдет – ғұрыптар идеяларының жиынтығы, тарихи тәжірибе жемісі. Олай болса дәстүрлі педагогикалық мәдениет немесе халықтық педагогика – бұл халықтың ауыз әдебиетіне, салтына, дәстүріне, талғам түсінігіне негізделген, ғасырлар бойы жасалып, қалыптасып барып ұмытылмай жеткен тәлімдік мұралар мен тарихи тәрбиелік үлкен міндет. Халқымыз тәрбие негізін ауыз әдебиеті дидактикасын бала жанына сіңіруден бастаған.

Әрине, еліміздің кішкентай тұрғындарының тәрбиесінің негізгі түп қазығы отбасында қағылатыны белгілі. Сондықтан, ата – ана мен мектепке дейінгі білім беру ұйымының ұйымдасқан іс – әрекеті үлкен маңызға ие. Осы орайда, қазіргі таңда кең қолданысқа ие болған, өзінің тиімділігі мен нәтижесін көрсетіп келе жатқан «Әкелер, аналар, әжелер мектебін» құру идеясы тамаша бастама деп білемін. Балаларды әлеуметтендірудегі әкенің рөлін арттыру және отбасы институтын нығайту, рухани – адамгершілік дәстүрлер мен отбасылық қатынастарды жаңғырту және сақтау, ата – аналар қоғамдастығының кәмелетке томағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша тиімді жұмыстарды ұйымдастыруға қатысуын жандандыру, отбасымен түрлі іс – шараларды жүзеге асыру мақсатында қолға алынған игілікті іс тәрбиенің тамаша үлгісі екені анық.

Бірлескен іс – әрекет баланың бір жақты дамуына әсер етіп, өзін толыққанды тұлға санауына көмегін тигізеді. Көбіне бала тәрбиесімен аналар айналысып, әкелер жырақ қалып жататыны жасырын емес. Осы тұста «Әкелер мектебі» арқылы өскелең ұрпақ ер – азамат бойындағы асыл қасиеттерін жақыннан танып, өздеріне үлгі ететіні айдан анық.

Ал, мейірімі мен шуағы бір бойына төгілген, қашан да жайдары мінезі, жайсаң көңілі арқылы баланың балаң бойында арман – қиялын дамытатын, «Аналар мен әжелердің» бүлдіршіндердің өмірінде алар орыны ерекше екені анық. Олардың өз тәжірибесінің арнайы білім беру ұйымында жалғасын тауып, одан әрі жандануы жас ұрпақ бойына жақсылықтың дәннен себетіні рас. Бұл білім беру

ошағы қызметкерлері мен отбасы мүшелерінің де қарым – қатынасын бекіте түсіп, ұлт ұлдарын ұлшылыққа бастауға ықпал ететіні сөзсіз.

Қазақ халқы қашан да отбасылық құндылықтарды жоғары қойып, жақсы сөйлеуге, біреудің ала жібін аттамауға, ешкімге қастық қылмауға осы сипаттағы игі қасиеттерді назарға ала отыра тағылымды тәрбиені тамаша меңгерте білген. Олай болса, жас жеткіншектерді әлеуметтеніру барысында да бұл тәсіл өзінің тиімділігін байқататыны анық.

Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби – педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев болды. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [4].

Мектепке дейінгі білім беру ұйымы қызметкерлері жоғарыдағы жұмыстардың жемісті жүзеге асырылуына басшылық жасап, қашан да ұлттың өзіне тән болмысын дәріптеп, жанұяның жылуын жеткізуге тырысып, отбасы мен білім беру ұйым арасында алтын көпір бола алуы, екі жақтап ел перзенттерін дұрыс арнаға бастай алуы ұлтжанды ұрпақ қатарын арттырары сөзсіз.

Әл – Фараби: тәрбие мен тәлім, білім беру мәселелері өзара тығыз байланыста қосарлана, бір – бірін толықтыра жүргізілуі тиіс дейді. Шынында ұстаз мұраты –білім беру негізінде оқушының бойына адамилық қасиеттерді бойлату. Тәлім негізінде тәрбиелеп ізгіліктің нұрында жақсы адамды өмір ұясына ұшыру. [5]

Жалпы, оқу мен тәрбие егіз ұғым екенін ескерсек, жаңашыл бағытта білім бере отыра, тағылымды тарихты ұмыт қалдырмай, ұлтқа тән ұлылықты қашан да ескеруіміз қажет. Халықтық педагогиканың қайнар көзі қаршадай ұл – қыздарымыздың бойынан көрініс табатын болса, одан асқан бақыт жоқ. Себебі, ұлтын сүйген ұлдар ғана ұлы істерге ұмтылып, ұрпағына да сол игі қазынаны қалдыратын болады.

Болашақ – бүгінгі бүлдіршіндердің еншісінде. Олай болса, ұлттық құндылықтарға сүйіспеншілікпен қарап, келешекке аманаттайтын, отбасылық қағидаларды ұрпақтан – ұрпаққа тасымалдайтын, бойларында білім мен тәрбиенің тамаша үлгісі көрініс тапқан жас буын өкілдерін жан – жақты жетілдіру қоғам алдында тұрған үлкен міндет. Ұлтын сүйген, тәрбиесі бір бойына тоғысқан бүлдіршіндеріміз көп болсын!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар Иманбеков М.М., Абылайхан С. М., Алматы.: ССК баспасы 2018 г.
2. Білім беру жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктері., Ахметова Г. И. Ақтөбе 2011 г.
3. Мектепке дейінгі педагогика., Жұмабекова Ф. Астана 2014 г.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1994.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, Басылымдар: Астана 2022 г.

ӘОЖ 373

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ

А. Бәдел¹, А. Оқай²

¹п.ғ.к., доцент

²п.ғ.м., аға оқытушы

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбекке оң көзқарасын қалыптастыру, еңбектің адам өміріндегі маңызын түсіндіру, еңбектің қарапайым дағдыларын бойына сіңірудің маңызы зор. Баланың өз қалауын білдіріп, еңбекке құштарлығының оянуы кішкентай кезінен басталады. Өз атқарған еңбегінің нәтижесін көріп, ләззат алып, қуаныш сезіміне бөлену – бала үшін еңбекке араласудың алғашқы қадамы.

Еңбек тәрбиесінің негізі отбасында қаланатынын ескерсек, ата –ананың еңбек тәрбиесі жайлы балаға дұрыс бағыт –бағдар беруі маңызды. Бала ересектердің іс –әрекетін бақылай отырып, сол нәрсені қайталап, жасауға тырысады. Балаға тән еліктеу еңбектің қарапайым түрлерін атқарумен сипатталады. Бұл баланың еңбекке деген қызығушылығын арттырып, тілегін қанағаттандыру оны дамытумен байланысты. Баланың өз бетінше жұмыс жасауына ықпал ету, тәрбиелік әсерін түсіндіріп, баланың өмірі мен еңбек әрекетін ұштастыра ұйымдастыру –еңбекке баулудың бастамасы.

Мектеп жасына дейінгі балалар ойнай отырып еңбек етеді. Еңбектің қарапайым дағдыларын игеріп, оны күнделікті өмірлік дағдыларына айналдырады. Баланың үйдегі өзі ойнаған ойыншықтарын жинап, айналасындағы заттарды өз орнына қойып, өз –өзіне қызмет етуі еңбекке араласуымен сипатталады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу –тәрбие үрдісінде Абай Құнанбайұлының шығармаларын қолданудың маңызы арта түсуде. Абай мұрасын мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне, ұғымына сай пайдаланып, оның ішінде еңбек тәрбиесі, еңбекке баулу жайлы шығармаларының мәнін терең ашып көрсету –бүгінгі күн талабы.

Абай Құнанбайұлының педагогикалық көзқарасындағы басты ұстаным: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп жас ұрпақты өзінің жеке басының қамын ойлауды емес, халықтың қамын ойлайтын, халыққа адал қызмет ететін, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеуді мақсат етеді.

Ұлы ақынның шығармалары, қарасөздері, аудармалары педагогикалық ой–пікірлерге, даналыққа, тәлім–тәрбиеге, үлгі–өнегеге толы. Абай туындыларын мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулуда тиімді пайдалану, ақын өлеңдерінің мәнін, мазмұнын балаларға түсіндіріп айтудан басталады. Ақын шығармаларын мектепке дейінгі жастағы балалардың ұғымына лайықтап, түсінікті тілмен балаға жеткізу –үлкен педагогикалық шеберлікті талап ететіні сөзсіз. Сондықтан, әрбір педагог Абай өлеңдерінің мағынасын жете түсініп, тереңіне бойлап, ішкі жан дүниесімен сезіне отырып, балаға жеткізгені абзал. Баланың тілімен балаға жеткізу үшін әртүрлі әдіс –тәсілдерді баланың жас ерекшеліктеріне сай орынды қолдану қажет.

Абай Құнанбайұлының қай шығармасын алсақ та, астарлы ойға, асыл қасиетке, адамгершілікке, адал еңбекке, ғылым білімге насихаттағанын көреміз. Ақын өлеңдері «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Білімдіден шыққан сөз», «Интернатта оқып жүр» т.б. өлеңдері адам бойындағы жақсы –жаман қасиеттерді ажыратып, ар, ұят, иман, ақыл, ғылым, білімнің маңызын ашып көрсетеді. Ақынның әрбір өлеңінің мазмұны жас ұрпақты жан –жақты тәрбиелеуге, адал еңбекпен нан табуға, арам әрекеттерден аулақ болуға шақырады.

Абай Құнанбайұлы: «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып –естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» -деген тұжырым жасап, адамның ақыл –ойының дамуы, тәрбиемен байланысты екенін ғылыми түрде дәлелдеген.

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалаң.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан, -деп өмірден өз орнын тауып кірпіш болып қаланудың еңбекпен байланысты екенін меңзеп, білімсіз өмірдің мәні жоқ екенін айтады [1].

Адам бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, көкірек көзін ашып, еңбекке баулу –уақыт пен төзімділікті қажет етеді. Сондықтан баланы кішкентай кезінен яғни отбасынан бастап еңбектің қарапайым түрлеріне баулып, еңбектің адам өміріндегі маңызын, қоғамдағы орнын түсіндіреміз. Ақын өлеңдерінен қайырымдылық пен адалдық, ақыл мен қайратты дұрыс пайдалануды, бес асыл қасиетті баланың бойына сіңіруді жастайынан дарытудың маңызын көреміз. Егер адам бойында бес асыл қасиет болмаса, меңгерген ғылымнан, білімнен, еткен еңбектен еш пайда болмайтынын өз еңбектерінде өсиет етті.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу –тәрбие үрдісінде Абай Құнанбайұлы шығармаларын пайдалану, өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына жағымды мінез –құлық қалыптасуына, еңбек етуге қабілетінің дамуына, еңбекке қызығушылығының артуына, іс –әрекетіне ықпалын тигізері даусыз.

Ақын шығармаларының ішінде қара сөздерінің орны бөлек. Тәрбиелік мәні зор өнегелік тұжырымдарды қара сөздерінде қарапайым тілмен түсіндіріп, халықтың көкірек –көзін ашуды мақсат етті. Даналық ойларға құрылған бұл туындылар арқылы надандық жайлаған халықтың бойындағы жаман әдет пен жағымсыз мінез –құлықтан арылуды насихаттады. Қара сөздердің қайсысын алсаңыз да ащы шындыққа, тәлім –тәрбиеге бағытталды.

Ақын 38- кара сөзінде былай дейді: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан кашпақ керек» - дейді. Олар: «Әуелі –надандық, екіншісі –еріншектік, үшіншісі –залымдық. Надандық –білім, ғылымның жоқтығы, дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Еріншектік –күллі дүниедегі өнердің дұшпаны, талапсыздық, ұятсыздық –бәрі осыдан келіп шығады. Залымдық –адам баласының дұшпаны» деп, еріншектіктің адамға зиянын айтып, арамдықтан аулақ болуға шақырады [2].

Балаларға тәрбие берудің ең тиімді құралының бірі –ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар. Ақынның даналыққа толы өлеңдерін, өнер–білімге шақырған, еңбек тәрбиесіне байланысты шығармаларын аудармаларын, қарасөздерін, ертегілерін балабақшаның ересек, мектепалды топтарында пайдалануға болады. Ақынның жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерін оқып беріп, мазмұнын түсіндіріп табиғаттың сұлулығы, оны қорғау мен пайдаланудың жолдарын үйретеміз. Қоршаған ортаның, табиғаттың адам өміріндегі маңызы жайлы ұғымдарды балаға меңгерте отырып, көркемдікті сезіндіріп, эстетикалық талғамын арттырып, еңбекқорлықты бойына сіңіреміз. Ақын шығармалары табиғат көрінісімен қатар көшпелі қазақ тұрмысының қарапайым тіршілігі, жыл мезгілдеріндегі адамдардың еңбек әрекетін суреттейді.

Ақынның қай өлеңін, қай шығармасын алсақ та, оның мағынасы адамға тән асыл қасиеттерді бойына сіңіру, үлкенді сыйлау, еңбек ету т.б. бағыттады. Адам бойындағы барлық ізгі қасиеттер отбасынан басталады деп, ата –ананың үлгісін, отбасы тәрбиесін жоғары бағалаған. Әр бала отбасында еңбектің қарапайым түрлерін меңгеріп, өз –өзіне қызмет етіп, ата –анасына көмектесіп, еңбек етуді үйренеді. Абай өлеңдеріндегі еңбек тәрбиесі бала тәрбиесінен басталып, тұтас ұлттың, халықтың еңбексүйгіштігі, адал еңбекпен нан тауып жеу, халықтың санасына ықпал ету мақсатында айтылған. Тәрбиелік бағыттағы ойлары ағартушылық идеяларға ұласып, адамның бойындағы жағымсыз мінез –құлықты еңбексіздікпен, білімсіздікпен байланыстырды. Әр адамның мақсатқа жетуі үшін табандылық көрсетуі, еңбектенуі, адалдығы мен адамгершілік қасиеттерінің болуының маңызына тоқталды. Бұл шығармалар қарапайым халықтың жамандықтан арылып, адал еңбек ету арқылы табыс табудың маңыздылығын көрсетеді.

Абай мұрасы адамды адами қасиеттерге баулып, жан –жақты тұлға тәрбиелеудің құралы. Жас ұрпақты Абай мұрасы арқылы тәрбиелеу –баланы еңбексүйгіштікке, имандылыққа, адалдыққа, жақсы мінез –құлыққа үйретумен ерекшеленеді. Ақын шығармаларының басты тақырыбы –Адам, адамның бойындағы жақсы –жаман қасиеттер. Жақсы қасиеттерді баланың бойына жастайынан қалыптастыру, дамытуды көздесе ал, жаман мінез –құлықтан арылудың жолдарын айтып кетті.

Абай Құнанбайұлының танымдық –тәрбиелік мәнін **Құныпия Алпысбаев өз еңбегінде төмендегідей топтастырды:**

а) Білім-ғылымға қатысты ақыл-ой тәрбиесі айтылған өлеңдері: «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым».

ә) Адамгершілік сипатталған өлеңдері: «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», «Адамның кейбір кездері», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек».

б) Эстетикалық тәрбие туралы өлеңдері: «Жүрегім нені сезесің?», «Көзімнің қарасы», «Сегіз аяқ», «Не іздейсің көңілім, не іздейсің?», «Жүрегім енді соқпа енді», «Желсіз түнде жарық ай».

в) Еңбек, экология тәрбиесі жайлы өлеңдері: «Сабырсыз, арсыз еріншек», «Күз», «Жаз», «Қыс», «Жазғытұры», «Шегіртке мен құмырсқа» өлеңдері мен аудармалары еңбек тәрбиесімен байланысты [3].

Абай Құнанбайұлының тәрбиелік бағыттағы өлеңдері адамның ғылымды игеруіне, еңбек етуге, достық –бауырлық қарым –қатынасты нығайтуға, ауызбіршілікке шақырады. Ақынның жыл мезгілдеріне арналған «Жазғытұрым», «Жаз», «Қыс», «Күз» өлеңдерінде табиғаттың ерекшеліктері суреттеліп ғана қоймай, әр жыл мезгіліндегі адамдардың еңбегі, халықтың өмір сүру барысындағы ұлттық ерекшелігі, мінез –құлқы, әдет –ғұрыптары көрініс табады.

Ақын өлеңдерінің маңызын аша отырып, табиғаттың адам өміріндегі алар орны мен адамның табиғатпен үндестігін, табиғатты пайдалану мен қорғаудың жолдарын балаларға кішкентайынан үйретеміз. Балаларға табиғаттың сұлулығын сезініп, баланың ой –қиялына ықпал ететін, эстетикалық талғамын арттыратын құрал ретінде –жыл мезгілдерінің көріністерін балаларға түсінікті тілмен жеткізуге болады. «Қыс» өлеңінде жыл мезгілінің көріністерін шебер тілмен суреттеп, адам кейпінде бейнелеп, адамның мінез –құлқының жағымсыз жақтарын шебер көрсетті.

Қазақ халқының мінезіндегі, дүниетанымы мен көзқарасындағы келеңсіз жайттарды мақал –мәтелдерінің мазмұны арқылы сынап, ұғым –түсініктерін сынға ала отырып, тәрбиелік маңызын айқындады. Ақын өз өлеңдерінде бала тәрбиесінен бастап, тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал етуді көздеді.

Қорыта келе, Абай Құнанбайұлы шығармалары арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулудың тәрбиелік ролі зор. Ақын өзінің шығармалары арқылы тәрбиенің сан алуан үлгісін көрсетіп, еңбектің оның ішінде адал еңбектің мәнін жан –жақты түсіндірді. Абай мұрасының тәрбиелік мәні, тағылымдық бағыт бағдары уақыт өткен сайын құндылығы арта түсуде. Ұлы ақынның әрбір сөзін бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеуде, өлмес мұрасын танып білуде тиімді жүзеге асыру –әрбір педагогтің міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. — Алматы: «Жазушы», 1995.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15. Мақалалар, зерттеулер. — Алматы: «Жазушы», 1984.
3. Тәжібаев Т. Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары. —Алматы. 2003ж.

МРНТИ14.23.07

ВЛИЯНИЕ МУЛЬТИПЛИКАЦИИ НА РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ

К.Т.Аналбекова¹, О.Е.Боровкова²

^{1,2}Қарагандинский университет им. академика Е.А.Букетова, г. Караганда, Казахстан

Детские психологи и педагоги-психологи, могут использовать современные анимационные мультфильмы в терапии детей-клиентов. В этой работе под современной анимацией понимается "любая цветная, фантазмагорическая, осмысленная и движущаяся картинка на любую тему, идущая в любой последовательности и видимая любым человеком или персонажами на экране или телевизоре". Однако, чтобы понять влияние этих средств массовой информации на развитие ребенка в психологии, современная анимация относится к любым детским мультфильмам, созданным после 1970-х годов, которые можно найти на телевидении или в Интернете. В отличие от предыдущих форм визуальных средств массовой информации, таких как книги и телевидение, современная анимация очень увлекательна и может быть легко понята детьми. Большинство детей способны представить, что фантастический мир, который они видят на экране, является реальным местом, а происходящее - реальными событиями. Существование этого воображаемого мира является важной частью жизни детей и постоянным источником радости и восхищения, как и для детей прошлых поколений. Однако, в отличие от прошлых форм визуальных средств массовой информации, современные дети имеют постоянный доступ к современной анимации. Это может повлиять на их социальное, эмоциональное и когнитивное развитие. Эта оценка важна для развития ребенка с точки зрения психологии, поскольку это новая форма медиа, поэтому о ее влиянии было проведено не так много исследований. И если сегодня анимация оказывает значительное влияние на детей, важно понимать, какие последствия она может иметь для будущих поколений.

Анимацию можно разделить на три типа:

1. По способу производства:

Пластилиновая анимация - эта анимация создается путем съемки пластикового объекта между кадрами, кадр за кадром. В жанре пластиковой анимации работал мультипликатор Александр Татарский. Его известные фильмы "Пластилиновая ворона", "Падал прошлогодний снег", "Спокойной ночи, малыши! ", "Следствие ведут Коробки"

Рисованная анимация - техника анимации, при которой каждый кадр полностью прорисовывается отдельно. Раньше все кадры рисовались вручную, что было очень трудоемко и долго, даже для больших команд художников. Теперь это делается с помощью компьютера. Принципы создания рисованной анимации не изменились. Типичный пример рисованного мультсериала - "Ну, погоди! ". Идея мультипликации приключений волка и зайца пришла режиссеру Геннадью Сокольскому в конце 1960-х годов, а позже в ежегоднике "Веселая карусель № 1" появилась первая серия "Ну, погоди! была снята первая серия фильма. Фильм тогда снял Вячеслав Котеночкин, который решил, что в истории неразлучной пары "что-то есть". Котеночкин не ошибся, и вскоре фильм "Ну, погоди! вскоре стал известен не только в нашей стране, но и в других странах.

Кукольная анимация - метод трехмерной анимации. Сцены снимаются кадр за кадром, и после каждого кадра в сцену вносятся минимальные изменения (например, меняются позы марионеток). В

результате при воспроизведении серии кадров создается иллюзия, что объект движется. Яркими примерами кукольной анимации являются мультфильмы Романа Качанова "Крокодил Гена", "Чебурашка" и "Шапокляк". Российский ребенок не представляет себе детства без Гены и Чебурашки. Мультфильм, придуманный Эдуардом Успенским и нарисованный Леонидом Шварцманом, запомнился не только образностью персонажей, но и музыкой, замечательными диалогами и нежной историей о дружбе крокодила и пушистого зверька со странными ушами, которая была настолько хорошо принята зрителями, что однажды была Она была переснята несколько раз.

Компьютерная анимация или 3D-анимация - это техника, использующая компьютеры и специальное программное обеспечение в качестве инструментов для создания и редактирования изображений или оцифровки изображений, полученных из реального мира, для последующей обработки и хранения. В 1964 году группа под руководством Н.Н. Константинова создала компьютерную математическую модель движений кошки. Машина БЭСМ-4, выполнив программу, написанную для решения дифференциальных уравнений, нарисовала революционный для того времени мультфильм "Кошечка". Для визуализации использовался буквенно-цифровой принтер. Компьютерная анимация - самое перспективное направление на сегодняшний день. Среди них особенно выделяется 3D-анимация.

Песочная анимация, песочная анимация, сыпучая анимация и порошковая техника - направления в изобразительном искусстве и техники создания анимированных предметов. Техника может использоваться как для создания анимационных фильмов, так и для шоу-номеров для "живых" зрителей. Изобретателем песочной анимации считается канадско-американский режиссер-аниматор Кэролин Лиф, которая в 1969 году выпустила свою песочную историю "Песок, или Питер и волк".

2. по продолжительности:

аполнометражные мультфильмы обычно длятся 70 минут и более.

Анимационные короткометражки - мультфильмы продолжительностью 30 минут и менее.

3. Поспособупоказа;

Театральные мультфильмы - мультфильмы, которые сначала демонстрируются в кинотеатрах, а затем на телевидении или видеоносителях.

Direct-to-video - категория недорогих или неудачных мультфильмов, предназначенных только для домашнего просмотра и не рассчитанных на широкоэкранный показ.

Короткометражные анимационные мультфильмы и мультсериалы, которые демонстрируются по телевидению, а затем распространяются на видеоносителях.

Для начала мы рассмотрели положительное влияние мультфильмов на детей.

- Дети имеют возможность расслабиться, отвлечься и обрести психологический комфорт

- Дети учатся понимать сюжет и логически мыслить

- Познавательное и воспитательное воздействие (объясняет природные явления, развивает язык и расширяет кругозор)

- Зрительное и слуховое внимание стимулируется сменяющимися картинками на экране со звуком, способствует его развитию

- просмотр мультфильмов с родителями помогает детям открывать новые и интересные темы и развивать их социальную жизнь.

Когда дети смотрят мультфильмы, они как будто отрываются от всего, что их окружает. А ведь то, что показывают детям мультфильмы, очень важно. На сегодняшний день мы видим негативное влияние мультфильмов:

- герои и героини современных анимационных фильмов не научены уважению и очень невоспитанны;

- герои мультфильмов уродливы, даже отвратительны;

- дети как губки: "герои мультфильмов убивают друг друга, выпадают из окон, бьют и оскорбляют друзей и оскорбляют, унижают беззащитных, совершают грабежи".

Многие современные мультфильмы, демонстрируемые по телевидению, оказывают негативное влияние на развитие детей, могут формировать агрессию и склонность к аддикциям. Поэтому очень важно, чтобы родители контролировали просмотр мультфильмов своими детьми. В советское время все мультфильмы строго контролировались. Каждый кадр проверялся с точки зрения его воздействия на ребенка. Никто не станет отрицать, что советские мультфильмы с Карлсоном, крокодилом Геней и Чебурашкой, великаном дядей Стёпой, дядей Фёдором и героями Плоскоквашино приятны, красивы и полезны для детской психики.

-Во-первых, неправильно думать, что мультфильмы - это абсолютное зло. Мультфильмы - это истории, которые могут рассказывать животные, а добро всегда побеждает зло. Родители должны

настраивать своих детей на просмотр только "добрых" мультфильмов, которые дарят хорошее настроение и наталкивают на творческие занятия.

- Во-вторых, в некоторых мультфильмах есть моменты, которые могут негативно повлиять на детскую психику. Дети не должны смотреть такие истории.

- В-третьих, важно, чтобы время, проведенное перед телевизором, учитывалось как родителями, так и детьми. Следует признать, что длительное время, проведенное у экрана, может вызвать у детей проблемы с движением, лишним весом, зрением и речью. Важно помнить, что ни один мультфильм не заменит живого общения взрослых с детьми! И самое главное - не показывайте детям мультфильмы, которые не видели их родители!

Если проанализировать и сравнить анимацию, хранящуюся в общем доступе. И узнать, на что они направлены, какие задачи решаются при просмотре этих мультфильмов, а главное чему они нас учат. Все мультфильмы были разделены на четыре блока по направленности:

1. Умственное воспитание - эти мультфильмы призваны помочь детям развить интерес к школе и учебе, развить любопытство и желание учиться, а также получить знания, необходимые для жизни в современном обществе. Мультфильмы этой группы затрагивают следующие вопросы: развитие мышления, речи и любознательности. Пример мультфильма: "Смешарики: Пин-код"

2. Нравственное воспитание - эти мультфильмы учат детей совершать добрые поступки, заботиться о своих близких, развивать чувство дружбы, учиться находить пути решения различных проблем, быть самостоятельными, отвечать за свои поступки и т.д. Мультфильмы этой группы затрагивают такие вопросы, как: формирование морального кодекса, правил поведения. Пример мультфильма: "Лунтик"

3. Трудовое воспитание - мультфильмы этой группы направлены на последствия труда. Цели: формирование основ трудолюбия и воспитание потребности в труде. Примеры мультфильмов: "Фиксики"

4. Физическое воспитание - мультфильмы этой группы учат ставить цели и достигать их. Эти мультфильмы затрагивают следующие вопросы: воспитание силы воли, желания преодолевать трудности, стремления к победе, знакомство с различными видами спорта. Пример мультфильма: "Ми-ми-мишки".

Но к сожалению дети не всегда могут игнорировать поступающую сомнительную информацию. Ученые подтвердили тот факт, что некоторые продукты анимационной индустрии оказывают разрушительное воздействие на детскую психику.

По каким признакам можно распознать опасные для детей мультфильмы?

Слишком яркие цвета мультфильмов.

Яркие, как кислота, цвета или динамичные сцены со вспышками на экране перенасыщают детскую психику. При вечернем просмотре таких мультфильмов дети перевозбуждаются, и родителям трудно уложить их спать. Кроме того, яркая анимация может негативно влиять на зрение и даже вызывать эпилептические припадки у больных детей.

Громкие саундтреки.

Резкие звуки и напряженная музыка оказывают угнетающее воздействие на детскую психику, усиливают головную боль и тревожность.

Наличие агрессивных и жестоких сцен.

Следует избегать анимационных фильмов, в которых главные герои проявляют агрессию по отношению друг к другу, постоянно дерутся, причиняют боль другим или демонстрируют атрибуты смерти (смертоносное оружие, кладбища, кровь, черепа). Дети, которые смотрят такие произведения, могут проявлять агрессию и жестокость в реальной жизни. Пример мультфильма "Том и Джери"

Плохое поведение персонажей никак не наказывается, а иногда даже приветствуется.

В мультфильмах персонажей не осуждают и не наказывают, если они совершают преступления, грабежи или убийства. У маленьких детей формируются представления о терпимости, разрушаются нормы хорошего поведения и снимаются социальные запреты. Им также следует избегать мультфильмов, где грань между добром и злом нечеткая и даже положительные герои совершают плохие поступки ради собственной выгоды. Пример мультфильма "Маша и медведь"

На экране демонстрируется опасное для жизни поведение.

Анимация, в которой герои "мчатся", прыгают с крыш, бегут по проезжей части или иным образом подвергают свою жизнь опасности, может негативно повлиять на инстинкт самосохранения детей. Дети дошкольного возраста склонны подражать своим любимым героям, и такие примеры могут травмировать и причинить ужасные неудобства их семьям. Пример мультфильма "Суперсемейка"

Некоторые сцены демонстрируют неуважение к людям, животным и растениям.

Во многих современных мультфильмах присутствует издевательство, высмеивание слабых и беспомощных героев, уродливое отношение к старости и материнству. Циничная детская похабщина не продлится долго, если их любимые герои будут грубыми, задиристыми и невоспитанными. Пример мультфильма "Гадкий Я"

Уродливые и несимпатичные персонажи.

Для детей чрезвычайно важна внешность их героев. Если ребенок видит на экране монстров, чудовищ и уродливых героев, его внутренний мир, его самоощущение подрываются. Острые, угловатые супергерои воспринимаются как будущие мужские модели для девочек, а таинственные, загадочные героини с большими глазами - как идеализированные образы для мальчиков. Пример мультфильма "Хаги Ваги "

Жаргон, нецензурная лексика.

Даже в безобидных на первый взгляд мультфильмах иногда встречаются подобные выражения. Дети быстро усваивают "смешные" слова. Когда родители говорят определенные вещи, в мультфильмах показывается возможность ругани. В результате ребенок может растеряться, а авторитет родителя пошатнется. Пример мультфильма "Поучительные истории для детей и родителей"

Список источников:

1) Влияние мультфильмов на психологическое состояние детей младшего школьного возраста / М. Э. Шишова, Д. Э. Шишова, Ю. А. Саева.

2) Интервью профессора кафедры методологии психологии факультета психологии МГУ имени М.В. Ломоносова, доктора психологических наук, руководитель научно-исследовательской группы «Психология массовых коммуникаций», изучающей проблему воздействия СМИ на психику человека и проблему психологической безопасности человека в информационном глобальном пространстве Лидии Владимировны Матвеевой

3) Арифин, МаунтМадхури, Северная Каролина Лестари... - - Educenter: Журнал ..., 2023 - journal.arkainstitute.co.id. Применение интерактивных обучающих игр для стимулирования знаний о распознавании объектов в раннем детстве. arkainstitute.co.id

4) MDH Rahiem - Международный журнал по уходу за детьми и образованию ..., 2021 - Springer. Рассказывание историй в дошкольном образовании: время переходить на цифровые технологии. springer.com

5) Клайн С. - Культурная политика в современной Америке, 2022 - taylorfrancis.com. Пределы воображения: маркетинг и культура воспитания детей. [HTML]

6) Карabanова О.А. Возрастная психология — М.: 2005.

УДК 373

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ «КРОССЕНС» В РАЗВИТИИ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ДОШКОЛЬНИКОВ

Бутенко Л.Р.

КГУ «Специальный ясли-сад Бөбек», Карагандинская область, город Абай, Казахстан

Технология «Кроссенс» была разработана Сергеем Фединым — писателем, педагогом, математиком и Владимиром Бусленко — доктором технических наук, художником и философом. Впервые «Кроссенс» был опубликован в 2002 году в журнале «Наука и жизнь».

Кроссенс — это ассоциативная головоломка нового поколения, соединяющая в себе лучшие качества сразу нескольких интеллектуальных развлечений: головоломки, загадки и ребуса.

Суть метода: разгадать «Кроссенс», то есть составить рассказ, используя ассоциативную цепочку из девяти картинок, замкнутых в стандартное поле, посредством взаимосвязи изображений. «Кроссенс» рекомендуется читать сверху вниз и слева направо. Изображения расставлены таким образом, что каждая картинка имеет связь с предыдущей и последующей, а центральная объединяет по смыслу сразу несколько картинок.

Рис. 1 Кроссенс нужно читать слева направо, двигаться только вперед по часовой стрелке и заканчивать на центральном квадрате.





Рис. 2 Центральное изображение связано со всеми картинками, которые несут прямой смысл и для разгадки этого кроссенса нужно лишь знание фактов. Начать можно как с первой, так и с любой узнаваемой картинки.



Связи могут быть как поверхностными, так и глубинными, но в любом случае это отличный метод для развития связной речи, логического и творческого мышления.

Алгоритм создания кроссенса для дошкольников


1. Определение тематики, общей идеи.
2. Выделение элементов, имеющих отношение к идее, теме.
3. Нахождение связей между элементами, определение последовательности.
4. Выделение отличительных черт, особенностей каждого элемента.
5. Поиск и подбор изображений, иллюстрирующих элементы.
6. Построение ассоциативной связи между образами элементов.

Начинать знакомство с данной технологией лучше с 2-3 картинок.

Пример 1: картинка – еж, елка.

- Как вы думаете, как между собой связаны эти картинки? (Иголки).

Бурагино и стул. Что общего? (Из дерева)



Усложняем задачу.

Пример 2: машина, велосипед, самокат. Что можно сказать по этим картинкам, какая связь? (Транспорт, колеса, руль и т.д.). Создаем и решаем с детьми кроссенс только в рамках одной определенной темы, постепенно расширяя ассоциативный ряд у детей.



Однако, у дошкольников наблюдается недостаточная сформированность зрительно-пространственных представлений, поэтому возникают трудности восприятия материала. На начальных этапах использования технологии, важно определить направление в таблице (рисовать стрелки, или просто показывать направление от одной картинке в таблице к другой по часовой стрелке).


Пример 3: в данном случае центральное изображение связано со всеми картинками, которые несут прямой смысл и для разгадки этого кроссенса нужно лишь знание фактов, в нашем случае знание сказок.



Пример 4: кроссенс нужно читать слева направо, двигаться только вперед по часовой стрелке и заканчивать на центральном квадрате.

Начинать прочтение можно как с первой, так и с любой узнаваемой картинки. А можно читать кроссенс по периметру и дополнительно по кресту. В этом случае изображения расставлены таким образом, что каждая картинка имеет связь с предыдущей и последующей, а центральная объединяет по смыслу сразу несколько.

Пример 5: задача - найти связь между соседствующими картинками и определить тему кроссенса. Начать прочтение кроссенса с левого верхнего угла по стрелочкам только вперед и закончить на центральном квадрате.



- «Улыбка» - результат хорошего настроения.
- Как она связана с енотом? Всем известно, что дружба начинается с улыбки и песня об этом звучала в мультфильме про енота.
- Енота звали Крошка, а крошки лучше не выбрасывать, а посыпать в кормушку, чтобы помочь птицам зимой.
- Следующая связь... Помогла мальчику справиться с недугом и девочка Женя из сказки «Цветик – семицветик».
- А что общего у неё с шариками? Она отрывала лепестки, и они летели, как могут летать воздушные шарик.


- Далее... Собаку тоже зовут Шарик. Собака – друг человека.
- У человека тоже есть друг. О чём этот кроссенс? (О дружбе.)

Кроссенс может иметь несколько правильных вариантов ответа, не нужно устанавливать единственную заложенную педагогом связь, важно находить любую из возможных. В этом и прелесть этого метода, научить детей мыслить, порой нестандартно.

Кроссенс можно оформить кому как удобно, главное дети должны понимать, что вы от них хотите услышать.

Пример 6: создание и решение кроссенса по направлению «развитие фонематического восприятия». Тема «Звук и буква «Р»». В таблице размещены картинки с изображением, в названии которых звук «Р» в начале слов. Воспитатель предлагает детям отгадать букву, которую нужно написать в пустом квадрате. Дети устанавливают ассоциативные связи исходя из фонетического звучания слов.

Задачи, которые решает технология «Кроссенс»:



- учит классифицировать и обобщать предметы, явления, действия;
- развивает речь, пополняет активный словарь, умение связно мыслить, составлять рассказы;
- развивает зрительное восприятие;
- развивает образное, логическое мышление;
- развивает смекалку;
- тренирует внимание, память;
- воспитывает выдержку, умение слушать других детей.

«Кроссенс» можно использовать для детей с разным уровнем знаний, применять для разных степеней обучения, в любых видах образовательной деятельности.

Применение технологии «кроссенс» в детском саду позволяет:

- упражнять детей в умении выделять и называть предметы, их признаки, состояния, действия;
- развивать зрительное восприятие;
- учить детей классифицировать и обобщать предметы, явления;
- развивать логику;
- развивать образное мышление;
- учить анализировать, вычленять части, объединять в пары, группы, целое;
- определять пространственные отношения символов, размещённых в таблице;
- учить определять в речи предложно-падежные конструкции;
- учить детей связно мыслить, составлять рассказы;
- развивать смекалку, тренировать внимание.

В результате применения технологии «кроссенс» у детей:

- повышается уровень развития всех познавательных процессов;
- игровые упражнения помогают формированию навыков пространственной ориентировки;

Кроссенс можно использовать:

- как часть образовательной деятельности;
- в групповой, индивидуальной, подгрупповой работе;
- в качестве творческого задания для детей совместно с родителями.

В работе с родителями в детском саду можно использовать метод «кроссенс» как творческое задание.

Задача родителей и детей — объяснить кроссенс, составить рассказ — ассоциативную цепочку, посредством взаимосвязи изображений. Изображения расставлены таким образом, что каждая картинка имеет связь с предыдущей и последующей, а центральная объединяет по смыслу сразу несколько.

Использование кроссенса позволяет:

- повысить инициативность, креативность;
- развить воображение, фантазию, логическое и творческое мышление;
- сформировать познавательную, информационную и коммуникативную деятельность.

Работа с кроссенсом помогает:

- повысить родительскую компетентность и умение заниматься со своими детьми продуктивной деятельностью;
- родители больше уделяют времени и внимания ребёнку;
- их общение становится продуктивным, интересным, развивающим, творческим;
- родители могут увидеть трудности ребёнка в обучении, понять причины, помочь педагогу в своевременном их устранении.

Данная технология является «палочкой - выручалочкой» во-первых, групповая работа в форме игры способствует созданию положительного фона, атмосферы здорового соперничества. Дети раскрывают новые грани понимания привычных вещей, быстро запоминают материал, обмениваются идеями, взглядами, представлениями, это сплачивает детский коллектив.

Применение технологии кроссенс позволяет создать ситуацию успеха. Таким образом, каждый ребенок вносит вклад в общее дело, а это очень важно быть значимым!

«Кроссенс» - это метод, позволяющий на практике создать условия для мотивации, самостоятельного творческого поиска. Дети не только находят связи между предметами и явлениями,

они углубляют свои знания, раскрывают новые грани понимания привычных вещей, т. е. развивается логическое мышление, связная речь.

Список используемой литературы:

1. Анашина Н.Д. А мы сами составили кроссенс / Наука и жизнь. – 2008. – № 1. – С. 65–68.
2. Погосова А.В. Технология «Кроссенс» / Наука молодых. – 2019. – № 67. – С. 55–57.
3. Автор-составитель Литвинова Марина Ивановна «Технология кроссенс как средство развития познавательной активности детей старшего дошкольного возраста»

ӘОЖ 373

КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Женисхан Дауиргул

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің
«Толағай» бөбекжайы» КМҚК, Қарағанды қ., Қазақстан

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта болса, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: білім беру сапасының жоғары болуы, бәсекеге қабілеттілігі, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Кәсіби білім беру педагогикасы – адам баласының жасын, білім деңгейін және оның еңбегімен кәсіптік іс-әрекетін сипаттамай-ақ, оның кәсіби даярлығын жетілдіруге арналған теориялық және практикалық білім жүйесі десек дәл айтқанымыз. Білім беру қызметінің кәсіби педагогикалық біліктілігін арттыру, сонымен қатар қайта даярлау үздіксіз үрдіс болып табылады, атап айтатын болсақ: білім алушы мен білім берушінің әрбір бес жыл сайын үнемі жүргізіліп отыратын арнайы ұйымдастырылған қысқа мерзімді оқыту және курс аралық кезеңдерде жүзеге асырылатын өзін-өзі бейімдеу. Кәсіби педагогикалық білім беру – бұл адамды кәсіби қызметке даярлау, өскелең ұрпақты кәсіби тәрбиелеу, білімді де білікті мамандарды қалыптастырып болып табылады. Білім беру мазмұны – бұл оқу дайындығының нәтижесіне – кәсіби қызметке қойылатын талаптарды белгілейді. Бітіруші түлектердің біліміне, іскерлік дағдыларына, олардың жалпы білім деңгейіне, ой-өрісінің кеңдігіне, жан-жақты ойлау жүйесінің дамуына, зияткерлік даму деңгейіне, танымдық қажеттіліктер мен мүдделердің қалыптасуына, кәсіби маңызды қасиеттердің дербес дамуына дайындығына қойылатын талаптар бар. Бұл талаптарды қоғам қояды, оның даму деңгейіне байланысты және ғылымның, мәдениеттің, өндірістің, қоғамның дамуымен өзгереді.

Қазіргі таңдағы білім беру – өскелең ұрпақтың ақыл ой дамуының, мәдениетінің деңгейін анықтаушы фактор. Білім берудің негізгі мақсатына байланысты қоғамда жаңа ұғым пайда болды. Мен мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі ретінде ұсынарым, тәрбиеленушілердің ең алдымен өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысып, ерекше көңіл бөлу керектігін атап өтемін. Өйткені, бұл тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке араласып, өз үлесін қосуға апаратын сара жол. Бүкіл дүние жүзіндегі болып жатқан осындай құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты бірізді дайындаумен байланысты. Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, ой елегінен өткізе білетін тәрбиеленушілер керек. Балабақшада бастау алатын, іргетасы сонау балалық шағынан қаланатын балалар өсе келе, яғни оқушы болып мектеп табалдырығын аттаған сәттерінде мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мәліметтерді әрі қарай мектеп қабырғасында жүзеге асыратын болады. Олар тың идеяларды бір ғана көзбен шолып өтпей, әр түрлі көзқараспен зерттеп, қарап, шынайылығы мен пайдасын өзара талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алатындай қабілетке ие болады. Мұндай жетістікке жеткенін көру үшін, әлбетте бастапқы фундамент мықты қалануы тиіс. Жиырма бірінші ғасырға аяқ басқан жас ұрпақты жарқын болашақта лайықты өмір сүретіндей етіп, жақсылап дайындау білім беру саласында қызмет атқарып жүрген кез-келген маман үшін үлкен жетістік. Балабақша тәрбиешісі болсын, мектеп мұғалімі болсын, қай-қайсы да баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда үнемі ізденісте, сабақтың тиімді өтуіне, қызықты өтуіне, әр беріп жатқан білім нәрінің бала бойында одан әрі сусындауы үшін үздіксіз

жұмыс жасау үстінде деп білемін. Білім сапасы білім алушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты. Кәсіби педагогикалық білім беруді басты тәсілі - әр білім алушыны жеке тұлға ретінде қарастыру. Мұғалімнің міндеті барлық оқушылардың білім алу, мақсатқа жету, қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысу қабілеттерін арттыру үшін оны тұлға ретінде дамытуға ерекше назар аудару болып табылады. Өңгімелесу -балалардың оқуға деген ынтасын оята алатын ең маңызды тетік.

Қазіргі заманғы кәсіби білім берудің жалпы мақсаттарына келесі жағдайларды жатқызуға болады:

- оқушылардың әлеуметтік өзгерістерге жан-жақты және тиімді үйренісуін қамтамасыз ету;
- маманның арнайы білім, білік, дағдыларын сондай-ақ кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруға

жағдай жасау.

Мақсат жаңа қоғамдық жағдайларға сәйкес нақтыланып, қоғамның дамуымен қатар өзгереді. Демек, білім беру мақсаты білім беру жүйесінен тыс қалыптасып, қоғамның сол кезеңіндегі даму талаптарымен белгіленеді және қазіргі заманғы қоғам жатақханасы талаптарына сәйкес кәсіпкер-маманға «әлеуметтік тапсырысқа» жауап береді. Педагогикалық білім берудің бір-бірімен өзара әрекеттескен екі жағы бар, оның біріншісі: маманның кәсіби дайындығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету болса, ал екіншісі жеке тұлғаның рухани дамуы. Кез-келген кәсіби білім беру - тұлғаның рухани дамуын шектемей, керісінше алға қарай ұмтылуына ықпал жасау. Педагогикалық процесс барысында оқушыларда жаңа сапалар яғни, әлемді тануы, кәсіби көзқарасы қалыптасады; еңбекке, еңбек етуші адамдарға деген жоғары рухани сипаттар тәрбиеленеді. Педагогикалық процесстің бұл функциялары сонымен қатар ұйымшылдыққа, достыққа, әлеуметтік қарым-қатынасқа дайындықты; еңбек тәртібіне, адалдықты, жауапкершілікті, белсенділікті тәрбиелеуді, азаматтық қатынас нормалары мен ережелерін қалыптастырады. Кәсіби педагогикалық білім беру сипатын теориялық және қолданбалы ғылым ретінде атап өтуге болады. Өйткені, ол бір жағынан, кәсіби педагогикалық құбылыстарды баяндап түсіндірсе, екінші жағынан, кәсіптік білім берудің міндеттерін шешуге бағытталған оқыту жәнәтәрбиелеу жолдарын қарастырады. Кәсіби педагогикалық білім беру теориялық жағынан дами отырып, кәсіптік білім бойынша оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруді көздейді. Оған озық педагогикалық тәжірибені, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын кәсіптік мектеп практикасына ендіру мысал бола алады. Кәсіби педагогика қоғамдық құбылыс ретінде кәсіптәрбие заңдылықтарын, қоғамдық өмірдегі кәсіптәрбиенің мәні мен рөлін анықтайды. Сондықтан, кәсіби педагогика – балалар мен жастардың ғана емес, үлкендердің де тәрбиесі жайлы ғылым. Кәсіби педагогикалық білім беру мазмұны қоғамның мақсаттары мен қажеттіліктеріне негізделген және болашақ мамандардың білім, білік және дағды жүйесіне, оның дүниетанымдық, азаматтық және кәсіби қасиеттеріне, оның танымдық қабілеттері мен қажеттіліктерін дамытуға қойылатын талаптарда көрсетілген. Маманның дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мамандық бойынша Мемлекеттік білім беру стандартында бүктелген түрде ұсынылған. Кәсіби педагогикалық білім беру стандарты қоғам мүшелеріне, олардың отандық және әлемдік еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне, бір жағынан, әлеуметтік кепілдікке қызмет етуі және екінші жағынан, олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс. Ол үшін ол мазмұны жағынан да, көлемі жағынан да қолайлы болуы тиіс, қоғамда нақты бар ресурстарға сүйенуі (Қоғамның ағымдағы даму сатысында мүмкін болатын шектен шықпауы), шетелдік білім беру стандарттарымен түйісуі тиіс. Кәсіптік білім берудің ерекшелігі жалпы біліммен салыстырғанда кәсіптер мен мамандықтардың алуан түрлілігі, қызметкерлерді даярлау нысандары, оқу-бағдарламалық құжаттардың жеткілікті қысқа өмір сүру мерзімі болып табылады, өйткені кәсіптік оқытудың мазмұны ғылыми-техникалық прогрестің нәтижесінде тез өзгертін еңбек мазмұнымен тікелей байланысты.

Педагогикалық қызметті, педагогикалық қарым-қатынасты жеткілікті жоғары деңгейде жүзеге асыратын, оқыту мен тәрбиелеуде тұрақты жоғары нәтижелерге қол жеткізетін мұғалімді кәсіби құзыретті деп атауға болады. Бүгінгі таңда мұғалім олардың алдында тұрған кәсіби мәселелерді іс жүзінде шешуге көмектесетін іс-шараларға қатысуға дайын болуы керек. Және бұл көп жағдайда қандай да бір қосымша қасиеттерге байланысты, олар үшін қазіргі білім беру мақсаттарын түсінуге сәйкес келетін "құзыреттілік" ұғымдары қолданылады.

Құзыреттілік – тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің жиынтығы (оларға қатысты сапалы және нәтижелі іс-әрекет жасау үшін қажетті пәндер мен процестердің белгілі бір шеңберіне қатысты қойылған білім, білік, дағды, іс-әрекет тәсілдері). Педагогикалық шеберлік жан дүниесінің орасан зор еңбегін, үнемі ізденісті, рухани және физикалық күштердің күш-жігерін, өз бетімен белсенді жұмысты қажет етеді. Мұғалімнің тұлғасы қасиеттер мен сипаттардың қарапайым жиынтығы емес, тұтас динамикалық тәрбие болып табылады.

Кәсіби педагогикалық білім беру үшін ең алдымен мұғалімге қажет бірнеше құзыреттіліктерді ұсынғым келіп отыр:

- Кәсіби міндеттерді, оның ішінде даму режимінде шешуге дайындығымен байланысты әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік.

- Кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік педагогикалық қарым-қатынастың табыстылық дәрежесін және білім беру үдерісінің субъектілерімен өзара әрекеттесуін анықтайтын.

- Жеке іс-әрекетті өрістетуге психологиялық-педагогикалық дайындықты қамтитын жалпы педагогикалық кәсіби құзыреттілік.
- Пәндік мамандық салаларындағы пәндік құзыреттілік: оқытылатын пән саласындағы білім, оны оқыту әдістемесі.
- Басқарушылық құзыреттілік, яғни педагогикалық талдау жүргізе білу, мақсат қоя білу, іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру.
- Рефлексивтік құзыреттілік, яғни. өзінің педагогикалық іс-әрекетінің процесі мен нәтижесін көре білу
- Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік, ақпараттық технологиялар саласында жұмыс істей білуге байланысты.
- Құзыреттілік мұғалімді экспериментатор ретінде сипаттайтын инновациялық қызмет саласында.
- Шығармашылық құзыреттілік, яғни мұғалімнің іс-әрекетті шығармашылық, зерттеушілік деңгейге көтеру қабілеті.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсам: білім беруді әртараптандыру жағдайында білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз ету үшін отандық білім беру жүйесін құрылымдық қана емес, сонымен бірге мазмұнды қайта құру қажет. Бұл тұрғыда әлемдік тәжірибені де, нақты да ескере отырып, педагогикалық және басқарушылық функциялар мен міндеттерді, қызметтің мақсаттары мен қолданылатын құралдар мен әдістерді және т.б. қайта қарау қажет. Кәсіптік білім беретін орта және жоғары оқу орындарында білім беруді бақылауды ұйымдастыру, қазіргі қолданылып жүрген заңдылықтарға негізделген. Жалпы жеке адам әрекет жасау үшін тәжірибені игеруі қажет, яғни қоғамдық қатынастар жүйесіне енуі керек. Осы жағдайда ғана объективті білім, білік және дағдылық қасиеттер тәжірибеге айналып, субъективті құралын құрайды. Күнделікті тәжірибенің шектеулілігі жеке адамды адамзаттың қоғамдық-тарихи іс - әрекетіне ендіру арқылы кеңейтіледі. Осы іс - әрекетте жеке адам өткен ұрпақтардың объективтендірілген тәжірибесін игеріп қана қоймайды, сонымен қатар өзінің дамуына ықпал ете отырып, оны байытуы тиіс. Сондықтан, кәсіби оқытуда білім, білік және дағдылық қасиеттерді жеке тұлға бойына сіңіріп, оны қадағалау, дамыту мәселесі басты орынға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.С. Макаренко. Психология труда учителя. М., «Просвещение», 1993.
2. В.И. Андреева. Педагогика творческого саморазвития. Казань. 1996.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
5. С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б
6. В.А. Хуторской. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования. // «Народное образование», №2, 2003. 58-94-б
7. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
8. Педагогика. Дәріс жинағы ; Алматы: Нұрлы Әлем, 2003
9. Әбденев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Алматы, Дарын 2008
10. Әбиев Ж. Педагогика тарихы : оқу құралы-Алматы: Дарын.-20097-480 бет.
11. Педагогика: оқулық/Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы-Алматы: Print-S, 2008-430с.
12. Губашева С.Г., Отарбай А.Ж., Тәрбие жұмысының әдістемесі ; Оқу әдістемелік құрал.- Астана: Фолиант, 2007-244 ,бет

ӘОЖ 37.01+796

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.Д. Дидар¹, А.С. Жумадилова²

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің студенті,

²М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Қазақ халқы өмірге денсаулығы мықты, шыныққан азаматтар тәрбиелеу жөнінде өз ұрпақтарына үлкен де бай мұра қалдырған. Соның бірі ұлттық ойындар. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Бала кішкентайынан ата-анасының талап етуімен және өз

еркімен әр түрлі ұлттық ойындарға қатысып, өзінің икемділігін, тапқырлығы мен батылдығын байқатқан. Қазір бізге жеткен ұлт ойындарының тарихы Қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы қауымдық құрылыстан басталады. Тоғыз құмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар арасында тараған. Ұлттық ойындар негізінде халық әр түрлі жаттығулар жасау арқылы дене шынықтыру негізін қалады. Мұның әлеуметтік, тәрбиелік мәні де болды. Ұлттық ойындар кейіннен спорттық ойындарға ұласты. Қазақтың көне батырлар мен ғашықтар жыр-дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Мәселен, «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елі сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысып, одан кейін көп кісі қатысқан ойын-сауықтарда өздерінің мергендік, балуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендіктері туралы жан-жақты әңгімеленеді. Зерттеулерге жүгінсек, «домбырамен күй шерту», «аттың құлағында ойнау», «аударыспақ», «отпен ойнау», «сумен ойнау», «күлкі ойыны», «балалар ойыны», «ақ сүйек», «тоғыз құмалақ», «жұмбақ айтыс», «асық ойнау», «шатыраш ойнау» (шахмат ойыны) сияқты қазақ тіліндегі сөз тіркестері бұл ойындардың халықтың көне мәдениетінің куәсі ретінде өте ерте заманда пайда болып, біздің ата-бабаларымыздың кеңінен пайдаланған ұлттық ойындарының сан ғасырлар бойы өмір сүргендігін айқын көрсетеді.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеген көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы Б.Уахатов өзінің «Қазақтың халық өлеңдері» атты іргелі монографиясында: «Ерте заманнан бастап балалар әр түрлі салтқа байланысты өтетін қазақтың ойын-тойларына қатысып жүрген. Олар жылдың басы – Наурыз күндерінде, бір жұмаға созылатын үйлену тойларында үлкендермен бірге қызықтап, соның басы-қасында болған» деп халқымыздың ұлттық ойындарында орындалатын балалар өлеңдерінің ерекшеліктерін ашып көрсетеді. «Сондай-ақ жаздың жайма шуақ кеңшілігін пайдаланған балалар ұзақты күн ойын соңында болып, талай күлкілі ойын түрлерін ойлап тапқан. Солардың ішінде «Асау мәстек», «Соқыр теке», «Үй артында қолағаш», «Қазық бау» сияқты ойындар балалардың дүниетанымын кеңейтеді, денелерін шынықтырады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың негізгі әрекеті – ойын. Ойын – балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды құралы. Балалар ойын барысында еркін тапқырлық әрекет байқатады, сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ықылас, ерік және т.б. түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүнгиді. Қазақтың ұлттық ойындары балалардың жас ерекшеліктеріне қарай құрылған және ересек балаларды да қамтиды. Мұнымен ойын сапасы жоғалмайды, өйткені ойын адамдардың өмірлік адал серігі болып табылады. Мәселен, бала есейген шақта жас мөлшеріне сай ойындарға қатысады да үлкен жарыстарға белшеше кіріседі. Одан кейін жасы ұлғайған шақта да ойыннан тыс қалмай әр түрлі ұлттық ойындарды ұйымдастырушы болып, ал енді қартайған кезінде білгір кеңесші, білікті педагог ретінде өз халқының ғасырлар бойғы салт-дәстүрін, ата мұрасын кейінгі ұрпақтарына жеткізеді, сонымен бірге өзі де осы ойындарға көрермен ретінде қатысады. Сол себепті де әр халықтың ұлттық ойындарына тән ерекшелік ретінде білімді жастарды тәрбиелеудің психологиялық ерекшеліктерін есепке алу қажеттігін атап өткен жөн. Сонда ғана әр халықтың ұлттық ойындарында педагогикалық негіз бар екендігін нық сеніммен айтуға болады. Садақ тарту, асық ату ойындары балаларды нысанаға дөп тигізуге үйретеді. Асық ату ойыны көз жітілігін, мергендікті дамытады, баланың бойында еріктілікті, ұстамдылықты қалыптастыруға, қарсыласын сыйлай білу, адалдық және басқа да ізгі қасиеттерді қалыптастыруға негіз болады.

Қазақтың ұлттық ойындарының арасында спорттық ойындардың көп артықшылығы бар. Себебі олар баланы дене дамуы жағынан да, ой қабілеті дамуы жағынан да шынықтырып, тәрбиелейді. Олардың арасында, әсіресе, ежелгі заманнан шеберліктің жоғары үлгісі ретінде халық қастерлеген ат ойындарының үлкен патриоттық мәні бар. Бұл ойындарға уақыт сынынан өткен, денсаулығы мықты, шыдамды балалар ғана қатысқан. Ойын барысындағы мықты бәсекелестік баланың өз қарсыласының күш-қайтарымен, әдіс-айласымен және басқа да психологиялық ерекшеліктерімен кеңірек танысуға болады. Осыдан кейін бала кішкентай кезінен бастап қоршаған ортасын түсінуге дағдыланып, өзіне беймәлім көптеген құбылыстарды білуге құштарланады.

Ақыл-ойды дамытатын «Он бір қара жұмбақ» деген тәрбиелік маңызы зор тағы бір ойын түрі бар. Оның басты ерекшелігі – есеп сұрақтарын қою арқылы баланың ойлау қабілетін дамытады. Бала сұрақтарға жауап берген кезде сөздердің әріптеріне сәйкес келуі керек.

Мысалы: Бір дегенім – білім,	Төрт дегенім – төсек,
Екі дегенім егеу,	Бес дегенім – бесік,
Үш дегенім – үскі,	Алты дегенім асық,

осылай он бірге дейін. Бұл ойынды ересек және мектепалды топтарына кеңінен қолдануға болады. Себебі ойын тартымды болғандықтан бала тез қабылдайды. Оның сөздік қорын байытуға

септігін тигізеді. Ойындағы халық санамағы есеппен алғашқы танысу іспеттес. Баланың мектепке барар алдындағы дайындық кезеңі үшін үлкен тәрбиелік маңызы бар мұндай ойындар қазақ халқында көптеп кездеседі. Мәселен, халық ойыны «Бес бармақ» санамағы, «Бес тас» қыздар ойыны және т.б. Бала ұлттық ойындарға қатысу арқылы жалпы білімдер жүйесін меңгереді. Сондықтан да ұлттық ойындар педагогикалық қызметте ақыл-ой міндеттерін шешу үшін сондай-ақ әр түрлі танымдық процестерді дамыту үшін неғұрлым кең қолданылуы керек.

Бала ұлттық ойындарды ойнау арқылы жауапкершілік мәселесінде көптеген әлеуметтік, рухани ұстанымдарды меңгереді. Алдымен, балалар кез келген ойынды ойнау барысында ойын ережелерін ақылдаса отырып бірлесе бекіту, сол өздері бекіткен ережелер мен тәртіпке бағыну арқылы адамдардың өзара келісіммен өмір сүру дағдысын қалыптастырады. Ал бұл дағды жаңа өсіп, жетіліп келе жатқан бала үшін ауадай қажет Қарап отырсақ, ойын барысында оның түрлері мен тәсілдері және қатысушы санына байланысты келісімге қол жеткізу, жалпы ұйымдастырушылық мәселелерді ойын басталмай жатып шешіп алу – жауапкершіліктің алғышарттарын шешумен тең. Тіршіліктегі жауапкершілік пен жаза ережелер мен заңдылықтардың бұзылуынан орын алатынын ескерсек, балалар ойын шарттарын өзара анықтау арқылы ережелер мен заңдарға сәйкес тіршілік етуге дағдылана бастайды. Дана халқымыз адам өмірінің ажырамас бөлігі болып саналатын жауапкершілік ұғымын бала санасына ауыр жүк қылмаған, «әзірейіл» етіп көрсетпеген. Оны кез келген ұлттық ойынның астарынан байқауға болады. Өмірмен қатар жүретін, адамның адамшылығын ашатын тазалық пен шынайылықтың көрінісі ретінде ұғындырған. Ойын барысында балаға артылған кез келген жауапкершілік пен жазаның өтеуі – өлең айту, ән салу, т.б. Осылай бойындағы өнерін көрсетуі баланы кемсітпей, керісінше шындап, еңсесін биік ұстау арқылы жауапкершілікті өз мойнына алуға тәрбиелейді. Ойыннан жеңілген балаға тағылатын айыптың бір түрі қораз болып шақыру, түйеше боздау, ешкі сияқты маңырау баланы кемсіту емес, тіршілігінің іргетасы болған төрт түлікті баланың танып білуін талап еткендігі. Бұл жерден, жеңілген баланың бойындағы ашуын ызаланбай, қатты дауыстап шығару арқылы арылуын қамтамасыз еткен болуы да мүмкін. Себебі, қазіргі кезде, ата-ана мен бала арасындағы психологиялық мәселелерді, оның ішінде ыза, ашулану сияқты деструктивті күйлерді тарқату үшін бір-біріне тікелей ұрысып, жекімей, ит пен күшік, маулен пен марғау, таутан мен алан болып бір-біріне ырылдау, мияулау, тағы басқа жануарлар болып мейірім мен ызаны ойын арқылы көрсету, арылу, тарқату, сездіру кеңес ретінде көп ұсынылады. Ал жеңілген бала өз айыбын бойындағы өнерін көрсетуі арқылы өтеуі жеңілушінің мерейінің үстемдігін сақтаудың бірден-бір жолы. Қазіргі өркениетті елдердің жаза тағайындау мәселесіндегі ең басты қағида адамды қорлауға тыйым салу. Осы қағиданы қазақ дүниетанымында бала жастан үйреткенін көреміз.

Жауапкершілік мәселесі барлық ойынның ажырамас бөлігі десек, ұлттық дүниетанымда жауапкершілікті сезіну қабілетін арттыруға бағытталған ойындар да кездеседі. Мысалы, жауапкершілікті жетілдіруге бағытталған ойындардың бірі «Сикырлы таяқ». Бұл ойында ойыншы санына шек қойылмайды. Ойынға жиналғандар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер құрып тұрады да, араларынан біреуін ойын жүргізуші етіп тағайындайды. Жүргізуші қолына таяқ ұстап, шеңбердің ортасына шығады да, ойын тәртібін, жолдарын түсіндіреді. Ойыншылардың бір шетінен бастап барлығына реттік санын атайды. Сонан кейін жүргізуші қолындағы таяғының бір басын жерге тіреп тік ұстайды да, кез келген бір ойыншының реттік санын атап, таяқты қоя береді. Айталық, жүргізушінің атаған саны төртінші, бесінші, оныншы не жиырмамыншы бола ма, әйтеуір, рет саны аталған ойыншы ести салысымен жүгіріп барып таяқты құлатпай ұстауы керек. Егер ол дауысты аңғармай я болмаса жайбасар болып, дереу алмай, таяқты құлатып алса, онда ол ортада тұрып, көптің ұйғаруымен өнер көрсетеді. Ойнаушы өз аты аталмай, өзгенің сикын көрсетіп тұрған сикырлы таяқты «құлатпай, сақтап қалу» жауапкершілігін сезінуді үйренеді. Жалпы өзге үшін жауапкершілік алудың маңыздылығы мен жауапкершілік алмағаны үшін салдардың туындайтындығын ұғынады. Сонымен бірге, өзгенің рөлін ойнап тұрған сикырлы таяқпен қарым-қатынасқа түсу үшін барынша сезімтал болып, оның таза ұшымен байланысқа түсуіне әрекет етеді. Бұл дегеніңіз, көрінгенге еліктемей, өзгемен қарым-қатынаста тазалық пен сезімталдық таныту қажеттігін көрсетеді. Сонымен, сикырлы таяқ ойыны арқылы халқымыз баланы сезімталдыққа, өзі үшін де, өзге үшін де жауапты бола білуге, өзі мен өзге арасындағы адами таза байланысқа баулыған. Сол арқылы аты аталып, түсі түстелгенде ғана емес, жалпы адам баласына жауапкершілік керектігін ұғындырған. Адам бар жерде, оның әрекеті бар жерде жауапкершілік бар. Оны «ойын жүргізуші» немесе ойыннан жеңілушінің алуы арқылы әрбір әрекет үшін салдар мен жауапкершілік болатынын бала санасына құяды [1].

Ерте жастан балаларға салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды және ұлттық ойындарды құрметтеуді қалыптастыру маңызды, ол үшін бай мәдени мұраны пайдалану қажет. Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келген ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде маңызды орын алады, оларды үйретіп, күнделікті

өмірде қолдану керек. Ұлттық ойындардың ерекше қасиеті – олардың үнсіз өтпей, ауызекі қарым-қатынасты қамтуында. Мектеп жасына дейінгі балалар өз ойларын бөлісіп, әсерлерімен алмасып, ойынның мақсаттары мен құрылымын анықтайды. Қазақ ұлттық ойындарының ережелерін қатаң сақтау және ойын кезінде тәртіпті болу балаларда әдептілік, әділдік, еңбекқорлық және мейірімділік сияқты қасиеттерді тәрбиелейді. Бұл ойындар бұрынғы буын өкілдерінен мұра болып келген дәстүрлі білімдерді білдіреді, олар қазақ халқының негізгі құндылықтарымен: таңдау еркіндігі, ар-намыс сезімі және әділдікке ұмтылумен тығыз байланысты. Ұлттық ойындар дәстүрлі ойын-сауық түрлерінің бір бөлігі.

Әр халықтың өзіндік ұлттық ойындары бар, олардың нақты мақсаттары мен әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері болады. Ғалымдар бұл дәстүрлі ойындарды мұқият зерттеген. Этнограф әрі педагог Ә. Диваев «Қазақ балаларын қалай жұбатады?» атты мақаласында қазақ халқының бауырмалдығы туралы айта келіп, «Бес саусақ» сияқты дәстүрлі ойындардың терең философиялық мағынасы бар екенін көрсетеді. Бұл ойындар түрлі қимыл-қозғалыс арқылы моториканы дамытуға көмектеседі.

Қазақ ғалымдары мен ағартушылары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін атап өткен, ал М. Жұмабаев оларды мәдени мұраның қайнар көзі, зияткерлік өсудің қозғаушы күші және дене тәрбиесінің маңызды элементі деп санаған. Ұлттық дәстүрлер физикалық тәрбиені қамтиды, бесіктен бастап, шомылдыру, маймен сылау, тұсау кесу сияқты салт-дәстүрлер арқылы және ұлттық ойындарды енгізу арқылы балаларды шынықтырады, рухани нығайтады, және тәртіпке үйретеді. Ұлттық ойындарды дене тәрбиесіне енгізу арқылы балалар күш пен шыдамдылықты дамытып, өмірдің қиындықтарына қарсы тұра алады.

Адамзат тарихының ең ежелгі ерекшеліктерінің бірі – топтасып өмір сүру, бұл біздің дамуға деген негізіміз. Алғашқы тайпалық қоғамдардан бастап қазіргі заманға дейін, адамзаттың аман қалуы ұжымдық өмірге байланысты болды. Сол себепті қуаныш пен қайғы, маңызды оқиғалар мен басқа да тәжірибелер тек жеке адамдарға тән емес, оларды топтар бөлісіп, шешіп, тойлап, қорытындылайды. «Бірлік түбі – тірлік» және «Жалғыздың үні шықпас» деген қазақ халқының ұстанымдары қазақ мәдениетіндегі қауымдастық пен бірліктің маңыздылығын көрсетеді. Бұл ұжымдық өмір сүру тәсілі қазақ қоғамының айқын ерекшелігі болып табылады, әсіресе ұлттық ойындарда айқын көрінеді. Көптеген ұлттық ойындар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады, сондықтан олар мәдени құндылықтарды және бала тәрбиесіне қатысты негізгі қағидаларды алып жүреді. Қазақ ойындарының көбісі топтық түрде ойналатыны – бірлік пен қоғамдастықтың маңыздылығын айқындайды. Бұл бірліктің сезімі қауіпсіздік пен біздің қоғамымыздағы бейбітшілікпен өмір сүрудің негізін құрайды. Бір қызығы топтасып өмір сүру адамзат қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрал ғана емес. Ал адамдар арасында, яғни топпен бірге өмір сүруін жалғастырып келеді және жалғастыра береді де. Сол себепті қазіргі таңда әлеуметтік психологияның басты мәселелерінің бірі топтық психология. Қазіргі адамзаттың әлеуметтік дамуы барысында топтық психология топтың бірнеше түрін қарастырады: үлкен топ (партиялар, митингілер, тобыр, халықтар және т.б.) және кішігірім топ (формальді және формальді емес топ) [2].

Адамдар табиғатынан әлеуметтік, олар тірі және өлі заттармен қарым-қатынаста болады. Нәтижесінде, бірдей құндылықтар, ниеттер және мақсаттар бөлісетін адамдар табиғи түрде топтар құрайды. Ортақ құндылықтар болғанда адамдарға бірге өмір сүру жеңілірек. Топтар, рулар, ауылдар, әулеттер немесе ағайындықтарды құруға ұмтылу – қазақ дәстүрінің бір бөлігі, бұл бірлік пен қауымдастықты бағалайды. Жалғыз ойнамау және барлық ойындарды топтық қағидаларға негіздеу арқылы қазақ халқы жастар арасында ортақ құндылықтарды дәріптеуді көздейді. Топтық ойындар жастарға бұл құндылықтарды тек ішкі сезіну мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар олардың қарым-қатынастарын жақсартуға және уақытты көңілді, мағыналы, әрі мазмұнды өткізуге мүмкіндік береді. Қазақ мәдениетінің топтық ойындарға деген назары қазіргі заманғы топтық психотерапия қағидаларымен үндеседі. Бұл әдіс әлеуметтік психологияда, психологиялық түзетуде және психотерапияда кеңінен қолданылады, бұл жеке тұлғаның психологиялық мәселелерін топтық динамика арқылы шешуге бағытталған. Бұл психотерапияда ең тиімді және ықпалды әдістердің бірі болып саналады. Бұл К.Роджерс, К. Рудестам сияқты белгілі ғалымдардың жұмыстары арқылы көрінеді, олардың топтық терапияға қатысты зерттеулері оны психологиялық тәжірибенің негізіне айналдырды. Топтық психотерапия туралы еңбектердің авторы К. Рудестам әр адамды жеке «сындыру» оңай болғанымен, жеке өзгерту қиын екендігін, ал топта кез келген адамның өзгеретінін айтқан. Оның бірден бір себебі адам тіршілігі барысында біреумен жақындасып, қарым-қатынасқа түсуге ұмтылып тұратындығын алға тартады [3].

Топта өмір сүру, топ үшін барын салуға бағытталған қабілетті дамытуға «Айгөлек» ойыны көмектесе алады. Ойын барысында бір топтың мүшесі келесі топты жарып өтуге ұмтылады. Ол екпінді, күшті болса, топты жарып өтіп, өзі қалаған бір қызды, не бір жігітті жетектеп, өз тобына алып келеді. Егер ол топты жара алмаса, сол топта қалады. «Айгөлек» ойынында да жастар топқа бөлініп, топ ішінде қарым-қатынасын түзеу, бір-бүтін болу, «Өзгенің» осы топтың бірлігіне қауіп төндірмеуіне барын салуға тырысады. «Өзге» бар екпінімен келіп, топты бұзып-жарып өтетін болса, онда топтың ыдырауы басталады. Сондықтан, топтың мақсаты екпіндінің екпінін қайтаруға барынша әрекет ету және топтың мызғымастығын қамтамасыз ету. «Айгөлек» ойынының тәлімдік мәні – ел шетіне тиген жаудың ел ішіндегі әр адамға қауіптілігін, ымырамен өмір сүрудің маңызын көрсететеді. Екпінмен келгенге «қарсы тұра алғанда» қарсыластың ала алмайтындығын ұқтырады.

Ұлттық ойындардың тағы бір санаты баланың интеллектуалдық дамуына ықпал етуге бағытталған. 3-4 жасқа дейін баланың интеллектуалдық өсуі көбінесе әдет-ғұрыптар және дәстүрлер арқылы жүреді (мысалы, бесік жырлары, тілашар, т.б.). Бала ойын жасына жеткен кезде, когнитивтік және интеллектуалдық дамуға ауысады. Ұлттық ойындарды зерттей отырып, балалардың танымдық процестерін дамыту көбінесе табиғатпен тығыз байланыста жүзеге асқанын байқаймыз. Бұл процес орынды, өйткені адамдар әрдайым өз ортасымен өзара әрекеттеседі. Тіршілік ету үшін адамдар сыртқы әлеммен байланысуы керек, және бұл байланыс олардың психикасы арқылы жүреді. «Психика» термині жалпы орталық нерв жүйесін, ал нақтырақ айтқанда, адам миының күрделі құрылымын білдіреді. Бұл жүйе адамдардың сыртқы әлемді қалай қабылдайтынын, байланыс орнататынын және өмір барысында психикалық тұрғыдан өздерін қалай реттейтінін басқарады, сондай-ақ олардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын бағыттайды. Психика тұрақты емес, үнемі қозғалыста болатын динамикалық процесс. Сондықтан психиканың дамуы психикалық-танымдық процесстер арқылы жүзеге асады [4].

Танымдық процестер адамның сыртқы әлемі мен ішкі әлемін байланыстыратын негізгі буын болып табылады. Психологияда жеті негізгі танымдық процесс бар: түйсіну, қабылдау, назар салу, ес, қиял, ойлау, және тіл. Бұл процестер туғаннан бастап қартайғанға дейін жалғасады, толыққанды өмірдің негізін құрайды. Осыған байланысты балалардың танымдық қабілеттерін қоршаған ортамен тығыз байланыстыра отырып дамыту маңызды. Бұл танымдық процестерді сипаттау үшін «ес білу», «танып-білу», «көкірек көзі», «түйсіну», «назар салу», «ұғыну», «жетесіне жету» сияқты сөздер қолданылады, олардың дамуына ерекше мән беріледі. Мысалы, «Ақ сандық, көк сандық» ойыны адамның айналадағы әлемді қаншалықты түсінетінін зерттеп, тексеру құралы болып табылады. Бұл ойында ойыншы аспан мен жер арасындағы барлық нәрсені білуі керек, яғни қоршаған ортаны толық түсінуге тырысады.

Қазақтың ұлттық ойындарының ерекшелігі сонда, оларды ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде және одан тыс кезде де қолдануға болады. Осы ерекшеліктеріне қарай ойындарды үш үлкен топқа бөлуге болады: көңіл көтеру ойындары, спорттық ойындар, ойлау ойындары. Көңіл көтеру ойындарының басты ерекшелігі басқа ойындарды қайталамайтындығында болса, екінші бір ерекшелігі бұл ойындар балалардың нағыз шығармашылық есебі іспетті. Бұл ойындар кезінде өнердің сан қилы түрлері: қалықтаған ән мен жыр да, күмбірлеген күй де, жарасымды әзіл күлкі де өмірге етене еніп, психологиялық драматизмге толы басқа да талғам түрлері сынға түседі. Балалар осы ойындарға қатыса отырып, ата-анасынан алған дағдыларын іс жүзінде жүзеге асырады. Олар сондай-ақ өмірде болған оқиғаларды ертегілер мен аңыз-әңгімелерден, пьесалардан үзінді көріністерді ойнап көптеген ауыз әдебиетінің түрлі жанрларын, халық әндері мен жырларын орындайды, өзара айтысқа түсіп қазақтың ежелгі суырыпсалма ақындық өнерін дамытады. Соның негізінде балалар нені көріп, нені тыңдағанын, нені айтып, нені орындағанын байқап көптеген құбылыстардың мән маңызын ой елегінен өткізіп, ой-өріс, көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. Сонымен қатар олар үшін жаңадан байқаған, сезген, көрген, естіген құбылыстар неғұрлым түсінікті бола түседі.

Балаларды кішкентайынан өнерге, әнге баулитын ойындар көптеп саналады, соның ішінде «Тымақ ұру», «Түйілген орамал», «Ұшты- ұшты», «Айгөлек» т. б. бар.

«Ұшты, ұшты» танымдық процестерді дамытуға және жетілдіруге көмектеседі. «Ақ сандық, көк сандық» ойынында әлемді құрайтын заттар мен құбылыстардың атаулары тексерілсе, «Ұшты, ұшты» ойынында аталған заттардың ерекшеліктері мен қасиеттері зерттеледі. Мектепке дейінгі балалардың танымдық процестері мектепке дайындығы деңгейінде екенін бағалау үшін диагностикалық құрал ретінде пайдалануға болады. Бұл ойындар 5-7 жас аралығындағы балаларға ұсынылады, себебі бұл жаста еркінен тыс ес және есте сақтау қабілеті дами бастайды. Ойындар балалардың назар аудармай-ақ есте сақтау қабілетін жақсартуға көмектеседі. 6-7 жасқа қарай балалар ақпаратты мақсатты түрде сақтай бастайды, ал қажет емес ақпаратты ұмыту қабілеті дами бастайды. Жалпы, осы кезде бала

дүниетанымы кеңейіп, айналасы туралы ақпаратты қозғалысы көп ойындар, сезімдері мен эмоциялары арқылы жадында және тұла бойында сақтайды [5].

Сондықтан бұл кезеңде баланың айналасын тану мен дүниетанымын кеңейту ойындар арқылы жүзеге асырылғаны абзал. Бұл қағида, педагогика мен психология саласында толығымен дәлелденіп, мектеп жасына дейінгі ұйымда кеңінен қолданылады. Ұлттық ойындардың ішінде баланы оқу-тоқуға үйрететін ойындар да бар. Мысалы, «Сен тұр, сен шық» ойыны баланы санау, логикалық ойлау, ептілік сияқты оқудың іргетасы болып саналатын қабілеттерді игеруге көмектесетін потенциалы бар [6].

Хормен айтылатын «Айгөлек» қимыл ойынының үлкен тәрбиелік мәні бар. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді, қаз-қатар қол ұстасып, құлаштарын керіп тұрады. Бір топтың ойын бастаушысы өлеңмен «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек...» деп, екінші топтың адамының атын атап шақырады. Ол адам бар пәрменімен жүгіріп келіп, шақырған топтың тізбегін үзіп өтуге тиіс. Егер ол үзіп өтсе, осы топтың бір адамын алып кетеді, үзе алмаса, өзі осында қалады. Ойын екі топтың біреуінің адамы таусылғанда аяқталады. Адамы таусылған топ жеңілген болып есептеледі. Көңіл көтеру ойындарында балалар өздерін еңбекке дайындайды. Мұндай ойындардың көпшілігі ересектердің еңбегін бейнелейді де, балалар қай жағынан болсын ересектерге ұқсауға тырысады.

Ұсақ моториканы жетілдіруге бағытталған кейбір ойындарға тоқталсақ. «Қуырмаш» ойынында баланың ұсақ моторикасы дамиды. «Қуырмаш» ойыны ұсақ моториканы жетілдіріп, баланың физиологиялық, психофизиологиялық, педагогикалық, т.б. дамуына ықпал етеді. Әуелі қол мен саусақ қимылдарының координациясы баланың ақыл-есінің дамуына әсер етеді. Сәби өз қолымен көбірек ойнау арқылы тез сөйлеп, айналасын танып-біледі. Себебі, адамның сөйлеу қабілеті мен ұсақ моторикасының қызметінің іргетасы – мида қатар орналасқан. Сол себепті сөйлеу қабілеті төмен, ақыл-есінің дамуында ауытқуы бар балаларға кешенді логопедиялық массаж жасалады [7].

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ұлттық ойындарды балабақшадағы ұйымдастырылған іс-шараларға бейімдеуге болады. Мысалы, танымал «Көкпар» ойыны дәстүрлі ешкі қаңқасын қажет етпейді, кез келген затты нысана ретінде пайдалануға болады. Ойнау үшін қатысушылар екі командаға бөлініп, белгілі бір жерге дейін жүгіру керек. Олжаны бірінші болып қолға түсірген адам жүгіруді жалғастырады, ал басқалары оны ұстап алып, олжаны тартып алуға тырысады. Негізгі олжаны мәреге бірінші болып жеткізген команда жеңіске жетеді. Ойын басталар алдында, балаларға ойынның тарихын айтып, ата-бабаларының дәстүрлерімен таныстырылады.

Балабақшаға бейімдеуге болатын тағы бір қазақтың дәстүрлі ойыны – «Қаршыға мен қарлығаш». Бұл ойында балалар екі қатарға бөлінеді және қатысушылар қарсылас команданың ойыншыларын өз жағына тарту үшін жүгіріп, қуыспақ ойнайды. Балаларға арналған басқа да қызықты дәстүрлі ойындарға «Қара сиыр», «Орамал», «Әуе таяқ», «Балапандар» және тағы басқалар жатады, оларды оларды топта да, ашық аспан аясында да ойнауға болады. Барлық осы ойындар ептілікті, логикалық ойлауды, батылдықты, шыдамдылықты және табандылықты дамытуға, сондай-ақ командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Қазақтың ұлттық ойындарын, мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» және басқа да ойындарды, балабақшада қолдану – осы дағдыларды дамытуға және балалардың мәдени тамырымен байланыс орнатуына көмектесудің тамаша тәсілі.

Мектепке дейінгі ұйымда жас ерекшеліктеріне сәйкес жиі қолданылатын ұлттық ойындар:

Ортаңғы топ – 3 жастағы балалардың қимылдарын және ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар («Түйілген орамал», «Хан алшы», т. б.).

Ересек топ – 4 жастағы балалардың қимылдары мен ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар («Мысық пен тышқан», «Ақ серек, көк серек», «Кім жылдам» және т.б.).

Мектепалды топ – 5 жастағы балалардың ойнайтын ұлттық ойындары («Түйілген орамал», «Асық ату», «Тенге ілу», «Арқан тартыс» т.б.).

Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық ойындарды енгізу балалардың дамуына келесі бағыттарда ықпал етеді: таңертеңгі гигиеналық жаттығуларда; сергіту сәттерінде; ұйымдастырылған іс-әрекеттерде; таза ауада серуендеу кезінде. Ұлттық ойындар балалардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және мектепке дейінгі ұйымда физикалық және мәдени тәрбиенің тиімді құралы болып табылады. Ұлттық ойындардың көбісі балаларға топтың бір мүшесі ретінде өмір сүру және әрекет ету үшін қажетті дағдыларды дамытуға көмектесуде маңызды рөл атқарады. Бұл ойындар топпен ойнауға арналған, әдетте екі немесе одан көп баланы қамтиды. Топпен ойнау балалардың коммуникациялық дағдыларын жақсартады және басқалармен қалай қарым-қатынас жасау керектігін үйретеді. Ойындар негізінен құрдастарды ғана емес, әртүрлі жастағы балаларды да қамтитындықтан, олар балаларға өз орнын табуға, жауапкершілікті алуға, жеңіс пен жеңілістің мәнін түсінуге, қақтығыстарды шешуге, келіспеушіліктерден кейін қайта достасуға, жарысуға және ережелерді сақтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Молдабайқызы Н. Өзге бұлақ: балаға қараудың экзистенциялық негіздері. – Нұр-Сұлтан: Полиграфкомбинат, 2022. - 112 б.
2. Социальная психология: учебное пособие. Отв. ред. А.Л.Журавлев. – М., 2002. - 351 с.
3. Рудестам К. К. Групповая психотерапия. –СПб., 1999. - 384 с.
4. Донцов Д.А. Когнитивті процестер психологиясы, оқулық. бакалавр, маман және магистратураға арналған оқу құралы. – М., 2018. -189 б.
5. Блонский П.П. Память и мышление. СПб., 2001.
6. Жұмабайұлы Б. Қазақ балаларының байырғы ойындары. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2020. -256 б.
7. Логопедический массаж. Учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М., 2003. -96 с.

UDC 37.01+796

FEATURES OF COMMUNICATING WITH A PRESCHOOL CHILD THROUGH PLAY

Zh.D. Didar¹, A.S. Zhumadilova²

¹Student Taraz University named after M.Kh.Dulaty

²Senior lecturer Taraz University named after M.Kh.Dulaty², Taraz, Kazakhstan

Play is the primary activity of preschool children. It serves as an educational tool, directing the development of positive personality traits by acting as a means of shaping the child's individuality in both imagined and real-life scenarios. Play represents a way of interacting with the world, learning from it, and discovering one's place within it.

Біріншіден, тәрбиеші балалармен жұмыс істегенді ұнатуы керек. Бұл өте маңызды сәт, өйткені мұғалім олармен көп уақыт өткізеді. Балалармен жұмыс оған жағымды болуы керек, әйтпесе мұғалімнің жағымсыз эмоциялары олармен қарым-қатынасқа әсер етеді.

Екіншіден, тәрбиеші балалармен және олардың ата-аналарымен өте сыпайы болуы керек, мектеп жасына дейінгі балалар мен ата-аналар арасында туындауы мүмкін жанжалды жағдайларды шеше білуі керек.

Үшіншіден, тәрбиешінің жұмысқа шығармашылық көзқарасы болуы керек. Балалар, егер олар қызықтырмаса, тез шаршайды және ойын сәттері болмаса, сабақта отыра алмайды. Мұғалім балалардың назарын қалай сақтау керектігін және олар үшін қызықты іс-әрекеттерді қалай жасау керектігін білуі керек. Сонымен қатар, мұғалімнің сауатты сөйлеуі және үлкен сөздік қоры болуы маңызды, өйткені балалар көп уақыт өткізетін ересектерде сөйлеу мәнерін тез қабылдайды. Тәрбиеші үшін тағы бір маңызды қасиет — бұл стресске төзімділік, өйткені балалармен жұмыс кезінде күтпеген жағдайлар жиі кездеседі, олар тез арада шешілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика. Оқулық. –Астана. Фолиант. 2014. -304 б.
2. Дошкольная педагогика с основамиметодиквоспитания и обучения: Учебникдлявузов. Стандарт третьегопоколения / Подред. А. Г. Гогоберидзе, О.В.Солнцева. - СПб.: Питер, 2013. -464 с.
3. Мониторинг в детскомсаду: Научно-метод. пособие / Науч. ред. А.Г.Гогоберидзе. -СПб.: Детство-пресс, 2011. -156 с.

ӘОЖ 37.01+323

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.С.Жумадилова¹, Д.Бериков²

¹ М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің аға оқытушысы,

² Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Қазіргі таңда ұлттық құндылыққа бейім, өзінің Отанын сүйетін, білімді, озық ойлы, өзінің болмысын, ұлттық құндылығы айқын тұлға тәрбиелеу өзекті екендігі айқын.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының «Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар» атты 2-тарауының 5-тармақшасында: «Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады», – деп көрсетілген [1].

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті: тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық [2].

Мемлекет Басшысының тапсырмасы – білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жаңарту. Осыған сәйкес мектепке дейінгі ұйымда тәрбие жұмысын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұйымдастыру қолға алынуда. «Тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық» құндылықтарын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізінде жүзеге асыру жүргізілуде.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Өскелең ұрпақтың жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеуде, бойына сіңіруде адал азамат болып өсуі күтіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері: бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Білім беру мазмұны арқылы құндылықтарды дарыту процесі жүзеге асады. Мектепке дейінгі ұйым түлегі бойында аталған құндылықтарды қалыптастыру көзделеді. Олар:

«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылық арқылы Отан, ел, туған өлке туралы, Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін, Мемлекеттік тілді білу, Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу, табиғатқа қамқорлық таныта білу қалыптасады.

«Бірлік және ынтымақ» құндылық барысында отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу, басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу, ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы қалыптасады.

«Әділдік және жауапкершілік» құндылық аясында жауапты болу, уәделерді орындай білу, адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну игеріледі.

«Заң және тәртіп» құндылық арқылы мінез-құлық нормалары мен ережелерді білу, үлкендерге құрмет көрсету, үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білуді меңгереді.

«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» аясында үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу, үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау, өзіне-өзі қызмет көрсетуді игереді.

«Жасампаздық және жаңашылдық» құндылық арқылы өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орны туралы қарапайым түсініктің болуы, шығармашылық қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту, сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту, тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну, алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану, жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болуы қалыптасады.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды: әр айдың іс-шаралары күнделікті және апта сайын жүргізіледі.

Күнделікті:

• «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде тәрбиеленушілердің бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, бестемше, бес тас және т.б.

• «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.

• «Күйкүмбірі» – күйтыңдау.

Аптасайын:

• «Менің Қазақстаным» – аздада Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

• «Апта дәйексөздері» – мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекі тұлғалардың ұлағатты сөздері.

• «Қауіпсіздік ережелері» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, тәрбиеленушілердің жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлық және т.б.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілер өздерін қауіпсіз сезінетін және олардың дамуы жайлы және қорғалған атмосферада өтетін ортаны құру қажет. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жүйелік тәсілдің маңызды аспектілері:

– қауіпсіздік жағдайын тұрақты бақылау және талдау;

– өзгермелі шарттар мен талаптарды ескере отырып, қауіпсіздік жүйесіне уақтылы түзетулер енгізу;

– білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың балалардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік деңгейін арттыру.

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кешенді тәсілі қауіпсіздікті жеке міндет ретінде емес, мекеме өмірінің барлық саласының құрамдас бөлігі ретінде қарастыру керектігін білдіреді. Қауіпсіздіктің негізгі принциптері тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі әрбір мектепке дейінгі ұйымның сапалы жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Негізгі қауіпсіздік принциптері (1-кесте): 1) кешенді тәсіл; 2) алдын алу шаралары; 3) жүйелілік; 4) жеке көзқарас; 5) ынтымақтастық [3].

1-кесте - Қауіпсіздіктің негізгі принциптері

№	Принциптері	Сипаттамалары
1	Кешенді тәсіл	Ғимараттар мен үй-жайлардың қауіпсіздігі, ойын әрекеттерінің қауіпсіздігі, серуендеу кезіндегі қауіпсіздік, тамақ, медициналық көмек және т.б.
2	Алдын алу шаралары	Қауіпті жағдайлардың алдын алу басты міндет болып табылады.
3	Жүйелілік	Қауіпсіздік біртұтас жүйе ретінде ұйымдастырылуы керек, оның ішінде заңнамалық актілер, ішкі тәртіп ережелері, нұсқаулықтар, бақылау жүйесі және т.б.
4	Жеке көзқарас	Балалардың жас ерекшеліктері және олардың жеке қауіпсіздік қажеттіліктері ескеріледі.
5	Ынтымақтастық	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету – барлық мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің, ата-аналардың, мамандардың міндеті.

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – барлық мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің, ата-аналар мен мамандардың күш-жігерін үйлестіруді талап ететін күрделі және көп қырлы міндет.

Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу көзделеді. Әлеуметтік жобалармен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу жүзеге асырылады. Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары. Ұсынылған жобалар: «Қамқор», «Еңбегі адал-жас өрен», «Smartbala», «Шабыт», «Балалар кітапханасы», «Ұшқыр ой алаңы».

«Қамқор» жобасының мақсаты: әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

- «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет;
- «Жерсағаты» экологиялық акция;
- «Түлектердіңағашегуі» эчеллендж;
- «Табиғатқақамқорлықжасаймыз» акция.

«Қоғамғақызметету»

көмеккөрсетудіұйымдастыру:ағабуынға;

жануарларға;

волонтерлікқызметбарысында қайтаөңделгенматериалдар мен

табиғатэлементтерін байланыстырып құстарға ұя немесе жемшашар әзірлеу. Ұсынылады: ата-аналар қауымдастығын тарту; жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп әрекет ету.

«Жер сағаты» экологиялық акциясы – энергия тұтынуды үнемдеуге және ресурстарға ұқыпты қарауға бағытталған бастама. Акцияның негізгі элементі – жарық пен басқа электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру. Ұсынылады: жыл бойы табиғи ресурстарға ұқыпты қарау қажеттілігі туралы іс шаралар өткізу.

Энергия үнемдеу – көп сатылы процесс, ол адам қызметінің әртүрлі салаларын қамтиды. Шын мәнінде, бұл мінез-құлықтың белгілі бір психологиялық алгоритмін құрайтын қоғамның, халықтың өмір сүру салты болып табылатындықтан, біздің еліміздің болашағы – мектеп жасына дейінгі балалардың санасында қалыптасатын мінез-құлық негіздеріне байланысты. Балаларға экологиялық тәрбие беру, сондай-ақ энергия ресурстарын үнемдеу дағдыларына баулу маңызды. Бұл процесте жетекші рөл білім беру жүйесіне тиесілі. Педагогтердің алдына қойылған маңызды міндет – өндірістің әртүрлі салаларында заманауи технологияларды енгізу және қолдану арқылы энергия ресурстарын үнемдеудің маңыздылығын түсінетін ұрпақ тәрбиелеу, өйткені мемлекет энергия ресурстарына ие бола отырып, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, оларға ұқыпты қарау бізді қоршаған ортаның экологиялық тазалығына кепілдік береді [4].

«**Еңбегі адал-жас өрен**» жобасының мақсаты: білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

- «Күзгі асар» жәрмеңкесі;
- «Мамандықтар әлемі»;
- «Мамандық марафоны» конкурсы.

«**Smartbala**» жобасының мақсаты: инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«**Шабыт**» жобасының мақсаты: білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

- Челлендж «Даналы құстаздан»;
- «Ұлттық мәдениет» көрмесі;
- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі;
- Балабақша театры;
- «Ананың аялы алақаны» челлендж;
- «Әншуақ» фестивалі;
- «Домбыра күні» концерт және көрме.

«**Балалар кітапханасы**» жобасының мақсаты: кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

- «Кітаптар айналымы» акциясы;
- «Шын жүректен кітап сыйла!» челлендж.

«**Ұшқыр ой алаңы**» жобасының мақсаты: тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.

Білім беру ұйымдары білім алушылардың жасына және қажеттіліктеріне, өңірлік ерекшеліктеріне, сондай-ақ білім беру ұйымының бейіні мен түріне қарай жобаларды дербес таңдай алады.

«Өмірден іргесін ажыратпаған бұл құндылықтар төл тарихымызға, мәдениетімізге, болашаққа ұмтылысымызға негізделген. Сондай-ақ барша азаматтарымыздың мүддесіне сай келеді. Озық құндылықтар біздің болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналуы үшін оны қоғамда жан-жақты дәріптеудің тиімді тәсілдерін іздеу, ұсыну және тарату қажет», – деп мемлекет басшысының сөзімен түйіндейміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі 15 наурыз 2024 жыл.

<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727>

3. Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі. Балаларды ерте дамыту институты. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсыныстар: Әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2024. - 59 б.

4. Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі. Балаларды ерте дамыту институты. Мектеп жасына дейінгі балаларда энергия үнемдеу мәдениетін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2024. - 27 б.

УДК 374

ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ДИДАКТИЧЕСКИХ ИГР С ДЕТЬМИ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Искакова К.Н.

ГККП Ясли-сад №2 «Батыр», г. Астана, Казахстан

«Игра для них - учёба, игра для них - труд, игра для них — серьезная форма воспитания. Игра для дошкольников — способ познания окружающего. Играя, он изучает цвета, форму, свойства материала, пространственные отношения, числовые отношения, изучает растения, животных».

Н.К. Крупская

Игровая технология всегда была и будет актуальной, потому что игра является источником развития сознания ребёнка, произвольности его поведения, особой формой моделирования отношений между ребёнком и взрослым. Игровая среда создаёт обстановку, когда дети хотят и могут проявлять свою самостоятельность. Игровые действия ребёнка, сопровождающиеся высоким эмоциональным подъёмом, устойчивым познавательным интересом, являются наиболее мощным стимулом его активности в познании.

Работу с дидактическими играми мы не можем отнести к инновационной, еще в советской педагогике широко использовали игровую технологию, очень многие педагоги отмечали главную роль игры в развитии ребенка, ставя игру на первое место. Имея большой педагогический опыт, я отнесу дидактические игры к форме работы с детьми, которая всегда актуальна. Проходят года, меняются подходы в образовании, меняются стратегические задачи в образовании, меняются дети и их мышление, развитие, а дидактические игры продолжают занимать в свете большого количества инновационных методик – первенство. Любая инновационная методика так или иначе связана с игрой.

Дидактические игры — одно из средств воспитания и обучения детей дошкольного возраста. В игре ребенок развивается физически, приучается преодолевать трудности. У него воспитывается сообразительность, находчивость, инициатива. В детском саду, в каждой возрастной группе, должны быть разнообразные дидактические игры. Необходимость подбора разнообразных игр отнюдь не означает, что надо иметь их в большом количестве. Обилие дидактических игр и игрушек рассеивает внимание детей, не позволяет им хорошо овладеть дидактическим содержанием и правилами.

Дидактические задачи разнообразны. Это может быть ознакомление с окружающим (природа, животный и растительный мир, люди, их быт, труд, события общественной жизни), развитие речи, (закрепление правильного звукопроизношения, обогащение словаря, развитие связной речи и мышления). Дидактические задачи могут быть связаны с закреплением элементарных математических представлений. Содержанием дидактических игр является окружающая действительность (природа, люди, их взаимоотношения, быт, труд, события общественной жизни и др.). Большая роль в дидактической игре принадлежит правилам. Они определяют, что и как должен делать в игре каждый ребенок, указывают путь к достижению

цели. Правила помогают развивать у детей способности торможения (особенно в младшем дошкольном возрасте). Они воспитывают у детей умение сдерживаться, управлять своим поведением.

Детям младшего дошкольного возраста очень трудно соблюдать очередность. Каждому хочется первым вынуть игрушку из «чудесного мешочка», получить карточку, назвать предмет и т. д. Но желание играть и играть в коллективе детей постепенно подводит их к умению тормозить это чувство, т. е. подчиняться правилам игры.

Немаловажная роль в дидактических играх принадлежит игровому действию. Игровое действие — это проявление активности детей в игровых целях: катать разноцветные шары, разбирать башенку, собирать матрешку, переключать кубики, отгадывать предметы по описанию, отгадывать, какое изменение произошло с предметами, расставленными на столе, сыграть соревнование, выполнить роль волка, покупателя, продавца, отгадчика и т. д.

Если проанализировать дидактические игры с точки зрения того, что в них занимает и увлекает детей, то окажется, что детей интересует прежде всего игровое действие. Оно стимулирует детскую активность, вызывает у детей чувство удовлетворения. Дидактическая задача, завуалированная в игровую форму, решается ребенком более успешно, так как его внимание прежде всего направлено на развертывание игрового действия и выполнение правил игры. Незаметно для себя, без особого напряжения, играя, он выполняет дидактическую задачу. Благодаря наличию игровых действий дидактические игры, применяемые на занятиях, делают обучение более занимательным, эмоциональным, помогают повысить произвольное внимание детей, создают предпосылки к более глубокому овладению знаниями, умениями и навыками.

Дидактические игры способствуют формированию у детей психических качеств: внимания, памяти, наблюдательности, сообразительности. Они учат детей применять имеющиеся знания в различных игровых условиях, активизируют разнообразные умственные процессы и доставляют эмоциональную радость детям.

Игра незаменима как средство воспитания правильных взаимоотношений между детьми. В ней ребенок проявляет чуткое отношение к товарищу, учится быть справедливым, уступать в случае необходимости, помогать в беде и т. д. Поэтому игра является прекрасным средством воспитания коллективизма. Дидактические игры способствуют и художественному воспитанию — совершенствованию движений, выразительности речи, развитию творческой фантазии, яркой, проникновенной передаче образа. В процессе дидактических игр многие сложные явления расчлняются на простые и, наоборот, единичные обобщаются, следовательно, осуществляется аналитическая и синтетическая деятельность. Многие дидактические игры подводят детей к обобщению и классификации, к употреблению слов, обозначающих обобщенные понятия (чайная, столовая, кухонная посуда, мебель, одежда, обувь, продукты).

Дидактические игры — незаменимое средство обучения детей преодолению различных затруднений в умственной и нравственной их деятельности. Эти игры таят в себе большие возможности и воспитательного воздействия на детей дошкольного возраста. Чем содержательнее игровое действие и правила дидактических игр, тем активнее действует ребенок. А это дает возможность воспитателю формировать взаимоотношения детей: умение действовать по очереди в соответствии с правилами игры, считаться с желаниями участников игры, помогать товарищам в затруднениях. В ходе игры есть возможность добиваться проявления инициативы каждым ребенком в достижении поставленной цели. Однако эти качества личности не воспитываются в ребенке сами по себе, их нужно постепенно, терпеливо формировать. Если детям любого возраста давать дидактическую игрушку, не раскрывая четко и ясно правил игры с ней, то игра протекает сумбурно и теряет свою воспитательную ценность.

В дидактических играх поведение ребенка, его действия, взаимоотношения с другими детьми регулируются правилами. Для того чтобы игра действительно служила воспитательным целям, дети должны хорошо знать правила и точно им следовать. Научить их этому должен педагог. Особенно это важно делать с самого раннего возраста, тогда постепенно дети приучаются действовать в соответствии с правилами и у них формируются умения и навыки поведения в дидактических играх.

Используя игровые технологии в образовательном процессе, взрослому необходимо обладать эмпатией, доброжелательностью, уметь осуществлять эмоциональную поддержку, создавать

радостную обстановку, поощрения любой выдумки и фантазии ребенка. Только в этом случае игра будет полезна для развития ребенка и создания положительной атмосферы сотрудничества с взрослым.

В дальнейшем важной особенностью игровых технологий, которые используют воспитатели-педагоги в своей работе, является то, что игровые моменты проникают во все виды деятельности детей: труд и игра, учебная деятельность и игра, повседневная бытовая деятельность, связанная с выполнением режима и игра.

В деятельности с помощью игровых технологий у детей развиваются психические процессы. Для детей 3-х лет возможна организация игровой ситуации типа “Что катится?” - воспитанники при этом организованы в веселую игру – соревнование: “Кто быстрее докатит свою фигурку до игрушечных ворот?” Такими фигурками может быть шарик и кубик, квадратик и круг. Педагог вместе с ребенком делает вывод, что острые углы мешают катиться кубику и квадратику: “Шарик катится, а кубик - нет”. Затем воспитатель учит малыша рисовать квадрат и круг (закрепляются знания).

В дошкольном возрасте происходит постепенный переход от непроизвольного внимания к произвольному. Произвольное внимание предполагает умение сосредоточиться на задании, даже если оно не очень интересно, но этому необходимо учить детей, снова используя игровые приемы.

К примеру, игровая ситуация на внимание: “Найди такой же” - воспитатель может предложить малышу выбрать из 4-6 шариков, кубиков, фигурок (по цвету, величине), игрушек “такой же”, как у него. Или игра “Найди ошибку”, где взрослый специально допускает ошибку в своих действиях (к примеру, рисует на заснеженном дереве листья), а ребенок должен ее заметить.

Игровые технологии помогают в развитии памяти, которая так же, как и внимание постепенно становится произвольной. В этом детям помогут игры типа “Магазин”, “Запомни узор” и “Нарисуй, как было” и другие. Игровые технологии способствуют развитию мышления ребенка. Как мы знаем, развитие мышления ребенка происходит при овладении тремя основными формами мышления: наглядно-действенным, наглядно-образным и логическим.

Наглядно-действенное – это мышление в действии. Оно развивается в процессе использования игровых приемов и методов обучения в ходе осуществления действий, игр с предметами и игрушками. Образное мышление - когда ребенок научился сравнивать, выделять самое существенное в предметах и может осуществлять свои действия, ориентируясь не на ситуацию, а на образные представления.

На развитие образного и логического мышления направлены многие дидактические игры. Логическое мышление формируется в процессе обучения ребенка умению рассуждать, находить причинно-следственные связи, делать умозаключения.

С помощью дидактических игр развиваются и творческие способности ребенка. В том числе, речь идет о развитии творческого мышления и воображения. Использование игровых приемов и методов в нестандартных, проблемных ситуациях, требующих выбора решения из ряда альтернатив, у детей формируется гибкое, оригинальное мышление. Например, на занятиях по ознакомлению детей с художественной литературой (совместный пересказ художественных произведений или сочинение новых сказок, историй) воспитанники получают опыт, который позволит им играть затем в игры- придумки, игры – фантазирования.

Комплексное использование игровых технологий разной целевой направленности помогает подготовить ребенка к школе. С точки зрения формирования мотивационной и эмоционально-волевой готовности к школе, каждая игровая ситуация общения дошкольника со взрослыми, с другими детьми является для ребенка “школой сотрудничества”, в которой он учится и радоваться успеху сверстника, и спокойно переносить свои неудачи; регулировать свое поведение в соответствии с социальными требованиями, одинаково успешно организовывать подгрупповые и групповые формы сотрудничества. Проблемы формирования интеллектуальной готовности к школе решают игры, направленные на развитие психических процессов, а также специальные игры, которые развивают у малыша элементарные математические представления, знакомят его со звуковым анализом слова, готовят руку к овладению письмом.

Таким образом, дидактические игры тесно связаны со всеми сторонами воспитательной и образовательной работы детского сада и решением его основных задач. Однако существует аспект их использования, который направлен на повышение качества педагогического процесса через решение ситуативных проблем, возникающих в ходе его осуществления. Благодаря этому дидактические игры оказываются одним из механизмов регулирования качества образования в детском саду: они могут быть использованы для нивелирования отрицательных факторов, влияющих на снижение его эффективности. Если с детьми занимаются игровой терапией систематически, то они приобретают способность управлять своим поведением, легче переносить запреты, становятся более гибкими в общении и менее застенчивыми, легче вступают в сотрудничество, более “пристойно” выражают гнев, избавляются от страха.

Список рекомендованной литературы

11. А.К. Бондаренко "Дидактические игры в детском саду", М., 1991г.
12. А.И. Сорокина "Дидактические игры в детском саду"-М.,1982г.
13. А.И. Максаков, Г.А. Тумакова «Учите, играя»-М.,1981г.
14. Д.В. Мендерицкая «Воспитателю о детской игре», М.,1982 г.
15. Р.И. Жуковская «Игра и её педагогическое значение», М.,1975 г.

ӘОЖ 373.2

ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ КІДТЕСН ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

Ж.А.Карманова¹, М.Б.Искакова², К.Т.Аналбекова³, А.Т.Жуманияз⁴

^{1,2,3,4}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты әрбір бала өмірінің сәтті бастамасы ретінде сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдардағы мазмұнды жаңарту арқылы бастапқы тең мүмкіндіктерді құру қамтамасыз етіледі. Бұл екі тенденцияны әртүрлі себептермен мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылмаған балалар, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін және мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ететін қосымша консультациялық ресурс ретінде цифрлық білім беру кеңістігін құру арқылы жүзеге асыруға болады [1].

Қолжетімді цифрлық білім беру кеңістігін құру - дербес білім беру траекторияларын дамыту және сүйемелдеу үшін пайдалануды білдіреді. Бұл кеңістікте тәрбиешілер, ата-аналар және балалар арасындағы өзара әрекеттесу және білім беру материалдары да жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі білім берудегі психологиялық-педагогикалық кеңес беру балалардың дамуын сүйемелдеуге, балабақшаға бейімделуге байланысты мәселелерді шешуге бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерінің бірі (ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 № 422) ол баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік органы, оның ішінде арнайы органы құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін

инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету болып табылады [2]. Дегенмен, көптеген ұйымдар психологиялық-педагогикалық кеңес берудің мұндай технологияларының мүмкіндіктерін әлі толық пайдаланбаған.

Қазақстанда және шет елдерде мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру процесінде цифрлық технологияларды енгізудің артуы байқалады. Бұл мәселені талдауда Қазақстанда виртуалды платформаны пайдаланатын мектепке дейінгі ұйымдардың бар екенін көрсетті. Астана қаласындағы (ABC электронды балабақшасы), Петропавловск қаласындағы (Интегро электронды балабақшасы) бұл платформалар балабақшаларға әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған. Көрші елдерде Мәскеуде (Айкьюша; eSchool.pro), Калининград қ. (ДошколаТилли), Липецк қ. (бб. №22), Ярославль қ. (бб. «Мишутка»), Баку қ. (Alimok) бұл платформа деректері мектепке дейінгі балаларға арналған білім беру ресурстарын қамтиды. Сайтта ұсынылған мәліметтерді пайдалана отырып ата - аналар балалармен өздігімен жұмыс істей алады. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы отандық цифрлық қызметтер бүгінде балаларды кезекке қою және мектепке дейінгі ұйымдарға жолдама беру тәртібін автоматтандыруға дейін қысқартылды (bilimalmaty.kz, indigo24.kz, egov.kz, kindergartens.kz). Алайда бұл онлайн форматта балаларды мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бойынша қолжетімді, мобильді, жедел кеңес беру қызметтерін алу қажеттілігін ескермейді [3].

Мектепке дейінгі қолжетімді цифрлық білім беру кеңістігі мәселесі, әсіресе психологиялық-педагогикалық кеңес беру үшін KidTech технологияларын пайдалану контекстінде қазіргі заманғы жағдайларда өзекті бола түсуде. Мектепке дейінгі жастағы балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, цифрлық технологияларды әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивті бейімделуге ықпал ету құралы ретінде пайдалану маңызды. Интерактивті форматтарды (ойындар, қосымшалар) пайдалану балалардың ынтасын арттыруға және тартуға оң әсер етуі мүмкін. KidTech балаларға арналған сандық құралдар мен платформаларды, соның ішінде қосымшаларды, ойындарды және білім беру ресурстарын қамтиды. Бұл технологиялар танымдық ойындарды қызықты әрі қолжетімді ету үшін жасалған. Сонымен қатар бақылау жүргізуге және ата-аналар мен тәрбиешілерге нұсқаулық беруге көмекші құрал болып табылады.

Жетекші елдер қазірдің өзінде балаларға арналған ClassDojo, Seesaw және т.б. сияқты цифрлық білім беру платформаларын пайдалануда. Бұл платформалар педагогтар, ата-аналар және балалар арасындағы қарым-қатынасты қолдайды, дараланған тәсілді және тиімдірек психологиялық-педагогикалық кеңес береді. UtrechtVirtualLearningEnvironment зерттеулерінде ерте жастағы балаларды оқыту орталықтары үшін маңыздысы ол әр-түрлі ортадан шыққан ата - аналар мен педагогтар арасындағы сенімді серіктестік орнату, ол өзінің цифрлық кеңістікте Нидерландыдағы көпмәдениетті ортадағы ата - аналар мен мектепке дейінгі ұйымдар арасындағы серіктестігін жақсартуға көмектесе ала ма деген мақсатпен жобасын ұсынған болатын [4]. SukChon, BokyoungSung, PjuKo айтуынша соңғы кезде мектеп жасына дейінгі балаларға арналған көптеген білім беру бағдарламалары цифрлық ортада жүзеге асырылатынын, мектеп жасына дейінгі балалар үшін олардың қабылдау қабілетін дамыту маңызды екенін атап өтеді. Қазіргі цифрлық білім беру ортасы мұндай мақсаттарды толық қанағаттандырмайды. Бұл мәселені шешу ең алдымен цифрлық білім беру интерфейсіне өзгеріс енгізу қажеттілігін айтып өткен болатын [5].

Білім беруде жаңа технологияны пайдалану балалардың ынтасы мен белсенділігін арттырып, оқу нәтижелерін жақсартады. Финляндия мен Сингапур сияқты елдердің тәжірибесі білім беру процесіне технологияны енгізу баланың неғұрлым тиімді оқуы мен дамуына ықпал ететінін көрсетеді. KidTechнегізінде психологиялық-педагогикалық кеңес беру орталығын ұйымдастыру мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу тәжірибесіндегі перспективті бағыт болып табылады. Ол қазіргі ғылыми зерттеулерге, нормативтік талаптарға және озық тәжірибелерге негізделген. KidTech технологиялары психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімділігін дербестіктің, диагностикалық құралдарды біріктірудің арқасында, сондай-ақ білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара әрекеттесуін жақсарту арқылы айтарлықтай арттыра алады. Аталмыш технология негізіндегі мектепке дейінгі қолжетімді цифрлық білім беру кеңістігі білім беру процесі үшін ғана емес, психологиялық-педагогикалық кеңес беруде жеке көзқарас үшін де әлеуетке ие. KidTech негізінде цифрлық білім беру кеңістігін ұйымдастыру үшін оның тиімділігін, қауіпсіздігін және білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ететін бірқатар талаптар белгіленіп отыр. Олар:

1. Қолжетімділік. Білім беру ресурстары әр баланың қызығушылықтарын ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып барлық балаларға қолжетімді болуы керек. Бұл бейімделген интерфейс пен мазмұнды білдіреді.

2. Интерактивтілік. Платформалар мен қосымшалар балалардың ойындарға белсенді қатысуына, олардың шығармашылығы мен сыни ойлауын дамытуға ынталандыратын интерактивті элементтерді ұсыну керек.

3. Қауіпсіздік. Қажетсіз контенттерден пайдаланушылардың (балалар, ата - аналар, педагогтар) жеке деректерінің қорғалуын қамтамасыз ету қажет.

4. Контенттердің заманауилығы. Берілетін материалдары мен қосымшалары заманауи білім беру стандарттары мен ұсыныстарына сәйкес болуы керек. Мазмұнында жаңа білім мен қажеттіліктерді көрсету үшін жаңартылуы керек.

5. Ыңғайлы интерфейс. Бағдарлама интерфейсі балалар үшін интуитивті және ыңғайлы болуы керек. Интерфейсті әзірлеу кезінде пайдаланушылардың жас ерекшеліктерін ескеру маңызды.

6. Педагогтарды қолдау. Педагогтар тәрбиелеу және білім беру процесінде технологияны тиімді пайдалану үшін тиісті дайындықтан өтуі керек, соның ішінде KidTech технологиясын күнделікті тәжірибеге енгізу керектігін түсіну керек.

7. Бақылау және кері байланыс. Балалардың күшті және әлсіз жақтарын бақылау және платформаны одан әрі жақсарту үшін пайдаланушылармен (балалар, ата - аналар, педагогтар) кері байланыс жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

Бұл талаптар мектепке дейінгі жастағы балалардың жан жақты дамуына ықпал ететін қауіпсіз және тиімді цифрлық білім беру кеңістігін құруға септігін тигізеді.

Технологияны табысты енгізу педагогтар үшін кәсіби дайындықты, сондай-ақ білім беру мекемелері мен технология жасаушылардың белсенді ынтымақтастығын қажет етеді. Технологияның интуитивті және балалардың жасына сәйкес болуы маңызды. Балаларға арналған цифрлық платформаларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік және этика мәселелері маңызды болып табылады. Деректерді қорғау, мазмұнға қол жеткізу және технологияның балалардың психикалық денсаулығына әсерін ескеру қажет. Зерттеулер көрсеткендей, цифрлық технологиялар балалардың когнитивті дамуына тиімді қолдау көрсете алады (Выготский, Брунер). KidTech мамандандырылған платформа ретінде балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім беру құралдарымен өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде білім беруде дараланған тәсілдің маңыздылығына ерекше мән беріледі (Пиаже, Гарднер). KidTech инклюзивті білім беру және жеке оқыту қағидаттарына сәйкес білім беру тәжірибесін әрбір баланың ерекше қажеттіліктеріне бейімдеуге арналған құралдарды ұсынады.

Мектепке дейінгі қолжетімді цифрлық кеңістікті ұйымдастыру үшін тәрбиелеу мен білім беру процесінің тиімділігін арттырып, оны пайдаланушылар үшін қызықты әрі қолжетімді ете алатын бірнеше жаңа шешімдерді қарастыруға болады:

1. Толықтырылған шындық элементтері бар интерактивті қосымшалар. Балаларға қызықты ойындар мен тапсырмалар арқылы қоршаған әлемді тануға мүмкіндік беретін интерактивті материалдар жасау үшін қосымшалар әзірлеу.

2. Ойын платформалары. Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған трансформацияланған ойындар ұйымдастыру.

3. Telegramweb қауымдастығын құру. Тәрбиелеу білім беру процесін жақсырақ түсінуге және қолдауға ықпал ететін педагогтар мен ата-аналар арасында тәжірибе, материалдар және әдістер алмасу платформалары.

4. Дамуды бақылауға арналған онлайн қызметтер. Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын, коммуникативтік дағдыларын, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетінің дамуын бақылауға көмектесетін қосымшалар әзірлеу, педагогтар мен ата-аналарға назар аударуды қажет ететін мәселелер туралы есеп беру.

5. Инклюзивті білім беру ресурстары. Бейімделген оқыту әдістерін қажет ететін балалардың әртүрлі қажеттіліктерін ескеретін контенттер әзірлеу.

6. Мультимедиялық контент әзірлеу. Ақпаратты қабылдаудың әртүрлі стильдерін ескере отырып, қызықты танымдық ойын материалдарын жасау үшін видео, анимация және аудионы пайдалану.

7. Нұсқаушы агент-ассистент. Балаларға сұрақтар қоя алатын, тақырыптарды түсіндіре алатын және тапсырмаларды орындауға көмектесетін интерактивті виртуалды көмекшілердің болуы.

Бұл шешімдер мектепке дейінгі цифрлық білім беру кеңістігін айтарлықтай жақсартып алады, балалардың тәрбиелеу және білім беру үдерісіне толық қатысуына және әрбір баланың дербестігін ескеруге септігін тигізеді.

Қортындылай келе, мектепке дейінгі білім беру үдерісінің субъектілеріне KidTech негізінде психология-педагогикалық кеңес беру мәселесі білім беру тәжірибесіндегі перспективті бағыт болып табылады. Ол қазіргі ғылыми зерттеулерге, нормативтік талаптарға және озық тәжірибелерге

негізделген. KidTech технологиялары дараланған тәсіл, білім беру және диагностикалық құралдарды біріктіру, сондай-ақ білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара әрекеттесуін жақсарту арқасында психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімділігін айтарлықтай арттыра алады. Білікті мамандардың жетіспеуі, интернет желісінің тұрақты болмауы сияқты мәселелер технологияның әрі қарай даму жолдарында шешіледі деген ойдамыз.

Қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрілігінің Ғылым комитеті (грант № AP23490177).

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. - кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>.

2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. - кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>.

3. Цифровизация образования/- кіру режимі <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-bilim/activities/10259?lang=ru>.

4. [Ryanne Francot](#), [Martine Broekhuizen](#), [Paul Leseman](#). The Utrecht Virtual Learning Environment Project: Improving Educational Partnerships in Multicultural Preschools / [ORBIS SCHOLAE, Vol 13 №3 \(2019\)](#), 59-83 / DOI:<https://doi.org/10.14712/23363177.2019.22>.

5. Suk Chon, Bokyoung Sung, IljuKo. Research on Digital Education for Preschooler in Interactive Learning Platform International/ International Journal of u- and e- Service, Science and Technology. Vol.8, №10 (2015), pp.303-310/ DOI:<http://dx.doi.org/10.14257/ijunesst.2015.8.10.30>.

ӘОЖ 373.2

БАЛАБАҚШАДА КІКУС ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ (ЗЕРТТЕУ) ЖОЛДАРЫ

Б.Т.Қайыргалиева¹, А.Т.Қажмуратова²

¹Астана қаласы әкімдігінің №84 «Кәусар», балабақшасы МКҚК меңгерушісі

²Астана қаласы әкімдігінің Ф. Қайырбеков атындағы №2 мектеп гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Астана қ., Қазақстан

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейкесті мәселелерінің бірі – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру [1]. Тілді, тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс [2]. Балаларда әлеуметтік қарым-қатынастың алғашқы дағдылары құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады. Ендеше, мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды сөйлеуге үйрету маңызды рөл атқарады [3]. Себебі білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болып есептелетін мектепке дейінгі мекемелерде өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйрету өзекті мәселелердің бірі.

Үнемі ана тілінде ғана сөйлейтін адамға өзге тілде сөйлеу қиындық тудыратыны сөзсіз. Бұл, әсіресе, орыс тілді орта қалыптасып қалған біздің мемлекетімізге, қазақ тіліне қатысты.

Әр түрлі ұлт өкілдерінің балаларына мемлекеттік тілді үйрету тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастырудың күрделі процесі [3]. Дегенмен де, Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес балаларға 3 жастан бастап қазақ тілін оқыту көзделеді [4]. Демек, тіл үйрену мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады және бұл дұрыс та. Себебі «бұл жастағы балалар тілді үйренуге бейім, ересектерге еліктейді. Мектепке дейінгі балалық шақта мемлекеттік тілді ерте үйрену баланың жеке басының үйлесімді дамуына ықпал етеді.... Тілдерді ерте жастан үйрету баланың зияткерлік қабілетін дамытуға сонымен қатар, балаларды мемлекеттік тілге және өз елінің мәдениетіне баулуға мүмкіндік береді [4]. Оның үстіне кез келген адам кез келген тілді үйрене алады. Бұл адам баласына туғаннан берілген қабілет. Ол туралы ғылыми еңбектерде де айтады: «Любой человек может выучить новый язык. Эта способность вшита в наш мозг с самого рождения. Именно благодаря ей мы неосознанно и естественно осваиваем свой родной язык» [5]. Тек ол үшін тілдік орта мен ынта болуы қажет.

Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленетін балаларға қазақ тілін оқытудың мақсаты – балаларды қазақ тілінде ауызекі сөйлесе білуге үйрету, сөйлемдерді дұрыс айту, тәрбиешінің сұрағын дұрыс түсініп, жауап беру тәсілдерін меңгерту [6].

Заман талабына сай әр мұғалім, тәрбиеші өз сабағын жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізуі тиіс. Осы мақсатпен біз өз мақаламызда көптеген елдерге танымал болып, жақсы нәтиже беріп отырған KIKUS әдістемесін ұсынғалы отырмыз.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымда балаларға мемлекеттік тілді үйрету – ұйымдастырылған оқу қызметінде, күнделікті әрекеттерде ойын түрінде жүзеге асырылуы қажеттігі, ойын – жетекші әрекет және балаларды дамытудың негізгі құралы екендігі туралы айтылған [4]. KIKUS әдістемесі дәл осы талаптарға жауап беретін әдістеме. Яғни ол «Әдістемелік ұсынымда» көрсетілген:

- балалардың мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығын ояту;
- қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу);
- балалардың лингвистикалық білім алуына ықпал ету;
- бастапқы қарым-қатынас дағдыларын игеруге жағдай жасау, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- қазақ халқының ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қызығушылық тудыру және оларды құрметтеуге тәрбиелеу;
- әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының дамуын қолдау [4] міндеттеріне толықтай жауап береді.

Kikus әдістемесі мектеп жасына дейінгі балалар арасында шет тілдерін тиімді оқыту қажеттілігіне орай пайда болған әдістеме. «Kikus» грек сөзі ол «күш, қуат» деген мағынаны білдіреді [7]. Бұл әдістеменің негізі алғаш рет 1970 жылдары Жапонияда қалыптасқан деген пікір бар. Өкінішке қарай, Kikus әдістемесінің негізі қашан және қай елде тұжырымдалғаны жайлы ғылыми басылымдарда деректер жоқтың қасы. Қазіргі уақытта оны Германия педагогтері қарқынды жарнамалауда. Алайда олар оның қалай, қашан пайда болғанын және ғылыми негіздемесін кім әзірлегенін айтпайды. Тек осы әдістеме бойынша «бағдарламаны 1998-1999 жылдары профессор Эдгардис Гарлин жасағанын ғана айтады [5].

Бұл әдістеме әртүрлі мәдени және білім беру контекстеріне бейімделгіш және кез келген тілді үйретуде тиімді. Германияда Kikus әдісі тілдік ортаға ену әдістемесі мен ойын элементтерін белсенді қолданудың арқасында танымал болып отыр. Онда Kikus әдістемесі бойынша неміс және ағылшын тілдерін оқытатын бағдарламалар әзірленіп, соның негізінде тіл оқыту курстары жүргізілуде. Ол туралы Брест қаласының "Первый шаг" деп аталатын балаларды дамыту орталығы сайтында: «Бұл мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға шет тілдерін оқытуға арналған арнайы бағдарлама. Бұл бағдарламаны іске асыру баланың одан әрі дамуға дайындығына – әлеуметтік, жеке, танымдық, оның қазіргі әлемдегі көптілді және көпмәдениетті жағдайға алғашқы бейімделуінің пайда болуына ықпал етеді» [5], - деп көрсетеді.

Kikus әдістемесі мектеп жасына дейінгі балаларға тіл үйретуде әлемнің әртүрлі елдерінде сәтті қолданыла бастаған. Kikus әдістемесін көптеген жапондық отбасылар үйде қосымша білім алу үшін қолданады. Қазірде Kikus әдістемесі әлемнің біраз елдерінің білім беру мекемелерінде қолданылуда. Мәселен, Оңтүстік Корея Kikus әдістемесінің балаларды ынталандыру және олардың тілді қолдануға деген сенімін қалыптастыру қабілетін, тиімділігін мойындап, қосымша білім беру орталықтарында (hagwons) ағылшын тілін оқыту үшін және қосымша сабақтар жүргізуде қолданып келеді. Қытайда Kikus әдістемесі жергілікті білім беру стандарттары мен қажеттіліктеріне сәтті бейімделгендіктен, бірнеше қалаларында жеке және мемлекеттік мектептерде, сондай-ақ балабақшалар мен ерте даму орталықтарында ағылшын тілін үйрету үшін қолданылады.

Kikus әдістемесінің ойын және интерактивті оқыту инновациялық тәсілі ағылшындарды да бейжай қалдырмады. Сол себепті Kikus әдістемесі Ұлыбританияда тілді ерте үйретуге/үйренуге қызығушылық танытқан тәрбиешілер мен ата-аналар арасында қолдау тауып, әртүрлі білім беру мекемелерінде белсенді қолданылады. KIKUS әдістемесі балаларға шет тілін үйрету үшін Еуропаның да, Азияның да, тіпті соңғы кезеңде Ресейдің де оқу орындарында қолданылуда.

Осыдан-ақ Kikus әдістемесінің кез келген тілді үйретуде тиімді және бейімделгіштігін аңғаруға болады. «The Kikus Method» деп аталатын анықтама кітабында бұл әдістеменің мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасына арналғанын және неміс, ағылшын, испан, поляк тілдерін оқытуға бағытталғанын айта келе, оның баланың жас ерекшеліктерін және оның қызығушылықтарын ескере отырып, қолдануға оңай және тиімді, интерактивті платформа екендігін айтады [8].

Бұл әдістеме жаңа тілді үйренуге ғана емес, сонымен қатар коммуникативті дағдыларды, шығармашылық ойлауды және тілді қолдануға деген сенімділікті дамытуға көмектеседі, сондықтан да бүгінгі күні әлемнің бірнеше елдерінде білім беру мекемелеріне ол сәтті енгізілуде. Алайда, ол арнайы дайындықты қажет етеді. Мәселен, тіл үйретуші педагогтер мен тәрбиешілердің дайындығы. Сонымен қатар бұл әдістемені қолданамын деген мекеменің техника мен технологиялық жабдықталуы және т.б.

KIKUS әдістемесі негізінен шағын топтарға арналған. Кейбір деректерде бұл әдістеме бойынша тіл үйренетін топта бала саны 8-ден аспауы керек десе [9], кейбірі топтағы тіл үйренушілер саны 10 адамға дейін деп көрсетеді [5]. Қалай болғанда да бұл әдістеме арқылы тілді үйрету тек шағын адамнан тұратын топта тиімді болмақ. Біріншіден, тіл үйретуші тіл үйренушілердің жаңа сөздерді қаншалықты қолданатынын қадағалау, мониторинг жүргізу ыңғайлы. Екіншіден, шағын адамнан тұратын топта жаңа сөздер қайталанып, бірнеше рет қолданылғандықтан, біріне-бірі сеп болып тіл үйрену оңайға түседі.

Оның негізінде үш принципке негізделген қарапайым және тиімді модель жатыр:

- Шағын топтарда тіл үйрену (10 адамға дейін).
- Күнделікті ортада үйренген нәрселерді (сөз, сөз тіркесі, сөйлемді) бекіту.
- Үйде ата-аналармен тіл үйренуді жеделдету.

Бала осы принциптердің барлығының әсер ету орталығында болады. Ол тілді тек тұрақты қарым-қатынаста ғана қабылдайды [5].

Kikus әдістемесінің негізгі мақсаты – балалар ойын және интерактивті әрекеттер арқылы табиғи түрде жаңа тілге ене алатын кеңістік құру және сол арқылы тіл үйренушіні тілге бойлату (языковое погружение). Рөлдік ойындарды, музыканы, қозғалысты және визуалды көрнекі құралдарды пайдалану тілді үйренуге уәждеп, шет тілін оқуға ынталандырудың негізгі құралына айналды. Kikus әдістемесі тіл үйренушінің тілдік деңгейін дамытудың, оқушыны тіл үйренуге ынталандырудың бірден-бір құралы десек болады.

Kikus әдістемесі өзінің бірегейлігі мен өзектілігін сақтай отырып, білім беру талаптары мен технологиялары үнемі өзгеріп отыратын қазіргі уақытта заманауи технологиялар мен мультимедиялық ресурстарды кіріктіру арқылы өз тартымдылығы мен тиімділігін одан әрі арттыра түсті.

Kikus әдістемесі тиімділігі мен танымалдылығына ықпал ететін бірнеше негізгі ұстанымдарға негізделген:

1. Ойын әдісі: Kikus әдістемесінің негізгі идеясы – педагогикалық, рөлдік, сюжеттік және басқа да ойын әрекеттерін пайдалану. Балалар жаңа тілді ойындар, рөлдік ойындар, әндер және тіл үйренушілердің қиялдары мен қызығушылықтарын оятатын басқа интерактивті формалар арқылы үйренеді.

2. Тілдік ортаға **ену**: Kikus тілдік ортаға мүмкіндігінше жақын орта жасайды, онда балалар қарым-қатынас (коммуникация) пен күнделікті жағдаяттар үшін мақсатты (үйренуші) тілді пайдаланады. Бұл оларға тілді тезірек және табиғи түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

3. Музыка мен **қимыл-қозғалысты кіріктіру**: музыкалық элементтер мен қозғалыс Kikus әдістемесінде маңызды рөл атқарады. Әндер, ритмикалық жаттығулар және физикалық белсенділік балаларға жаңа лексиканы есте сақтауға және тілді қолдануға деген сенімділікті қалыптастыруға көмектеседі.

4. Мультимедиялық материалдарды қолдану: мультфильмдер, суреттер, аудиожазбалар және ойыншықтар сияқты визуалды және аудиовизуалды материалдарды пайдалану оқуды тартымды әрі тиімді етеді.

5. Оқытуды даралау немесе саралап оқыту: Kikus әдістемесі бойынша әр баланың жеке мүмкіндіктері, қажеттіліктері мен ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Және де тілді меңгеруде жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін жайлы және қолдау көрсететін оқу ортасы құрылуы қажет.

Бұл принциптерді ұстанған ұстану маңызды.

Жоғарыда аталған ұстанымдарға жеке-жеке тоқталайық.

1. Рөлдік ойындар: рөлдік ойын үйреніп жатқан тілді күнделікті өмірде қарым-қатынас жасауда қолдануға жетелейтін көмекші және тиімді құралдың бірі де бірегейі. Балалар мақсатты тіл қолданылатын түрлі жағдаяттық рөлдік ойындарды ойнау барысында жағдаятқа байланысты әр түрлі жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қолданулары керек болады, сөйтіп жаңа сөздер тәжірибе жүзінде қолданылғандықтан, тіл үйренушінің есінде жақсы сақталып қалады.

2. Әндер мен өлеңдер: музыкалық элементтер мен әндер тілді үйренудің тиімді жолдарының бірі болып табылады. Балалар мақсатты тілде ән айтады, мәтіндер мен әуендерді үйренеді, бұл тілді жақсы есте сақтауға және қабылдауға ықпал етеді. Тіл үйренушілер мақсатты тілде өлең айту арқылы әрі өлең

сөздерін жаттайды (есте сақтайды), әрі ән айтуға үйренеді. Және сол арқылы тілді табиғи түрде қабылдайды.

3. **Қимыл-қозғалыстар:** қимыл-қозғалыстар сөздердің мағынасын білуге, түсінуге ықпал ететін аса қажетті құрал. Ол өлең сөздерін түсінуге көмектеседі. Мәселен, «самал желмен ырғалып» деген кезде балалар қолдарын жоғары көтеріп оң және сол жақтарына қарай тербеле қозғалуы немесе «ор қояндай секіріп» деген кезде қоян сияқты секірулері.

4. Мультимедиялық материалдар: kikus әдістемесінде визуалды және аудиовизуалды материалдар белсенді қолданылады. Бұл мультфильмдер, аудиожазбалар, фотосуреттер, сызбалар және жаңа сөздер мен ұғымдарды визуализациялауға және есте сақтауға көмектесетін басқа да құралдар болуы мүмкін.

5. Интерактивті ойындар мен жаттығулар: лексиканы меңгеру ойындары, нұсқауларды түсіну, сөз байланыстары және балалардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал ететін басқа жаттығуларды қолдану аса маңызды.

6. **Жұмсақ және жануарлар, жемістер бейнесіндегі ойыншықтарды** пайдалану: жұмсақ және жануарлар, жемістер бейнесіндегі ойыншықтар жаңа сөздер мен ұғымдарды көрсету және рөлдік ойындарды ойнауда пайдаланылады. Бұл балаларға сөздерді белгілі бір заттармен және жағдайлармен байланыстыра (ассоциациялай) есте сақтауға көмектеседі.

7. Интерактивті әңгімелер мен диалогтар: балалар нұсқаулар, диалогтар және сөйлеу жаттығулары арқылы мақсатты тілде сөйлесуге үйренеді, бұл олардың тілді іс жүзінде қолдануға деген сенімін дамытуға көмектеседі. Интерактивті диалог барысында балаларға белсенді тілде сұрақтар қойылады, олардың хормен және жеке жауап берулері күтіледі. Сөйтіп, мінезі тұйық балаға дейін үйреніп жатқан тілде сөйлей білуіне жағдай туғызылады.

Kikus әдістемесі бойынша қолданылатын жоғарыда көрсетілген әдістер мен тәсілдер жинақтала келіп балалардың тілді тез және тиімді меңгеруіне ықпал етуші білім беру ортасын құрылымдауға, сонымен қатар тіл үйренушілерді тіл үйренуге ынталандыруға, тіл туралы түсініктері мен білімдерін тереңдетуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға көмектеседі.

Жоғарыда айтқанымыздай, Kikus әдістемесі, ең алдымен, шет тілін үйренетін мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған. Негізгі мақсатты топтарға қарқынды тілдік даму кезеңіндегі:

1. **Мектеп** жасына дейінгі балалар: балалар ойын және визуалды әдістер арқылы жаңа тілдік дағдыларды тез игеруге неғұрлым икемді болатын 3-тен 6-7 жасқа дейінгі кезең.

2. Бастауыш **сынып** оқушылары: тілдік интенсивті даму фазасында болатын 6-7 жастан 10-11 жасқа дейінгі аралықтағы балалар жатады. Kikus әдістемесі бойынша әр алуан әдістер мен тәсілдер қолданыла келе, осы жастағы балалардың тілдік білімдері кеңейтіледі және тереңдетіледі.

3. Тілдік дағдылары шектеулі балалар: Kikus әдістемесі тіл үйренуде проблемалары бар немесе тілді ана тілдік ортадан тыс жерде үйренетін, еске сақтау қабілеті нашар балаларға да пайдалы. Бұл әдістеме оларға тілдік ортаға енуге және тәжірибе алуға қосымша мүмкіндіктер береді.

4. **Әр** түрлі білім **беру** қажеттіліктері бар балалар: Kikus әр түрлі қабілеттері мен қажеттіліктері бар балалармен, соның ішінде ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін балалармен жұмыс істеуге де бейімделеді.

Алайда, Kikus әдістемесін басқа жастағы топтарда да (ересектер үшін де) қолдануға болады. Бұл әдістеме тілдерді бейресми оқытуда маңызды рөл атқарады. Демек, оны бейресми топта немесе жеке-дара тіл үйренетін ересектер үшін де қолдануға болады.

Германияның оқу орталықтары Kikus әдістемесін енгізу кезінде келесі мәселелер туындауы мүмкін екендігін айтады:

1. Педагогтерді оқыту және даярлау: мұғалімдер білім беру тәжірибесінде бұл әдістемені тиімді қолдануы үшін Kikus әдістемесінің ерекшелігін білуі (арнайы курста оқуы) қажет. Бұл уақытты, ресурстарды және кәсіби қолдауды қажет етеді.

2. Оқу бағдарламаларына кірігу (интеграциялану): жаңа әдістемелерді енгізуде оқу орындары немесе білім беру жүйесі біраз қарсылық танытуы мүмкін, әсіресе, егер ол оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізуді қажет етсе.

3. Техникалық қолдау және ресурстарға қол жеткізу: Kikus әдістемесі тиісті техникалық құралдар мен ресурстарға қол жеткізуді талап ететіндіктен, мультимедиялық технологиялар мен интерактивті материалдарды пайдалану мектептер мен білім беру мекемелері үшін қиындық тудыруы мүмкін.

4. Тиімділікті бағалау: Kikus әдістемесінің тиімділігін және оның балалардың тілдік дамуына әсерін бағалау құралдары мен әдістері болуы маңызды. Демек, бұл арнайы индикаторлар мен бағалау құралдарын жасауды қажет етеді.

5. Әр түрлі мәдени контексттерге бейімделу: Kikus әдістемесі әр түрлі тілдерді оқытуға сәтті бейімделеді, дегенмен әр мәдени ортаның өзіндік ерекшеліктері мен талаптары бар. Әдістемені енгізу кезінде осы аспектілер ескерілуі тиіс [5].

Бұл бағыттар Kikus әдістемесіне өзгермелі білім беру ландшафтында өзектілігі мен тиімділігін сақтауға көмектеседі, сонымен қатар оны бүкіл әлем бойынша балалар мен тәрбиешілерге қол жетімді етеді.

Қорытындылай келгенде, Kikus әдістемесі мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы (3-9 жас) балалардың мүдделеріне толықтай сәйкес келеді. Ол негізінен ойын әдісіне негізделгенмен, басқа да әр түрлі жаттығуларды қолдана отырып, баланы оқуға және жазуға дайындалуға мүмкіндік береді. Kikus әдістемесін ересектер тобында да қолдануға болады.

Kikus әдістемесі әртүрлі мәдени және білім беру контекстеріне сәтті бейімделеді, сол себепті кез келген тілді үйретуде қолдануға болады. Тіл үйрентудегі Kikus әдістемесінің ерекшелігі оның икемділігінде. Оның қазіргі білім беру процесінде маңыздылығын көрсететін бірнеше негізгі артықшылықтары бар. Мәселен, негізгі оқыту құралы ретінде ойындарды пайдалану – оқу процесін балалар үшін қызықты етеді, белсенділікті артырады, тіл үйренуге ынталандырады.

Баланың (тіл үйренушінің) тілдік ортаға толығымен енуіне жағдай жасайды, бұл тілдік дағдыларды табиғи түрде игеруге ықпал етеді және сол тілде сөйлейтіндерге тиімді жағдай туғызады. Музыкалық және қозғалыс (моторикалық) белсенділігін біріктіру арқылы материалды есте сақтау мен түсіну жақсартылады, сонымен қатар балалардың үйлесу және моторикасының дамуына ықпал етеді. Мақсатты тілде рөлдік ойындар мен интерактивті қарым-қатынасқа баса назар аудара отырып, Kikus әдістемесі балалардың қарым-қатынас дағдыларын және тілді қолдануға деген сенімділігін дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі білім беру үдерісіндегі Kikus әдістемесінің маңыздылығы – оның ойын тәсілін тілдерді оқытумен тиімді үйлестіру қабілетінде жатыр. Бұл оқу процесін неғұрлым тиімді және жағымды етеді. Kikus әдістемесі балаларға тілді үйренуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың қазіргі әлемде сәтті бейімделуі мен оқуы үшін қажетті танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытады.

Kikus әдістемесін орыс тілді ортада қазақ тілін үйретуде пайдалана отырып, біз дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға үйрете аламыз. Балалардың базалық лексикалық және сөздік қорын қалыптастырамыз, дамытамыз. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі сөздердің мағынасын түсінуге, соның негізінде сөйлесуге дағдыландырамыз, бір-бірімен логикалық байланысты жеке мәліметтерді айтуға баулимыз. Яки, коммуникативтік қабілеттерін дамытамыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Балабақшада қазақ тілін үйретудің тиімді әрі тереңірек ұғындыру жолдары//<https://daryn.online/article/2926>
2. Смайлова Б.Ж. «Балабақшада мемлекеттік тілді меңгеруде қолданатын әдіс-тәсілдер мен технологиялар»//<http://123.almatybala.kz/o-detskom-sade/dstemelk-zhmystar/1578-pedagogterge-arnalan-kees-balabashada-memlekettk-tld-megegerude-oldanatyn-ds-tslder-men-tehnologijalar.html>
3. https://admin.bkogov.kz/sites_files/baldyrgan-baiterek.bkogov.kz/Attestat23-24/1718101657
4. Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 57 б.
5. <https://step.stim.by/programmy/izuchenie-inostrannykh-yazykov/programma-obucheniya-nemetskomu-yazyku-kikus>
6. Саутбекова Ж. Балабақшада ойын арқылы қазақ тілін үйретудің маңызы// <https://bilimdinews.kz/?p=209464>
7. Попова Г.М. Нут. Культурная флора СССР.- М; Л., 1937. - Т. 4. - С. 40- 57.
8. https://api.pageplace.de/preview/DT0400.9783195114318_A21760695/preview-9783195114318_A21760695.pdf
9. <https://tudors.academy/kikus-method/>
10. https://www.hueber.de/media/36/978-3-19-511431-8_Einfuehrung.pdf
11. <https://www.siemens-stiftung.org/en/media/news/put-to-the-test-what-makes-a-good-language-development-method/>

АБАЙ АМАНАТЫ

Жумашева А.Б.

№28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасы, Астана қаласы, Қазақстан

Қазақта дарынды ақын, қаламы қарымды жазушылар көп. Олардың ел үшін сіңірген ерен еңбегі мен қажымас қайсарлығына, елім деген жұдырықтай жүрегінің дүрсіліне тәнтіміз. Десе де, күллі қазақ баласы үшін Абайдай ұлы перзентінен артық ойшыл да сыршыл, философ болмады. Өйткені, Абай – өз заманынан аса туған озық ойлы ағартушы еді. Оның халық жадында мәңгі сақталған туындылары адамдық пен жақсылықтың қасиетін шын ұғынған, өмір жолының сыны мен соқпағын терең бағдарлап, мәнін таба алғандығымен де құнды болар. Абайдың төл қазыналарының бәрінде адамзатты ізгілік пен рухани қазынаға жеткізер белгі мен жол көрсетушілік бар. Абайды оқыған, мәнісін терең түсіне білген адамның кемшілік жіберіп, қателесе қоюы қиындау деп білеміз. Себебі, ұлы ақынның қай шығармасы болсын, өнер іздеуге, білім қууға, әділдіктен аттамауға, жақсылықтан ажырамауға шақырып тұрғандығы байқалады.

Абай – күллі қазақ баласының бойындағы ең жақсы деген қасиеттерін өз бойына жинап, үлгі тұтарлық адамдық құндылықтарды үнемі жетілдіріп отырушы әрі соны шығармаларына арқау етіп, көпшілікті алға жетелеуші. Оның өлеңдері мен қарасөздері, поэмалары арқылы адам баласы ізгілік пен жақсылық, білім мен ғылым, ар мен иман жолын ұстануға, ілім үйренуге, өмір мәнін түсінуге бағыт алған болатын. Абайдай аяулы тұлғамызды қастерлеп, әлем деңгейінде өлеңдері оқылып, санаға жатталып жатқандығы да осыдан деп ұғынамыз. Өйткені, Абай – үлгі, Абай – жол нұсқаушы. Біз Абайдың аманат етіп қалдырған мұраларын көз қарашығындай сақтап, сол ізбен жүріп, ақылын тыңдасақ, адаспайтынымыз анық емес пе?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Біз бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін Абай мұрасын естен шығармауымыз керек. Себебі, ұлт ретіндегі жаңару идеясы да оның көзқарасымен үндесіп жатқаны анық», - деген болатын «Абай – рухани реформатор» атты мақаласында [1]. Сондай-ақ, президентіміз Абай аманатына адал болуымыз керек екенін де атап өтіп еді. Ендеше, «Абай аманаты» дегеніміздің не екеніне тоқталып көрейікші. Абай бізге нені аманаттады? Біз Абай аманатын қалай орындаудамыз? Бұл аманат бізге не береді? Көкейдегі сауалдарға жауап іздеп көрелік.

Біздіңше, Абай, ең әуелі, адамдықты, ар мен иманды аманат етіп қалдырған сияқты. Өйткені, ол өз өлеңінде: «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде одан басқа?!», - дейді. Қалың жұртынан көңілі қалған ақын тағы бірде: «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да, Алдамаған кім қалды тірі жанда?!», - деп мұң шағады. Ақынның айтпақ болған басты идеясы – адамдық қалпыңды сақтау. Ал, адамдық қалпыңды сақтауға Алла жолы көмектеседі дегенді меңзейді. Алланың хикметін ұғынған адам қиянатқа бармайды, адамдықтан аттамайды деп түсінеді. Абай өз өлеңдерінде Алланы, Жаратушыны кеңінен сөз қылады, бұл дегеніміз ислам діні арқылы айналаны жақсылық пен ізгілік атаулыға жақындатуға болады деген ойынан туындаса керек. Иә, Абай аманаттаған ар мен әдеп, адамгершілік пен жақсылық бүгінгі таңда өз маңызын жоғалтып жатқаны рас әрі болашақ үшін қауіпті деп түсінеміз. Мәңгілік ел болғымыз келсе, Абай мұраларының рухани нәрін терең ұғына білуіміз керек деп санаймыз. Өйткені, Абай өлеңдері адамгершілікті ту еткендігімен де аса бағалы.

Екіншіден, Абай туындыларында білімсіздікпен, надандықпен күрес, ілім-ғылымға шақыру өте кең түрде жазылған. Өз заманының көзі ашық адамы ретінде, Абайдың бұл тақырып турасында толғап, аманат етуі заңды да. Өйткені, білім-ғылымсыз халықтың көзі ешқашан ашылмақ емес, көз алдындағыдан өзгені көрмек емес. Халқы надан, сауатсыз елдің болашағы бұлыңғыр болмайды ма? Соны XIX ғасырда-ақ жете түсінген ұлы тұлға «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп өкіне түседі. Бәріміздің санамызда жатталып қалған «Ғылым таппай мақтанба» дейтін өсиетті өлеңі ғылым жолының маңызын ұғындыра түскендей. Бір өкініштісі, Абай айтқан нағыз ғылымдық жолға әлі түспедік. Егер, біз білімі мен ғылымы қарыштап дамыған халық болғанда, әлемдік бәсекеде қабілетті, болашағы жарқын мемлекеттің кірпішін әлдеқашан қалаған болар едік. «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан», - деген Абайдың аманатын алға қойып, білім алуға, өнер игеруге ұмтылуымыз керек. Талаптың пайдасын біліп, «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» дағдыланғанда ғана біз қазақ дейтін халықтың тарих беттерінде мәңгілік сақталарына кепілдік алған болар едік, сенер едік.

Үшіншіден, адам бойындағы күндестік, сабырсыздық, еріншектік пен мал шашпақтық, надандық сынды жағымсыз қасиеттерді сынап, олардан жиренуге, қашық болуға шақырған Абайдың аманаты – күндестіктен ада болып, сабырсыздықтан қашуға, надандықпен алысуға жетелейтіндей.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсеқызар, жалмауыз.
Сорлы қазақ сол үшін,

Алты бақан, ала ауыз», - дейді тағы бір өлеңінде [2, 42]. Қара қазағының күндестіктен ада болып, бір қолдың жұдырығындай бірлесе қимыл атқарғанда, бірін-бірі қолдап, демеп отырғанын, бірлік пен ынтымақта болуын қалаған арда ақынның жүрек түкпіріндегі адал аманаты еді бұл. Рас, біздің баянды болашағымыз бен бұдан да биік тұғырлы мемлекет болуымыз үшін бүгінгі таңда белең алған «бармақ басты, көз қыстылық» сынды жағымсыз әрекеттер кедергі келтіріп жатқаны жасырын емес. Біз кешегі Абай аманаттаған мұраны жас ұрпақ бойына сіңіре білгенде ғана ғажап елдікке, кемелдікке жетеміз. Себебі, Абай насихаттаған «Толық адам» идеясы: ақыл мен қайрат, жүректі бірдей ұстау» принципі бізді санасы ояу, көзі ашық, айналасына адамдық көзбен, мейірімділікпен қарай алатын арда азамат етіп қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сөзіміздің тобықтай түйіні ретінде айтарымыз, президентіміз Касым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Абай аманатын өскелең ұрпаққа әрдайым жеткізіп, Абай идеясымен сусындату үшін, Абайды таныту курстарын жүргізуіміз керек. «Ұлы Абайдың өмірі мен мұрасының саясат қыспағына байланысты ашылмай келген қыры-сыры баршылық» [3, 261]. Өзім балабақша тәрбиешісі болғандықтан, ұлы Абай мұрасын балабақша жасындағы балаларға да үйретіп, тәлімін насихаттап отыруымыз қажет деп санаймын. Өйткені, Абай мұрасы – мәңгілік. Абай – өшпейтін, өлмейтін тақырып. Абай – күллі қазақтың мақтанышы, Абай шығармаларында бүкіл қазақтың тағдыры мен болашағы жатыр. Сондықтан, Абай аманатына адал болайық, ұмытпайық, ұлықтайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Akorda.kz Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты
2. Абай. Өлеңдер. Алматы, «Жазушы», 1976. – 240 бет
3. Омаров А.Қ. «Бүгінгі Абайтану» / Ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. Семей, «Интеллект», 2011. – 262 бет

ӘОЖ 159.9

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Ф.Н.Жұмабекова¹, Н.М.Нұрғазиева²,

¹п.ғ.к., профессор

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

²Педагогика және психология магистрі

Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан

Мектеп жасына дейінгі бала қажетті психикалық сапалар мен өзіндік қасиеттерді адамның іс-әрекетін және мінез-құлқын меңгеру процесінде ғана игереді. Тәрбие процесінде бала іс-әрекеттің сан алуан түрін игере отырып, жүзеге асырады. Бұл іс-әрекеттер белгілі бір сыртқы нәтижеге бастайтын практикалық іс-әрекет. Сонымен бірге, баланың ішкі іс-әрекеті де қалыптасады. Оның көмегімен балалар заттарды қарайды, оның қасиеттерін анықтайды, олардың бір-бірімен қалай байланысты болып тұрғанын ашады, ойынның суреттің, әлдене тұрғызудың түпкі ойын табады, суреттерді естерінде сақтайды. Осындай ішкі әрекеттердің қалыптасуы баланың психикалық дамуының негізгі мазмұнын құрайды. Олар баланың өзін қоршаған дүниені бағдарлауын, практикалық іс-әрекет жасалатын жағдайлармен танысуын қамтамасыз етеді, сондықтан да бағдарлаушы іс-әрекеттер деп аталады.

Бағдарлаушы іс-әрекеттер әдетте практикалық іс-әрекеттен бұрын орындалады, оларды әзірлейді. Мысалы: Баланың арықтан секіріп өткісі келді дейік, ол секірімес бұрын алдымен арықты мөлшерлеп көреді. Бұл мөлшерге арықтың енін анықтау, оның өзінің секіру мүмкіндігімен салыстыру және ақырында секіруге әзірлік түріне еніп, бүкіл қажетті бұлшық еттер топтарын тиісті дәрежеде ширықтыру кіреді. Осының бәрі секірудің бағдарлаушы, әзірлену фазасын құрайды, осы кезеңде атқарылған іс-әрекет бағыттаушы болып табылады. Оның барысында жасалатын іс-әрекет жағдайды пайда болған міндет тұрғысынан тексеруге, оның бар мүмкіндіктерімен ара-қатынасын белгілеуге және міндетті шешуге әзірленуге мүмкіндік береді. Әзірлену фазасынан кейін атқару фазасы – секіру, ол практикалық жұмыс іс-әрекеті.

Мектепке дейінгі жаста баланың жаңа ішкі, психикалық іс-әрекеттерді игертетінін, ол әрекеттердің балаларға неғұрлым күрделі әрі алуан түрлі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Мұндай іс-әрекеттердің қайнар көзі сыртқы бағыттаушы іс-әрекеттер болып табылады.

Әртүрлі іс-әрекеттерді игеру үйрету мен тәрбиенің әсері арқылы жүзеге асады. Бала кез келген іс-әрекеттерді кез келген күйінде игере бермейді. Бұл екі себеппен анықталады. Біріншіден, әуелі неғұрлым қарапайым, содан соң мейлінше күрделі қимылдар үйретіледі және баланың қабылдауына мүмкіндігі бар күрделілік дәрежесі әрқашан бұрынғы қол жеткен дәрежемен шектеліп отырылады. Екіншіден, бала жаңа іс-әрекетке үйренуі үшін, ол баланың қажетіне және мүддесіне сай келуі, оны қызықтыратын болуы керек.

Мектепке дейінгі жаста балаларға жаңа іс-әрекет ойын түрінде көрсетілсе, сонымен қатар ойын түрінде пайдаланылса, басқа жағдайлардан гөрі едәуір жақсы және жеңіл игеріледі. Осы жаста балалар іс-әрекеттің үш негізгі жетекші түрін: қарым-қатынас, заттық іс-әрекет және ойын әрекетін меңгереді.

Баланың ересектермен эмоциялық қарым-қатынас жасауы оның заттармен қарапайым іс-әрекеттер жасауынан бұрын пайда болады. Сәби сөзді, үлкендердің мінез-құлқын түсінбейді, бірақ осының бәріне қуанады, ересектерге ұзақ уақыт бойы қарап отыруға, өзіне арналған сөзге үн қатуға, жымып күлуге әрқашан әзір. Бұл кезде, әдетте бала назарын заттардың өзі емес, үлкендердің әсер етуі аударады. Баланың үлкендерге көңіл бөлуі заттарға ауысып, ол заттық іс-әрекетке көшеді. Заттарды қолдануды игере отырып, бала неғұрлым тәуелсіз болады, үлкендердің іс-қимылына еліктеуге, солармен бірге әрекеттенуге, өзінің кейбір іс-әрекеттері жайлы белгілі көңіл бөлуді, қолдауды талап етуге мүмкіндік алады.

Келесі қадам – рөлді ойынға көшу. Бала мұнда дербестік көрсете бастайды, ол өзінше үлкен болуға, оның рөлін орындауға, заттар мен оқиғаларға ересектер ше билік жүргізуге тырысады. Әрине, әзірге олар мұның бәрін «жорта», шынайы бұйымдарды ойыншықтармен, нағыз іс-әрекеттерді еліктеумен алмастырып қана орындай алады.

Баланың қажеті мен құштарлығы үнемі үлкендермен байланысты. Олардың мүмкіндігі артқан сайын бұл байланыс жаңа формаға ие болады. Жетекші іс-әрекеттің жаңа түрлерінің пайда болуына негіз болып табылатын тың қажеттіліктер дүниеге келеді. Жаңа іс-әрекеттерді игеру баланың мүмкіндігін арттырады және жетекші іс-әрекеттің тың түрлерінің пайда болуы үшін алғышарт болып табылады. Жаңа жетекші іс-әрекетке ауысу оларға үлкендердің үйреткеніне ғана емес, сонымен бірге баланың қоғамдағы өмір жағдайының бүкіл жүйесіне байланысты. Іс-әрекеттің жетекші түрінде баланың басты қажеттіліктері мен құштарлықтары көзге түседі, іс-әрекеттің осы түрінде әр жас мөлшеріне лайық неғұрлым маңызды қимылдың, психикалық сапаның және жеке бастың қасиеттерінің қалыптасуы жүзеге асады. Бірақ баланың іс-әрекеті жетекші түрлерімен шектелмейді. Бұлармен қатар іс-әрекеттің басқа түрлері де пайда болып, өркендейді және олардың әрқайсысы баланың психикалық дамуына өз үлесін қосады.

Оқуды балалардың білімді меңгеруі, оларды өз бетінше игеру тәсілдеріне байланысты белсенді іс-әрекеті ретінде қарастырған абзал. Оқуды басқару балалардың осы іс-әрекетті қалыптастыруы болып табылады. Оқу іс-әрекет ретінде нені білдіреді?

Оқуды бастамас бұрын бала оқу міндетін, яғни түсіну, өзі үшін қабылдау, өз бетінше анықтауды меңгеруі тиіс. Толыққанды оқу белсенді оқу әрекетінсіз – оқу жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінсіз, атап айтқанда оқытылатын мәселені әр қырынан қарау, салыстыру, қайта қарау, сызба, модель құрастыру, т.б. мүмкін емес.

Белсенді оқуды жүзеге асыру, сонымен қатар оқушының өзін-өзі тексеру, бағалау ептілігін, яғни өзін-өзі бақылау және өзіне-өзі баға беру әрекетін орындауды талап етеді.

Оқу әрекетінің орындалуы балалар жұмысқа кірісуге дайын болғаннан кейін толығымен күшейеді. Оқу әрекеті – бұл баланың оқу материалын белсенді әрекет жасай алуы. Бұған талдау, салыстыру, өзгерту, модельдеу, т.б. әрекеттер кіреді. Оқу – бұл тек оқу жұмысының техникасы ғана емес, ең бастысы – өзінің алдына қойған міндеттерін шеше алатын нақты бала тұлғасын тәрбиелеу, өмірлік дағды қалыптастыру. Оқу процесі барысында тәрбиеші тек баланы оқытып қана қоймайды, дамушы тұлғаны тәрбиелейді, қалыптастырады. Баланың психикалық дамуында маңызды рөл атқаратын іс-әрекет түрлерін төмендегідей сипаттауға болады. Оқуда бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру.

Оқу іс-әрекетінің негізгі ерекшелігі: жаңа білім, іскерліктерді игеру. Сабақтардағы үйрету оқу іс-әрекетінің элементтерін бастапқы игеруде маңызды мәнге ие болу. Танымдық ынталарды қалыптастыру мен оқу іскерліктерін үйрену. Оқытуда білім мазмұнын игеру негізгі рөл атқарады. Берік және бөлшектенген ынталар балада оқуға, үздіксіз жаңа білім алуға деген тілек тудырады.

Тапсырмаларды орындау арқылы өзін-өзі тексеру, өзін-өзі бағалау дағдылары қалыптаса бастайды. Еңбекте бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру.

Қоғамға пайдалы өнімдерді – адамзатқа қажетті материалдық және рухани байлықтарды жасауға бағытталған іс-әрекет. Еңбек іс-әрекетіне қатысу үшін белгілі білім, іскерлік пен дағды қажет.

Еңбек іс-әрекеті – балалардың психикалық қасиеттеріне қойылатын талаптардың шеңберін анықтайды. Өнімді еңбекпен балалардың алғашқы танысуы: әңгіме, оқылған кітапты тыңдау, суреттерді қарау, үлкендердің еңбегін бақылау арқылы жүреді. Еңбек нәтижесіне қол жеткізудің мәнін түсіне білгенде, оған алдына мақсат қоя отырып тырысқан жағдайда ғана мұндай тапсырмаларды орындау еңбек іс-әрекеті болып шығады.

Еңбек тапсырмаларын орындау жағдайларын ұйымдастыру:

- балаларды еңбектің қажетті тәсілдеріне үйрету;
- олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру;
- еңбек әрекетінің мәнін, өзге адам- дар үшін оның маңызын егжей-тегжейлі түсіндіру;
- балалардың өз іс-әрекеттерін жоспарлауы мен үйлестіруіне жәрдемдесу;

Еңбек тапсырмаларын бірлесе орындау кезінде балалардың бірлескен іс-әрекетінің маңызы зор. Еңбек іс-әрекетін жас тобының барлық балалары қатыса тұрса да әр бала өзінше бөлек әрекеттен, олар ие болған нәтижелерді басқа балалардың қолы жеткен нәтижелерден тыс қарастыру және бағалау жағдайларын жиі байқалады. Өзге бір жағдайларда балалардың әрқайсысы өз жұмысын өзгелермен қатыспай жеке орындайды, ал оны балаға бірден ортақ жұмыстың бөлігі ретінде бергендіктен жеке баланың еңбек нәтижесін топтың қолы жеткен нәтиже ретінде бағалайды. Бірлескен іс-әрекетті оқыту мен бала дамуының формасы ретінде зерттеудің әртүрлі бағыттарының ішінен екі бағытты бөліп қарауға болады. Олардың біріне сәйкес, бірлескен іс-әрекеттің өтуі мен ондағы пайда болатын өзара қатынастардың сипаты оған қатысушылардың тұлғалық қасиеттері, психикалық даму деңгейі, қалыптасқан мінез-құлық нормалары, т.б. жеке-дара ерекшеліктерімен алдын ала анықталады..

Адамның әрбір физиологиялық даму кезеңіне байланысты танымдық аясы мен оның мазмұны кенейіп, тереңдей түседі. Әр кезеңнің психологиялық ерекшеліктеріне байланысты таным мүмкіндігі де өзгереді. Таным арқылы заттар мен құбылыстардың басты белгілерін бейнелі қабылдау нәтижесінде ұғым қалыптасады. «Ұғым» дегеніміз заттар мен құбылыстардың жалпы қасиеттерін бейнелейтін ой жасаудың негізгі түрлерінің бірі. Ұғымдар жүйесінің қалыптасып, дамуы ой кешудің сезімдік, деректік нұсқасынан арылу барысында жүзеге асады. Себебі заттар мен құбылыстардың өзара қатынастарын, байланыстары мен жалпы қасиеттерін көзбен көріп, қолымен ұстауға болмайтындықтан, тек ақыл қуатымен түсіну, пайымдау арқылы ғана танып-білуге болады.

Мектепке дейінгі шақта оқу мен еңбек элементтерінің дамуына баға бергенде еңбек ісінің мәні оны ұйымдастырушы үлкен адам мен бала үшін өте көптеген жағдайларда түрліше болыпшығатынын естен шығармау қажет. Мысалы, үйрету процесінде баланың белгілі білім мен дағдыны игеруінен, кезекшінің міндетін атқаруынан немесе гүл отырғызуынан оның оқу және еңбек іс-әрекеті қалыптасты деп қорытынды шығаруға негіз бола алмайды. Белгілі бір сәтке дейін балалар іс-әрекеттің процесінің өзіне қызығады, үлкендерге ұқсауға ниеттенеді, бала ұқсау және олардың мақұлдауына ие болу тілегін басшылыққа алады, алайда алған білімнің немесе өздерінің еңбек тапсырмаларын орындау нәтижелерінің мәнін әлі түсінбейді. Мектепке дейінгі жаста оқу және еңбек іс-әрекеттерін саналы орындау жаңа ғана қалыптаса бастайды.

Баланың барлық психикалық дамуы үйрету, алдыңғы ұрпақтардан жинақталған тәжірибені беру арқылы жүзеге асыра ала тұрса да, білім мен дағдының да көбін балалар үлкен адамдармен, олардың талаптарын кеңестерін, олардың нұсқауларын орындаудан, сондай-ақ ойындардан, сурет салудан, құрастырудан, әртүрлі себептерге байланысты келе- тін күнделікті қарым-қатынастан меңгереді. Үлкендер мен бала қарым- қатынасының көптеген түрлері үйрету ісінетолы.

Дегенмен баланың даму дәрежесіне қарай үйрету барған сайын неғұрлым жүйелі сипат алады. Мектепке дейінгі қоғамдық тәрбие жағдайында балалар арнаулы бағдарлама бойынша жүргізілетін сабақтар арқылы үйретіледі. Ойын тәсілдері мен жемісті тапсырмаларды пайдалану осындайда басты орын алады. Сонымен бірге, сабақтарда біліммен дағдыны игерудің толықтығы мен сапасына, тәрбиешінің нұсқауларын тыңдай және орындай білуіне қатысты белгілі талаптар да қойыла бастайды. Сабақтардағы үйрету оқу іс-әрекетінің элементтерін бастапқы игеруге маңызды мәнге ие болады. Оқу іс-әрекетінің элементтерін игеруге танымдық ынталарды қалыптастыру мен оқу іскерліктерін үйренуіреді.

Айналадағы дүние туралы баланың игере алатын сан түрлі мәліметтері – үлкендердің көрсеткендері мен әңгімелегендері, өзінің көргендері. Бұлар әуестікті, барлық жаңа атаулыға құмарлықты тудырады. Мектепке дейінгі шақта балалар әуестігінің артуы, әсіресе балалар

сұрақтардың саны мен сипатының өзгеруінен байқалады. Егер үш-төрт жаста сұрақтардың аз ғана бөлігі жаңа білім алуға, түсініксіз нәрсені анықтауға бағытталса, мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда мұндай сұрақтар басымырақ келеді, балалар көбіне сан түрлі құбылыстардың себептері мен олардың арасындағы байланыстарды білуге ынтығады. «Жаңбыр неге жауады?», «Өсімдіктерді не үшін суғару керек?», «Жұлдыздар қайдан пайда болған?» сияқты сұрақтар қояды.

Бірақ әуестік бұл әлі оқуға жүйелі білім алуға даярлықты қамтамасыз ете алмайды. Қандай да бір құбылысқа деген ықылас балада жылдам пайда болады да жылдам ұмытылады, басқамен алмасады. Болмыстың сан түрлі саласына жататын құбылыстарды баланың білуге ынтығатыны жоғарыда келтірілген сұрақтардың тізімінен-ақ көрініп тұр. Өзінің жетілген формаларындағы оқу бірнеше арнаулы пәндердің, математиканың, ана тілінің, биологияның тағы басқалардың мазмұнын құраушы құбылыстардың белгілі жақтары мен типтеріне деген тұрақты ынтыға жетелейді.

Кей жағдайларда мектеп жасына дейінгі балаларда білімді игеруге де тамаша табыстарға әкелетін бөлшектелген де берік ынтыға ерте байқалады.

Әдетте балалардың айтарлықтай берік танымдық ынтығалары тек мектепке дейінгі шақтың ақырында, жақсы ұйымдастырылғанын үйрету жағдайында пайда болады.

Мұнда мектепке дейінгі оқудың мазмұны негізгі рөл атқарады.

Егер сабақ үстінде болмыстың әр саласына тән құбылыстардың негізгі қасиеттері балалар алдында жеке де бытыраңқы мәліметтер түрінде берілмей, білімнің, білімнің белгілі бір жүйесі түрінде берілсе, математикаға, тілге, жанды және жансыз табиғатқа деген ынтыға, тиісті дәрежеде балалардың бәрінде де пайда болатынын зертеулер көрсетті. Математика саласында бұл өлшемнің өлшенетін затқа, бөліктің бүтінге, бірліктің көпке қатысы, тіл саласында сөз құрылысына, оның мәніне қатысты, т.б.

Балалар осындай жалпы заңдылықтармен танысқанда, жеке жағдайда байқауларын зор ынтығамен қадағалайды, олардың алдынан қоршаған дүниенің жаңа қырлары ашыла бастайды және олар оқудың ғажайып асуларға апаратын жол екенін көре бастайды.

Мектепке дейінгі кішкентайлар және естиярлар шағына балалар оқу тапсырмасын тек одан алған білім мен дағдыны бірден ойын ойнағанда, сурет салуда немесе іс-әрекеттің өзге бір тартымды түріне пайдалануы мүмкін болғанда ғана қабылдайды.

Арнайы ұйымдастырылған үйрету жағдайларында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың меңгергенді бірден жүзеге асыру мүмкіндігі мен байланыстан тыс тапсырмаларды қабылдай білуі қалыптасады. Білімді игерудің келешекте «пайдасы» тиетіні мүмкін болып шығады.

Мектепке дейінгі бүкіл балалық шақтың ішінде тікелей оқу тапсырмасының формасына қарағанда дидактикалық ойын білімді игерудің тиімді құралы болып табылатынын байқаулар көрсетіп отыр. Алайда егер мектепке дейінгі кішкентайлар мен естияр шақта айырмашылық зор болса, ересектерде де бұл айырма едәуір төмендейді. Бұл балалардың оқу тапсырмасын қабылдау іскерлігі артқандығының айқын көрсеткіші болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Жұмабекова Ф., Нұрғазиева Н., Жамалиева С. Психология (мектепке дейінгі кезең). *Оқу құралы* / Ф. Жұмабекова, Н. Нұрғазиева, С. Жамалиева. – Астана: Фолиант, 2015. – 288 бет.

ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ В ПРОВЕДЕНИИ ЗАНЯТИЙ ПО МУЗЫКЕ С ДЕТЬМИ МЛАДШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Захарова Е.С.

ГККП ясли/сад №2 «Батыр», г. Астана, Казахстан.

Музыка занимает особое, уникальное место в воспитании детей дошкольного возраста. Музыку называют *«зеркалом души человеческой»*, *«эмоциональным познанием»* (Б. М. Теплов). Борис Михайлович Теплов, известный ученый психолог, основатель школы дифференциальной психологии.

Его труды посвящены разнообразным сторонам детской психологии. Можно привести пример такие работы, как *«Психология развития и воспитания»*. Автор там рассматривает психическое развитие детей, уделяя особенное внимание взаимодействию наследственных качеств личности и окружающей действительностью. Следующим известным трудом Теплова является *«Развитие памяти и внимание у детей»*. В этой книге исследуется способность детей к запоминанию в раннем возрасте и как этот процесс влияет на обучение и воспитание. В работе Теплова *«Основы педагогической психологии»* анализируются психологические основы педагогике, подчеркивается важность индивидуального подхода к каждому ребенку.

Вклад Теплова в педагогическую науку огромен. Его методические труды – это важный источник знаний для педагогов и психологов, изучающих развитие и воспитание детей. Они способствуют лучшему пониманию организации воспитательной и учебной работы, уделяя внимание психологическим особенностям ребенка в образовательном процессе.

Теплов пишет: *«чтобы понять музыкальное произведение, важно его эмоционально пережить и уже на этом основании поразмыслить над ним»* [1].

Музыка воздействует на эмоциональную сферу человека, наряду с другими видами искусств (живописью, театром, художественной прозой и поэзией), участвует в формировании личности ребенка, выполняя социально-педагогическую и воспитательную роль. С давних пор музыка считалась важным средством в формировании личностных качеств человека, его духовного мира. Современные научные исследования свидетельствуют о том, что музыкальное развитие оказывает огромное воздействие на общее развитие: совершенствуется мышление, ребенок делается чутким к красоте, формируется эмоциональная сфера. Музыка сопровождает человека каждый день, обогащает духовно, помогает трудиться, отдыхать. На каждого человека она воздействует по-разному. Это зависит от личности человека, от подготовленности его к восприятию. Нужно развивать восприятие музыки через пение, игру на инструментах и через ритмические движения.

В последнее время наблюдается тенденция к изучению новых методов обучения, особенно в раннем возрасте. И важной частью инновационных педагогических технологий является музыкальное воспитание, которое играет ключевую роль в развитии детей. Интерактивные методы обучения становятся всё более актуальными в музыкальных занятиях для младшего дошкольного возраста. Они способствуют глубокому вовлечению детей в процесс обучения и обеспечивают гармоничное развитие их способностей.

На уроках желательно использовать различные виды музыкальной деятельности – это слушание музыки, игра на шумовых инструментах, пение и музыкально-ритмические движения. Для этого, с раннего возраста, нужно создавать все условия для развития культуры детей. Одни дети способны достичь высокого уровня музыкального развития, другие, возможно, более скромного. И чтобы дети относились к музыке не только как к средству увеселения, но и как к важному явлению в духовной культуре. Пусть это понимание будет примитивным, но оно значимо для личности.

Только развивая потребность, эмоции, чувства, интересы, вкусы детей, можно приобщить их к искусству. Наталья Алексеевна Ветлугина, теоретик дошкольного музыкального образования подчеркивает, что формирование эстетического отношения к музыке очень важно для развития личности ребенка. *«Если у ребенка развито заинтересованное отношение, если он восхищается прекрасным и добрым, выраженным в музыке, то этим решается основная задача нравственно-духовного воспитания. Если в процессе музыкальной деятельности будет развито музыкально-эстетическое сознание детей, это не пройдет бесследно для их последующего развития и духовного становления»*. [3]

Интерактивное обучение музыке предполагает активное взаимодействие между педагогом и детьми, а также между самими детьми. Эти методы способствуют созданию динамичной и

увлекательной образовательной среды, где дети становятся активными участниками процесса, а не просто пассивными слушателями. Во время музыкальных занятий используются различные виды деятельности – это игры, движения, театрализованные элементы и многое другое.

Вот некоторые из них:

1. Музыкальные игры и упражнения

- Ритмические игры: Использование барабанов, бубнов и других ударных инструментов для развития чувства ритма и координации.

- Пение и игры с мелодией: Простые мелодии и песенки, которые дети могут повторять и изменять, помогают развивать слуховые и вокальные навыки.

2. Двигательная активность:

- Танцевальные движения: Применение танцевальных элементов в занятия помогает детям лучше воспринимать музыкальный ритм и выражать свои эмоции через движение.

3. Театрализация и ролевые игры:

- Музыкальные спектакли: Постановка простых спектаклей с участием детей позволяет развивать их артистические способности и воображение.

- Ролевые игры: Игра в роли различных музыкальных инструментов или персонажей помогает детям лучше понимать музыкальные элементы и их функции.

4. Интерактивные технологии

- Музыкальные программы и приложения: Использование приложений и программ для создания музыки и звуковых эффектов, которые дети могут сами контролировать, стимулирует их интерес к музыке и развивает технические навыки.

- Дистанционное обучение, с помощью компьютера позволяющее осуществлять обучение на расстоянии без непосредственного, личного контакта между педагогом и ребенком. Следуя рекомендациям, занятия проходят интересно и с пользой. Если занятия в дошкольном учреждении идут в младшей группе 10 - 15 минут, и включают в себя слушание музыки, пение и ритмические движения, то занятие в записи не должно превышать 5 минут, так как ребенок младшего дошкольного возраста дольше не может сфокусировать свое внимание на экране. Поэтому видеоурок содержит в себе только одну часть образовательной деятельности: или слушание, или пение, или ритмические движения. Ознакомившись с материалами виртуального занятия, родители выполняют ряд заданий совместно с ребёнком несколько раз, что и продлевает урок в целом по времени.

Возможности такого занятия – это подбор яркого, красочного демонстрационного материала, использование видео - и аудиоконтента, что способствует не только удержанию внимания, но и развитию клипового мышления. В нынешних условиях родители могут участвовать вместе с детьми в образовательном процессе. Можно сказать, что они становятся активными его участниками. Стеснительные дети будут более активно проявлять себя в онлайн-уроках.

Цель данной методики – развитие музыкальных, творческих способностей детей посредством использования музыкальных упражнений. Задачами являются:

1. Знакомство детей с образцами песенного творчества.

2. Слушание музыки и пение песен.

3. Развитие мелкой моторики, с помощью пальчиковой гимнастики.

4. Занятия сопровождаются музыкально - ритмическими упражнениями, они помогают ребенку развивать слуховое и зрительное внимание, воспитывать у детей творческие способности и воображение.

Учитывая возрастные и индивидуальные особенности детей каждого периода дошкольного детства и уровень общего и музыкального развития, педагог целенаправленно создает обстановку занятий, обеспечивающую общую музыкально-творческую направленность всей своей деятельности в процессе общения детей с музыкой. Музыканты-педагоги в первую очередь подбирают репертуар,



УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АСТАНА
ГККП «МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР»
АКЦИМАТА ГОРОДА АСТАНА
ГККП ЯСЛИ-САД №2 «БАТЫР»

36 видеозанятий по музыке
для детей младшего дошкольного возраста



который отображает важные события в жизни народа, его героическую историю, отражающие картины и явления природы, народную музыку. Музыкальный материал для детей также тщательно подбирается и с точки зрения его воспитательной и художественной ценности. А элективные пути создаются на основе эмоциональной отзывчивости на музыку у младших дошкольников (Е.В Рыданова,) [4], где выделили поэтапность заданий, через которые дети постигают более сложные чувства и эмоции.

Елена Викторовна Рыданова— педагог психолог, знаменита своими исследованиями в области детской музыкальной психологии. В ее работах уделяется большое внимание значению музыки в раннем развитии способностей у детей. В своей практике ее исследованиями пользуются музыкальные терапевты, педагоги, родители, стремящиеся всесторонне развить ребенка.

О воспитании музыкой как части эстетического и художественного воспитания также говорили многие зарубежные педагоги, например Ева Мюллерова (Чехия), Магда Савваи (Венгрия), Зигфрид Фукс (Цвиккау, Германия), ДивуттиМаркевич (Польша) [5]. В работах этих педагогов говорится, что человек умеющий ценить и понимать красоту окружающего мира будет в дальнейшем творчески подходить к любому виду деятельности. И это в первую очередь относится к музыкальному воспитанию, которое способствует гармоничному развитию нового человека, пробуждению его интеллектуальной, волевой и эмоциональной энергии, плодотворной работе его сознания и памяти, формированию характера и нравственных качеств. Музыкальное воспитание способствует достижению основных целей общего воспитания, используя свои собственные средства и возможности. Преподавателю музыки в этом помогают, во первых сама природа ребенка, с его непосредственным восприятием действительности, во вторых свойственная раннему возрасту безграничная и яркая фантазия, и в третьих восприимчивость к эмоциям и переживанию. Опираясь на эти особенности внимательный и чуткий педагог еще сильнее может развить способности и научить детей чувствовать радость творчества, любить и хотеть музицировать и дать возможность ребенку собственному музыкальному самовыражению.

Инновационные методы в проведении занятий по музыке с детьми младшего дошкольного возраста играют огромную роль в жизни ребенка. Они позволяют создать познавательную и обучающую среду, в которой дети развивают свои музыкальные, социальные и когнитивные навыки. Применение таких методов позволяет более глубоко понимать и воспринимать музыку, поэзию, искусство.

Важно, чтобы приобретение знаний, умений и навыков не являлось самоцелью, а способствовало развитию музыкальных и общих способностей, формированию основ музыкальной и общей духовной культуры.

Таким образом, музыкальное воспитание и развитие – это путь формирования творческой личности, способной адаптироваться к условиям сложного современного общества.

Списокрекомендованнойлитературы

1. Теплов Б.М. Психологические впропросы художественного воспитания. М.,1946 С.10-11.
2. Анцыпирович О.Н. «Музыкальное воспитание детей дошкольного возраста». – Москва, 2009. – 8-9 с.
3. Ветлугина Н.А., Кенеман А.В. Теория и методика музыкального воспитания в детском саду. М., 1983. С.27.
4. Рыданова Е.В. Слушаем музыку. М.,1990; Она же. Музыкальное развитие детей. В2т. М., 1997.
5. Сборник статей «Ребенок за роялем». Под редакцией Яна Достала, Издательство «Музыка», Москва 1901г.

БАЛА ТӘРБИЕСІ-ОРТАҚ ІС

Искакова Г.Е.

“Мөлдір” бөбекжайы КМҚК

Қазіргі өмір ағының ерекшелігі-ата-аналар көп уақытын өз балаларын дамыту және тәрбиелеу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында лайықты табыс табу үшін жұмыста өткізеді. Бұл кезде балалар балабақшада, мектепте, күтушімен немесе әжесімен бірге болады. Статистика көрсеткендей, әдетте, 1,5 жасқа дейін анасы баланың дамуы мен тәрбиесімен айналысады, содан кейін бұл функцияларды балабақша және одан әрі мектеп алады. Отбасы мен мұғалімдердің өзара әрекеттесу мәселесі қазіргі уақытта өте өзекті, сондықтан мен бұл туралы өз мақаламда айтқым келеді. Дәлірек айтқанда, ерте жастағы отбасы мен тәрбиешінің өзара әрекеттесуі туралы.

Мектепке дейінгі шақ-бұл баланың әлеуметтену әлеміне қадам баса бастайтын, басқа балалармен, ересектермен танысатын, олармен қарым-қатынас жасауды, ойыншықтармен бөлісуді, құрдастарының арасында беделге ие болуды үйренетін, айналасындағы әлемді тануды үйренетін алғашқы кезең. Кішкентай бала үшін бұл мүлдем жаңа әлем. Оған ол тар шеңберге ие болды – бұл анасы, әкесі, мүмкін үлкен ағасы мен әпкесі мен ата-әжесі. Балабақшаға кіргеннен кейін бұл шеңбер едәуір кеңейеді: сол жастағы басқа балалар және тәрбиешілер пайда болады. Анасы баланы осы жаңа әлемге саналы түрде әкеледі, ол оны тәрбиешінің қолына береді. Осы кезде ана мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынасты барлығына ыңғайлы етіп құру өте маңызды: бала да, ана да, тәрбиеші де [1].

Балабақшаның ата - аналармен өзара іс-қимылының басты мақсаты-бірыңғай білім беру кеңістігін құру, серіктестік қатынастар орнату. Білім беру мүдделері мен тәрбиелік күш-жігердің ортақтығын құру.

Бүгінде қоғамда біз түбегейлі қарама-қарсы әлеуметтік процестер мен құбылыстарды байқаймыз, яғни әр отбасындағы әлеуметтік жағдай әртүрлі. Бұл қазіргі ата-аналардың ерекшелігі. Ата-аналардың жасы да әртүрлі. Кейбіреулер отбасын құрып, балаларды өте ерте, жоғарғы оқу орнында оқыған шақта туады, ал кейбіреулері 40 жасқа дейін мансап жасайды да, содан кейін ғана отбасы мен балалар туралы ойлана бастайды. Тәрбиеші отбасымен жұмыс жасауда осы ерекшеліктерді ескеруі керек: бір жағынан, жас және тәжірибесіздерге көмектесу, тіпті олардың балалармен қарым – қатынасын қалыптастыру, екінші жағынан, ата-аналардың «жасында» қалыптасқан стереотиптерін ескеру.

Ерте жастан бастап біз ата-аналардың білім беру қажеттіліктерін және байланыс орнатуды зерттейміз, әр баланың отбасы мен отбасылық тәрбиесінің ерекшеліктеріне талдау жасаймыз, қарым-қатынас тактикасын тандаймыз. Бұл бізге әр отбасының педагогикалық қажеттіліктерін жақсырақ бағдарлауға, оның жеке ерекшеліктерін ескеруге көмектеседі [2].

Балаларды балабақшаға беретін ерлі-зайыптылардың ерекшеліктерін талдау ата-аналардың үш тобын бөлуге мүмкіндік береді:

- белсенді ата-аналар (оқу-тәрбие процесіне қуана қатысады, балалар мекемесінің кез-келген жұмысының құндылығын көреді);

- орындаушы ата – аналар (маңызды мотивация болған жағдайда қатысады);

- бақылаушы ата – аналар (педагогикалық процестің белсенді қатысушылары,

балалардың табысқа жетуіне мүдделі, бірақ педагогтердің көмегімен мәселелерді шешкісі келетін, «мені де солай тәрбиеледі» қағидаты бойынша өмір сүретіндер).

Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әкешесі «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырманың аяғына дейін орындауына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт беру керек. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді. Бала тәрбиесінде ең басты ескеретін жайт-баланы мадақтау. Осы мәселерді ата-анаға түсіндіру үшін бізге біраз жұмыс атқаруға тура келеді.

Осындай жұмыстар барысында жасалатын шаралардың барлығы ата-анамен бірлесіп жасалатын болатындықтан, ата-анаға да жасаған іс-әрекеттеріне баланы мадақтап отыру керектігін, ал егер дұрыс жасалмаған іс-әрекет болатын болса, ұрыспай, күш көрсетпей, балаға неге олай жасауға болмайтынын байыппен түсіндіру керектігін де ескере кеткен жөн. Отбасындағы әр бала жетістікке лайықты. Ол жетістікке жетуі үшін ата-анасының қолдауы маңызды. Ол қолдауды бала күнінен бастап сезінуі керек. Ол ата-анасына қымбат әрі керек екендігін сезінуі керек. Бала балабақшаға барғанға дейін ортада қалай ұстауын, қарым-қатынас жасауды білуі керек. Сол кезде балабақшаға бейімделу кезеңі де ешқандай ауыртпалықтарсыз өтеді. Кейде ата-аналар жақсы балабақша, жақсы мектеп іздеп жатып, ең басты тәрбие үйден басталатынын ұмытып кетеді немесе тіпті ескермейді. Үйдегі тәрбие дәстүрлі емес түрде өтеді емес пе? Баланы оқыту және тәрбиелеу мектепке дейінгі мекеме мен мектепке арта салатын құбылыс емес. Ол ата-ана мен педагог бірлесе атқаратын ауқымды жоба десек те болады.

Талдауға сүйене отырып, біз әр отбасымен жеке қарым-қатынас тактикасын таңдаймыз. Барлық ерекшеліктерді ескере отырып, бүгінгі таңда педагог білім беру мәселелерін бірлесіп шешу үшін ата-аналармен ынтымақтастықтың жаңа дәстүрлі емес түрлерін табуы керек. Әрбір тәрбиешінің жұмысындағы басты сәт – «балалар – ата-аналар-тәрбиешілер» бірыңғай одағын құру [3].

Балабақшаның қазіргі білім беру кеңістігінде тәрбиеші мен ата-аналардың қарым-қатынасының әртүрлі формаларына толығырақ тоқталайық.

Уақыт қарым-қатынастың формалары мен тәсілдерін белгілейді. Бүгінгі таңда ата-аналарға үш айда бір рет ата-аналар жиналысы немесе балаларды таңертең қабылдау кезінде патронаттық бөлмеде қысқа кездесулер жеткіліксіз. Ата-аналар баласының күні бойы не істеп жатқанын, оның қандай жетістіктерге жеткенін, не үйренгенін және жаңа нәрселерді білгенін көргісі келеді. Заманауи технологиялар осы тілектердің барлығын онлайн режимінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мәселен, балалардың жетістіктерін whatsapp желісі арқылы ата-аналарға жіберіп отырамыз.

Ата-аналар жиналысы. Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынастың дәстүрлі түрі. Бұл іс-шараларды педагог белгілі бір кезеңдегі қорытындыларды шығару, ұйымдастырушылық мәселелерді шешу, шеберлік сабақтарын өткізу, ашық сабақтар өткізу, жеке сұрақтарға жауап беру, ауыр мәселелерді шешу мақсатында ұйымдастырады.

Ата-аналарға арналған баспа түріндегі кеңестер, «сөйлеуді дамыту», «үйдегі саусақ ойындары», «дәрігерден қалай қорықпау керек», «гигиеналық дағдылар» және т.б. тақырыптарға арналған жылжымалы папкалар дайындаймыз.

«Біз анамның көмекшілеріміз!», «Кішкентай тазалық сүйгіштер», «біз құймақ пісіреміз» тақырыптар әзірлеп, ата-аналарды онымен таныстырамыз және үйде балалармен бірге осы мәселе бойынша жұмыс жасауды, үйде қысқа роликтер түсіруді ұсынамыз, содан кейін бір жалпы фильм қалыптасады.

Топта тақырыптық жобаларды жүргізу және ата – аналардың белсенді қатысуын тарту үшін «түрлі-түсті апта», «қыстайтын құстарға арналған жемсалғыш» сияқты жұмыстарды ұйымдастырамыз. Бір апта ішінде тәрбиешілер балалармен белгілі бір тақырып бойынша белсенді жұмыс істейді. Мысалы, әр күн қандай да бір түске арналған, сондықтан барлық педагогикалық және тәрбие жұмыстары осы түсті жан-жақты зерттеуге бағытталған, барлық білім беру салаларындағы пәндік-дамыту ортасы ойыншықтармен, дизайндермен, күн арналған осындай түсті пирамидалармен толықтырылады. Ата-аналар күн сайын балаларды белгілі бір түсті киіммен әкеледі.

Ата-аналарды балалармен бірге мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі, аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық конкурстарға балаларын қатыстыру үшін «Жаңа жылдық ойыншық – 2024», «сенсорлық даму бұрышы», «эксперимент бұрышы» және т.б. байқаулар ұйымдастыра отырып, ата-аналар қатысуға, қолөнер жасауға, видео-роликтер түсіруге, топқа кітаптар, ойыншықтар әкелуге, өз бетінше бизбордтар жасауға мүмкіндіктер жасаймыз.

Тәрбиешілер өз жұмыстарын балабақшаның Instagram арнасында жүргізеді, онда балалар мерекелерінен, ертеңгілектерден фильмдер орналастырады. Кіші топтағы ата-аналар әрдайым мерекелер мен ертеңгіліктерге қатыса алмайды, өйткені балалар өте кішкентай және ән айтуға, билеуге, ойын ойнауға ыңғайлы, сондықтан олар анасының аудиторияда отырғанын көргенін жылайды. Мұндай жағдайларда бүкіл іс-шара камераға түсіріледі, содан кейін тәрбиешілер оны Instagram арнасына жүктейді, ата-аналар сол каналдан балаларын әрқашан бақылап отырады.

Әрбір ата-ананың міндеті- баласына бақыт сыйлау. Ол бақыт дегенді қалай түсінеміз? Бала өзінің мүмкіндіктерін ашып, оны өз өмірінде дұрыс пайдалануы. Қоршаған ортаның әдемілігімен сүйсіну, өзі әдемілік туғызу. Ал ең бастысы-үлкен әріпті «Адам» болу.

Сонымен жаңа ғасырда, қоғам мүддесіне сай лайықты жан-жақты жетілген ертеңгі қоғам иегері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру отбасының, балабақшаның, мектептің, барша жұртшылықтың міндеті болып отыр.

Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы. Кешегі күнсіз келешек жоқ. Бүгінгі ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата –бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату – біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы бабаларымыздың өнеге –өсиетін сабақта ұтымды пайдалана білуімізге де байланысты деп ойлаймын. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы.

Отбасы – ұрпақ тәрбиесінің ұстаханасы, қоғамдық қатынастардың бастауы саналатын бірегей институт. Жаһандану үдерісі тұрмысымыз бен салт-санамызға өзгеріс әкелгенмен, ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтардан бас тартуға болмайды. Қай кезеңде де біз үлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік ұстануымыз қажет. Отбасы институты әлсіреп, салт-дәстүріміз ұмытылса, ел болып қалуымыз екіталай. Сол үшін дәстүрдің озығын алып, тозығын тастап, елдік болмыстың өзегін сақтай білуіміз керек. Сонда ғана саналы ұрпақ тәрбиелейміз». Яғни ел болып қалуымыз үшін үштік одақ берік болуы керек.

Әдебиет:

1. Кулагина И.Ю. Психология развития и возрастная психология: Полный жизненный цикл развития человека: Учебное пособие для вузов. Москва. Академический проект. 2015.
2. Амонашвили Ш.А. Здравствуйте, дети. Москва, 1988.
3. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Киев, 1973.
4. Мұқанова Б.Ы. Ата-ана беделі және педагогикалық такт. Алматы. 1973.
5. Қоңырбаева С. Қазіргі балалар және оларды отбасы жағдайында әлеуметтендіру мүмкіндіктері. Алматы. «Ұлттық тәрбие» журналы. 2011.

УДК 37

ВИДЫ ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ В ОЗНАКОМЛЕНИИ С ОКРУЖАЮЩИМ МИРОМ

Коновалова С.Н.

КГКП я/с «Ертөстік», г. Караганда, Казахстан

Характерной чертой сегодняшнего времени являются обновления в системе образования, поиск новых идей и методов для реализации целей и задач воспитания и обучения. «Обучение через игру» — вот главный призыв для сегодняшнего работника дошкольных организаций.

Включение игры в процесс обучения является одним из главных пунктов-

«Инструктивно-методическое письмо по организации воспитательно-образовательного процесса в дошкольных организациях и предшкольных классах Республики Казахстан в 2023-2024 учебном году» [1]. Все это подтверждает актуальность данной темы.

Исследования значения игры в процесс обучения проводили и педагоги, и психологи. К.Д. Ушинский подчеркивал легкость, с которой дети усваивают знания, если они сопровождаются игрой. Так же считали А.С. Макаренко, Е.И. Тихеева, Р.И. Жуковская, Д.Б. Менджерицкая .

«Игра – это огромное светлое нежное, через которое в духовный мир ребенка вливается живительный поток представлений и понятий об окружающем мире. Игра – это искра, зажигающая огонек пытливости и любознательности» - писал В.А. Сухомлинский [2].

Исследователи-Е.Н. Удальцова, А.И. Сорокина, А.П. Усова, В.Н. Аванесова, А.К. Бондаренко установили, что дидактическая игра может быть использована для решения различных учебных задач:

- формирования навыков умственной деятельности
- умений использовать приобретенные знания в новых ситуациях.

Реализация программного содержания посредством включения в процесс обучения по инициативе взрослого различных элементов игры послужит для детей игровым образцом, своеобразной формой обучающей игры, которая окажет влияние на содержание последующих игр, на формирование умения самостоятельно осуществлять игровые замыслы.

Чем чаще воспитатель использует игру на занятиях, чем удачнее и разнообразнее будут его находки, тем эффективнее их влияние на самостоятельную игровую деятельность детей.

В ознакомлении с окружающим осуществляется поиск путей привнесения элементов сюжетно-ролевой игры в процесс обучения дошкольников и формирования у них осознанно- правильного отношения к растениям и животным, к себе как части природы, к материалам природного происхождения и предметам, изготовленным из них.

Если полученные знания о природе дети воплощают в игре (зоопарк, цирк и т.п.), то, полученные представления будут яркими, эмоциональными, запоминающимися и повлияют на формирование у детей бережного и внимательного отношения к животному и растительному миру.

Мы подробнее рассмотрим игру, как специально организованную воспитателем и внесенную в процесс ознакомления с природой и взаимодействия с ней.

Такая форма игры имеет дидактическую цель и называется игровой обучающей ситуацией.

Существуют различные виды игровых обучающих ситуаций, в основе которых огромное значение отводится специально организованной сюжетно-ролевой игре.

Фундаментом специально организованной сюжетно-ролевой игры служит короткий, несложный сюжет, который построен на основе жизненных событий, сказочного, литературного произведения, хорошо знакомого детям.

Воспитатель проводит игру и осуществляет руководство над ней, а также насыщает игру ролевыми диалогами и игровыми действиями (осуществляет дидактическую цель).

Существуют следующие типы игровых обучающих ситуаций (ИОС):

1. ИОС с игрушками

– аналогами (объекты природы; конкретных животных или растений (мягкие, резиновые, пластмассовые); пенопластиковые фрукты, овощи и т.д.)

ИОС с игрушками аналогами используется во всех возрастных группах. Они прекрасно интегрируются с чтением художественной литературы.

2. ИОС с литературными персонажами.

Для реализации целей экологического воспитания используют литературные произведения, содержание которых связано с природой, и с использованием кукол – например, сказки «Репка», «Курилка Ряба», «Доктор Айболит», «Красная Шапочка» и др.

Может быть использован литературный персонаж-как знающий, хорошо осведомленный в каком-либо материале (сообщает новые сведения, учит правилам поведения), так и ничего не знающий, наивный (закрепления материала, уточнения, актуализации имеющихся у детей представлений о природе).

2. ИОС типа путешествий.

Путешествия – это собирательное название различного рода игр в:

- посещения выставок, с/х ферм, зоопарка, салона природы;
- экскурсии
- походы
- экспедиции
- поездки и путешествия.

Значение игр-путешествий:

1) дети в игровой форме получают новые знания о природе (воспитатель исполняет роль экскурсовода, зав. фермой, начальника экспедиции и т.п),

2) знакомятся с новыми местами, животными, растениями,

3) получают самые различные сведения об окружающей природе и деятельности человека в ней.

Дети совершают «поездки»: пассажиры сидят, выходят и заходят на остановках, покупают билеты, водитель сидит за рулем, управляет транспортом.

4) Расширяются знания в ознакомлении: с видами транспорта; с профессиями; с правилами дорожного движения; поведения в транспорте; этикета.

Важной особенностью игры является то, что в ней всегда есть ведущий – экскурсовод, руководитель похода и т.п., роль которого берет на себя взрослый.

Сюжет игры нужно продумать так, чтобы дети «посещая» новые места (зимний, летний лес, жаркая пустыня, Арктика), знакомятся с новыми объектами и явлениями в качестве путешественников, туристов, посетителей. Дети слушают пояснения, рассуждают, «фотографируют» [3].

В игры-путешествия легко интегрируются различные виды деятельности: творчество, конструирование, чтение художественной литературы; развиваются навыки основ математики и развития речи и т.д.

Например, в начале игры можно продавать билеты с указанием мест в цифрах или в геометрических фигурах разного цвета (закрепление знаний -цифры, цвета, геометрические фигуры и повторение казахского языка).

Во время путешествия можно «посещать» памятники городской культуры, знакомить с достопримечательностями родного города, рассказывать о выдающихся деятелях. С музыкальным сопровождением игры -путешествия дают возможность решения еще ряда образовательных и воспитательных задач.

В заключительной части путешествий можно предложить детям сконструировать, слепить или нарисовать («Украшим город (цветами, флажками...») «Слепи (нарисуй) друга». « Построй мост»...).

Особую роль в ознакомлении с окружающим миром выполняют *игры с правилами*.

Игры с правилами разделяют на:

- Подвижные («Воробышки и автомобиль», «Найди дерево» - раз, два, три – под березу – беги., «Ласточки и мошка».)

- Сюжетно-подвижные

- Дидактические

- а). настольно- печатные («Зоологическое лото»)

- б). словесные («Закончи предложение», Загадки - описания, «Что бывает желтое?», «Что бывает круглое?», «Что бывает зимой?»)

Центральное звено таких игр – правила – являются главным фактором развивающего воздействия на детей.

Организация игр с правилами предполагает участие в них взрослого.

В игре взрослый выполняет 2 роли: равноправного с детьми участника и организатора.

Взрослый является носителем игровых умений, поэтому выполнение им всегда правил — это главное условие организации и проведения таких игр.

Подвижные игры хорошо проводить на улице, во время прогулки [4].

В ознакомлении с окружающим миром для дошкольников мы часто используем *игры-эксперименты*

Игры-эксперименты помогают:

1. Углублять представления о живой и неживой природе.

2. Способствовать к участию детей в исследованиях и обобщению результатов опытов.

3. Формировать представления о свойствах и качествах предметного мира.

Знания, почерпнутые не из книг, а добытые самостоятельно, всегда являются осознанными и более прочными [5].

Дошкольникам очень нравятся игры-эксперименты:

- с песком («Следы», «Секреты сухого и мокрого песка» ...)

- с камнями («Легкий-тяжелый» и «Какой формы камень?» ...)

- с воздухом («Веселые мыльные пузыри», «Поймай воздух» ...)

- с водой («Тонет-не тонет», «Веселые кораблики», «Водичка дырочку найдет» ...)

- со снегом («Когда растает быстрее», «Хрустит или нет»)

- с бумагой («Угадай пальчиками», «Что я могу». «Какая прочнее?»)

- с пером («Летает, не летает.», «Тонет или плавает», «Какое намокнет первым»)

- с магнитами («Поймай рыбку», «Что притянет», «Магнит и скрепка» ...)

Игры-эксперименты дарят детям не забываемые эмоции и чувства.

Подбор и методика проведения игр зависят от возраста дошкольников. Их можно проводить как во время прогулки, так и в группе. Значение природы в процессе воспитания дошкольников трудно переоценить. Общение с природой положительно влияет на ребенка, делает его добрее, мягче, будит в нем лучшие качества. Через игру дети теснее соприкасаются с природой. Они учатся ее любить, бережно к ней относиться.

Какой бы вид игры не выбрал воспитатель –конечный результат будет зависеть только от него. От педагогического мастерства педагога, его эмоциональности, воображения, умения чувствовать потребности детей и умением владеть и варьировать ситуацией.

Литература

1. «Инструктивно-методическое письмо по организации воспитательно-образовательного процесса в дошкольных организациях и предшкольных классах Республики Казахстан в 2023-2024 учебном году». Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edushahtinsk/documents/details/336498?lang=ru>
2. Новоселова С.Л. Игра дошкольника. М.: «Просвещение», 2003. - 286 с.
3. Николаева С.Н., Комарова И.А. Сюжетные игры в экологическом воспитании дошкольников. – М., 2003. - С.4-7.
4. Игры на свежем воздухе / Сост. В.В. Маркевич. – Минск, 2004. - 11 с.
5. Павлова Л. Игры как средство эколого-эстетического воспитания / Дошкольное воспитание. 2004. №7. - 14 с.

ӘОЖ 373

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ДАМУ

Кошербаева А.А.

№28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасы, Астана қ., Қазақстан

Бала – біздің болашағымыз, еліміздің ертеңі, ұрпақ жалғастығы мен дәстүр сабақтастығын сақтап, ата-бабадан келе жатқан ғасырлық мұраны жеткізуші. Қазақ даналығында «Адам ұрпағымен көрікті», «Адам ұрпағымен мың жасайды», «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ» деген мақал-мәтелдер тегіннен-тегін айтылмаған. «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» деп түсінген қазақ халқы бала дүниеге келген сәттен бастап, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, асыға күткен перзентінің адал азамат болып қалыптасуы жолында барын салған. Бала тәрбиесі мен тәліміне, өнегесіне ерекше ден қойып, жасы кіші болғанымен, үлкендердің кеңесіне құлақ түргізіп, ақыл мен парасатты меңгертуге тырысқан. Сондықтан болар, небір би-шешен, батырларымыз шаршы топта сөз бастап, қол бастап, жастайынан зеректігімен, алғырлығымен көзге түсіп отырған. Бұл дегеніміз: қазақтың бала тәрбиесіне қатты көңіл бөліп, оның жақсы адам болып шығу үшін барын салатынын дәлелдейді.

Бала тәрбиесі қай заман болса да өзекті деп санаймыз. Өйткені, еліміздің болашағы – бүгінгі кішкентай балапандарымыздың қолында тұрғандықтан, біз өзіндік сара жолы анық, айқын қалыптасқан, еркін ойлай алатын, өнерлі, ақ пен қараны ажыратып, әділдікке қол жеткізе алатын тамаша ұрпақты тәрбиелеп шығаруымыз керек. Балаларымыздың саналы азамат болуы үшін барымызды салып, ұлттық құндылықтарды меңгертіп, рухты қылып тәрбиелеуге тиіспіз деп ойлаймыз.

XXI ғасыр – ақпарат пен компьютерлік технологияның қарыштап дамыған кезеңінде адамзат баласының ойлау деңгейі өзгеріп, озық технологияларды меңгеруінің арқасында сан салалы өнері дамып келе жатқаны бәрімізге аян. Бүгінгі балаларымыздың тәлім-тәрбиесінде де жаңашыл, зерттелген технологияларды қолдана отырып үйретудің, меңгерудің мәнісі зор деп білеміз. Әсіресе, ойын арқылы үйрету, оқыту технологиясын қолдану жақсы нәтижелерге алып келеді. Себебі, балабақша жасындағы балалардың даму деңгейіне, жас және дара ерекшелігіне сәйкес «ойната отырып ойлату» тәсілін қолданудың берері мол. Өзім балабақшада жұмыс жасайтын болғандықтан, ойын әрекеті арқылы балалардың қызығушылығын оятуға, ынтасын арттыруға, бір жағынан, көңілін көтеріп, сергіте отырып меңгертуге болатынына көзім жетеді. Бұл ретте, әрине, ұлы педагогтер В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко сынды ұлы педагогтердің айтқан пікірлері мен зерттеулерін негізге ала отырып, әдіс-тәсілдер түрлері әлі де болса зерттелу үстінде екендігі анық. «Балалық, бөбектік шақта ойын – жетекші әрекет түрі болып табылады» [1, 45]. Қазақ ағартушылары да балаға тәлім бергенде ойынның маңызы жоғары екенін айтып өткен. Мәселен, Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Балалықтың қанына ойын – азық», - деп бекер айтпаса керек. Әсіресе, мектепке дейінгі балалардың ең негізгі әрекеті – ойын болып табылады. Бала ойын ойнап, ән салып, өзінің құштарлығын аттырып, балалық шағының бал дәмін татады.

Ойын әрекетінің берері мол деп жоғарыда айттық. Көрнекті фольклортанушы Әбубәкір Диваев ұлттық ойындарды зерттегенде, балалар өмірі үшін олардың маңыздылығы мен жас ерекшелігіне сай ұлттық ойындар тізбегін атап көрсеткен екен. Ұлттық ойындар, бүгінгі кезеңдегі рөлдік ойындар, қайсысы болсын, баланың танымы мен ой-өрісінің дамуына ықпал етеді. «Қазақтың ұлттық ойындары тек ойын-сауық жағынан ғана емес, ол – спорт, ол – өмір сүру үшін маңызы бар үлкен тәрбие құралы, сонымен қоса, ұлттық ойындар ерлікті, ептілікті, тапқырлықты, табандылықты, тағы басқа мінез ерекшеліктерін қалыптастырады» [2, 5]. Мәселен, «асық» ойыны балаларды ептілікке, шапшаңдыққа

баулыса, «санамақ» ойыны есте сақтау қабілетінің артуына, зейінді болуға үйретеді. Сондай-ақ, балабақша жасындағы балаларға жұмбақтар жасыру зеректікке баулыса, жаңылтпаштар жаттатқызу тілін сындырып, анық, дәл сөйлеуіне негіз болады. Біз әрқашан қандай тәсілдерді қолдансақ та, халықтық тәрбие мектебін негізге ала отырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуді мақсат етуіміз керек деп есептейміз.

Баланың жас ерекшелігіне сай қандай ойын түрі қызығырақ болатынын тәрбиешінің өзі жақсы білуі керек. Ғаламтордың көмегі арқылы қазіргі уақытта қаншама ойын түрлерімен танысып, оны сабақта қолданудың мүмкіндігі орасан зор. Бала қиялы мен ақылын дамытуда қолданылатын ойын түрлерін жас ерекшелігіне сай дұрыс әрі тиімді пайдалана білу, баланың қызығушылығына сай іріктеп алу – тәрбиеші мұғалімнен шеберлікті талап етеді. Мәселен, рөлдік ойындарды «Әке мен бала», «Ана мен бала», «Мұғалім мен оқушы», «Дүкенші мен тұтынушы» деп бөліп, аталған ойындар арқылы түрлі жағдаяттардан шығуға көмектесу, қарым-қатынас жасау мәдениетін ұқтыру, үлкенді сыйлауға үйрету сынды қағидаларды 4-5 жастағы бүлдіршіндерге қолдануға болады. Ал, одан кіші жастағы балалар үшін ұсақ моторикасын дамыту маңызды. Ол үшін суреттер салғызу, бояту, қалам ұстатып үйрету, құммен ойнату, секірту, доппен ойын, конструкторлармен жұмыс істеу сынды қаншама ойын түрлерін пайдалануға мүмкіндік бар. Ойын – бала үшін қашан да қызықты әрі жалықтырмайтын, әрі ақылын одан әрі дамыта түсетін әрекеттің бірі. Балалардың басым уақыты ойнаумен, сол арқылы ойлай білу қабілетінің дамуымен өтеді. Бала ойын арқылы өседі, дамиды, жетіледі. Сондықтан, бала үшін ойынның маңыздылығы өте зор деп түсінеміз.

Алғашқы ұстазымыз Ыбырай Алтынсариннің атасы Балғожа би Ыбырайға: «Үміт еткен көзімнің нұры балам...», - деп хат жолдаған екен. Иә, бала – біздің көзіміздің нұры, оның айналасына сәуле шашып, қуанта түсуінің өзі, түрлі қылықтар шығарып, тәтті тілімен баурауының өзі үлкен бақыт саналмайды ма? Біз өмірге енді ғана келіп, бейімделгелі жатқан балапандарымыздың қанатын қомдап, жетелеп, қатайтуымыз керек. Ол үшін, әрине, жоғарыда атап көрсеткендей, ойын әрекетін пайдаланғанда нәтижелі жұмыс болмақ. Өйткені, ойын әрекеті баланы дамытып қана қоймай, қарым-қатынас жасау дағдысының қалыптасуына, ортамен тіл табысуға, шапшаңдыққа, батырлыққа, табандылыққа, мықтылыққа үйретеді. Біз, тәрбиешілер, әр баламыздың ерекшелігіне сай келетін ойын түрлерін дұрыс қолданып, олардың қызығушылығын арттыра алғанда, балаларымызды жан-жақты етіп тәрбиелеп шығара аламыз. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарымызды сіңірту үшін ұлттық ойын түрлерін қоса алып жүру жақсы нәтижелерге апаратынына сенім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұхамбетова С.Қ. Педагогика және педагогикалық технологиялар (оқу құралы) / Ақтөбе, 2001. – 108 бет
2. Құланова Қ.Қ. Ұлттық ойындарды оқытуда қолданылатын әдістемелік құрал / Астана: Е.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2008. – 86 бет

ӘОЖ 37.373

ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Қ.С.Көшен¹, Г.Б. Бейсенбекова², Г.М. Сарсенбаева³

^{1,2}Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

³Мальтадағы Американдық университетінің Сапа департаментінің директоры

Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді. Баланың бойындағы қабілетті ашу шығармашылық бағытта дамуына жетелейді. Осы орайда логикалық ойлау қабілетін дамытудың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың мынандай заңдылықтар: «Нені отырғызу керек?», «Нені орналастырсам екен?», «Сыңарын табындар?», «Әзіл жұмбақтар», «Логикалық есептер», «Пішінді орналастыр» логикалық ойын түрлерін айтуға болады. Осындай ойындарды тапқырлықпен, ізденпаздықпен орындаған балалардың білімділік дағдылары қалыптасып жақсы нәтиже береді. Балалардың логикалық ойлауларын дамытудың негізгі кезеңіне жатқызуға болады. Өйткені балалардың ойлары осы кезде нақты-бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды.

Адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында

шындықтың көрінісі, оның бейнелі сәулесі қылаң береді. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, денешынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді. Балалармен ойналатын ойындардың түрлері өте көп, соның бірі баланың тікелей танымдық дамуына әсер ететін-логикалық ойындар.

Логикалық ойындардағы негізгі міндет – балалардың білімін байыту, ойлау қабілеттерін қалыптастыру. Ойлау – шығармашылық әрекеттің негізі болып табылады. Логикалық ойлау адамның интеллектуалдық қабілеттерінің негізін құрайды. Ғұлама ғалым Әл-Фараби өзінің «Логикалық кіріспе» деп алатын трактатында логика өнері сананы әркез қастерлеуден сақтандыратынына, дұрыс ойлауға бастайтын заттардан тұратындығына тоқталып, олар саналы қорытынды жасауда адастырмайтындығын айтқан [1]. Сондықтан логикалық ойлай алу қабілетіне балаларды үйрету өте маңызды. Логикалық ойлауға, қызықты көп тапсырмалар балаларды талпындырады, мысалы:

1. Тышқанды ірімшікке дейін жетуге көмектес. Жасыл қарындашпен керек жолын көрсет.
2. Қолшатырларды сана. Оң жақтағы текшенің ішіне санын жаз.
3. Неше бас киім? Балалар нешеу? Артық бас киімдер бар ма? Неше бас киім артық?
4. Зандылықты бұзбай, жетіспейтін үйді тап.
5. Әр жолақшадағы дөңгелек болатын бөліктерді белгіле.
6. Сол жақтағы сандармен оң жақтағы сандардың айырмашылығын айт.
7. Үстел үстінде 3 шанышқы, 3 пышақ және соншама қасық жатыр. Қанша адамға үстел әзірленген? Шанышқының, пышақтың, қасықтың барлық саны қанша?
8. Ойын «Көңілді санау»
9. Ойын «Сықырлы сызғыш»

Сонымен, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуы үшін логикалық ойындардың орны ерекше. Ойын – мектеп жасына дейінгі кезден басталып адаммен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі. Ойын – балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал, баланың психикасында сапалы өзгерістер тудырады: бала зейінінің, жадының қалыптасуына ойлау, қиялдау қабілетінің дамуына әсер етеді [2]. Логикалық ойлау шығармашылық және таным әрекетінің негізі болып табылады. Оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті.

Ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. «Логикалық ойлау» дегеніміз – логика заңдылықтарын пайдалана отырып, ой-пікірлерді тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі. Баланың логикасын дамыту ұғымдарын өсіру, оқу-тәрбие үрдісіндегі ұдайы жүргізілетін жұмыс. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту талаптары [3]:

- Сабаққа балаларды түгелдей қамту;
- Жеке дара қасиеттерін ескере білу;
- Іс-әрекетке қызықтыра білу.
- Ынталандыру

Логика ойлау әрекетінің жарты шары. Ал ойлау әрекетінің негізгі көмекшісі ол – ойын. Ойын барысындағы танылғанның барлығы есте оңай сақталады. Ойынның логиканы дамытатын түрлері көп. Мұндағы ойындарды кез келген жағдайда: сабақ барысында, серуенде, тіпті саяжайға бара жатқанда да ойнауға болады. Осы негізді басшылыққа ала отырып, мектепалды даярлық тобы балаларымен жүргізуге болатын іс-тәжірибеден мынадай ойын жинақтарын ұсынуға болады. Баламен әзілдесіп, оны өзіңмен тең ұстап ойнаған ұтымды.

Пішіндер әлемі Ойын шарты:

Геометриялық фигуралар дайындағанда көлемдері бойынша әрқилы қылып дайындаймын және балаларда көлем, пішін, саны жайында түсінік қалыптасады.

Бала сипаттағанда:

- «үлкен – үлкенірек – ең үлкен»,
- «кішкентай – кішірек – ең кішкентай»,
- «биік – биігірек – ең биік»,
- «ауыр – ауырырақ – ең ауыр»,
- «жеңіл – жеңілірек – ең жеңіл»,
- «терең – тереңірек – ең терең»,

«жарық – жарығырақ – ең жарық»,

«қараңғы – қараңғырақ – ең қараңғы» және т. б. тиісті салыстырмалы және таңдаулы шырайдағы салыстырмалы сын есімдерді дұрыс өзіндік дербес қолдануға үйретемін.

«Санына қарай салыстырайық» ойыны

Ойын шарты: Бастапқыда балаларға қай жерде ойыншықтың көптігін, ал қай жерде аздығын көзбен анықтауды ұсынамыз, яғни, үзіліссіз мөлшерлерді салыстыра бастаймыз. Алғашқы мысалдардың жауаптары көзге көрініп тұруы қажет.

«Жеуге жарайтын – Жеуге жарамайтын» ойыны

Ойын шарты: Осы ойынды топпен жіктеу ойынын бәріміз білеміз. Ұқастығына байланысты басқа да белгілерді таңдауға болады: тірі – тірі емес, қозғағышы бар – қозғағышы жоқ, дөңгелегі бар – дөңгелегі жоқ және т. б.

Төртінші артық» ойыны

Ойын шарты: Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет. Есту арқылы жұмыс жасау: тәрбиеші сөздер айтады да, солардың ішінде басқаларға сәйкес келмейтінді бөліп көрсетуді сұрайды, мысалы: 3 шеңбер, 1 төртбұрыш (пішін бойынша), 3 қызыл пішін және 1 жасыл пішін (түс бойынша)

«Мен не жасырдым?» ойыны

Ойын шарты: Балалардың алдына 3 - 4 түрлі заттар немесе қос суреттер қойылған. Балаларға сұрақ қою арқылы мен айтқан карточкамды немесе затты табуы керек. Әрбір сұрақтан кейін, әрі қарай қарастырылмайтын карточканы алып тастатып отырамын Мысалы, «Ол тірі ме?» деген сұраққа «иә» деп жауап берілсе, тірі емес заттар бейнеленген карточкаларды төңкеріп немесе алып тастаған жөн, ол баланың әрі қарай ізденуін және сұрақ қоюын жеңілдетеді.

1 - 10 - ға дейін санау ойыны

Ойын шарты: Бала 1 - 10 аралағында таңбаларды тани білу. Аталған санға байланысты қимыл жасап үйретемін. Мысалы шапалақтап санау, немесе түрлі санамақпен жаттатамын

«Орнынды тап» ойыны

Ойын шарты: Балалар реттік номерімен тұрады да тәрбиеші «Ап, қасқырым аш» деп балаларды ойнап қуса балалар «қасқырдан» құтылғаннан кейін тез өз орындарын реттік номерімен тауып алу керек

«Қойма» ойыны.

Ойын шарты: Тәрбиеші «Әй, бүлдіршін! Қасқырлар мен лақтарды жинаңдар дейді. Мына жерге салыңдар деп 2 қорап ұсынады. Балалар ойыншықтарын, карточкаларын жинай бастайды, сол кезде тәрбиеші сен тағы қасқырлар мен лақтарды бір жерге жинап қойдың ба? Сенің лақтарыңнан түк те қалмас, қасқырлар лақтарды жеп қояды ғой!»,- деп баланы заттарын жүйелеп жинауға үйретеді

«Қажет суретті тап».

Ойынға қажет заттар: Үлкен және кішкене суреттер немесе қуыршаққа арналған ыдыстар, пластилиннен жасаған заттар, конфет, бауырсақ, т. б. Ойын ережесі: Егер ойын суреттермен жүргізілсе тәрбиеші - үлкен суретті балалардың бәрі көретіндей орынға іледі. Мысалы: үлкен тарелка немесе орамал ұстаған қыздың суреті. Балалар қораптағы суреттердің ішінен тақтаға ілінген сурет мазмұнына сәйкес заттардың суретін алып үстелге қояды. Не істегені туралы айтады.

Ойындар балалардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез - келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, балалардың көңіл - күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және өтілген тақырыпты жеңіл меңгеруге көмектеседі. Тақырыпты ашу барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі қолданылып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана тәрбиешінің тақырып мақсатын ашуына мүмкіндік береді.

Логикалық ойындар баланың интеллектуалдық деңгейін көтеретін болғандықтан әр оқу іс-әрекетінде тапсырмаларды түрлендіріп, қызықтырып қолдану қажет. Мектепке дейінгі ұйымдарда қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру оқу іс-әрекетін балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады.

Интеллектуалды қабілеттердің дамуы үшін қолайлы кезеңі мектепке дейінгі балалық шақ десек, онда осы кезде бала өздігінен талдауды, пайымдауды, заңдылықтарды ұстауды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауды үйренеді. Қабілеттердің басқа түрлерімен салыстырғанда, зияткерлік қабілеттердің ерекшелігі - олар жеке әрекет түріне емес, барлық бағыттарға қолданылады. Интеллектуалды қабілеттер неғұрлым дамыған болса, бала көптеген тар бағыттағы іс-шараларда

соғұрлым тиімді болады, өйткені пайда болған мәселелерді шешудің жаңа әдістері мен тәсілдерін табу үшін өз бетінше ойлана алады

Әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны белгілі бір бағытқа жетелеу, тәрбиеші парызы. Логикалық ойындар балалардан тек қана математикадан білім емес күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жағдайға байланысты білімді талап ететін тапсырмалар. Балалардың байғақыштығын дамытуға негізделген логикалық ойлауды дамыта оқытуды негіздеу үшін логикалық ойлау ұғымын терең түсіну керек. «Ойлау - логиканың заңдылықтармен формаларына бағынады. Соңын ішінде баланың танымдық қабілеттерін дамытуда логикалық ойындар ерекше рөл атқарады [4]. Ең алдымен, әдемі сөйлеуге дағдыландырса, логикалық тапсырмаларды шешуге деген құлшыныс, олардың жаттау қабілеттерін, танымдық ой- өрісін дамытады. Логикалық ойындар барысында бала өзінің қоршаған ортадан көргенін, байқағанын өзінің өмірінен алып, оны басқаша қайтадан тереңірек беруге тырысады. Бала өзінің қоршаған ортаны адамдар арасындағы қарым қатынасты білуі мен сенуі ойын негізінде жүзеге асатындықтан тәрбиеші логикалық тапсырмалар түрлерін тиімді пайдаланғаны жөн. Мұндай тапсырмалар арқылы баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетін, дүниетанымын дамытамыз.

Жалпы қорытындылай келе, баланың логикалық ойындар арқылы танымдық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстар жүйеленді және оны ұйымдастырудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері айқындалды, ол өз ретінде, балалардың логикалық ой- қабілеттерін қалыптастыру жұмысының жағдайын бір шама арттырады.

Әдебиеттері тізімі

1. Жарықбаев Қ. Психология / Жарықбаев Қ. – Алматы – 2002.
2. Сағатбекова К. Баланың логикалық ойлауын дамыту / Сағатбекова К. – Отбасы және балабақша, 2008. №5.
3. Рахымбек Д. Логикалық ойлау қабілетін дамыту / Рахымбек Д. – Қазақстан мектебі – 2008. №10, №11.
4. Шегебаева Б. Бала логикасын дамыту. / Шегебаева Б. – Отбасы және балабақша – 2008.

ӘОЖ 373

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ-ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТКЕ ЕНУ ЖОЛЫ

С.Т. Кударина¹, П.К. Бекжасарова²

^{1,2}«Толағай» бөбекжайы КМҚК, Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірі жағдайында қоғамды жетілдірудің басым бағыттарының бірі ұлттық дәстүрлерді рухани жаңғырту болып табылады. Әлемдік қоғамдастық шеңберіндегі интеграциялық үрдістер мен этномәдени өзіндік сананың артуы ұлттық мәдениеттердің дамуына көбірек көңіл бөлуде.

Тәрбие - бұл жан-жақты дамыған, әлеуметтік маңызды тұлғаны қалыптастыруға бағытталған интеграцияланған процесс. Ұлттық тәрбие оқу процесінің нәтижесі ретінде емес, әлемдік мәдениетке енудің бірінші кезектегі құралы ретінде әрекет етуі маңызды. Тәрбиенің ұлттық негіздемесі-бұл ең күрделі процесс, және оның тетіктерінің бірі-ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және нақты өмірлік шындықта игерілетін қоғамның лайықты мүшесін тәрбиелеудің халықтық жинақталған әдістері білім беру жүйесіне енгізу. Бұл әлеуметтік тәжірибені, жеке және әлеуметтік мінез-құлық нормаларын, дәстүрлі өмір салтын және этникалық идеологияны жеткізуден басқа ештеңе емес.

«Қазақстан Республикасындағы этномәдени білім беру тұжырымдамасында» ұлттық бірегейлік өз тарихындағы, мәдениетіндегі оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлттық батырларды қастерлеу нәтижесінде қалыптасатыны атап көрсетілген. Нормативтік құжаттарда көрініс тапқандай этномәдени бірегейлікке қол жеткізу міндетін шешудің негізгі құралы отбасында, мектепке дейінгі мекемелерде, ұлттық-мәдени орталықтарда оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны болып табылады [1].

Бағдарламаны іске асырудың негізгі міндеттерінің бірі еліміздің патриоттық, мәдени-тарихи дәстүрлері негізінде мәдени және адамгершілік құндылықтарды сіңіру болып табылады. Бұл бағыттағы педагогтың міндеті-балаларды жарқын және қызықты жұмыс түрлері арқылы халықтың мәдениетімен, әдет-ғұрыптарымен және дәстүрлерімен таныстыру. Ең алдымен, педагог өзі өз өлкесінің мәдени ерекшеліктерін білуі керек. Тәрбиеші педагогикалық процестің мәнін түсініп, баланы жеке тұлға

ретінде қалыптастыруда, импровизацияда этнопедагогика құралдарын қолдануы керек. Мектепке дейінгі балалық шақ-адам өмірінің жарқын кезеңі. Бала одан не шығарады? Әрине, ананың жарқын бейнесі, отбасылық ошақтың жылуы, өз ауылының естелік орындары. Ең құнарлы жол-ұмытылған ұлттық құндылықтарды жаңғырту. Бақытымызға орай, балалық шақ-бұл ұлттық мәдениеттің бастауларына шынайы сусындау мүмкін болатын уақыт.

Біздің балабақшада әртүрлі ұлттардың балалары бірге тәрбиеленуде. Сол ұлт өкілдерін халқымыздың асыл мұраларымен таныстыра отырып, олардың бойына елімізге деген құрмет пен патриоттық сезімді дарытуда түрлі іс-шаралар атқарылып жатыр. Солардың көш басында тұрағаны-халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы елін тәрбиелеу.

Кез-келген ұлттық мәдениеттің негізі-халық өзінің ғасырлық тарихында жасаған фольклорлық шығармалар. Халық ауыз әдебиеті баланың бойына ізгілік пен адамгершілікті сіңіретін бірден-бірден жол десек те болады. Ертегілер арқылы бала адам туралы, ондағы мәселелер және оларды шешу жолдары туралы терең білім алады. Ертегілер өмірді растайтын үлкен мағынаға ие, өйткені адам оларда ең жоғары құндылық деп танылады. Ертегіні қабылдау-бұл баланың ертегі кейіпкерінің позициясына ауысуы, оның жолында тұрған кедергілерді жеңуге тырысуы. Осылайша, өмірлік даналық ертегілерде бейнеленген ғасырлар бойғы халықтық тәжірибенің нәтижесі ретінде көркемдік кемелділікпен, бейнелі шешімдердің айқындылығы мен қол жетімділігімен үйлесіп, ертегіні құнарлы педагогикалық материалға айналдырады [2].

Ауыз әдебиетінің кішігірім жанрлары, яғни мақал-мәтелдер, жаңылпаштар қысқа, поэтикалық бейнелілігімен ерекшеленеді, адамгершілік нормаларын, мінез-құлық ережелерін, адамдармен қарым-қатынас дағдыларын есте сақтау үшін маңызды.

Балабақшада мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу меен оқытуда ұлттық құндылықтарды қолдануға көп көңіл бөлінеді. Мысалы, дене шынықтыру минуттарын өткізу үшін «Қара жорға» қазақ халық биі немесе қазақ ұлттық жылжымалы ойыны түріндегі фольклорлық гимнастика сәтті пайдаланылуда. Себебі халық билері халықтық мәдениеттің элементі ретінде ұлттық және ұлтаралық бала тәрбиесінде де үлкен маңызға ие. Бұл қозғалыстар мен кимылдар арқылы халықтың көзқарасын, дүниетанымын білдірудің символдық тәсілі. Хореографиялық өнердің әрбір жанры қоршаған әлемді, адамды және адами қарым-қатынасты тануға ерекше мүмкіндіктер береді. Би өнері әр этностың, этникалық топтың мәдениетінде қандай да бір дәрежеде, формада болады. Бидің тірі бейнелерінде адамдар адамды қалай көргісі келетінін, қандай мінез-құлық белгілері мен мінез-құлық үлгілері еліктеуге лайық екенін көрсетті [3].

Ұлттық құндылықтарды үйретудің біз қолданып жүрген тәсілдердің бірі-рөлдік ойындар. Балалардың дамуының барлық жас кезеңдерінде көркем әдебиетке қызығушылық тудыру маңызды. Драматизация, рөлдік ойындарды ұйымдастыру балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, халықтық дәстүрлерге, республикамыздың шегінде бар ұлттық мәдениеттердің ерекшеліктеріне қызығушылықты оятады.

Біздің балабақшаның тәрбиешілері ұлттық құндылықтар элементтері бар ұйымдастырылған іс-әрекеттер негізінде зияткерлік ойындарды да сәтті өткізуде. Жұмысқа ата-аналар белсенді қатысады. Олар өз бұйымдарын қазақ халқының қолданбалы өнер көрмесіне әкеледі.

Біз «Әжемнің сандығы» қолөнер байқауын өткіздік. Ата-аналар аса қызығушылықпен іске асырды. Әрқайсысы қолөнер жасау тарихынан шағын әңгіме жазды. Бұл кестелер, жіп қуыршақтары, ежелгі қазақ халық костюмдері, саздан жасалған мүсіншелер, қайың қабығынан жасалған бұйымдар, ағаш ыдыстар. Жалпы, олар қолдарынан келгеннің бәрін әжесінің сандығынан алды. Балабақша тәрбиешілері балалар мен олардың ата-аналарына экскурсиялар өткізді.

Біздің балабақшада ұлттық кеңістік құрудың ең кең тараған тәсілі-жекелеген бұрыштарды безендіру. Мысалы, киіз үй, ұлттық ыдыс-аяқ, қазақ халқының үй жануарлары, олар баланың өз халқының өміріне, мәдениетіне, қолөнер тарихына деген қызығушылығын қалыптастырады. Нәтижесінде бала өсіп, ата-бабаларының мұрасын сақтауға тырысады.

Біздің мекеменің әр жас топтарында ұлттық киімдерді, музыкалық аспаптарды, қазақ ойыншықтарын және ұлттық рәміздерді күнделікті қабылдауды қамтамасыз ететін қазақ ұлттық мәдениетінің бұрыштары рәсімделеді.

Балаларды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде әрбір халық ойыншықтарына ерекше көңіл бөлген. Халық ойыншықтарымен ойындар балаларды қиялға, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты дамытуға шақырады. Халық ойыншықтарының арасында ерекше орын алатын-қуыршақ. Сол қуыршақтарға қазақ есімдерін беру арқылы да балалар халқымыздың құндылықтарына жақындата түсеріміз хақ [4].

Халқымызға тән сондай бір ерекше ойыншықтың бірі-асық. Асық ойыны ежелден келе жатқан қазақ халқының ата-бабаларымыздан қалған ұлттық көне мұра ретіндегі адамдарды бауырмашылыққа, ептілікке, ұжымдыққа біріктіретін бренд ойындарының бірі болып табылады. Бұл ойын баланы жүйке жүйелерін шыңдап, оны шыдамдылық, дәлдік, мергендік, шымырлыққа тәрбиелеу құралы. Асық - жас баладан бастап ересек адамдар ойнайтын ойындарда қолданылған.

Қазіргі кезде балалардың арасында ұялы телефонға телміру, ойын автоматтарына құмар болу нәтижесінде көптеген қайғылы оқиғалардың орын алуы мен балалардың жүйке жүйесінің өзгеріске түсу қаупі жоғарылағандығын дәлелдеп дәрігерлер мен ғалымдар дабыл қағуда. Ақпараттар ағыны толассыз ағылған мына заманда ғаламтордың пайдалы жағымен қатар зиянды жағы да бар екендігін мойындаймыз. Асықпен көптеген ойындар байланысты. Мәселен, «Ханталапай», «Асық ату» сияқты ойындары. Ол 1-суретте көрсетілген.

1-сурет



«Асық ату», «Ханталапай» ойындарын ойнау сәті

Биылғы оқу жылында балабақшамыз «Асық-ұлттық бренд» жобасы аясында жұмысын жалғастырғалы отыр. Осы орайда балабақша педагогтары балалардың танымын, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда түрлі ойындар жасап, оларда күнделікті күн тәртібінде пайдалануды бастап кеттік. Асықтармен жабдықталған бұрыш ашып, оларды өз қолымызбен жабдықтадық. Былтырғы оқу жылында «Асық акциясын» ұйымдастырып, екі мыңнан астам асық жиналды. Сол жиналған асықтар да түрлі ойындар жасалуы үшін пайдаланылуда. Ол 2-суретте көрсетілген.

2-сурет



Демек, ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан ұлттық ойындарды, оның ішіндегі асық ойынының пайдасы мол ұлттық бренд, ұлттық қазына, құндылық ретінде тануға дәлелдің сан қырлы екендігін мойындауымыз керек. Заманауи ойындармен салыстырғанда асық ойыны ешқандай қаражат жұмсамайтын, ғаламтор мен ойын автоматтарын қажет етпейтін, далада да, үй ішінде де ойнауға болатын қызықты ойын.

Қазір біздің Республикамыз Тәуелсіздігі нық болған кезде ежелгі мәдениет тұрақты түрде жанданып, қазақтың ұлттық ойындары дамып жатыр. Қазақ ұлттық ойындарының ерекшелігі-балалардың ақыл-ойының, ойлау жылдамдығының, қиялын байытудың және баланың шығармашылық өзін-өзі көрсетуінің дамуы үшін мүмкіндіктердің болуы. Қазақ ұлттық ойынын мектеп жасына дейінгі

балалардың ақыл-ой дамуының құралы ретінде қарастыруға болады. Қазақ халқының ұлттық ойындарының мазмұнында баланың дүниетанымын жеткілікті дәрежеде кеңейтетін, оның әлем, ел, туған халық туралы түсініктерін нақтылайтын танымдық ақпараттар жинақталған. Сол себепті балалардың бойына халқымызға деген құрмет пен мақтаныш сезімдерін оятуда ұлттық ойындарды қолданбау мүмкін емес. Оны дене шынықтыру нұсқаушысы да, қазақ тілі мұғалімдері де, музыка жетекшілері де, тәрбиешілер де қолданады.

Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуде аз жұмыстар атқарылған жоқ. Ол жұмыстар кешенді түрде жасалғанда ғана жеміс берері сөзсіз. Сондықтан ертеңгі болашағымызды жарқын етер бүлдіршіндерді тәрбиелеуде талмай еңбек етуіміз керек. Педагог өзіне артылған жүкті түсінгенде ғана нәтиже шығады. Елін сүйіп, құрметтер ұрпағымыз көп болсын. Себебі ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана әлемдік мәдениеттің бір бөлшегі боламыз.

Әдебиет:

1. Ә.Табылдиев Қазақ этнопедагогикасы. Алматы, 2001 ж.
2. К.Ж. Қожахметова Халық педагогикасын зерттеудегі кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. Алматы, 1993.
3. С.А. Козлова Дошкольная педагогика: учебное пособие для студентов средних учебных заведений. Москва, 2000.
4. А. А. Меңжанова Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу. Алматы, 1987 ж.
5. К.Б.Жарықбаев, С. Қалиев Қазақ тәлімінің тарихы. Алматы, 1995 ж.
6. Б.Төтенаев Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, 1994 ж.

ӘӨЖ- 373.21(072)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛІК БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Кусаинова А.А.

Астана Халықаралық университетінің, Педагогикалық колледжінің
Мектепке дейінгі бөлім оқытушысы, Астана қаласы, Қазақстан

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі Республиканың мемлекеттік саясаты мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім алу үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге және тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға бағытталған. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауын орындау, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген.[1] Осыған орай, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білімді дамыту бағдарламасында балаларды сапалы мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеумен толық қамтуды қамтамасыз ету, балаларды мектепке дайындау үшін олардың мектепке дейінгі тәрбие және оқу бағдарламаларына тең қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру ұйымында тәрбиелеу мен білім беру процесін жоспарлау мен ұйымдастырудағы жаңа тәсілдері мен баланың мүдделеріне, қажеттілігі мен әлеуметтік дағдыларының дамуына баса назар аударуда. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбие мен оқыту бағыттарын қоғам сұраныстарына сәйкес құру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсіби білімдерін жетілдіру, оқу тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға бағыт-бағдар беру, озық іс-тәжірибелер мен идеяларды насихаттау негізінде жүргізіледі. Білім мазмұнының жаңартылуы жаңа талап, жаңа міндеттер қояды. Жаңа білім беру жүйесі дәстүрлі оқыту үдерісін түбегейлі өзгертуді және оқытудың жаңа технологияларын оқыту үдерісіне тиімділікпен енгізу жолын негіздейді.

Балалардың ой-дағдысын, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы, дене бітімі мен ақыл-есінің дамуын, оқыту тілін меңгергендігін, жаңа технологияларды қолдана білуін, білім сапасын ескерген жөн. Бұл міндеттерді орындау барысында педагогтың жұмысы күрделенбек. Бұл жаңа бағыт оқудың нәтижесін алдын ала болжап және сол арқылы балалардың өзін-өзі дамытуға қатысуын мүмкін етеді. Жаңа педагогикалық технологиялар жүйесін қалыптастырған еңбектер мен зерттеулерде қазақстандық білім беру ұйымдарының болашағына игі ықпалын тигізер жолдар мен бағыттар да айқындалды. Баланы білім беру үдерісінің нысаны ғана емес, сол үдеріске қатысушы маңызды субъектісі деп санап,

оның ана тілінде терең ойлай алуы мен шебер сөйлеуін, сауатты жазу тілін дамытып, оқу барысында алған білімі мен игерген машық-дағдыларын өмірдің қажетті жағдаяттарына сай әрі дұрыс қолдана алатын дәрежеге жеткізу – жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мақсаты. Тәрбиеленушілердің тұлға ретінде қалыптасуына көмектесу, білім алып, өзінің қабілеттерін ашып, дербес дамуына жол көрсету – заманауи әдістерді қолдану қажеттілігін айқындайды.

Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл мектепке дейінгі оқытуда инновациялық үрдістердің дамуымен байланысты болып отыр. Қазіргі заманғы педагогтардың заманауи технологияларды білуі – уақыт талабы. Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп қана қоймай, сонымен қатар мынандай маңызды салаларды интуиция, образдық ойлауын дамытады. Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру. "BilimKids.kz" технологиясы бойынша жұмыс атқару кезінде педагогтар тек тәрбиеленушілерді жақсы танып қоймай, өздерінің қабілеттері ашылады. Ата-аналардың балабақшадағы іс-шаралардың белсенді қатысуына арналады.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбие мен оқыту бағыттарын қоғам сұраныстарына сәйкес құру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсіби білімдерін жетілдіру, оқу тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға бағыт-бағдар беру, озық істәжірибелер мен идеяларды насихаттау негізінде жүргізіледі. Инновациялық іс- әрекеттің мазмұны мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу- тәрбие үдерісінде қолданылатын бағдарламаларды басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі педагогика мен психология, элеументтану, медицина саласындағы ғылыми- зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде анықталады. Білім беру үрдісін технологияландыру педагогтардың балалар әрекеттерін ұйымдастыру мен мектепке дейінгі білім берудің сапасына оң әсер етеді. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – электронды оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Балабақша баласына электронды оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады.

Мультимедиялық электронды оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады. Электрондық оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Электрондық оқулықтарды пайдалану балалардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы электронды оқулықпен оқытудың мынадай басты міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: сапалы білім беруге бағытталған үздік білім беру технологияларымен қамтамасыз етуге; әрбір баланың жеке дамуын кешенді қамтамасыз етуге; толыққанды білім беру кеңістігін құруға; білім беру процесін технологияландыру; мектеп жасына дейінгі балалар мен тәрбиеші педагогтардың инфокоммуникациялық мәдениетін дамытуға [2]. Электронды оқыту құралдарына кейс технологиялар, ТВ – технологиялар, ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың интеграциясына негізделген желілік технологиялар жатады. Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсаты – баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы электронды оқулықпен оқытудың мынадай басты міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: сапалы білім беруге бағытталған үздік білім беру технологияларымен қамтамасыз етуге; әрбір баланың жеке дамуын кешенді қамтамасыз етуге; толыққанды білім беру кеңістігін құруға; білім беру процесін технологияландыру; мектеп жасына дейінгі балалар мен тәрбиеші педагогтардың инфокоммуникациялық мәдениетін дамытуға мүмкіндік туғызады. [3]. Бүгінгі таңда заманауи талаптарға сай баланың жан - жақты дамуына - "STEAM" технологиясының рөлі жоғары. Steam-білім әлемдегі негізгі трендтердің бірі. Steam технологиясы алғаш рет АҚШ-та балаларды жоғары технологиялық дамыған кеңістікте өмір сүруге дайындауға бағытталған әдістемелік - пәндік ортада балалардың қызметін ұйымдастыру үшін қолданылды. Мектеп жасына дейінгі балалардың практикалық іс-әрекет дағдыларын дамытудан басқа STEAM-технологиясы балалардың нақты өмірлік жағдайларды бастан кешіруіне жағдай туғызады. Пәндік-кеңістіктік даму ортасындағы әдістер баланың санасында әлемнің тұтас бейнесін жасауға көмектеседі. Мысалы, "Лего" конструкторлары, ағаш конструкторлары, ойыншықтары модельдеу, зерттеу жұмыстары баланың логикалық ойлау және шығармашылықты қабілеттерін дамытуды қамтиды. STEM білімі алты

модульден тұрады. Әрбір модуль STEM-білім беру мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге бағытталған:

1. "Ф.Фребельдің дидактикалық жүйесі" білім беру модулі - қоршаған әлем объектілерімен тәжірибе жасау - геометриялық денелермен және пішіндермен әрекет ету арқылы логикасын - кеңістіктік қатынастарды игеру - әртүрлі бұрыштар мен проекциялардағы құрылысты түсіну.

2. "LEGO-құрастыру" - практикалық және ақыл-ой экспериментіне, жалпылауға, сөздік қорын дамытуға, өз ойын ортаға салып талдай білуге үйрету.

3. "Математикалық даму" білім беру модулі-шамасы, пішіні, кеңістігі, уақыты, саны және санау бағыттары бойынша балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, математикалық даму мәселелерін кешенді шешу

4. «Робототехника» білім беру модулі - логика мен алгоритмдік ойлауды дамыту; - бағдарламалау негіздерін қалыптастыру; - жоспарлау, модельдеу қабілеттерін дамыту; - ақпаратты өңдеу; - абстракциялау және заңдылықтарды табу қабілетін дамыту.

5. «Мен әлемді құрамын «Мультстудиясы» білім беру модулі-АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) және цифрлық технологияларды игеру; - медиа технологияларды игеру; - көркем және техникалық шығармашылық синтезі негізінде өнімді қызметті ұйымдастыру.

6. «Тірі және жансыз табиғатпен тәжірибе жасау» білім беру модулі - тәжірибелік-эксперименттік қызметте қоршаған әлем туралы идеяларды қалыптастыру; көрнекі сенсорлық қабылдау процесінде барлық тіршіліктің бірлігін түсіну; - экологиялық сананы қалыптастыру. Заманауи инновациялық технологиялардың ерекшелігі – білімді жатқа меңгерту емес, балалардың өз бетінше меңгеруіне ұмтылатындығында. Ол есту, көру қабілеттерін арттыруға, сөздік қорын ауызша дамытуға бағытталады. Заманауи технологияларды пайдалана отырып нәтижесінде: әр бала өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланды, әр баланың жеке қабілеті анықталды; бір-бірімен бәсекеге түседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың практикалық іс-әрекет дағдыларын дамытудан басқа STEAM-технологиясы балалардың нақты өмірлік жағдайларды бастан кешіруіне жағдай туғызады. Пәндік-кеңістіктік даму ортасындағы әдістер баланың санасында әлемнің тұтас бейнесін жасауға көмектеседі. Мысалы, "Лего" конструкторлары, ағаш конструкторлары, ойыншықтары модельдеу, зерттеу жұмыстары баланың логикалық ойлау және шығармашылықты қабілеттерін дамытуды қамтиды. "STEAM" технологиясының объективті артықшылықтары:

1. Жаратылыстану ғылымдарының, инженерлік шығармашылықтың, математиканың, цифрлық технологиялардың және т.б. әртүрлі салаларының өзара енуіне негізделген заманауи мәселелерді шешудің интеграцияланған тәсілі. Бұл интеграция танымдық және көркемдік ізденіске негізделген және іс-әрекеттің нәтижесі ретінде нақты өнімге ие жобалар әдісіне негізделген.

2. Мектеп жасына дейінгі балаларды одан әрі білім беру жүйесінің қазіргі білім беру ортасына уақтылы бейімдеу. Мазмұны, технологиясы, пәндік-кеңістіктік мазмұны, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі — жас ерекшеліктері мен мазмұнның күрделілігі бойынша сабақтастық.

3. Танымдық-зерттеу қызметі процесінде зияткерлік қабілеттерді дамыту және ғылымтехникалық шығармашылыққа тарту қазіргі әлемде құзыреттілік пен жайлы өзін-өзі сезінуді қалыптастыруға, болашақта өмірдің жоғары сапасы үшін жағдай жасауға бағытталған.

4. Сыни ойлауды дамыту қажетті ақпаратты алу, талдау, алынған ақпаратты практикалық іс-әрекетте қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған процесс ретінде қарастырылады.

5. Балалардың ұжымдық жұмыс дағдыларын қалыптастыру жалпы мақсаттарға жету үшін жеке интеллектіні біріктіру, келіссөздер жүргізу, сұрақтар қою, дәлелдеу қабілетінен тұрады. Жалпы оң нәтиже өз күшіне деген сенімділікті және командадағы жұмыс тиімділігінің сезімін қалыптастырады, процеске және жалпы және жеке еңбек нәтижелеріне құндылық қатынасын тәрбиелейді.

6. Әртүрлі ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс істей білуге байланысты ақпараттық технологияларды игеру.

7. Техникалық шығармашылыққа қызығушылықты дамыту.

Осындай технологияларды қолдану баланың әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесі жүйелік-белсенділік тәсілінің негізінде қалыптасуына, тірі және жансыз табиғат объектілерімен ойнау және тәжірибе жасау арқылы зерттеуге және тәжірибелік-эксперименттік жобалар барысында өз білімін шыңдауға бағыттайды. Мектепке дейінгі мекемеде электронды оқулықты пайдалану тәсілдері өте көп. Солардың бірі – «Сиқырлы қалам» интерактивті оқу-әдістемелік кешені. Бұл – мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жаңа бағыттағы инновациялық тіл үйрету құралы. «Сиқырлы қалам» арқылы балаларға бір мезгілде оқуға, тыңдауға мүмкіндік беріледі. Қаламның сиқыры - қалам плакатқа тиген бойда суреттерге «жан бітіп», бейнелер экранға көшіп, сөйлей кетеді.

Әзірге 60 түрлі тақырыпты қамтитын заманауи технологияның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып жасалған интерактивті кешеннің балалардың тіл үйренуге деген қызығушылығын дамытуға, танымын, қабілетін арттыруға септігін тигізеді сөзсіз. Кешенді құрастырғандардың бірі, ұстаз Зәуре Еденбаеваның айтуынша, интерактивті кешенмен жаттыққан бала дыбыстардың дұрыс айтылуына, екпінді дұрыс қолдана білуді жеңіл меңгереді. Сондай-ақ сөздерді буынға бөлуді, санауды, түстерді ажыратуды жадына түйген сөздік қоры арқылы түрлі іс-әрекеттерге байланысты қысқа сөйлемдер мен шағын әңгімелер құруды үйренеді. Сөздік қорын молайтып, алғыс айту, өтініш білдіру, құттықтау тәрізді этикет тәртібін орындауға жаттығады». Сиқырлы қаламның» тағы бір ерекшелігі – оны кез келген теледидарға немесе компьютерге қосуға болатындығында.

Электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады. Бұл жүйені тиімді қолдану үшін әрине ақпараттық құзыреттілік қажет. Ақпараттық құзыреттілік - мамандардың компьютерлік білімділігі, жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу (мультимедия, электронды пошта, Интернет) мүмкіндігі.

Қорыта келе, STEAM технологиясының, сиқырлы қаламның, электрондық оқулықтардың жаңашыл мүмкіндіктері мен мектепке дейінгі білім беру үдерісінде балалардың жеке шығармашылық және тұлғалық даму қабілеттерін шыңдауда жоғары маңызға ие.

Әдебиеттер тізімі

1. Григорьев, Сергей Георгиевич. STEM-технологии в подготовке магистров педагогического направления / С.Г.Григорьев, А.Р.Садыкова, М.В.Курносенко//Вестник Московского городского педагогического университета. Серия: «Информатика и информатизация образования». - 2018. - № 3 (45) 2018.
2. Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. 2014.
3. Бұлақбаева М.К. Педагог мамандығына кіріспе. 2017ж
4. Асанов Ж., Әбдіхалық Н. Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері. 2015ж
5. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі замандағы педагогикалық технология 2014.

ӘОЖ 37.013.46

ИННОВАЦИЯ - МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ

Қоржабаева Р.Т.

№2 «Батыр» балабақша меңгерушісі, Астана қ. Қазақстан

*«Біз даналықты үш жолмен үйренеміз:
Ойлану - ең ізгі жол;
Еліктеу – ең жеңіл жол;
Тәжірибе жолы – ең ауыр жол»
- Бенедикт Спиноза*

Қазақстандық білім беруді модернизациялаудың қазіргі жағдайында мектепке дейінгі білім беру алғаш рет жалпы білім берудің бастапқы деңгейі ретінде танылды. Сондықтан, балабақша – баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Президенттің жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану педагогтан үлкен шеберлікті талап етеді. Сондықтан балабақша тәрбиешілерінің технологиялық дамуды қамтып, жаңа инновацияларды меңгеруі, олардың тәжірибеде тиімді пайдалана білуі олардың жұмысының негізгі мақсатына айналуы тиіс.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың тәрбиесінде жаңашылдықты енгізудің маңызы туралы Қуандықова Самал Муратовна айтып өткен болатын: «Мектепке дейінгі жас ерекше, өйткені бала қалай қалыптасады, оның өмірі де солай болады. Сондықтан әр баланың шығармашылық әлеуетін ашу үшін осы кезеңді жіберіп алмау маңызды. Бұл оларға ересектерге көптен бері назар аудармайтын нәрсені

ойлап табуға, тікелей және болжау мүмкін емес болуға мүмкіндік береді. Ауданның мектепке дейінгі мекемелерінің ұжымдары инновациялық бағдарламаларды, әдістемелер мен технологияларды пайдалану арқылы мектепке дейінгі білім берудің жаңа нысандары мен мазмұнын сынақтан өткізеді. Инновациялар – мектепке дейінгі ұйым педагогтарының қызмет сапасын арттыратын бірден бір мүмкіндік. Оларды қолданысқа енгізе білетін маман әлбетте кәсіби біліктілігін теориялық және тәжірибелік практикада дәлелдейтіні сөзсіз».

«Инновация» термині латын тілінен алынған, ол — «жаңару, өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл түсінік XIX ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізудегенді білдірді. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнын, педагог пен бала бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.

Инновациялық процесс үш компоненттің бірлігін білдіреді: инновацияларды құру, игеру және қолдану. Мұндай қарастыру кезінде инновация жаңашылдықтың нәтижесі ретінде түсініледі, ал инновациялық процесс үш негізгі кезеңді дамыту ретінде қарастырылады: идеяны қалыптастыру, идеяны практикалық дамыту және тәжірибеде инновацияны жүзеге асыру. Осыған байланысты инновациялық процесті ғылыми идеяны практикалық қолдану кезеңіне жеткізу және әлеуметтік-педагогикалық ортада осыған байланысты өзгерістерді жүзеге асыру процесі ретінде қарастыруға болады.

Бұл инновациялық белсенділікті арттыру және іске асыру үшін мұғалімдерді ынталандыру тетіктерін табу керек, яғни мұғалімді инновациялық қызметке қосу арқылы балалардың білім беру жүйесін жаңартуға деген ынтасын арттыру керек.

Еңбек мотивациясының теориясы мен практикасының дамуына Ф.Тейлор, Ф. Гилбретт және Л. Гилбретт, Г. Эмерсон ғылыми басқару мектебінің өкілдері айтарлықтай үлес қосты.

Қазіргі қоғамда тәрбиеші болу жеткіліксіз. Тәрбиешінің бойында жүйелі шығармашылық ойлау, ақпараттық, коммуникативтік мәдениет, бәсекеге қабілеттілік, көшбасшылық қасиеттер, өмірлік оптимизм, өзінің жағымды имиджін құру қабілеті, өз қызметін саналы түрде талдау қабілеті сияқты аса маңызды қасиеттердің болуы маманның сұранысқа ие болуын қамтамасыз етеді.

Тәрбиешінің бұл қасиеттері тек мектепке дейінгі мекемедегі шығармашылық, проблемалық және технологиялық ұйымдастырылған білім беру процесінде дами алады. Сонымен қатар, егер педагог ғылыми-әдістемелік ізденіспен, тәжірибелік-эксперименттік, инновациялық жұмыстармен белсенді айналысса, өзінің "кәсіби тұлғасын", өзінің педагогикалық құралын іздеуді үйренеді. Оның жұмысының тиімділігі мұғалімнің кәсіби біліктілік деңгейін үнемі арттыру қажеттілігін түсінуіне тікелей байланысты [1].

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің мұғалімдеріне қойылатын заманауи талаптар балабақшадағы әдістемелік жұмыстағы инновациялық ізденістің рөлі мен маңыздылығын күрт арттыру қажеттілігін анықтайды. Инновациялық әдістемелік әлеуетті арттыруды автономия және икемділік арқылы жүзеге асыруға болады. Яғни, мұғалімдерге оқыту әдістерінде көбірек автономия мен икемділік беру оларды тәуекелге баруға, жаңа тәсілдерді қолдануға және оқыту әдістеріне жаңашылдық енгізуге итермелейді [2].

Сонымен қатар балалармен жұмыс істеуде инновациялық технологияларды белсенді енгізу, тәлімгерлік және коучинг, деректерге негізделген оқыту сияқты факторлар дамуға алып келеді. Мысалы, мұғалімдерге тәлімгерлік және коучинг қызметтерін ұсыну оларға жаңа дағдыларды дамытуға, жаңа тәсілдерді қолдануға және оқыту тәжірибесіне инновациялар енгізуге көмектеседі. Ал оқытуды ақпараттандыру үшін деректер мен бағалау нәтижелерін пайдалану мұғалімдерге жақсарту бағыттарын анықтауға және мақсатты инновациялық іс-шараларды әзірлеуге көмектеседі.

Атап өткендей тәлімгерлікке негізделген біліктілікті арттыратын іс-шараларда Педагогтар кейс әдісін енгізу дағдыларын қамтып, В. Букаатовтың әлеуметтік-ойын технологиясымен таныса алады. Әр әдістемелік іс-шараның соңында рефлексия ("Қабық", "Менің көңіл-күйім", "Алты қалпақ" (Эдвард де Боно әдісі бойынша), "Бүгінгі семинарда мен..." және т. б.) өткізудің тиімділігін болашақта өз тәжірибелерінде қолдануға мүмкіндік болады.

Одан бөлек, инновацияның мектепке дейінгі ұйым педагогтарының қызмет сапасын арттыру факторы ретінде қалыптасуда ынталандыру және тану, ата-аналар мен қауымдастықтарды тарту, көшбасшылық сияқты аспектілер маңызды рөл атқаратынын ескеру қажет.

Оқытудың инновациялық әдістеріне тәрбиешілерді ынталандыру және тану оларды жаңа және тиімді әдістерді дамытуды жалғастыруға ынталандырады. Яғни, жұмыс барысында жаңа әдістемелердің маңызын ескере отырып, мамандарға мақсат пен міндеттерді айқын әрі нақты қою олардың кәсіби біліктілігіне ісер етіп, жаңашылдыққа итермелейді.

Ал ата-аналар мен қауымдастықтарды инновацияларға тарту тәрбиешілерге жаңа перспективалар, ресурстар және ынтымақтастық мүмкіндіктерін ұсына алады, бұл оқыту мен оқытудың инновациялық тәсілдерінің жаңа жолдарына жетуге мүмкіндік береді. Сондықтан тәрбиешілердің инновацияларға жету жолында қоғаммен байланыстың маңыздылығына көбірек мән беру қажет.

Инновацияларды енгізу және қолдану қазіргі тәрбиеші практикасында аса өзекті аспект болып есептеледі. Бүгінгі күнге дейін педагогтар әртүрлі әдіс-тәсілдерді, технологияларды ойлап тауып, қолданысқа енуін қамтамасыз етіп отыр. Қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда қолданыста жүрген инновациялық технологиялар:

1. Дамыта оқыту әдістемесі;
2. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы;
3. ТРИЗ технологиясы;
4. Денсаулық сақтау технологиясы;
5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиясы;
6. Ойын технологиясы;
7. Монтессори технологиясы және т.б.

Әрбіріне жеке тоқтала кетсек, барлық инновациялық технологиялар баланың жеке басының дамуына айтарлықтай әсер етеді. Бірақ заманауи педагогтар бұнымен шектеліп, бір орында тұрмайды. Жоғарыда атап өткенімдей, қазіргі тәрбиешіге қойылатын талаптар маманның әрдайым ізденісте болуын қажет етеді.

Қорытындылай келе, төмендегілерді атап өткім келеді. Егер мұғалім өзінің кәсіби құзыреттілігін арттыру қажеттілігін түсінбесе, аталған әдістердің бірі тиімді болмайды. Ол үшін мұғалім өзінің кәсіби қасиеттерінің деңгейін арттыру қажеттілігін түсінетін жағдайлар жасау керек. Қазіргі заманғы балабақшаға тәрбиеші қажет, ол тек "тәрбиеші" емес, оқушылардың жеке басының дамуына ықпал ететін балалар үшін аға серіктес болады; балалардың мүдделеріне назар аудара отырып, білім беру процесін сауатты жоспарлауға және құруға қабілетті тәрбиеші; таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдай алатын, олардың ықтимал салдарын болжай алатын, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық білімі бар ынтымақтастыққа қабілетті, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен, өзін-өзі тәрбиелеуге және интроспекцияға қабілетті маман. Тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілік деңгейі неғұрлым жоғары болса, мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі білім сапасы соғұрлым жоғары болады, ал педагогикалық кадрлармен жұмыс істеудің интерактивті формаларының сауатты құрылған жүйесі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ғана емес, сонымен бірге ұжымды біріктіреді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Зимняя И.А. «Педагогикалық психология: жоғары оқу орындарына арналған оқулық» - 2 басылым. қосымша және қайта өңдеу. М.: Логос, 2004.
2. Майер А. А. Мектепке дейінгі білім беру мұғалімінің кәсіби құзыреттілік моделі // Мектепке дейінгі білім беру мекемесін басқару. - 2007.
3. Лайысова Б.О. Мақала «Педагогтың инновациялық қызметі – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру» - 2023.
4. Куандыкова С.М. «Современные педагогические технологии в дошкольном образовании» - 2022.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР ПСИХОЛОГИЯСЫНДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Лекерова Ж.Ж.

Ә. Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі, Қарағанды облысы, Балқаш қ.,
Қазақстан.

Ұлтымыздың ою-өрнектері - қазақ халқының ауыз әдебиеті сияқты мәдени құндылық, өшпес мұрамыз. Болашақ ұрпаққа ұмыт болып бара жатқан осы өнерді таныстырып қана қоймай, оны қолөнер, сурет, сәулет өнері және өндіріс салаларына енгізе отырып, осы өнерді қайта жаңғырту, оған жаңа мазмұн беру жаңашыл технологиямен байланыстырып, оған екінші тыныс беру басты мақсат болып табылады. Қазақ халқының ұлт ретіндегі пішін-келбетін өзіне ғана тән ою-өрнегінсіз елестету мүмкін емес. Біздің ою-өрнегіміз халқымызбен бірге қилы-қилы замандарды, небір қиын кездерді бастан өткеріп келе жатқан ең ежелгі өнер түрі. Оның бастауы ата-бабамыздың қолы икемге келіп, басына қиял қонған кезден басталып, сонау ғұн, сақ замандарында қазіргі қазақ оюы деп танылатын таңбаның алғашқы табы айқындалатын тұстардан айырылып бүгінгі күнге қазақтан басқа ешбір ұлтқа телінбейтіндей көркем ерекшелігімен жетіп отыр. Осы айтулы ою өрнектердің адам жанына, психологиясына, эстетикалық талғамына әсер ететінін ескерсек, сабақ барысында кіріктірілген сабақтар арқылы жас жеткіншектердің жарқын өмір салтын қалыптастыруға болады. Жасөспірімдік шақты еске алғанда сол жастағы адамдардың тез ашуланып, көңіл-күйі құбылып, эмоцияға тез беріліп кететін кезеңі екені еске түседі. Бұл жастағы оқушылардың психологиялық жай күйі тебіренгіш, тез жараланғыш, эмоционалды болады.

Көңіл-күй құбылуы мен жүйке бұзылыстары қаншалықты көп болса, соншалықты тұлғалық мінезі де біршама қиындықтар тудырып жатады.

Жасөспірімдердің эмоциялық күйі туралы мақаланы оқи отырып, зерделей келе, оны жақсарту үшін арт терапиядағы танымал әдіс мандала терапиясын ғалымдардың зерттеулерінде оқып таныстым. «Мандала» сөзі көне үнді тілінен аударғанда «шеңбер» деген мағынаны береді. Бұл символдың өзі сакральды болып келеді. Ғалымдар осы мандала терапиясы арқылы адамның қорқыныштарын жеңіп, оның ішкі «әлеміне» үңілуге болатынын анықтады. Дөңгелек ішіндегі белгілер мен түстердің алуан түрлілігі терапия ретінде көмек беріп, тұлға ретінде қалыптасып, өсуіне әсер еткен, тіпті символдың өзіне тән ерекшелігі және сикыры бар деп сенеді. Шеңбер мистикалық, рухани және шынайы әлеммен байланыстырушы белгі деп сипатталған. Талдай келе шеңбер дегеніміз, белгілі бір өрнек, бір сөзбен айтқанда шеңбердің өзі – жеке дара іргелі белгі, басы мен аяғы жоқ идеалды геометриялық фигура десек қателеспейміз. Сонымен қоса, барлық халықтардың мәдениетінде кездесетінін де білеміз. Қазақ халқының күнделікті тұрмысында, әшекейлерінде және киімдерінде, жиһаздарында пайдаланатын оюлары өткен мен бүгінді байланыстыратын таңбалар болып табылады. Ұлтымыздың ою-өрнектерінде ескі мифтер, аңыз-ертегілердегідей сан ғасырлық тарих пен сырды айқындайтын мән мен белгілер жасырылған. Бұл өрнектердің негізгі мағынасы сән беру ғана емес, қазақ халқы табиғатпен тығыз байланыста болған кезеңдерде осы ою-өрнектер қиындықтар мен қайғы-қасіреттен сақтайтын тұмар секілді қызмет атқарып, иесіне сәттілік пен бақыт әкеледі деп сенді [3]

Жасөспірімдер бұл кезеңде өзін өзі жан жақты жетілдіруді армандайды, бірақ өзін ешкімге тәрбиелеткісі келмейді. Біреуден ақыл кеңес, көмек сұраудың қажет екенін білсе де, үлкендермен ересектерге тәуелді болуды жаратпайды. Арман мен тілек көп болғанымен, оларға жететін күш, тәжірибе, мүмкіндік шектеулі. Жасөспірімдердің сыйымсыз мінездері, тітіркенгіштері, оспадарсыздықтары мен өздерін ұстай білмейтін қасиеттері де жиі кездесіп қалып жатады. Сондықтан, бұл уақытта оларды өздерін ұстай білуге тәрбиелеп, ерік күштерін шыңдауға үйреткен жөн. Ежелгі уақытта ою-өрнек салттық мәнге ие болды. Қазіргі кезде де жасөспірімдер арасында белгілі бір білезіктер тағу арқылы сенім артуы, достық байланысты нығайтады деген тұжырымдары олардың бейсанасында қалыптасқанын көреміз. Мысалы, ұлтымыздағы күн, ай, аспан символдары бар күн шеңберлері бар қола және күміс тұмарлар болмысызды айқындайтын тұмарлар болды. Жаңадан өсіп ержетіп келе жатқан жасөспірімдерге бұрында тұмар тағу арқылы бақыт пен өркендеудің символы, діни идеялардың нышаны болды. Барлық дерлік ою-өрнектер өз уақытында белгілі бір жолды көрсетіп, бойтұмар ретінде пайдаланылды, мұның барлығы ұлттық ою өрнектің жасөспірім, бозбала, бойжеткен шақта тәрбиелеуде маңызға ие екендігін көрсетіп отыр.

Жасөспірімдердің өтпелі кезеңінде эмоциялық шаршау, түрлі жану процестері жүзеге асып жатады. Сол уақытта өзіне өзі көмек берудің алты сатысы жаттығуын ұсынамын:

1. Өзіне-өзі физикалық көмек беру: дұрыс тамақтану, аз жүктеме, ұйқы балансын сақтау, спортпен шұғылдану, суға, моншаға түсу, сабырлы, байсалды адамдармен араласу;

2. Өзіне-өзі психологиялық тұрғыда көмек беру: достармен бірге уақыт өткізу, айналадағыларға зиян мен залал келтірмей өзін өзі тану, әзілдесу, сүйікті істермен шұғылдану, хобби, арт терапия, визуализация.

Ою өрнегіміз, ұлттық құндылығымыз дәл осы арт терапия бағытына келетінін ескере отырып, жасөспірім, жеткіншек, студент, оқушы болсын, өнер мен құндылықтың сырын ашу арқылы адам жан дүниесінің үндесуін көре аламыз.

3. Өзі-өзіне рухани көмек беру: ойлану, толғану, басымдықтарды ретпен орналастыру, табиғат аясында серуендеу, медитация;

4. Кәсіби көмек көрсету: сабақ арасындағы түскі үзілістер, түскі ас ішу деген сияқты.

Ою-өрнектердің айтар ойы мен берер тәрбиесі психологиялық тұрғыда адам жанына көмегі мол деген зерттеушілердің ізденістері бар екен. Осы орайда айта кетерлігі, қазақ халқы әр оюға ерекше мән беріп, оның қайда, қандай бұйымда немесе қандай киім үлгісінде қалай қолданылуы керектігіне көп көңіл бөліп, ешқандай қателіктің кетпеуін жіті қадағалаған. Өйткені оюлар атауларына, көлеміне, пішініне, түр-түсіне қарай өзіндік мағына ие. Ұлттық құндылықты бойға сіңіріп, эмоциялық көңіл күйдің жақсаруына арналған жаттығудың бір түрімен бөліссем:

«Шаңырақ» шығармашылық-психологиялық жаттығуы.

Атауы: «Шаңырақ» көтеру

Түрі: тренинг

Қажетті материалдар: картон, ұзын жіп, ленталар, пластмасса, стақан, су

Мақсаты: жұмыс барысында орындаушы топтың ауызбіршілік пен келісім ішінде әрекет ету көзделеді.

Орындалуы: Қатты картоннан қиылған ою өрнекті дөңгелекке айналдыра ұзын жіптер байланады. (Шаңырақ суреті бейнеленген ағаш ленталармен байланған болуы да мүмкін); Ортадан жоғары шамасында су құйылған пластмасса стақан. Ашық алаңқайда шеңбердің үстіне су стақан қойылады. Оқушылар әрқайсысы бір жіптен ұстап шеңбер түрінде орналасып, барлығы бірауыздан стақандағы суды төкпестен, шаңырақты тең деңгейде жіптер арқылы биікке көтеруі қажет. Бұл тренинг арқылы жалпы шаңырақ ұғымының қадірі мен қасиеті ашылып, құндылық тұрғысынан адам жанын түсіну, бірлік пен ұжымдағы сыйластықты нығайтады.

Ғылым да заман да тіпті тұлғаның даму ерекшелігі де заман талабына сай өзгеріске ұшырап отыратынын ақпараттық заманда көріп отырмыз. Соған сәйкес ғасыр бұрын пайда болған әдістерді ұлттық нақышта икемдеу және оны қолданысқа енгізу этнопсихологияның да қатарласа дамуына өз септігін тигізеді. Ұлттық ою-өрнектердің терең мағынасын және мәдениетіміздің киесі мен мәнін психология саласында өз ұрпақтарымыздың эмоциялық күйін жақсарту мақсатында пайдалану ұтымды болады. Эмоциялық күйін жақсарту барысында өскелең ұрпақтың бойында ұлттық мәдениет пен қазақ халқының өмірі мен құндылықтарына ерекше махаббатты оятып, ата текке деген құрметті қалыптастыру маңызды болып саналады. Ұлттық ою өрнектер терапиясы арқылы адам жанына терең бойлап, рухани шабыт алуға болады.

Әдебиеттер:

1. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998

2. Арынов Қ.Қ. Архитектура зданийремесленныхцентров: монография. – Астана: ИП «Дана» издательство, 2018- 271 с.: ил.

3. Жасөспірімдердің эмоциялық күйіне ұлттық ою өрнекті терапиясы арқылы әсер етудің теориялық аспектілері. КазҰПУ хабаршысы, Психология» сериясы No1(70) 2022ж.

ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Набиева М.А.

«Айсұлу» бөбекжайы КМҚК

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаға экономикалық, экологиялық, адамгершілік - рухани тәрбиелермен қатар әлеуметтік тәрбие де қоса беріледі. Балабақшада әлеуметтік тәрбие тікелей мақсат етіп қойылып, жеке тарау болмағанымен әртүрлі тәрбие аясында көрініс тауып, өз міндеттерін шешкен. Балалардың әртүрлі әлеуметтік ортада әрекет ете білуге үйрету мақсатында әлеуметтік құндылықтарды топтан топқа күрделендіріп, қарым-қатынас арқылы қажеттіліктері мен тілектерін қанағаттандыруға негізделе құрылған. [1]

Әлеуметтік тәрбие - балаға қажетті әлеуметтік, рухани және эмоционалдық құндылықтарды балалардың игеруі үшін мүмкіндік жасайды. Балаға қажетті әлеуметтік құндылықтар дегеніміз - білім, өз-өзіне деген сенімділік, ептілік, қарым-қатынас, мінез-құлық үлгілері т.б.

«Әлеуметтік қалыптастыру» кең көлемдегі түсінік - ол жеке тұлғаның қалыптасуын сипаттайды. Бұл дегенің балаға барлық әлеуметтік әсер етудің мақсатты түрдегі, жағымды, жағымсыз процестері мен нәтижесі.

Әлеуметтік институттардың ұстанымдары тұрғысынан әлеуметтік тәрбиенің негізгі бағыттары - баланың жан - жақты дамуына барлық әлеуметтік әсерлер мен әрекеттерді қолдана отырып, баланың дамуына жағдай жасау және баланың әлеуметтік құрылуын ынталандыру деп түсіндіреді. Әлеуметтік тәрбие үдерісі жанұяда, білім беру мекемелерінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік тәрбиенің негізгі мақсаты баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына, оның қоғамдағы қабілеті мен мүмкіндігінің жүзеге асуына ықпал ету болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуындағы қоғамдық тәрбие мақсатын анықтайтын идеал негізгі мақсат ретінде қарастырылады, оның қол жеткізер жетістігі қоғамдық тәрбие жүйесінде ерекше жолдармен, құралдармен жүзеге асырылады [2].

Әлеуметтік тәрбиенің міндеті - әлеуметтікке оның мүшелерімен бірге табысты қол жеткізуге жағдай жасау, яғни бұл баланың қоғамдағы бейімделуі, дағдылануы және икемделуі. Тәрбие - кез-келген қоғамның аса маңызды қызметі, бұл әлеуметтік процесс болып табыла отырып, адамның мінез-құлқы мен қызметіне қоғамдағы барлық институттар, қоршаған орта және осы процесстің субъектісі ретінде жеке тұлғаның өзінің белсенділігі арқылы мақсатты түрде әсер етуі.

Әлеуметтік микроорта бір жағынан, жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіру процесін жеделдететін немесе баяулататын аса маңызды факторлардың бірі, екінші жағынан, осы процесстің табысты дамуына қажетті жағдай болып табылады.

Мектепке дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылар: топ ішінде өзін дұрыс ұстай білу, қоғамдық орындарда, көшеде, белгіленген мәдени мінез-құлық ережелерін сақтай білу, үлкендерге, өз құрбыларына ілтипатты болу, ескертусіз сәлемдесу мен қоштасу, тәрбиеші мен күтушінің аты – жөнін атап қарым-қатынас жасау, өзінің талап – тілегін сыпайылықпен білдіру, көрсеткен көмегі үшін рахмет айту, үлкендердің сөзіне араласпау болып табылады [3].

Әлеуметтік тәрбиенің басым үлесі жанұяға тиесілі, бала отбасында тәрбиенің алғашқы және басты әлеуметтану үдерісіне ие болады.

Отбасы аса маңызды тәрбие институты, яғни жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына жағдай жасайтын алғашқы орын.

Осы жерден бір жүйедегі өзара әрекет үлгісі шығады: Жеке тұлға – жанұя – қоғам. Алғашқысына адам, жанұя, екіншісіне мемлекет, қоғам және кез-келген ондағы институттар жатады. Жанұя қоғамның көмекшісі емес, керісінше жанұяға қоғам барынша көмек көрсетіп, қолдап отыруы тиіс.

Отбасы – белгілі бір әлеуметтік нормалар, мінез - құлық, ата- аналар мен балалар арасындағы қарым - қатынастарды реттеуімен сипатталатын әлеуметтік институт болып табылады. Отбасы – қоғамның алғашқы ұяларының бірі. Отбасында баланың айналасын қоршаған дүние жайлы алғашқы түсінігі, көзқарасы, сезімі, әдет- дағдылары бой көрсетіп қалыптасады.

Отбасының әлеуметтік тәрбиелік міндеті ата – аналардың балаларға рухани-адамгершілік, әдепті тәрбие берумен айқындалады.

Әлеуметтану институты жанұядағы тәрбиенің негізі ретінде мынаны қарастырады:

1) әлеуметтік тәрбие балалар тәжірибесін ұйымдастыру және әр баланың жеке тұлға ретінде өзін-өзі толық қанды дамытуы үшін қажетті жағдай жасау, оның жанұядағы және жақын қоршаған ортадағы белсенділігі; қоғамдық бағытта өзін-өзі тәрбиелеуі; қоғамдағы интеллектуалдық, эмоционалдық, моральдық, мәдени және әлеуметтегі жеке тұлғаның дамуына бағытталған бағыттардың белсендіре түсуі;

2) жанұя мен жақын қоршаған ортада тәрбиелеуші ортаны құру; микроортада әлеуметтік қолдау табады, әлеуметтік мәні бар топтық және ұжымдық мөлшерлерді, бағдарлар мен құндылықтарды (бұлар жеке тұлға үшін жағымды психологиялық климат негізі болып табылады) қалыптастырды;

3) жеке тұлға дамуы мен мінез-құлықтарының дамуындағы ассоциациялық ауытқуларды болдырмау шараларының жиынтығын болжайтын әлеуметтік реабилитация мен оларды тарату процестері [3].

Сонымен бірге, балаларға әлеуметтік көмек көрсету және оларды қорғауды қамтамасыз ету, балаларды дұрыс өмір сүруге жетілдіріп қосу.

Әлеуметтік тәрбие жеке тұлға дамитын қоршаған ортаның әртүрлі салаларында жүргізіледі. Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры, болмысын қалайтын мекен.

Мектепке дейінгі мекеменің отбасымен бірлесе жұмыс істеу жүйесінің негізгі бағыттары:

- ✓ Ата-аналардың педагогикалық, психологиялық сауаттылығын арттыру;
- ✓ Отбасы жағдайында жеке тұлға қалыптастыру;
- ✓ Балалардың психикалық, физикалық денсаулығын қамтамасыз ету;
- ✓ Балалармен бірлескен шығармашылық іс-әрекет түрлеріне қатысу;
- ✓ Баланың бейімділігі мен отбасы қажеттілігі;
- ✓ Баланы мектепке даярлауды қамтамасыз ету;

Отбасы – өмір бойы адам баласы тәрбиесінің негізгі құралы болып келеді. Сондықтан ол – бала үшін ең үлкен орта болып табылады. Отбасы – оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектепке дейінгі мекеменің одақтасы. Отбасы – ата бабамыздан келе жатқан дәстүрлердің, жағымды үлгі өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Отбасыда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Мектепке дейінгі мекеменің отбасымен ынтымақтастығы аса бір сезімталдықты, кәсіби шеберлікті, педагогикалық құпиялықты, мәдениетті, білімді, тәжірибені қажет ететін жұмыстардың бірі.

Отбасылық тәрбиелеудің басымдылығын тану дегеніміз – отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің жаңа қарым-қатынасын талап етеді. Ата-аналарды педагогикалық үдеріске тарту арқылы бала тәрбиесінің мақсат, міндеттерін түсінуіне, бала тәрбиесін ойдағыдай іске асыруларына ықпал етеміз. Ата-аналардың өз балаларының балабақшадағы өмірін, қалай өсіп жетілетіндігі интеллектуалдық жеке қабілетінің қалыптасатынын көріп, біліп отырғаны абзал. Ата-ана мен балабақша атқаратын істер әрқилы болады да, бірінің жұмысын екіншісі атқара алмайды, сондықтан олардың қарым-қатынасы бірін-бірі толықтыруы, бір-бірімен түсінісуі, бір-бірінің бағытында құрылуы тиіс.

Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол - бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз - ата-ана. Бала үшін ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер жанұяда сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен, солардың көрсеткен өнегесімен бала бойына сіңеді, дариды. Отбасында әдептілікке, имандылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу тәрбиенің көрінбейтін, көзге түспейтін әдіс- тәсілдері арқылы жүзеге асады. Яғни, «олай істеуге болмайды, ол тәрбиесіздікке жатады», немесе өзіміз баланың көзінше біреуді жамандап болмаса өтірік айтып тұрып, балаға «өтірік айтуға болмайды», «сен неге өтірік айтасың» деп жазалап жатпай – ақ өзіміздің өнегелі ісімізбен тәрбиені баланың бойына дарытып жатырмыз, бала үлкендерге еліктеп, солардан үлгі алып өз бойында тәрбиенің бастауы қаланып жатқандығын байқамай да қалады [4].

Ата- ана- бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін ата –анасы – бәрінен де білімді, ақылды, күшті. Жас баланың дамуында ата-ананың орыны ерекше.

Сондықтан да, ата-аналар балаға ұжымдық өмірдің алуан түрлі қыры мен сырын, танытып, құрдастарымен келісіп ойнауға, жеңіс пен жеңілістің қатар жүретіндігі туралы айтып, әдептілікке баулуға тиіс. Себебі, ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды

болуға тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлылыққа тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін-басты тұлға. Кез-келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады.

Мектепке дейінгі мекеменің отбасымен педагогикалық ынтымақтастық жасауы –тәрбиеші жұмысының сапасын арттырып қана қоймайды, сонымен бірге мектепке дейінгі баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге, оның бойындағы қабілеттері мен қызығушылығын дер кезінде байқап, одан әрі дамытуға себебін тигізеді. Отбасы баласының өнегелі тәрбие алып, саналы азамат болып қалыптасуына қаншалықты жауапты болса, мектепке дейінгі мекеме де баланың жеке тұлға болып қалыптасуына өз үлесін қосатыны белгілі. Балабақша табалдырығын аттаған кішкентай сәбидің бойында тәртіп ережелерін орындауға, ұжыммен бірге әрекет жасауға, оқу іс- әрекетінде болсын, ойын іс - әрекетінде болсын бірлесіп, бір- біріне кедергі жасамай әрекет ету дағдыларын қалыптастыруда мектепке дейінгі мекеменің еңбегі зор [5].

Бала ең алдымен отбасында ата-анасын таниды, ең алғаш тәрбиені отбасынан алады. Кейін айналаны сезініп, көбірек білуге тырысады. Балабақшаға келген бала үшін топ ең алғашқы ұжым екенін, сонымен қатар әлеуметтік орта екендігін ескере отырып, тәрбиеші балаларды жолдастыққа, достыққа, сүйіспеншілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Балабақшаға келген бала отбасын, ата –анасын қалай қадір тұтып құрметтесе, балабақшаны, тәрбиешіні, құрбы - құрдастарын солай қадір тұтып, құрметтеуге тәрбиелейді. Тәртіп, тәрбие, үлкенді сыйлау, үлкенді тыңдау, қоғамдық ортада өзін – өзі дұрыс ұстау тәрізді ұғымдарды қалыптастырады. Кейде ата-ананың “айналайынынан” гөрі, тәрбиешінің тегеурінді талабы баланың болашағына көп пайдасын тигізерін өмір тәжірибесі көрсетіп жүр.

Отбасы мен балабақша - бұл екі түрлі тәрбие ошағы. Әрқайсының әлеуметтік тәжірибесі мен өмірге, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасы бар, олардың балаға берер тәрбиесі де бөлек. Алайда, екеуінің үйлесімділігі кішкентай баланың үлкен өмірге енуіне ыңғайлы ықпал жасайды. Мектепке дейінгі мекеме мен отбасының өзара қарым-қатынасының бірден қалыптасуы сирек кездеседі. Бұл ұзақ мерзімді процесс, таңдалған мақсатты ұдайы зерттеуі, шыдамдылықты талап етуші, ұзақ еңбекті қажет ететін еңбек. Сондықтан ұйымның өзара қарым-қатынасы өте қиын жұмыс. Оның нәтижесі педагогтің шыдамдылығы және талапшылдығымен оның отбасында кәсіби көмекші болу іскерлігімен анықталады. Барлық бұл әрекеттер әрбір баланың ойлау және танымдық қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін, ең басты, оны жеке тұлға ретінде дамытуға бағытталады.

Сонымен, әлеуметтік тәрбиенің басты міндеті- баланың қоғамға бейімделу кезінде жеке тұлғалықмаңыздысапасындамытуға қажетті жағдайжасау және баланың жеке бастық – психологиялық денсаулығын нығайтуғажағдайжасау [6].

Тәрбиелі жас ұрпақтың білімді, білікті болуы мектепке дейінгі мекеме мен отбасының үздіксіз бірлескен еңбегінің нәтижесі. Біздің ең биік мақсатымыз әр отбасындағы ұрпақтың дені сау, рухани бай, білімге, еңбекке, құштар болып өсуі. Ата-аналармен балалардың бүгінгі жасаған қадамы, ертеңгі тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер беретінін ұғындыру.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бала мен балабақша. №8 2010жыл.
2. «Әлеуметтану негіздері» А.И. Икенов Алматы. Экономика 2004ж
3. Әлеуметтану. Оқу құралы Б.Ө Айбеков. К.К. Абенов Шымкент 2003ж
4. Отбасы және балабақша №4 2014 жыл
5. Қазақстан мектебі 2000ж №7
6. Мектепке дейінгі тәрбие. №5 2011 жыл.

ӘОЖ 373

ЗАМАНАУИ БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІСІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

А.А.Мадешова¹, Б.Ә.Бекет²

^{1,2} «Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі» КМҚК, Қазақстан, Қарағанды

Білім беруді дамытудың қазіргі заманғы трендтері мен уақыт талабы педагогтердің, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын жоғары талаптарды айқындайды. Тәрбиешінің құзыреттілігінің өзгеруі «Болашақтың білімі», «Болашақтың дағдылары» категорияларын түсінумен байланысты. Білім берудің болашағы оқыту мен даму технологиясының

өзгеруімен тікелей байланысты. Оқытудың дәстүрлі формалары мен әдістері интерактивті, жобалық, зерттеу әдістерімен алмастырылады, олар қоршаған әлемді танудың тәуелсіз әдістерін дамытуға бағытталған, ақпараттық ағындарды құрылымдауға және ақпаратты нақты білім беру және өзін-өзі тәрбиелеу міндеттеріне біріктіруге ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған әлемді тану процесіне әсер ететін кеңейтілген және виртуалды шындық технологиялары пайда бола бастады. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуы контекстіндегі болашақ дағдыларды талдау мектепке дейінгі жаста белсенділіктің мәдени тәсілдерінде, әлемге оң көзқараста көрініс табатын негізгі сауаттылықты қалыптастыруға алғышарттар жасалғанын көрсетті. Достары пайда болады және олармен әртүрлі іс-әрекетте белсенді әрекеттесу қажеттілігі туындайды, яғни бұл коммуникацияларды дамытуға әкеледі. Дамыған қиял шығармашылықтың дамуының негізі болып табылады және өз позициясын белсенді түрде қорғай білу сыни ойлау мен көшбасшылық қасиеттерді қалыптастырады.[1]

Қазіргі мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктерін талдау дамудың жаңа құбылыстарының пайда болуын көрсетті. Оларға мыналар жатады: цифрлық перцептивтілік, цифрлық ортада ойын әрекеттерін өздігінен ұйымдастыру дағдыларын дамыту, онлайн және офлайн режимінде ойын қарым-қатынасының қажеттілігі. Дүниежүзілік білімнің жаппай онлайн оқытуға енуі бұл құбылыстың тиімді жақтарын да, кемшіліктерін де ашып берді. Мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері мектеп жасына дейінгі балалардың онлайн оқу қызметін ұйымдастыру үшін цифрлық білім беру ресурстарын белсенді пайдалана бастады. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың онлайн-кеңістігінде іс-әрекетін ұйымдастыруда жаңа сұрақтар туындады. Балалармен жұмыс істеу әдістерін, мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты шектеулерді және ата-аналарды онлайн қарым-қатынас процесіне тарта отырып, балалардың дербес белсенділігін арттыру әдістерін әзірлеу қажет.

Мектепке дейінгі балалық шақты аяқтау кезеңіндегі мақсаттарды және ХХІ ғасыр дағдыларының үлгісін талдай отырып, біз мектеп жасына дейінгі баланың дамуында шешуші рөл атқаратын дағдыларды анықтадық. Оларға: бастамашылдық, тәуелсіздік, қызығушылық, шығармашылық және рефлексивтілікті жатқыздық. Бұл сипаттамалар мектеп жасына дейінгі балада дағдыларды қалыптастырудың алғы шартына айналады және оның баланың өзін-өзі ұйымдастыруының негізін құрайды. Мектепке дейінгі білім берудегі өткен мен болашақтың технологиялары бүгінде қарама-қайшылықта. Бір жағынан, дүниені тану процесі танымдық құбылыстардың мәнін ашуға бағытталған мектеп жасына дейінгі баламен педагогикалық қарым-қатынастың дәстүрлі әдістерінсіз мүмкін емес, екінші жағынан, әлем адамнан проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін дағдыларды талап етеді. Көп тапсырмалылық және белгісіздік жағдайы, ақпаратта бағдарлану және оны қызметтің дайын өнімін өз бетінше жасауда белсенді пайдалану және т.б.[2]

Креативтілік, дивергентті ойлау, өнертапқыштық, дербестік пен бастама білімнің «берілу» процесінде қалыптаспайды. Оларды дамыту іс-әрекеттің проблемалық-ізденіс, зерттеушілік және ойын форматтарымен қаныққан қалыптастырушы және дамытатын оқу іс-шараларын құруды талап етеді. Өткен технологияларды пайдаланған тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балада болашақтың дағдыларын қалыптастыра алмайды. Өткен және болашақ технологияларының оңтайлы тепе-теңдігі қандай? Өткеннің қандай технологиялары болашақтың дағдыларын дамытуға ықпал етеді? Мектепке дейінгі жаста болашақтың дағдыларын дамытуға ықпал ететін технологияларды қандай критерийлер бойынша саралау керек? «Болашақтың білімі» парадигмасында жұмыс істейтін педагогке қандай дағдылар қажет? Осы және басқа да сұрақтар болашақ перспективада педагогиканың құзыреттілігін өзгерту аспектілерін проблемалық етеді.[5]

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтарды оқыту мен олардың дамуы – бұл уақытқа байланысты процесс, соның нәтижесінде әр тәрбиешінің жеке-кәсіби сапалары өзгереді. Бұл үрдіс дамудың нәтижесіндегі жаңа қасиеттердің қалыптасуын сипаттайды. Оқыту барысындағы бірінші өзгеріс ол мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілердің ұдайы кәсіби өзгеруге дайындық пен өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктер.

Үнемі дамып келе жатқан заманауи әлемде әр маман өзінің білімін, дағдыларын үнемі жаңартып, жетілдіруге тиіс. Кәсіби құзыреттілікке ерекше назар аудару қажет.

Кәсіби құзыреттіліктің негізгі компоненттеріне мыналар жатады:

- зияткерлік-педагогикалық құзыреттілік;
- коммуникативтік құзыреттілік;
- ақпараттық құзыреттілік;
- рефлексивті құзыреттілік.

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен бүгінгі күні кез-келген маман белгілі бір құзыреттер жиынтығына ие болуы керек.

А. А. Майердің ұстанымынан педагогтің кәсіби құзыреттілігінің моделі білім беру процесінің құрылымы (мақсаттары, мазмұны, құралдары, объектісі, қызметі, нәтижесі және т.б.), өзі кәсіби қызметтің субъектісі ретінде туралы білімді қамтуы тиіс екенін білдік. Ол сонымен қатар кәсіби қызмет әдістерін және шығармашылық компонентті қолдану тәжірибесінде қамтуы керек.

Біз педагогтің кәсіби құзыреттілігі ұғымын психология тұрғысынан талдай отырып (А. М. Бородич, Р. С. Буре, М. И. Лисина, В. С. Мухина және т. б.) оның қазіргі педагог бойында болуы керек бірнеше қасиеттерді бөлуге мүмкіндік беретінін көреміз:[4]

- жеке дамуға ұмтылу және шығармашылық;
- мотивация және инновацияға дайындық;
- мектепке дейінгі білім берудің заманауи басымдықтарын түсіну;
- рефлексия қабілеті мен қажеттілігі.

Кәсіби құзыретті маман болу үшін ұйымдастырылатын әрекеттер: біліктілікті арттыру курстары, зерттеу, эксперименттік іс-шаралар, жаңа педагогикалық технологияларды игеру, ақпараттық ағымда жүру мүмкіндігі, өзіндік педагогикалық тәжірибені жалпылау, бірақ ең бастысы – өзін-өзі жетілдіру.

Өзін-өзі жетілдіру – бұл адамның өзі басқаратын мақсатты танымдық іс-әрекет; ғылымның, техниканың, мәдениеттің, саяси өмірдің және т. б. кез-келген саласында жүйелі білім алуы.

Өзін-өзі жетілдірудің маңыздылығын түсіну және өзін-өзі дамытуға ұмтылу педагог үшін өте маңызды.

«Кәсіби құзыреттілік» педагог тұлғасының психологиялық-педагогикалық білім саласындағы ақпараттылығын, кәсіби іскерлігі мен дағдыларын, жеке тәжірибесін сипаттайтын интегративті қасиет екенін ғалымдар дәлелдеген. Бұл ретте педагогтың жұмыстағы келешекке бағдарлануы және қажетті білімдермен динамикалық қарым-қатынасқа ашық болуы, өзіне сенімді болуы және кәсіби маңызды нәтижелерге қол жеткізе алу қажеттілігі бар.[3]

Өзін-өзі жетілдірудің критерийлері: кәсіби қызметтің тиімділігі, педагогтің шығармашылық өсуі, білім беру процесіне жаңа педагогикалық технологияларды қолдануы.

Өзін-өзі жетілдіру – бұл кәсіби шеберлікті дамытудың алғашқы қадамы. Педагогтің күш-жігерінің нәтижесі – балалармен жұмысты жақсарту, балалардың үйлесімді дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Осылайша, тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігінің негізгі компоненті – өзін-өзі тәрбиелеу деп қорытынды жасауға болады. Кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейі педагогтарға кәсіби міндеттерді шешудің тиімді тәсілдерін таңдауға, кәсіби міндеттерін шығармашылықпен орындауға, өз біліктілігін арттыруға, бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыруға, ең бастысы мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Қазақбаева Д. Құзыреттілік тәсіл нәтижеге бағдарланған білім беру негізі // Білім берудегі менеджмент. 2009. № 4. С. 64-69.
2. Тұрғанбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. Алматы, 2005.
3. Әлмұханова Х.Т., Бейсебаева П.С. Құзыреттілік –кәсіби маман даярлаудың басты сапасы.

ӘОЖ 373

«ЛЭПУК» ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАДА ҚОЛДАНУ

А.А.Мадешова¹, Б.Ә.Бекет²

^{1,2} «Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі» КМҚК, Қазақстан, Қарағанды

Қазіргі уақыттағы мектепке дейінгі тәрбиешілер біліктілік деңгейі де, ішкі жан дүниесі де жетілген, жан-жақты болуы керек, өйткені қазіргі күні ХХІ ғасыр ұрпағынан үлкен үміт күтілуде. Біздің алдымызда отырған тәрбиленушілерді рухани жан-дүниесі бай, білімді, тәрбиелі, жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастыруымыз керек.

Қазіргі қоғамға танымдық және белсенді өзін-өзі жүзеге асыруға, өзекті мәселелерді шешуде бастамашылық пен шығармашылық танытуға қабілетті сындарлы тұлға қажет. Мұндай тұлғаның негізгі принциптері мектепке дейінгі жаста болуы керек.

Жаңа уақыт жаңа міндеттерді талап етеді және педагогтерді мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және зерттеу қабілеттерін дамыту үшін балалармен жұмыс істеудің жаңа өнімді түрлерін іздеуге мәжбүр етеді. Баланы мүмкіндігінше ертерек оқуға, санауға үйрету керек деген пікір бар. Дегенмен, оның ойлауын, зейінін, сөйлеуін дамыту, айналасындағы әлемге деген қызығушылығын ояту, жаңалық ашу және оған таңдану қабілетін қалыптастыру маңызды екендігі дәлелденді.

Сондықтан балалардағы танымдық белсенділікті дамыту мәселесі өзекті болып табылады. Әсіресе, бұл ересек мектеп жасына дейінгі балаларға қатысты маңызды. Қазіргі балалар ақпараттандыру дәуірінде өмір сүреді және тәрбиеленеді, тез өзгеретін өмір жағдайларына байланысты, адамнан тек білім алу ғана емес, сонымен бірге осы білімді өзі алу, олармен жұмыс істеу, өз бетінше және шығармашылық ойлау қабілеті қажет. Балаларда ізденгіш, көпшіл, қоршаған ортада жоғалмауға, туындаған мәселелерді шешуге, тәуелсіз және шығармашылық тұлғаларға қабілетті болу қабілетін дамыту қажет.

Жаңа білім сапасына қойылатын талап инновациялық технологиялар мен әдістемелерді көптеп қолдану болып табылады. Сонымен қатар дәстүрлі оқыту әдісіне қарағанда инновациялық технология арқылы білім беру балалардың білуге деген қызығушылығын, ізденісін арттырады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі – жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру десек, тәрбиешілер осы талапқа сай оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістемелерінің мән-мағынасын түсініп, өз тәжірибелерінде қолдана білудің маңызы зор.

Өзін-өзі жетілдіру, адам танымдық, іс-әрекет барысында ғылымның, техниканың, мәдениеттің, саяси өмірдің және тағы басқа кез-келген салада жүйелі білім алуы. Заманауи талаптарға сай болу үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагогтері үнемі оқып, өздігінен білім алып, кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеруі керек.

Сонымен, олар үшін білім беру саласындағы болып жатқан өзгерістерге барабар жауап беруді үйрену, пікірлестер тобында жұмыс істей білу, балалармен тәрбие және білім беру жұмыстарын сауатты және сапалы ұйымдастыру, білім беру міндеттерін шешу үшін ата-аналарымен тиімді серіктестік құру, білім беру мазмұнын дербес таңдау және оны белгілі бір топтағы балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу маңызды. Әр педагог мектеп жасына дейінгі балаларды қызықтыратын, олардың жасына сәйкес келетін сапалы да тиімді білім беруді және тәрбиелік міндеттерді тиімді шешетін жаңа тәсілдерді, идеяларды, формалар мен әдістерді үнемі іздейді.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Қазіргі уақытта білім саласына қойылатын талапжаңа технологиялар мен әдістерді барынша көптеп қолдану болып болмақ. Балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеріп, әр түрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп есептеймін және мен өз оқу қызметімде қолданамын.

Лэпбук – мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың қазіргі заманғы құралы. Бұл американдық технология. Негізін қалаушы – Тэмми Дюби. Лэпбукке «Жинақталған кітап», «Тақырыптық интерактивті қалта» немесе «Қалталары мен терезелері бар кішкентай кітаптар жиынтығы» деп бірнеше анықтама беруге болады. Лэпбук әсіресе мектепалды даярлық топ балаларын қызықтырады және жаңа білім іздеуге итермелейтін құрал. Лэпбук ақпаратты кез-келген нысанда және кез-келген тақырыпта суреттер, кішігірім мәтіндер, диаграммалар мен графиктер түрінде орналастыруға мүмкіндік береді.

Лэпбук — салыстырмалы түрде оқудың жаңа тәсілі. Лэпбук-ол интерактивтік әдістеме, оны құрастыру жөнінде келесі әдіс-тәсілдер қолдану болады: салыстырмалы талдау, ізденіс, проблемалық сұрақтар, дидактикалық ойындар, әңгіме, сипаттау, сюжеттік ойындар.

«Лэпбук» — мектепке дейінгі балалардың танымдық-зерттеу белсенділігін даму түрінің инновациялық формасы. Лэпбук арқылы балалардың ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамуына жақсы әсер тиеді, бір мәселені шешу жолында әр сала бойынша білімдер алады және алған білімдерін қолдана алады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан – жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын баланың барлық қабілетінің, тілінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңейуіне, құрбылармен жақындасуына көмектеседі. Ойын – баланың даму құралы, таным көзі, білімділікке,

тәрбиелікке ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етуші құрал. Сондықтан ойынды сабақтан тыс уақытта пайдалану – үлкен нәтиже берері анық.

Тәрбиеленушілер әр құзыреттілік дағдылар бойынша білімдер алады және алған білімдерін қолдана алады. Ләпбук арқылы келесі міндеттер атқарылады: ләпбук балаға өткен тақырыпты өз қалауы бойынша ұйымдастырға, тақырыпты жақсы түсінуге және материалды есте сақтауға көмектеседі. Бұл өткен тақырыпты қайталау үшін тамаша тәсіл. Кез келген ыңғайлы уақытта бала жай ғана ләпбукты ашады және қуана-қуана өткен қайталайды, өз қолымен жасаған еңбекті қарастырады. Бала өз бетімен жинауға және ақпаратты ұйымдастыруға үйренеді.

Ләпбук топта сабақ жүргізгенде қолайлы, онда бір мезгілде әр түрлі жастағы балалар оқиды. Тапсырманы деңгейге қарай таңдауға болады (кіші топтағы балалар үшін – карточкалармен қалташа немесе жануарлар пішінің, ал ересек немесе даярлық топтардағы балаларға жаза білуге және тағы да басқа тапсырмалар) және осындай ұжымдық еңбек кітапшасын жасау. Ләпбука құру ересектер мен балалардың бірлескен қызмет түрлерінің бірі болып табылады. Ләпбукті баламен бірге құрастыру процесінде, ол жаңа ақпаратты тез есте сақтайды.

Ләпбукпен жұмыс істеу несімен тиімді?

- өткен тақырыпты қайталаудың тиімді әдісі;
- «жинақталған кітап» құру кезінде сіз ыңғайлы тақырып пен тапсырмаларды таңдай аласыз;
- ҰОҚ кезінде көрнекіліктердің санын арттырады;
- балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, логикасын дамытады;
- тақырыпты жақсы түсінуге және материалды есте сақтауға көмектеседі;
- ойын элементтерінің ауқымды болуымен тиімді.

Әсіресе мемлекеттік тілді үйренуде бұл жаңа технологияның берері мол. Қазіргі уақытта балалардың тілін, ойын дамытуда ләпбукты қолдану өзекті болып тұр. Бала тілін дамытуға, мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану қажет.

Рухани жаңғыру біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда, балабақшада көптеген жұмыстар жүргізіліп, балалардың сапалы білім алуына, мамандардың жаңа технологияларды білім беру жүйесінде қолданып, болашақта бағдарлы жұмыстар жүргізілетінін айта келе, ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз бізге дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт бағдар берді[1].

Ендеше, көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа меңзеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық. Елбасы «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу» деп орынды атап көрсеткені белгілі.

Елбасымыздың мақаласында атап көрсетілгендей, қазіргі жастар өздеріне үлгі тұтар тұлғалардан өнеге ала білуі керек. Осыған орай бұл туралы балабашада «Рухани жаңғыру» аясында көптеген ертеңгіліктер «Менің Отаным – Қазақстан», «Салт-дәстүрім – таусылмайтын байлығым» атты тақырыпқа ашық оқу қызметін көрсетуге болады. Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды пайдаланып, жаңаша әдістер қолданылады.

Сонымен қатар «Тіл тірегіміз, салт-дәстүр, ұлттық сана, соғып тұрған жүрегіміз» атты тәрбие сағаттарын өткізуге болады.

Елбасымыз еліміздің экономикалық, саяси және рухани жаңғыруына ерекше мән беріп отыр. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы мемлекетіміздің күшті де қуатты болуына сүбелі үлесін қоса білуі қажет. Бүгінгі өскелең жас ұрпақ, жас маман, жас педагогтар ұлттық рух пен ұлттық сананы жаңғыртуды болашаққа бағытталған үкілі үміт, асқақ арман, абыройлы парыз деп қана қабылдамай, төл міндет және тегеурінді талап деп ұғынғандары абзал. Мен де, тәрбиеші, ұстаз ретінде өз үлесімді қосу мақсатында білім жолындағы тың идеяларды іздеймін. Біздің ең биік мақсатымыз келешегі кемел білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бала бойына сапалы білім мен үлгілі тәрбиені сіңіру - тәрбиешінің алдына қойған басты мақсаты деп білемін. Әр үйдің үміті болған кішкентай бүлдіршіндерді Отансүйгіштікке, ұлттық салт - дәстүрімізді құрметтеуге, өлкеміздің табиғатын қорғауға қалыптастыру балабақша табалдырығынан бастау алуы қажет[2].

Елбасымыздың алға қойған міндеттерінің бірі білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді көздеген. Осы бағытта балаларға экологиялық білім мен тәрбие беру бағытын қосымша жоспар жасау арқылы балаларды туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, оның әсемдігін терең сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу арқылы, балабақшада табиғат жөнінде қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар туралы нақты жалпылама түсінік қалыптастыруға болады. Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында ең алдымен экология оқу қызметімен пәнаралық байланыс ұйымдастыру, ертеңгілік жаттығуларды, оқу қызметтерін табиғат аясында өткізу арқылы табиғаттың әсемдігін сезіндіріп, оны қорғауға тәрбиелеу.

Сонымен қатар күннің екінші жартысында табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктеріне қамқорлық жұмыстарын ұйымдастыру арқылы балаларды еңбекке тәрбиелейміз. Отбасы және балабақша арасындағы ынтымақтастықты арттыру мақсатында «Құстарға қамқор болайық» тақырыбындағы тәрбие сағатын өткізуге болады. Балабақша бүлдіршіндерін білімге деген құштарлығын арттырып, оны әрі қарай шыңдап, бүгінгі заман талабына сай етіп, жеке тұлға қалыптастыруда аянбай еңбек етуге тәрбиелейміз. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі жан - жақты болуы шарт деп есептейміз.

Ұрпақ тәрбиесінде үш тілділікке бағыт бұру. Елбасымыз «Рухани жаңғыру» мақаласында қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар ауадай қажет деп көрсеткен болатын. Осы бағытта алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар мен міндеттер көп. Мағжан Жұмабаев атамыз өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген: «Баланы тәрбиешінің өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайықтап дайындау керек». Иә, Мағжан атамыз айтқан даналық ой бүгінгі күнгі білімді ұрпаққа қаратылып айтылғаны көрініп тұр. Өйткені елдің ертеңгі тірегі – балабақшадағы тәрбиеленіп жатқан балдырғандарымыз. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс деп есептейміз. Бұл жаңғыру – тарихи сәт сауапты, Сауапты іске бәріміз де жауапты: Тұлпарымыз озсын десек бәйгеде, Ұрпағымыз болсын десек сауатты. Бұл жаңғыру – Туған Жерді түлету, Ен даланың кең құшағын гүл ету. Тәрбие мен білім негізі ең алдымен отбасынан, содан соң балабақшадан басталады. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласында сапаны жақсартуға көңіл бөлу керек. Бұл мәселе Елбасының биылғы Жолдауында да айтылды. «Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады[3].

Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда», — деді Президент.

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел».

Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады.

Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынды: Бәсекелестік қабілет. Ғаламданудың жаһандық жүйесіне еніп, ХХІ ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың кілті екенін атап айтты. Прагматизм. Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды. Ұлттық бірегейлікті сақтау.

Елбасымыз үшінші қағидасында ұлттық код, яғни халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатының ескертті. Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.

ХХ ғасыр қасіреттерін қаперімізге сақтап, одан сабақ алу және де дүрбелең туғызу экономикалық күйреуге алып келетінін қазіргі кезде болып жатқан әлемдік толқыныстарды мысалға келтірді. Ревалюциялық өзгеріс емес, эволюциялық жаңару алып келуіміз керек екеніне ой қортты[4].

Қорыта айтқанда, бұл елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген үндеу өсиеті деп білемін. Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз болашақ мына бізге дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт бағдар берді. Ендеше, көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа мензеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды.

Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады...

Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында[1-46].

Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы

темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Болашаққа бағдар ретінде Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының әрбір профессор-оқытушылар құрамы, әскери қызметшілері және осы оқу орнында білім алып жатқан жастарымыз Елбасының осы сөздерін өздерінің алға қойған өмірлік мақсаттарына енгізе отырып, еліміздің рухани тұрғыдан дамып, интеллектуалдық дәрежесінің жоғарылауына үлесін қосады деген сенімдемін. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты.

Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Мен Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы қажеттілігін түсінемін[2-96].

Ел Президентінің рухани жаңғыруға қатысты ұстанымдары әскери салада да, яғни РЭжБӘИИ тарапынан бірауыздан қолдау тауып, ұлттың кемелденіп дамуына әсер етуші ең маңызды фактор деп санаймын. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім жүйесі әрдайым бірінші кезектегі орында тұруы міндет деп есептеймін.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Н.Ә.Назарбаев.

Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танимыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық.

Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар». Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

Қазіргі таңдағы әскери сала мен әскери оқу орындарындағы білім мен тәрбие жүйесі Елбасының парасатты пайымдарын негізге ала отырып, қарқынды түрде жүзеге асыруда.

Ал идеология мәселесіне келер болсақ, кестелі сөз, кесек ойлары көрініс тапқан ой-толғауында Президент елес идеологияларға ермей, заманға сай амал етуге үндейді: «Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті.

Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс». Мақалада көтерілген идеологиялар туралы кесек ой да ел басқару жүйесін жаңа өзгерістер биігіне бастары айқын. Дәл осындай тәуелсіз Қазақстанды өркениет көшінің алдыңғы легіне апаратын жаңа бастамалар қашанда көпшіліктің қолдауына мен ықыласына бөленеді[5-116].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өлір ашақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады[2-11б].

Ендеше, рухани жаңару арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз бірлік туы астында бақытқа бірге жетейік!

Қазіргі заманда балаларды ерте жастан дамыту неғұрлым танымал болуда. Солардың ішіндегі айрықша қолдауға ие М. Монтессори әдістемесі болып табылады. М. Монтессори әдістемесі балаға тереңдетілген құрмет пен ұғынуды пайымдаумен қатар, әрбір баланың бірегей болып табылатындығын және өз дамуындағы бірінші күнінен бастап-өмір қажеттілігін ашып, жеке тәсілді талап ете отырып, оның әлеуеттілігін арттыруға негізделеді.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің М.Монтессори педагогикалық жүйесін меңгеруі және оны тәрбие оқу-тәрбие үрдісіне ендіру. Тындаушылардың интеллектуалдық қабілетін дамыту, кәсіби біліктілігін жетілдіру.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы және даму үдерісі мен нормативтік құжаттардың мазмұны анықтайтын талдау жүргізілді. Курс тындаушылары М.Монтессори педагогикалық жүйесі үлгісінде мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке қажеттіліктерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін педагогикалық технологияларды қолдану бойынша білімдерін толықтырды.

М.Монтессори оқу-тәрбие процесінде қолданылатын педагогикалық жүйе дағдыларын пайдалануды көзбен көріп талқылады.

Алынған білім мен дағдылар жүйесі бойынша М. Монтессори педагогикалық жүйесін пайдалану дағдыларын қолдану педагогтарға оларды өз тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Әбдіманапов, С. Ұлт әлеуетінің ұстыны [Мәтін]: [Рухани жаңғыру, жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу туралы // Егемен Қазақстан.- 2018.- 12 наурыз (№48).- 5 б.

2. Әбдіхалықова, Г. Рухани жаңғыру - Қазақстанның үшінші жаңғыруының негізі [Мәтін]: [ҚР Президентінің бағдарламалық мақаласы туралы] // Егемен Қазақстан; Орталық Қазақстан.- 2017.- 17 сәуір (№73). - 3 б.; 16 мамыр. - (№52).

3.Әбілда, Қ. Рухтың тілеуі-ұлттың тілеуі [Мәтін]: ["Рухани жаңғыру" жобасы аясында атқарылатын жұмыстар] // Егемен Қазақстан.- 2018.- 20 наурыз (№54).- 7 б.

4. Әбілдин, Ж. Ескіні жаңамен, дәстүрді инновациямен сабақтастыру [Мәтін]: [Елбасы Н.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласындағы "Ұлттық жаңғыру", ұлттық болмыс туралы] // Егемен Қазақстан.- 2017.- 12 маусым (№110).- 11

5.<http://www.edu.gov.kz/>

ӘОЖ 372.3/4

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫ БАЛАЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Тусупова Ж.С.

Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің
КМҚК “Еркетай” бөбекжай балабақшасы, Қарағанды обл., Қазақстан

Сәби кез бала өміріндегі керемет кез екенін бәріміз білеміз. Алайда ол туралы көбіне ұмытып кететініміз тағы бар. Біз көбіне бала есе келгенде үйрете бастаймыз. Бірақ заманауи зерттелерге сүйенсек ол кезде бала 70-80% қалыптасып қояды. Сонда біз күшті мектепалды даярлық кезіндегі тәрбиеге салу керектігі жайлы білеміз. Г. Доманның айтуынша, қанағатсыз әуесқойлық кезеңі-адамның ақыл-парасатын қалыптастыратын кезең.

Дәстүрлі тәрбиеде ерте жастағы балаларды тәрбиелеуде бақылау мен күтіміне көп көңіл бөлеміз. Оған қарамастан, мектепалды даярлық тобы балаларының психикалық даму қабілетіне, яғни бір айтқаннан қағып алу қабілеттеріне сай ерте жастағы балалардың дамуында өз тәжірибемде қолданатын

заманауи үдерістерге тоқталып өтсем деймін. Балалардың нерв жүйесін зерттеуші американдық дәрігердің айтуынша, «адамзат тарихында 18 айлық кезден 7 жасқа дейінгі баладан білуге құмар зерттеуші жоқ».

Бұл жастағы балалардың шашып-төгуге, ұстап көруге құмарлығын ескере отырып, біз мынадай тәсілдерді қолданамыз. Олар мыналар:

- Артикуляциялық гимнастика
- Фасольмен ойын
- Түрлі-түсті сұйықтық құйылған түтікшелер
- Моншақтар
- Баулармен ойын
- Музыкалық терапия мен би терапиясы
- Пантомимиканы қолдану арқылы аудиоертегілер тыңдау
- Электронды ойындарды қолдану

Негізінен, артикуляциялық гимнастика дәстүрлі емес әдіске жатпайды, алайда мектепалды даярлық топтарында көбіне артикуляциялық жаттығу жасала бермейді. Артикуляциялық жаттығулар орындау сөйлеу мүшелерінің дамуын тездетіп, сөйлеу қабілетін дамытады. Біздің тәрбиешілер бұл жастағы балалардың артикуляциялық аппаратының толық дамымауына байланысты айнаны қолданбай жасата береді. Бастысы, балалар өздерінің артикуляциялық аппараттарын сезінулері керек. Біздің балалар артикуляциялық жаттығуларды асқан қызығушылықпен орындайды [1].

Ерте жастағы балаларды дамытуда дәстүрлі емес тәсілдерді қолдануда фасоль ваннасын жасадық, яғни әр түрлі көлемдегі пластикалық ыдыстарға фасольдардың ортасына «киндер сюрприз» ойыншықтарын ішіне салып балаларға ұсынамыз. Уақыт өте келе балалар фасольмен ойындарды өздері ойлап тапты. Қуыршақтың ыдыстарына қасықпен фасольді салып, оны басқа ыдысқа төгіп ойнайды. Әртүрлі ыдыстарға басқа заттардың көмегімен фасольді салады. Тіпті фасольді шашып алғанда да оң нәтиже бар, себебі балалар жинауға көмектесуге жүгіріп келіп, жинап жатады. Ол балалардың ұсақ қол моторикасындамытары сөзсіз. Фасольмен ойындардың саны шексіз, солардың бірнешеуін атап кетейін.

- «Күлше қыз» (қызыл фасольды ақ фасольдан ажырат немесе тек ұсақ фасольдарды ғана жина
- «Ойыншықты тап», «Ойыншықты жасыр» (баланы артқа қарауын өтініп, содан кейін ойыншықты жасыру. Одан кейін фасольдардың ортасынан ойыншықты табуын өтіну)
- «Банканы толтыр» (1-ден 10-ға дейін санап отырып, барлық балалар бірлесіп толтырады.)
- «Балапанды тамақтандыр» (белгілі бір ойыншық үшін фасольды себуін сұрау)

Түрлі-түсті сұйықтықтарды пластик түтікшелерге құю әдісі де біздің қолданыста оң нәтиже көрсетіп жүр. Ол сұйықтыққа сұйық май қосылады. (Құлпырған жылтыр түспен өте әдемі көрінеді). Балаларға түрлі-түсті судың, май тамшыларының ағуы бір ыдыстан екінші ыдысқа ағуын қызықтағанды ұнатады. Түтікшемен ойын барысында байқағыштық қабілеті дамып, эксперименталдық нақыштарының кірпіші қаланады. Түсті ажыратып, атауды үйренеді. Егер түтікшені шайқаса май тамшылары ұсақталып, көбейетіндігін балалар өздері байқайды. Бір бала көк жылтыр түсті желге ұқсатты.

Моншақтар. Ұсақ қол моторикасын дамыту үшін бауға моншақ өткізуді дәстүрлі емес тәсілге жатқыза алмаймыз. Алайда біз даярлық тобындағы балалар үшін контейнерлерге салынған моншақтардың түрін балалардың өздеріне таңдау еркіндігін бердік. Содан балалар өздері таңдаған моншақтардан анасына немесе әжесіне арнап алқа жасады. Кешке үйге қайтқанда өздерімен үйге алып кетіп, өз жақындарына сыйлады. Үйде аналарымен бұл процесті жалғастыруын сұрады. Бұл балалар мектеп есігін енді ашқан кезде адаптация кезінде оң нәтиже көрсетті. Осылайша, баланың ұсақ қол моторикасымен қоса, шыдамдылыққа, түсті ажыратуын бекітіп, логикалық ойлау қабілетін дамытуға әсерін тигізеді. Моншақпен ойнатылатын ойындардың бірнешеуін атап кетейін: «Үлгіге сай алқа жаса», «Жасылдарды ғана біріктір», «Ақтарды ғана біріктір», «Қуыршаққа әдемі алқа жаса», «Он қызыл, содан бес ақ моншақтан алқа жаса» т.б.

Баулар-баулардың өзі, бау байлау емес. Мектепалды даярлық тобы балалары өздері ойын барысында жетістікке жетелейтін ойындармен ойнағанды ұнатады. Ал бауды тесіктен өткізу барлық баланың қолынан келе бермейтін іс. Сондықтан баулармен жасалған бұрышта кей балалар бауды шешіп жатса, кейбіреуі байлап, енді бірі бауды тесіктен өткізіп жатады [2].

Пантомимиканы қолданып, аудио ертегілер тыңдау. Бұл ретте ұстаздарға көмекке «Бал-бала» қуыршақтары немесе «аудио киіз үй» көмекке келеді. Ерте жастағы балаларға көрнекіліктерсіз ертегі тыңдау қиындық туғызады. Сондықтан пантомимика әдісін қолдануды жөн деп таптық. Бұл әдістің арқасында

балалардың эмоционалды кеңістігін дамытып, бұлшықеттің ширығуы төмендейді. Осы орайда біз балалардың қиялдау мен елестету қабілеттері дамығандығын байқадық. Алдымен ертегіні тыңдайды, содан кейін балалар педагогтың жасаған қимылдарын қайталайды. Кейін балаларды рольдерге бөліп, балалар кейіпкерлерді қимылдар арқылы бейнелеп, ертегіні қойып шығады. Бұл балалар үшін өте қызықты тәсіл. Балалар өздеріне ұнайтын ертегіні қосуды ұнаттып, қызығушылықтарын білдіреді.

Электронды ойындар. Қазір технологияның дамыған кезінде балаларды таң қалдыру қиынға түсетіні бәрімізге мәлім. Сол ретте арнайы дайындалған электронды ойындар бізге көмекке келді. Мектепалды даярлық тобы балаларының дамуына тағы керемет үлес қосып жүрген ойынның бірі- электронды ойындар. Олардың түрлілігі соншалық, балаларды өзіне елтіп, баурап алады. «Ертегілер елінде» деп аталатын ойында түрлі ертегілерден сұрақтар қойылады. Егер дұрыс жауап берген болса, ертегідегі аталған кейіпкердің суреті шығады. Ол үшін мектебіміздегі мультимедиалық компьютерлер көмекке келеді. Оқу қызметі барысында топпен жұмыс істеуде немесе жеке жұмыс кезінде мультимедиалық компьютерлер көмегімен балаларға арнайы дайындалған электронды ойындарымыз таптырмас құрал.

Елімізде ақпараттық технологияның қарқынды дамып келе жатқаны белгілі. Осыған орай жобалау қызметі білім беру саласының есігін айқара ашты. Мектепке дейінгі мекемелер де ол жаңашылдықтан кенде қалмады. Сондай жаңашылдықтың бірі-жобалау. Жоба-бұл тәрбиеші арнайы ұйымдастырған және балалар өз бетінше орындайтын іс-шаралар кешені, онда олар шешім қабылдау кезінде өз қабілеттерін көрсете алады және өз таңдауы үшін, еңбек нәтижесі үшін, өнімі үшін жауап береді.

Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында педагог қызметкерлердің өз жұмысына қойылатын жаңа жағдайлар және талаптарды түсінуі қажет. Тәрбиешінің жобалық қызметті толық қанды игеруінен балалармен бірлескен жұмыс моделі қалыптасады.

Жобалық қызметтің өзектілігі бірқатар себептерге байланысты. Мәселен, балабақшаларда жобаларды іске асыру балалардың тәуелсіз танымдық белсенділігі мен зерттеушілік іздеу дағдыларын дамытуға ғана емес, сонымен қатар білім беру процесін құру кезінде педагогтардың ойлауын түбегейлі қайта бағыттауға ықпал етеді.

Осылайша, аталған ұйымдарда жобалық технологияның өзектілігі мен қажеттілігі балалар мен тәрбиешінің білім беру қызметінің сапасына деген қажеттілік еріне байланысты.

Зерттеу қызметі кезінде ортаңғы топ балаларын мәселелік ойын жағдайына кіруге үйрете отырып, мәселені шешу жолдарын іздеуге деген ұмтылысты күшейте отырып, зерттеу қызметін бастапқы алғышарттарын қалыптастырамын.

Ересек топ балаларымен жұмыста зерттеу қызметінің, зияткерлік бастаманың алғышарттарын қалыптастырып, ересек адамның көмегімен содан кейін өздігінен мәселені шешу мүмкін әдістерін анықтау дағдыларын дамытамын, әр түрлі нұсқаларды қолдана отырып, мәселені шшеуге ықпал ететін арнайы терминологияны, сындарлы әңгіме жүргізуді қолдануға деген құлшыныстарын дамытамын. Бұл нені білдіреді? Мысалда қарастырайық. Мен балаға келесі сипаттағы сұрақты қоямын: «біздің топта жаңа көлік бар және ол үшін тиісті мөлшерде гараж салу керек. Сіз жасай аласыз ба?». Бала гараж салады, өлшемін анықтайды, оны үлкейтеді немесе кішірейтеді. Бір жағынан, оның алдында проблемалық жағдай тұрғаны анық-гараж тұрақты болуы керек, машина гараждың ішіне еркін орналасуы қажет. Бірақ, осылайша, мүмкіндік кеңістігін кеңістігін зерттеу орын алмайды және ойын барысында мұндай мәселені шешу жобалық қызмет емес. Ал енді осы қызмет қандай жағдайда жобалық болады? егер мен мәселені былайша тұжырымдасам: «біздің топта жаңа көлік бар және ол үшін гараж салу керек. Құрылыс орталығында көптеген материалдар бар (ағаш және пластик текшелер, картон қораптар, үлкен және кіші конструкторлар және т.б.) және қайсысы ең тұрақты, сенімді гараж болатынын анықтау керек». Яғни мен мәселеден басқа, зерттеу ізденісі болатын мүмкіндіктер кеңістігін анықтадым. Әрі қарай, «қалай әрекет ету қажет?» деген іс-қимыл жоспарын анықтадық. Бала немесе балалардың шағын тобы гараждарды салу кезінде бірнеше материалдарды өз бетінше сынап көреді, оларды беріктік пен тұрақтылыққа тексереді, ең жақсы нұсқаны таңдап, алғашқы тұжырымдарын жасауды үйренеді.

Бұл процесте мен ұйымдастырушы да, көмекші де, үйлестіруші де боламын. Мұндай өзара әрекеттесу кезінде тәрбиешінің қатысуына қарамастан, балаларда тәуелсіз танымдық және зерттеу қызметі қалыптасады, бұл болашақта өзін-өзі жоспарлау, ұйымдастыру, іздеу, сапалы нәтижеге қол жеткізу, тұжырымдар жасау сияқты дағдыларға әкеледі [3].

Қатысушылар саны бойынша жобалар жеке, жұптық, топтық, ұжымдық, жаппай болуы мүмкін. Шағын орталығымыз үшін ұжымдық және топтық жобалар ұтымды болып табылады.

Ұжымдық жобаларға қойылған мәселені бірлесе шеше отырып, топтың барлық балалары қатысады. Мысалы, дайындық тобындағы «Аяз ата шеберханасы» ұжымдық шығармашылық жобасы, оның нәтижесі топ балаларының қолымен жасалған жаңа жылдық әшекейлер көрмесі болуы мүмкін.

Топтық жобалар қатысушы балалардың шағын тобын қамтиды. Мысалы, «ойыншық тарихы» ортаңғы топқа арналған жоба ата-аналарымен бірге «көне және заманауи ойыншықтар» көрмесін ұйымдастыруды көздейді. Бұл жоба үшін үйінде көне ойыншықтары бар анықталып алынады. Олар үлкендерден

ойыншықтардың пайда болу тарихы, оларды ұзақ сақтаудың себептері туралы біледі, ежелгі белгілерді, казіргі заманғы ұқсас ойыншықтардан айырмашылықтарды табады.

Жұптасқан жобада екі баланы немесе ата-анамен баланы біріктіремін. Мәселен, «елдегі және отбасылық өмірдегі қарттар» жобасында бала анасымен бірге отбасылық мұрағаттарды зерттейді және «біздің отбасымыздың аға буыны» альбомын дайындайды, онда ол тек фото суреттерді ғана емес, оның суреттерін, әңгімелерін, құттықтау карталарын және ата-әжелеріне сыйлықтар ұсынады.

Жоба балаға қоршаған ортаны игеруге көмектесетін және педагогтар ұйымдастыратын алдын-ала жоспарланған қоршаған ортаны игеруге көмектесетін және педагог ұйымдастыратын алдын-ала жоспарланған, кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын тәжірибелік іс-әрекетке ықпал ететін әдіс ретінде әрекет етеді [4]

Мектепке дейінгі білім беру ұйымы үшін жобалау қызметі балаға дамытушылық әсер ететін шексіз мүмкіндіктері бар инновациялық қызмет ретінде сипатталады, өйткені ол мектепке дейінгі балалық шақ кезінде оның танымдық кеметін белсендіреді.

Ең бастысы, жобалық іс-шаралар мектепке дейінгі білім беру ұйымының білім беру жүйесін балалардың ата-аналарының оған белсенді қатысуы үшін оқшауланғаннан ашыққа айналдырғандықтан мектепке дейінгі тәрбиедегі жобаның маңыздылығын дәлелдей түседі.

Әрбір әдіс-тәсілдің күн тәртібінде алатын орны бар. Яғни таңғы балаларды қабылдау кезінде балалар әр түрлі уақытта келетіндіктен, фасолмен ойынды, баулармен немесе моншақтармен ойындарды қолданамыз. Балалардың бұл заттарға үйренгендіктері соншалық, топқа кірген бетте балалар өздеріне керекті контейнерді алып ойынға кіріседі. Кейде әртүрлі заттарды біріктіріп, өздері ойын ойлап табады. Содан кейін барлығын өз орнына қойып, реттеп қояды [5].

Балалар еркін қызмет кезінде аудио ертегі тыңдап, электронды ойындар ойнайды. Кез-келген бос уақытта музыка қосып, би терапиясын жасайды. Педагогтар музыканы балалардың өздеріне таңдау жасатады. Өзі балалармен қоса билейді. Музыка балалар «иа» дегенше ауыстырылмайды. Балалар «иа» деген кезде музыка ауысады.

Ерте жас- мүмкіндіктер жасы. Балалармен жұмыс кезінде осы керемет мүмкіндікті жіберіп алмайық. Себебі біз тәрбиелеген ол еркетотайдан кейін әлем үлгі алатын тұлға шығуы мүмкін. Даярлық тобының әрбір педагогы бірінші сыныпқа баратын, бейімделу кезеңінен өткен баланы тәрбиелеп жатқанын ұмытпағаны жөн. Болашағымыз осы кішкентай өзіміз тәрбиелеп жатқан ұрпақ қолында. Болашағымыздың жарқын болуы осы бүлдіршіндерге және оларға тәрбие беріп отырған біздерге байланысты. Сондықтан да артылар жүктің салмағын түсінгеніміз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Г.Григорьева , Г.В.Груба, Е.В.Зворыгина Педагогика раннеговозраста/ «Академия»-1998.
2. ИбукаМасару «Послетрехужепоздно» . Москва, 1991.
3. Н. А. ВиноградоваОбразовательныепроекты в детскомсаду. Москва, 2014.
4. Н. Е. ВераксаПроектнаядеятельностьдошкольников. – Москва, 2008.
5. Н. Құлжанова Ойын мақсатын талдау және ойын мәні. Қазақстан мектебі, 2001 №1.

ӘОЖ 373.2

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТӘЖІРИБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

А.Хайрат

№ 2 «Батыр»балабақша МКҚК, Астана қ., Қазақстан

Қазақстан-2030 стратегиясында мектепке дейінгі ұйымдарға аса зор көңіл бөлінгендігі туралы айтылған. Балабақшадан шығатын әр бір бала мектеп табалдырығын аттағанда білікті, ірге тасы мықты қаланған оқушы ретінде баруы тиіс делінген. Сонымен қатар олар бәсекеге қабілетті, үйлесімді дамыған, білікті де білімді тұлға ретінде қалыптасулары керек. Ол үшін сабақ жоспары өте жақсы және талапқа сай өткізілуі керек. Инновацияның, тәсілдердің, шетелдік озық тәжірибелердің маңызы өте зор. Балабақшадағы тәрбие ең алдымен балаларды қоғамда өмір сүруге үйретуге, айналасындағылармен қарым-қатынас пен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сол себепті жаңа технологиялармен қоса, иновациялық әдіс-тәсілдерді де, шетелдік озық тәжірибелерді де пайдалана білгеніміз жөн. Балабақшаларда озық жаңа тәжірибелерді пайдаланудың басты мақсаты: шетелдік озық тәжірибе элементтерін пайдалана отырып, білікті, білімді құзретті тұлға тәрбиелеп шығару болып

табылады. Балабақшадағы тәрбиеде ең алдымен балаларды қоғамда өмір сүруге үйрету, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасын қалыптастыруға бағыттау керек. Қазіргі тағда балаларға тек теориялық білім беру жеткіліксіз болып табылады. Балалармен жұмыс жасау барысында әр түрлі озық тәжірибелерді пайдалану ұсынылады. Қандайда бір ақпаратты ұсыну барысында немес балаға тың бір дүниені түсіндіру барысында, түсіндіріп жатқан ақпаратты бала жеңл әрі қабылдау үшін жаңа озық тәжірибе жұмыстарын пайдаланған жөн. Озық тәжірибені қолдану арқылы сіздің берген ақпаратыңыз аз уақытты және бала жадында мәңгілікке сақталатын болады. Бұл жерде сіз өз уақытыңызды үнемдеп қана қоймай бәсекеге қабілетті зейінді баланы тәрбиелеп жатқаныңыздың бір айғағы болып табылады. Әр түрлі озық тәжірибелерді қолданы баланың ынта жігерін арттырады және білім сапасын көтереді. Қазіргі таңда озық тәжірибелер өте көп. Соның бірі және бірегейі деп: «Зайцев технологиясын», «Ойын технологиясын», «Монтессори таяқшалары» және тағыда басқа көптеген технологичларды атап өтсек болады. Бұл озық тәжірибелерді ортаңғы, ересек, және мектеп алды даярлық топтарында қолданған өте тейімді болып табылады. Тәжірибелік орта балада сәттілік сезімін, іс-әрекетінің тейімділігін оның негізінде жағымды имидж, жағымды әлеуметтік ортаның қалыптасуында зор әсерін тейгізетін болады. Егерде біз мектепке дейінгі ұйымда озық тәжірибелерді тиімді пайдаланатын болсақ, балаларды білімі мен тәрбие деңгейі жоғарлай түседі.

Бала өзінің әлем жайлы жеке түсінігін қалыптастыру құқығы мен мүмкіндігі бар оқуға белсенді қатысушы ретінде қабылдануы тиіс. Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады, бұл ғылыми тұжырымдармен дәлелденген. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттері зор маңызға ие. Сондықтан балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру қажет. Заманауи әлемдік үрдістер педагогтердің әр баланың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға баса назар аударатынын көрсетеді, яғни баланы дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процестеріне жеке тәсілді қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларға басымдық беру қажет. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін әдістемелік қолдау. Мектепке дейінгі білім беру сапасының деңгейі жоғары елдерде саладағы ағымдағы проблемаларды қадағалауға және тиісті ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік беретін эмпирикалық және қолданбалы зерттеулер тұрақты негізде жүргізіледі, ал педагогтер қызметін өзекті ғылыми деректерге сәйкес құрады, өз әрекеттеріне зерттеу жүргізе отырып, практикаларды, балалардың пікірлерін ескереді және кері байланыс орнатады, зерттеу қызметімен тұрақты түрде айналысады. Бұл үшін педагог шеберлігінің тиісті деңгейі және үнемі даму мен оқуға деген ұмтылыс қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде жаа технологиялар мен әдіс –тәсілдер өте көп. Сонымен қатар шетелдік тәжірибелерді де оқып танып, оны іс жүзінде қолданып көруіміз керек. Солардың ішінде Америка Құрама Штатын қарастырсақ. АҚШ-та балабақшалар өте көп. Бір ғана АҚШ балабақшаларында озық бірнеше тәжірибелер бар және қолданыста келе жатыр. Әсіресе, олардың тәрбие мен оқыту тәжірибелері де басқаша. Тоқтала кетсек: оқу жоспары. Иә, бұл біздеде бар. Оның ерекшелігі жеке-жеке талданады. Мыс: «Шығармашылық жоспар», «ХайСкоуп жоспары», «LearningGames», «Бенк Стрит жоспары», «РеджиоЭмилия жоспары»,

Негізінде, оқу бағдарламалары - бұл балалар мекемелерінде оқу процесін ұйымдастырудың әртүрлі модельдері. Оқу бағдарламасының тұжырымдамасында сәбилерді тәрбиелеу мен тәрбиелеуге байланысты барлық нәрсе, оның ішінде моральдық-этикалық дамуы, баланың жеке басының эмоционалды қалыптасуы, дамитын орта құру және тиісті құжаттаманы жүргізу бар. Сол құжаттама (есеп беру бөлімі) оқу жоспарының тиімділігінің негізгі дәлелі болып табылады. Оқу жоспары дамушы ортаның сипаттамаларын, білім берудің негізгі идеясы мен міндеттерін, сондай-ақ балалар не үйренуі керек мазмұнын анықтайды. Оқу бағдарламаларын жасауда белгілі бір аймақта тұратын балалардың этникалық және ұлттық ерекшеліктеріне назар аударылады. Оқу бағдарламаларының әр түрі белгілі бір штаттарда таратылады, ал кейбіреулері - бүкіл ел бойынша. Мұндай жүйенің икемділігіне байланысты оның тиімділігі өте жоғар.

«РеджиоЭмилия» тәжірибесі.

Жобаға бағытталған бұл әдіс Италияның шағын қаласында пайда болды және бүкіл әлемде танымал болды. Оны жұмыс үшін негіз ретінде қабылдаған бала күтімі мекемелерінде ынтымақтастық пен сенім атмосферасы ерекше. Оқу процесі баланың қоршаған адамдармен тығыз байланысы ретінде қарастырылады және оның ғылыми-зерттеу қызметіне негізделген. Балаларға тәриешілердің жетекшілігімен жаңалық ашуға және жаңа дағдыларды игеруге мүмкіндік беріледі. Мұндай бақтардағы үстелдерде немесе кілемшелерде дәстүрлі сабақтар өткізілмейді.

Балабақшаға белгілі бір патенттелген әдіс бойынша жұмыс істеу құқығын береді. Егер тәриешілердің жұмысы осы әдістеменің қағидаларына сәйкес келмесе, АҚШ—да мекеме лицензиясынан айырылуы мүмкін екен.

Мұндағы тәрбиешілер фасилитатор ретінде емес, сонымен бірге балалармен жобалар құратын бірлескен авторлар ретінде әрекет етеді. Олардың міндеті - барлық әрекеттегі сәбилердің күш-жігерін жұмсарту және ынталандыру. Жаңа жобалардың идеяларының көпшілігі балалардың өздеріне тиесілі, ал нәтижелері ата-аналар мен әріптестер үшін құжаттандырылып, түсіріледі.

Осылайша, олар ыдысқа дайын білім әкелмейді, бірақ оны алуға көмектесетін құралдарды ұсынады.

Реджио технологиясының артықшылығы :

Әр топта басқаларға кедергі жасамай, өзіңізбен жалғыз қалуға немесе достарыңызбен ойнауға мүмкіндік бар.

Кеңістік бірнеше деңгейдегі аймақтар мен жазықтықтарға бөлінеді: үйлер; лабиринттер; шкафтар; жәшіктер .

-балаға өзінің білуге құмарлығын көрсетуге мүмкіндік береді;

- кез келген әрекетке шығармашылық көзқарасты;

-сыни ойлауды, өзін-өзі реттеуді,

-топта жұмыс істей білуді,

-басқа біреудің ұстанымын құрметтеуді

Реджио технологиясы ЛорисМалагуцци анықтаған алты ережеге негізделген:

1.баланы құрметтеу және оның көзіне қарау;

2.ережелерді түсіндіру және сұрақ қою;

3. «дұрыс емес» емес деп айтпай, «басқаша...

4. таңдау ұсыну және асықтырмау;

5. кез келген жағдаяттан үйрену;

6. қиялдау оқығаннан да маңыздырақ.

Ережелердің шарттары қандай?

• Баланың көзінен жоғары тұрмау керек. Мектеп жасына дейінгі балалармен оқу кезінде педагог баламен бір деңгейде болуы керек: балалар орындығына немесе еденге отырыңыз, оның көзіне қарап сөйлесіңіз.

• Екіншіден, балаға кез келген әрекеттің ережелері бар екенін айту керек. Бірақ, оларды таратпастан бұрын және бір нәрсе туралы сөйлеспес бұрын, педагог сұрақ қоюы керек: мектеп жасына дейінгі бала бұл туралы не біледі? Егер тәрбиеші өзіне тиесілі ақпаратты жеткізе бастаса, баланың қызығушылығы жоғалады.

• Тәрбиеші баланың әрекетін тоқтатпай: «Жоқ, олай болмайды!» деп айтуы керек. Бұл қашан болуы мүмкін екенін түсіну үшін баламен бірге әрекет ету керек пе? Оны көру мүмкін бе? Сондықтан балалармен қарым-қатынаста басқа терминдерді енгізіңіз: «бұл солай, бірақ бұл басқа», «бұл жақсы емес, жаман емес - бұл жай ғана басқа».

• Бала әрқашан түсінуі керек: үмітсіз жағдайлар жоқ, мәселенің шешімі бар. Бірақ, балаларды таңдауға үйретпес бұрын, оған тәрбиешінің өзі дайын болуы керек. Ең бастысы, мектеп жасына дейінгі баланы таңдауға асықтырмаңыз.

• Мектеп жасына дейінгі балаларды Реджио әдісі арқылы дамытқыңыз келсе, топтың даму ортасынан бастау керек.

Бұл тәсілде қоршаған орта үшінші педагог болып табылады.

Біздің топ мектеп жасына дейінгі балаларға арналған шығармашылық студияларды құрды: Құм орталығы, Дәм мен иіс ательесі, Арт-студия, Дизайн бюросы, Сандық студия, Табиғи материалдар ательесі, Дыбыстар және музыка ательесі, «Кітап ательесі», «Әскери даңқ аллеясы» , «Экспериментаторлар» және т.б.

• РЕДЖИО маңызды бөлігі процесті құжаттау болып табылады. Балалардың ата-аналарының қолдауымен әңгімелесуді, пікірталастарды, балалардың ойлау барысы мен іс-әрекетін фото, видеоға жиі түсіріп отырамыз.

• Сондай-ақ, әр баланың фотосуреттері, суреттері және қолөнер бұйымдары бар жеке мұрағаты бар. Бұл құжаттама атқарылған жұмысты сырттан көруге, не болып жатқанын жақсы түсінуге, нәтиже мен оның құндылығын түсінуге көмектеседі.

Ата-аналарды араласуы.

Педагогке қойылатын талаптар

• Қазіргі уақытта ата-аналар өз ісін тезірек жалғастыру үшін балаларын тәрбиешілерге беріп қана қоймайды. Олар балабақша өміріне қатысады, сабаққа қатысады, бірлескен жобалармен жұмыс істейді, балалармен бірге әртүрлі салада білімдерін кеңейтеді, балабақшаға ықыласпен және ынтамен дайындалады.

• Балалар барлық уақыттарын топта өткізбейді. Достарымен және ұстаздарымен бірге көрмелерге, мұражайларға барады. Абсолютті қалыпты тәжірибе - бұл балалардың ата-аналарының бірінің жұмысына топпен бірлескен экскурсия. Топта олар сөзге араласпайды, үндемейді. Балаларды басқалардың пікірін тыңдауға, диалогқа түсуге, өз позициясын түсіндіруге, бір-бірімен серіктестік орнатуға үйретеді.

• Бір қызығы, жобалар стихиялық және жоспарлы болуы мүмкін. Мысалы, егер бала өзі үшін қызықты әрекет ойлап тапса, оған басқа балаларды іске тарту ұсынылады.

Педагог балалармен қарым-қатынас жасайды, олардың ашылуына көмектеседі, өзін басқалармен салыстырмауға және жалпы талаптарды орындауға тырыспауға үйретеді.

Педагог балалармен қарым-қатынас жасайды, олардың ашылуына көмектеседі, өзін басқалармен салыстырмауға және жалпы талаптарды орындауға тырыспауға үйретеді.

Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жасты зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, эмоционалдық дамуын стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту, дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді. Шетелдік озық тәжірибе талабы- балаға білім беруде мақсатқа жету, іс-әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, баланың жан-жақты дамуына және жаңалықты тез қабылдауына әсер ету. Біздің балабақшамыздың негізгі мақсаты- балаларға сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы, денсаулығы мен физиологиялық дамуын қорғау және нығайту. Сондықтан, заман талабына сай білім мен тәрбие беруде шетелдік озық тәжірибелердің пайдалы тұстарын қолдану, өзіміздің ұлттық болмысымызды жоғалтпай жаңаша жұмыс жүргізу әрбір педагогтың міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жағашыл педагогтер іс-тәжірибелері – Алматы, 1991.
2. Педагогикалық ізденіс. – Алматы, 1990.
3. Жанпейісова М.М.. ойын технологиясы дамыту құралы ретінде - Алматы, 2006, (3)
4. Әбиев. Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М., Педагогика. Алматы, Дарын, 2004ж, 456 (4)

ӘОЖ 371.132

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ КҮЗГІ ТАБИҒАТ ПЕН ТАНЫСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Р.Ж.Шалтаева¹, Р.М.Жанысбаева²

¹п.ғ.к., «Педагогика» кафедрасының доценты

²аға оқытушы

«Bolashaq» академиясы» жеке меншік мекемесі, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы

Біздің әрқайсысымыз-ақ туған табиғаттың ықпалын азды-көпті дәрежеде өз басымыздан өткердік, ол әрі алғашқы нақтылы білімнің бұлағы екенін және бүкіл өмір бойына есімізде қалатын қуанышты әсерлер екенін білеміз. Балалар әрқашан да және барлық жерде табиғатпен қандай да болмасын белгілі бір қарым-қатынаста болады. Жасыл ормандар мен жайылымдар, әдемі гүлдер, көбелетер, қоңыздар, құстар, аңдар, көшпелі бұлттар, жапалақтап жауған қар, бұлақтар, тіпті жазғы жаңбырдан кейінгі шалшықтар-соның бәрі балалардың көңілін аударарды, қуантады, олардың жетілуіне мол азық етеді. Орманда, көгалда, өзеннің немесе көлдің жағасында ойнау, саңырауқұлақтар, жидектер, гүлдер теру, жануарлар мен өсімдіктерді күту және бақылау балаларға шексіз қуаныш әкеледі. Адам бала кезінде шомылған өзенін, ала көбелекті қуалап, гүл терген көкгалын еске алып, өмір бойы есінде сақтайды. Табиғатқа үніле қараудан, балалар ойнайтын орындарға құштарлықтан өз өлкесіне, туған табиғатына. Отанына деген сүйіспеншілігі пайда болып, жетіле түседі, патриоттық сезімге тәрбиеленеді.

Гүлдер мен жемістердің түрі, пішіні, иісі, құстардың сайрауы, бұлақтардың сылдыры, судың шапылы, шөптің сыбдыры, құрғақ жапырақтардың сылдырлауы, қардың аяқ басқан сайын сықырлауы осының бәрі балалардың табиғатты сезінуіне мүмкіндік береді және олардың эстетикалық сезімін, сенсорлық тәрбиесін дамытуға бай материал қызметін атқарады. Балаларды табиғатқа жақындастырмайынша және оны балалар бақшасының оқу-тәрбие жұмысына кеңінен пайдаланбайынша, мектеп жасына дейінгілерді ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік, еңбек және дене

тәрбиесі жағынан жан-жақты жетілдіру міндеттерін шешуге болмайды. Балаларды табиғатпен таныстырудың тәрбиелік-білімдік міндеттері "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы" сәйкес балаларды табиғатпен таныстыру процесінде өзара тығыз байланысты білімдік және тәрбиелік міндеттер жүзеге асырылады.

Бағдарламаның мазмұны. Балалардың программа бойынша ауа райын (жаңбырдың жаууы, желдің соғуы, күннің сәуле шашуы) байқай білуге үйренуі тиіс, кейбір құбылыстар (мысалы, жаңбыр жауса жерде шалшық су пайда болады) арасындағы байланысты түсінуі керек; ағаштарды шөптерден ажыратып, өсімдіктердің гүлі мен жапырақтарын көрсете білу; тағамға пайдаланылатын овоцтар мен жемістерді (сәбіз, қияр, пияр, шалқан) сыртқы түрі мен дәмінен тани білуі; овоцтардың қайсысын шикілей, қайсысын пісіріп, ал қайсысын шикілей де, піскен күйінде де жеуге болатынын білуі керек. Кіші топтағы балалар, ағаштың жапырақтары жасыл және сары болатынын білуі тиіс. Сары жапырақтар ағаштан үзіліп түседі. Осы топтағы балаларды еңбекке баулиды; олар тәрбиешісімен бірге құстар мен балықтарға жем береді, өсімдіктерді суарып, олардың үлкен жапырақтарын сүртеді, жер учаскелерін жиюға (мысалы күзде түскен жапырақтарды жинайды) көмектеседі.

Ауа райын бақылау. Тәрбиеші тамаша, ашық күндері балалардың назарын ауа райына аударады; күннің жылы және жарқырап тұрғынын айтады. Желді күндердің бірінде сәбилердің екінші тобындағы балаларға зырылдауық береді, балалар онымен ойнап жүріп, желдің қалай соғатынын түсінеді. Жаңбырды серуен жасалмаған жауынды күндері бақылауға болады. Балаларды бір біріне бөгет жасамайтындай етіп терезе алдына орналастырады. Тәрбиеші олармен бірге терезеден қарап, шыныдан сорғалап аққан су жолдарын, жаңбырдан пайда болған шалшық суларды көрсетеді, көшеде сулықпен және қол шатыр ұстап бара жатқан адамдарға балалардың назарын аударады. Тәрбиеші жаңбырдан кейінгі серуен кезінде балалардың назарын шалшық суға аударып, топырақтың дымқыл екенін айтады.

Гүлдері бар үйге топырақтарды гүлзарды қарау. Күз басында тәрбиеші топты балабақшаның гүл клумбасына алып барып, балалардың өсімдік туралы түсініктерін анықтайды, гүлді және жапырақтарды ажырата білуге үйретеді, отырғызылған өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға және оны одан әрі жалғастыруға тәрбиелей бастайды. Тәрбиеші мынандай сұрақ қояды: "Клумбада не өседі?" Гүлдер мен жапырақтарды көрсетіп: "Мынау не?" деп сұрайды: Балаларға жапырақтар мен гүлдерді (қызыл, сары) өздері іздестіріп тауып, көрсетуге үйретеді. Балалар заттарды көріп қана сезінбей, кейбір гүлдерді иіскеп көруі қажет. Қарастырып отырған өсімдіктердің гүлдері әдемі және иісінің жақсы екенін атап айтқан жөн. Балаларға клумбада жүгіріп, гүлдерді таптауға болмайтынын, тек арнаулы жолдармен ғана жүруді ескертеді. Алынған сезімді баянды ету үшін сол күні немесе келесі күні балаларды клумбаға апарып, гүлдер мен жапырақтарды, қызыл да сары гүлдерді, иісі жақсы гүлдерді көрсеткен дұрыс.

Бақшадағы жүйектерді қарап шығудың мақсаты. Балаларға жеміс-жидек туралы түсінік туғызуға (ортанғы топта толықтыру үшін) негізделген. Бұл клумбаларды қарап шыққандағы тәсілмен өткізіледі, алайда мұнда балалардың іс әрекетіне көбірек мүмкіндік беріледі. Тәрбиеші сәбіз, қызылша, пияз шықты бірінен соң бірін жұлып алып, балаларға көрсете отырып: "Мынау не?" деп сұрайды. Бұдан соң белгілі бір овоц өсімдіктерінің бірін жұлып алуды тапсырады. Балалар тамыр жемістердің түсімін жинауға қатыса алады.

Көк өніспен жемістерді ажыратып, аттарын айтуға жаттығу. Бақшаға барып қайтқан соң "Қапшықтағы не екен" деген ойын және балалардың тамаққа пайдалануына қажетті овоцтар мен жемістер бейнеленген қос картиналы ойындар ұйымдастырылады.

Ағаштарды қарап шығу. Балаларда ағаш туралы түсінік туғызу және оны кеңейту (екінші топта) үшін олардың ағаштарды қарап шығуы қажет. Тәрбиеші балабақша учаскесінен жасыл, сары және қызыл жапырақты таңдап алады. Ол ағаштарды балаларға көрсете жүріп, былай дейді: "Біздің учаскеміздегі ағаш неткен тамаша, оның бұтақтарындағы жапырақтары жап-жасыл. Мынау да әдемі ағаш екен, бірақ оның жапырақтары сары (қызыл) көрінеді". Ағаштарды қарап шыққан соң "Ағаштың жанына тұра қал" деген ойын өткізіледі. Балалар учаскеде жүгіріп жүріп, тәрбиеші белгі бергенде бір ағаштың жанына тұра қалады.

Жапырақтардың түсуін бақылау. Кіші топтағы балалар бір объектіні бірнеше рет қайтадан бақылауы қажет. Ағаштарда екінші рет жапырақтар түсіп жатқан уақытта қарап шыққан жөн. Мұның мәнісі: - кейбір балалар "Жапырақтар қайдан түседі?" деген сұраққа - "Аспаннан" - деп жауап береді. Балалар жапырақтардың түсуін дұрыс түсіну үшін ағаштарды екінші рет қарап шыққанда оларға мынандай сұрақтар беріледі: жапырақтар қайда жатыр? Олардың түсі қандай? Бұдан кейін тәрбиеші бұтақтарды ептеп сілкілеп, былай деп сұрайды: "Жапырақтар қайдан түсіп жатыр? Олар ағаштан қайда түсті?" Бұл сұрақтар балалардың мынандай қорытынды жасауына жәрдемдеседі: "

Сары жапырақтар ағаштан түседі". Дәл осы тұста балалар күзге тән құбылысты сезінеді, бірақ оны сәбилер тобындағы балаларға " жапырақтың түсуі" деген сөзді айтудың уақыты әлі жеткен жоқ.

Жапырақтармен ұйымдастырылатын ойындар. Тәрбиеші жапырақ түскен уақытта серуенде жүріп түстерінің атын (қызыл,сары) ажыратып , көлемін анықтауға (үлкен,кішкентай) жаттықтыру үшін балаларға жапырақтармен ойын өткізеді.

Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. Балабақшаның кіші тобындағы табиғат мүйісінде мөңке, тұқы немесе алтын балық салынған аквариум және тез өсіп, ұзақ гүлдейтін, жапырағы қалың бөлме өсімдіктерінің (фикус, бальзамин, қазтамақ) бірнешеуі болуы керек. Балаларды табиғат мүйісін дегілерді бақылауға үйрету және оларды аялай білуі үшін, тәрбиеші " Балықтарды бақылау" деген бақылау жұмысын өткізеді, балаларды қатыстыра отырып, күнделікті өсімдіктерді қарап шығып, су құяды, оны қалай жасайтынын айтып, түсіндіреді. Тәрбиешінің көрсеткен үлгісі балаларға үлкен әсер етеді. Олардың да дәл солай жасағысы келеді, олар жеңіл тапсырмаларды (өсімдіктерге су құю, жапырақтарын сүрту, балықтарға жем беру) ынталана істейді. Тәрбиеші бірдеңені таныстыру үшін балаларды объектіні және оның сапасын бірлесіп қарап шығуға тартады.

Ортаңғы топ. Программаның мазмұны. Балаларға күзгі ауа райының өзіне тән құбылыстарын (күн суытуы жауын-шашын, жел), жапырақтың түсуін бақылай білуді күзде гүлдейтін кейбір гүлдерді (алтын шар, георгина, қырмызы гүл), өздері білетін ағаштардың (үйеңкі, емен, қайың және т. с. с.) жапырақтарын , овоцтармен мен ж емістерді ажыратып, оларды атай білуді; олардың өздеріне тән ерекшеліктерің (түсі, пішіні, дәмі, сыртқы беті) бөліп көрсетіп, овоцтардың, жемістердің сыртқы белгілері мен олардың иісу дәрежесі (қызанақ қызыл болса піскені) арасындағы байланысты анықтай білуді үйрету; балалардың бойында күзгі табиғатқа сүйсіне білуге, оған ұқыптылықпен қарау және еңбек сүйгіштік қабілетін тәрбиелеу.

Ауа райын бақылау. Күнделікті серуен кездерінде балалардың назарын ауа райының қандай күйде екеніне (жылы ма, әлде суық па, желді ме , әлде тымақ па, аспанның түсі қандай ,жауын-шашынды ма, болса қандай жауын - шашын екеніне) аударып отыру керек. Мұнда балалар желдің әрекетін анықтауға мүмкіндік беретін ойынышықтарды (зырылдауық, батпырауық, жел диірмен) пайдаланылады. Мынандай құбылыстар арасындағы кейбір байланыстар анықталады: жаңбыр жауған кезде жер дымқылданып , шалшық пайда болады; күн сәулесі түскенде -шалшық құрғайды. "Бүгін ауа райы қандай?" деп аталатын ойыншықты балалардың ауа райын бақылауға деген қызығушылығын арттыруға және байқағыштығын дамытуда пайдалануға болады. Серуендеп қайтқан соң балалар кезектесіп ойыншықтың тілін бақыланатын ауа райына сәйкес келетін картинаға бұрып қояды. Балаларды тірі табиғаттағы маусымдық құбылыстармен таныстыру, олардың өсімдіктер мен жануарлар жөніндегі түсініктерін байыту жұмыстары күнделікті серуен кезінде, сондай- ақ учаскеге және одан тысқары жерлерге арнайы ұйымдастырылатын мақсатты серуен кезінде де жүргізіледі.

Ағаштарды бақылау. Күзде ағаштардың әдемілігіне балалардың назарын аударып, өздері білетін ағашты (қайыңды , үйеңкіні немесе басқасын) қарап көру , бұл ағаштың жапырақтары жазда қандай түстес болғанын , қазір қандай түске өткенін сұрау керек. Жапырақтардың қайдан және қайда түсетінін , реңкі қандай екенін балалардан сұрау керек. Тәрбиеші әдемі жапырақтарды жинауды, өздері білетін ағаштардың жапырағын тауып, қарап көруді , олардың пішінін (неге ұқсайтынын) анықтуды ұсынады.

Еңбек дағдыларын тәрбиелеу. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында балаларға күн сайын табиғат мүйісіндегі өсімдіктер мен жануарларды күту жөнінде тапсырмалар береді. Мұнда тәрбиеші кішкене балықтарға қанша азық беру керектігін , қандай өсімдіктерді суару қажеттігін , әрі өсімдікке қанша су құю керектігін түсіндіреді. Табиғат мүйісінде (кіші тобында) болған өсімдіктерден басқа, мәңгі гүлдеп тұратын бегония секілді аса күтім талап етпейтін өсімдіктерде болуы мүмкін.

Ересек балалар тобы. Программаның мазмұны. Балалардың өлі табиғаттағы, өсімдіктердің, насекомдардың, құстар мен аңдардың тіршілігіндегі күзгі өзгерістер туралы нақты түсініктерін кеңейту; балаларға бұрыннан таныс кейбір құбылыстар мен ауа райының жағдайы және өсімдіктер мен жануарлар тіршілігі арасындағы байланыстардың реттілігін анықтап, "күз" ұғымындағы түсінікті қорытындылауға бағыттау. Балаларда табиғаттағы әсемдікті байқай білу қабілетті тәрбиеленеді. Еңбек дағдыларын (өз бақшасының түсімін жинау, табиғат мүйісіндегі өсімдіктер мен жануарларды күту жөнінде кезекшілік атқару) қалыптастыру, ауыл шаруашылық еңбегіне қызығушылықты тәрбиелеу ісі жалғастыра береді.

Өлі табиғатпен таныстыру. Күн сайын серуенге шығар алдында немесе серуен кезінде балалар тәрбиешімен бірге ауа райы жағдайын (аспанда күн шығып тұр, бұлт бар, қара бұлтты,

аспанның түсі, желдіме, тымық па, жылы ма, салқын ба, суық па, жауын жауып тұр ма, қар жауып тұр ма) анықтайды. Желдің бар жоғын анықтау үшін балалар ағашты қадағалайды (олардың ұштары теңселе ме), қағаздан немесе матерядан жасалған жалаушаларды, зырылдауықты пайдаланады. Балаларды ауа райына жүргізген бақылаулары негізінде тәрбиешімен бірге серуен кезіндегі өз әрекетін жоспарлауға, оған керекті ойыншықтарды, құрал саймандарды таңдап ала білуге үйретеді.

Өсімдіктерді бақылау. Тәрбиешінің тапсыруы бойынша балалар жапырақ түсе бастаған кезде өздері білетін ағаштардан түскен жапырақтарды жинап, өзара түсі, пігшіні жағынан салыстырады, оларды пайдаланып "Ағашты жапырағына қарап ажырат", "Қоянның тағамы" және тағы басқа ойындар ойнайды. Гүлдер өскен клумбаларды аралап көрген соң тәрбиеші балаларға клумбада қандай өзгеріс болғанын айтып беруді, өздеріне таныс гүлдейтін өсімдіктерді атап, оларды көрсетуді, "Сипаттамасы бойынша ажырата біл" ойынын ойлауды ұсынды.

Құстарды бақылау. Учаскеде қыстап қалатын құстар пайда болған кезде тәрбиеші балаларды қатыстыра отырып, құстарды үнемі қоректендіруді және олардың мінез құлқына бақылау жүргізуді ұйымдастырады: учаскеге ұшып келетін құстарды атайды; құстардың үлкен кішілігіне, қауырсындануына, мінез құлығына, олардың үйіне, бұтақта қалай отыратынына балалардың назар аударады. Ағашқа қонып отырған сары бауыр шымшықтың, насекомдардың жасырынып қалған личинкаларын іздестіру қимылын бақылаған жақсы. Учаскеден тыс жерге серуендеу кезінде шоңайна мен түйеткенге қонып, осы өсімдіктердің тұқымымен қоректенетін шыбықтарды көруге болады.

Балаларды құстардың ұшып кетуімен, қыстап қалатын құстарға қандай қамқорлық жасалатынымен таныстыру үшін картиналар мен диафильмдерді пайдаланып, балалармен әңгіме өткізу керек.

Орманға (паркке немесе скверге) экскурсиялар. Алтын күз кезіндегі жайма шуақ күндердің бірінде балалар жазда барған орманға (паркке немесе скверге) алғашқы күзгі экскурсия жүргізу керек. Бұл оларға өздеріне таныс жерді бақылауға және тәрбиеші қоятын сұрақтардың жәрдемімен ағаштардың қалай өзгергенін анықтауға мүмкіндік береді.

Мектепке даярлық тобы. Программаның мазмұны. Табиғаттағы күзгі құбылыстар туралы нақты білімді анықтай және кеңейте түсу, жазғы құбылыстардан күзгі құбылыстардың айырмашылығын, өлі және тірі табиғаттағы өзгерістердің және олардың өзара байланысының бірізділігін анықтау. Балалардың өздері білетін өсімдіктердің өзіне тән ерекшеліктерін бөліп көрсету және сипаттау, жапырақтары мен жемістеріне қарай отырып, ағаштарды айыра білу ептілігіне жаттығу жүргізу, еңбек дағдыларын, ауыл шаруашылық еңбегіне қызығушылықты тәрбиелеу жалғасытырыл а беруі тиіс.

Өлі табиғатты бақылау. Күнделікті серуен кезінде балалардың табиғаттағы күзгі құбылыстар туралы түсінігі кеңейтіліп, ауа райының өзгеруіне, өсімдіктер мен жануарлар тіршілігінің арасындағы байлаыстарға назар аударылады. Жүргізілетін кез келген серуенді "Бүгін ауа райы қандай?" деген сұрақ қоюдан бастау керек. (Күн шуақ, бұлыңғыр, бұлтты, жел күшті, баяу.) Балалар алдымен тәрбиешімен бірге, одан соң өз бетінше бұл көрсетулерді белгілермен ауа райы календарына салады. Балалар флюгерді пайдаланып желдің бағытын анықтайды; суық түсуіне немесе ауа райының жылына бастауына байланысты термометрдегі сынап бағанасының төмендеуін немесе көтерілуін салыстырады. Балаларды ауа райына жүргізілген бақылаулар негізінде серуен кезінде табиғи материалмен ойындар ойнауға және учаскеде жұмыс істеуге үйрету керек. Күннің қысқарғанын немесе ұзарғанын анықтау үшін жылдың әр түрлі мезгілінде күннің қозғалысын тәулік бойы ауық-ауық белгілі бір орыннан бақылап отыру керек. Осының нәтижесінде балаларды күннің ұзақтығы күннің көзге байқалатын қозғалыспен, күн көтерілу биіктігімен байланысты екендігін түсінуге бағыттау қажет.

Тірі табиғатты бақылау. Ауа райын анықтаған соң балалардың назарын өсімдіктер мен жануарлар тіршілігіндегі мынадай сипатты өзгерістерге аудару керек; ағаштар мен бұталардың жапырақ реңінің өзгеруі; құстардың топ құруы және қайтуы, топырақтағы алғашқы үсік, ауада қалықтап жүрген өрмекші торы, жапырақ түсуі (басатлуы мен аяқталуы), үйеңкі ағашы жемісінің түсуі, қыстап қалатын құстардың көрінуі. Балаардың кейбір құбылыстарды табиғат калентарына түсіруіне болады. Балаларды мынандай құбылыстар арасындағы байланысты анықтауға бағыттаудың зор маңызы бар: жел соқса - жапырақ түсуі күшейеді; суық түсісімен шөптер солып сарғаяды, көбелектер мен қоңыздар көрінбейді, насекомдарды қорек ететін құстар оңтүстікке ұшып кетеді. Балалар қара күз бен қыста үнемі учаскеде құстарға жем беріп, кейін құсты сипаттап, суретін сала білу үшін олардың мінез - қылығын бақылайды. Құстардың қайсысы жемдегішке бірінші болып

ұшып келетін ,торғайлар , сары бауыр шымшықтар, кептерлер және басқа құстар қандай жемді сүйісіне жейтінін балалар байқай білуі керек.

Орманға (паркке немесе скверге) экскурсия. Табиғаттағы күзгі құбылыстарға бақылау жүргізу үшін орманға (паркке немесе скверге) 2-3 экскурсия өткізіледі. Балалардың маусымдық өзгерістерді бақылауын жеңілдету үшін экскурсияны өткізіледі. Балалардың маусымдық өзгерістерді бақылауын жеңілдету үшін экскурсияны белгілі бір жерге жүргізу керек .

Қортындылай келе, табиғат балаларға эстетикалық тәрбие берудің негізгі құралдардың бірі болып табылады. Табиғат сұлулығы, тіпті, ең кішкентай балалардың өзін де бей-жай қалдырмайды. Оларды табиғатпен таныстыра отырып, орманның шуылына, бұтақтардың сылдыры мен құстардың сайрауына, жапырақтардың пішіні мен түсіне, гүлдердің иісіне, жануарлардың қимылына т.б. көңілін аудару керек. Балалар өсімдіктің бәрін сезінуді үйренуі, сөйтіп, сол арқылы өзінің алдағы өмірінде дүниенің бүкіл сұлулығын және алуан түрлілігін қабылдай білуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы 2022.ж.

2.Р.Ж.Шалтаева, А.И.Балабаева, Р.М.Жанысбаева.«Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру теориясы мен әдістемесі» Оқу құралы.-Қарағанды «Болашақ-Баспа» РББ,2020ж.-260бет.

УДК 373

ДОШКОЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Шеянова К.А.

КГУ «Специальный ясли-сад «Бобек» отдела образования Абайского района управления образования Карагандинской области, г. Караганда, Казахстан

Дошкольное образование, являющееся важнейшим этапом в системе образования, играет критическую роль в формировании основ когнитивного, эмоционального и социального развития ребенка. В условиях стремительных изменений в социуме, технологиях и образовательных практиках, актуальность исследования тенденций и перспектив дошкольного образования возрастает. Дошкольный период жизни ребенка является ключевым для успешного старта в школьной и дальнейшей образовательной жизни [1].

Современное дошкольное образование сталкивается с новыми вызовами и возможностями. Растущее осознание значения раннего детского развития способствует усилению внимания к инновационным методам и подходам, направленным на оптимизацию образовательного процесса [2]. В последние годы наблюдается значительный интерес к индивидуализированному обучению, которое предполагает адаптацию образовательных методик под уникальные потребности и интересы каждого ребенка.

В нынешнем образовательном процессе существует ряд проблем, требующих внимания и решения. Актуальность этих проблем обусловлена прежде всего тем, что они могут оказывать значительное влияние на качество и эффективность обучения. Исследование данных проблем позволяет выявить их причины, оценить последствия и разработать эффективные стратегии для их преодоления, что является необходимым для улучшения образовательных практик и обеспечения успешного развития обучающихся.

Дошкольное образование занимает центральное место в развитии ребенка, и в последнее время наблюдаются значительные изменения в этой области, обусловленные глобальными и внутренними факторами. Современные дошкольные учреждения активно внедряют инновационные технологии (интерактивные доски и образовательные приложения и др.). Подобные инструменты создают увлекательную и разнообразную образовательную среду, способствуя раннему развитию цифровой грамотности и учитывая индивидуальные потребности детей [3].

Помимо технологических нововведений, наблюдается усиление акцента на эмоциональном и социальном развитии детей. Исследования подтверждают, что эмоциональная устойчивость и социальные навыки критически важны для общего развития ребенка. В связи с этим образовательные учреждения внедряют программы, направленные на развитие эмоционального интеллекта и навыков взаимодействия, что способствует осознанию и адекватному выражению эмоций и построению конструктивных отношений.

Индивидуальный подход к обучению также становится приоритетом. Дифференцированные методы обучения учитывают уникальные особенности и потребности каждого ребенка. Инклюзивное образование, позволяющее детям с особыми потребностями учиться вместе с детьми без ограничений, содействует формированию толерантности и уважения к различиям, создавая поддерживающую образовательную среду.

Междисциплинарные подходы в обучении, интегрирующие элементы различных областей знаний, приобретают популярность. Программы, которые объединяют искусство, науку и математику, способствуют развитию комплексных когнитивных и творческих навыков, создавая более глубокое понимание окружающего мира и развивая критическое мышление.

Важность взаимодействия между дошкольными учреждениями и семьями также возрастает. Активное участие родителей в образовательном процессе положительно влияет на результаты обучения и развитие детей. Образовательные учреждения стремятся наладить открытый диалог с родителями и предоставлять им ресурсы и поддержку. Сотрудничество с местными сообществами дополнительно укрепляет образовательную среду [4].

Перспективы дошкольного образования в будущем будут определяться несколькими ключевыми направлениями. Прежде всего, ожидается дальнейшее внедрение передовых технологий, таких как искусственный интеллект и виртуальная реальность. Эти инновации откроют новые горизонты для интерактивного и персонализированного обучения, позволяя адаптировать образовательные материалы под уникальные потребности каждого ребенка и предлагая новые форматы взаимодействия, которые сделают процесс обучения более увлекательным и эффективным.

Другим важным направлением является развитие инклюзивного образования. В будущем будет усиливаться внимание к детям с особыми образовательными потребностями, с акцентом на создание поддерживающей и равноправной образовательной среды. Специализированные программы и методы обучения будут способствовать уважению к различиям и обеспечению равных возможностей для всех детей, что позволит создать более инклюзивную образовательную среду [5].

Еще одним перспективным направлением является использование нейробиологии и когнитивных наук для совершенствования образовательного процесса. Исследования в области нейропластичности и когнитивного развития позволят разрабатывать образовательные программы, более точно соответствующие индивидуальным особенностям мозга детей. Это может включать создание адаптивных обучающих платформ, которые автоматически подстраиваются под текущий уровень развития ребенка, а также программы, ориентированные на улучшение конкретных когнитивных функций, таких как внимание и память.

Междисциплинарные подходы в обучении в будущем будут продолжать расширяться. Программы, объединяющие науку, технологии, инженерии и искусство, помогут развивать комплексные когнитивные и креативные навыки, что подготовит детей к решению проблем и развитию критического мышления [6]. Эти подходы позволяют создавать более целостное понимание окружающего мира и стимулировать всестороннее развитие ребенка.

Таким образом, будущее дошкольного образования будет характеризоваться внедрением передовых технологий, таких как искусственный интеллект и виртуальная реальность, для создания персонализированных программ. Углубится развитие инклюзивного образования и междисциплинарных подходов, что поможет учитывать индивидуальные особенности детей и развивать их когнитивные навыки. Активное взаимодействие с семьями и акцент на устойчивое развитие также станут важными аспектами. Необычные тенденции, такие как использование дополненной реальности и нейробиологических исследований, будут способствовать созданию инновационных образовательных решений. Эти направления обеспечат более эффективное, поддерживающее и адаптированное образовательное окружение.

Список использованной литературы

1. Брюханова И.А. Педагог дошкольного образования: реалии, тенденции и перспективы развития профессии //Путь в педагогическую науку: проблемы и решения. – 2018. – №. 4. – С. 12-18.
2. Волосовец Т.В. Дошкольное образование в России: проблемы и перспективы развития //Академия Сб. мат. Первой ежег. междунар. науч.-практ. конф." Восп. и обуч. детей млад. возраста". – МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2012. – С. 50.
3. Новикова Г.П. Анализ состояния дошкольного образования на современном этапе: проблемы и перспективы развития //ББК 74.10 И 66. – 2019. – С. 15.
4. Богуславская Т. Н. Развитие отечественного дошкольного образования в первой четверти ххi века: тенденции и перспективы //Современное дошкольное образование: теория и практика. – 2023. – С. 18-24.

5. Жилиева Н.В., Ханова Т.Г., Дорогина А.С. Основные тенденции развития современного дошкольного образования //Проблемы современного педагогического образования. – 2021. – №. 70-1. – С. 139-142.

6. Улзытуева А.И. Региональная научно-практическая конференция «Современное дошкольное образование: тенденции, проблемы перспективы» //Гуманитарный вектор. Серия: Педагогика, психология. – 2008. – №. 2. – С. 112-113.

УДК 37.014.3

ЦЕННОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ПОДХОД К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ РАЗВИВАЮЩИХ ИГР ДЛЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

К.И.Шубакова

Методист КГКП «Учебно-методический центр развития образования Карагандинской области»
Караганда, Казахстан

На третьем заседании Национального курултая «Ада адам- Адалеңбек-Адалтабыс» Президент Республики Казахстан К. Токаев обозначил единое видение развития государства, которое отражается в триаде, образе будущего нашей страны «Справедливый Казахстан- Ответственный гражданин- Прогрессивная нация» [1].

Данные идеи стали основой Программы ««Біртұтастәрбие» (далее – Программа). В программе «Біртұтастәрбие» акцентируется внимание на интеграцию воспитания и обучения, основанных на ценностно- ориентированном подходе [2]. У воспитанников дошкольного возраста необходимо развивать навыки и ценности, необходимые для успешной жизни в современном мире.

Ключевыми ценностями становятся: независимость и патриотизм, единство и солидарность, справедливость и ответственность, закон и порядок, трудолюбие и профессионализм, созидание и новаторство.

Учитывая актуальность ценностно-ориентированного подхода, надо отметить, что в раннем возрасте дети способны к обучению, поэтому они могут приобрести гораздо больше необходимых навыков для дальнейшей жизни.

По мнению Джерома Брунера, человеческое познание может проходить через игровую деятельность [3]. Игра помогает ребенку осваивать правила, расширять кругозор, тренировать внимательность и усидчивость. Особенно важными являются развивающие игры перед обучением, так как они отличаются творческим потенциалом, вариативностью игровых заданий и упражнений, учетом возрастных особенностей детей, многофункциональностью и универсальностью, а также ценностным подходом. В дошкольном возрасте дети учатся не только играть, но и общаться, помогать друг другу, придерживаться правил, что является несомненно ценным (Таблица 1).

Таблица 1- Ценности развивающих игр

Отличительные особенности	Ценность
Творческий потенциал	Развивает творческую инициативность ребенка, раскрепощает воображение.
Вариативность игровых заданий и упражнений	Для проведения игр разрабатываются разнообразное количество заданий и упражнений на достижение целей обучения.
Учет возрастного диапазона	Одна и та же игра может быть интересна детям разных возрастов, так как в ней присутствуют действия, как для детей младшего возраста, так и для детей старшего возраста. Играть можно как во время организованной деятельности, так и дома с родителями в разных формах (индивидуально, в группах, в подгруппе).
Многофункциональность	Одну и ту же игру можно использовать в организованной деятельности для закрепления образа букв, а на другом ее можно вводить для закрепления цифр и т.д.
Универсальность	Игры помогают решать достичь цели обучения и множество других образовательных задач. В ходе игры ребенок осваивает незаметно для

	себя материал, познает новое, тренирует память, ориентируется в деталях, развивает логическое мышление, внимание, память и воображение.
--	---

Развивающая игра имеет также свои побудительные мотивы и способы действия. Развивающие игры активизируют не только память, воображение, мышление, но и способствуют пополнению словарного запаса, обогащению речи детей. В ходе развивающих игр осваиваются также конкретные знания и навыки. Кроме того, осваивая смысл игр, дети учатся познавать окружающий мир, анализировать свои действия и действия своих сверстников и друзей. В игре ребенок сам стремится научиться чему-то новому.

Цель игры имеет два аспекта: познавательный и воспитательный и формулируется не как передача определенных знаний, умений и навыков, а как развитие способностей ребенка. Как показывает практика, использование любых игр предполагает соблюдение определенного порядка проведения игры (Таблица 2).

Таблица 2 - Порядок проведения развивающей игры

Этап	Действия педагога	Действия ребенка
Подготовительный	Формулирует цели игры. Выявляет критерий результативности игры. Определяет временные ограничения. Подбирает необходимый материал. Выявляет потребности детей. Продумывает и дает инструкцию к играм.	Внимательность. Демонстрирует готовность к игре. Знакомится с игровым материалом. Запоминает инструкцию.
Практический	Организует процесс игры. Наблюдает, контролирует. Оказывает поддержку при необходимости. Корректирует действия детей.	Игровые действия ребенка (индивидуально, в парах, в группах).
Аналитический	Анализирует достижения целей игры по критериям. Организует обсуждение. Предоставляет обратную связь. Подводит итоги.	Рефлексирует игровую деятельность. Реагирует на обратную связь.
Педагогические условия: В процессе игры должно происходить взаимодействие с детьми на принципах гуманизма, учета возрастных и индивидуальных особенностей детей.		
Результат: Детимогут нас удивить и познакомить нас со своим миром детства, нужно только услышать «Голос ребёнка». У ребенка есть право и возможность конструировать свое собственное понимание мира разными способами.		

Следует отметить, что важной особенностью игры являются игровые правила, так как выполнение правил требует от ребенка определенных усилий, ограничивают его спонтанную активность. В ходе игры у ребенка формируются элементарные представления об окружающей среде, стремление использовать свой родной язык. Ребенок учится общаться со сверстниками, выражать свои мысли и чувства, проявлять готовность к общению с другими детьми и находить общий язык с ними. Кроме того, он обогащает знания об играх, у него развиваются навыки бережного отношения к игрушкам, картинкам, что, несомненно, является ценным в воспитании.


Ниже предлагаются развивающие игры для детей в возрасте от 5 до 6 лет, направленные на развитие у детей навыков памяти, мышления и воображения через интеграцию ценностей (Таблица 3,4).

Таблица 3 - Картотека игр на развитие памяти

Игра	Цель	Правила игры	Проведение игры
 Не	Нахождение парной картинки по памяти	Находить предмет и номер. Уметь	Подготовить парные картинки (номера) для машинок и гаражей На каждый автомобиль дети получают свой номер, нужно его запомнить для того, чтобы

забуди картинку		доказывать сходство	после игры поставить в свой гараж с таким же номером. Во время игры все номера переворачиваются, забрызгиваются «грязью». Надо найти свой гараж, с тем же номером, как у автомобиля.
Запомни картинку 	Развитие зрительной памяти	Быть внимательным. Не подсказывать.	Предложить детям внимательно посмотреть на картинку в течение 50 секунд, чтобы они постарались запомнить детали, а затем посмотреть на другую и задать вопрос: что изменилось?
Запоминаем вместе 	Увеличение объема знаний	Внимательно слушать друг друга. Не торопить друг друга	Один ребенок называет предмет, а другой повторяет его и добавляет одно слово. Например, 1-й ребенок говорит «красный», 2-й ребенок повторяет «красный» и добавляет слово «желтый», 3-й говорит «красный», «желтый», добавляет «зеленый».
Магазин 	Развитие описательных навыков по памяти	Мама купит игрушку, если ее хорошо описать, а она ее узнает	Подготовить «магазин игрушек». Один ребенок играет роль мамы, а другой ребенка. Ребенку понравилась игрушка. Мама купит игрушку, если он подробно опишет желаемую игрушку.
Опиши животное 	Развитие навыков наблюдения и уметь различать	Называть предмет по признаку и по очереди	Вместе с детьми выбрать одно животное (рисунок, игрушка и т.д.). Затем назвать как можно больше отличительных признаков или особенностей
Рассказываем сказку 	Развитие слуховой памяти	Не выходить за пределы выбранной темы сказки	Педагог готовит перечень тем для сказок. Дети выбирают тему сказки, сочиняют свою сказку

Таблица 4 - Карточка игр на развитие мышления и воображения

Игра	Цель	Правила игры	Проведение
Волшебники 	Развитие визуального мышления	Быть креативным	Педагог готовит листы с изображением геометрических фигур. На их основе дети создают более сложный рисунок. Например: прямоугольник-дверь; круг-помидор; овал-груша и т.д. Игру можно организовать в форме соревнований. В конце оценивается лучший рисунок, победителю вручается приз.

<p>На что это похоже</p> 	<p>Развитие воображения на основе схематического изображения предметов</p>	<p>Давать ответы непохожие на ответы других, выражать свое мнение</p>	<p>Педагог готовит 10 карточек с изображением различных фигур. На каждой карточке изображены часть предмета или его вариант. Педагог демонстрирует картинки, дети воображают на что похож этот предмет.</p>
<p>Кем (чем) он был раньше?</p> 	<p>Развитие логического мышления и навыков построения предложений</p>	<p>Быть внимательным и креативным</p>	<p>Педагог проводит в форме игры. Например: задает вопрос «До этого он (она) кем (чем) был(а)? Дети отвечают: «Цыпленок- яйцо, дедушка был ребенком, хлеб-мука» и т.д. После этого дети составляют с этими словами сложные предложения.</p>
<p>9 точек, 4 линии</p> 	<p>Развитие логического и критического мышления</p>	<p>Быть внимательным и находить как можно больше решения</p>	<p>Педагог готовит бумагу, на которой изображены 9 точек, расположенных в виде квадрата. Дети соединяют их 4-мя линиями, не отрывая рук</p>
<p>Съедобное-  несъедобное</p>	<p>Развитие логического мышления и умения классифицировать</p>	<p>Быть быстрым и внимательным</p>	<p>Педагог берет мяч, называет предмет и кидает детям. Если предмет съедобный, ребенок ловит мяч, если не съедобный - отбивает</p>
<p>Кто самый  высокий?</p>	<p>Развитие навыков наблюдения, сравнения и делать выводы</p>	<p>Быть внимательным и наблюдательным</p>	<p>Педагог дает задание: «На уроке физкультуры дети выстраиваются по росту. Оказалось, что Свекольник выше Морковкина, Репкин ниже Помидорова, а Морковкин выше Помидорова. Кто самый высокий?»</p>

Таким образом, развивающие игры для детей характеризуются тем, что они содержат игровой замысел, материал и правила, которые можно будет использовать в образовательном процессе с детьми дошкольного возраста при развитии физических, социально-эмоциональных и творческих навыков и исследовательской деятельности, коммуникации в рамках организованной деятельности с учетом возрастных и индивидуальных особенностей детей через интеграции ценностей.

Список использованных источников

1. Токаев К. К. «Адаладам – Адалеңбек – Адалтабыс» 15 марта 2024 // [tps://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kurylytdyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727](https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kurylytdyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727)
2. Программа воспитания «Біртұтастәрбие» в организациях образования (№ 194 от 30.07.2024).
3. Шубакова К.И. «Картотека развивающих игр для детей дошкольного возраста» / Справочник воспитателя дошкольной организации 07(01)2022

ӘОЖ 373.2:004.032.6

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДАҒЫ ТІЛ ДАМУЫ ӘДІСТЕМЕСІ

Н.А. Шынтаева¹, Г.С. Оразбек²

¹п.ғ. магистр, аға оқытушы

²6B01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандарын даярлау»

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «XXI ғасыр-білім мен дағды дәуірі. Әркім өзінің бәсекеге қабілеттілігін үнемі жетілдіріп, жаңа мамандықтарға ие болып, уақыт ағымына үнемі бейімделу арқылы арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі елдің дамуына ықпал етеді яғни, өскелең ұрпаққа пайдалы терең білім беру әрқашан да өзекті мәселе екендігін айтты» [1].

Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны кәсіби қалыптастыру мен жетілдіруге бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейтін халықаралық жаһандық коммуникациялық желілерге шығу болып табылады»[2].

Сондықтан да, балабақшаларының ең маңызды міндеті - балаларды білімімен қамтамасыз ету. Баланың жеке басы мен санасының дамуы күшті болатын ерекше құнды және қайталанбайтын кезең. Яғни, мектепке дейінгі мекемеде ұйымдастырылған іс - әрекетте мектепке дайындық тобындағы балалардың сөйлеуін дамытуда интерактивті әдістерді тиімді қолдана білу қажет.

Қазақстанда мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуы мен тәрбие процесінің проблемасын ғалымдар зерттеді:

«Н.Құлжанова, Б.Б.Баймұратова, Ә.С.Әмірова, А.Б.Бақраденова, Р.Қ.Аралбаева, Х.Т. Шерьязданова, Г.М.Касымова, Б.О.Арзанбаева, Ұ.И.Ауталипова, К.К.Метербаевалар зерттесе, ТМД ғалымдарынан: А.И.Комарова, Н.Н.Ханина, Ф.А.Сохина, И.И.Насруллаева, В.Г.Захарченко, Р.М.Рахимова, В.Н.Полосухина, С.Сакиева және т.б. құнды тұжырымдар жасаған» [3].

Интербелсенді әдістерді зерттеген ғалымдар А.Х.Әлімова, А.Б.Айтбаева, Ф.Б.Бөрібекованың еңбектерінде зерттеліп, талдау жасалынған және әдіс - тәсілдерді жан - жақты қарастырған [4].

Интерактивті әдістерді зерттейтін және әдістер мен тәсілдерді жан - жақты қарастыратын ғалымдар: А. Х. Алимova, А. Б. Айтбаева, Ф.Б.Бөрібекованың жұмыстары зерттеліп, талданды.

А.Х.Әлімовапедагогикалық еңбектерінде «мұғалім-дағдыларды ынталандыру, оқушы-дағдыларға ұмтылу, ал оқыту/оқу процесі-дағдыларды үйрету деп жазды» [4].

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың сөйлеуін дамыту бойынша әдістемелік жұмыстар жеткіліксіз, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа бағыт әдістерін іс жүзінде қолданудың тиімді әдістері мен мүмкіндіктерін жүйелеудің жоқтығы. Мектепке дейінгі мекеменің негізі міндетті болып табылады:баланың жеке дағдыларын талдау. Осы кезеңде тренингтің мақсаты оқу тапсырмаларына негізделген дағдыларды дамыту, оқу және жазу дағдыларын меңгеру, көрнекі сөйлеу коммуникациясын жүзеге асыру, ынтымақтастықты қолдау болып табылады.

5-6 жастағы аралығындағы білім мен оқытудың негізі болып табылатын мектепке дейінгі дайындықтағы балалардың сөйлеуін дамытудың маңызы зор. Сөйлеудің даму сипаты, жүйелері мен балалардағы даму мүмкіндіктері. Л.С.Выготский, А.А.Леонтьева, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов т.б және басқалардың еңбектерінде қарастырылған. Осы психология мектебінің шәкірті И.Я Лернер «Дамыта оқыту дидактикалық тұрғыдан біртіндеп кеңейетін тұлғаны қалыптастыру аспектілерін қамтиды деген» [5].

Әрине балабақша балаларын дәйекті сөйлеуге үйрету үшін жасына байланысты әртүрлі әдістемелік мәселелерді шешуді білдіреді.

Мектепалды даярдық тобының баланың тілін дамытудың маңызды шарты тәрбиешілердің осы бағытта жұмыс жасаудың тиімді, әдіс - тәсілдер, формаларын таңдау болып табылады.

Интерактивті педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасының интегративті қасиеттерін қалыптастыруға, қоршаған адамдармен қарым-қатынастың сындарлы тәсілдері мен құралдарын меңгеруге бағытталған. Интерактивті оқыту формалары мен оқыту әдістері бүгінде танымал.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың ерекше жүйесі жағдайында интерактивті оқыту білім беру процесіне қатысушылардың (оқыту және оқу) жүйелі өзара әрекеттестігіне негізделген. Ағылшын

тілінен енген «interactiv» сөзі де мынаны білдіреді: «inter» «өзара» дегенді білдіреді, ал «act» «іс-әрекетті жасау», яғни өзара іс-әрекеттің негізі ретінде үйрену т.б. қатынасқа жағдай жасатын әдістер.

Сонымен қатар, «интерактивті дегеніміз біреумен қол ұстасып, онымен араласу, диалог құру. Ал «интерактивті оқыту» арқылы өзара қарым-қатынасқа негізделген оқыту, диалог арқылы оқыту, т.б. деп анықтама берген»[6].

Демек, балабақша балалардың интерактивті оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың нақты нысаны болып табылады, оның мақсаты өзара әрекеттесу үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады, мұнда әрбір бала өзінің жетістігін сезінеді және белгілі бір интеллектуалды міндеттерді орындау арқылы жоғары нәтижелерге ұмтылады.

Интерактивті оқыту әдістерінің артықшылықтары:

- балалардың қызығушылығын оятады;
- оқу процесіне әркімнің қатысуын кеңейтеді;
- әр тәрбиеленушінің сезіміне көңіл бөледі;
- оқу материалын тиімді меңгеруге бейімделеді;
- кері байланысты жүзеге асырады;
- балалардың пікірімен қарым-қатынас жасайды;
- мінез-құлықты өзгертуге көмектеседі

«Интерактивті оқыту» енгізілген жаңа ұғымдардың бірі. Бұл термин педагогика әлемінде алғаш рет 1990 жылдары пайда болды. Бұл үшін әртүрлі нұсқалар бар. Көптеген ғалымдар бұл терминді өз зерттеулерінде интернеттің дамуымен байланыстырады. Кейбір ғалымдар пассивті оқыту әдісі оқытудың басқа да жаңа әдістерінің пайда болуымен, мысалы, онлайн сабақтар мен қашықтықтан оқыту әдістерімен тығыз байланысты дейді.

Интерактивті оқыту «үдеріске» назар аударады, бірақ балалар қалай және қандай тәсілдермен оқиды. Мұнда балалардың белсенді әрекеті арқылы өз бетінше білім алу, іздену, білім жинау мақсаты қойылады. Бала өмірде әрбір адамға қажетті дағдыларды дамытады.

Әрине, технологияның дамуында мұғалімдердің рөлін түбегейлі өзгерту мүмкін болды, мұғалім тек білім тасымалдаушысы ғана емес, сонымен қатар балалардың шығармашылық жұмысының жетекшісі. Интерактивті әдістерге: топтық жұмыс, кері байланыс – дебат, проблемалық жазу әдістері, презентациялар, рөлдік ойындар, блиц – сұрақ әдісі, кейс – кезеңдері, миға шабуыл, викториналар, шағын зерттеулер, іскерлік ойындар, инсерт әдісі, сауалнама әдісі жатады. , т.б. . тиесілі.

Соның ішінде мектепалды даярлық топта тілін дамытудың интербелсенді әдістеріне тоқталамыз.

Мнемотехника(гр .mnemtik – есте сақтау өнері) – табиғи ассоциациялар құру арқылы есте сақтауды қамтамасыз ететін және жасанды ұғымдар арқылы тиісті ақпаратты есте сақтауды жеңілдететін ережелерге негізделген әдістер жиынтығы. Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып табылады. Бұл менің тәжірибемде жиі қолданатын әдіс-тәсілдердің бірі, себебі мнемотехниканың көмегімен балалардың есте сақтау қабілеті қалыптасады, сөздік қоры молаяды, тілін жаттықтырады. Ашық дыбыстар шығара бастайды. Мен бұл әдісті алғаш рет санауды үйреніп жүргенімде қолдандым.

Балалардың сөйлеу тілі дамып, сөздік қоры байыды деп айта аламын. Балалар ән, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді еш қиналмай, бар ынтасымен айта бастады. Мнемотехника арқылы балалардың сөздік қорын байытып, әңгіме құрастыруға үйретеміз.

Синквейн – рефлексия кезеңінде сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдісі. Синквейн – эмоционалды әсерлер мен сезімдерді, жалпы ойды сипаттау үшін қолданылатын қысқа өлең түрі. Синквейн – белгілі бір жоспар бойынша жазылған бес жолдық тақырыпты сипаттайтын қысқа әдебиет. Француз тілінде «синквейн» сөзі белгілі бір ережелерге сай жазылған бес жолдан тұратын өлеңді білдіреді.

Тізбектеу - балалар тапсырмаларды талқылап, имитацияланған тізбекте өз ұсыныстарын айтатын жұмыс әдісі. Мысалы, болашақ ертегінің барысы сызба немесе шартты белгілерімен берілген кесте бойынша ертегіні құрастырады. Бұл әдісті қолданудың тағы бір тәсілі: бірінші бала объектіні айтады, екіншісі – оның қасиетін, үшіншісі - бірдей қасиеттері бар объектіні айтады. Мысалы, сәбіз тәтті, қантқа тәтті, қант ақ, ақ қар т.б.

Идеялар шеңбері- оқытудың интерактивті әдістері, әр бала немесе әр топ бір тапсырманы орындағанда, мысалы, ертегіні жаңаша құрастырып, оны талқылап, содан кейін ұсыныс немесе идея айтады (ертегіні тағы қалай аяқтауға болады). Бауырсақ тірі қалуы үшін не істеуі керек; бауырсаққа түлкіні жеңуге қалай көмектесуге болады және т.б.

Топтық жұмыс – топтық жұмыс арқылы тиімді жұмыс жасау. Ол үшін тәрбиеші топқа бөлудің қызықты тәсілін қолдану керек. Танымдық тәсіл олардың алдағы жұмысқа деген ықыласын арттырады. Топпен жұмыс істегенде уақытша болсада бастарын біріктіреді. Мысалы: Мектепалды даярлық топ

«Көліктер» тақырыбындағы ұйымдастырылған іс - әрекетте балаларды 3 - топқа бөліп, әртүрлі тапсырмалар беріледі. 1 - топ «Суда жүзетін көліктер», 2 - топқа «Жерде жүретін көліктер», 3 - топ «Ұшатын көліктер».

Ассоциативті гүл – бұл ортақ мәселені шешу үшін балалар бірнеше топқа бірігеді: гүлдің «ортаңғы бөлігі» белгілі бір ұғымның суреті бар тақтаға бекітіледі, мысалы: «ойыншықтар», «гүлдер», «жемістер», «жануарлар». Әр топ осы ұғым төңірегінде жабыстырылған ассоциация сөздерін немесе ассоциациялық суреттерді таңдайды. Жеңімпаз – ең үлкен гүлді жасайтын команда.

Шешім ағашы – бұл бірнеше кезеңдерді қамтитын жұмыс әдісі:

1. Біржақты шешімі жоқ мәселені таңдау, мысалы: «Ағаш бақытты болу үшін не керек?».

2. Тіктөртбұрыш «дің» (бұл мәселені білдіреді), түзулер «бұтақтар» (оны шешу жолдары), ал шеңберлер «жапырақтар» (шешімі болатын диаграмманы қарастырсақ мәселе).

3. Мәселені шешу: Мысалы: көбелек, құс және сол сияқтыларды «шешім ағашына» орналастырып, таңдауын түсіндіреді. Балаларға тартымды болу үшін жапырақтарға гүлдер салады, балалар оған келу үшін жемістермен суреттер жапсырады, құстарды азғыру үшін ұяларды бейнелейді, тиіндерге экспромттық жасайды т.б.

Болжау – бұл балалармен жұмыс істеу әдісі, оның барысында шешімдерін «болжау» ұсынылады. Мысалы: балалар күз айларын атауға шақырып, әр айда не күтетінін айтады. Кейінірек, өзін айлардың бірінің орнында елестетіп, болжамдарын айтады.

Көрсету – балалар командаларға бөлінеді. Әр команда бір сөзді таңдайды және вербалды емес құралдарды қолдана отырып, сол сөзді басқа командаға ұсынады, олар сол сөздің шешімін табу керек.

Жарнама – балаларды екі командаға бөлуге шақыратын белсенді әдісі, олардың әрқайсысы кез келген нысанды таңдап, оған басқалардың назарын аударуға көмектеседі, оның барлық жағымды қасиеттері мен функцияларын атауға тырысады.

Ертегі керісінше – балаларды екі топқа бөліп, негізгі ұғымдарды қарама – қарсы ұғымдармен алмастырып, ертегіні басқаша құрастыруға шақыратын интербелсенді әдіс. Әр командаға тапсырма беріледі: олар өз ертегілерін құрастырады және басқа команданың ертегісін басқаша құрастырады. Мысалы: «Бір шал мен кемпір өмір сүріпті. Ал олардың Майлытабан деген иттері болды. Бір күні ит оларға жай емес, қантты сүйек әкелді. Кемпір оны пісіреді, пісіреді, бірақ сүйек піспейді. Шал оны пісіреді, пісіреді, бірақ сүйек піспейді. Мысық секіріп түсіп, қазанды төңкеріп, сүйекті алып қашып кетті. Шал мен кемпір күледі ал Майлытабан көңілді үреді: Мен сендерге басқа сүйек әкелемін, бірақ қантты емес, қарапайым тез пісетін».

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуда жоғарыда аталған интербелсенді әдістерінен басқа, жұмыс тәжірибесінде келесі белсенді қолданылады: шығармашылық тапсырмалар, шағын топтардағы жұмыс, оқу ойындары (рөлдік және іскерлік ойындар, имитация – ойындар, жарыс ойындары интеллектуалдық жаттығулар, көрнекі бейне және аудио материалдармен жұмыс, тақырыптық диалогтар, өмірлік жағдайларды талдау және т.б.

Нақтырақ айтсақ, жоғарыда айтылғандай, интерактивті әдістер мектепке дейінгі тәрбиені дамытудың негізгі құралы болып табылады. Инновациялық білім беру жүйесі балабақшадағы іс-әрекетті ұйымдастыруда инновацияның дұрыс және жинақы құрылымына ықпал етеді.

Қорыта айтқанда білім беру саласында оқытудың жаңа инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Заманауи білім беру саласында біліктілігі мен білімі жоғары, жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істейтін, оқытудың озық технологиялары мен интерактивті әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана алатын тамаша ұстаз болуы шарт. Сондықтан, білімімізді жетілдіріп, интерактивті әдістерді қолдану жолдарын жасай береміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «EgemenQazaqstan» газетінде «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» Нұр-Сұлтан, 1 қаңтар 2021.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Астана: Ақорда, 2007.
3. К. Метербаева, А. Исакова Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. - Астана: Фолиант, 2017.
4. А. Х. Әлімов Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. - Алматы, 2015.
5. Ж. К. Бисембаева Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. - Қостанай, 2019.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Китанова Т.К.

«Батыр» санаторлық бөбекжайы КММ, Қарағанды қ., Қазақстан

Бүгінгі таңда жас ұрпағымызды ата-бабымыздан қалған ұлттық құндылықтарымызбен, салт-дәстүрлерімізбен, мәдени құндылықтарымызбен таныстыруымыз керек. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі –тілі, екіншісі –діні, үшіншісі-дәстүрі, төртіншісі –тарихы, бесінші - атамекені. Құндылықтар –шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, өмірде қолданады және соған сай әрекет етеді. Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. «Мәңгілік ел» идеясында өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән берілген. Ал адамгершілік тұрғыдан құнды қасиеттері бар, рухани бай тұлғаны қалыптастыру сәби кезінен бастау алатыны белгілі. Балабақша қабырғасынан бастап, Отан, ел, жер ұғымының киелігін білу, салт-дәстүр, мәдениетін, тарихын бойына сіңіріп өсіру.

Ендеше бұл тұрғыда отбасы мен педагогтің атқарар рөлі зор. Білім алудың негізгі қағидасы тәлім-тәрбие. Расында, бар күшімізді білімге жіберіп, бала тәрбиесін назардан тыс қалдырсақ, біздің ұрпақ алдындағы үлкен қателігіміз де сол болмақ [1].

«*Бала тәрбиесі-баршаға міндет*» Бүгінгі таңда балаға ұлттық құндылықты дәріптеу, үйрету, санасына сіңіру – отбасынан басталады. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген атам қазақ бекер айтпаса керек. Отбасындағы ата-әже, әке –шеше, аға-іні, әпке-қарындас арасындағы сыйластық пен қарым қатынастан бастау алады. Тәрбие жас ұрпаққа бірінші болып берілуі керек. Егер тәрбие жоқ отбасында- еш бір құндылықтың ізі де болмайды. Ата-анадан кейінгі ұлттық құндылықтармен тәрбиелеу ұстаздың қолында екені баршамызға мәлім. Олай болса, ақылды ұрпақ тәрбиелеп, ертеңге сенімді ұрпақ табыс ету де біздің еншімізде десе де болады. Бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы: ұлттық тәрбиенің мақсаты болашақта ұлттық сана-сезімі жоғары, өз елінің салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін жақсы білетін, сүйегін, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Ұлттық санасын ояту, өз ұлтының ана тілін, дінін, мәдени мұраларын меңгерту. Бала бойына жанашырлық, сенімділік, шыдамдылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінезді қалыптастыру. Ұлттық тәрбиеміздің негізгі көздері – әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен ұлттық әдебиетіміз.

Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, жеті ата туралы түсінік, туыстық қарым-қатынас атаулары, ата-ана мен перзент алдындағы парыз бен қарыз, ұлттық намыс. Міне, осыларды бала санасына сіңіріп, бойына дарыта білу –ұрпақ тәрбиесіндегі ең басты қағидамыз. Халқымыз қандай да бір білім мен өнегені балаға қолма-қол көрсету, көрсете отырып үйретуді басшылық еткен. Тәрбиелеудің ұлттық үрдісінде баланың қандай да бір ұнасымды қылығын мадақтап отырған. Өйткені, бала қашанда үлкендердің өзіне ыстық ықылас, ізгі ниет көрсеткенін күтеді. Сол үшін де баланы ынталандыру үшін мадақтау арқылы психикасына ықпал етудің үлгісін қалыптастырған. Ынталандыруды баланың жас ерекшелігіне сай ұтымды пайдалана білген [2].

Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шараларды ұйымдастырғанда ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру т.б. әрекеттерді жиі қайталап отырған абзал. Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді, қызығады. Бала тілінің дамуы өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты. Туғандары, анасы қай тілде сөйлесе, бала да сол тілде алғашқы сөздерін айта бастайды. Бала тілі -бал, олар түрлі пікірлер айту арқылы өз қиялын жеткізеді. Әр Қазақстан азаматы өз ана тілінде еркін сөйлеп, тілін құрметтеп, Отанының мемлекеттік тілін жетік меңгеруі тиіс.

Осы сәтте балаға әр отбасының ата-анасымен ата-әжесі үлгі болуы қажет. Ал мектепке дейінгі ұйымда педагог баланың ойын дамытып, жігерлендіріп, алға жетелеу арқылы талпындырып отыруы керек. Ана тілі рухани тірегіміз екенін сәби көңілдеріне сіңіріп, олардың тіл байлығын дамыту бағытындағы шараларда тіліміздің тазалығын сақтаған жөн. Осы орайда мен де оқыту мен тәрбие ісінде ұлттық сипатымызды айқындайтын халықтық педагогиканы, атап айтсам, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерімізді үнемі көрсетіп, айтып, қызықтыра білуіміз өте маңызды. Менің алдыма келген әрбір бала жеке тұлға, олардың өз салт-дәстүрі мен мәдениетіне, ұлттық ойынына қызықпайтын бала болмайды. Әрине ол үшін әдіс-тәсілдер мен ойынды баламен бірге ойнау кезінде, бала тәрбие мен дамуында ойынның маңызы зор. Баланы ойната отырып- ұлттық құндылыққа баулуымыз керек. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге бірден бір құрал шараларда болсын, пікір-таластар мен сайыстар болсын, спорттық жарыстар, ойындар болсын халықтық педагогикамен, ұлттық тәрбиемен ұштастырып отыру керек деп ойлаймын. Баланы ұлттық қасиеті жоғары, маңызын жоғалтпаған дәстүрдің озық үлгілерімен сусындатып, оның мағынасын ашатын іс-шараларды да өткізіп отырамыз. Мысалы «Қош келдің, Әз-Наурыз!» мерекелік ертеңгілікте педагогтер бүлдіршіндер мен ата-аналарын қатыстыра отырып, салт-дәстүреен көріністер қойып, бір-бірінің өнерін тамашалап, бағалап қана қоймай, дәстүрді жаңғырта түседі. Бұл орайда бала емес, үлкендердің өзі ұмытылып бара жатқан дәстүрімізге сүйсіне орындап, мақтанышпен жеткізеді. Балаларды бір-біріне сұрақ қойдыртып, диалогқа шақыру,ынтымақтастық орта қалыптастыру, олардың келешек білім алуға даярлауға ықпал етеді. Әсіресе мұндай жұмыстарда екеуаралық кері байланыс міндетті түрде болуы шарт.Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді, әрі қызығушылығы артады. Мұндағы мақсатымыз-қазақтың салт-дәстүрлері арқылы балалардың бойына мәдени, рухани-және адамгершілік құндылықтарды дарыту. Халқымыздың ғаасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан мәдени бай мұрамызды бүгінгі ұрпаққа жеткізу. Ата-бабамыздан қалған мол мұрамызды балаларға кішкентайынан бастап үйретсек, келешекте өз елін, өз ұлтын қастерлейтін ел азаматтарын тәрбиелейтініміз айдан анық. «Ел болам десең, бесігіңді түзе»,-дегендей қазақ халқында салт-дәстүр өсіп келе жатқан баланың ой-санасын қалыптастыруға, өзінің ұлт өкілі ретінде өсіп, үлгі-өнеге алуына әсерін тигізеді.Сондықтанда осы бағытта жұмыс жасауды отбасы және балабақша болып қолға алған маңызды.Тәрбие мен білім қатер жүретін дүниелер, тәрбие мен білімді бөліп керауға болмайды. Бұл дүниелер бірін — бірі толықтырып тұратын ажырамас сапа болып саналады. Біздің басты міндетіміз-қазақтың еліне, жеріне,әрбір тау-тасына иелік ете білу сезімін жас ұрпақтың жүрегіне, санасына сіңіру. Қазақта қандай дүние, қандай рухани байлық болса,сонымен мақтана алатын саналы, интеллектуальдық мінез-құлқы қалыптасқан, өз елінің өзге елдермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ететін парасатты да патриотты ұрпақ тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі кезеңде ойынның бала өмірінде алар маңызы ерекше. Ойындар жалпы ойлау процесінің икемділігіне, зейініне, қабылдауына, логикасын, қиял ұшқырлығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ұлттық ойындар мен жұмбақ жаңылпаштар және мақал-мәтелдердің бала дамуына қосатын рөлі мен тәрбиелік маңызы ерекше екені белгілі.[3]

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері эмоция тәрбиелеудің басты мақсаты. Өйтсе де тәрбие қуаныш сезімін дамытуға ғана ықпал етпеуі тиіс. Балаларды қуана білуге тәрбиелеумен бірге, қайғыруға, ашулануға, жек көруге, айыптауға үйрету керек, өйткені өміріміз сан қырлы. Олар неше түрлі адамдармен кездескенде әртүрлі ситуацияларға ұшырайды. Мұның өзі эмоцияның мазмұнды, мәнді шағын, атап айтсақ, адамгершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Балаларды әртүрлі сезім сырларына үйретуді еңбекке дұрыс көзқарас тәрбиелеуден бастауымыз қажет. Еңбек, еңбек қызметі – баланы тәрбиелеудің басты құралы.

Ол сонда ғана қуанып қана қоймай, сол қуанышты өз күшімен жасауға тырысады. Еңбек арқылы тіршілікке көзқарасы қалыптасып, жоғары адамгершілік сезімге ие болады. Адам өзіне өзі сын көзбен қарауды үйрену керек. Содан кейін керексіз, жағымсыз эмоцияны болдырмау жолдарын қарастыру қажет. Кейбір жағдайда жағымсыз эмоцияларды әртүрлі дәлелдер келтіріп, ақтауға тырысушылық байқалады. Бұл дұрыс емес. Себебі, жағымсыз эмоциялар сол адамның өзінің денсаулығына, жұмыс қабілетіне, айналасындағыларға кері әсер етеді. Ең бастысы, жағымды эмоциялардың қажеттілігін түсініп, әркім өзінің мінез-құлқын түсініп, әрекетін бақылауды үйрену керек.

Қызыққан адам нені сезінеді?

Қызығушылық, қозушылық - бұл бір нәрсеге таң қалу, білу сезімі. Жеке адамда қызығушылық эмоциясын сезген кезде оларды бір затты зерттеуге өзінің тәжірибесін жаңа ақпараттар арқылы кеңейтуге және же басқа жаңа адамға тақалу тілектері пайда болады. Бұндай қызығушылық пен қозушылық кезінде адам өзін жаңа туғандай сезінеді. Осы сезім танымдық және іс әрекеттік белсенділіктегі байланысты қалыптастырады. Осы уақытта адам өзінің өмір сүріп іс әрекет жасайтынын сезінеді.

1. Қызығушылық-қозушылықтың мағынасы. Жеке адамның дамуында және адамдық қарым-қатынаста қызығушылық қозушылықтың мағынасын анықтау қиындыққа соғады. Бұл жағдайда эволюциялық биологиялық және психологиялық ортада қарастырады.

Эволюциялық мағына. Адамның эволюциясында қызығушылық негізгі рольде ойнаған. Бірақ бұған нақты дәлелді көрсету қиын. Адамдарда үлкен қызығушылық болғандықтан бірімен-бірі қарым-қатынас жасайды. Адамдар ең қиын объект, сондықтан қызығушылық қиын қозады. Адамдар үнемі өзгеріп отырады. Қызығушылықта үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан баларға ойын ойнатса, олардың қызығушылықтарын оятып, бірлікке шақырады.

2. Қызығушылықтың биологиялық мағынасы.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері бұл аспектіте қызығушылық нағыз қайнар көзі болуы мүмкін. Кей кезде адам соншалықты сырқаттанса, оның тамаққа қызығушылығы жойылады. Тамаққа қажеттілікті ояту үшін кез келген іс әрекетке қызығушылығын оятуға, жалпы өмірге қызығушылығын оятуға ықпал жасау керек. Сондықтан Томкин физиологиялық қызығушылық деңгейі физиологиялық функцияларды арттыру үшін қажет.

3. Қызығушылықтың психологиялық мағынасы.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері психологиялық мағынасының негізгісі – ол эксперименттік зерттеу жұмыстарымен ерекшеленеді. Егер де адам бір қалыпты дүниеде өмір сүрсе, онда эмоцияның қажеті керек емес еді, қызығушылық бізді өмірдегі заттарды зерттеуге ықпал жасап тұрады. Себебі, біз өзімізге қажетті болуы мүмкін дейміз. Томкинстің байқауынша, қызығушылық болмаса қайғы мен қорқыныш тежеп кетуі мүмкін.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері эмпирикалық зерттеулердің себебі және қызығушылық қозушылықтың нәтижесі. Жағымды аффектінің ең кең таралған түрі – қызығушылық болып табылады. Ол әрбір адамның іс-әрекетін қолдап отырады. Егер де жағымсыз эмоцияларды санамайтын болсақ, тіпті ең ақырғы жағдайлардың өзінде де жағымсыз эмоциялардың күшін әлсіретіп жағымды жақтарын басым қылдыруы мүмкін. Қызығушылық қайғы уақытында аз болады. Себебі қайғы терең әрі ұзақ, ол кейде депрессияға дейін жетуі мүмкін. Аффектқа ауысатын болса жағымды эмоцияны тудыру қиындыққа соғуы мүмкін.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциялық реакциялардың индивидуалдық ерекшеліктері эмоциялық қозғыштық пен тұрақтылықты салыстырып байқағанда анық көрінеді. Оларға тән арақатынас мына төмендегідей:

- а) күшті эмоциялық қозғыштық, күшті эмоциялық тұрақтылықпен сәйкес келеді;
- б) күшті эмоциялық қозғыштық, әлсіз эмоциялық тұрақтылықпен сәйкес келеді;

в) әлсіз эмоциялық қозғыштық, күшті эмоциялық тұрақтылықпен ұштасады;

г) әлсіз эмоциялық тұрақтылықпен ұштасады.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері адамның эмоциялық қасиеттері. Жеке адамның эмоциялық қасиетіне әсерленгіштік, қайырымдылық, сондай-ақ адамның көптеген көріністеріне, тіпті оның бүкіл психикалық келбетіне ізін қалдыратын эмоциялық сапалар және олардың жиынтығы жатады.

Қайырымдылық – адамның ерекше маңызды, әлеуметтік жағынан мәнді эмоциялық сапаларының бірі. Басқа адамдардың қуанышы мен қайғысын өзінікіндей сезінетіндер – қайырымды адамдар. Қайырымдылық басқа адамның толғаныс-тебіреністерін түсіне білуді талап етеді, сонда ғана басқаның көңіл күйін сезінуге болады.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері қайырымдылыққа қарама-қарсы сапа – рақымсыздық. Мейірімсіз адам басқаларға томаға-тұйық немқұрайды қарайды. Ол тек өзі үшін ғана өмір сүреді, сөйтіп, рухани жағынан азғындай береді. Рақымсыздықтың жоғарғы дәрежелі көрінісі – адамға жаны ашымаушылық пен қаталдық.

Әсерленгіштік-жеке адамдық қасиеттің өзіндік бір көрінісі. Әсерленгіштік- жеке адамның бүкіл келбетімен, ең алдымен, оның заттық дүние және айналасындағы адамдарға деген танымдық қатынасымен, оның интеллектуалдық дамуымен анықталатын эмоциялық сана.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері жеке эмоциялық сипаттарды адамдарға мінездеме беру негізіне алатын болсақ, онда бұл белгілерге қарай мінез – эмоциялық, сентимантальдық, албырттық және ең соңында салқын қандылық болып бөлінер еді.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері эмоциялы адамдар эмоциялық жағынан қозғыш, тітіркендіргіштер әсерінен тез «лап еткіш» келеді. Олар үшін жиі аффектіге ауысатын тез көтерілгіштік, албырттық тән. Эмоциялы мінезді адамды сипаттайтын қасиеттердің бірі - әсерленгіштік.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері сентимантальды мінезділер еліге, сырттай қараушылықпен сипатталады. Сентимантальды мінезділер сезімшіл және енжар. Олардың сезімдері белсенді әрекет тудырмайды, көңіл күйлері сыртқа теппей бұғыа жатады, әрекетпен ұштаспайды. Сезімінің өзіне бағытталуы, яғни көңіл күйін қызықтауға талпыныс байқалады.

Албырт адамдар айрықша әрекетшіл, талапкер және сүйікті ісіне берілген, олар мәнді де тынышсыз мол эмоциялы өмір сүреді. Олар әрқашанда бір нәрсеге құмартады. Қайраттылық күшін сарқа жұмсау – бұларға тән қасиет. Бұқлар құмарлыққа апарып соғатын үлкен, терең сезімді адамдар.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері психикалық келбетінде эмоциялық жағы ерекше орын алатын адамдарға берілетін толық емес сипаттама міне осындай.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері өмірі мен қызметінде эмоцияның ерекше мәні болмайтын адамдар кездеседі. Оларды салқын қанды немесе «байсалды есептің адамдары» деп атайды. Бұларда сезім, эмоциялық күйдің шамалы ғана көрініс беретіндігі сонша, ол мінез-құлық, қылық әрекетке іс жүзінде айтарлықтай әсер ете алмайды. Олар ақыл ыңғайымен өмір сүреді. Оларға эмоциялық күйге берілмейтіндік, әсерленбейтіндік және әдетте қатаң іскерлік деп аталатын қасиеттер тән.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері эгоизм сияқты жеке адамдық сапа да эмоциялық шартты негізде болады. өйткені эгоист ең алдымен өзін сүйеді және өмірі мен қызметінде дәл осы сезімді жетекшіліккен алады. Т°каппарлық және оған қосарлана жүретін адамға немқұрайды қараушылық та эмоциялық себептерден туындайды.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері эмоциялар психикалық сфераға қатысты әрі объективтік шындықтың бейнеленуі ретінде қабылданады. Бұл пассивтік процесс емес. Ол әрдайым адамның белсенді қызметімен байланысты туындап, жүзеге асады. Осы негізде психолологиядағы жетекші принциптердің бірі – сана мен қызметтің бірлік принципі. Бұдан сезім адамның шындыққа қарым-қатынасын бейнелейтін, адам қызметін реттеуші түрінде көрінетін байқауға болады.

Бастауыш мектеп оқушысы тұлғасының эмоциясының ерекшеліктері қызметтің қарым-қатынас, ойын, оқу, еңбек сияқты әр алуан түрі бар. Олар жас кездерінде сәйкес қызметтің негізгі түрі ретінде болуы мүмкін. Ал бәрінің бастапқы түрі – эмоциялық қарым-қатынас (туғаннан бір жасқа дейін). Яғни қарым-қатынас процесінде эмоцияның реттеу функциясы туралы айтуға болады. Қызметтің спорттық түрінің эмоциялылығында жоғары болып келеді. Спорт психологиясын қазіргі кезде жарыстың

көптігімен қызықтырып, практикамен тығыз байланысты. Өйткені спортшылардың жеке басының психологиялық ерекшелігі, әсіресе эмоциялылығын зерттемейінше, тиімділікке қол жету мүмкін емес.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері.—Алматы: Аллаприма, 2012. —203 б.
- 2 Бердібаева С.К., Масимбаева А.А. Заманауи психологиядағы стресске төзімділікті зерттеу.— Алматы, 2021.—326.
- 3 Кустубаева А.М., Джакупов С.М., Толегенова А.А., Ракишев Р. Эмоциональный и когнитивный интеллект//Вестник НАПК.—Алматы, 2008.—№1,2.—С.30-37.
- 4 Перленбетов М.Ә. Психофизиология: оқулық.—Алматы, 2020.—315б.
- 5 Ахтаева Н.С. Эмпатия как объект исследования в современной психологии.—Алматы, 2017.—С.3-4.

ӘОЖ 373

ЕЛ БОЛАШАҒЫ – МӘДЕНИЕТТІ ДЕ БІЛІМДІ ҰРПАҚ

М.А. Елубаева

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі басшысының орынбасары,
Мәдениет саласының үздігі «Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі» КМҚК
Қарағанды қ., Қазақстан

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.

Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінеді. Біріншісі – рухани мәдениет, екіншісі – материалдық мәдениет. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күн көрісінен туған дүниелері материалдық мәдениетті құрайды.

Халық игілігі ретінде рухани асыл қазыналар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтасып жатады. Халқы үшін еңбек еткен адамдардың өмірі де рухани байлық болып табылады. Сонымен, ұлттық құндылықтар адам өміріне қажетті рухани байлық болып табылады.

Адамзат тамырының күретамыры мәдениет, ал мәдениеттің күретамыры адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген материалдық құндылықтар болып табылады. Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі мәдениет. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді – кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады [1].

Ғылым. Ғылымның дамуы мен гүлденуі табиғаттың объективті заңдылықтарын үйренуге және оған қоғам мүшелерін тартуға тікелей байланысты.

Қазақстандағы музейлердің қазіргі жұмыс жасаудағы бағыт-бағдары қалай дегенге келер болсақ. Қазіргі заман қоғамы музейлердің тәрбиелік және білім беру мүмкіндіктерін неғұрлым тиімді пайдалануға мүдделі. Музейлердің бұл бағыттағы тиімділігін пайдалануда пайда болған ғылыми пән – музей педагогикасы. Музей педагогикасы дегеніміз - педагогикалық көзқарас тұрғысынан қарастырғанда музейлік қатынастар формасын, музей заттарын көрсету және қабылдау, түсіну ерекшеліктерін зерттейтін бір-бірімен тығыз байланысты ғылыми пән. Қазіргі уақытта тарихи бағыттағы музейлерге ерекше роль береді, себебі тарихи-мәдени ескерткіштерді визуальді түсіну-дүниеге көзқарасты және мұралардың құндылығын сезіну, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін, тарихи біліктілігін және рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді. Бір жағынан музей адамның мәдени ортада бейімделу құралы, қарқынды өзгерістегі әлемде психологиялық баспана, тарих мәдениеттің қайта оралмас құндылықтарын сақтау факторы ретінде танылды. Басқа жағынан музей тұлғаның адамгершілік және эстетикалық дамуына ықпал етуші мәдени ортамен молынан қарым-қатынас жасаудың рухани орны.

Музейлік-педагогикалық үрдістің құрылымында музейдің педагогикалық қызметінің үш негізгі қызметін бөліп көрсетуге болады: тәрбиелік, білім беру, дамытушы. Музей- білім мен таным ордасы ретінде жас буынның дүниетанымы мен жеке тұлға болып қалыптасуына айтарлықтай өз үлесін қосады. Олардың негізі мақсаты:

-Жас ұрпақтың саналы, ұлтжанды, тәрбиелі болып қалыптасуын жан-жақты қамти отырып тәрбиелеу;

-Сезімталдық қасиетін, ойлау, қиялдау, шығармашылық ынтасын, эстетикалық сезімін, талғамын дамыту;

-Отаншылдық, рухани-адамгершілік құндылықтарды жас ұрпақ бойына дарыту;

-Тарихи ұлттық санасын қалыптастыру, ғылыми көзқарасының дамуына музей мұрағаттарын және тарихи-мәдени ескерткіштерді пайдалану;

-Ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық дүниетанымды музей мәдениеті тұрғысында санасына сіңіру.

Мектеп пен музейлер арасындағы қарым-қатынас олардың өзара іс-шараларының ойдағыдай өтуіне, тәрбие мен білім беруге бағытталған музейлік –педагогикалық бағдарламаларды жүзеге асыруына, танымдық экскурсиялар мен музей сабақтарын бірлесіп атқаруынан көрініс табады. Сонымен қатар, музей педагогикасы мектеп мұғалімінің де тарихи-мәдени таным көкжиегін арттыратыны сөзсіз.

Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа әлемдік ғылыми прогресс деңгейіне сәйкес білім беру, тәрбиелеу, олардың рухани байлығы мен мәдениетін дамыту, жетілдіру – адамзат қоғамының маңызды міндеті болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыруда білім берудің екі аспектісі рухани-адамгершілік біліммен қатар интеллектуалды білімді құстың қос қанатындай жас өспірім оқушыларға білім беру негізінде олардың қабілеттерін дамытуға жағдай жасау өзекті болып саналады. Тұлғаның бойындағы барлық интеллектуалды қабілеттерін жан-жақты дамыту үшін оған әсер ететін факторларды білу керек. Интеллектуалдық қабілетті дамытудың маңызды факторларының бірі – білім беру жүйесіндегі технологиялар.

Қорыта келгенде, мектептегі білім сапасын көтеретін нақты механизмдер, ол – оқыту үдерісіне жаңа технологияларды кеңінен енгізу.

Қазіргі кезде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алудың маңызы зор [3].

Мәдениет, білім және ғылым бір-бірімен сабақтас бұл үшеуін үш бөлек бөліп қарау мүмкін емес.

Ұлы Абайдың «Артыңызға із қалдырғыңыз келсе, кейінгі ұрпаққа адамгершілік нұрын сеп, білімге тәрбиеле, болашағымыз өз ұлт өнері мен мәдениетінің тұнығынан сусындап, тарихын терең түсінетін болсын» деген өсиеті болашақ ұрпақты өнер – білім арқылы тәрбиелеудің қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдейді.

-Негізінен, баланың рухани байлығынсыз білім болмайды ғой. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» - деп ғұлама ғалым Әл-Фараби айтқандай. Музей мен білім саласын бір-бірімен байланыстыру керек деп ойлаймын. Ғаламтор арқылы әлемнің барлық ақпаратына қол жеткізіп отырған қазақ баласының көкейінде не жүру керек, өз елі-жерін танытып, ұлттық патриотизмді бойына қалай сіңдіреміз дегенде, алысқа қол созбай-ақ, оларды өз қаламыздағы музейлер мен театрларға апарып тұрған абзал. Мұндай тарихи орындарға бару өткенге үнілу арқылы бүгінді тану, болашағынды ойлау деген сөз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Егемен еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағылым алу – Қазақстанда патриотизмді қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі...» [4] – деген сөздері музей қызметінің басты ұстанымы.

Балдай тәтті балапандарымызды тек бақыттың бесігінде әлдилеуді мұрат тұтқан жандармыз. Ал баланың тәрбиесімен білімі тек мектепте, балабақшаларда ғана жүзеге асырылады деу – қате. Сәбидің, жеткіншектік бойындағы қасиеттер алдымен, отбасындағы ата – ананың тәлім – тірбиесінен қалыптасатынын ұмытпауымыз керек [2]. Осы орайда біздің музей кейінгі жылдары «Отбасыммен музейге» тақырыбында отбасылық шара ұйымдастыруды дәстүрге айналдырдық бұл шараға бала, баланың әке-шешесі, ата-әжесі және балабақшадағы тәрбиешісі мен бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі келіп қатысады, бұл шараны өткізудегі негізгі мақсатымыз ең алдымен отбасын музеймен таныстыру

одан соң қазақтың ұлттық салт-дәстүрінен қысқаша мағұлмат беру (қалада тұратын кейбір ата – аналардың өзі сұрақ – жауап кезінде қиналып қалғанын көрдік), ұлттық ойындар ойнату, «Менің отбасым» тақырыбында ата–анасымен бірге сурет салу, викториналық сұрақтарға жауап беру, ойындар ойнау, өз өнерін көрсету сияқты жарыстар ұйымдастырылды кеш соңында естелік сыйлықтар таратылды.

Ежелден келе жатқан салт - дәстүрді, халықтың материалдық мәдениетінде кезінде ерекше орын алып, рухани болмысын бейнелеген, қазір ұмыт болып бара жатқан материалдық және рухани мәдениет көріністерін бейнелейтін музей затына айналған мәдени құндылықтарды, ата-бабадан қалған сол өнегелі дәстүрді музейге келушілерге түсіндіру, насихаттаудың жолдары мен түрлеріне назар аударылуда. Бұл бағытта музей қызметкерлері музейде «Армысың, Өз Наурыз» (8,9,10 суреттер) атты дода сайысын өткізудің танымдық, тәрбиелік, ағартушылық мәнінің ерекше екені байқалып отыр. Музей экспозициясының этнографиялық материалдарына негізделген сайыста, зал қазақтың ежелден келе жатқан баспанасы киіз үймен толығымен жабдықталып оның ішіне тұрмысқа қажетті барлық үй жиһаздарымен безендіріледі олар: шаңырақ, кереге, уық, туырлық т.б. киіз үй жабдықтарынан бастап асадал, бесік, дөңгелек үстел, күбі, торсық, құрақ көрпелер, жерде текемет, сырмақ төселсе, қабырғада тұс киіз ілінеді оған қазақтың ұлттық музыка аспаптары қыл қобыз бен домбыра мінедетті түрде ілінеді экскурсия жүргізуші осы заттардың барлығының рухани маңызын айтып түсіндіреді, бұл шара бұрын болған қазір ұмыт болып бара жатқан халықтың адамгершілікке үндейтін, тәрбие көзі болар, қазіргі ұрпаққа беймәлім болып бара жатқан аталы сөздердің мәнін түсіндіруге негізделген. Шарада «Шаңырақ» және «Босаға» деп бөлінген екі топ бірнеше кезеңнен тұратын сайыста салт-дәстүрге қатысты сұрақтарға жауап беріп, мақал-мәтел, өтірік өлең айту секілді сынақ түрлерінен өтеді. Сонымен қатар ән салып, би билеп өз өнерлерін ортаға салады. Музей залында «Көкпар», «Арқан тарту», «Тоғыз құмалақ», «Асық ату», «Қыз қуу» секілді қазақтың ұлттық ойындары да ойналады. Мұндай сайыс студенттер, мектеп оқушыларының, өз елінің мәдени мұрасын терең сезініп, жаңа білімді игеріп, ата дәстүрін жаңаша сезініп, танып-білуге ықпал етеді. Шара ежелден «Шаңырағы - биік, босағасы — берік» болуды тілеген ата-бабаның өнегелі дәстүрін насихаттауды мақсат ете отырып, сайысқа қатысушылардың белсенділігін, ұмтылысы мен білімін бағалайды. Бұл халқымыздың тарихын білдіретін символикалық ұғым болғандықтан, қасиетті шақырақтың ерекшеліктері арқылы тарихқа, мәдениетке деген құрмет сезімін қалыптастыруға тырыстық.

Сонымен қатар мәдени мұраны насихаттау мақсатында шеберлік сабақтары, балалар көрмесі, музей сабақтары, әдеби кештер, суретшілермен шығармашылық кездесулер және шеберлік сыныптары ұйымдастырылып тұрады. Шынын айту керек, қазіргі балалар телеарна мен компьютерге көбірек байланып, ойлау жүйелері шет елдің мультфильмдерімен, фильмдерімен уланып жатыр. Адамның бойына патриоттық сезім сәби кезінде қалыптасатынын ескерсек, бұл жайт әрине бәрімізді алаңдатады.

Балаларды еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, жоғары эстетикалық талғамға тәрбиелеуде білім беру бағдарламасының музей педагогикасы аясында «Қазақстандық суретшілер», «Қарағандылық суретшілер» және «Менің де суретші болғым келеді...» интерактивті ойыны айрықшы мәнге ие. Қазақтың Дара ақыны - Дана ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 179 жыл (3, 4 сурет), Шоқан Уәлихановтың туғанына 189 жыл, Қазақстан Халқы Ассамблеясына 29 жыл, Шертпе күйдің шебері Тәттімбет Қазанғапұлының туғанына 209 жыл, Ұлы Жеңіске 79 жыл, бұдан басқа біздің музейде «Өнер әлеміне қадам бас» бағдарламасы жақсы жолға қойылған, Тағыда да бір айта кетерлік айтулы мәселе 2023 жылдан бастап қала әкімдігінің қолдауымен «Өнер бәрін ортақ бағдарламасы» аясында мектеп оқушылары мен колледж оқушылары музейіміздің тұрақты көрерменіне айналды десек болады. Сонымен қатар дәстүрлі көрмелер, жылдың төрт мезгіліне арналған көрмелер «Қыс қызығы», «Алтын күз», «Көрікті көктем», «Жаз бояуы», «Анашым, асылым», «Республикам байтағым», «Гүлдене бер Астана», «Сүйікті қалам Қарағанды» мерейтойлық көрме, дербес көрмелер, қарағандылық суретшілердің есеп беру көрмелері, музей қорынан әр мерекелерге арналған тақырыптық мерекелік көрмелер ұйымдастырылып тұрады.

Музей сабақтарының басты мақсаты оқушылардың туған өлкенің тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыру, шығармашылық бейімділіктеріне қолдау көрсету, аға ұрпақ бойындағы адамгершілік құндылықтарына құрметпен қарау, елін, жерін, сүюге бағытталған ұлтжандылық пен отаншылдық сезімдерін қалыптастыру, рухани-мәдени құндылықтарды бойына сіңіру. Туған елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Осы мақсатта музей сабақтарын біз, биыл 90 жылдығы аталып өтіп жатқан сүйікті қаламыз Қарағандыға арнадық. (1 сурет).

Жыл сайын Халықаралық Музейлер күні қарсаңында өтетін «Музей түні» шарасы да қала қонақтары мен қала жастарының сүйікті шарасының бірі. (2 сурет).

Халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, ғұлама ғалым, әдебиеттанушы аудармашы әрі дарынды публицист Әлихан Бөкейханның өмірі мен, өмір сүрген кезеңі жайлы тағылымды «Ұлт ұстазы – Әлихан» атты танымдық шара өтті. Бұл шараға «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің, Қазақстан Республикасы «Мәдениет саласының үздігі», Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы», Әлихантанушы, этнограф, өлкетанушы, тарихшы-ғалым Тұңғышбай Мұқан ағамыз келіп оқушыларға өзі түсірген фильмнен үзінді көрсетіп, қанша құнды мәліметтер ұсынды. (5 сурет)

Сонымен қатар музей сабақтарында мектеп оқушыларының қатысуымен театрландырылған қойылымдар да қойылады. (М.Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі желісінде көрсетілген сахналық қойылым) (6 сурет).

Уақыт ағымынан қалыспай дамыған елдер қатарында болу үшін болашақ ұрпақты білімді, мәдениетті, ғылымға құштар етіп тәрбиелеу керек. Ол үшін «Тәрбие басы – тал бесіктен» демекші отбасынан бастап одан соң балабақша, мектеп, колледж жоғары оқу орнындағы білім мен тәрбиеге аса мән берген жөн.

Музей - педагогикалық бағдарламасы оқушылардың шығармашылық дағдылары мен мүмкіндіктерін қалыптастыруға мол мүмкіндік береді:

- көзбен көруін дамытады;
- интерпретация және көзбен көргенін бағалай алады;
- өз бетімен талдай алуы;
- қоғамның көркем жетістіктерін талдауы;
- қоршаған ортамен белсенді шығармашылық байланыста болуы;
- бейнелеу өнері шығармаларын талдай білуі (сөздік қорының дамуы).

Төменде Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің архивінен алынған фото суреттер. Бұл фото суреттер музейде өткен шаралардан көрініс.



1 сурет



2 сурет



3 сурет



4 сурет



5 сурет



6 сурет



7 сурет



8 сурет



9 сурет



10 сурет



Дереккөздер:

1. www.ZHARAR.com Egemen.kz сайтынан
2. //Мәдени мұра. №6. 2016. (73бет).
3. Б.Б.Акқуланова Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру.
- 4.Музеи занимают особое место в культурной жизни страны.
Поздравление Президента РК Н.А. Назарбаева работников музеев Казахстана с Международным днем музеев//Казахстанская правда.- 1998.-19 мая.-С. 1.

УДК 378.6

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНА ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ӘСЕРІ

Кыякбаева У.К.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісі,
профессор, Алматы, Қазақстан

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының «Ерте жастағы балаларға арналған қимыл-қозғалыс белсенділігі» стандартына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы ерте жастағы балаларға заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру балалардың сөздік қорын дамыту үшін ең алдымен баланның ойын біліп, түрлі әдістер арқылы баланы мәдениетті сөйлеуге дағдыландыруға бағытталған [1]. Сондықтан әр бала мен заттық дамытушы отрада жұмыс жасау қажет. Заттық дамытушы ортада жас буынды еркін сөйлеуге баулу арқылы баланның ойын анық жеткізуге септігін тигізеді. Заттық дамушы ортада бала еркін, мәдениеті, әдеби, көркем сөйлеуді үйренгенше бала мен жеке жұмыс жасау керек. Балалар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу үшін ойын таптырмас әдіс. Заттық-кеңістіктік дамыту ортасы ерте жастағы баланың ойын іс-әрекетінің дамуына ерекше әсер етеді. Ойын-мектеп жасына дейінгі баланың жетекші қызметі. Ерте жас кезеңдерінде дәл осы ойында балалар тәуелсіз болуға, өз қалауы бойынша құрдастарымен сөйлесуге, білімдері мен дағдыларын жүзеге асыруға және тереңдетуге үлкен мүмкіндік алады.

Қоршаған орта баланың жасына байланысты генетикалық міндеттерді жүзеге асыруға ықпал ете, дамиды. Бұл әсіресе ерте топтар үшін өте маңызды, мұнда баланың қарқынды дамуы "жақын даму аймағына" аса назар аударуды қажет етеді. Ерте жас – бұл нәрестені әртүрлі іс-әрекеттердің қарапайым негіздерімен таныстырудың бастапқы кезеңі. Оның айналасындағыларға деген жеке көзқарасы қалыптаса бастайды. Шығармашылықтың алғышарттары қаланды. Қоршаған орта баланың сәби және ерте балалық шақтың әр кезеңінде оның мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылуы керек. Заттық-кеңістіктік ортасын үй жағдайында қайталау мүмкін емес, сондықтан баланың мектепке дейінгі мекеме тобында болуы ерекше маңызды.

Дамушы ортаны ұйымдастыру проблемасын көптеген зерттеушілер әртүрлі тарихи кезеңдерде белгілі бір дәрежеде қарастырды. Қазіргі теория мен практикада әлдеқайда аз дамыған-мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, әсіресе ерте даму топтарында заттық-кеңістіктік дамыту ортасын ұйымдастыру мәселесі, бұл әдеби дереккөздерді, педагог-психологтардың және мектепке дейінгі білім беру мамандарының практикалық қызметін талдауы көрсетті. Р.Б. Стеркин, Н.А. Ветлугин, Г.Н. Пантелеев, Н.А. Реуцкая, В.С. Мухина, В.А. Горянина өз зерттеулерінде баланың жеке басының қалыптасуындағы заттық-кеңістіктік дамыту ортасының ерекше рөлін атап көрсетеді. Алайда, ерте даму топтарындағы даму ортасындағы дамыту мәселесі жеткіліксіз қарастырылған [2].

Соңғы жылдардағы зерттеулер кішкентай бала үшін қарым - қатынастан, білім беру ойындарынан, қоршаған ортаның дамушы әсерінен тұратын әлеуметтік өмір сүру жағдайларының ерекше маңыздылығын көрсетті – бұл тәрбие мәдениеті деп саналатын барлық нәрсе. Сонымен қатар, интерьердің заманауи интерьері мен дизайны: жабдықтар, жиһаздар, ойыншықтар, балаларға арналған құралдар - заттық-кеңістіктік ортаның қажетті компоненттері ретінде қарастырылады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Дегенмен де, мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті ретінде ойын

жетекші рөл атқарады. Ойындар балаларды мектепте оқуға даярлайды, әр адамға қажетті жеке сапалық көрсеткіштердің алғашқы баспалдағы болып табылады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, қарым-қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда заттық-кеңістіктік дамытушы орта ерекше орын алады. Оның мазмұны ойынның сипатына, таңдалуына және рөлдердің бөлінуіне ықпал етеді:

мектепке дейінгі мекемедегі қимыл-қозғалыс белсенділігі

мектепке дейінгі білім беру – адамның үздіксіз білім алу жүйесіндегі алғашқы баспалдақ.

мектепке дейінгі білім берудің сапасы, білім беру қызметтерінің сапасы көптеген шарттармен қамтамасыз етіледі. Оның ішінде рационалды, мақсатқа бағытталған шарттар заттық дамытушы органы мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыруды міндеттейді.

Кішкентай бала үшін қоршаған ортаның маңыздылығын асыра бағалау қиын деп санаймыз. Дәл осы алғашқы жылдары нәрестенің орталық жүйке жүйесінің қарқынды дамуы байқалады. Функционалды түрде дамып келе жатқан ми кішкентай баланың көз алдында пайда болатын әлемді бейнелеуді "үйренеді". Адамның психикасы осылай қалыптасады, өйткені психика - бұл мидың шағылысуы, демек, қоршаған орта, осы кеңістіктегі ересектермен қарым-қатынас және, әрине, табиғат пен қоғам деп аталатын осы таңғажайып шындықты білетін баланың белсенділігі адамның өмірінің алғашқы жылдарында қалыптасуының генетикалық бағдарламасын құрайды.

Адам шынайы түрде дамитын жер, ол – адамның ортасы. Баланың даму ортасы – бұл оның өмірлік кеңістігі. Бұл оның өмірінің мектепке дейінгі мекемеде өтетін жағдайлары. Бұл шарттарды бала тұлғасының құрылысы қаланған іргетасы деп қарастырған жөн. Дамытушы орта немесе қимыл-қозғалыс белсенділігінің әртүрлі анықтамалары бар. С.Л.Новоселованың әдістемелік ұсыныстарында келесідей анықтамалар берілген:

Қоршаған орта – баланың әртүрлі іс-әрекетін қамтамасыз етудің әлеуметтік және пәндік құралдарының бірлігін болжайды. Қоршаған орта – балалардың өзіндік шығармашылық қызметін ұйымдастыруға арналған ойындармен, ойыншықтармен, құралдармен, жабдықтармен және материалдармен қаныққан заттық орта жүйесі.

Қоршаған орта – баланың рухани және физикалық дамуының мазмұнын функционалды түрде үлгілеудейтін материалдық объектілер жүйесі [3].

В. А. Ясвиннің зерттеулерінде дамушы білім беру ортасы "білім беру процесінің барлық субъектілерінің өзін-өзі дамыту үшін мүмкіндіктер кешенін қамтамасыз етуге қабілетті" болып табылады. Қимыл-қозғалыс белсенділігі — педагогикалық үрдісті жүзеге асыруға қажетті уақыт пен кеңістік жағынан жүйелі ұйымдастырылған, қажетті заттармен, ойын құралдарымен жабдықталған эстетикалық, психологиялық-педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді танымдық, шығармашылық іс-әрекетке қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы, ақыл-ой және бейнелік қабілеттері, қарым-қатынас жасау дағдысы дамиды, ең бастысы, үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – балаға заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар ортаның болуы.

Заттық – дамытушылық орта балалардың жасы мен даму деңгейіне және олардың әрекетіне тікелей тәуелділіктен табылады. Топтағы дамытушылық ортаның мақсаты ақпараттандырылуы, сол немесе басқа үдерістің бейнесін жасайды, қоршаған орта мен баланың арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Заттық – дамытушылық ортаның барлық компоненттері мазмұны, көлемі, көркемдік шешімі бойынша өзара байланысты. Балабақшаның әртүрлі жас топтарындағы заттық - дамытушылық ортаны ұйымдастыра отырып педагогтар балалардың ойын әрекетін дамытудың кезеңдік ерекшелігін, тәрбиенің жеке тұлғалық – бағытталған моделі қағидасын есте ұстаулары керек.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық – дамытушылық орта белгілі талаптарға жауап береді: бұл бәрінен бұрын баламен тақырыпқа, ойын желісіне, сол немесе басқа ойыншықтарға, ойынның орны мен мерзіміне еркін жету. Балабақша топтарында заттық – дамытушылық ортаны ұйымдастыру кезінде күрделі, көп жоспарлы және жоғары шығармашылық әрекет қажет [4].

Заттық – дамытушы ортаны құру кезінде келесідей қағидаттарды басшылыққа алу қажет:

ортаның жартылай функционалдығы: заттық - дамытушы орта көптеген мүмкіндіктерді ашып, тәрбиелеу - білім беру үдерісінің барлық құраушыларын қамтамасыз етуі тиіс, осы мағынада көпфункционалды болуы тиіс;

ортаның жартылай функционалдығымен байланысты оның түрленуі бұл жағдай бойынша бірінші орынға кеңістіктің қандай да бір функциясын шығаруға мүмкіндік беретін өзгеру мүмкіндігі;

кеңістікті икемді және вариативті қолдану қажет. Орта баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналуы тиіс.

топтың заттық – дамытушы ортасы балалардың жас ерекшеліктерін, оқу кезеңі мен білім беру бағдарламасына байланысты ауысуы тиіс.

Балалардың өз бетімен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру үшін төмендегілерді болуын қарастыратын дамытушы-заттық ортаны құру қажет.

Баланың қоршаған ортасы оған физикалық, психикалық, эстетикалық, моральдық, яғни жан-жақты даму мен тәрбиені қамтамасыз етуі керек.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесі баланың өмірлік жағдайына, денсаулық жағдайына байланысты жеке қажеттіліктерін ескерудің және оның білім алуы үшін ерекше жағдайлар жасаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының маңызды шарттарының дамып келе жатқан заттық – кеңістіктік ортаны дұрыс ұйымдастыру.

Дамытушы заттық-кеңістіктік орта әр бала үшін барынша жайлылықты қамтамасыз етуге, оның қызмет түрін, оған қатысу дәрежесін, оны жүзеге асыру тәсілдерін және басқалармен өзара әрекеттесу құқығын іске асыру үшін мүмкіндіктер жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дұрыс ұйымдастырылған заттық орта балаларды таным мен дағдыларды игеру процесіне тарта отырып, олардың қызығушылығын, шығармашылығын, коммуникативті қабілеттерін дамыта отырып, нақты білім беру міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы талаптарына сәйкес дәлелденген және сыналған, онда белсенділік, тәуелсіздік және балалар бастамасының көрінуіне ықпал еткен балалардың мүдделері жөніндегі орталықтар құрылған;

2. Топтар арасында құрылған қызығушылық орталықтары балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен іс-әрекетін қамтамасыз еткені дәлелденді;

3. Заттар мен материалдарды таңдау үшін ойыншықтар мен материалдардың қол жетімділігі мен әртүрлілігі, сабақтар мен ойындардың түрлері, іс-қимыл әдістері және т. б.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта ерте жастағы балалардың дамуының маңызды факторы болып табылады. Баланың толықтай дамуы үшін балалар жарқын, көркем өмірді қабылдай алатындай жағдайлар туғызу қажет. Заттық ортаны үлгілеу балалардың өзара әрекеттесуіне, ынтымақтасуына, өзара білім алуына жағдай туғызады. Егер ортада жанында мәдени-танымдық дамудың жоғары деңгейі бар балалар болса, онда олар шығармашылық импровизацияға айналдырып, қызық үлгілеудер, көріністер құрастыра алады, немесе керісінше, егер онда сенсорлық тәжірибенің даму деңгейі төмен балалар болса, онда ортада шоғырланған элементтік көріністер оларға дәл солай сәтті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыласпен орындайды. Ойын кезіндегі баланың психикалық ерекшеліктері өзгереді, олар ойланады, ерік қасиеті артады, эмоциялық әсері пайда болады, қиял елестері дамиды, белсенділігі артады. Сабақ барысында ойын түрлерін дидактикалық әдіс ретінде пайдаланудың маңызы зор. Бала ойын арқылы өзі өмір сүріп отырған белгілі бір әлеуметтік ортадағы норма мен әрекетті қабылдайды. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады. Тіпті нашар оқиды-ау деген оқушылардың өздері де ойын түрлері араласқан сабаққа зер салып, ынталана түседі. Оқушылар жолдастарынан қалып қоймау үшін сабаққа белсенді қатысып, қойылатын сұрақтарға жауап іздеп, ойлана бастайды. Сабақта ойын түрлерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін дамытуға әсер етеді.

Тілдің дамуына да, ақыл-ой дамуына да әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылауды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды т.б. үйренеді.

Ойын арқылы ұйымдастырылатын сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, түсінікті болады. Оқытудың түпкі мақсаты- оның сапалы болуы, яғни сабақтың түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіруге, оның әдіскерлік, танымдық, білімдік, тәрбиелік жағынан сапалық жаңа деңгейге көтеру. Ойын түрін оқу үдерісінде пысықтау, жаңа сабақты пайдалану тиімді. Ойын түрі сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі.

Баланың әдепті, көрегенді, қайырымды болып өсуі қоршаған ортасына, үлкендерге байланысты екені мәлім. Ойын қызметінің тағы бір ерекшелігі- оның өз әрекеттік сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар жоғарыда айтылғандай, ойында өздеріне мәлім өмір құбылыстары мен оқиғалар туралы білімдерін бейнелейді, оларға өздерінің қатынастарын білдіреді. Ойынның құрылымдық элементтері: ойынның түпкі ниеті, сюжеті, немесе мазмұны, ойын әрекеттері, рөлдер, ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын

ережесі. Бұл элементтер өзара тығыз байланысты және ойында ойында балалардың өзінше бір іс-әрекеті ретінде көрсетеді.

Қоршаған ортаның балаға әсер етудің нәтижесі оның бұл ортадағы белсенділігімен түсіндіріледі. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық үдерісін ұйымдастыру баланың тек топтық бөлмеде емес, бүкіл балабақша бойынша еркін қозғалуын қарастырады. Балалардың кеңістік пен уақытты еркін үйрену қабілеті оларға мектеп өмірінің ерекшеліктеріне бейімделуге көмектеседі. Ерте жастағы балалар тобында заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру баланың жан-жақты дамуы, жетекші әрекет түрлерін дамыту үшін маңызды шарты: заттық және сюжеттік-бейнелі ойындар, танымдық және жемісті әрекеттер болып табылады.

Осылайша, жүргізілген зерттеу келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді: топтық бөлменің заттық-кеңістіктік дамытушылық ортасының өзгеруі қажетті әсер етеді және қоршаған ортаны балалармен бірлескен серіктестік қызмет аясында педагогтар жобалаған жағдайда ғана дамытады. Балалардың серіктестік позициясын дамытудың құндылығын түсінген жағдайда ғана, заттық-кеңістіктік даму ортасындағы өзгерістер балалардың дамуы үшін түбегейлі басқа білім беру кеңістігінің пайда болуына ықпал етеді.

Мақсатты ұйымдастырылған қимыл-қозғалыс белсенділігі баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде үлкен рөл атқарады. Дұрыс ұйымдастырылған қимыл-қозғалыс белсенділігі балаларда қуаныш сезімін балабақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, оған келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер және білімдермен байытады, белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 бұйрығы).

2 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022ж. №348 бұйрығы).

3 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР ОАМ 09.09.2022ж. №394 бұйрығы).

4 Аманатиди О.В. Подвижные игры: методическое пособие. – Армавир, 2011. – 69 с.

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА «ӘЖЕМНІҢ ЕРТЕГІЛЕРІ» ЧЕРЕЗ СОЗДАНИЕ СКАЗОЧНО-ИГРОВОГО ПРОСТРАНСТВА

Е.Ю.Рассадина

Методист, ТОО «Детский сад «Одарёшка», г. Караганда, Казахстан

Введение

В современном мире проблема передачи культурного наследия становится особенно актуальной, и дошкольные учреждения играют важную роль в формировании личности ребенка. Проект «Әжемнің ертегілері» направлен на создание условий для воспитания патриотизма и любви к родной культуре через сказочно-игровое пространство. Основная задача проекта — познакомить детей с культурой родного края посредством использования народных сказок и театрализованной деятельности. В последнее время возникла острая проблема, которая касается здоровья наших воспитанников, теперь уже нравственного. Дети все чаще приносят в детский сад современные игрушки, персонажи которых зачастую не несут позитивного смысла (трансформеры, Хаги-Ваги, Барби с гробиками и т.д.). Эти игрушки влияют на свободные игры детей, их сюжеты часто ориентированы на агрессивные или негативные модели поведения. Педагоги провели опрос среди родителей и детей и выяснили, что дома часто заменяют чтение книг просмотром мультфильмов. Многие мультфильмы, конечно, основаны на сказках, но в то же время традиционные народные сказки отходят на второй план. Между тем, сказки играют важную роль в воспитании ребенка: они формируют представления о добре и зле, помогают развивать духовно-нравственные ценности, передают народную мудрость, учат простоте, мудрости и справедливости.

Методика:

Основной методический подход проекта заключается в создании сказочно-игрового пространства «Ертегі әлем», где дети могут не только слушать сказки, но и активно участвовать в сюжетах. Для этого в групповых комнатах детского сада организуются несколько центров:

Театрально-игровой центр: оснащен кукольным театром, костюмами и реквизитом, что позволяет детям участвовать в театрализации сказок.

Центр книги (мини-библиотека): способствует развитию интереса к литературе и самостоятельному чтению.

Этнографический мини-музей: включает предметы быта казахского народа, позволяя детям знакомиться с культурным наследием.

Музыкальный уголок: помогает развивать музыкальные способности и эмоциональную сферу детей.

Практическое применение:

Проект «Әжемнің ертегілері» реализуется в нескольких этапах:

Анализ программно-методического обеспечения.

Создание сказочно-игрового пространства «Ертегі әлем».

Организация театрализованной деятельности по мотивам народных сказок.

Взаимодействие с семьями воспитанников для создания общего культурного пространства.

• Театральный уголок, где дети могут примерять роли сказочных героев, развивая свои актерские навыки.

• Мини-библиотека, помогающая развивать интерес к чтению и литературе.

• Этнографический мини-музей, где дети знакомятся с предметами быта и культурой казахского народа.

• Музыкальный уголок, который способствует формированию музыкальных способностей и самостоятельной творческой деятельности детей.

Рекомендации:

Для успешной реализации проекта педагоги должны активно вовлекать детей в процесс, поддерживать их творческие инициативы и помогать формировать интерес к культуре и традициям. Важно учитывать возрастные особенности воспитанников и применять индивидуальный подход. Проект предполагает также активное взаимодействие с родителями. Планируется проведение мастер-классов по созданию театральных постановок и проведение совместных мероприятий, что способствует укреплению семейных связей и развитию у детей чувства коллективной ответственности.

Ожидаемые результаты

Реализация проекта «Әжемнің ертегілері» с использованием сказочно-игрового пространства способствует:

- Повышению интереса к казахским народным сказкам и культуре.
- Развитию творческих и коммуникативных способностей детей.
- Формированию положительного отношения к традициям и уважения к старшим.
- Обогащению внутреннего мира ребенка через погружение в мир национальной культуры.

Проект помогает детям не только весело и интересно проводить время, но и познавать свою культуру, историю и традиции через игру. Это становится важным шагом в их личностном и культурном развитии, а также создает прочный фундамент для дальнейшего воспитания патриотизма и национального самосознания.

Заключение:

Создание сказочно-игрового пространства в рамках проекта «Әжемнің ертегілері» способствует воспитанию патриотизма, формированию уважения к старшим и развитию творческих способностей. Данный проект позволяет детям не только изучать культуру через сказки, но и активно участвовать в её сохранении и передаче.

Список литературы:

1. Государственные общеобязательные стандарты образования всех уровней образования <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
2. Типовые учебные планы дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008275>
3. Типовые учебные программы дошкольного воспитания и обучения <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235/history>
4. Методические рекомендации «Устное народное творчество как основа духовно-нравственного воспитания детей дошкольного возраста». - Нур-Султан: РЦДД, 2016.
5. Артёмова Л.В. Театрализованные игры дошкольников. - М., 2001.
6. Антипина А.Е. Театрализованная деятельность в детском саду. - М., 2001
7. Гербова В. В. Приобщение детей к художественной литературе. Для занятий с детьми 2-7 лет, МОЗАИКА-СИНТЕЗ, М., 2008.
8. Волшебный хоревод. Книга для детей разных возрастов. /Сост. О.М. Гумирова. - Шымкент: 2017.
9. Методические рекомендации по формированию творческих способностей детей дошкольного возраста. - Нур-Султан: РЦДД.

УДК 373.2

ТВОРЧЕСКИЕ ГОРИЗОНТЫ: НЕТРАДИЦИОННЫЕ ТЕХНИКИ РИСОВАНИЯ ДЛЯ ДОШКОЛЬНИКОВ

Б.Б. Мусина

воспитатель, ТОО «Детский сад «Одарёшка», г. Караганда, Казахстан

Нетрадиционные техники рисования, как тихий шепот мечты, открывают двери в мир безграничного детского воображения, где каждый мазок, каждая линия становится олицетворением искренности и красоты. В этом мире дошкольники, чьи руки ещё не научились точно повторять четкие контуры, могут выразить свои мысли, чувства и видения необычным образом. И для них, эти техники — словно парус в страну фантазий, где они могут не бояться ошибиться, где каждый штрих становится шагом на пути к самовыражению и познанию себя.

Рассмотрим несколько замечательных техник рисования, которые с лёгкостью и радостью используют дети дошкольного возраста. Эти простые, но удивительно увлекательные методы помогают маленьким художникам раскрыть свой творческий потенциал, развить мелкую моторику и, что самое важное, ощутить волшебство создания чего-то прекрасного своими руками.

Рисование с помощью губок и листьев

Этот метод совмещает использование природных материалов и текстурных инструментов. Листья используются для создания отпечатков, а губки для нанесения фона или узоров. Дети могут

наносить краску на листья с помощью губки, а затем аккуратно прижимать их к бумаге, оставляя на ней отпечатки.

Такой способ развивает у ребят тактильные ощущения, мелкую моторику и чувство гармонии между природными формами и цветами. Работа с натуральными компонентами также помогает им лучше понимать природу и её красоту.

Кляксография

Представьте себе чистый лист бумаги, на который падает клякса краски — такая простая случайность. Но в руках ребёнка она превращается в нечто удивительное. С помощью кляксографии дети учатся создавать из хаоса порядок, находить формы там, где на первый взгляд их нет. Эта техника способствует им разглядеть в каждой кляксе потенциал для чего-то большего. Они могут дуть через трубочку, заставляя краску разлетаться в разные стороны, создавая удивительные узоры, напоминающие фантастических существ или экзотические растения.

Кляксография учит не бояться случайностей, потому что именно они открывают путь к чему-то новому. Этот способ не только развивает художественные навыки, но и формирует умение находить красоту в неожиданном, учит детей быть внимательными к деталям, которые не всегда видны с первого взгляда. Здесь развивается способность видеть скрытые образы, что так важно для формирования творческого мышления в будущем.

Создание рисунков с помощью ватных палочек

Вместо традиционных кистей ребята могут использовать ватные палочки. Она макается в краску, а затем с её помощью на бумаге создаются точки и линии. Это позволяет детям сосредоточиться на мелких деталях и способствует развитию координации движений. Техника точечного рисования формирует внимание к деталям и способность видеть прекрасное в простых вещах.

Дети могут создавать как абстрактные композиции, так и более сложные изображения, такие как цветы, деревья или животные. Ватные палочки позволяют контролировать точность нанесения краски, что особенно важно для младшего возраста.

Творчество на влажной бумаге

Когда вода встречается с красками, происходит настоящая магия. Она позволяет детям наблюдать, как они начинают плавно растекаться, создавая мягкие, плавные переходы от одного цвета к другому. Это напоминает сказочный мир, где всё взаимосвязано, где каждый элемент постепенно переходит в другой, не теряя своей уникальности.

Данный подход учит терпению и наблюдательности, ведь процесс создания рисунка становится интригующим и непредсказуемым. Они видят, как их работы изменяются буквально на глазах, как случайные мазки краски могут превращаться в необычные изображения и образы. Ребята пытаются анализировать происходящие вокруг них изменения, что необходимо не только в искусстве, но и в жизни.

Монотипия — это волшебный механизм создать что-то превосходное, что невозможно повторить. Техника заключается в нанесении краски на стеклянную или пластиковую поверхность, а затем отпечатывается на бумаге. Отпечаток получается неподражаемым, даже если ребёнок попытается повторить его, он всё равно будет отличаться.

Монотипия учит ценить неповторимость каждого момента, каждой детали. Стимулирует экспериментировать, искать новые способы выражения своих идей. Даже маленькие случайности, такие как неожиданное смещение краски, могут превратиться в нечто удивительное и непредсказуемое. Это развивает у детей стремление к исследованию и пониманию того, что нет ничего однообразного — всё вокруг уникально, как и они сами.

